Ғ.Әбуханов. Н. Есімбеков

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Лексика, фонетика, морфология мен синтаксис

Педагогикалық және гуманитарлық колледждердің
студенттеріне арналған оқулық

Толықтырылып 4-басылуы

Алматы-2012

А л ғ ы с ө з

Бұл оқулық көрнекті тіл білімінің маманы Ғабдырахим Әбухановтың педагогикалық училищелердің студенттеріне арнап 1982 жылы бастырып шығарған қазақ тілі оқулығының негізінде жаңа оқу бағдарламасына сәйкестендіріліп, толықтырылып, өңделіп төртінші рет шығарылып отыр.

Оқулықты баспаға әзірлеу үстінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі техникалық және кәсіптік орта білім берудің жалпыға міндетті Мемлекеттік Стандарты мен типтік оқу бағдарламасында қарастырылған теориялық материалдар толық қамтылды. Сондай-ақ, қазақ тіл білімінің фонетика, лексикология, грамматика саласында соңғы жарты ғасырға жуық уақыт ішінде ашылған жаңалықтары мен толықтырулары да мүмкіндігінше жан-жақты қарастырылып, еліміз егемендік алған жылдарда мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріліп, жаңа сапада дами бастаған қазақ әдеби тілінің фактілері пайдаланылды.

Талдау, жаттығу мәтіндерінің ішінен бүгінгі студенттердің ұғым-түсінігіне ауыр тиетін , пасив лексикаға, ішінара тарихи сөздер тобына айнала бастаған жекелеген сөздер мен сөз тіркестері, кеңес өкіметі мен коммунистер партиясын, оның көсемдерін дәріптейтін сөйлемдер алынып тасталды, басқа үлгілермен ауыстырылды.

Оқу материалдары модульдік-блоктік жүйе бойынша топтастырылып, әр тақырыптың соңынан тақырыпқа байланысты сұрақтар, модульдерден кейін байқау-тексеру тестілері берілді.

Н. Есімбеков.

I модуль

Тіл — қатынас құралы. Фонетика, графика және орфоэпия.

§ 1. Тіл — қатынас құралы.

Адамның қоғамда өмір сүруі қанша қажет болса, олардың бірі мен бірінің қарым-қатынас жасауы, пікір алысуы, түсінісуі соншалық қажет болып табылады.

Адамдардың бір-бірімен пікір алысу құралы болмаса, олардың табиғаттың жасырын сырын ашып, оны меңгерудегі күресі, тұрмысқа қажетті материалдық игіліктерді өндірудегі іс - әрекеті де жолға қойылмаған болар еді. Олай болса, пікір алысу болмайынша, қоғамдық өндірістің болуы да мүмкін емес. Пікір алысудың, түсінісудің құралы болып табылатын қоғамның барлық мүшелеріне бірдей түсінікті ортақ тіл болмаса, қоғамда өндіріс тыйылады, қоғам ыдырайды да, қоғам болудан қалады.

Тіл — қоғамдық құбылыстардың қатарына жатады. Тіл қоғамның тууымен, дамуымен бірге туады, дамиды. Қоғамнан тыс тіл болмайды.

Тіл оймен тікелей байланысты. Адамның ойы адамды қоршаған айналадағы заттардың, құбылыстардың, қоғамдық, әлеуметтік үрдістердің адам санасындағы көрінісі, сәулесі болып табылады. Адам санасында пайда болған ой тіл арқылы ақиқатталады, аталады, сыртқа шығады. Адам өз өмірінде таныған, түсінген, білген, сезген, көрген нәрселерін тіл арқылы баяндайды.

Тілдің негізі болып табылатын бір-бірімен тығыз байланысты екі нәрсе бар. Бірі — тілдің сөздік құрамы, екіншісі — оның грамматикалық құрылысы.

Тілдің сөздік құрамындағы басты нәрсе — негізгі сөздік қор.

Сөздік қор деген түсінікке тілдегі байырғы түбірлік сөздердің бәрі жатады да, ол тілдің сөздік құрамының дамуына негіз болады. Сөздік қор көлемі жағынан шағын болып келеді де, өте ұзақ, ғасырлар бойына өмір сүреді. Сөздік құрам тілдің даму дәрежесін көрсетеді. Тілдегі сөздердің бәрі қосылып сөздік құрам деген түсінікті құрайды. Тілде жеке сөздер неғұрлым көп болса, тіл де солғұрлым бай, дамыған болады.

Сөздік құрам, жеке алғанда, тіл деген түсінікті бере алмайды. Ол тіл болу үшін керекті материал ретінде ғана жұмсалады. Тілдегі сөздер, яғни сөздік құрам, өзара байланысып, грамматиканың қарамағына түскенде ғана тіл деген түсінікті құрай алады. Грамматика сөздердің өзгеруі және сөздердің сөйлемде тіркесуі туралы ережелердің жинағы болып табылады.

Тіл деген түсінікті құрайтын негізгі сөздік қор мен оның грамматикалық құрылысы кенет өзгерістерге ұшырамай, ұзақ дәуірлер бойында сақталып, өте баяу дамиды. Тілдің грамматикалық құрылысы да өзгерістерге ұшырайды, жетіледі, өзінің жеке ережелерін жақсартып, анықтайды, жаңа ережелермен толығады. Бірақ ол өзгеріс, даму өте баяу болады.

Тіл қоғамдағы еңбек процесін үйымдастырудың, қарым-қатынас жасаудың, пікір алысудың, түсінісудің құралы ретінде қоғам мүшелеріне бірдей ортақ, жалпы халықтық болып келеді. Өзінің даму дәрежесіне қарай тіл р у т і л і, т а й п а т і л і, х а л ы қ т і л і, ұ л т т і л і болып бөлінеді. Бұлардың бір-бірінен құрылымы жағынан айтарлықтай және принципті өзгешелігі болмайды. Өйткені олардың қайсысы болса да қоғам мүшелеріне қызмет етеді.

Белгілі халықтың тарихи дамуында: 1) тілдің тұтастығы, 2) территориянның тұтастығы, 3) экономикалық тұрмыстың тұтастығы және 4) мәдениет тұтастығынан көрінетін п с и х о л о г и я л ы қ п і ш і н н і ң т ұ т а с т ы ғ ы тегіс табылса ғана, ол халық ұ л т деген дәрежеге жетеді.

Ұлт тілдерінің құрылуы мен дамуы сол тілдерді қолданушы ұлттардың құрылуы және дамуы тарихымен тікелей байланысты балады.

Қазіргі кезде, соңғы деректер бойынша, дүние жүзінің халықтары бір-бірімен күнделікті жиі қолданылатын 651 тілде қарым – қатынас жасайды. Бұл тілдердің алтауы дүниежүзілік ресми тіл деп есептеледі. Ол қытай тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, испан тілі, француз тілі және араб тілі.

Тіл білімі дүние жүзіндегі барлық тілдерді т у ы с т ы ғ ы м е н ш ы ғ у т е г і , д а м у ж а ғ д а й л а р ы н ы ң о р т а қ т ы ғ ы н а қарай (генеологиялық сұрыптау бойынша) ірі-ірі 60 шақты тілдік семьяға топтаса, сол тілдерді қ ұ р ы л ы м ы м е н қ ұ р ы л ы с ы н а қарай (типологиялық сұрыптау бойынша) ірі-ірі төрт типке бөледі. Қазақ тілі алтай тілдік семьясының түркі тобына, қыпшақ тармағына жатады. Типі жағынан а г г л ю т и н а т и в т і (жалғамалы) т і л . Алтай тілдік семьясынан тараған, қазақ тіліне жақын туыстас тілдер: өзбек тілі, азербайжан тілі, қырғыз тілі түрікмен тілі, алтай тілі, балқар тілі, башқұрт тілі, гагауыз тілі, қарайым тілі, қарақалпақ тілі, қарашай тілі, құмық тілі, ноғай тілі, тофа тілі, татар тілі, қырым татарларының тілі, түрік тілі, ұйғыр тілі, хакас тілі, чуваш тілі, шор тілі, якут тілі, қырымшақ тілі, тува тілі, долған тілі.

§ 2. Қазақ тілі — қазақ халқының ұлттық тілі , Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі

Қазақтың әдеби тілі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптаса бастады. Оның алғашқы арнасын жалпы халық тілінің негізінде қазақ халқының ағартушы ақын, жазушылары Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин салды.

Абай қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастыруда көп еңбек сіңірді. Ол өз шығармаларында жалпы халықтық тілдің сөздік құрамындағы әрбір сөзді іріктеп, талғап қолдану арқылы көркем сурет, образ жасады. Көркем әдебиеттің тілін жалпы халықтық тілге жақындатуға тырысты, сол үшін күресті. «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол — ақынның білімсіз бейшарасы» деп, сөзді талғамай қолдана беретін ақындардың тілін сынады, мінеді. Сонымен қатар көркем шығармаға, поэзияға өзінің талабын қойды.

Өлең — сөздің патшасы, сөз — сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы, — деп, өлең қандай болу керек деген өлшеуіш, критерий келтіреді. Өзі сол талапқа сай неше алуан көркем суреттер жасады.

Әдеби тілдің Абай, Ыбырай салған алғашқы арнасы кейінгі уақытта үзіліп, тоқтап қалған жоқ, кейін XX ғасырдың басынан бастап бірте-бірте кеңейіп қалыптаса берді.

Ұлт тілінің ауызекі сөйлеу түрін с ө й л е у т і л і деп атайды. Әдеби тіл мен сөйлеу тілі арасы ашық екі дербес тіл емес, бір тұтас ұлт тілінің екі түрі ғана. Әдеби тіл — емлелік, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік нормаға келтірілген, сұрыпталған жалпы халықтық тіл. Ал сөйлеу тілі — жалпыхалықтық тілдің бірыңғай нормаға түспеген, әрбір орында сөйлеуші адамдардың сөйлеуінде дыбыстық, сөздік және кейбір грамматикалық ерекшеліктері, ауытқушылықтары сақталып отыратын түрі. *Мысалы, төрт-дөрт, тұз-дұз, келетін-кележақ, барғын-барсай, дейін – шейін* (*шекейін*) тағы осы сияқты ауытқушылық сөйлеу тілінде көп кездеседі.

Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, көпұлтты (көптілді) мемлекетте халықтың ұлттық құрамына қарамай іс қағаздарын, мектеп пен жоғарғы оқу орындарында оқыту, мәдениет, баспасөз бен байланыс орындарында , құқық қорғау мен әскери бөлімдерде , сот істерін жүргізуде міндетті деп саналатын саяси құқықтық қасиеті бар мәртебелі тіл.

Ол біздің мемлекетіміздегі ұлттық мәдениетінің көрініу формасы түрінде қолданылады. Қазақ тілі, сондай-ақ алыс, жақын шетелдерде тұратын миллиондаған қандастарымыздың да ана тілі .

Қазақ тілі ғылым ретінде зерттеліп бастауыш, орта мектептерде, арнайы орта дәрежелі оқу орындары мен жоғарғы оқу орындарында ғылым негіздері қатарына енетін пән ретінде оқытылады. Қазақ тілінің жеке грамматикалық категориялары арнайы ғылыми-зерттеу жұмысының объектісі болып, көптеген монографиялық еңбектер жазылды. Жалпы орта білім беретін мектептерге, педагогикалық , гуманитарлық колледждерге, жоғарғы оқу орындарына арналып қазақ тілінің тұрақты оқулықтары жасалды. Қазақ тілінде ғылыми-техникалық, саяси-қоғамдық терминдер қалыптасты.

Орыс тілінен, орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген ғылыми-техникалық терминдер арқылы қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамы байыды.

Қазіргі қазақ тіл білімі мынадай бөлімдерден тұрады:

Лексикология — грек тілінің *лексикос* (сөздік), *логос* (ілім) деген сөздерінен алынған. Грамматикалық термин ретінде тілдегі барлық сөздердің жиынтығын, сөз байлығын зерттейтін тіл туралы ілімнің бір бөлімі ретінде қолданылады.

Фонетика — грек тілінің *фонэ* (дыбыс) деген сөзінен алынған, грамматикалық термин ретінде тіл дыбыстарын, дыбыстық заңдарды қарастыратын, зерттейтін тіл ғылымының бір саласы деген ұғымда жұмсалады.

Грамматика — грек тілінің *грамма* (жазу) деген сөзінен алынған. Грамматика — сөздердің сөйлемде өзгеруін, түрлерін зерттейтің ғылым. Ол екіге бөлінеді: морфология және синтаксис.

Морфология — грек тілінің *морфе* (түр), *логос* (ілім) деген сөздерінен алынып, кейін сөз біріктіру жолымен біріккен сөз ретінде бір сөзге айналған. Грамматикалық термин ретінде тілдегі сөздердің тұлғалық көрінісі, грамматикалық мағыналары жағын қарастыратын, зерттейтін тіл ғылымының бір бөлімі деген ұғымда қолданылады.

Синтаксис — грек тілінің *синтаксис* (құрылыс, құрылым) деген сөзінен алынған. Грамматикалық термин ретінде сөздердің сөйлемде байланысу тәсілі, сөйлемнің түрлері, мүшеленуі жағын қарастыратын, зерттейтін тіл ғылымының негізгі бір саласы деген ұғымда қолданылады.

Грамматиканың негізінде орфография мен пунктуация жолға қойылды.

Орфография — гректің *орфос* (дұрыс) және *графос* (жазу) деген сөздерінен алынған; дұрыс жазу нормаларын белгілейтін ережелердің жинағы.

Пунктуация — латын сөзі, *пунктум* (нүкте) деген сөзінен шыққан. Тыныс белгілерін қолдану ережелерінің жиынтығы.

Тақырып бойынша сұрақтар

1. *Тіл қандай құбылыстардың қатарына жатады ?*
2. *Тілдің негізі болып табылатын екі саласы ?*
3. *Тілдің сөз байлығы неден тұрады?*
4. *Тіл өзінің даму дәрежесіне қарай қандай тілдерге бөлінеді?*
5. *Халық ұлт деген дәрежеге көтерілу үшін, оның дамуында нелердің тұтастығы тегіс табылуы шарт?*
6. *Дүние жүзінің халықтары бір-бірімен шамамен қанша тілде қарым-қатынас жасайды?*
7. *Дүниежүзілік тілдерге қандай тілдер жатады?*
8. *Генеологиялық сұрыптау бойынша тілдер қандай белгілеріне қарай жүйеленеді?*
9. *Қазақ тілі генеологиялық жүйесі жағынан қандай тілге жатады ? Қазақ тіліне жақын тілдер қай тілдер?*

10. Қазақ тілі типологиясы жағынан қандай тілге жатады ? Тілдегі агглютинация-қандай құбылыс?
11. Әдеби тіл дегеніміз қандай тіл?
12. Қазақ әдеби тілінің негізін салушылар кімдер?
13. Тіл туралы заңда мемлекеттік тіл деген ұғымға қандай анықтама берілген?
14.Қазақ тіл білімі қандай негізгі салалардан тұрады?

ФОНЕТИКА, ГРАФИКА ЖӘНЕ ОРФОЭПИЯ

§3. Фонетика туралы жалпы түсінік

Фонетика (гректің *фоне* — дыбыс деген сөзінен алынған) — тілдегі дыбыстар, олардың жасалуы, жүйеленуі және дыбыс заңдарын қарастыратын тіл ғылымының бір бөлімі.

Зерттейтін мәселесі — дыбыс. Сондықтан дыбыс деген сөздің мағынасын анықтап алу керек.

Дыбыс деген сөздің беретін мағынасы кең. Жаратылыстағы серпінді (сығылмалы) мүшенің, нәрсенің қимылынан пайда болған, құлаққа естілетін үннің бәрі дыбыс деп аталады. Мысалы, бағанға керілген сымға желдің соғылып, сымның толқуынан, қозғалысынан белгілі дәрежеде монотондық үн (дыбыс) шығады, сондай-ақ, домбыраның шегіне адамның қолы тиюінен шек толқиды да, дыбыс пайда болады. Бірақ бұл дыбыстар — физикалық құбылыс. Сондықтан олардың жігі ажыратылмаған монотонды болып келеді де, әлеуметтік мәні, мағыналық сапасы болмайды. Мұндай дыбыстардың жасалуы мен сапасы физикада зерттеледі.

Фонетиканың зерттейтін дыбыстары — *адамның дыбыстау мүшелерінің қызметі арқылы жасалатын, бір-бірінен сапалық жағынан ажыратылған, әлеуметтік мәні* бар тіл дыбыстары.

Тіл дыбыстарының мәні бұлардың бірнешеуінің тіркесіп белгілі заттың, нәрсенің, құбылыстың, ұғымның, қимылдың атауын білдіріп, мағыналы сөз құрап тұратындығында. Мысалы, *мал, мол, бол, бел, сан, сән* деген сөздердің бәрі де үш дыбыстан жасалып тұр. Бұлардың біріншісі мен екіншісі, үшіншісі мен төртіншісі және бесіншісі мен алтыншысы дыбысталуы жағынан бірінебірі ұқсас. Сөйте тұрса да, мағыналары әр түрлі. Олардың мағыналарын және көрінісін түрлендіріп тұрған ***а—о, о—ө, а —ә*** дауысты дыбыстарының сапалық мәнінің әр түрлі екендігі. Сол сияқты *қыс, қыз, жан, жал, тон, тоң* деген сөздер де дыбысталуы жағынан бір-бірімен ұқсас болғанмен, олардың мағыналарын ажыратуға сеп болып тұрған сөз аяғындағы дауыссыз ***с — з, н — л, н — ң*** дыбыстарының мағыналық сапасы.

Тілдегі сөздің мағынасын және сөздің тұлғалық көрінісін түрлендіруге қабілетті тіл дыбыстарын ф о н е м а дейді. *Мысалы, ал — әл, ол — өл, ор — өр, сұр —сүр* деген сөздердегі сөздің лексикалық мағынасын және

сыртқы тұлғалық көрінісін түрлендіріп тұрған **а, ә, о, ө, ұ, ү** дауысты дыбыстарының сапасы. Өйткені бұл сөздердегі өзге дауыссыз дыбыстар бірдей. Сондықтан бұл дыбыстардың фонемалық сапасы бар. Ал сөз соңындағы **л, р** дауыссыз дыбыстары бірінде жуан, екіншілерінде жіңішке айтылып тұр. Бірақ ол дауыссыз дыбыстардың не жуан, не жіңішке айтылуының сөз мағынасын түрлендіруге қатысы болып тұрған жоқ. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың бірде жуан, бірде жіңішке болып айтылуы — дауыссыз дыбыстардың сапасы емес, дауысты дыбыстардың жуан, жіңішкелік сапасына байланысты акустикалық өң. Ал *у, ру, ару, қару* деген сөздерде сөз басына қосылған әр бір жаңа дыбыс - сөз мағынасын өзгертіп тұрған фонемалар.

§ 4. Дыбыстау мүшелері, олардың дыбыс шығарудағы қызметі

Сөйлеу тілінің дыбыстары қалай болса солай ретсіз, кездейсоқ жасала бермейді. Тіл дыбыстарының әрқайсысының жасалу жолы, белгілі тәртібі бар. Бір-бірінен айтылуы, жасалуы жағынан айырмашылығы бар тіл дыбыстары (фонемалар) белгілі дыбыстаушы мүшелердің қызметі арқылы шығады.

Тіл дыбыстарын жасаудағы дыбыстау мүшелерінің қызметі а р т и к у л я ц и я деп аталады. Әр халықтың өзіне тән қалыптасқан артикуляциялық-тілдік ерекшеліктері болады. Ол ерекшеліктерді (акцент) сол тілдің а р т и к у л я ц и я л ы қ б а з а с ы деп атайды.

Дыбыстау мүшелерінің қызметін жақсы білмейінше, белгілі тілдегі дыбыстардың а р т и к у л я ц и я с ы н (жасалуын), а к у с т и к а с ы н (дыбысталуын) дұрыс түсіну қиын.

Адамның дыбыстаушы мүшелері негізгі үлкен үш саладан тұрады:
1) тыныс мүшелері, 2) тамақ, 3) қуыс мүшелері.

1. Тыныс мүшелері. Дыбыс шығаруға қатысы бар тыныс мүшелері деп аталатын мүшелердің ең бастысы — өкпе. Өкпе екі тарам қолқа арқылы кеңірдекпен жалғасады. Өкпе ауаны ішке тартқанда кеңейіп, ауаны сыртқа шығарғанда семіп отырады. Тілдегі дыбыстар өкпедегі ауаның сыртқа шығуымен байланысты. Сөйлеу кезінде ауа өкпеден біртіндеп баяу шығады да, өкпеге бірден тез енеді.

2. **Тамақ және дауыс шымылдығы.** Тамақ деп кеңірдектің кеңейген жоғарғы тұсын айтады. Тамақтың сыртқы жағында жұтқыншақ немесе өңеш – тамақ жүретін жол болады. Оның ішкі жағында дауыс шымылдығы болады. Дауыс шымылдығы тамақтың ішкі жағында кеңірдектің екі жағынан бір-біріне қарсы біткен жиырылмалы ет.Тамақтың ішкі жағындағы қабаттасып жатқан екі пар бүршіктің сыртқы екеуі **жалған дауыс шымыл-дығы** деп аталады. Бұлар дыбыс шығаруға қатыспайды.

Тамақтың ішкі жағындағы қабаттасып жатқан екі пар бүршіктің жиырылмалы астыңғы екеуі **нағыз дауыс шымылдығы** деп аталады. Дауыс шымылдығының аралығы дауыс қуысы немесе дауыс түтігі делінеді.

Дауыс шымылдығы өкпеден келген ауаны тосқауылдап, бірде керіліп, екеуінің арасы жымдасып тұрады да діріл пайда болып, үн шығады. Бірде жиырылып, екеуінің арасы ашылып тұрады да діріл пайда болмайды, үн шықпайды. Дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының керіліп тұрып діріл пайда болуы арқылы жасалады. Үнді дауыссыз дыбыстар мен ұяң дауыссыз дыбыстарды шығаруда дауыс шымылдығы сәл ғана керіледі де діріл шамалы болады. Сондықтан бұл дыбыстарда сәл де болса үннің қатысы болады. Ал қатаң дауыссыз дыбыстарды шығаруда дауыс шымылдығы жиырылып тұрады да ешқандай діріл пайда болмайды. Сондықтан ол дыбыстардың құрамында үннің қатысы болмайды.

3. Қуыс мүшелері. Өкпеден келген ауа керіліп тұрған дауыс шымылдығына соғылып, дірілдің әсерінен пайда болған дауыс немесе үн тікелей қуыс мүшелеріне түседі де, белгілі резонанс (жаңғырық) пайда болады. Қуыс мүшелеріндегі кедергі мүшелердің қызметі арқылы дыбыстарға әр түрлі өң (рең) беріледі,

Тіл дыбыстары бірінен-бірі ерекшеленеді. Қуыс мүшелеріне 1) ауыз қуысы, 2) мұрын қуысы жатады.

Ауыз қуысындағы дыбыс шығаруға қатысы бар кедергі мүшелер: **тіл, ерін, тіс түбі** (альвеал), **таңдай, кішкене тіл, иек.**

Тіл. Бұл — дыбыс шығаруда көп жұмыс атқаратын өте жылжымалы мүше. Ауыз қуысында бірде ілгері-кейін, бірде жоғары-төмен жүйткіп, ауыз қуысындағы өзге мүшелерге не қақтығысып, не жуысып тұруынан дыбыстарға әр түрлі өң беріледі.

Ерін. Дыбыс шығаруға қатысы бар жылжымалы мүшенің бірі — ерін. Екі ерін бір-біріне жымдасып тұрып, өкпеден келген ауаның оны бұзып етуінен ***п,*** **б** дыбыстары пайда болса, астыңғы еріннің үстіңгі ерінмен тіске келіп қақтығысуынан ***ф, в*** дыбыстары шығады да, екі еріннің дөңгеленіп, алға қарай шүйіріліп тұруынан ***о,ө, ұ, ү, у*** дыбыстары жасалады. Сол сияқты ды-быс шығаруда екі еріннің кейін жиырылуынан да дыбыс сапасы өзгереді.

ТІС. Кейбір дыбыстарды шығаруда тістің де белгілі мөлшерде қатысы болады. Бірақ бұл — жылжымалы мүше емес. Ауыз қуысындағы жылжы-малы мүшелер тіл мен еріннің тіске жуысуынан не соқтығуынан дауыссыз дыбыстардың түрлері жасалады.

Таңдай. Мұның өзі қатты тандай, жұмсақ таңдай болып екіге бөлінеді. Қатты таңдай үстіңгі күрек тіс тұрған қызыл иектен басталады да, ең соңғы тістің тұсынан бітеді. Жұмсақ таңдай ең соңғы тістің тұсынан басталып, кішкене тілден барып бітеді. Тілдің ұшы, орта, артқы шенінің бірі не қатты таңдайға, не жұмсақ таңдайға жуысуынан я соқтығуынан дыбыстардың сапасы өзгеріп шығады.

Кішкене тіл. Кішкене тіл бірде мұрын жолын жауып тұрады да, өкпеден келе жатқан ауаны ауыз қуысына қарай өткізеді. Бірде ауыз жолын жауып тұрады да, өкпеден келе жатқан ауаны мұрын қуысына өткізеді.

Иек. Иек ауыз қуысын бірде кеңейтіп, бірде тарылтып тұрады. Иек төмен түссе, ауыз қуысы кеңейеді де, ашық дауысты дыбыстар пайда болады. Иек

жоғары көтерілсе, ауыз қуысы тарылады да, қысаң дауысты дыбыстар пайда болады.

Қуыс мүшесінің екінші түрі — м ұ р ы н қ у ы с ы. Мұрын қуысының дыбыс шығарудағы қызметі кішкене тілмен тығыз байланысты. Кішкене тіл ауыз жолын жауып тұрады да, өкпеден келе жатқан ауаны мұрын жолы арқылы өткізеді. Содан барып мұрын жолы ***м, н, ң*** үнді (сонор) дауыссыз дыбыстары пайда болады. Бұл дауыссыз дыбыстар мұрын арқылы айтылғанымен, олардың жасалуы ауыз қуысындағы кедергі мүшелердің қызметі арқылы болады. Сондықтан да жасалуы жағынан ерін дауыссызы *(м)* тіл ұшы дауыссызы *(н)* тіл арты дауыссызы *(ң)* деп аталады.

Тілдегі барлық дыбыстар дауыстың қатысына қарай, яғни дыбыстарды шығарудағы дауыс шымылдығының керіліп не жиырылып тұруына қарай д а у ы с т ы д ы б ы с т а р, д а у ы с с ы з д ы б ы с т а р деген үлкен екі топқа жіктеледі.

Д а у ы с т ы дыбыстардың дауыссыз дыбыстардан артикуляциялық (жасалуы) жағынан да, тілдегі атқаратын қызметі жағынан да белгілі айырмашылығы бар.

Дауысты дыбыстарды шығаруда дауыс шымылдығы барынша мол керіліп тұрады да, оның толқуынан діріл пайда болады. Сол дірілден пайда болған дауыс ауыз қуысы арқылы кедергісіз шығады. Ал дауыссыз дыбыстарды шығаруда дауыс шымылдығы жиырылып тұрады да, діріл пайда болмайды. Бола қалса да, сәл ғана болып, дауыстың қатысы болмай, ауыз қуысындағы кедергі мүшелердің бір-біріне соғылуынан пайда болған салдыр ғана болады.

Дауысты дыбыстарды шығаруда дыбыстау мүшелеріне күш түседі, ал дауыссыз дыбыстарды шығаруда күш ауыз қуысындағы кедергі мүшелерге ғана түседі.

Дауысты дыбыстар буын құрай алады да, дауыссыз дыбыстар буын құрай алмайды.

Дыбыс пен *әріп* — екеуі екі түрлі ұғымды білдіретін сөздер. Ауызекі сөй-леу тілінде *дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, есту мүшелері арқылы сезі-летін физикалық құбылысты* тілде д ы б ы с деп атайды. Ол көзге көрінбейді. Жазу тілінде сол *дыбыстарды таңбалау үшін алынған белгілерді* ә р і п дейді. Сөйтіп, әріп — дыбыстың таңбасы. Дыбыс — тарихи дәуірлерге бірдей қатысты, түбірлі өзгерістерге көп ұшырамайтын табиғи, тұрақты тілдік құбылыс, тілдің материалдық қабыршығы. Ал әріп — дыбыстың таңбасы ретінде қолдан жасалған шартты белгі. Сондықтан адам өзінің керегіне қарай, жазуға жеңілдік туғызу үшін жеке дыбыстардың таңбаларын (әріптерді) өзгертіп отыруы мүмкін. Мысалы, қазақ тіліндегі қатаң Т дыбысы көне түркі (орхон-енисей) жазба ескерткіштерінде , араб графикасында , 1940 жылға дейінгі латын әліпбиінде *t* таңбаларымен таңбаланса, қазіргі қолданыста *т* әрпімен таңбаланып жүр.

Әріп дыбыстардың таңбасы болғанмен, оның саны тілдегі дыбыстардың санымен бірдей болуы шарт емес. Әрбір тілдің ерекшелігіне байланысты,

жазуда жеңілдік туғызу үшін, жазу тіліндегі әріп саны әр түрлі болып келуі мүмкін.

Қазіргі казақ тілінде 37 дыбыс , 42 әріп бар. Қазақ тіліндегі сөз мағынасын және сөз тұлғасын түрлендіруге жарайтын фонемалар (дыбыстар) мыналар: ***а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ж, з, и, й, к, ң, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ы, і, э.***

Әріптердің рет-ретімен тізілген жинағын а л ф а в и т дейді. Қазіргі қазақ тілі алфавитінің құрамындағы дыбыс таңбалары (әріптер) мыналар: ***а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, ң, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш,щ, ь, ы, і, ъ, э, ю, я.***

Бұл әріптердің ішінде мына таңбалар өз алдына дербес фонема емес, өйткені олардың бірқатары екі дербес дыбыстың қосындысының таңбасы, мысалы, *я = и + а;* ю = й + у; *ё = й + о,* енді бірқатары ешқандай дыбысты белгілемейді, кейде тілдегі қатар айтылған кейбір дауыссыз дыбыстар мен дауысты дыбыстарды ажыратып айту үшін, кейде дауыссыз дыбыстардың не жуан, не жінішкелігін көрсету үшін алынған шартты белгілер *(ь, ъ).*

*1-**жаттығу.*** Төмендегі сөздерді алфавит тәртібіне келтіріп көшіріңдер. Алфавит тәртібін сөздің аяғына дейін сақтап жазыңдар. Сөз ішіндегі ешқандай дыбыстық мәні жоқ әріптерді көрсетіңдер.

1) Қала, жер, орын, ық, сары, адам, щётка, балық, цех, вагон, иық, ілгек, шахта, фабрика, заң, ән, ұршық, өрік, парта, лашын, разъезд, дүйсенбі, тарақ, мал, нан, химия, съезд, альбом, эпос, қол, роль, бас, цирк, флот, яғни, қаһарлы, біз, фильм, ыстық, үлкен, акт, педагог, грамматика, тұз, әкім, сырнай, осы, сіңір, шолақ, асфальт, заң, география, етік, тың, фонетика, жұлдыз, партия, лак, әділ, уһледі, хат, намыс, табыс.

2) Яковлев, Сұлтанов, Бейбарыс, Жүсіпов, Пушкин, Төлегенова, Фердауси, Щербаков, Зұлқарнайын, Науанов, Дулатов, Гегель, Ғазизов, Шонанов, Ахметов, Серкебаев, Лермонтов, Мендешев, Чаплин, Вагнер, Уразова, Хасанғалиев, Әділгереев, Исағалиев, Құлжанов, Фазылов, Кашағанов, Ысқақов, Естенов, Өскенбаев, Орынғалиев, Шаяхметов, Аронов, Ғарифуллин, Сейітжанов, Ниетәлиев, Цицерон, Жиреншин, Үсенов.

Тақырып бойынша сұрақтар

1. *Фонетиканың зерттейтіні қандай дыбыстар ?*
2. *Қандай дыбыстарды фонема дейді?*
3. *Адамның дыбыстау мүшелері қандай негізгі бөліктерден тұрады ?*
4. *Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты артикуляция дегенді қалай түсінесің ?*
5. *Дыбыс пен әріптің айырмашылығы неде ?*
6. *Қазіргі қазақ тілінде неше әріп, неше дыбыс бар ?*

§ 5. Тіл дыбыстары және олардың түрлері

Тілдердің барлығында да тіл дыбыстары дауыстылар және дауыссыздар болып екі топқа бөлінеді.Тіл дыбыстарын бұлайша топтастыруға негіз болатын жалпылама ортақ белгі , әдетте, олардың буын құрау қызметі. Буын құрау тұрғысынан алғанда, дауыстылар буын жасай алатын негізгі, ұйтқы, басты тұлға ретінде, ал дауыссыздар өздігінен буын жасай алмайтын , дауыстылардың жетегіндегі көмекші элементтер ретінде ғана қаралады.

Дыбыстарды дауыстылар және дауыссыздар деп топтастырғанда, олардың акустикалық және физиологиялық жақтары да ескеріледі.

Акустикалық тұрғыдан қарағанда, дауыстылар мен дауыссыздарды бір-бірінен ажырату музыкальді үн мен салдырға негізделеді. Дауыстыларда үн басым да, дауыссыздарда салдыр басым.

Физиологиялық (артикуляциялық) тұрғыдан алып қарағанда, дауыстыларды айту үстінде фонациялық ауа (сөйлеп тұрғанда шыққан ауа) : 1) кедергіге ұшырамай, тосқауылсыз, еркін шығады; 2) дыбыстау мүшелеріне күш түспейді, олардың қалпы бірқалыпты болады; 3) фоноциялық ауа баяу (лепсіз) шығады; Ал дауыссыздарды айтқанда, фонациялық ауа: 1) кедергіге ұшырап, тосқауылмен айтылады; 2) тосқауылдан өту кезінде дыбыстау мүшелеріне күш түседі; 3) фонациялық ауаның шығу қарқыны күштірек болады.

Дауыстылар мен дауыссыздарды бір-бірінен ажыратуға негіз болатын басты белгілер - осылар.

§ 6. **Дауысты дыбыстар**

Қазіргі қазақ тілінің дыбыстар жүйесінде қолданылатын дауысты дыбыстардың саны **12.** Олар: ***а,ә,о, ө,ы,і,ұ,ү,е,э,и,у.*** Бұлардың ішінде, ***ә, ө, ы, і, ү, ұ*** дыбыстары қазақтың байырғы сөздерінде ғана кездеседі. Бірқатар дауысты дыбыстар ***(а, о, е, и, у)*** қазақтың байырғы сөздерінде де, орыс тілінен енген сөздерде де бірдей қолданылады. Ал ***э*** дауысты дыбысы қазақтың байырғы сөздерінде кездеспей, орыс тілі арқылы енген кірме сөздер мен терминдік сөздерде ғана қолданылады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай үш түрлі жолмен жүйеленеді (классификаийяланады).

1. Дауысты дыбыстардың тілдің қатысына қарай жүйеленуі

Дауысты дыбыстарды шығаруда тіл ауыз қуысында үнемі ілгерілі-кейін жылжып, құбылып отырады. Бірде тілдің ұшы күрек тіске қарай созылып, бірде тілдің арты жұмсақ тандайға қарай созылып, бірде тілдің арты жұмсақ таңдайға қарай жиырылып тұрады. Тілдің горизонталь қалыпта жатып не

ілгері, не кейін жылжуынан дауысты дыбыстардың бірқатары жіңішке, бірқатары жуан болып айтылады.

Тілдің күрек тіске карай, алға жылжуынан пайда болған дыбыстар **жіңішке дауысты дыбыстар** деп аталады. Оларға: ***ә, е і, ү, е, э*** дауысты-лары енеді.

Тілдің жұмсақ таңдайға қарай, артқа жылжуынан пайда, болған дыбыстарды **жуан дауысты дыбыстар** дейді. Оларға: ***а, о, ы, ұ*** дыбыстары жатады.

2-жаттығу. Мына төмендегі берілген сөздерден жуан дауысты дыбысы бар сөздерді бірыңғай, жіқішке дауысты дыбысы бар сездерді бірыңғай теріп жазыңдар.

Терезе, алтын, мал, тары, қара, төл, желек, шелек, тезек, көз, балык, арба, еден, торы, сабын, жұлдыз, етік, көрші, қонақ, өлең, қара, көз, қысқа, сөйле, он, елу, орман, кім, сен, ыдыс, көмір, тіл, жыл, кейін, сәл, жал, жақ, зәре, шоқ, ыдыс, көлік, терек, бау, күміс, мыс, жез.

Дауысты дыбыстардың тілдің қатысына қарай бұлайша жүйеленуінде екі дауысты дыбыс *(и,у)* жуан дауыстылар тобына да, жіңішке дауыстылар тобына да енбейді. Қазақ тілінде бұл дыбыстар сөз ішінде көршілес буындағы дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болуына қарай бірде жуан , бірде жіңішке дауысты дыбыс ретінде түсініледі. Мысалы: *бару, қару, жазу, суда, туыс, қиын, тиын* деген сөздердегі *у* және *и* дауысты дыбыстары жуан дауысты дыбыс болып саналады. Ал *келу, кету, жету, сурет, киім, жиі, тиімді* деген сөздердегі *у* және *и* дауысты дыбыстары жіңішке дауысты дыбыс делінеді. Өйткені бірінші жағдайда бұл дыбыстар өзге жуан дауысты дыбыстармен көршілес айтылып тұр, екінші жағдайда олар жіңішке дауысты дыбыстармен көршілес айтылып тұр.

3-жаттығу. у, и дыбыстары мына сөздердің қайсысында жуан, кайсысында жіңішке екендігін ауызша айтыңдар. Ол сөздерге қосымша жалғаңдар.

Иса, киім, жуан, бару, келу, оқу, тоқу, сирек, сусын, қуат, уыз, уәде, тура, ителгі,уақыт.

2. Дауысты дыбыстардың иектің қатысына қарай жүйеленуі

Дауысты дыбыстарды шығаруда иек бірде төмен түсіп, бірде жоғары көтеріліп отырады.

Иек төмен түссе, ауыз қуысы кеңейеді де, дауыс еркін, ашық айтылады. Иек жоғары көтерілсе, ауыз қуысы тарылады да, дауыс сығылып, қысаң айтылады. Осыдан келіп дауысты дыбыстар ашық, қысаң болып екі топқа жүйеленеді. Ашық дауыстыларға ***а, ә, о, ө, е*** дыбыстары жатады да, қысаң дауыстыларға ***ы, і,и, ұ, ү, у*** дыбыстары жатады.

3. Дауысты дыбыстардың еріннің қызметіне қарай жүйеленуі

Дауысты дыбыстардың жасалуында үлкен орын алатын дыбыстау мүшелерінің бірі — **ерін.** Дыбыстарды шығаруда екі ерін бірде дөңгелене сүйірленіп, алға қарай шүйіріліп созылып тұрады, бірде екі ерін сүйірленбей, кейін жиырылады да, дыбыс шығаруда күш екі езуге түседі. Екі еріннің дөңгелектене сүйірленіп, алға қарай созылып тұруынан пайда болған дауысты дыбыстарды **еріндік дауысты** дыбыстар дейді. Оларға : ***о, ө, ұ, ү, у*** дауыстылары жатады. Екі ерін сүйірленбей, кейін жиырылып тұрып, дыбыс шығаруда күш екі езуге түсетін болса, ондай дауысты дыбыстарды **езулік дауысты** дыбыстар деп атайды. Оларға: ***а, ә, и, е, э, ы, і*** дауыстылары жатады.

4-жаттығу. Төмендегі мәтіннен еріндік дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек, езулік дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек көшіріп жазыңдар. Содан кейін еріндік, езулік дауысты дыбыстары араласып келетін сөздерді бір бөлек жазыңдар.

Ең бірінші бақытым-Халқым менің.
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын.
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым-тілім менің.
Жас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші Отан деген.
Құдай деген кім десе, Отан дер ем.
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба,
Ойланбай-ақ келдағы от ал менен.

Мұқағали Мақатаев.

5-жаттығу. Мына сөздердегі дауысты дыбыстардың түрлерін айтып беріңдер, олардың, жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

Арба, қырық, көгілдір, жүру, жиырма, тез, балалар, алғашқы, қабырға, үйлер,бұрғылау, екпе, жүрек, балық, күшті, қисық, уылдырық, жұрнақ, балдырған, бөбек.

§ 7. Дауысты дыбыс әріптерінің емлесі

Дауысты дыбыстар қазақ тілінде сөз ішінде дауыссыз дыбыстармен араласып айтылады да дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажыратып, сөз құрауда үлкен орын алады. Мысалы, *терезе, балалық, тарақ, күрек* деген сөздердегі дауыссыз дыбыстардың арасын ажыратып, дыбысталуын айқындап тұрған — дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыстар айтылмаса, *трз, бллқ, трқ, крк* болып, дауыссыз дыбыстар бір-бірінен ажыратылмай, сөздің мағынасы бұзылар еді. Әрине, бұдан сөз құрайтын тек дауысты дыбыстар ғана деп түсінуге болмайды. Дауыссыз дыбыстар айтылмаса, таза дауысты дыбыстар да сөз құрай алмайды.

Дауысты дыбыстардың сапасы да, тілдегі қолданылуы да бірдей емес. Әрбір дауысты дыбыстың өзіне тән атқаратын қызметі бар. Сонымен байланысты дауысты дыбыстарды белгілейтін әріптердің өздеріне тән емлесі бар.

1. ***а, е, ы. і*** әріптері сөздің барлық буындарында жазыла береді. Мысалы: *ал, ала; қала, балаларда; ел, еле; кереге; ыс, ыстық, іс, істік; білімді, кісілік.*

2. ***ы, і*** әріптері сөздің барлық буындарында жазыла түрса да, мына сияқты жағдайларда сөздің соңғы буынында түсіп қалып отырады:

а) кейбір сөздерге тәуелдік жалғауының қосымшасы жалғанса, түбірдің соңғы буынындағы ***ы, і*** әріптері түсіріліп жазылады: *халық-халқым, орын-орның, көрік-көркі, бөрік-бөркі, дауыс-даусын, әріп-әрпі.*

ә) бірқатар түбір *с*өздерге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанса, түбірдің соңғы буынындағы ***ы, і*** әріптері түсіріліп жазылады: *ойын-ойнау, орын-орна(ды), сарын-сарна-(ды), алты-алтау;*

б) ***ы, і*** дыбысына аяқталған етістіктерге *-у* жұрнағы жалғанса, түбірдің соңындағы ***ы, і*** әріптері түсіріліп жазылады: мысалы: *оқы — оқу, таны — тану, телі — телу;*

ы, і қысаң дауысты дыбыстары сөз басында ***р, л*** әріптерінің алдында көмескі естіліп, оны жазбағанда, сөздің лексикалық мағынасы бұзылмаса, ол дыбыстардың әріптері жазылмайды: *рас* (ырас емес), *рет* (ірет емес), *рақат* (ырақат емес), *лай* (ылай емес), *лас* (ылас емес), *лақтыру* (ылақтыру емес).

6-жаттығу. Көп нүктенің орнына а, е, ы, і әріптерінің тиістісін қойып жазыңдар.

Балап...н, ет...к, қаб...рға, қорғ...н, пыш...қ, күр..к, көл...к, ...рық, ...дыс, к...леді, ор...ды, себ...ді, ки...м, қи...н.

2. ***о, ө, ұ, ү, ә*** әріптері қазақтың байырғы сөздерінде сөздің бірінші буынында ғана жазылады. Мысалы: *от, орман, өр, көрші, құлын, құрық, ұлы, үлкен, күлкі, түлкі, сәнді, әңгіме, әдемі, дәмді.*

Бұл әріптер біріккен сөздер мен қос сөздердің екінші сыңарларының бірінші буындарында да жазылады. Мысалы: *Караөткел, Көктөбе, Бибігүл,, Момышұлы, Асанәлі, бүрсігүні, өте-мөте.*

3. ұ, ү, ә әріптері бірқатар жалаң сөздердің екінші буынында да жазылады. Мұндай сөздер қазақ тілінде көп емес. Олардың кейбіреулері бір кездегі қазақ

тіліне еніп, сіңісіп кеткен араб-иран сездері: *мазмұн, бұлбұл, мақұл, дәстүр, мәжбүр, іңкәр, сірә, куә.*

Көп буынды сөздердің екінші және онан арғы буындарында ашық дауысты дыбыстың ***ә*** немесе ***а*** екендігі дұдамал, көмескі естілгенде ***а*** дыбысы жазылады: *кітап, тілмар, Әмина.*

4. ү, ұ, ө дыбыстары қазақ тілінің байырғы сөздерінде тек басқы буында ғана қолданылатын болғандықтан, көп буынды сөздердің екінші, үшінші буындарында ***ү, ұ, ө*** дыбыстары естіле тұрса да, олардың орнына не қысаң ***ы, і*** дыбыстарының әріптері, не ашық ***е*** дыбысының әрпі жазылады: *құлын* (құлұн емес), *жұлын* (жүлұн емес), *құндыз* (құндұз емес); *күміс* (күмүс емес), *түбіт* (түбүт емес), *көлік* (көлүк емес); *күрек*_(күрөк емес), *бөлім* (бөлүм емес), *өлең* (өлөң емес), *жүрек* (жүрөк емес), *бөтен* (бөтөн емес).

5. о дыбысының әрпі казақ тілінің байырғы сөздерінде тек басқы буында жазылады да, орыс тілінен, не орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген терминдік сөздерде барлық буындарда да жазылады: *морфология*, *монолог, компьютер, курорт, полк, домино, агроном, кино.*

7-жаттығу. Мына сөздердегі көп нүктенің орнына *ы—і, ө—е* әріптерінің тиістісін қойып көшіріп жазыңдар.

Көрк...м, құл...қ, сөйл..., түб...к, мұр....н, жұл...н, көр...к, бөлм..., дұр...с, өң...ш, өл...ң, бүт...н, түт...н, күнд...з, күр...к, төл..., мөлд...р, көм...й, бөл...м.

8-жаттығу. Көп нүктенің орнына *ә—а, а—*о әріптерінің тиістісін жазып көшіріңдер.

Сәбир..., к...нцерт, ...нші, сір..., көг...л, ...мина, кіт...п, ...лгі, Ж...мила, ...лек, Күлп...ш, М...лік, ...йна, ...йнек, ш...йнек, к...фе, л...то, м...нтер, м...сі, н...рсе, күн... .

6. ***у*** әрпі бірде жуан дауысты дыбыстың, бірде жіңішке дауысты дыбыстың таңбасы ретінде сөздің барлық буындарында да жазылады. Мысалы: *бару, жүру, жарысу, күресу, уқалау, туыс, су, бу, қуыс, уыз, университет, устав.*

Е с к е р т у. у әрпі үнемі дауысты дыбыстың таңбасы бола бермейді. Дауысты дыбыстан кейін не екі дауысты дыбыстың арасында немесе сөз басында дауысты дыбыстың алдында тұрса, өз алдына буын құрай алмайтын үнді дауыссыз дыбыстың таңбасы түрінде қолданылады: *тау, бау, бауыр, ауыр, тәуір, белбеу, көлбеу, ауыл, уәде, уақ, уәкіл.*

у дыбысына аяқталған етістіктің түбіріне тұйық райдың *у* жұрнағы жалғанса, екі ***у*** әрпі қатар жазылады: *құу, жуу, буу. жауу, сауу* т. т.

и дыбысына бітетін етістіктерге жалғанатын тұйық райдың ***у*** жұрнағы ***ю*** түрінде жазылады: и+у= ***ию,*** *ки -у*— ***кию,*** жи+у— ***жию,*** ой+у = ***ою,*** қи+у = ***қию,*** сой + у = ***сою,***

9-жаттығу. Мына сөздердегі **у** әрпінің, қай сөзде қандай дыбыстың таңбасы болып тұрғандығын айтып беріңдер.

Тауық, уақыт, будан, шашбау, жату, бауырсақ, суыртпақ, рухани, шаруа, қуыс, лауреат, құдалау, науқан, лықсу, сәуле, бу, секіру, көсеу, уыс, уқалау, ру, ұялау, төгілу, аунау, аңду, думан, зуылдақ, жауырын, сауалнама.

10-жаттығу. Мына сөздерге тұйық райдың ***у*** жұрнағын жалғап, сол сөздермен сөйлем құрап жазыңдар.

Ау, жи, сау, сый, суы, сой, ту, күй, жау, үй.

7. ***и*** әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) түбір сөзде де, туынды сөзде де ***и*** әрпі жінішке естілетін жалаң ***и*** дыбысының және қосарлы ***ый, ій*** дыбыстарының таңбасы ретінде қолданылады: *игілік, иек, имек, киім, қиын, сиыр, жиын, тиын, шикі, саяси, ғылыми, тәрбие;*

ә) ***я, ю*** әріптерінен бұрын қысаң ***ы, і*** дыбыстары естілген сөздің бәрінде де олардың орнына ***и*** әрпі жазылады : *қияқ, дария, қия, зиян, сия, тию, қию, аңқию;*

б) етістіктің түбірі ***йы, йі*** дыбыстарының тіркесіне аяқталып, оған көсемшенің ***-й*** жұрнағы жалғанса, ***ый, ій*** дыбыстарының таңбасы ретінде жалғыз ғана ***и*** әрпі жазылады. Мысалы: *байы+й+ды=* ***байиды,*** *кейі+й + ді =* ***кейиді.***

Е с к е р т у. Қосарлы *ый* әріптері тек *тый, сый* сөздерінде және осы сөздерге жұрнақ жалғану ақылы жасалған туынды сөздерде ғана жазылады: *сый, сыйлық, сыйлау, сыйымды, сыяды; тый, тыйым, тыйылу.*

11-жаттығу. Мына сөздердегі көп нүктенің орнына *и, й, ый* әріптерінің тиістісін қойып көшіріп жазыңдар.

қ...сық, ж...ырма, лир...ка, мо...ын, қ...мыл, қ...сын, ...кемді, т...ылу, т...істі, с... ла, с...ық, о...мақ, а...на, қа...мақ, мо...ын, ж...нақ, т...ылды, д...қан, б...лік, ...ін, ...не, ж..., мәден..., ш...кі, с...лық, тар...х, н...ет.

12-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті жазып көшіріңдер. Ол әріптің қандай дыбыстың таңбасы ретінде қолданылып тұрғандығын аитып беріңдер.

қ...ял, жар...я, тақ...я, с...яқты, парт...я, мұқ...ят, ж...юға, к...юші, қ...юы, с...яды, балқ...я, арм...я, с...я, З...яда, авиац...я,
з...янды, б...язы.

8. ***э, ё*** әріптері орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады: *эпос, поэма, эмоция, электр, актёр, экран, ёлка.*

9. ***ю*** әрпі ***й*** және ***у*** дыбыстарының таңбасы ретінде мынандай орындарда жазылады:

а) түбір сөздегі дауысты дыбыстан кейін қосарлы *й+у* дыбыстарының орнына қолданылады: *жаю, қою, сою, оюлады,жиюлы;*

ә) орыс тілінен енген терминдік сөздерде сөз басында да, дауыссыз дыбыстардан кейін де жазылады: *юрист, бюро, жюри. брошюра, эволюция, юмор.*

13-жаттығу. Көп нүктенің орнына э, ё, я, ю әріптерінің тиістісін қойып, көшіріп жазыңдар да, ережесін айтыңдар.

А...родром, по...ма, а...лдау, б...джет, а...ым, да...рлау, ду...ль, о...лады, пулем...т, параш...т, револ...ция, то...ттаған, ...пизод, за...м, қи...қ, са...хат, қо...ланды, ка...та.

Тақырып бойынша сұрақтар

1.Тіл дыбыстары қандай белгілеріне қарай дауысты және дауыссыз дыбыстар болып бөлінеді ?
2. Физиологиялық (артикуляциялық) тұрғыдан алып қарағанда, дауысты дыбыстарды айтуда фонациялық ауаның қозғалысы қандай жағдайда болады ?
3. Қазақ тілінде неше дауысты дыбыс бар? Олар қалай жіктеледі ?
4. Жуан дауыстыларды айтқанда, тіл қандай қалыпта болады ? Жуан дауыстыларға қандай дыбыстар жатады ?
5. Ашық дауыстылар қалай жасалады ? Ашық дауыстыларға қандай дауыстылар жатады ?
6. Езулік дауыстылар қалай жасалады ? Оларға қандай дауыстылар жатады ?
7. Дауысты дыбыс әріптерінің емлесіне түсінік бер.

§ 8. Дауыссыз дыбыстар

Дауыссыз дыбыстарды айтуда дауыс шымылдығы жиырылып тұрады да, бұлардың айтылуында дауыс қатысы болмайды. Дауыссыздар буын құрай алмайды.

Қазіргі қазақ тілінде мына сияқты 25 дауыссыз дыбыс бар: ***б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ***. Сонымен қатар дауысты дыбыстардың құрамында көрсетілген ***у*** дыбысы дауысты дыбыстан кейін айтылғанда, өз алдына буын құрай алмай, үнді дауыссыз дыбыс ретінде түсініледі. Мысалы: *бау, тау, белбеу, ауыр.* Сөйтіп, ***у*** әрпі бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыстың таңбасы ретінде жұмсалады.

Дауыссыз дыбыстар дауыстың қатысына және жасалуына қарай өзара бірнеше топтарға бөлініп, жүйеленеді.

1. Дауыссыз дыбыстардың дауыстың қатысына қарай жүйеленуі

Дауыссыз дыбыстарды шығаруда дауыс шымылдығы не мүлде жиырылып тұрады, не сәл ғана керіліп тұрады. Сондықтан ешқандай діріл пайда болмайды да, дауыссыз дыбыстарда дауыс қатысы болмай, ауыз қуысындағы дыбыстау мүшелерінің бір-біріне соғылысуынан пайда болған салдыр ғана болады. Бірқатар дауыссыз дыбыстарда үннің ғана қатысы болады. Сөйтіп, дауыссыз дыбыстар дауыс қатысына қарай, ең алдымен, үнсіз және үнді (сонор) дыбыстар болып екіге бөлінеді. Бұлар өзара тағы да екіге бөлінеді. Үнсіз дауыссыз дыбыстар: 1) қатаң, 2) ұяң болып; үнді дауыссыздар: 1) ауыз жолды, 2) мұрын жолды болып жіктеледі.

Дауыссыз дыбыстардың дауыс қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді (сонор) болып жүйеленуінен дыбыс үндестігі деп аталатын, көрші дыбыстардың бірінің-біріне тигізген әсерінен пайда болатын ықпал заңдары туады.

14-жаттығу. Мәтінді оқып шығыңдар да, дауыссыз дыбыстарды көрсетіңдер. Олардың дауыссыздың қай түріне жататынын айтып беріңдер.

Ұзақ жаңбыры мен сұрғылт тұманы үзілмейтін Шығыс Пруссия жерінде аз күн тұрғаннан кейін гвардиялық дивизияның бірнеше батальондарындағы әскерлері елдеріне қайтты.Өзінің тағдырлас болған дивизиясымен қош айтысып, Бексұлтан да еліне қайтатын болды. Дәл жүретін күні полк командирі Николай Чернов елге қайтатындарды Кенигсберг түбіндегі черепицамен жабылған, үшкіл шатырлы үйлердің бірінде қабылдап, оларға қонақ асы берді. Подполковник Чернов қонаққа келген офицерлер мен жауынгерлердің бас-аяғына көз жіберіп қарап өтті. Әке балаларын жолға шығарарда оның бас-яғына қандай қарайтын болса, подполковник те оларға солай қарады. *(Ж. Жұм.)*

2. Дауыссыз дыбыстардың жасалу тәсіліне және айтылуына қарай жіктелуі

Дауыссыз дыбыстардың жасалу тәсілі де, айтылуы да бірдей емес. Кейбір дыбыстар ауыз қуысындағы екі түрлі дыбыстау мүшелерінің бір-біріне тиіп жымдасуынан, қабысуынан пайда болады. Ондай дыбыстарды шығаруда ауа, дауыс құйылысы кілт үзіліп шығады да, дыбыс шұғыл айтылады, созып айтуға келмейді. Мысалы: ***п*** мен ***б*** дыбыстарын шығаруда екі ерін біріне-бірі жабысып тұрады да, өкпеден келген ауа екі ерінді бұзып өтеді. Содан барып ауа кілт үзіліп, дыбыс тез, шұғыл айтылады. Мұндай дыбыстарды жасалуы жағынан жабысыңқы, айтылуы жағынан шұғыл дыбыстар дейді. Оларға : ***п, б, т, д, г, к, ц, ч*** дыбыстары жатады.

Кейбір дауыссыз дыбыстарды шығаруда ауыз қуысындағы дыбыстау мүшелері біріне-бірі тиіп жабыспай, біріне-бірі жақындап жуысып тұрады да, өкпеден келген ауа екі мүшенің аралығынан сүзіліп өтеді. Ондай дыбыс-ты айтуда белгілі дәрежеде ызың пайда болады. Дыбыстар созып айтуға келеді. Мысалы, ***в*** дыбысын шығаруда үстіңгі тіс астыңғы еріннің ернеуіне сәл ғана тиіп тұрады да, дыбыс сүзіліп өтеді. Ал ***с*** мен ***З*** дыбысын шығаруда жоғарғы тіс пен төменгі тіс бір-біріне тиер-тимес болып тұрады да, дыбыс тіс аралығынан сүзіліп өтеді. Мұндай дыбыстарды жасалуы жағынан жуысыңқы, айтылуы жағынан ызың дауыссыз дыбыстар дейді. Оларға: ***ф, в, с, г, з, ш, х, ж, һ*** дыбыстары жатады

3. Дауыссыз дыбыстардың жасалу орнына қарай жүйелену і

Дауыссыз дыбыстар, негізінде, ауыз қуысындағы дыбыстау мүшелерінің жұмысы арқылы жасалады. Сондықтан қай дыбыс қандай дыбыстау мүшесінің басқа дыбыстау мүшесіне соғылысуынан немесе жақындап жуы-суынан жасалатын болса, сол дыбыстаушы мүшенің атымен аталып жікте-леді.

Жасалу орнына қарай дауыссыз дыбыстар мына сияқты 8 топқа бөлінеді:

1) ерін дауыссыз дыбыстары**:** ***п, б, м, у*** (тау);
2) тіс пен ерін дауыссыз дыбыстары: ***ф, в;***
3) тіс дауыссыз дыбыстары: ***т, д, с, з, щ, ц;***
4) тіл ұшы дауыссыз дыбыстары: ***н, л, ч;***
5) тіл алды дауыссыз дыбыстары: ***р, ш, ж, й*** (тай);
6) тіл ортасы дауыссыз дыбыстары: ***к, г;***
7) тіл арты дауыссыз дыбыстары ***қ, ғ, ң, х;***
8) көмей дауыссыз дыбысы: ***һ.***

15-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, әрбір сөздегі қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды теріп топтобымен кестеге түсіріп жазыңдар. Бірнеше рет қайталанып келген дыбыстарды бір-ақ рет алыңдар.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ.
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, үзын тісті,
Қабырғалы, жоталы, болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Шідерлігі жуандау бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек.

Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлаи көрсек. *(А. Қ.)*

§ 9 . Дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі

Дауысты дыбыстар сияқты дауыссыз дыбыстардың да қолданылуы бірдей емес. Дауыссыз дыбыстардың көпшілігі барлық буындарда талғаусыз қолданыла береді де, бірқатары тек белгілі сөздерде, белгілі позицияда ғана қолданылады. Сөйтіп, дауыссыз дыбыстар әріптерінің де қолданылу емлесі болады. ;

1. ***з, ц, к, л, м, н, п, р, с, т, ш*** дауыссыз дыбыстарының әріптері қазақтың байырғы сөздерінде де, өзге тілдерден енген сөздерде де барлық буындарда (сөздің басында, ортасында, аяғында) жазыла береді: *заң, қазақ, қағаз, момын, мал, ласта, тап, нар, көйлек, шал, секер, рас, шам, сат, нан.*

2. ***ж, ғ*** әріптері қазақтың байырғы сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды. Тек ***ж*** әрпі ғана *мұқтаж, лаж* сияқты сөздерде сөз аяғында келеді.

3. ***ң*** әрпі қазақтың байырғы сөздерінде сөздің ортасында, аяғында ғана жазылады да, сөз басында қолданылмайды: *оң, таң, жаңа, аң, сең, шаңғы, тұңғыш, сенің.*

4. ***в, ф, ч, ц, щ*** әріптері қазақтың байырғы сөздерінде қолданылмайды, ал орыс тілі арқылы енген терминдік сөздерде барлық буындарда да қолданыла береді: *авиация, автор, дифтонг, диспетчер, завод, инспекция, концерт, фотография, мотоцикл, ведомость, взвод, актив, щётка, чемпион, цирк, чек, цифр, философ, революция.*

щ әрпі қазақтың *ащы, тұщы, кеще* деген байырғы сөздерінде ғана жазылады да, *ашшы, қашшы, шашшы* сияқты сөздерде *щ* әрпі жазылмайды. Ол сөздер морфологиялық принцип бойынша *аш, қаш, шаш* деген түбір тұлғасы мен - *шы* жұрнағының тұлғасы сақталып жазылады.

5. ***б, в, г, д*** дыбыстары қазақтың байырғы сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды. Бұл дыбыстар сөз аяғында орыс тілі арқылы енген термин сөздерде ғана қолданылады: *актив, пассив, эпизод, штаб, клуб, каталог, педагог.*

Бұл дыбыстар орыс тілінде де, қазақ тілінде де айтылуда сөз аяғында қатаңға айналып ***п, ф, к, т*** болып естіледі. Сондықтан ***б, в, г, д*** дыбыстарына аяқталған терминдік сөздерге қосымша қатаң дауыссыз дыбыстардан басталып жазылады: *эпизодта, штабқа, клубтан, педагогқа, каталогтан, активте.*

6. ***х*** әрпі мынадай орындарда қолданылады:

а) орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген терминдік сөздерде жазылады: *хлор, хирургия, технолог, крахмал, архитектура.*

ә) *хат, хан, хабар, халық* сияқты жалпы есімдер мен *Хамит, Ахмет* сияқты кейбір кісі аттарында жазылады.

7. ***ь, ъ*** әріптері — ешқандай дыбыстың таңбасы емес, кейде қатар айтылған дауыссыз дыбыс пен дауысты дыбыстың арасын бөліп, ажыратып айту үшін, кейде орыс тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жіңішкелігін білдіру үшін

алынған шартты таңбалар. Бұл әріптер орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады.

ъ әрпі, дауыссыз дыбыс пен кейбір дауысты дыбысты ажырататын белгі ретінде, сөз ішінде ғана жазылады: *разъезд, подъсзд, адъютант.*

ь әрпі әрі дауыссыз дыбыс пен кейбір дауысты дыбысты ажырататын, әрі дауыссыз дыбыстың жіңішкелігін көрсететін белгі ретінде қолданылады: *почтальон, семья, бандероль, ноль, роль, компьютер.*

ь әрпі сөз аяғында жіңішкелік белгі ретінде келгенде, ол сөзге дауыссыз дыбыстан басталған қосымша жалғанса, сақталып жазылады. Мысалы: *секретарьға, октябрьде, автомобильмен т. т.* Ал дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанса, жіңішкелік белгісі түсіріліп жазылады: *партия ұйымының секретары, машинаның рулі.*

8. ***нд, мп, кт, мб, ск, кс, фт*** дыбыстарының тізбегіне аяқталған термин-дер түбір күйінде ешқандай өзгеріссіз жазыл да, оларға дауыссыз дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда: түбір мен қосымшаның аралығына дәнекер ретінде қысаң ***ы*** немесе ***і*** дыбыстарының бірі жазылады: *фонд — фонд-\-ы + шрифт — шрифт-\-і-\-ге, штамп — штамп + ы + лау; факт+і-ге; митинг — митинг-\-і + ге, митинг + і+-ден; объект— объек-т і + ні, объект+і+ге; ромб — ромб-\-ы + ның, ромб-\-ы-\-ға; киоск — киоск + і-\-ге, киоск + і + лер;*

9. Қосарлы ***сс, лл, мм, тт*** дыбыстарына біткен термин дер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да, оларға қос ымша жалғанғанда, қосарлы дауыссыз дыбыстардың соңғысы түсіп қалып отырады: *прогресс —прогрес +тік; класс-клас-қа\ клас +тар, металл —метал +дар, метал +дың; грамм-грам-\-нан; киловатт —киловат -\-ты.*

Бұл қос дыбыстарға біткен сөз жалқы есім болса, онда қос дыбыс қосымша қосылғанда да түсірілмей жазылады: *Дон* басс — Донбассқа.

10. ***ст, сть, зд*** дыбыстар тізбегіне біткен термин сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз бастапқы қалпында жазылады да, оларға қосымша жалғанғанда, соңғы ***т, ть, д*** әріптері түсіріліп жазылады: *трест+-трес +ке, трес +-тен, трес +і+не; комму нист—коммунис+ке, коммунис -\-тік; ведомость —ведо мос+қа, ведомос-\-ты; поезд — поез-\-дан; съезд —съез-і*

16-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, әрбір сөзімен бір-бірден сөйлем құрап жазыңдар.

Экспеди...ия, ...утбол, ...рестоматия, фос...ор, со...иалистік, ры...аг, ре...олюция, поме...ик, о...ицер.

17-жаттығу. Мына сөздерге дауысты, дауыссыз дыбыстардан болатын қосымшалар жалғап, әрқайсысының емлелік ережелерін айтып беріңдер.

Металл, склад, диалог, радист, Курск, роль, конспект, диалект, бронепоезд, бланк, артист, табель.

Тақырып бойынша сұрақтар

1. *Дауыссыз дыбыстардың жасалуының қандай ерекшеліктері бар?*
2. *Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың саны нешеу?*
3. *Дауыссыз дыбыстар жасалуына қарай неше топқа бөлінеді?*
4. *Үнді дауыссыз дыбыстар қалай жасалады? Оларға қандай дыбыстар жатады?*
5. *Қатаң дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?Оларға қандай дыбыстар жатады?*
6. *Ұяң дауыссыз дыбыстар қалай жасалады? Оларға қандай дыбыстар жатады?*
7. *Дауыссыз дыбыстар жасалу тәсіліне қарай қалай жіктеледі?*
8. *Дауыссыз дыбыстар жасалу орнына қарай қалай жіктеледі?*
9. *Дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі туралы айтып бер?*

§ 10. Орфография

Белгілі тілдің дұрыс жазу ережелерінің жиынтығын о р ф о - г р а ф и я дейді. *Орфография (грек. Orthos – дұрыс, qropho – жазамын.)*- сөзді бірізді жазудың тәсілдерін белгілейтін ереже. Кейде орфография кең түрде е м л е мағынасында қолданылып, тыныс белгілерінің қойылу тәртібін де көрсетеді.

Сөздердегі дыбыстарды әріппен беруде қазақ орфографиясы негізінен ф о н е м а т и к а л ы қ ұстанымға сүйенеді: басшы (башшы емес), түнгі (түңгі емес) т.б. Фонематикалық принцип, көп жағдайда морфологиялық принципке сәйкес келеді.

Ф о н е т и к а л ы қ ұстаным бойынша сөз естілуі бойынша жазылып, фонеманың дыбыстық қоршауға тәуелді түрленімдері таңбаланады. Мысалы, *тап+ып - тауып, жүрек+ім- жүрегім.* Қазіргі орфографиялық ереже бойынша кейбір жалқы есімдердің, біріккен сөздердің сыңарлары фонетикалық принциппен жазылады *(Ботагөз, Амангелді, жаздыгүні т.б.)*

Т а р и х и – д ә с т ү р л і ұстаным бойынша сөздің жазылуы тілдің қазіргі күйіне сәйкес келмейді де, сөз үйреншікті болып кеткен дағды бойынша жазылады. Әдетте тарихи-дәстүрлі ұстаным жазу-сызуы бір графика негізінде қалыптасып, өзгермей келе жатқан тілдерге тән (*мысалы, ағылшын, француз т. б,)* Қазақ әліпбиі жиі ауысып отырғандықтан , бұл ұстаным қазақ тілінде сирек қолданылады. *Тарих, халық, хикая,қаһарман, шаһар* сияқты сөздердің жазылуы тарихи-дәстүрлі ұстанымға негізделген.

А й ы р ы м ұстанымы бойынша дыбыстық құрылымы ұқсас сөздер шартты түрде орфография арқылы ажыратылады: *қан-хан, қал-хал, қауып-қауіп, тиын-тиін, өкімет-үкімет т. б.*

§ 11. Орфоэпия

Бұл — гректің *orthos –дұрыс, epos - сөз* деген сөздерінен алынған термин.

Қоғамдағы адамдардың қатынас құралы қызметін атқаратын жалпы халықтық тіл күнделікті тұрмыста ауызекі сөйлеу тілі түрінде де, жазба әдеби тіл түрінде де қолданылады. Сөйлеу тілі де, әдеби тіл де жалпы халықтық тілдің сөздік құрамындағы сөздерді пайдаланады. Ол сөздерді өзара байланыстыру үшін халықтық тілдің грамматикалық ережелерін қолданады. Сөйте тұрса да, сөйлеу тілі мен әдеби тілдің бір-бірінен белгілі ерекшелік-тері, айырмашылықтары бар. Әдеби тіл, негізінде, жазу тілі болады да, белгілі ережелерге бағынған, белгілі нормаға келтіріліп қалыптасқан тіл болады. Әдеби тілдің жалпыға ортақ жазу нормасы және жеке сөздерді, сөз тіркестерін айту нормасы болады. Әсіресе қазақ тілінің дыбыс үндестігінің орфоэпиялық норма үшін ерекше мәні бар. Ол норманың бұзылуы жазушы және сөйлеуші адамдардың білім саяздығын, сауатының кемдігін көрсетеді.

Сейтіп, **жеке сөздерді, сөз тіркестерін дұрыс айту нормасын (ережесін) о р ф о э п и я дейді.**

Әдеби тілдегі қолданылып жүрген сөздер мен сөз тіркестерінің жазылу нормасы мен айтылу нормасы үнемі бірдей болып келе бермейді. Әдеби тілдегі қолданылып жүрген сөздердің түбірі мен қосымшасының аралы-ғында, біріккен сөздің сыңарларының ара лығында және қатар айтылған сөз тіркестерінің аралығында көрші дыбыстардың бір-біріне тигізген әсерінен сөздің айтылуы жазылу ережесіне үнемі сай келмейді. Мысалы: *жұмыс+шы, тұз+шы, ұш + сын, іш+се, жаз + са, көз+сіз, ерін+ген, сен + бе; шек+ ара, Алпыс + бай, Дос + жан, Дүйсен + бек; көз сала жүр, торы ала ат, ақ ешкі, кім келді* болып жазылады да, әдеби тілдің айтылу нормасы бойынша *жұмыш + шы, тұш + шы, ұш + шын, іш + ше, жас + са, көс + сіз, ерің + ген, сем + бе, шег + ара, Алпыс + пай, Дош + шан, Дүйсем + бек, көс сала жүр, тор (ы) ал (а) ат, ағ ешкі, кім гелді* болып айтылады.

§ 12. Буын

Тілдегі сөздер белгілі бір нәрсенің, ұғымның атын білдіріп, лексикалық мағынаға ие болып, мағыналық жағынан бір тұтас, тілдік құбылыс болса, айтылуы, дыбысталуы жағынан бөлшексіз, бітеу тұлға бола алмайды. Жеке сөздерді айтуда дауыс құйылысы үнемі бір толқынмен шықпай, бірқатар сөздерді айтуда үзіліп-үзіліп бөлшектеніп шығады. Мысалы: *ат, ет, бол, жас* деген сөздерде өкпеден келген ауа бірақ толқынмен бірден шығатын болса, *қара, терезе, қасық, болады* деген сөздерді айтуда дауыс құйылысы бірден түйдек шықпай, бөлшектеніп *қа-ра, те-ре-зе, қа-сық, бо-ла-ды* күйінде үзіліп-үзіліп шығады.

Сөздерді айтуда дауыс құйылысының бірнеше толқынмен бөлшектеніп үзіліп-үзіліп айтылуындағы ауаның бір толқынын б у ы н дейді.

Сөздердің айтылуындағы өкпеден келген ауаның әрбір толқыны дауысты дыбыстардың үні арқылы естіліп, жіктеліп отырады. Сөзді буынға бөліп,

ажыратып бөлшектеп айтуға себепші болатын — тілдегі дауысты дыбыстар, яғни сөздің буынға бөлінуі дауысты дыбыстардың қасиетімен байланысты. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Дауысты дыбыссыз буын болмайды. *Ол, ет, әл, шам, мал, жер, көл* деген сөздерде бір дауысты дыбыс бар да, алдыңғы үш сөзде бір дауыссыэ дыбыс, соңғы төрт сөзде екі дауыссыз дыбыс бар. Сондықтан бұл сөздердің барлығы да бір буынды сөздер. *Қала, шеше, бота, көне, бөлшек, тарақ, басшы* деген сездердің әрқайсысында екі дауысты дыбыс бар да, алдыңғы төрт сөзде екі, соңғы үш сөзде үш дауыссыз дыбыс бар. Сонымен байланысты ол сөздер айтылуда бірнеше дауыс толқынына бөлшектеніп, *қа-ла, ше-ше, бо-та, кө-не, бөл-шек, та-рақ, бас-шы* түрінде айтылып, екі буыннан құралып тұр. *Балалық, кебеже, орташа, өнеге, санама, балдырған, оқушы, қазақша* деген сөздерде үш дауысты дыбыс бар. Бұл сөздер дыбысталуда бірнеше дауыс толқынына бөлшектеніп, *ба-ла-лық, ке-бе-же, ор-та-ша, ө-не-ге, са-на-ма, бал-дыр-ған, о-қу-шы, қа-зақ-ша* күйінде айтылып, әрқайсысы үш буыннан келіп тұр.

Сөйтіп, туынды сөздерде дауысты дыбыстың саны көбейген сайын буынның саны да көбейе береді. Қазақтың байырғы сөздерінің түбірі негізінде бір буынды болып, кейде екі не үш буынды болып келеді. Бірақ қазақ тілінің жалғамалылық қасиетіне сай туынды сөздерде қосымша үстіне қосымша жалғанып, буын саны көбейіп кетеді. Мысалы, *шаруашылықтарымыздың* деген сөзде екі жұрнақ үш түрлі жалғау бар. Бұл сөз мына сияқты сегіз буыннан тұрады: *шар-уа-шы-лық-та-ры-мыз-дың.*

Негізінде, буын құрайтын дауысты дыбыс болғандықтан, бір буынның ішінде дауысты дыбыстың орналасу түріне қарай қазақ тілінде буынның үш түрі болады: 1) ашық буын, 2) тұйық буын, 3) бітеу буын.

1.Ашық буын. Бір дауысты дыбыстың өзінен ғана тұратын немесе дауыс-сыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталып тұратын буынды а ш ы қ б у ы н дейді.

Мысалы: *а-на, ә-ке, и-не, е-не; ше-ше, ба-ла, са-на, қа-ра.* Алдыңғы төрт сөзде көрсетілген сияқты жалғыз дауысты дыбыстан тұратын жалаң ашық буын сөз басында ғана келеді. Дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталатын екі дыбысты ашық буын, көбіне, сөздің соңында келеді. Соңғы ерекшелік сөз басында да, сөздің орта шенінде де келе береді.

2. Тұйық буын. Дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа бітетін буынды т ұ й ы қ б у ы н дейді. Тұйық буын, негізінде, бір дауысты, бір дауыссыз дыбыстан тұрады. Бірқатар бір буынды, үш дыбыстан құралған сөздерде тұйық буын бір дауысты, екі дауыссыз дыбыстан да тұрады. Мысалы: *ант,ұлт, өрт, аст, үст.*

3. Бітеу буын. Дауысты дыбыс екі жағынан дауыссыз дыбыспен қоршалып тұратын буынды б і т е у б у ы н дейді. Бітеу буын негізінде, үш дыбыстан тұрады. Мысалы: *бал, тас, мал, көз, тор жол, тіл, қол, нан, шаң, мұз, қыз, пеш, жаз* сияқты жеке сөздер болып келеді де, *мек-теп, бал-дыр-ған, жат-қыз, жыл-дам, бал-дай* деген сияқты сөздердің басында, ортасында және соңында да келеді. Қазақтың кейбір байырғы сөздерінде бітеу буын төрт

дыбыстан да құралады. Бітеу буын төрт дыбыстан болып келгенде, дауысты дыбыстан кейін әуелі үнді (сонор), одан соң қатаң дауыссыз дыбыстардың бірі келуі міндетті, дауыссыз дыбыстардың бір буын ішінде езгеше болып орналасуы мүмкін емес. Мысалы *төрт, бұлт, қант, жент, тарт, сұрт, саңқ.*

Сөзді буынға бөлудің дұрыс жазу үшін маңызы зор. Жазу кезінде үнемі сөздер бір жолға тұтас сыя бермейді. Жолдың аяғына сыймай қалған сөздің бөлегін келесі жолға шығару керек болады. Мұны грамматикада т а с ы м а л немесе с ө з д і т а с ы м а л д а у дейді. Әдетте мұндай жағдайда жол аяғында сөздің сыймаған бөлігін қалай болса солай, тәртіпсіз тасымалдау ға болмайды, тек сыймаған буынды ғана тасымалдайды. Сөзді тасымалдауда қате жібермеу үшін, әуелі сөзді буынға бөліп алу керек. Бірақ жолға сыймаған буынды тасымалдағанда, бір ғана дауысты дыбыстан тұратын жалаң ашық буынды жолдың аяғында қалдыруға да, жаңа жолдың басына шығаруға да болмайдыі Мысалы: *ке-реге* немесе *кере-ге; сай-раған* не *сайра-ған* түрінда буынға бөліп тасымалдауға болады. Ал *кер-еге, сайр-аған, сай\ раг-ан* деп тасымалдауға болмайды. Сол сияқты *әке, апа, әжі* деген сәздерді *ә-ке, а-па, ә-же* деп буынға бөлуге болғанымен: *ә, а* дыбыстарынан тұрған ашық буынды жол аяғында қалдырып тасымал жасауға болмайды.

Түбір сөзге қосымшалар жалғағанда, түбір сөздің соңындағы буынның бір дыбысы қосымшадағы буынға ауысып, буынның сапасы өзгеріп отыруы — тілдегі заңды құбылыс. Екі дыбыстан құралған тұйық буынға жалаң ашық буын немесе тұйық буын жалғанса, бұрынғы тұйық буын ашық буынға айналады. Мысалы: *ат+ы — а-ты, оқ + ы — о-қы; ар + ым — а+рым, ат+ақ — а-тақ.* Үш дыбыстан құралған тұйық буынға жалаң ашық буын немесе тұйық буын қосылса, түбірдің соңғы дыбысы қосымшаға ауысады. Мысалы, *ант + ы — ан-ты.* Үш дыбыстан құралған бітеу буынға жалаң ашық буын немесе тұйық буын қосылса, бұрынғы бітеу буын ашық буынға айналады да, екінші тұйық буын бітеу буынға айналады. Мысалы: *мал-\-ы — ма-лы; бас + ы — ба-сы, жас-\-ым — \жа-сым, көз + ім— кө-зім.*

Бір буынның соңғы дыбысының екінші буынға ауысып, буындардың бастапқы сапасының өзгеруін б у ы н н ы ң ж ы л ы с у ы немесе а л м а с у ы дейді.

18-жаттығу. Мына мәтінді окып шығып, ондағы сөздерді буынға бөліңдер. Әрбір буынныц дыбыс құрамын, түрлерін ауызша айтып беріндер.

Әйт, шу... ала атым! Жаз шөпті шабатын,
Сүйеніш, қанатым! Пайданы табатын.
Жалғыз сен бейнетпен Күн болса, алақай,
Егінді салатын, Еңбегің жанатын!.. *(Б. М.)*

Қазақ тілінің сөздік құрамына орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден көптеген термин сөздердің енуі, қазіргі қазақ тілінің дыбыстық

жүиесіне өзінің игілікті әсерін тигізгені сияқты, қазақ тілінің буын құрылысына да біркелкі өзгерістер енгізді.

Қазақтың байырғы сөздеріндегі буынның дыбыстық құрамы мен термин сөздеріндегі буындардың дыбыстық құрамы бірдей емес. Оның мына сияқты елеулі ерекшеліктері бар:

а) қазақтың байырғы сөздерінде бір буында дауысты дыбыстың алдынан екі дауыссыз дыбыс еш уақытта келмейді. Ал орыс тілінен енген термин сөздерінде жиі кездеседі. Мысалы: *план, класс, трактор;*

ә) қазақтың байырғы сөздерінде кейбір үш дыбыстан тұрған тұйық буынды сөздер мен төрт дыбыстан тұрған бітеу буынды сөздерде болмаса, бір буын ішінде дауысты дыбыстан кейін де екі дауыссыз дыбыс келе бермейді. Мұндай жағдайда дауысты дыбыстан кейін сонор дыбыс, одан соң қатаң дыбыстардың бірі келуі шарт, басқаша орналасуы мүмкін емес. Мысалы. *мұрт, жұрт, жылт, қаңқ, бұлт, қант, ант, арт, өрт.*

Термин сөздерінде бір буын ішінде дауысты дыбыстан кейін екі дауыссыз дыбыс келе береді және ол дауыссыз дыбыстардың орналасуы ерікті. Мысалы: *метр, литр, танк, акт;*

б) қазақтың байырғы сөздерінде бір буындағы дыбыс саны, ең көп дегенде, төрт дыбыстан аспайды. Ал термин сөздерде бір буындағы дыбыс саны бес дыбысқа дейін барады және ондағы дауыссыз дыбыстардың орналасуы ерікті болып келеді. Мысалы: *Маркс, текст, трест, Омск.*

Тақырып бойынша сұрақтар

1. *Орфография нені қарастырады?*
2. *Қазақ тілінің орфографиясы қандай ұстанымдарға негізделіп жасалған?*
3. *Орфоэпия нені зерттейді?*
4. *Буын деген не?*
5. *Буын құрайтын қандай дыбыстар?*
6. *Қазақ тілінде буынның неше түрі бар?*
7. *Буындар бір-бірінен қандай белгісіне байланысты ажыратылады?*
8. *Қандай құбылысты буынның жылысуы дейді?*

§ 13. Екпін

Сөз құрамында буындардың айтылуы біркелкі бола бермейді. Олардың біреуі басқаларына қарағанда айқынырақ ажыратылып, көтеріңкі айтылады. Мұндай қасиетке, әдетте, екпін түскен буын ие болады.

Сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан ерекшеленіп күшті айтылуын е к п і н дейді.

Екпін түскен буын басқа буындардан негізгі үш түрлі тәсіл арқылы ажыратылады.

1.Буынның біреуі басқа буындардан айырықша күшті айтылуы арқылы ажыратылады. Екпіннің мұндай түрі л е б і з д і е к п і н немесе д и н а м и к а л ы қ е к п і н деп аталады. Екпіннің бұл түріне ие тілдер: славян, түркі, герман тілдері.

2.Басқа буындардың ішінен бір буын айтылу тонының ырғағы арқылы ерекшеленіп, дауыс шымылдығының дірілінің жиілеуіне негізделеді. Екпіннің бұл түрі т о н и к а л ы қ н е м е с е м у з ы к а л ь д ы е к п і н деп аталады. Екпіннің бұл түріне ие тілдер: қытай, корей, жапон, серб, литва және т. б. тілдер.

3. Басқа буындардың ішінен бір буын өзінің құрамындағы дауыстының созылыңқы айтылуы арқылы ажыратылады. Бұл к в а н т а т и в т і е к п і н деп аталады. Орыс тілінде сөз құрамындағы екпін түскен буын, біріншіден, жоғары қарқынмен көтеріңкі айтылса, екіншіден, ондағы дауысты дыбыс басқа буындардағы дауыстыларға қарағанда созылыңқы айтылады. Яғни, орыс тіліндегі екпін түскен буын квантативті сипатта болады.

Кейбір тілдерде екпін сөздердің әр буынына – алғашқы, ортадағы, соңғы буынына түсе береді. Ондай екпін ж ы л ж ы м а л ы екпін деп аталады. Мысалы, орыс тіліндегі екпін- жылжымалы екпінге жатады. Кейбір тілдерде, мысалы, түркі тілдерінде,екпін көбінесе арнаулы бір буынға байланып, басқа буындарға жылжи бермейді. Ондай екпін т ұ р а қ т ы е к п і н деп аталады.

Тіл-тілде сөз екпінінен басқа ф р а з а л ы қ е к п і н де болады.

Сөйлеу процесінде бір-бірімен тіркесіп айтылған сөздердің әрқайсысы дербес екпінге ие болуы шарт емес. Кейбір сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің әрқайсысы өз алдына дербес екпінмен дараланбай, айтылу жағынан жігі жымдасып, бір ғана екпінге ие болады. Мұндай сөз тіркесіндегі екпін ф р а з а л ы қ екпін деп аталады. *Мысалы: ит-құс, ине-жіп, сен ғана, ат үсті, ай сайын т.б.*

Қазақ тіліндегі, сол сияқты түркі жүйелі тілдердегі екпін дауыс құйылысының қарқынмен (күшпен) айтылуына байланысты д е м е к п і н і қатарына жатады.

Дем екпіні екі түрлі болып келеді: тұрақты екпін, тұрақсыз екпін. Тұрақты екпін қазақ тілінде және өзге түркі халықтарының тілдерінде кездеседі. Екпіні тұрақты болатын тілдерде екпін сөздің арнаулы буынында болады да, сөздің грамматикалық, лексикалық мағыналарының құбылуымен екпін сөздің өзге буындарына ауысып, жылжып отырады. Қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынында болады. Көп буынды түбір сөзде негізгі екпін соңғы буында болады да, қалған буындарда ешқандай екпін болмайды. Мысалы: *шана, тарақ, терезе, қабырға, омыртқа.*

Түбір сөзге қосымша жалғанып, сөздің лексикалық, грамматикалық мағынасы түрленгенде, негізгі екпін туынды сөздің соңғы буынына ауысады да, сөздің негізгі екпініне қосымша көмекші екпін пайда болады. Мұндай туынды, көп буынды сөздерде негізгі екпін қосымшаға ауысып, соңғы буында тұрады да, қосымша екпін түбірдің соңғы буынында болады. *Мысалы: оқу= оқу+шы =оқу+шы+лар= оқу+шы+ла+ры+мыз= оқу+шы+ла+ ры+ мыз+ға;*

Қазақ тіліндегі екпін тұрақты болып, түбір сөзге қосымша жалғануына байланысты сөздің соңғы буынынан қосымшаларға ауысып отыруға тиісті бола тұрса да, қазақ тілінің кейбір қосымшалары өзіне екпін түсірмейді. Ондай қосымшалар жалғанған туынды сөздерде екпін соңғы буында болмай, соңғы буынның алдындағы буында тұрады. Өзіне екпін қабылдамайтын қосымшалар мыналар:

а) жіктік жалғаулары: *бара+* ***мын****, бала +* ***мын;*** *келе +* ***сің,*** *студент-* ***сің;***

ә) етістіктің болымсыздық мағына туғызатын ***-ма, -ме, -па, -пе, ба, -бе*** жұрнағы: *ал****ма****, кел****ме****, айт****па****, кет****пе****, жаз****ба****;*

б) есімдерге жалғанып теңеулік ұғым тудыратын ***–дай, -дей, -тай, -тей*** *жұрнақтары: тау****дай****, үй****дей****, ат****тай****;*

в) етістіктің түбіріне жалғанып тілек, өтініш ұғымын тудыратын –***шы, -ші*** *жұрнағы: айт****шы****, кел****ші****, көр****ші****, барсын****шы****, көмектесейін****ші.***

Орыс тілі сияқты екпіні тұрақсыз болып келетін тілдерде, яғни екпіннің белгілі орны болмай, бір сөзде бір буында болса, екінші сөзде өзге буынға ауысып отыратын тілдерде, кейде сөз мағынасын ажыратып тұратын бірден-бір белгі екпін ған болады. Мысалы: *замок* (қорған), *замок* (құлып), *мука* (азап, бейнет), *мука* (ұн), *коса* (бұрым), *коса* (шалғы) т. б.

Қазақ тіліндегі екпін сөз мағынасын айқындау қызметін атқармайды. Өйткені қазақ тілінде екпін тұрақты болады да, бір сөзде бір буында болып, екінші сөзде өзге буынға ауысып отырмай, үнемі сөздің соңғы буынына бекілген болады. Сөйте тұрса да, кейде ***-ма, -ме, -па, -пе,-ба, -бе*** болымсыз-дық жұрнағы және ***-шы, -ші*** жұрнағы жалғанған етістік сөздердің және олармен тұлғалас есім сөздердің мағынасын ажыратуға себепші екпін болып келеді. Мысалы: *кеспе — кеспе, жарма - жарма, баспа — баспа, көрме — көрме, жазба — жазба, көрші — көрші, қойшы — қойшы, басшы — басшы, асшы — асшы.*

Орыс тілінен енген, не орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген термин сөздерде екпін орыс тілінде қай буында болса, қазіргі қазақ тілінде де сол буында болады. Мысалы: *фйзика, республика, кино, абажур, дйктор, машйна, комитёт, телефон, трактор, сйнтаксис.*

Сөзде белгілі бір буынның екпін түсіп, ерекшеленіп айтылатыны сияқты, кейде сөйлемде бір сөзге айырықша назар аударылып айтылады.Сөйлемдегі айырықша назар аударылып айтылған сөзде о й е к п і н і болады да, ол сөз басқа сөздерге қарағанда ерекше әуенмен айтылады. Мұндай екпін л о г и к а л ы қ е к п і н деп аталады. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, логикалық екпін көбінесе баяндауыштың алдындағы сөзде болады. *Мысалы: Болат қаладан* ***кеше*** *келді* деген сөйлемде логикалық екпін *кеше* деген сөзде болса, *Болат кеше* ***қаладан*** *келді* деген сөйлемде *–қаладан* деген сөзде, ал *Кеше қаладан* ***Болат*** *келді* деген сөйлемде логикалық екпін *Болат* деген сөзге түсіп тұр.

Тақырып бойынша сұрақта

1.Екпін деген не?
2.Екпіннің қандай түрлері бар? Олардың айтылу ерекшеліктері қандай?
3.Қазақ тіліндегі екпін қандай екпін деп аталады?
4. Қазақ тілінде қандай қосымшалар екпін қабылдамайды?
5. Ой екпіні деген қандай екпін? Ол ,көбінесе, қай сөзге түседі?

І модуль тестері

Тіл – қатынас құралы

1.Тілдің қандай құбылыстардың қатарына жататынын көрсетіңіз

а) табиғат құбылыстарының; в) қоғамдық құбылыстардың;
с) физикалық құбылыстардың; d) саяси құбылыстардың; е) физиологиялық құбылыстардың ;

2. Тілдің сөздік құрамындағы басты нәрсе:
а) тіл дыбыстары в) сөз с) сөз тіркестері d) сөздік қор е) сөздік құрам

3. Тілдің негізгі қызметі:
а) ойды жарыққа шығару қызметі в) қарым-қатынас жасау қызметі
с) сезімді, эмоцияны білдіру қызметі; d) қоғамдық еңбекті ұйымдастыру қызметі е) халық тарихының, шежіресінің, оның күллі рухани өмірінің үні, сақталу формасы ретіндегі қызметі;

4. Тіл ұлттық тіл деп танылу үшін сол тілді жасаушы халықтың бойынан табылуға тиісті басты шарттар:
а) тілдің тұтастығынан туындайтын психологиялық пішін тұтастығы;
в) жердің, территорияның тұтастығынан туындайтын психологиялық пішін тұтастығы;
с) экономикалық тұрмыстың тұтастығынан туындайтын психологиялық пішін тұтастығы;
d) мәдениеттің тұтастығынан туындайтын психологиялық пішін тұтастығы;
е) осылардың барлығының тұтастығынан туындайтын психологиялық пішін тұтастығы ;

5) Дүниежүзілік ресми тілдер ретінде танылған тілдер:
а) итальян, грек, испан, қытай, орыс, американ тілдері;
в) араб, француз, испан, ағылшын, орыс, қытай тілдері;
с) үнді, неміс, жапон, араб, испан, француз тілдері;
d) латын, санскрит, славян, грек, парсы, араб тілдері;
д) қытай, жапон, корей, монғол, бирма, үнді тілдері

6) Тілдерді генеологиялық сұрыптау (квалификациялау) дегеніміз:
а) құрылымы мен құрылысына қарай сұрыптау;
в) туыстығы мен шығу тегіне қарай сұрыптау;
с) қазіргі кездегі қолданылу ерекшелігі мен қажеттілігіне қарай сұрыптау;

d) дыбысталу ерекшеліктеріне қарай сұрыптау;
е) Бір елдің аумағында қолданылу қажеттілігіне қарай қарай сұрыптау;

7) Тілдерді типологиялық сұрыптау (квалификациялау) дегеніміз:
а) құрылымы мен құрылысына қарай сұрыптау;
в) туыстығы мен шығу тегіне қарай сұрыптау;
с) қазіргі кездегі қолданылу ерекшелігі мен қажеттілігіне қарай сұрыптау;
d) дыбысталу ерекшеліктеріне қарай сұрыптау;
е) Бір елдің аумағында қолданылу қажеттілігіне қарай қарай сұрыптау;

8) Қазақ тілі құрылысы жағынан;
а) полисинтетикалық тілдерге; в) флективті (қопарылмалы) тілдерге;
с) агглютинативті (жалғамалы) тілдерге; d) даралаушы тілдерге;
д) оморфты тілдерге жатады;

9) Тілдің құрылымдық элементтері:
а) дыбыс, морфема, сөз, сөйлем;
в) түбір, жұрнақ, жалғау; с) дыбыс, әріп; d) дыбыс, буын, сөз;
е) сөз, сөйлем, сөйлеу;

10) Қазақтың әдеби тілінің қалыптаса бастаған кезеңі:
а) XVII ғасырдың басынан; в) XVII ғасырдың II жартысынан;
с) XVIII ғасырдың басынан; d) XIX ғасырдың екінші жартысынан;
д) XX ғасырдың басынан;

11) Қазақ әдеби тілінің негізін қалаған көркем сөз шеберлері:
а) Асан қайғы , Қазтуған; в) Бұқар жырау, Махамбет Өтемісұлы;
с) А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарын; d) А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов;
е) М.Әуезов, С.Мұқанов

12) Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алған жыл:
а) 1986 в) 1989 жыл с) 1992 жыл d) 1991 жыл е) 2001 жыл

Фонетика, графика және орфоэпия

1) Фонетиканың зерттейтін дыбыстары:
а) табиғатта кездесетін барлық дыбыстар;
в) монотонды физикалық дыбыстар;
с) адамның дыбыстау мүшелерінің қызметі арқылы жасалған тіл дыбыстары;
d) бір-бірінен сапалық жағынан ажыратылған, әлеуметтік мәні бар тіл дыбыстары;
е) адамның дыбыстау мүшелерінің қызметі арқылы жасалған, бір-бірінен сапалық жағынан ажыратылған, әлеуметтік мәні бар тіл дыбыстары;

2) Тіл дыбыстарының негізгі ерекшелігі:
а) буын құрай алады; в) әндетіп, созып айтуға келеді; с) бірнешеуі тіркесіп келіп, мағыналы сөз құрай алады; г) естіледі е) дыбыстау мүшелерінің қызметі арқылы жасалады;

3) Қазақ тіліндегі дыбыстардың саны:

а) 37 в) 38 с) 40 d) 41 е) 42

4) Тіл дыбыстарын дауысты және дауыссыз деп бөлуге негіз болатын ортақ белгі:
а) дауысты дыбыстардың үннің қатысуымен жасалуы;
в) дауыссыз дыбыстарды созып айтуға келмейтіндігі;
с) дауыстылардың буын құрай алу қаблеті;
d) фонациялық ауаның шығу қарқынының ерекшелігі;
е) дауыстылардың жуан, жіңішке сыңарларға бөліну қасиеті;

5) Дауыстыларды айтқанда фонациялық ауа:
а) кедергісіз, еркін шығады; в) тосқауылға ұшырап, кедергімен шығады;
с) ауа қарқыны күштірек болады; d) ауыз қуысы кең ашылады е) күш ерінге түседі;

6) Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың саны:
а) 10 в) 11 с) 12 d) 13 е) 14;

7) Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай:
а) жуан, жіңішке в) ашық, қысаң с) еріндік, езулік d) қатаң, ұяң
е) ауыз жолды, мұрын жолды болып бөлінеді;

8) Дауысты дыбыстар жақтың қатысына қарай:
а) жуан, жіңішке в) ашық, қысың с) еріндік, езулік d) ызың, шұғыл
е) тіл алды, тіл ортасы болып бөлінеді;

9) Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың саны:
а) 21 в) 22 с) 23 d) 25 е) 27;

10) «а» дыбысы :
а) дауысты, жуан, қысың, еріндік; в) дауысты, жіңішке, ашық, езулік;
с) дауысты, жуан, ашық, езулік; d) жуан, ауыз жолды е) жуан, мұрын жолды;

11) «Ине» деген сөздегі «и» дыбысы:
а) дауыссыз, үнді, ауыз жолды; в) дауысты, жуан, ашық, езулік;
с) дауысты, жіңішке, қысаң, езулік; d) дауыссыз, ұяң е) дауыссыз, үнді;

12) Қатаң дауыссыз дыбыстар орналасқан қатар:
а) д, т, ц в) т, ц, щ с) ш, ж, з d) п, б, в е) қ, к, ғ

13) «и», «у» дыбыстары қандай жағдайда дауысты дыбыс болып саналады:
а) сөз басында келгенде в) бас әріппен жазылған жағдайда
с) буын құрайтын болса d) дауыссыз дыбыстардың алдында келгенде
е) дауыссыздардан кейін келген жағдайда ;

14) «Суретші» деген сөздегі «у» дыбысы:
а) дауысты, жуан, қысың, еріндік в) дауысты, жіңішке, қысаң, еріндік
с) дауыссыз, үнді, ауыз жолды d) дауысты , ұяң е) үнді, ауыз жолды;

15) Дұрыс жазылған сөзді көрсетіңіз:
а) байыйды в) байиды с) баиды d) байійді е) байды;

16) Орфография:
а) сөздерді дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы;
в) сөздерді дұрыс айту нормаларының жиынтығы
с) тілдік құралдарды дұрыс қолдану ережелерінің жиынтығы;

d) тыныс белгілерін дұрыс қою ережелерінің жиынтығы;
е) көркем жазуға (каллиграфияға) қойылатын талаптар жиынтығы;

17) Қазақ тілінің орфографиясы сүйенетін ұстанымдар (принциптер):
а) фонетикалық принцип в) тарихи-дәстүрлі принцип
с) морфологиялық принцип d) каллиграфиялық принцип
е) айырым принципі;

18) Қазақ тіліндегі буын түрінің саны:
а) 1 в) 2 в) 3 d) 4 е) 5 ;

19)) Буынға дұрыс бөлінген сөз:
а) пік-ір-тал-ас в) пі-кір-та-лас с) пі-кір-тал-ас г) пік-ір-та-лас
е)пі-кі-р-тал-ас;

20) «Уыс», «ұлт», «бұлт» деген сөздердегі буын саны:
а) 3 в) 4 с) 5 d) 6 е) 7;

21) Осы сөздердегі буын түрлерінің орналасу ретін көрсетіңіз:
а) ашық-тұйық, тұйық, бітеу в) ашық-бітеу, тұйық, бітеу
с) тұйық- бітеу, ашық, тұйық d) ашық-тұйық, тұйық, тұйық;
е) бітеу-тұйық, ашық, бітеу;

22) Буынның бірі басқаларынан ерекше күшті айтылу арқылы ажыратылатын екпіннің түрі:
а) лебізді (динамикалық) екпін в) тоникалық (музыкальды) екпін
в) квантативті екпін d) фразалық екпін е) ; дем екпіні;

23) Қазақ тілінде екпін:
а) тұрақты в) тұрақсыз с) жылжымалы; d) тоникалық
е) квантативті;

24) Екпін қабылдамайтын қосымша жалғанған сөз:
а) студент- тер в) студент-пін с) студент-тің d) студент-ің
е) студент-тік;

25) Сөйлемде логикалық екпін (ой екпіні) түсетін сөздің орны:
а) бастауыштан кейінгі сөз в) пысықтауыштан кейінгі сөз
с) баяндауыштың алдындағы сөз d) толықтауыштың алдындағы сөз
е) анықтауыштың алдындағы сөз;

II м о д у л ь

§ 14. Дыбыстардың үндесуі туралы жалпы түсінік

Тілдегі дыбыстар жасалу жолына, айтылуына, дауыс қатысына қарай өзара топталып жүйеленеді. Қазақ тіліндегі дыбыстардың әрбір тобының сөз ішінде, сөз аралығында қолданылуының белгілі заңдылығы бар. Бір буынды сөзде дауысты дыбыс жуан болса, оған қосылатын қосымшалардағы дауысты дыбыстар да жуан болады, түбірдегі дауысты дыбыс жіңішке болса, қосымшалардағы дауысты да жіңішке болады. *Мысалы: оқы-оқы+***у***-оқу+****шы****-*

*оқушы+**лар**-оқушылар+**ға**-оқушыларға; ән+**ші**-әнші+**лер**-әншілер+**ге**-;*. Сол сияқты, көп буынды сөздердің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан не жіңішкелігіне байланысты, қосымшадағы дауысты дыбыстар да бірыңғай не жуан, не жіңішке болып келеді. Мысалы: *терек — терек-**тер** — теректер-**ге**; кітап — кітап-**тар** —кітаптар-**ға.***

Түбір сөздің соңғы дыбысы қатаң дыбысқа аяқталса, қосымшаның басқы дыбысы да қатаң болады да, түбірдің соңғы дыбысы ұяң не үнді болса, қосымшаның басқы дыбысы да не ұяң, не үнді болып келеді. Мысалы: *ат — ат-қа; тас — тасқа, пеш — пешке, мал — малға, мұз — мұзға, жер — жерге.*

Сөйтіп, **түбір мен қосымшаның жігіндегі және сөз аралығындағы көрші дыбыстардың ыңғайласып, бір-бірімен үйлесіп қолданылуын дыбыстардың үндесуі** немесе **дыбыстық заңдар** дейді.

Дыбыстық заңдар немесс дыбыстардың үндесуі қазақ тілінде екі түрлі болады: 1) буын үндестігі, 2) дыбыс үндестігі.

§ 15. Буын үндестігі

Бір буынды сөздің түбірінің, көп буынды сөздің соңғы буынының не жуан, не жіңішке болуына қарай қосымшалардың да не жуан, не жіңішке болып ыңғайласып жалғануын буын үндестігі дейді.

Әдетте буын құрайтын дауысты дыбыстар болатындықтан, түбірдің соңғы буыны-ның жуан не жіңішке болуы сол буындағы дауысты дыбыстың жуан я жіңішке болуына байланысты. Сондықтан буын үндестігі дегенді дауысты дыбыстардың үндесуі деп те атауға болады. Сөз ішінде дауысты дыбыстардың не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып үндесуін тіл ғылымында сингармонизм немесе сингармонизм заңы дейді.

Дауысты дыбыстардың осындай үйлесіммен жуан, жіңішке болып, жұпталып айтылуынан сингармонизм заңы туады да, қазақ тіліндегі түбір сөзге жалғанатын қосымшаның бәрі де жуанды, жіңішкелі болып жұпталып қолданылады. Сондықтан түбірдің соңғы буыны жуан болса, қосымша жуан болып жалғанады да, түбірдін соңғы буыны жіңішке болса, қосымша да жінішке болып жалғанады. Мысалы: *кітап — кітап + тар— кітап+қа; қызмет — қызмет+ші — қызмет+ке; Әлімқұл — Әлімқұл + ға — Әлімқұл+да; Ақтөбе — Ақтөбе + ге — Ақтөбе + де.*

Бірақ қазіргі қазақ тіліндегі сөздерге жалғанатын косымшалардың барлығы бірдей буын үндестігіне бағынып, сөздің соңғы буынының жуан я жіңішкелігіне сәйкес не жуан, не жіңішке болып құбылып отырмай, кейбір қосымшалар қазактың байырғы сөздеріне де, термин сөздерге де бір калыпты жалғанады. Ол қосымшалар мыналар:

1. Көмектес септік жалғауының ***- мен, -бен, -пен*** қосымшалары — сөздің соңғы буыны жуан болса да, жіңішке болса да — осы күйінде жалғанады.

Мысалы: *Сия-мен жаздым. Ат-пен келді. От-пен ойнама. Ағашты ара-мен кестім. Ораз-бен бірге келдім. Сен Умбет-пен кездестің бе?*

2. Меншіктік ұғым беретін ***-нікі, -дікі, -тікі*** құрамды қосымшалар да буын үндестігіне бағынбай, сөздің соңғы буыны жуан болса да, жіңішке болса да, осы күйінде жалғанады. Мысалы: *Кабинет біз -дікі. Кітап Марат- тікі, кезек се-нікі, мал баққан-дікі..*

3. ***-паз, -қор, -қой, -гөй, -кер, -кеш, -хана, -ист, -изм*** жұрнақтары да сөздің соңғы буынының қандай болғанына қарамай, сол күйінде жалғанады. Мысалы: *өнер-паз, бейнет-қор, әзіл-қой, ақыл-гөй, жұмыс-кер, арба-кеш дәрі-хана, коммун-ист, катпал-изм.*

4. ***х*** әрпіне біткен сөздерге қосымшалар әрқашан да жуан турде жалғанады. Мысалы: *цех-тан, тарих-тың.*

5. ***рк,нк,кс,кт*** дыбыстарының тіркесіне біткен орыс тілінен енген сөздерге қосымшалар жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: *парк-тен, танкі-ні, бокс-ке, пункт-ке.*

6. ***ль*** әріптерінің тіркесіне біткен бір буынды орыс тілінен енген сөздерге қосымшалар жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: *ролъ-ді, роль-дер; нүлъ-сіз, нулъ-ді, рулъ-ді, руль-де.*

Қазақ тілінде, өзге түркі халықтарының тіліндегі сияқты, ерін үндестігі жоқ. Сөздің басқы буынында еріндік дауысты дыбыс бола тұрса да, соңғы буындарда еріндік дауысты дыбыс жазылмайды. Соңғы буындардағы дұдамал естілген еріндік дыбыстардың орнына езулік дауысты дыбыстар жазылады. Мысалы: *құлұн, жұлұн, бұрұн, күңгүрт, орұн, тоғұз, күрөк, жүрөк, бөлмө, төбө* сияқты естіле тұрса да, орфографиялық ережеге сәйкес *құлын, жұлын, бұрын, күңгірт, күндіз, орын, тоғыз, күрек, жүрек, бөлме, төбе* болып жазылады.

19-жаттығу. Мына үзінділерді көшіріп жазып, буын үндестігі бойынша жазылып тұрған сөздердің астын бір, буын үндестігіне бағынбай тұрған сөздердің астын екі сызыңдар да, себебін түсіндіріңдер.

І. Ауылда шеттен келген кісілер бар секілді.Оңашалау тігілген қонақ үйдің сыртындағы кермеде күміс ер-тұрманды бірнеше жарау аттар байлаулы тұр. Жолаушылар күймеден түсіп жатқанда, үлкен ақ үйдің қасында топтанып тұрған үлкендер де бері қарай аяңдады. Ең алда Керімбайдың өзі, одан сәл кейінірек Ажар бәйбіше мен тағы басқа жақын туыстар. Дәмежан алдымен әкесіне келіп сәлем берді. Бұл күнде елудің мол ішін аралап кеткен Керімбай ұзын бойлы, мол бурыл сақалды, түксиген қалың қабақтың астынан шүңет көзі адамға тесіле қарайтын түсі суық, айбарлы кісі еді (Қ. Жұмад.).

ІІ. Шереметьев аэропортынан «ТУ-114» ұшағы садақтың оғындай аспанға атылып, шырқау биікке көтеріліп алды да, Атлантика мұхитына қарай зулай жөнелді (І. О.). 2.Теңіз бетінде ақ отаудай болып, төңкеріліп бара жатқан айсбергтер ұшырайды. Мұхиттарды көктей өтіп, Канаданың океандық

провинцияларының бірі-Лабродордың үстімен ұштық (І. О.). 3.Осы бір көңілді елегізткен қаһарлы күндері генерал-майор Панферовтың штабына армия командашысы келді. Қасына екі-ақ адам ертіп, жалғыз «Виллиспен» жүрген генералды ешкім байқай қойған жоқ (Т.Ахт.). 4. Жақындап қалған снарядтың даусын танып, Раушанды еппен тез жатқызды (Т. Ахт.). 5.Бұрынғы педагогтік дәстүрді бұзып, шәкіртіне қол беріпқоштасуы Алябьевтің өзіне де, Әлияға да ерсі көрінді (Ж. Ж.).

§ 16. Дыбыс үндестігі

Түбір сөз бен қосымшаның жігінде немесе сөз тіркестерінің аралығында көрші дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, үндесуін д ы б ы с ү н д е с т і г і дейді.

Түбір мен қосымшаның жігінде көршілес келетін көбінесе дауыссыз дыбыстар болады да, көршілес дауыссыз дыбыстар бір-бірімен ықпалдасады, яғни дауыс қатысына қарай жасалуы жағынан бір тектес дыбыстар ғана қатар тұра алады. Егер де көрші келген дыбыстар екі түрлі болып келсе, бірінің ықпалына екіншісі еріп, көрші дыбыстың сапасы өзгереді. Мысалы, *көл* деген сөзге ***-тер*** қосымшасын жалғауға болмайды, сол сияқты *ат* деген сөзге ***-дар*** қосымшасын жалғауға болмайды, өйткені бірінші сөздің соңғы дауыссыз дыбысы, ауыз жолды үнді дыбыс, өзінен кейін ұяң дыбыстың келуін талап етеді. Сондықтан оған жалғанатын көптік жалғау ***-тер*** күйінде болмай, ***-дер*** болып жалғанады.

Екінші *ат* сөзінің соңғы дыбысы қатаң болғандықтан, оған жалғанатын қосымшаның басқы дыбысы да қатаң болып, көптік жалғау қосымшасы ***-дар*** болмай, ***-тар*** күйінде жалғанады. Ал *тұз* деген сөзге ***-шы*** жұрнағы жалғанса, қосымшаның басындағы қатаң *-ш* дыбысы түбірдің соңындағы ұяң *-з* дыбысына ықпалын тигізіп, айтылуда түбірдің соңындағы ***з*** дыбысы ***ш*** дыбысына айналып естіледі. Бірақ ол жазуда ескерілмей, түбірі сақталып *тұзшы* түрінде жазылады. Сол сияқты *боз құнан* деген анықтаушы, анықталушы сөз тіркестерінің аралығындағы көрші дыбыстардың алдыңғысы соңғысына әсер етіп, айтылуда екінші сөздің басындағы қатаң ***қ*** дыбысы ұяң ***ғ*** дыбысына айналып естіледі. Бірақ *боз ғунан* болып жазылмай, сөздердің бастапқы тұлғалары сақталып *боз құнан* күйінде жазылады.

Сөйтіп **түбір мен қосымшаның жігіндегі, сөз тіркестеріндегі көршілес дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ілгерілі-кейінді әсер етіп өзгеруін ы қ п а л з а ң ы (ассимиляция) дейді.**

Дауыссыз дыбыстардың бір-біріне тигізетін әсерінен туындайтын ықпал заңы қазақ тілінде үш түрлі болып келеді: 1) ілгерінді ықпал, 2) кейінді ықпал, 3) тоғыспалы ықпал.

§ 17. Ілгерінді ықпал

Сөз ішінде, яғни түбір мен қосымшаның жігінде немесе біріккен сөз, қос сөз және сөз тіркестерінің аралығында алдыңғы дыбыс соңғы дыбысқа ықпалын тигізіп, өзінен соң, жасалуы жағынан өзіне ұқсас дауыссыз дыбыстардың келуін талап етеді. Мысалы: *тас* деген сөзге көптік жалғаулары ***-лар*** немесе ***–дар*** емес, тек ***-тар*** түрінде ғана жалғана алады. *Ер* сөзіне көптік жалғау ***-тер, -дер*** емес, ***-лер*** түрінде жалғанады. Сол сияқты, *жол* сөзіне жатыс жалғау қосымшасы ***–та*** емес ***-да*** болып жалғанады.

Түбір сөз бен қосымшаның жігіндегі, сөз аралығындағы алғашқы дауыссыз дыбыстың кейінгі дауыссыз дыбысқа тигізетін әсерін ілгерінді ықпал дейді.

Сөздің ішінде (түбір мен қосымшаның жігінде), сөз тіркестерінің аралығында және біріккен сөз бен қос сөздердің сыңарларының аралығында келетін алғашқы дыбыстың кейінгі дыбысқа тигізетін ықпалынан туатын дыбыстық өзгерістердің жазуда ескерілетін де, ескерілмейтін де түрлері болады.

1. Ілгерінді ықпалдың жазуда (орфографияда) ескерілетін түрі:

а) сөздің соңғы дыбысы ұяң не үнді дауыссыз дыбыс болса, оған жалғанатын қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы да не ұяң, не үнді дыбыс болады. Мысалы: *мал* + ***дар,*** *аң* + ***дар,*** *мал* + ***ға,*** *аң* -\- ***ға,*** *мал* + ***мен*** *аң* + ***нан***

Ескерту. ш, с дыбыстарынан басталатын қосымшалар ілгерінді ыкпал за-ңына бағынбай, сөздің соңғы дыбысы ұяң дауыссыз дыбыс болса да, үнді дыбыс болса да, сол күйінде жалғана береді. Мысалы: мал+сыз, кір + сіз, кім+сің, өзің+сің, кел+сін, жүр+сін, тер + шіл, құлын + шақ, тіл+ші, мал + шы;

ә) сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз дыбыс болса, оған дауыссыз дыбыстан басталып жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы да қатаң болады. Мысалы: *кітап* -\- ***тар,*** *сурет* + ***тер,*** *кітап* + ***қа,*** *сурет*+**к**е

Ескерту. Казақтың байырғы сөздері ұяң **б, в, г, д** дыбыстарына аяқталмайды. Бұл дыбыстарға орыс тілі арқылы енген сөздер ғана аяқталып тұрады. Орыс тілінің орфоэпиясында (айтылу нормасында) сөздің аяғындағы ұяң **б, в, г, д** дыбыстары қатаң **п, ф, т, к** дыбыстарына айналып естіледі. Сондықтан бұл сөздерге қазақ тілінің қосымшалары қатаң дауыссыз дыбыстан басталып жалғанады. Мысалы: склад-қа, склад-тан, прораб-тың, прораб-тар, негатив-тің, ңегатнв-ті, дифтонг-тар.

20-жаттығу. Мәтінді окып шығып, қара әріптермен жазылған сөздерге қосымшалардың неліктен түрлі-түрлі жалғанып тұрғандығына түсінік беріңдер.

Күздің таңы баяулап атып келеді екен, қос аңшы құстарын ұстап **қостан** шықты да, белдеудегі аттарын кеп **шешті.**

Мосқал **жасты**, буырыл сақал қарт бүркітші Бекбол жуан торы **аттың** шылбырын беліне қыстырып, енді үзеңгіге аяғын сала бергенде, арт жағынан

ат **пысқырды.** Сұр **тонды**, кеспелтек денесін шапшаң бұрып сырт айналғанда, Бекбол кезең асып келе жатқан қасқа **атты жүргіншіні** көрді. Мойнына мылтық асынған, мезгілсіз жүрген жолаушы асығып, жедел келеді екен. Бекбол **ерге** қонбай, торы атты сулығынан тартып, жүргінші келе жатқан жаққа бұрды. Ауыр бүркіт ұстаған оң қолын **ердің** үстіне салып, таңырқап тосып қалды. *(М. Ә.)*

21-жаттығу. Мына қосымшаларды ілгерінді ықпал бойынша соңы қатаң, ұяң, үнді дыбыстарға біткен сөздерге әр түрлі етіп жалғаңдар:

-тар, -тер, -дық, -дік, -қа, -ке, -тан, -тен, -пен.

2. Ілгерінді ықпалдың жазуда (орфографияда) ескерілмейтін түрі:

а) түбір сөз қатаң ***ш*** дыбысына аяқталып, оған жалғанатын қосымша ***с*** дыбысынан басталса, айтылуда қосымшаның басындағы қатаң ***с*** дыбысы қатаң ***ш*** дыбысына айналып естіледі. Бірақ жазуда морфологиялық принцип бойынша қосымшаның морфологиялық тұлғасы сақталып ***с*** дыбысы жазылады,

Жазылуы	Айтылуы
*қа**ш**-\-**с**а*	қашша
*а**ш**-\-**с**а*	ашша
*ұ**ш** | **с**а*	ұшша
*ша**ш**-\-**с**ыз*	шашшыз

ә) біріккен сөздің бірінші сыңары қатаң дауыссыз дыбысқа бітіп, екінші сыңары ***б*** дыбысынан басталса, айтылуда бірінші сөздің соңындағы қатаң дыбыстың әсерінен екінші сөздің басындағы ұяң ***б*** дыбысы қатаң ***п*** дыбысына айналып естіледі де, жазуда ол өзгеріс ескерілмей, әрбір сөздің бастапқы тұлғалары сақталып жазылады.

Жазылуы	Айтылуы
*Жүсі **п**-\-**б**ек*	Жүсіппек
*Кеңе **с** + **б**ай*	Кеңеспай
*Қана**т**-\-**б**ай*	Қанатпай

б) біріккен сөздің бірінші сыңары не ұяң, не үнді дауыссыз дыбыс немесе дауысты дыбыс болып, екінші сыңары қатаң дыбыстан басталатын болса, екінші сыңарының басындағы қатаң дауыссыз дыбыс ұяңға айналып естіледі де, ол жазуда ескерілмей, әр сөздің бастапқы тұлғасы сақталып жазылады.

Жазылуы Айтылуы

*Жие**н** + **құ**л*	Жиеңғұл
*Кө**з**-\-**қ**арас*	көзғарас

в) сөз тіркестерінің алдыңғы сөзі қатаң дауыссыз дыбысқа аяқталып, екінші сөзі ұяң дыбыстан басталса, алдыңғы қатаң дыбыстың әсерінен келесі сөздің басындағы ұяң дауыссыз дыбыс айтылуда қатаңға айналады. Бірақ жазуда ол өзгеріс ескерілмей, бастапқы түбірлері сақталып жазылады.

Ж а з ы л у ы	А й т ы л у ы
*Алы**п** **б**ар*	алып пар
*То**қ** **б**ала*	тоқ пала
*Кө**к** **б**өрі*	көкпөрі

г) сөз тіркестерінің алдыңғы сөзі дауысты дыбысқа не үнді, не ұяң дауыссыз дыбыстардың біріне аяқталып, келесі сөздің басқы дыбысы қатаң ***қ, к*** дыбыстарының бірі болса, айтылуда екінші сөздің басындағы қатаң ***қ, к*** дауыссыз дыбыстары ұяң ***ғ, г*** дыбыстарына айналып естіледі. Жазуда бұл дыбыстық өзгеріс ескерілмей, сөздердің бастапқы тұлғалары сақталып жазылады.

Ж а з ы л у ы	А й т ы л у ы
*қар**а** **к**өз*	қара гөз
*ал**а** **қ**арға*	ала ғарға
*бөз **к**өйлек*	бөз гөйлек
*атың **қ**айда*	атың ғайда

22-*жаттығу.* Мәтінді оқып шығып, қара әріптермен жазылған сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуы мен жазылуын салыстырыңдар да, дыбыстық өзгерістің себебін түсіндіріңдер.

Бір банды өлді де, үш банды тұтқын болды. **Оспанқұл**, Жәнібек барлық қызыл әскерлер байлаулы жылқыларға беттеді.

Бекбол Александрды құшақтап **Сәтбекке** алып кеп, қашқын шонжардың **көзіне** нұсқап тұрып, әуелі қазақша:

— Мынау— Сәтбек! Мен туған жылы бірге туып, совет орнағанша сақалымның ағына шейін мойныма мініп, қанымды сорып келген еді. Сәтбек атын менен **көп естімеп** пе едің?— деді.

— Көп естігем. Жақсы білем,—деді Александр.

— Ендеше сол Сәтбек осы!—деп, Бекбол Александрдың өзіне бұрылды да, **қуана күліп**, енді орысша таза сөйлеп қоя беріп:

— Осымен **нешінші қашқынды** ұстап тұрмын, Александр?— деді.

Алсксандр **Бекболды қолтығынан** алып, оңашарақ шыға беріп:

— Ну, Бекбол, құтты болсын. Бұл сен ұстаған он тоғызыншы нарушитель!— деп, кәрі аңшы досының қолын **қатты қысып**, ұзақ тұрды. *(М. Ә.)*

§ 18. Кейінді ықпал

Сөздің түбірі мен қосымшаның жігінде, біріккен сөз және сөз тіркестерінде қатар айтылған екі сөздің аралығындағы алдыңғы дыбыстың соңғы дыбысқа әсерін тигізгені сияқты, көршілес айтылған соңғы дыбыс өзінен бұрынғы дыбысқа да әсерін тигізіп, жасалуы, айтылуы жағынан өзіне жақын дыбысқа айналдырады. Мысалы, *сеп* деген етістікке көсемшенің *-е* жұрнағы жалғанса, қосымшадағы дауысты дыбыс түбірдің соңындағы қатаң *п* дыбысына әсер етіп, оны ұяң *б* дыбысына айналдырады *(себеді)*.

Сөйтіп, **сөздің түбірі мен қосымшаның жігіндегі, сөз аралығындағы соңғы дыбыстың өзінен бұрынғы дыбысқа әсерін тигізіп өзгертуін к е й і н д і ы қ п а л** дейді.

Кейінді ыкпалдың да, ілгерінді ыкпал сияқты, жазуда (орфографияда) ескерілетін де, ескерілмейтін де түрлері болады.

1. К е й і н д і ы қ п а л д ы ң ж а з у д а (о р ф о г р а ф и я д а) е с к е р і л е т і н т ү р і

а) түбір сөз катаң ***ң, к, п*** дауыссыз дыбыстарының біріне аяқталып, оған дауысты дыбыстан басталған косымша жалғанса, түбірдің соңындағы қатаң ***ң, к, п*** дыбыстары өзгеріп, ұяң ***ғ, г, б*** дыбыстарына айналады. Мысалы: *аяқ — аяғы, күрек— күрегі, сап—сабы, сеп — себеді, теп — тебеді, қап— қабады.*

ә) етістіктің түбірі қатаң ***п*** дыбысына аяқталып, оған көсемшенің ***-ып, -іп*** жұрнағы жалғанса, түбірдің аяғындағы қатаң ***п*** дауыссыз дыбысы үнді ***у*** дауыссыз дыбысына айналады. Мысалы: *шап — шауып, кеп — кеуіп, қап — қауып, сеп — сеуіп, жап — жауып.*

2. К е й і н д і ы қ п а л д ы ң ж а з у д а е с к е р і л м е й т і н түрі:

а) түбір сөз үнді ***н*** дыбысына аяқталып, оған ***ғ, г, б*** дауыссыз дыбыстарының бірінен басталған қосымша жалғанса, түбірдің соңындағы ***н*** дыбысы өзгеріліп ***ң*** не ***м*** дыбысының біріне айналып естіледі. Бұл өзгеріс жазуда ескерілмейді.

Ж а з ы л у ы	А й т ы л у ы
*жа**н** + **ға***	жаңға
*бұры**н**-\-**ғы***	бұрыңғы
*дүйсе**н**-\-**бі***	дүйсембі

ә) түбір сөз ***с, з*** дауыссыз дыбыстарының біріне аяқталып, қосымша ***ш, с*** дауыссыз дыбыстарынан басталса, ***с*** дыбысы өзгеріп ***ш*** дыбысына, ***п*** дыбысы өзгеріп ***с*** не ***ш*** дыбысына айналып естіледі де, жазуда ескерілмейді.

Ж а з ы л у ы	А й т ы л у ы
*а**с** + **ш**ы*	ашшы
*қа**з**-\-**с**а*	қасса
*кө**з**-\-**с**із*	көссіз

б) Біріккен сөздің бірінші сыңары ***з*** дыбысына аяқталып, екінші сыцары ***ж*** дыбысынан басталса, ***з*** дыбысы өзгеріп ***ж*** дыбысына айналып естіледі. Жазуда ескерілмей, түбірі сақталып жазылады.

Ж а з ы л у ы	А й т ы л у ы
*Бо**зж**анов*	Божжанов
*Ора**зж**ан*	Оражжан

в) біріккен сөздің бірінші сыңары ***н*** дыбысына бітіп, екінші сыңары ***б, п, ң, к, ғ, г*** дыбыстарының бірінен басталса, бірінші сөздің соңындағы ***н*** дыбысы не ***м***, не ***ң*** дыбысына айналып естіледі де, жазуда ол өзгеріс ескерілмей, сөздердің бастапқы тұлғасы сақталып жазылады.

Ж а з ы л у ы	А й т ы л у ы
*Жа**нғ**али*	Жаңғали
*Жа**нп**ейіс*	Жампейіс
*Түрға**нб**ек*	Түрғамбек

г) қатар айтылған екі сөздің біріншісі ***ң, к, п*** дауыссыз дыбыстарының біріне бітіп, екінші сөз я дауысты, я үнді, я ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, бірінші сөздің соңындағы **қ, *к, п*** дыбыстары өзгеріп, **ғ, *г, б*** дыбыстарына айналып естіледі. Бұл өзгеріс жазуда ескерілмей, сөздердің бастапқы тұлғалары сақталып жазылады.

Ж а з ы л у ы	А й т ы л у ы
*Кө**к** **ж**иек*	көг жиек
*шола**қ** **е**ді*	шолағ еді
*шө**п** **ә**келді*	шөб әкелді
*кө**к** **а**ла*	көг ала

ғ) қатар айтылған екі сөздің біріншісі ***з, с*** дыбыстарының біріне аяқталып, келесі сөз ***ш, с, ж*** дыбыстарынан басталса, бұл дыбыстардың әсерінен бірінші

сөздің соңындағы ***з, с*** дыбыстары өзгеріп, ***ш, с, ж*** дауыссыз дыбыстарына айналып естіледі. Бұл өзгеріс жазуда ескерілмей, бастапқы тұлғалары сақталып жазылады.

Ж а з ы л у ы	А й т ы л у ы
*боз **ж**орға*	бож жорға
*та**с ш**аптың ба?*	*таш шаптың ба?*
*қарбы**з с**атты*	қарбыс сатты

д) қатар айтылған бірнеше сөздердің біріншісінің соңғы дыбысы, екіншісінің басқы дыбысы дауысты болып келсе, алғашқы сөздің соңындағы дауысты дыбыс түсіріліп айтылады. Ол өзгеріс жазуда ескерілмей, сөздердің бастапқы тұлғалары сақталып жазылады.

Ж а з ы л у ы	А й т ы л у ы
торы ала ат	*торалат*
кісі асына сабыр (мақал)	*кісасына сабыр*
келе ала ма екен	*келаламекен*

23-жаттығу. Мына үзінділерде қара әріптермен жазылған сөздерді, түбірі мен қосымшасының арасына сызықша қойып, көшіріп жазыңдар да, ол сөздердегі ықпал заңын көрсетіңдер.

Маржан, Маржан, **қарағым!** Маржан, Маржан, **жүрегім!**
Күлімдейді **қабағың.** Қолыңда сенің **күрегің.**
Түріліпті **балағың.** Жұмыста жүрсең білемін,
Жалаңаш балғын балтырың, Жалаңаш жұмыр **білегің.**
Не еткен сұлу, жарқыным!

(С. С.)

24-жаттығу. Мына сөздерді орфографиялық ереже бойынша дұрыстап жазыңдар. Бұл сөздердің неліктен өзгеріп айтылатынын түсіндіріңдер.

Келаламекен, ағешкі, торалайғыр, көссалалмай, көрсигеді, жүралмады, көгалат, алалмады, әкеппер, жашшүрек, .

25-жаттығу. Мәтінді окып шығып, сөз ішіндегі, сөз тіркестерінің аралығындағы ілгерінді ықпал мен кейінді ықпал заңы кездесетін сөздерді көрсетіңдер де, олардың айтылуы мен жазылуын салыстырыңдар.

Уақыт өте ерте болатын. Көшеде мектепке асығып бара жатқан оқушылар кездеседі. Балалар сабақтарын жаттап барады. Жоғары сынып оқушылары әзіл-қалжың айтысады. Қыздар көздерін ұяла төмен түсіріп, олардың жанынан

өтеді. Таяғына сүйенген кайыршы шал ішінен дұғасын күбірлеп айтып, аяғын сылти басады. Күз шұғыласы жанға жайлы тиеді.

Хосейн қабырғаға сүйеніп тұрып, ойға кетті, мазасыз ойлар билеп барады. Ұйқыдан жаңа оянған қаланың ыңы-жыңы, шілденің түс кезіндегі шыбын-дарының беймаза ызыңындай жалықтырып жіберді.

Хосейіннің еш нәрсе ойлағысы келмеді. Оған бәрі де жиреніште көрініп кетті. Тіпті жанынан өтіп жатқан әйелдердің жылы көзқарастары да оған ұнамай, қажытып жіберді. *(И. Ж. Ә.)*

§ 19. Тоғыспалы ықпал

Көрші дыбыстардың бір-біріне тигізетін әсерінен туатын дыбыстық өзгерістер үнемі бір жақты бола бермейді. Кейде сөз тіркестері мен біріккен сөздің сыңарларының аралығында келетін дыбыстар біріне-бірі ілгерілі-кейінді әсер етіп, алдыңғы дыбыс кейінгі дыбысқа әсерін тигізіп, соңғы дыбыстың сапасын өзгертеді де, ол соңғы өзгерген дыбыс өзінен бұрынғы дыбысқа әсерін тигізеді. Мысалы, *қазанқап* деген сөз айтылуда келесі сөздің басындағы ***қ*** дыбысы бірінші сөздің аяғындағы ***н*** дыбысын ***ң*** дыбысына айналдырады да, бірінші сөздің соңындағы ***н*** өзінен кейінгі қатаң ***қ*** дыбысын ұяң **ғ** дыбысына айналдырады. Бірақ бұл өзгеріс ескерілмей, сөздердің бастапқы тұлғасы сақталып жазылады. Сөйтіп, бұл сөз *қазаңғап* болып айтылады.

Сөз тіркестерінің, біріккен сөз сыңарларының аралығындағы көршілес дыбыстардың бір-біріне жоғарыдағыша әсер етулерінен туатын дыбыстық өзгерістерді т о ғ ы с п а л ы ы қ п а л дейді.

Ж а з ы л у ы	А й т ы л у ы
Жас жігіт	Жашшігіт
Бас жүлде	Башшүлде
*Е**сж**ан*	Ешшан
*Жан**қ**ожа*	Жаңғожа
Түн қатып	*Түңғатып*
*та**с ж**ол*	ташжол

26-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқып шығыңдар да жазылуы мен айтылуы сәйкес келмейтін сөздерді көрсетіңдер. Олардың қандай ықпал заңына жататындығын айтыңдар.

1.Жол үстінде іштей бір байламға келген жігіт ел жатқанша екі-үш кісіні жан-жаққа шаптырып, бас-аяғы бір күннің ішінде игі жақсыларды жиып алды (Ә.Н.). 2. Бұл сөзді жүрегіне кек алған ашаң неміс қасындағы солдатқа немісшелеп, дауысын көтере сөйлеп, бірдеңені айтып жатты (Ә. Н.). 3.Мен Ленинградқа поезбен кеп түскен күні шүмектеп құйған жауын екен (С.М.).

4. Біз Торонтодан шығып, АҚШ-пен шекарадағы ұлы көлдерге жол тарттық (І. О.). 5. Дүние жүзіне жексұрын қара ниетті , қанқұмар деген атынан АҚШ империалистері ат-тонын ала қашуға тырысқан (І.О.).

ІІ. 1.Чехтар өз ұлтының мәдениет тарихын бұдан 25 мың жыл бұрын өлген әскери қолбасшының сүйегін, оның әшекейленген қару-жарақтарын сақтай білгендіктерімен дәлелдейді (І. О.). 2.Қолымда Мұхаңның « Қараш-Қарашы» еді. Бірнеше бетін оқыған соң, төңірегімдегілерге көз жүгірттім (І О.). 3.Иіс сабын, қағазға оралған тіс порошогі, орамал, тіпті кішкене ғана дөңгелек айнаға дейін бұлардың бойларында (Ж. Ж.). 4. Түйе жүнін өткізіп, жүз килограмдай ұн әкеледі екенбіз (Ә. Әлім.). 5. Жолға шығарының алдында Асқар Ақтұмадағы Дәмеш апайдікінде болып, Сапар ақсақалға кездесті (Ә. Әлім.).

Тақырып бойынша сұрақтар :

1. *Үндестік заңы деген не ?*
2. *Қазақ тілінде үндестік заңы нешеге бөлінеді ?*
3. *Қандай дыбыстардың үндесуі буын үндестігі деп аталады ?*
4. *Қазақ тілінде қандай қосымшалар буын үндестігіне бағынбай, сөздерге біркелкі жалғанады ?*
5. *Қандай дыбыстардың үндесуі дыбыс үндестігі деп аталады ?*
6. *Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары неше түрлі жолмен ықпалдасады ?*
7. *Қандай ықпалды ілгерінді ықпал дейді ?*
8. *Кейінді ықпал бойынша қандай дыбыстар бір –біріне әсер етіп,адыңғы дыбысты өзіне ұқсатады ?*
9. *Қандай ықпалды тоғыспалы ықпал дейді ?*

ІІ модуль тестері

1.Тіл дыбыстарының бір-бірімен ықпалдасу позицияларын көрсетіңіз:
а) тек түбір мен қосымшаның аралығында;
в) тек күрделі сөз сыңырларының аралығында
с) тек біріккен түбірлер аралығында;
d іргелес тұрған кез келген екі дыбыс;
е) түбір мен қосымшаның, біріккен түбірлердің, күрделі сөз сыңарларының аралығында іргелелес орналасқан дыбыстар;
2) Қосымшалардың не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып жалғануы :
а) буын үндестігі в) дыбыс үндестігі с) ерін үндестігі
d) конвергенция д) аффиксация деп аталады;
3) Дауысты дыбыстардың өзара үндесуі:
а) редукция в) сингармонизм с) ассимиляция d) диссимиляция
е) аккомодация;

4) Лингвальдық сингормонизм дегеніміз:
а) дауысты дыбыстардың не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып үндесуі:
в) дауысты дыбыстардың ашық, қысаң болып үндесуі;
с) дауысты дыбыстардың езулік, еріндік болып үндесуі;
d) дауысты дыбыстардың тіл алды, тіл арты болып үндесуі;
е) дауысты дыбыстардың ауыз жолды, мұрын жолды болып үйлесуі;
5) Лабиальдық сингармонизм дегеніміз:
а) дауыстылардың тілдің қатысы арқылы үндесуі;
в) ерін дауыстылардың өзара үндесуі;
с) дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң болып үндесуі;
d) үнді (сонор) дыбыстардың үндесуі;
е) дауысты дыбыстардан басталатын қосымшалардың үндесуі;
6) Сингармонизм заңы сақталмайтын түркі тілі:
а) татар в) қырғыз с) өзбек d) қарақалпақ д) түрік
7) Ерін үндестігі күшті сақталған түркі тілі:
а) қазақ б) башқұрт с) азербайжан d) ұйғыр е) түрікпен
8) Дауыстылардың үндесуі дегенді білдіретін тілдік термин:
а) ассимиляция в) аккомодация с) сингармонизм d) элизия
е) редукция;
9) Буын үндестігіне бағынбай жалғанатын қосымшалар жазылған қатарды көрсетіңіз:
а) –лар, -шы, -гер в) -мен, -нікі, -хана с) –ды, -рақ, -мын;
d) –ым, -ім, -м; е) -қыз, -кіз, -т;
10) Қазақ тілінде ерін үндестігі:
а) бар в) жоқ с) бар, бірақ әлсіз, жазуда ескерілмейді
d) тек кірме сөздер ерін үндестігі бойынша айтылып, жазылады;
е) тек араб, парсы сөздері ерін үндестігі бойынша айтылып, жазылады;
11) «Студенттер» деген сөзде түбір мен қосымшаның жігіндегі ықпал түрі:
а) ілгерінді ықпал в) кейінді ықпал с) тоғыспалы ықпал
d) протеза е) элизия;
12) Сөз тіркесінің аралығындағы ілгерінді ықпалды көрсетіңіз:
а) алып кет в) алып бер с) алып қой d) алып ал е) алып таста
13) Түбір мен қосымшаның аралығындағы кейінді ықпалды көрсетіңіз:
а) дәптері в) кітабы с) қаламы г) қарындашы е) бояуы
14) Сөз тіркесінің аралығындағы тоғыспалы ықпалды көрсетіңіз:
а) жас бала в) жас қыз с) жас жігіт d) жас адам е) жас маман
15) Ілгерінді ықпалдың әсеріне ұшыраған, бірақ жазуда ол заңдылық ескерілмейтін сөз тіркесі:
а) күле қарады в) айта салды с) құлап қалды d) біліп алды
е) түсіне алмады
16) Кейінді ықпалдың әсеріне ұшыраған бірақ жазуда ол заңдылық ескерілмейтін сөз тіркесі:
а) көк аспан в) көк шөп с) көк ту d) көк түрік е) көк бөрі

17) Орфография тұрғысынан қате жазылған күрделі сөз:
а) күні бойы в) күздігүні с) көгөніс d) Қарагөз е) Қарасаз
18) Түбір мен қосымшаның аралығындағы кейінді ықпалды көрсетіңіз:
а) тауып в жазып с) оқып г) сұрап е) көріп
19) Кейінді ықпал бар сөз тіркесін көрсетіңіз:
а) су ағады в) мұз ериді с) темір балқиды d) шөп сарғаяды
е) мал төлдейді
20) Дыбыстық заңдарға қатысты қолданылатын тілдік терминді көрсетіңіз:
а) синхрония в) диахрония с) конвергенсия d) этимология
е) агглютинация;
21) Біркелкі жуан буындардан немесе біркелкі жіңішке буындардан құралған сөздер көбінесе:
а) байырғы түбірлік сөздер
в) орфографиялық нормаға еніп, сұрыпталған сөздер
с кірме сөздер d) көне түркі жазба ескерткіштері тілінің сөздері
22) Сөздің түбіріне үндестік заңына бағынбай жалғанатын қосымшаны көрсетіңіз:
а) –нама в) –ман с) – нікі d) – ымыз е) – дайын
24) *Орын-орны* сияқты қолданыста түбірдегі дауыстының түсіп қалуы қандай құбылысқа жатады:
а) редукция в) элизия с) эпитеза d) протеза е) диареза
25) *Текпі-тепкі* сияқты қолданыста *к-п* дауыссыздарының орын алмасып қолданылуы қандай құбылысқа жатады:
а) редукция в) элизия с) эпитеза d) метотеза е) диареза

III м о д у л ь

ЛЕКСИКОЛОГИЯ

§ 20. Лексика туралы жалпы түсінік

Лексика бір тілдегі барлық сөздердің жиынтығы деген мағынада қолданылады. Лексика деген термин белгілі бір автордың, шығарманың тілі деген ұғымды да береді. Лексикология – сол тілдің сөз байлығын қарастыратын, зерттейтін тіл білімінің бір тарауы.

Бір сөзбен айтқанда, лексикологияның зерттейтін мәселесі- сөз.

Сөз

Белгілі заттың, құбылыстың, оқиғаның, түр-түстің, қимыл-амалдың, тағы басқа да ұғым-түсініктердің атауын с ө з дейді.

Адам күнделікті қоғамдық еңбек процесінде айналадағы заттардың, жаратылыс құбылыстарының, өзге де амал-әрекеттердің өзі бұрын білмеген сырларын таниды, түсінеді. Адамның айналасындағы заттарды, құбылыстарды білу, тану әрекетінің нәтижесі сөз арқылы тұрақты ұғым болып қалыптасады.

Сөз қоғамдасып еңбек ету үрдісінде адамдардың ойлауына, санасына әсер еткен заттардың сәулесі, бейнесі ретінде бір тілде сөйлеуші халықтың барлық мүшелеріне бірдей ортақ, түсінікті болып отырады.

Адам өзі түсінген, қасиетін толық таныған заттарына , ұғымдарына ғана атау тағып, күнделікті тұрмыста өзге адамдармен қарым-қатынас жасап, пікір алысуда жеке сөз ретінде қолданады. Өзі түсінбеген, сыр-сипатын білмеген, қасиетін танымаған нәрсеге атау таға алмайды. Өйткені ол нәрсе жөнінде адам санасында белгілі ұғым пайда болмайды. Ұғым пайда болмаған соң, оның атауы- сөз де пайда болмайды. Мысалы, *қой мен қасқырды бір қораға қамауға болмайды* деген сөйлемдегі *қой, қасқыр* деген аңдар мен жануарлар болмаса, адам олардың сыр-сипатын білмесе, оларға ондай атау тағылмаған болар еді, екеуін бір жерге қоюға болмайтындығы жөнінде пікір, байыптау айтылмаған болар еді.

Тілдегі әрбір сөз белгілі ұғымның, түсініктің атауы болады. *Ақ, бұтақ, он, шана, бала, бару* деген сөздердің әрқайсысының білдіретін ұғымы бар. «Ақ» - түстік ұғымды, «бұтақ», «шана», «мал», «бала» заттық, бұйымдық ұғымды, «он» - сандық ұғымды, «бару» қимылдық ұғымды білдіріп тұр. Әр бір сөздің білдіретін ұғымы с ө з м а ғ ы н а с ы деп аталады.

§21. Сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасы

Әрбір сөздің беретін екі мағынасы болады: а) сөздің лексикалық мағынасы, б) сөздің грамматикалық мағынасы.

Мысалы, *Студент кітапты жолдасынан алып оқыды* деген сөйлемді алатын болсақ, бұл сөйлемде бір-бірімен тиісті дәрежеде грамматикалық байланысқа еніп айтылған бес сөз бар. Әрбір сөз, ең алдымен, белгілі лексикалық мағынаны білдіріп, сонымен қатар бір немесе бірнеше грамматикалық мағыналарға да ие болып тұр.

Студент деген сөз түбір тұлғада келіп, заттық атауды білдіріп, орта не жоғарғы оқу орнында кәсіптік білім алып жүрген жігіт (қыз) деген лексикалық мағынаға ие болып тұр. Ал сөйлем ішінде өзге сөздермен грамматикалық байланыста тұрғандықтан, осы тұлғасының өзінде негізгі лексикалық (заттық) мағынасына қосымша төрт түрлі грамматикалық мағынаны білдіреді: зат есім екендігі, бір ғана студент екендігі, атау тұлғада тұрғандығы, сөйлемде бастауыш қызметінде қолданылатындығы.

Кітапты деген сөзде де бір лексикалық, төрт грамматикалық мағына бар. Лексикалық мағынасы қағаздан жасалып, баспаханада теріліп, түптеліп, басылып шыққан көп тиражды оқу құралының, көркем шығарманың т. б. атауы балуында. Грамматикалық мағыналары: зат есім екендігі, заттың біреу

екендігін білдіретін жекелік грамматикалық мағынасы, түбір сөзге жалғанған *-ты* қосымшасы арқылы қимылдың обьектісін (қимылдың әсеріне ұшыраған затты) білдіретін табыс септік грамматикалық мағынасы және сөйлемде тура толықтауыш қызметінде қолданылатындығы. *Жолдасынан* деген сөзде бір лексикалық, бес грамматикалық мағына бар, жолдас – лексикалық мағынасы *адам, кісі*, оған қосымша заттық грамматикалық мағынаны, жекелік грамматикалық мағынаны, тәуелдік грамматикалық мағынаны *(-ы*), септік грамматикалық мағынаны *(-нан*) білдіріп, сөйлемде жанама толықтауыш қызметінде қолданылып тұр.

Алып деген сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар. *Ал-* қимыл атауы, лексикалық мағына**,** *-ып-* көсемше, сөйлемде сын - қимыл пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

Оқыды деген сөзде бір лексикалық, үш грамматикалық мағына бар. *Оқы* – лексикалық мағынасы -қимыл, *-ды-* жедел өткен шақтың үшінші жақ грамматикалық мағыналары. Сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып тұр.

Сөйтіп, **сөйлемдегі сөздердің беріп тұрған негізгі ұғымы л е к с и к а л ы қ м а ғ ы н а, ал сөздердің сөйлемдегі өзара қатынасы- г р а м м а т и к а л ы қ м а ғ ы н а деп аталады.**

Сөз жеке тұрғанда көп мағыналы болуы, яғни бірнеше мағынада ұғынылуы мүмкін. Мысалы, *түс* (төмен *түс*, суға *түс*, *түс* көру, *түс* болды, суретке *түс*у, түр-*түс т. б.)*. Сөйлем ішінде келгенде сөздің лексикалық мағынасы нақтыланады және ол біреу болады да сөздің түбір тұлғасы арқылы көрінеді. Қазақ тілінің жалғамалық қасиетіне сай сөзде болатын әрбір грамматикалық мағына , негізінде, өзіне тән морфологиялық қосымшалар арқылы көрінеді.

27-жаттығу. Өлеңді оқып шығып, ондағы қара әріптермен жазылған сөздердің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасын ажыратыңдар. Грамматикалақ мағынаның түрлерін көрсетіңдер.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім.
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң **түспеді** уысыма,
Қолымды **мезгілінен** кеш сермедім.
Бұл махрұм **қалмағымы** кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем,өстер ме едім ? (А.Қ.)

Отырмын көп ішінде мен де тыңдап,
Көңілім қырға шауып, ойға құлдап.
Музыка Ұлы Отанның **күйін** тартып,
Шешендер жұрт жігерін жатты шыңдап.

Сайрандап жауды алған ел шебін бұзып,

Думандап **тойдай** тобын , дүкен қызып.
Картасын қара жердің қайта жасап,
Тарихтың жаңа бетін жатты сызып. (І. Ж.)

28-жаттығу. Сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарына талдау жасап, сөз мағынасының бұл екі түрінің ерекшеліктеріне түсінік беріңіз.

1.Барлығы дабырласып далаға беттеді. Жатар алдында таза ауада жүріп қайтпақ болып, үлкендер де ере шықты. Балаларын машинаға отырғызып, олар көше айналып көрінбей кеткенше, әке-шеше соңдарынан қарап тұрды (Қ. Жұмад.). 2.Осынау қара дауылдың түбінде бір соғатыны хақ еді. Сол күткен сәт те туды. Сайсүйекті сырқыратқан шешесінің зарлы үні бұл ойлағаннан да қаһарлы, бұл күткеннен де қасіретті шықты (Қ. Жұмад.). 3. Үйде ол күні бөтен ешкім болған жоқ.Татар әйел үй ішін жинастырып болды да, қайтып кетті. Келімді-кетімді ешкімнің қарасы көрінген жоқ. Бар болғаны қарт екі рет әлдебіреулермен телефонмен сөйлесті (Ж. Ж.).

§22. Сөздің тура және келтірінді (ауыспалы) мағынасы

Сөз белгілі зат, құбылыс, ұғым түсініктердің атауы болады да , негізінде , сол бастапқы атауы мағынасында қолданылады. Кейде сөйлем ішінде сөз бастапқы тура мағынасында қолданылмай, өзге бір түсінік ретінде ауыспалы мағынасында да қолданылады. Мысалы, *Орман іші тастай қараңғы. (Қ.Қайсенов).Өзінде ой жоқ, басында ми жоқ, әдеті надан адамның (Абай.)* деген сөйлемдердегі *қараңғы, басында* деген сөздер өздерінің бастапқы тура мағыналарында қолданылған. Ал *Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам. Қараңғылықтың кегіне , күн болмағанда кім болам (С.Торайғыров.), Бір бұлақтың басында үш жолаушы кез болыпты (Ы.Алтынсарин.)* деген сөйлемдердегі *қараңғы, басында* сөздері өздерінің бастапқы мағыналарында айтылмай, бұл сөздерге жаңа келтірінді , ауыспалы мағыналар жүктелген. Мұндағы *қараңғы* деген сөз « жарықсыз, ешнәрсені көруге болмайды» деген сындық ұғымды білдірмей, « оқымығын, сауатсыз» деген қатыстық ұғымды білдірсе, *басында* сөзі *жағасында* деген мағынада қолданылып тұр. *Құстың қанаты, ұшақтың қанаты, алты қанат ақ үй* деген тіркестердегі *қанат* сөзі бірінші тіркесте негізгі, тура мағынасында қолданылса, екінші, үшінші тіркестерде келтірінді, ауыспалы мағынада қолданылып тұр. *Иненің көзі, терезенің қөзі, пайданың көзі, таудың басы, айдың аяғы* деген тіркестердің басыңқы сыңарлары да ауыс мағыналарда қолданылып тұрған зат есімдер.

Сөйтіп, **сөздің зат, құбылыс, ұғым, түсінік, болмыс, амал-әрекеттерге тағылған атау түріндегі бастапқы мағынасын т у р а м а ғ ы н а дейді. Ал сөз мағынасы ауыстырылып, бастапқы мағынасынан өзге мағынада қолданылса, оны сөздің к е л т і р і н д і немесе а у ы с п а лы мағынасы дейді.**

29-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, тура және ауыспалы мағынада айтылған сөздерді ажыратыңыздар. Ауыспалы мағынада қолданылған сөздерге түсінік беріңіздер.

I. Сары алтын Көкшетаудың ерте-кеші.
Тау мен күн сүйіскендей еркелесіп.
Суретші шежіресі өткен күннің,
Сілекей ағызады ертегісі.

Талай сыр, ертегіні ел айтады.
Ызыңдап таудан соққан жел айтады.
Сырласып, сыбырласып жапырақтар,
Күндіз-түн күңіренген көл айтады. (С. С.)

II. Қалың елім , қазағым, қайран жұртым.
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың. (А. Қ.)

§23. Сөздің көп мағыналығы

Сөздердің мағынасы сөйлем ішінде белгілі контексте ғана айқындалады. Тілдегі сөздердің барлығы бірдей дербес ұғымды, бір мағыналы болып келмейді. Кейде сөз әр сөйлемде әр түрлі мағынаға ие болып, көп мағыналы болып қолданылуы да мүмкін.
Мысалы , Жер бір тәулікте өзінің осін бір айналып шығады. Егіншілер жер жыртуға кірісті. Олар екеуі екі жерде тұрады. Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп... Шырағым, қай жерің ауырады ? деген сөйлемдердегі *ж е р* сөзінің мағынасы әр сөйлемде әртүрлі болып, құбылып тұр. Бірінші сөйлемде ғаламшар ұғымында, екінші сөйлемде егістік ұғымында, үшіншіде - орын, мекен деген мағынада, төртіншіде – қыстау маңындағы жайылым, бесінші сөйлемде - адамның дене мүшесі ұғымында қолданылып тұр. *Жер* сөзінің *туған жер, қара жер, шөлейт жер, тар жер, тың жер, жерге отырма,* деген тіркестердегі мағыналары да бірдей емес.

Көп мағыналылық – сөздердің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі. Көп мағыналалық, негізінен, сөздік қордағы сөздерге тән қасиет. Сөздік қорға енетін сөздер – ұзақ жылдар бойы тілімізде жаңа сөз, тың мағыналар жасауға ұйытқы болып келе жатқан байырғы тума сөздер.

Сөздік қордағы сөздер ең алғашқы пайда болған кезде аз мағыналы болғандығы байқалады. Кейін, замандар өте келе, олар бұрынғы меншікті мағынасының үстіне жаңадан бір я бірнеше қосымша туынды мағыналарға ие болған.

Белгілі бір зат туралы адам санасындағы түсінік басқа бір затпен де ұқсасып, байланысып тұрады. Соның нәтижесінде екі заттың спасында, немесе атқаратын қызметінде жалпы ұқсастық пайда болады. Сол ұқсастықтың негізінде адамдар ұқсас келген екі я бірнеше затты бір атаумен атайтын болған. Мысалы, *қанат* деген сөз алғашында құстар мен шыбын-шіркейлердің ұшып-қонатын дене мүшесін білдірген. Одан кейін балықтың жүзетін қауырсынын, киіз үйдің керегелерін (*алты қанат ақ үй*), арба, шананың үстін кеңейту үшін салынған ағашты (*қанаты жоқ шанаға шөп аз сияды*), ұшақтың қанаты және белгілі бір нәрсенің орналасқан шебі, екі жағы (*мыслы, фудбол алаңының оң жақ, сол жақ қанаттары т. б.*) мағыналарын білдіріп, көп мағыналы сөзге айналған.

Көп мағыналы сөздер сөздік құрамдағы синонимдердің көбеюіне ықпал етіп, олардың семантикалық құрылысын күрделілендіріп, тілімізді байыта түседі.

30-жаттығу. Төмендегі сөздерді қатыстыра отырып бірнеше сөйлем құрап жазыңыздар. Берілген сөздердің әр сөйлемде қандай мағынаға ие болып тұрғанын анықтаңыздар.

Ай, жұлдыз, көк, қара, көз.

31-жаттығу. Сөйлемдерден бірнеше мағынасы бар сөздерді теріп жазып, олардың мағынасын анықтаңыздар.

1.Қыр басынан етекке қарай болат арқан тартып, он шақты жұмысшы жүр (Ғ. Мұст.). 2. Қыр келбеті құлпырып, Дәулеттенді сар дала (Жамбыл). 3. Төсек үстінде керіле түсіп, Хакім сол қырынан жатып, терезеге күлімдей қарайды (Х. Е.), 4. Қыр көрсеткені ме, мақтанғаны ма-кім білсін, теңселе жүріп, талтаң басады аяғын (Ғ. Мұст.). 5. Жаз бойы Бөкенші мен борсаққа Құнанбайдың қабағы келіспей, қырына ала берген болатын (М. Ә.). 6. Есжан алғашқыдай емес, қыры сынып қалыпты (Ғ. Мұст.). 7. Қараңғыдан шыға келген адам мылтығын атып жіберді (С. Е.). 8. Олар жатқан орындарынан атып тұрды (Д. Ә.). 9. Жас ағаштар шешек атып, құлпырып кетті (О. Ш.). Қуат шақшасын алды да, насыбайын атты (Ғ. Мұст.).

§ 24. Омонимдер

Айтылуы, дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары бір-бірінен мүлде басқа сөздерді о м о н и м дейді.

Омоним сөздер мен көп мағыналы сөздерді бір-бірімен шатыстыруға болмайды. Көп мағыналы сөздердің әр сөйлемде, контексте беретін мағыналары әртүрлі болғанымен, негізі бір түбірден, бір ұғымнан шығып, бір ғана сөз табының сұрағына жауап беріп тұрады. Ал омоним сөздердің мағыналық жағынан да, жасалуы, шығу төкіні жағынан да жақындығы болмайды.

Ж а қ – адамның, жан-жануардың дене мүшесі, сүйек.
Ж а қ – етістік (от жақ)
Ж а қ – қару, құрал (тарихи сөз. « оғым жоқ, жағым жоқ, ат қоян») (« М.М.»).
Ж а қ – бірлік, топтастық, одақтастық (*ақтар бір жақ, қызылдар бір жақ, жақтасу..)*
Ж а қ – бағыт (Оң жақ, сол жақ, ық жақ)
Ж а қ – етістік (қара бояуды жақ)

Омоним сөздер қазақ тілінде, өзге тілдермен салыстырғанда, өте көп деуге болады. Омоним болатын, көбінесе, қазақтың байырғы сөздері.

Омонимдердің ереше түрлері *о м о ф о н д а* р мен *о м о г р а ф т а* р.

Айтылуы бірдей, мағыналары мен жазылуы әртүрлі сөздер о м о ф о н - д а р (грекше*: homos* – бірдей, *phone* – дыбыс) **деп аталады.**

Мысалы, *а щ ы к ө л, а щ ы д ә м, е с і к т і а ш ш ы* деген тіркестердегі *а щ ы, а ш ш ы* сөздері - омофондар.

Біркелкі жазылып, екпіннің алмасып түсуіне байланысты түрліше дыбысталатын, мағыналары әрбасқа сөздер мен сөз формалары о м о г р а ф т а р (грекше: *homos* – бірдей, *qrape* - жазамын **) деп аталады.**

Қазақ тілінде омографтар, негізінен, зат есім мен етістіктің болымсыз түрінен жұп құрайды. Мысалы, *т а р т п а* (1. зат есім, *үстелдің, шкафтың тартпасы, 2. Ер-тоқым әбзелі*), *т а р т п а* (етістік, *кейін тартпа*), *а л м а* (зат есім, жеміс), *а л м а* (етістік),

32 - жаттығу. Берілген сөздердің омонимдерін жазып, мағыналарын түсіндіріңдер.Жақша ішіне бір-бір сөйлемнен мысал келтіріңдер)

Ат, от, жаз, ақ, түс, мақта, арық, ара, жар, нан, күл, сана, сен.

Үлгі: Ат – деректі зат есім (*Ат- ер қанаты*.)
Ат – дерексіз зат есім (*Балаға Ертөстік деп ат қояды*.)
Ат – етістік (*оқ ату*)

33 - жаттығу. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдалана отырып, төмендегі сөздерге омоним болатын сөздерді тауып жазыңдар. Олардың мағынасын түсіндіріңдер.

Өлең, қию, бұршақ, бақыр, барыс, жару, нан, сана, жаз, сыр, тоң, мал, атан, арық, сыз, тамақ, іш, шөл, тақ, той, сан, саба, қой, мал,

§ 25. Антонимдер

Сөз – адамның айналадағы заттарды, құбылыстарды білу, тану әрекетінің нәтижесі, сол процесте адам санасына әсер еткен заттардың сәулесі, бейнесі болса, әрбір заттың екі жағы болатыны сияқты, сөз мағынасының да екі жағы болады. Екінші сөзбен айтқанда, сөз мағынасы да

қарама-қарсы бірлікте келеді: күн болса, түн болады; жаз болса, қыс болады; ауыр болса, жеңіл; ұзын болса, қысқа болатыны сияқты тілдегі сөздердің көпшілігі мағыналық жағынан қарама-қарсы жұпталып айтылады.

Сөйтіп, **мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздерді а н т о н и м д е р дейді.**

(грекше: anti -қарсы, onyma - ат, атау) . Тіл-тілде көбінесе сапалық ұғымды білдіретін сөздер немесе сапалық белгісі бар сөздер өзара бір-бірімен антонимдес болып келеді. Осыған байланысты антонимдердің синонимдер мен көп мағыналы сөздерге қарағанда саны аз, өрісі тар болып келеді. Антонимдес болатын сөздердің басым көпшілігі сын есімдер. *Мысалы, кәрі-жас, дұрыс – бұрыс, түзу-қисық, терең-саяз, адал-арам, оң-теріс, үлкен-кіші т. б.*

Зат есімдерден антоним болатындар –санаулы сөздер ғана. Соның өзінде олардың мағынасынан сапалық белгінің нышаны аңғарылады. *Мысалы: өтірік-шын, пайда-зиян, бақ-сор, бай-кедей, өмір-өлім, қыс-жаз, тарлық-кеңдік, аштық-тоқтық, жақсылық-жамандық т. б.*

Антонимдес мәнде қолданылатын үстеулерге: *әрі-бері, ілгері –кейін, жоғары-төмен, ерте-кеш*, етістіктерге: *кел-кет, отыр-тұр, ал-бер, аш-жап, ки-шеш, күл-жыла* сияқты сөздер жатады.

Антонимдердің стилистикалық қызметі өте күшті. Қарама-қарсы қбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды анық етіп жеткізуде антонимдер айырықша қызмет атқарады. Осы ерекшелігіне байланысты антонимдер әсіресе мақал-мәтелдерде жиі қолданылады.

Мысалы: көз-*қорқақ*, қол-*батыр, қорлық* өмірден *ерлік* өлім, көп *ақымақтың* ағасы болғанша, бір *ақылдының* інісі бол, *ащы* мен *тұщыны* татқан білер, *алыс* пен *жақынды* жорткан білер т. б.

Поэзияда антонимдер шендестірудің (антитеза) бір тәсілі ретінде қолданылады. Антонимдерді шебер қолданудың нәтижесінде айтылатын ой мейлінше ашық, айқын, мейлінше мәнерлі, бейнелі болып келеді. Бұл ретте Абай өлеңдерінен мына бір шумақтарды мысалға келтіруге болады:

Жігіттер, ойын *арзан*, күлкі *қымбат,*
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Қар *аппақ*, бүркіт *қара* , түлкі *қызыл*
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанаға.

Қайғың-*қыс*, жүзің-*жаз,*
Боламын көрсем мәз:

Антоним сөздер қосарланып айтылып, екі сыңарының да мағыналарын ішіне алатын, мағыналары кеңейген қос сөздер түрінде де қолданыла береді.

Мысалы, *ертелі- кеш, ұзынды – қысқалы, жақсылы-жаманды, үлкенді-кішілі т.б.*

34 - жаттығу. Төмендегі сөздердің антонимдерін тауып жазыңыздар.

Мөлдір, заңғар, тік, жылы, зерек, момын, қою, қышқыл, батыл, жомарт, ширақ, асыл, қымбат, тұнық, терең, жуан, ынжық, бұлыңғыр,егде,ылди.

35 - жаттығу. Сөйлемдерден антонимдерді тауып, алардың мағынасына және жасалу жолына түсінік беріңдер.

1.Екі жақсы қосылса, бірін-бірі қиыспайды, екі жаман қосылса, кең дүниеге сиыспайды (Мақал). 2. Мықтысы әлсізін талап, қырқысып жатқан мынау қиянаты мен күнәсі дүниеде күнahap болмай, тал бойын таза алып жүрген жалғыз кісі бір өзі сияқты (Ә. Н.). 3. Күндіз-түні талмай ұрыс салып, үңгірдің аузын оқпен көміп, қалмақты бұқтырып отырып, әлденеше күн аштықтан бұралтады . 4. Етігің аяғыңа тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда (Мақал).

§ 26. Синонимдер

Мағыналары бір-біріне жақын, өзара мәндес сөздер с и н о н и м д е р деп аталады. Синоним – грек тілінің *synonimon* (мағынасы –*«қатар атау»*) деген сөзінен жасалған термин. Өзара мәндес сөздерден с и н о н и м д і к қ а т а р құрылады.Синонимдік қатардың құрамына екі кейде одан да көп сөздер енеді. *Мысалы:*

1) *Адам, кісі, пенде;*
2) *Жақсы, тәуір, оңды;*
3) *Алыс, қашық, жырақ, шалғай;*
4) *Күшті, қуатты, қайратты, қарулы;*
5) *Қас, маң, жан, айнала, төңерек;*
6) *Асқар, биік, зәулім, зеңгір;*
7) *Кездесу, көрісу, жүздесу, дидарласу, ұшырасу;*
8) *Көрік, өң, ажар, кейіп, кескін, келбет, пішін, нұсқа, тұрпат;*
9) *Тез, жылдам, шапшаң, шұғыл, жедел, лезде, дереу, демде, заматта, сәтте, жалма-жан;*

Синонимдер –омонимдерге қарама-қарсы құбылыс. Синонимдік қатарды құрастырушы сөздер бір-бірімен мағыналық жақтан жақын, өзара мәндес болумен бірге, барлығының бір сөз табына қатысты сөздерден жасалуы шарт. Әр түрлі сөз табына қатысты сөздерден синонимдік қатар жасалмайды. Белгілі бір синонимдік қатардың жасалуы үшін, оның құрамына енетін сөздердің барлығы да не бірөңкей зат есім сөздерінен, не бірөңкей сын есім сөздерінен немесе бірөңкей етістік сөздерінен болуы керек.

Зат есім сөздерінен болған синонимдер: *өң-түр-түс-келбет-пішін-ажар-көрік-әлпет-кескін-рең-дидар-шырай; сабыр-төзім-шыдам т. б.*

Сын есімдерден болған синонимдер: *салмақты-сабырлы-байыпты-байсалды-ұстамды; сұлу-әдемі-көркем- көрікті-ажарлы-кескінді-келбеті; күшті-қайратты-қарулы-әлді-мықты т. б.*

Етістіктен болған синонимдер: *сауығу-жазылу-айығу; жолығу-кездесу-ұшырасу т. б.*

Тіл-тілде әсіресе зат есімдер мен сын есімдерден, етістіктерден болған синонимдер жиі кездеседі. Бұлай болатыны әр тілдің лексикасындағы сөздердің басым көпшілігі зат есімдер мен сын есімдер және етістіктер.

Жалпы синонимдес болып келетін жеке сөздер ғана емес, сонымен бірге тұрақты сөз тіркестері де өзара синонимдес болып келе береді. *Мысалы, сағы сыну, тауы шағылу, қанаты қайырылу* деген тұрақты сөз тіркестері мағыналары жағынан бір-біріне жақын, өзара синонимдес сөз тіркестері болып саналады. Сондай-ақ, *тайға тамға басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай* дегендер *« ашық, айқын*» деген мағынада бір-бірімен синонимдес болса, *көзді ашып жұмғанша, қас пен көздің арасында, қас қаққанша* деген сөз тіркестері *« лезде, өте тез, жылдам*» деген мағынада бір-біріне синонимдес бола алады.

Синоним сөздер тілде неғұрлым көп болса, соғұрлым тіл бай, дамыған, оралымды болып келеді. Айтайын деген ойды дәл жеткізу үшін, ойдың екіұшты болмай , айқын болуы үшін жалпы мағыналас синоним сөздерден керектісін өз орнына тауып қолданудың тілде ерекше маңызы бар.

Тілде жалпы мағыналас синоним сөздер табу оңай, ал синонимдік топқа енетін әрбір жеке сөздің мағыналық өңін , ерекшелігін танып, әр сөзді өз орнында, өз мағынасында қолдану өте қиын.

Қазақтың ана тілінде дұрыс, әдеби тілмен сауатты сөйлеймін деген әрбір адам тілдің жалпы сөздік құрамын, соның ішінде, ең алдымен, синоним сөздерді, синонимдік топқа енетін сөздердің ерекшеліктерін жақсы білулері керек.

36- жаттығу. Мына сөздерге мағыналас сөздерді тауып, синонимдік қатар құрап жазыңыздар.

Орын, ауыр, әдемі, жылдам, жаман, қарт, қадірлі, алыс, биік.

37- жаттығу. Берілген сөздерді мағыналық жақындығына қарай топтастырып, синонимдік қатар құрап жазыңыздар

Қария, мол, шаршау, мақсат, қамығу, мақұлдау, қарғу, ұрсу, сәлемдесу, жанында, аялдау, секіру, қымбатты, шал, көп, қажу, мұрат, мұңаю, қоштау, жекіру, амандасу, қасында, кідіру, құрыметті, қарт, титықтау, мүдде, торығу, құптау, ыршу, балағаттау, маңында, қадірлі, шалдығу, әлсіреу.

38- жаттығу. Берілген үзінділерден синонимдес, омонимдес, антонимдес мәні бар сөздерді теріп жазып, мағыналарына түсінік беріңіздер.

1)Ақбілек бейнеттен, күнәдан, қорлықтан құтылып, сонау жеті қат көктегі ғарышқа апарып, жүрегін алтын легенге салып жуғандай, анадан жаңа туғандай тазарды (Ж. А.).
2) Уай, дүние шіркін-ай! Анау қара ат, торы ат, құла бие, жирен биелерге Шекер де, Күнікей де мінер ме еді! 3) Арада он күн өтті. Қимылсыз, қаракетсіз жым-жырт он күн. Ана жақ: «Құнанбайдың тауы шағылды, тауаны қайтты» деп масайрап, жамырасып жатыр (М.Ә.). 4) Бірақ, әйтеуір, кеше ел шауып, ығыр қып отырған Құнанбай өз ықтиярынсыз дуанға шақыртылып кетіп отыр. Соғысқан, белдескен күнінде жеңе алмай қалғаны тағы бар (М.Ә.). 4) Бірлесіп қарсылық көрсеткен үш ру ел біржолата қойындасып, құшақтаса араласып жатыр (М.Ә.). 5) Өзі үйде жоқта тұңғыш құрсақ көтерген тәжірибесіз келіншегіне бас-көз болып отыратын естияр біреудің болмағанына көбірек қынжылатын (Ә.Н.). 6) Рушылдық бордай тозып жатқан заманда, кейбіреулер алыстағы ел ішінен әредік көзге түседі (Ғ.Мұст.). 7) Шал әуел баста зауытты қимай, біраз мөңкісе де, ақыры көніпті (З.Ш.). 8) Бет ажарын қарасаң, Жазғы түскен сағымдай («Ер Тарғын»). 9) Жолына кесе-көлденең тұрған мына қожа-молдаларға Ақанның жыны түсіп, арқасы қозды (С.Жүн.). 10) Ойлап қараса, өткен күннің бәрі әшейін көрген түс сияқты бұлдыр екен (М. Гумилов.).

§ 27. Табу және эвфемизмдер

Табу, негізінен, мифологиялық наным- сенімге байланысты туған. Ерте заманда адамдар әр түрлі қате түсінік, теріс ұғымдардың, дінге сенушіліктің салдарынан жекелеген іс-әрекеттерді жаман ырымға санап, оларды істеуге тыйым салған. Сондай-ақ қейбір заттар мен құбылыстардың аттарын тура атамай, басқаша атайтын болған. Бұл құбылыс әдетте *табу* деп аталады. *Табу* – полинезей тілінің *ta* -«белгілеу» және *bu* - « күллі, түгелімен» деген сөздерінен жасалған термин.

Полинезиялықтар қайтыс болған тайпа көсемін биік төбенің басына жерлеп, содан кейін оның бейітінің басына азық-түлік, жеміс – жидек, су т.б қалдырып, абыз әлгі төбені «табу» – «қасиетті» деп жариялаған. Яғни, бұдан былай тайпа адамдарының төбеге аяқ басуына тыйым салынған. Біздің қазақ ұғымындағы « босағаны керуге болмайды», « отқа түкіруге болмайды», «күлді шашуға болмайды», «ауылға суыт, қатты жүріспен келуге болмайды» сияқты тыйымдар мен шектеулердің негізінде де осындай наным-сенімдердің жатқаны мәлім.

Тіл білімінде *табу* айтуға тұрмыстық- этнографиялық, діни, моральдық-этикалық тұрғыдан тыйым салынған сөздер дегенді білдіреді.

Қазақ тіліндегі табудың негізгі түрі – табиғаттың дүлей күшімен, кенеттен кезігетін ауру-сырқаумен, жыртқыш аң, улы жәндіктермен байланысты шыққан. Мәселен, *жай түсті* деп айтудың орнына *«адамға қырсығы тиер»* деген наныммен *« жасыл түсті»* деп айтатын болған. Шешек ауруын тура атамай, «жұғады», «жабысады» деген сеніммен *әулие, қорасан, қонақ* деп атаған. Қасқырды өз атымен атасақ, малға шабады деп, *ит-құс, қара құлақ,*

ұлыма деп атаған. Жыланды да осындай түсінікпен *түйме, қамшы, ұзын құрт* деп атаған.

Қазақ ұғымындағы табудың біралуан көрінісі тұрмыс-салттық, этнографиялық ерекшелікке байланысты болып келеді. Әдет-ғұрып бойынша келін болып түскен қыз күйеуінің туған-туыстарының, ауылдың үлкен адамдарының атын атамай, өзінше ат қойған. Мысалы , қайын сіңілілеріне: *қара көз, бикеш, еркежан, үкілім, шырайлым, көз жақсым, ерке қыз* деп ат қойса, қайындары мен қайнағаларын: *мырза жігіт, молда жігіт, тетелес,кенжем, тентек жігіт, момын қайнаға, семіз қайнаға, жәкем, тәтекем* деп атаған.

Ат тергеудің , соның ішінде ер болсын, әйел болсын , жас адамдардың үлкен кісілердің аттарын тура атамай, олардың әр қайсысын қазақ дәстүрімен *ата, апай, әжей, ағай, інішек, қарындас* деп атауының астарында, сөз жоқ, үлкен тәрбие мен әдептіліктің жатқаны даусыз.

Ат тергеу әсіресе, қазақ келіндерінен үлкен тапқырлықты, айтқыштықты, жылдамдықты талап еткен. Оның мысалын : сылдыраманың ар жағында, сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен. Жаныманы білемеге білеп-білеп жіберіп, бауыздап келдім,- деп басталатын әңгімеден анық көруге болады.

Эвфемизм. Сөздің ұғымы қолайсыздау, дөрекілеу, естіген адамның көңіліне келетіндей болып келген жағдайда, ол сөз басқа сөзбен алмастырылып айтылады. Алмастырылып айтылған сөздерді тіл білімінде э в ф е – м и з м (грек тілінің *euphemeo* – « сыпайы сөйлеймін» деген сөзінен алынған термин) деп атайды. Мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайылып жеткізу. Эвфемизм сыпайыгершілікке, әдептілікке байланысты туған. Ол тілдегі ауыспалы мағынадағы сөздерді толықтырып отыратын көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдардың бірі. Мысалы , адам өлімі қай замандардан-ақ, қорқынышты, үрейлі құбылыс. Сондықтан ол туралы жақын адамдарына естіртуге аса сақтықпен қараған, тұспалдап жеткізген. Өлді деудің орнына *дүние салды, қайтыс болды, жан тәсілім етті, қайтпас сапарға аттанды, жаны жай тапты* деген тіркестерді қолданған. *Аққу ұшып көлге кетті. Ақ сұңқар ұшып шөлге кетті. Олар адасып кеткен жоқ, Әркім барар жөнге кетті ,* - деп, поэтикалық сарында тұспалдап, бейнелі естірту, көңіл айту қазақта бұрыннан бар .

Неке, отбасына байланысты эвфемизмдер: *әйел, зайып, жұбай, бәйбіше (*анайы түрі: *қатын); күйеу, жұбай, жолдас (*анайы түрі: *бай); үйленді, құс қондырды, аяқтанды, тұрмысқа шықты, шаңарақ көтерді, (*анайы түрі *қатын алды, байға тиді);*

Моральдық-этикалық кемшілікке, қомсынуға байланысты эвфемизмдер: *қолының жымысқысы бар* (ұры), *жеңіл ауыз* (өсекші), *жеңіл жүрісті* (бұзылған, жезөкше), *ауыр аяқ* (жүкті, екіқабат), *сөзуар* (мылжың), *құлағының мүкісі бар* (керең),т.б.

Дәрігерлер бірсыпыра жағдайда сырқатқа диагностика қойғанда, ауруды өз атымен атамай, латын сөздерімен немесе арнайы медициналық терминдермен атайды.

Қазіргі кездегі қолданылып жүрген эвфемизмдер халқымыздың бүгінгі таңдағы қалыптасқан этикалық, мәдени нормаларының көріністері болып табылады.

39- жаттығу. Сөйлемдерден ауызекі сөйлеу тіліне тән сөздерді, табу, эвфемизм, дисфемизмдерді теріп жазып, олардың мағынасына түсінік беріңіздер

1. Бір пәледен құтылдық па десек, түпке сақтағаның бар екен ғой! (Ғ. М.). 2. –ойбай, мынау ырсылдақ қараның шабысы! Ол жетпей қоймайды! Иттің малы, алдынан келсең- тістеп, артынан келсең - теуіп, жолатпап еді ! (Ғ. М.). 3. – Е, болыс аулы болса, ендеше құдай берді, жігіттер. Қарап тұрыңдар, Сатан осы ауылдан төрт ат жегіп жөнеледі,-деп Сатан күлді. – Атаң басы жегесің – деп, Әбіш нағашысын тойтарып тастады. (І. Ж.). 4. Біржанның «Жанбота» деп аталатын әні ышқынған жанның зары. «Өлген жерім осы ма еді? Боқтыққа көмген жерің осы ма еді?-деп келеді (Ғ. М.). 5. Ол бір оқыс сөйлейтін адам екен: - Әй, сен шырақ, жақсы редақтор боламын десең, сыбырлақ сынға пысқырма! Оттай берсін!- деді. 6.Қарны кебежедей бір можа биеге малшы қатын мінем деп, үзеңгіге аяғы жетпей мықшыңдап жатыр еді. – Ана жаман күнді атқа салып жіберші! -деп, Қара бәйбіше Сәрсенбайды жұмсады. Сәрсенбай: - Әй, өлімтік-ай!-деп, малшы қатынды мықынынан бір түйіп, ашасынан алып, аттың үстіне бір қойды. – Тоқта, қағынды! Атымды алайын, - дегенге қаратқан жоқ. –Әтшу, әтшу!-деп, бәйбіше көшін жөнелтіп, бір қатынға құман ұстатып, түзге жөнелді (Ж. А.).

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. *Тілдің лексикология тарауы нені зерттейді ?*
2. *Сөз дегеніміз не ?*
3. *Сөз мағынасы деген не ?*
4. *Сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары деп қандай мағыналарын айтады ?*
5. *Сөздің грамматикалық мағынасы нелер арқылы беріледі ?*
6. *Сөздің тура және келтірінді мағынасы деп қандай мағыналарын айтады*
7. *Сөздің көп мағыналығы деген не ?*
8. *Сөз мағынасы қандай жағдайда нақтыланады?*
9. *Омоним деген қандай сөздер ?*
10. *Антоним деген қандай сөздер ? Қазақ тілінде көбінесе антонимдес болатын қандай сөз таптары ?*
11. *Синоним деген қандай сөздер ? Синонимдік қатар деген не ?*
12. *Табу және эвфемизм деген қандай сөздер ?*

13.Табу сөздер неге байланысты шыққан ?
14. Дисфемизм деген қандай сөздер ?

§ 28. Сөздік қор мен сөздік құрам

Тілдегі қолданылатын сөздердің барлығы жиналып тілдің сөз байлығын, сөздік құрамын жасайды. Тілдің сөз байлығы бір-бірімен тығыз байланысты екі саладан тұрады: негізгі сөздік қор және сөздік құрам. Негізгі сөздік қор көлемі жағынан аз болады да ғасырлар бойына сақталатын , көп өзгерістерге түспейтін, өте баяу дамитын, тілдегі сөздердің көбеюіне негіз, ұйытқы болатын байырғы түбірлік сөздер болып келеді.Сөздік құрам сөздік қорға енетін түбірлік сөздерді ішіне алатын, тілде қолданылып жүрген барлық сөздердің жиынтығы болып саналады. Сондықтан ол сөздік қорға қарағанда көлемі жағынан анағұрлым көп болады.

Тілдің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамы – аралары алшақ жатқан дербес, екі бөлек нәрсе емес, біртұтас нәрсенің екі жағы, екеуі бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын , біріне – бірі нәр беретін біртұтас тілдік құбылыс.

§ 29. Қазақ тілінің негізгі сөздік қоры

Негізгі сөздік қор сөздік құрамның дамуына негіз, ұйытқы болатын байырғы түбірлік сөздерден тұрады.Ол сөздер жалпыхалықтық болады да, сол халықтың бүкіл өмір сүрген дәуіріне сәйкес ғасырлар бойы сақталып отырады. Негізгі сөздік қор кенет болатын түбірлік өзгерістерге ұшырамайды. Бірақ сөздік қорды ешбір өзгеріске ұшырамайтын, дамымайтын, қатып қалған нәрсе деп қарауға болмайды. Тілдің негізгі сөздік қоры да сол тілдің ішкі даму заңдарына сай дамиды. Бірақ ол даму, өсу ескі сөздердің жойылып, жаңа сөздер жасау жолымен болмай, бірте-бірте жетілу жолымен іске асады. Негізгі сөздік қорға жататын түбірлік сөздердің мынандай басты белгілері болады:

1.Бұл сөздер талай ғасырды басынан кешірген көне сөздер болып келеді. Сондықтан қазақ тілінің сөздік қорындағы сөздердің көпшілігі жалпы түркі халықтарына бірдей ортақ жазба нұсқаларда кездесіп отырады. Мысалы, *ат, ер, тұл, отыз* деген сияқты сөздер бұдан мың жарым жыл бұрынғы V ғасырдың ескерткіші болып саналатын Талас өзенінің бойындағы Айыртам ой деген жерден табылған тасқа ойып жазылған жазу нұсқасында кездеседі.

VII – VIII ғасырлардың ескерткіші деп аталатын Орхон- енисей таңбалы жазу нұсқасында *күн, түн, ұлығ, көк, боз, бар, кел, бол, біл, алтын, күміс, кісі, темір, ай, қылдым, есті, өлдің* деген сөздер, кейбір дыбыстық ерекшеліктерін ескермегенде, осы күнгі мағыналарында кездеседі.

XI ғасырдың ескерткіші болып табылатын атақты ғалым Махмұд Қашқаридің сөздігінде де қазіргі қазақ тіліндегі *ат, өгіз, қой, тай, күн,*

түн, көл, теңіз, ақ, қара, мен, сен, екі, үш, алты, отыз, кел, бар, ал деген сияқты түбірлік сөздер кездеседі.

XIV ғасырдың ескерткіші аталатын «Кодекс куманикус» деген жазу нұсқасында да *ет, етік, ақ, қара, қарау, қонақ, қыр, қоңырау, құтқару* деген сияқты түбірлік сөздер кездесіп отырады.

Бұл келтіріліп отырған мысалдар, біріншіден, қазақ тіліндегі түбірлік сөздердің ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталып келе жатқандығын дәлелдейді, екіншіден, қазақ тілінің өзге түркі халықтарының тілімен туыстас, бір тілдік негізден дамып шыққандығын дәлелдейді.

2.Негізгі сөздік қорға енетін сөздер тілдегі жаңа сөздердің жасалуына негіз, ұйытқы, база болады. Мысалы, *ер-ерен-ерлік-еркін-ерік-ермек; су – суық – (сұйық), сусын- сумаң, суыт; от – отын – ошақ (от жақ) - отау – отбасы – отан; ұш – ұшқын – ұшқыр – ұшақ - ұшқалақ; күн – күндіз - күндік – күншіл – күншілдік – күнелту – күнделік ; кел – келін - келешек – келімсек – келісім т.б.*

3. Негізгі сөздік қорға жататын сөздердің барлығы да жалпы халықтық болып келеді.

Қазақ тілінің негізгі сөздік қорына жататын байырғы түбірлік сөздердің өзіне тән мынандай ерекшеліктері бар:

- Қазақ тілінің байырғы түбірлік сөздері толық дербес мағыналы, көп мәнді болып келеді. Мысалы, *ат (ат – ер қанаты, Менің атым – Қожа, Құралайды көзге атқан құла мерген) қара, күл, аш, сен, ай, күн т.б.*
- Қазақ тілінің байырғы түбірлік сөздерінің көпшілігі бір буынды болады. Мысалы, *ал, бер, іш, же, кел, кет, от, су, ет, сүт, мен, сен, ол, біз, ай, күн, түн т.б.*
- Қазақ тілінің байырғы түбірлік сөздерінің көпшілігі өзге түркі халықтарының тіліндегі сөздермен түбірлес, мәндес болып келеді. Мысалы, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, ноғай, татар тағы басқа халықтардың тілдерінде *тау, тас, бас, кісі, күн, түн, мен, сен, бір, екі, үш, ақ, қара, көк, ал, бер, кел, кет* сияқты сөздер кейбір дыбыстық өзгерістермен осы мағынада айтылады.

Қазақ тілінің сөздік құрамына ертеректе еніп, оның орфоэпиялық нормаларына бейімделген, күнделікті сөйлеу, жазу тілдерінде жиі қолданылатын , жаңа сөз тудыруға ұйытқы, база болуға жарайтын кейбір өзге тілдерден енген сөздер де ұстала келе қазақ тілінің сөздік қорына ауысып отырады. Тілдегі бұл құбылыс сөздік қордың өте баяу да болса, бірте-бірте дамып, толысып отыратындығына дәлел бола алады. Мысалы, *сана, ғылым, мектеп, мұғалім, қалам, сурет, шарап, шекер, шәрбат, дәрі, шипа, намаз, молда, күнә, доға, жәшік, самауыр, шайнек, жәрмеңке, кірпіш, бөтелке, кино, театр, роман, повесть, инженер, әкім, маслихат, мәжілісі т. б.*

§ 30. Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамы

Тілдің сөздік құрамы «Адамның өндірістік ісімен сол сияқты адамның барлық жұмыс саласындағы басқа істерінің бәрімен тікелей байланысты» болады да, үнемі өзгеру, даму, толығу үстінде болып отырады. Қоғамның мәдени, шаруашылық, саяси-әлеуметтік дамуындағы болатын өзгерістер тілдің сөздік құрамына тікелей әсер етеді. Шаруашылықтың, салт-сана, әдет-ғұрыптың ескі түрлерінің өзгеруімен байланысты тілдегі бұрын ұсталып, қолданылып жүрген бірқатар сөздер көнеріп, күнделікті қолданылудан шығып қалып отырады. Оның есесіне шаруашылықтың, мәдениеттің, қоғамдық тұрмыстың, идеологияның, ғылым мен техниканың жаңа түрлерінің шығып, дамуына байланысты жаңа түсініктер, жаңа ұғымдар пайда болып, оның жаңа атаулары – жаңа сөздер пайда болып отырады.
Тілдегі бұрын қолданылып жүрген кейбір сөздердің мағыналары жаңарады. Мысалы, бұрынғы *құн, пұл, жарыс, табыс, еңбек* , *жалдану* сияқты сөздердің мағыналары жаңарып, саяси, экономикалық терминге айналды.

Қазақ тілінің сөздік құрамының үздіксіз өсу, даму, жетілу процесінде болып отырғандығын тілдің қазіргі сөздік құрамын қазақ тілінің лексикасы ғылым объектісі ретінде зерттеле бастаған XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі сөздік құрамымен салыстыра отырып айқын көруге болады.

Кеңес өкіметі дәуірі мен еліміз егемендік алған жылдар ішіндегі қазақ тілінің сөздік құрамында көптеген сандық және сапалық айырмашылықтар бар. Сапалық жағынан сөздік құрамдағы сөздердің лексикалық саласы әрі кең, әрі әр тарапты. Тілдегі бұрынғы сөздердің бірқатары бұрынғы мағыналарын сақтай отырып, жаңа мағыналарға ие болды. Өткен ғасырда сөздік құрам негізгі сөздік қорға жататын сөздердің мағыналарының кеңеюі, жаңаруы арқылы да байыды. *Мысалы, табыс, мүше, партия, жарыс, өріс, көш* деген сияқты сөздер қазақстанда кеңес өкіметі орнаған XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін қарапайым ұғымдарды ғана білдіріп, *табыс* – саудадан түскен табыс*, партия* – біріне – бірі қарсы топтар, *жарыс* – ат жарысы, *мүше* – дене мүшесі (анатомиялық атау), *өріс* – мал жайылымы деген ұғымдарды ғана білдірсе, қазір олар бұрынғы мағыналарына қосымша жаңа ұғымдарға ие болып, ғылыми терминдерге айналды. *Табыс* – қоғамдық еңбектің жемісі, *партия* – саяси ұйым, *жарыс* – халық шаруашылығын дамытудағы сыналған жұмыс тәсілінің бір түрі, *мүше* - белгілі қоғамдық ұйым мүшесі, *өріс* – қоғамдық істің даму бағыты, аумағы, көлемі.

Тілдің сөз байлығының, лексикасының дамуы негізгі екі арнамен болып отырады. Бірінші, қазақ тілінің ішкі даму заңдылығына сай, сөздік құрамның дамуына ұйытқы, база болатын, сөздік қорға жататын байырғы түбірлік сөздерден жаңа сөздер жасалу жолымен дамиды. Бұл- сөздік құрамның дамуының ең негізгі арнасы.

Екінші, қазақ тілінің сөздік құрамына өзге көршілес отырған халықтардың тілдерінен әрбір тарихи кезеңдерде әртүрлі себептермен, әртүрлі жолдармен сөздер ену арқылы болып отырады.

Қандай халық болса да өзінің тарихи даму жолында өзге көршілес халық-тармен экономикалық, ғылыми, техникалық, мәдени – ағарту жұмысы және

және дипломатиялық жағынан қарым-қатынас жасамай , тек өз шеңберінде ғана қалып отыра алмайды. Ел мен елдің арасында болатын қарым-қатынастың түрі де, көлемі де әр тарихи кезеңнің , дәуірдің түріне қарай өзгеріп отырады. Қазақ халқының да өзінің тарихи дамуының бойында әр кезеңде әр түлі халықтармен қарым-қатынас жасап келгені тарихтан белгілі.

Қазіргі қазақ тілінің құрамындағы өзге тілдерден ауысқан (енген) сөздерді қандай халықтың тілінен енуіне қарай: а) шығыс халықтарының тілінен енген сөздер, ә) орыс тілінен және орыс тілі арқылы европа халықтарының тілінен енген сөздер деп екіге бөлуге болады.

Қазақ тілінің сөздік құрамына қазан төңкерісіне дейін енген сөздер, негізінде, күнделікті тұрмыста кездесетін бұйым аттары, сауда-сатыққа байланысты атаулар және кейбір дінге байланысты түсініктер мен ұғым атаулары болып келеді.

Қазақ халқын құраған ру-тайпалардың және XI ғасырдан кейін қазақ халқының шығыс халықтарымен (араб, иран, моңғол, түркі халықтары мен) әр түрлі қарым-қатынаста болуынан қазақ тілінің сөздік құрамына сол халықтардың тілдерінен сөздер еніп, қазақ тілінің дыбыстық заңдарына бағынып, кейбір тұлғалық өзгерістерге ұшырап, сіңісіп кетті.

Қазақ тілінің сөздік құрамында кездесетін араб-иран тілдерінен енген сөздерді мына сияқты топтарға бөлуге болады:

а) шаруашылық, сауда – саттық қарым қатынастарға байланысты бұйым атаулары*: базар, кез, пұл, несие, қарыз, дихан, таразы, шырақ, перде, айна, тарақ, опа, далап, әтір, кілем, палас, шарап, шекер, шербет, науат т. б.*

ә) мәдени және ғылыми қарым-қатынастар арқылы ауысқан сөздер: *мектеп, медресе, ғылым, мұғалім, пән, мәдениет, қағаз, қалам, шәкірт, хат, кітап, әдебиет, дәптер т. б.*

б) қазақ даласына ислам дінінің тарауына байланысты енген сөздер: мешіт, имам, *құран, аят, күнә, алла, намаз, дұға, парыз, шариғат, жұмақ, садақа, ораза* , *обал, сауап* т. б. осы сияқты сөздер.

Моңғол тілінен енген сөздердің көпшілігі қару-жарақ атаулары, жауынгерлікке байланысты сөздер болып келеді: *түмен, ноян*, *дулыға, жасақ, аймақ, алтын, ұлыс, балта, жебе т. б.* сияқты сөздер.

Қазақ халқының орыс мемлекетінің құрамына енуімен байланысты орыс халқымен қарым-қатынас нығая түсті. Сондықтан қазақ тілінің сөздік құрамына Қазан төңкерісіне дейін де көптеген орыс сөздері енді.

Қазақ тілінің сөздік құрамына қазан төңкерісіне дейін ауысқан орыс сөздері қазақтың ауызекі сөйлеу тіліне енгендіктен, қазақ тілінің дыбыстық заңдарына бағынып, кейбір тұлғалық өзгерістерге түсіп қалыптасты. Ол сөздер *ояз , болыс, үйез, гүберна, жандарал, сот, түрме, приказ, пошта, песір, тілмаш, поштабай, салдат, пргауор, атбекет, итжеккен, тескентау, мұжық, қарашекпен, ләпке, сияз* сияқты әкімшілік, ел басқару жұмыстарына байланысты болды;

сажын, кірпіш, бөрене, қамыт, доға, самауыр, шәйнек,бөтелке, тәрелке,үстел сияқты күнделікті тұрмыста кездесетін бұйым атаулары

болды. *Жәрмеңке, ләпке, сәтен, шәлі, сөлкебай,бөкебай, пұт, мәнет, кәмпит* сияқты сауда-саттықпен байланысты атаулар болды.

Қазіргі қазақ тілінің ең бай, дамыған кезеңі де, орыс тілінен сөздің көп ауысқан кезеңі де Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі дәуір болды. Бұл кезеңде қазақ тілінің ұлт тілі дәрежесіне жетуіне, әдеби тіл болып қалыптасуына жағдай туды. Кеңес дәуірінде ғылымның, техниканың , мәдениеттің дамуына байланысты қазақ тілінің сөз байлығы бұрын болып көрмеген дәрежеде дамыды. Қазақтың әдеби тілінің ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси, мәдени терминдері жасалды. Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамының дамуына орыс халқының тілі үлкен әсер етті.Орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге батыс европа халықтарының тілдерінен қазақ тіліне ғылымның барлық саласынан терминдік сөздер еніп қалыптасты. Мысалы, *грамматика, стилистика, морфология, физика, атом, ядро, химия, зоология, кафедра, медицина, клиника, рентген, доктор, институт, семестр, фонетика, синтаксис, лицей, колледж, конференция, семинар, компьютер, калькулятор, слайд,сайд т б.*

Еліміз егемендік алып, қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып жарияланғаннан кейінгі жылдарда қазақ тілінің қолданылу аясы жаңа сатыға көтерілді. Бұрын, негізінен, орыс, шетел сөздерімен аталатын көптеген терминдік сөздер , зат, ұғым, бұйым атаулары қазақтың төл сөздерімен алмастырылды. *Мысалы, кеден, әуежай, ұшақ, тікұшақ, зымыран, ғаламшар, ғаламтор, ұжым, мұрағат, мұражай, әкім, заңгер, мәжіліс, жарнама,тойхана, мейрамхана, сынып, мәтін, сынақ, бағдаршам, ермексаз, оралман, жанкешті, зілзала, ота, дәрумен т. б.*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. *Қаза тілінің сөз байлығы қандай салалардан тұрады ?*
2. *Негізгі сөздік қор қандай сөздерден тұрады ?*
3. *Негізгі сөдік қордың өзіне тән белгілері қандай ?*
4. *Негізгі сөздік қордың ұйытқысы-байырғы түбірлік сөздердің өзіндік ерекшеліктері қандай ?*
5. *Қазақ тілінің сөздік құрамы қандай жолдармен дамып, толығып отырады ?*
6. *Сөздік құрам өзінің даму барысында қандай халықтардың тілінен сөз ауысу арқылы толығып отырды ? Ол сөздер қандай сипатта болды ?*
7. *Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алғаннан кейінгі жылдарда сөздік құрам қандай сипатта дами бастады ?*

40- жаттығу. Сөздік қорға, сөздік құрамға жататын сөздерді анықтап, оларға түсінік беріңіздер.

Көпестердің көктөбел үйлері мен сауда дүкендері де осы көшенің бойында. Бұлардан басқа бұл қалада төңерек түгел білетін бір үй және бар. Ол- он бір

болыс Баянауыл елінің указной молдасы Рахметолла хазреттікі. Мешітке тұспа-тұс көшенің қарсы бетінде. (Ғ.М.)

1.Бөлмемізге кірсем, Бораш жүруге әзірленіп жатыр. Қып-қызыл бір шамадан әкеліпті. Үстел үстінде көмірі қызарып үтік тұр. 2.- Біздің жақсы мамандарымыздың бірі, жылдық жоспарын төрт айда орындаған Сартәлиевке берілетін бәйге... деп, ақ кастюм, елу сом ақша, жылтыр қара бәтеңкені ұсынғанда, басқалармен бірге байсалды басып барып мен де алдым. (М.Ғ)

41- жаттығу. Сөйлемдерден қазақ тіліне араб, парсы, орыс тілдерінен ауысқан сөздерді теріп жазып, олардың тілдегі қандай мағыналық топтарға жататынын анықтаңыздар:

1)Тәңірберген оны оңаша алып отырып, қайын атасы мен екеуінің арасына делдал, дәнекер болуын өтініп еді, анау құлшына кірісетін пейіл білдіріп, жүгініп отыра қалды (Ә. Н.). 2) Сопы пәтуасын айтқанда, олар да шұғыл құптап, бастарын шұлғып, құнжыңдады да қалды (Ә. Н.). 3) Көп ішінен оның бір өзіне ілтифат етіп, оң тізесін сәл бүгіп, сәлем беріп еді (Ә. Н.). 4) Мықтысы әлсізін талап, қырқысып жатқан мына қиянаты мен күнәсі мол дүниеде күәһар болмай, тал бойын таза алап жүрген жалғыз кісі бір өзі сияқты (Ә. Н.) 5) Оны осы сәтте көрген кісі: «Ойпырмай, мына баланың иман жүздісін-ай!» -деп ойлаушы еді. Болыс ағасы өлген соң бұрынғы мүләйім мінезін қойып, бет пердесін сыпырып тастады (Ә. Н.) 6) Мұнда келгесін Ебесін өзінің дағдылы кәсібіне кірісіп, жұрттың тері-терсегін шай, шекерге айырбастай бастады (Ә. Н.). 7. Мәғрүп жағында күн бата бастағаннан кейін, күйеуге беретін қызды киіндіре бастайды. 8. Теке деген халықтың қыз беру рәсімі тағы да бір түрлірек болады-дүр. Әуелі һәммадан бұрын құда болуға кісілерді жібереді («Д. у.»). 9. Осы выставкада болған бүкіл Ташкент халықтарының ешқашан көңілдерінен шықпастай-ақ болды және ұлы дәрежелі қазынахананың министр хазратының Ташкент жақтарына келгені анық көрсетіп, білідіріп тұр («Д. у.»). 10. Жоңғария уалаяты һәм Қытайдағы Нань-лу уалаятына қараған күншығыстағы Алтышаһардың мән-жайын баян етіп жазған Шоқан Уалихановтың жаһатын патша құзыреттерінің дүниа ғылымын басқарып тұрған мекемесіндегі Россия хүкім иелері тәрбиелеп басып шығараған еді («Д. у.»

§ 31. Архаизмдер

Тілдің сөздік құрамы күнделікті тұрмыспен, адамның өндірістік ісімен байланысты үнемі даму, жетілу процесінде болып отырады. Халықтың даму тарихында белгілі дәуірде тұрмыста қолданылып жүрген кейбір қару-жарақ, киім – кешек, құрал-саймандардың күнделікті тұрмыста, шаруашылықта қолданылудан шығып қалуымен , салт – сана, әдет – ғұрыптың өзгеруімен байланысты сол бұйымдар мен ұғымдардың атаулары болған сөздер де қоғамдағы адамдардың пікір алысып, түсінісіп, қатынас жасауындағы күнделікті сөйлеу тілінде қолданылудан шығып қалып отырады. Мысалы, бір

кездерде қазақ тілінде қолданылған *сауыт, садақ, қорамса, дулыға, шоқпар, қапсырма, саптама етік, киіз байпақ,жейде, дамбал, түйе жүн шекпен, қасқыр ішік,барымта, шабарман, тоқал, күң, құл, мырза, құнықер, әмеңгер, болыс, би, абыз, диуана, қайыршы т.б. осы* сияқты сөздер қазіргі кезде қолданылмайды, немесе мүлде сирек қолданылады.

Мағынасы ескіріп, қолданылудан шығып қал ған я күнделікті тұрмыста өте сирек қолданылатын сөздерді а р х а и з м дейді.

Архаизмдер архаизм және тарихи сөздер болып екі топқа бөлінеді. Бүгінде күнделікті өмірде қолданылып жүрген заттар мен құбылыстардың , заттық ұғымдардың бұрынғы көне атаулары а р х а и з м деп аталады. Мысалы: көне түркі қағанаты дәуірінде қолданылған *будун, қаң (қан), өк (өгей), шығай, су, саб* сияқты түркілердің төл сөздерін кейінгі дәуірлерде *халық, әке, шеше, кедей, әскер, сөз* сияқты кірме сөздер ауыстырды. Ежелгі славяндардың *ока, перст, ланицы, уста, глагол, полон, аки* сияқты сөздері қазіргі орыс тілінде *глаза, палец, шека, губы, речь, плен, как* болып айтылады, бұлардың алғашқылары –архаизмдер.

Мұндай архаизмге жататын сөздер көркем шығармаларда, ғылыми еңбектерде халықтың өткен дәуірін елестету үшін ғана қолданылады. Архаизмге тек ескі заманды бейнелейтін, ескі салт-сана, әдет-ғұрыпқа байланысты сөздер ғана еніп қоймайды, тарихи қысқа мерзім ішінде болған өзгерістерді бейнелейтін бірқатар жаңа сөздер де көнеріп, қолданылудан шығып қалып отырады. (*банды, бай, кедей, жалшы, құлақ, батырақ, қосшы, қызыл әскер, қызыл отау, большевик, октябрят, пионер, комсомол, колхоз, қайта құру, жекешелендіру).* Бұлар тарихи сөздердің қатарына жатады.

42 - жаттығу. Өлеңді оқып шығып, мағынасы көнерген архаизм сөздерді табыңдар да , дәптерлеріңе теріп жазыңдар.олардың мағыналарын түсіндіріңдер.

Мықшима аяғымда былғары етік.
Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.
Үлкен кісе жанымда жез салдырған,
Шақпағым, дәндәкуім жарқ – жұрқ етіп.
Күәлпара басымда пұшпақ тымақ.
Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.
Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,
Артын белге қыстырған бар құрысқақ.
Қалмақы қара үзеңгі, биік қасты ер.
Қанжығамда байлаулы жіптен шідер.
Жарғақ көпшік жастығы жезді мыстан,
Бір келісті сайманым топқа мінер. (А. Қ.)

§ 32. Неологизмдер

Адамның күнделікті өмірінде қолданылудан қалған қару-құрал, бұйым, киім-кешек атаулары болған сөздер ескіріп, күнделікті тұрмыстың қажетіне жарамай, тілде қолданылудан шығып қалып жатса, оның есесіне өндірістің, ғылым мен техниканың , мәдениеттің, сауда мен транспорттың жаңа түрлерімен байланысты жаңа ұғымның атаулары ретінде жаңа сөздер туып жатады. Тілдің өсу, даму процесінде ескіріп, тілде қолданылудан шығып қалып жататын архаизм сөздердің санынан жаңа ұғымның атаулары түрінде тілге еніп жататын жаңа сөздердің саны әлдеқайда көп. Сондықтан тіл, оның сөздік құрамы үнемі, үздіксіз толысу, баю үстінде болып отырады.

Қоғамдық тұрмыста өндіріс тауарларының бұрын болмаған жаңа түрінің шығуымен , өндірістік қатынастарда жаңа ұғымдар мен түсініктердің пайда болуымен жаңа сөздер пайда болады. Ол сөздік құрамға жаңадан енген сөздер, атаулар бірден жалпы халықтың бәріне бірдей түсінікті бола бермейді. Мысалы, қазір бәрімізге бірдей түсінікті, күнделікті қолданылып жүрген *т і л ш і, е ң б е к к ү н , ж а л а қ ы* деген сөздер тілімізге жаңадан ене бастаған XX ғасырдың жиырмасыншы- отызыншы жылдарында қалың бұқараға түсінікті болған жоқ.

Сөйтіп, **өндірістің, ғылымның, мәдениеттің жаңа түрлерімен байланысты тілдің сөздік құрамына енген жаңа сөздерді н е о л о г и з м с ө з д е р дейді.**

Тілге енген жаңа сөздер , неологизмдер , тілдің бүкіл өмірі бойына неологизм сөздері бола бермейді. Ол сөздер тілдің сөздік құрамына жаңадан еніп, сол тілде сөйлейтін жұртшылыққа, жалпы халыққа түсінікті сөзге айналғанша ғана неологизм сөздерінің қатарында болады. Ал қолданыла келе , жалпы халыққа бірдей түсінікті сөзге айналып, неологизм болудан қалады. Белгілі тарихи кезеңде тілдің сөздік құрамына жаңадан еніп, сол тілде сөйлеуші қалың бұқараның бірқатарына түсініксіз болып, қалыптасу процесінде жүрген кейбір сөздер тілдің өсу, даму процесінде неологизм сөздері болудан қалып, тарихи сөздерге айналып жатады. Мысалы , архаизм деген тарауда келтірілген *я ч е й к а* (кейде *ұ я* деп те аталған), *қ о с ш ы о д а ғ ы* деген сөздер Қазақстанда Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдарда белгілі қоғамдық ұйым атауы ретінде, тілде бұрын болмаған жаңа ұғым атауы түрінде жаңа сөз болып еніп, неологтзм сөздерінің қатарында қолданылып жүрді де, кейін қатардағы сөзге, ал қазіргі дәуірде тарихи сөздерге айналды. Бұл келтірілген мысалдар тілдің сөздік құрамының өзгеруге бейім, үнемі өсу, даму процесінде болып отыратындығына толық дәлел бола алады.

Неологизм сөздері қазақ тілінде үш түрлі тәсіл арқылы жасалып отырады.

а) **аффикстік тәсі**л. Тілде қолданылып жүрген жалпыхалықтық түбір сөздерге жұрнақ жалғану арқылы бұрын тілде болмаған жаңа ұғым атауларын білдіретін неологизм сөздері жасалады. Мысалы : бұрын қазақ тілінде *ү й і р* (әуес), *т і л* (дене мүшесі), *ш ы ғ а р* (қимыл), *т ө р т* (сан есім), *е к п і н* (дерексіз зат есім) сөздері болды. Бірақ қазіргі тілі-міздегі сияқты *ү й і р м е,* (бір нәрсені үйрену үшін ұйымдасқан адамдар тобы) , *ш ы ғ а р м а* (

ақын , жазушылардың жазып шығарған еңбегі, мектепте қазақ әдебиеті пәнінен өткізілетін бақылау жұмысының түрі),
т і л ш і (лингвист- ғалым немесе газет, журналдарға мақала жазып тұратын арнаулы маман қызметкер) , *т ө р т к ұ л* (геометриалық термин), *е к п і н д і* (белгілі өндіріс орнында еңбекті өндіріп істейтін адам немесе адамдар тобы) деген сөздер болған жоқ. Бұлар - сол дәуірде жаңа сөздер (н е о л о г и з м д е р) болды. Түбір сөздерге жұрнақ жалғану арқылы (ү й і р – **м е,** ш ы ғ а р – **ма,** т і л – **ш і**, т ө р т – **к ұ л**, е к п і н – **д і,** *с ө й л е **м** , ұ с т е **у** , б а с т а-**у ы ш***) жаңа сөздер жасалған. *С ы н а қ, ү з і л і с , ж а р н а м а, з а ң г е р, с а х н а г е р, о р а л м а н , м е й р а м х а н а, ж е л д е т к і ш, з ы м ы р а н ,б ұ р қ а қ , м ұ р а ғ а т, т ә л і м г е р, т а ғ л ы м г е р т. б.* осы сияқты сөздер де аффикстік тәсілмен жасалған неологизмдер болып табылады.

ә) **Сөз біріктіру тәсілі**. Дербес мағыналы екі сөз біріктіріліп, бастапқы мағыналары ескерілмей, үшінші жаңа мағыналы сөз жасалады. *Мысалы ғ а л а м ш а р, ә у е ж а й, с ы м т е м і р , е р м е к с а з, б а ғ д а р ш а м, б а л а б а қ ш а, м ұ р а ж а й, ж а н к е ш т і , жансақтау бөлімі (медицина), л а ң к е с т.б.*

б) мән, мағына ауысу тәсілі. Тілдегі бұрыннан қолданылып келе жатқан сөздердің бастапқы, негізгі мағыналарын сақтай отырып, ол сөздердің мағынасын кеңейту, жаңа мағына жүктеу арқылы да неологизм жасауға болады. *Мысалы, ж а р ы с, с а й ы с, к е с т е* (сабақ кестесі), *т а қ т а , т ү б і р* (сөздің түбірі *), ж ұ р н а қ* (қосымша), *с ұ л б а , о т а т. б.*

43- жаттығу. Бұрын орыс, шетел сөздерімен аталып келген, тіл туралы Заң қабылданғаннан кейінгі жылдарда қазақша атауларға ие болған ұғым, түсінік, бұйым атауларына мысал келтіріңіздер. Қазақ тілінің түсіндірме және терминологиялық сөздіктерін пайдаланыңыздар.

Үлгі: ақуыз (белок), бағдаршам (светофор), ресторан (тойхана)

44 - жаттығу. Төмендегі үзінділерді оқып шығып, синоним, омоним, антоним, неологизм, архаизм, сөздерді тауып, әрқайсысын өз алдына бөлек теріп жазыңдар, мағыналарын түсіндіріңдер.

... Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың.
Оның да алған жоқ па құдай құлқын.
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
Баста ми, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат.
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік,
Ер табылса, жарайды, қылса сұбхат. (А. Қ.)

Тайталасты күн мен түн,
Жалпақ жаһан, куә бол.
Бірі – өмір, бірі – өлім,
Бірі – бақыт, бірі – сор. (Қ. А.)

§ 33. Диалект

Белгілі тілдің даму, жетілу жолын, заңдылығын сол тілді жасаушы және сол тілде сөйлеуші халықтың даму жолымен, тарихымен байланыстыра зерттегенде ғана дұрыс түсінуге болады. Өйткені – тіл қоғамдық құбылыс, сол қоғамның дамуымен бірге дамып, қоғамның өлуімен бірге өліп, жоғалып отырады. Сондықтан қоғамдағы әрбір халықтың даму жолының әр түрлі болғаны сияқты, тілдерінің де даму, өсу, жетілу жолдары да әртүрлі.

Жергілікті тілдік ерекшеліктер –жалпы халықтық тілдің бір аймаққа тән тілдік көрінісі. Оның өзіне тән тілдік материалы жалпы халықтық тіл арнасымен жалғасып жатады да, кейбір лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктері жағынан одан ерекшеленіп тұрады.

Жалпыхалықтық сипаты жоқ, белгілі бір аймақтарда ғана қолданылатын тілдік ерекшеліктер д и а л е к т *(грек. dialektos-сөйленіс)* **деп аталады.**

Диалектілер мен сөйленістерді тіл білімінің д и а л е к т о л о г и я деп аталатын саласы зерттейді.

Қазіргі қазақ тілінде сөйленістер төрт түрлі топқа бөлініп қарастырылады. Олар: 1. Оңтүстік, 2. Батыс 3. Шығыс және 4. Орталық-солтүстік топтары.

Қазақ тілінің жергілікті тіл ерекшеліктерінің ішіндегі бір саласы – д ы б ы с т ы қ е р е к ш е л і к т е р . Бұл құбылыс әдеби тілдегі әрбір дыбыстың өзіндік ерекшеліктерімен сәйкес келеді.

Белгілі бір *дыбыстардың алмасуын* сөз еткенде ол алмасу сөйленістердегі барлық сөздерде кездеседі деген ұғым тумауы керек. Мысалы, кейбір алмасулар жүздеген сөздерді қамтыса, бірқатары 10-20 шақты сөзді ғана қамтуы мүмкін (*маңлай-маңдай, түңлік-түндік, тыңла-тыңда, саңлақ-саңдақ, аңла-аңда т. б.).*

Қазақ тілі сөйленістерінде дауысты, дауыссыз дыбыстардың қолданылуына байланысты кездесетін басты ерекшеліктерді төмендегі мысалдардан көруге болады:

1. Еріндік дауысты *о, ұ (ө, ү)* дыбыстарының өзара алмасуы: *құлдану* (әдеби нормасы*: қолдану), сұрақы (сорақы), шұшқа (шошқа), үгей (өгей), құрылдау (қорылдау), құйма (қойма), ұят (оят), шүбере (шөбере).*
2. *е/і* және *і/е* дыбыстарының алмасуы: *өткіл (өткел), жібір (жібер), әсіресі (әсіресе), көкпіңбек (көкпеңбек), икімді (икемді), шікілдеуік (шекілдеуік*).
3. *а/ы* және *ы/а* дыбыстарының алмасуы: *жыназа (жаназа), ықпыл (ықпал), қысап (қасап), тым-тымдап (там-тұмдап).*

4. *а/ә* дыбыстарының алмасуы: *әсілі (асылы), зәлім (залым), мәнсәп (мәнсап), жәле (жала), жәутең-жәутең (жаутаң-жаутаң), кәйтейін (қайтейін).*
5. *Т/д* дауыссыздарының алмасуы: *ділмаш (тілмаш), дегершік (тегершік), дөгөрөк (төңірек), дерезе (терезе);*
6. *С/ш* дауыссыздарының алмасуы: *мышық (мысық), беш (бес), оқса (ұқса);*
7. *К/г* дауыссыздарының алмасуы*: ғайрат (қайрат), ғашыр (қашыр), дарбыз (қарбыз);*
8. *Д/л* дауыссыздарының алмасуы: *аңлу (аңду), таңлай (таңдай), таңлау (таңдау), теңлік (теңдік), шаңлату (шаңдату);*

Лексикалық ерекшеліктер әдеби тілде кездесе бермейтін, кездессек де тұлғалақ және мағыналық жағынан басқаша, қолданылу аясы өзгеше сөздер мен сөз тіркестері.Сөйленістегі лексикалық ерекшеліктердің кейбіреулері тіліміздің байырғы белгілерінің ізі ретінде танылса, кейбір лексикалық құбылыстар көрші халықтар тілінің әсеріне байланысты.Мәселен, батыс диалектісінде, оның ішінде Орал, Атырау, орынбор, Еділ бойы қазақтарының тілінде, негізінен, ноғай, татар, башқұрт, қаламақ тілдерінен ауысқан атаулар, оңтүстік диалектісінде көршілес өзбекстан, қырғызстан, қарақалпақстан, түрікменстан тұрғындарының тілдерінен ауысқан атаулар жиі кездеседі.

Жегілікті халық тілінде кездесетін лексикалық ерекшеліктердің кейбіреулері тіліміздегі белгілі сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған туынды сөздер.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, ттілдегі диалектизмдер заттық мағынасына қарай өзара бірнеше топқа бөлініп қарастырылады.

1.Үй тұрмысына, бұйымдарға байланысты атаулар: *қызылтас*-күйдірген кірпіш, *сарай* - қора, *тоқалақ үй* - төбесінің шатыры жоқ үй, *шарбақ* - қора, аула;

2. Туыстық атауларға байланысты сөздер: *кемпес* - кемпір, кәрі әйел, *тайәже* - нағашы апа, *тайеке* - нағашы, *сой* - нәсіл, ұрпақ;

3. Ыдыс-аяқ атаулурына байланысты сөздер: *ашқыш* – кілт, *бақыр* – шелек, *жез тавақ* - шылапшын, поднос, *кәчәрга* – көсеу, *ләгон* – поднос, *мәтке орақ* - шалғы орақтың кішілеу түрі, *шпешке* –сіріңке, *мәшін* – машина;

4. Құрал-сайман атаулары: *мажар арба* – қалқанды арба, *тегершік* – дөңгелек, *шомақ* – түйелі арба, *ыдыс* – көлік (ат арба, қайық);

5. Ауа райына, табиғатқа байланысты сөздер: *алағаншық* – суық жел, *керімсал* – күннің біресе ыстық, біресе суық болуы, *ақшам* – кешкі намаз, *жасыл* – найзағай, *қосақкемпір* – кемпірқосақ;

6. Киім-кешекке байланысты атаулар: *ақманар шапан* – жібек шапан, *ату* – мәсі, *биялай* – қолғап, *байпақ* – пима, *жаулық* – орамал, *топчы* – түйме, *жорған* – көрпе, *тізкиім* – ішкиім, дамбал;

7. Азық-түлік, тағам атаулары: *ауқат* – ас, тамақ, азық, *сөк* – ақталған тары, *ашымал* – ашыған көже, *қансоқта* – ет, май, өкпе-бауырға қан араластырп бүйенге салып пісірген ас, *секер* – қант, *тас құман шай* – бірінші сортты үнді шайы;

8. Түрлі қимылды, сапалық, сындық белглерді білдіретін, көңіл-күйге байланысты айтылатын сөздер: *апшыққандай, дөкей, нән, дыра*у – ірі, үлкен, *сәлекей* - аз, азғантай, *кембағал* - кемтар, ауру, *әмәнда* – әр уақытта, *кіл, шли* – ылғи, *бек* – тіпті, *өлә* – одағай, *тәмәм* – бәрі, *ой, мәтігүл* – ой, жексұрын, *жүдә, мәгәрім* – мүмкін, *қыңбау* - бұлк етпеу, саспау, *мәтек* – тәртіпсіз, *шақар* – бұзық, тентек, *әпше, әкпе* – апа, *тәте* – әке, апа, *көке* – әке ;

Грамматикалық ерекшеліктерге төмендегілерді жатқызуға болады*:*

- ***Сыңыз/-сіңіз*** етістікке жалғанатын екінші жақ жіктік жалғауының сыпайы түрі. *Асықпаңыз, сосын бара**сыңы**з. Сіздер Таловкеге қашан бара**сыңыз**дар?*
- ***Улы/-улі*** етістіктің түбіріне жалғанып, есімшенің ***–ған*** жұрнағының
- мағынасын береді: *Мен армиядегі балама бірнеше герең хат жаз**улы**мын, жауап жоқ. Ертеде Мақаш деген кісі тұр**улы.***
- ***жақ/жек*** етістіктің түбіріне тікелей жалғанбай, өзінің алдында
- көсемшенің – *а /- е* жұрнағының тұруын талап етеді. Келер шақ мағынасын береді. *Өзі хабар етер**жақ**. Олар сонда бара**жақ**. Көп болсын бере**жақ**тан ала**жағ**ың.*
- ***Тоғын***, есімшенің ***-тын / -тін*** жұрнағының орнына жүреді. *Біз де бара**тоғын** болдық сол тойға.*

***-лық /- лік**, әдеби тілдегі нұсқасы **–йық / -йік**. Жол бір ғой, бірге бара**лық**. Кел, балалар, оқы**лық**!*

- ***Ай / -ей,*** көсемшенің жұрнағы. *Заман кейін тынш**ай**ды ғой әйтеуір. Жел кешке қарай тынш**ая**ды*

Бұл мысалдардан көретініміз - жергілікті тіл құбылыстары халықтың тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы, этногенезі туралы да бағалы деректер бере алатындығы, халықтың ауызекі тілі, халық диалектілері мен сөйленістері әдеби тілді байытудың, оның сөз орамын, сөз саптау машығын нәрлендірудің қайнар көзі, құнарлы арнасы екендігі.

45 - жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, диалект сөздердің мағынасын анықтап, сипатына түсінік беріңдер. (лексикалық, фонетикалық, грамматикалық)

1. Кележақ қонақтарды қабылдауды Раушанға тапсырды. 2.Нүсірлеп құйған жаңбыр суы жыра, сайларға сыймай ағып жатыр. 3.«Джержинский» артелінің мол егіні жаппай пысты. 4.Осы сахарада мына тұрған шыбықтан да кәттә ағаш өскенін көресіз әлі. 5.Балалар, пахтаның чатағымен жүріп, сабаққа қопалдау дайындалған боларсыңдар. Дегенмынан мынандай сұраққа жауап беріп көргін. Еш қысылмағын, саспағын. 6.Құдағай, сізді ауқат ішсін деп төр тамға шақырып жатыр атамдар. 7.Аудандық финанс бөлімінің ревизоры Қауғабаевты бастығы кабинетіне оңаша шақырып алып, ықы-тықы жоқ, төте тосын әңгіме бастады (О. С.). 8. Тыныштық жақпаса бір күні мүкамбарасы шығып, қирап қалары хақ (О. С.). 9. - Мені бүгін емешегің езіліп неғып қонаққа шақыра қалдың, әуелі соны айтшы, қызталақ! (О. С.). 10. – Ай, сен де

бір жылампая екенсің! Неге сонша зарлайсың?! – деді председатель (О. С.).
11. – Бүгін падаға жібериейміз, үйде жатып тынығыңыз деп үгіттеп көріп едік, онымызды тыңдамады (О. С.).

§ 34. Кәсіптік лексика

Жалпыхалықтық тілде қолданылатын, белгілі тілдің сөздік құрамына енетін сөздер сол тілде сөйлеуші адамдардың бәріне бірдей түсінікті болып келеді. Ал жергілікті диалектіге енетін сөздер бір тілде сөйлейтін халықтың тұтас бір облысында, не бірнеше облысында тұратын адамдарға ғана түсінікті болып, өзге облыс адамдарына түсініксіз болады.

Кейде бір облыста тұратын адамдардың күкөріс кәсібінің түріне байланысты сөз ерекшеліктері де кездесіп отырады. Мысалы , балық аулаумен кәсіп ететін жердің адамдары *у к і (*мұз астынан балық аулау үшін ойылған ойық), *п р о г о н* (бір ойықтан екінші ойыққа дейін мұз астымен ауды жүргізетін ұзын сырық), *с у й м е н* (ағаш сабы бар мұз оятын ұшты темір) деген сияқты сөздерді, ал егінді шығырмен суаратын жердің қазақтары *е б е й* (шығыр дөңгелегінің қимасы), *а у ы т* (шығыр суы құйылатын жер), *ж а й* (шығыр суы жүретін кіші арық) деген сияқты сөздерді; Қарағанды кеншілері *л а в а* (көмір шығаратын жер), *к р е п ш і л е р* (көмір алынған жерді ағашпен бекітушілер), *қ а й л а* (көмір қазатын құрал) деген сияқты сөздерді қолданады.

Сөйтіп, **белгілі бір мамандық пен кәсіп түрінің көлемінде ғана қолданылатын ұғымдардың, құрал-саймандардың, бұйымдардың атауларын білдіретін сөздерді к ә с і п т і к (профессионалдық) л е к с и к а дейді.**

Кәсіптің лексиканың термин сөздерден айтарлықтай ерекшеліктері бар. Термин сөздер ғылымның бір саласының әдеби тілдегі жалпы халыққа бірдей түсінікті қалыптасқан атауы болса, кәсіптік сөздер ұсақ мамандыққа, кәсіптің түріне ғана байланысты болады да, сол мамандықпен айналысатын адамдарға ғана түсінікті болып, сол маңдағы шаруашылықтың өзге түрінде жұмыс істейтін адамдарға түсініксіз болуы да мүмкін.Кәсіптік сөздер қазақтың байырғы сөздерінен тиісті сөз тудырушы тәсілдер арқылы жасалуы да, орыс тілінен енген сөздер арқылы жасалуы да мүмкін.

Үзіліс, кесте, қоңырау, соңғы қоңырау, тоқсан, семестр, сынақ, емтихан, ұлттық бірыңғай тестілеу, көрнекілік, курстық жұмыс, диплом жұмысы, түлек, білімгер, жаттығу, мазмұндама, шығарма, реферат т. б. осы сияқты сөздер білім беру саласына байланысты кәсіптік сөздер болып табылады.

46 - жаттығу.Мәтінді оқып шығып, кәсіптік сөздерді теріп жазыңыздар да оларға түсінік беріңіздер . Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдаланыңыздар.

I. Ертеде бір балықшы суды жағалап келе жатса, алыста күнмен шағылысып, жалтырап дыраудай бір нәрсе көрінеді. Жақындап келсе, айналасындағы бір жымға денесінің көбін батырып, үлкендігі қайықтай бір нән балық жатыр

екен. Балықшы оны қолындағы жарағымен аулап ала алмайды. Көршісі Иван деген балықшының жарағы, ау-жадырасы бар екен. Екеуі ыдысқа мініп келеді де қортпаны аулап алады.

II. Жылқы мінезіне қарай да қазақ тілінде тұрақты атаулар қалыптасқан. Мәселен, жуас, асау, шәлкеш, үркек, тарпаң, шақар, қашаған, ерқашты, тістеуік, тебеген, шабан, қырщаңқы. Май айының аяғында, жайлауға келіп қонысымен бие бауы басталады. Әрбір бие байлайтын үй: желі, ноқта, қазық-тоқпағына дейін дайындап, сәт деп есептелетін ашық күннің бірінде жылқы келісімен желі тартып, сауууға жарайтын биелердің құлындарын түгелдей байлайды. Кейбір шәлкеш биелерді сауу үшін құлын ноқтасының сабағымен биенің аттанар жақ алдыңғы аяғын тізесінен бүге көтеріп немесе мойнына құрық салып қояды (Х. Арғ.).

§ 35. Лексиканың стилдік ерекшеліктері

Қоғамдағы адамдардың еңбек процесінде өзара түсінісіп, пікір алысуының еңбекті ұйымдастыруда , еңбек өнімін арттыруда ерекше маңызы бар. Белгілі тілдің сөздік құрамына енетін, сол тілде қолданылатын сөз байлығын , халық қазынасын іріктеп ұстаудың, дұрыс пайдаланудың жазу, сөйлеу тілінде ерекше маңызы бар.

Қазақ тілінің сөз байлығын сарқа пайдаланған ақын, жазушы жоқ және қазақ тіліндегі сөздер толық жиналып, әрсөздің мағыналары есепке алынатын түсіндірмелі сөздік толық жасалған жоқ.Сөйте тұрса да тілдегі бар сөздерді әркім өзінің керегінше, өзінің білгенінше пайдаланады.

Белгілі идеаны, пікірді білдіру үшін жалпы халықтық тілдің сөз байлығындағы сөздерді шығарманың түріне сәйкес іріктеп, екшеп, талғап пайдаланудан туатын лексикалық ерекшеліктерді с т и л ь д і к е р е к ш е л і к т е р дейді.

Жазба әдеби тілдің стилі ауызша сөйлеу тілінің стилінен белгілі дәрежеде ерекше болып келеді. Ауызша сөйлеу тілінде қолданылатын жеке сөздер мен сөйлемшелерді жазба әдеби тілде қолдануға болмайды. Мысалы; *нан же, тағы бір асап жібер, былжырама , есің дұрыс па т.б.*

Көркем шығарманың тілі ғылыми шығармадан ерекше болып келеді. Көркем шығармада қолданылатын сөздер, көбінесе, сөздің ауыс мағынасында ұсталып, әрбір сөздің мағынасы белгілі контексте ғана тиянақталып отырады. Абай Құнанбаев : «Қар жауып, күн суытып, қыс түсті» деудің орнына «Қыс» деген өлеңінде:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау -танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы-үскірік, аяз бен қар,

Кәрі құдаң-қыс келіп әлек салды.-

деп суреттейді.

Ғылыми шығармалардың тілі, ондағы қолданылатын жеке сөздер өзінің дәл, нақты мағыналарында ғана қолданылады. Ғылым тілінің стилі бейнелеу, әсірелеу сияқты көркемдік тәсілдерді қолдануды көтермейді. Ғылымдағы берілетін анықтамалар мен ережелер әрі қысқа, әрі әрбір сөзі дәл түсінікті болуы керек.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. *Архаизм деген қандай сөздер?*
2. *Сөздердің көнеріп, қолданыстан шығып қалуы немесе сирек қолданылатын сөздерге айналуы неге байланысты ?*
3. *Қандай сөздер неологизмдер деп аталады ?*
4. *Неологизмдер қандай жолдармен жасалады ?*
5. *Диалект деген не? Диалектілік ерекшеліктер неліктен туындайды ?*
6. *Кәсіптік лексика деген не ?*
7. *Кәсіптік лексиканың тілдік терминдерден айырмашылығы неде ?*

§ 36. Қазақ тілінің фразеологиясы

Фразеология деген грамматикалық термин гректің *фразис (*сөйлемше), *логос* (ілім) деген сөздерінен біріктіру арқылы жасалған. Тіл ғылымындағы қазіргі мағынасы тұрақты сөз тіркестері деген ұғымды береді.Сондықтан фразеология деудің орнына кейде грамматикада **тұрақты сөз тіркестері** деп те қолданылады.

Тілдегі жеке сөздер грамматиканың қарамағына еніп, белгілі морфологиялық тұлғаларды қабылдап, өзара бір-бірімен тиісті грамматикалық байланысқа түсіп, сөз тіркестерін құрайды. Сөйлемдегі сөздер , ең алдымен, өзара байланысқан бірнеше тіркестерден тұрады. Мысалға: *Бұл оқиға былтыр бір кішене қалада болған еді (А.Қ.)* деген сөйлемді алатын болсақ, бұл сөйлемде сегіз сөз бар. Ол сөздер өзара байланысқан *бұл оқиға, бір кішкене, кішкене қалада, болған еді, оқиға болған еді, қалада болған еді, былтыр болған еді* деген жеті түрлі сөз тіркесін құрап тұр. Бірақ тіркестер тарихи қалыптасқан , жігі ажырамайтын тұрақты тіркестер емес, әрбір сөздің бастапқы мағына-лары мен грамматикалық мағыналары толық сақталған, морфологиялық тұлғалары мен тіркестегі орындарын ауыстырып қолдануға келетін ерікті тіркестер. Сондықтан тіркестерді *бұл жағдай, үлкен қалада, шағын қалада, ертеректе болған еді, бұрын болған еді* деп, өзгертіп қолдана беруге болады.

Тілдің тарихи даму процесінде бірқатар сөздер белгілі морфологиялық тұлғада бірте-бірте қалыптасып, белгілі бір мағынада қолданылатын тұрақты сөз тіркестеріне айналды. *Қабырғаңмен кеңес, жігері құм болды, қой аузынан шөп алмайтын, жағыңа жылан жұмыртқаласын* деген сөз тіркестері *ақылдас, ойлағаны болмады, момын, жуас , жаман сөз айтпа* деген

мағыналарда қолданылып тұр. Бұл тіркестегі сөздердің жеке мағыналары мен тіркес күйіндегі беретін мағыналары бір-біріне сәйкеспейді және бұл тіркестегі сөздерді синтаксистік арақатынастарын ажыратып талдауға келмейді. Біртұтас тілдік тіркес ретінде, бір ұғым ретінде қолданылып тұр. Бұл сияқты сөз тіркестерінің қалай жасалып, қалай бір ұғым ретінде қалыптасқанын дәлелдеу қиын.

Сөйтіп, **бір ұғымда қолданылатын, сөйлем мүшелеріне ажыратуға келмейтін, грамматикалық мағыналарын өзгертіп, тіркестегі орындарын алмастыруға болмайтын тарихи қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерін ф р а з е о л о г и я дейді.**

Фразеологиялық сөз тіркестерінің мынандай ерекшеліктері бар: 1) олар біртұтас сөз ретінде даяр қалпында жұмсалады ; 2) мағына тұтастығы болады, ол мағына фразеологиялық тіркесті құрастырушы сыңарлардың мағыналарына тәуелсіз, өздігінен өмір сүреді; 3) өзге тілге сөзбе-сөз аударуға келиейді;

Қазақ тілінде тұрақты сөз тіркестері беретін мағыналарына, тілдегі қолданылатын қызметіне қарай өзара идиомалық тіркестер және мақал-мәтелдер болып бөлінеді.

Идиома. Тарихи жағынан қолданыла келе бір ұғым ретінде қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері, жалпы алғанда, бір тектес, бірыңғай болып келсе де, тіркеске енген сөздердің арақатынастары, өзара мағыналары жөнінен бірдей бола бермейді. *Белді бекем буу, ата жолын қуу, қол қусыру* деген сияқты тіркестер мен *қырғи қабақ болу, жүрек жалғап алды, бүйрегі бұрып тұрады* деген тіркестегі сөздерді салыстырсақ, олардың өзара байланысу тәсілдері мен мағыналары бірдей емес екенін байқауға болады. Алдыңғы сөз тіркестеріндегі сөздердің жеке тұрғандағы мағыналары мен сол тіркеске еніп тұрғандағы мағыналары бір-бірінен алшақ емес және тіркестегі сөздерді бір-бірінен ажыратып, синтаксистік қарым-қатынастарын анықтауға болады. Ал кейінгі тіркестегі сөздердің жеке тұрғандағы мағыналары тіркеске еніп тұрған мағыналарына сәйкес емес. Ол сөздер бастапқы мағыналарынан айырылып, біртұтас мағыналарға айналған. Ол тіркестегі сөздерді ажыратып, синтаксистік қарым-қатынас жағынан мүшеге бөліп талдауға келмейді. Мысалы, *жүрек жалғап алайық* дегенде *жүрек деген нәрсе бар, оны жалғауға болады* деген ұғым тумайды. *Жеңіл-желпі тамақтанып алайық* деген ұғым туады. Бұлар дың алдыңғылары жай фрозеологиялық тіркестер де, соңғылары идиомалық тіркестер.

Сөйтіп, **жеке тұрғандағы мағынасы тіркестегі мағынасына сай келмейтін, бірінен-бірін бөліп алып қарауға болмайтын, өзге тілге сөзбе-сөз аударылмайтын тұрақты сөз тіркестерін и д и о м а л ы қ т і р к е с т е р немесе и д и о м а дейді.**

Қазіргі қазақ тілінің лингвистикасында тұрақты сөз тіркестері тіркестің беретін тұтас мағынасы мен құрастырушы сыңарларының мағынарының арақатынасына қарай *фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек, фразеологиялық сөйлемше* болып төрт топқа бөлінеді.

Мағыналық жағынан бөлініп ажыратылмайтын, беретін біртұтас мағынасы сыңарларының мағынасымен еш жуыспайтын тұрақты сөз тіркестері *фразеологиялық тұтастық* деп аталады. Бұған *жүрек жалғап алу, жүрегінің түгі бар, аузы-мұрны қисаймастан, түйе үстінен сирақ үйту* сияқты тұрақты сөз тіркестері жатады.

Біртұтас мағынасы өзі құрастырушы сыңарлардың мағыналарының бірлігінен тұратын тұрақты сөз тіркесі *ф р а з е о л о г и я л ы қ б і р л і к* деп аталады. Мысалы: *ауыз жаласу, тілі қышу, тайға таңба басқандай, екі езуі екі құлағына жету т.б.*

Ерікті немесе тура мағынадағы сөз бен фразеологиялық байлаулы мағынадағы сөздің тіркесінен тұратын тұрақты сөз тіркесі *ф р а з е о л о г и я л ы қ т і з б е к* деп аталады. *Мысалы: асқар тау, шалқар көл, ну орман, тас қараңғы, судай жаңа, қыпша бел, оймақ ауыз т.б.*

Мағынасы ерікті сөздердің тіркесінен құралатын тұрақты сөз тіркесі *ф р а з е о л о г и я л ы қ с ө й л е м ш е деп аталады.* Оған : *Айдағаны екі ешкі, ысқырығы жер жарады, түйенің үлкені көпірде таяқ жейді, аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін , ұлығың соқыр болса, көзіңді қыс, заманың түлкі болса, тазы боп қу, молда көп болса, қой арам өледі, жат елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол, қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда* деген сияқты тіркестер жатады.

Мақал мен мәтелдер. Тарихи қалыптасқан тұрақты сөз тіркестеріне идиомалық тіркестермен қатар ғасырлар бойына созылған ұзақ дәуірлік өмір тәжірибесінен екшеліп алынған сөзі ұйқасымды, мағыналары тұжырымды болып келетін халықтық мақалдар мен мәтелдер де жатады. Тілдегі қолданылып жүрген әрбір мақал, мәтелдер ауыздан-ауызға беріліп, талай ғасырларды көктей өтіп, тілде сақталып, өңделіп қолданылып, келе жатқандықтан , мақал мен мәтелдегі сөздер де белгілі дәрежеде тұрақталған, қалыптасқан тіркесте айтылады. *Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей; Ырыс алдыынтымақ; Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар; Өнерлінің өзегі талмас* деген қазақ мақалдарының құрамына енген сөздер белгілі тұлғада, белгілі орында тұрып қалыптасқан. Олардың көпшілігінің морфологиялық тұлғасын не қалыптасқан орнын өзгертсе, мақалдардың мағынасы бұзылады.

Мақал мен мәтелдің идиомалық тіркестегі сөздерден мынау сияқты ерекшеліктері бар: идиомалық тіркестегі сөздер өздерінің жеке тұрғандағы мағыналарын сақтамай, сол тіркес күйінде бір ұғымды білдіріп, жігі ажырамай бір логикалық топ ретінде жұмсалса, мақал мен мәтелдердің құрамына енген сөздер өздерінің бастапқы мағыналарын сақтап, синтаксистік қарымқатынасы жағынан мүшеленіп тұрады. Мысалы: *өнер білсең, өлмейсің; Өтірікшінің шын сөзі зая кетеді; Ексең егін, ішерсің тегін* деген мақал мен мәтелдердегі әрбір сөз өз мағынасында қолданылып, әрқайсысы сөйлемнің белгілі мүшесі түрінде айтылып жүр.

Мақал мен мәтел бір-біріне ұқсас, бір тектес болып келеді.Сондықтан да мақал мен мәтел жіктері ажыратылмай, бірінің орнына екіншісі қолданыла береді.Сөйте тұрса да бұл екеуі – бір нәрсе, бір түсінік емес.Олардың өзара аз

да болса белгілі дәрежеде айырмашылықтары бар. Мақалдар бір сөйлемнен де, бірнеше сөйлемнен де құралып келе береді.Мақалдарда белгілі аяқталған, тұжырымды, тиянақты ой айтылады. Ал мәтелдерде аяқталған, тиянақты ой айтылмайды.Олар сөйлемдік дәрежеде болмай, бір-бірімен байланысты бірнеше сөздердің тіркестері түрінде айтылып, ой аяқталмай тұрады. Бұлардың өзара айырмашылығын анығырақ түсіну үшін бірнеше мысалдар келтірейік: *Шөптің басы жел тұрмай қимылдамайды; Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа; Жері байдың елі бай* дегендер – мақалдар. Өйткені бұлардың әрқайсысында белгілі аяқталған ой айтылып, сөйлемдік дәрежеде тұр. *Ер елінде, гүл жер-інде; ұлын-ұрымға, қызын-қырымға; жауыр атқа жіп құйысқан; балапан басына, тұрымтай тұсына;заманына қарай амалы* дегендер мәтелдер қатарына жатады. Бұларда айтылуға тиісті ой аяқталмай, ойдың бір нәрсесі жетпей тұрғандай болады. Белгілі тақырып қана айтылып, оның немен бітетін себебі айтылмайды.

Мақал мен мәтел - талай ғасырлар бойына екшеліп, сақталып келген, еңбекші қалық туғызған алтын қазына, баға жетпес мұра.Бұл –халық данышпандығының ерекше қорытыла айтылған түрі.Мақал мен мәтелде халықтың талай ғасырлар бойы жасаған өмірі де, ісі де, жүргізген күресі мен қолы жеткен жеңісі өткір көркем сөздер арқылы сарқыла айтылған.

Мақал мен мәтелдер ақиқаттық өмір тәжірибесінен алынып айтылған қорытынды пікір болғандықтан, әрбір тарихи дәуірде туып отырады. Мысалы, *бұзаудың басы болғанша, өгіздің аяғы бол* деген мақал Махмұт Қашқаридың Сөздігінде кездессе, мағынасы жағынан осыған жақын *көп жаманның ағасы болғанша, бір жақсының інісі бол* деген мақалдың кейінгі уақыттарда туғаны анық. Мақал, мәтелдер біздің заманымызда да жасалып, халық қазынасына қосылып жатады. Мысалы: *Сын түзелмей, мін түзелмейді; Әкім бол, халқыңа жақын бол;Үйдегі қиялды базардағы нарық бұзады; Теңге тиыннан құралады;*

Тұрақты сөз тіркестеріне фразеологиялық, идиомалық тіркестер ғана еніп қоймайды. Сонымен қатар екі кейде одан да көп сөздердің белгілі дәрежеде қатар айтыла келіп, бастапқы мағыналарын сақтай отырып, бір ұғымды білдіретін тіркес ретінде қалыптасқандары да тілде жиі кездеседі. Бұларға: *қол қою, көз салу, тап беру, жең ұшынан жалғасу, жан қалта,қол сағат, бет орамал, бас киім, темір жол, күре тамыр, диплом жұмысы, сынақ кітапшасы, өндірістік тәжірибе* тағы сол сияқты алуан түрлі сөздер де жатады.

Бұл сияқты сөз тіркестері әр сөздің бастапқы мағыналарын сақтай отырып бір ұғым ретінде жұмсалатын болғандықтан, бұларды лексикалық тіркестер деп атауға болады.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Фразеология нені зерттейді ?*
2) *Ерікті және тұрақты сөз тіркестері деген не ?*
3) *Тұрақты сөз тіркестерінің негізгі ерекшеліктері қандай?*
4) *Тұрақты сөз тіркестері тіркестің беретін тұтас мағынасы мен құрастырушы сыңарларының мағынасының арақатынасына қарай нешеге бөлінеді ?*
5) *Қандай тіркестер идиомалық тіркестер деп аталады ?*
6) *Мақал-мәтелдер –қандай сөзтіркестері Олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай ?*

47 - жаттығу. Төмендегі тұрақты сөз тіркестерін фразеологиялық оралым түрлеріне бөліп көшіріп жазып, олардың мағыналарына түсінік беріңдер.

Ауыз жаласу, шегірткеден қорыққан егін екпес, тілі қышу, қыпша бел, түймедейді түйедей ету, соқырға таяқ ұстатқандай, құрғақ қасық ауыз жыртады, оймақ ауыз, тамырына балта шабу, с у жаңа, сорлыға сойылдың жуан басы тиер, мидай жазық, көрпеңе қарап көсіл, шынжыр балақ, шұбар төс, иттің ырылдасқаны-амандасқаны, жақсы ит өлігін көрсетпейді, ит өлген жер,

48 - жаттығу. Төмендегі тұрақты сөз тіркестерінің жасалу жолына назар аударып, мағыналарына түсінік беріңдер.

Аузы-мұрны қисаймай, аузының дуасы бар, аузымен құс тістейді, аузын қу шөппен сүрту, аузынан түсе қалғандай, от ауызды, орақ тілді, бір елі ауызға екі елі қақпақ, оймақ ауыз, қой аузынан шөп алмас, аузын буған өгіздей, үріп ауызға салғандай, аузына құм құйылды, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты, аузының салымы бар, кедейдің аузы кер ауыз, ауызға ілігу, ауыз тию, аузын арандай ашу, аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін, жақсы сөйлесе, аузынан гүл төгіледі, аузыңа май, астыңа тай.

49 - жаттығу. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдалана отырып, төмендегі сөздермен тұрақты сөз тіркестерін құрап жазыңдар. Олардың мағыналарына түсінік беріңдер.

Бет, көз, қол, бас.

§ 37. Лексикография

Бұл — гректің *лексикос* (сөздік), *графос* (жазу, жазамын) деген сөздерінен алынып біріктіріліп, тіл ғылымында бір тілдің сөз байлығын, тілдегі бар, қолданылып жүрген сөздерді жинастырып, жүйеге келтіріп, сөздік етіп бастырып шығару деген грамматикалық термин ретінде қолданылады.

Лексикография – қолданбалы тіл білімінің өз алдына бөлек, жетекші саласы. Ол сөздік жасаудың теориясымен, тәжірибесімен айналысады, олардың

ғылыми ұстанымдарын жасайды. Лексикография ұлт тілінің лексикалық байлығын жинастыру, оларды ретке келтіріп, жүйеге түсіру ісімен шұғылданатындықтан, ол жалпыхалықтық тілді байытады, әдеби тілдің нормасын қалыптастырады, тіл мәдениетін арттырады. Егер ұлт тілі, негізінен мемлекеттік тіл екенін ескерсек, онда лексиграфияның жоғарыда аталған міндеттері мен қызметтерінің маңызы, мәні зор екендігіне көз жеткізу қиын емес. Өзінің міндеті мен қызметіне қарай лексикография екі салаға бөлінеді: Теориялық лексикография және тәжірибелік лексикография.
Теориялық лексикографияның міндеттері : сөздіктердің типтерін анықтап беру, олардың құрылымын айқындау; әр түрлі сөздіктердің мақсаттары мен міндеттерін көрсету; Ал тәжірибелік лексиканың міндеті; тілдің сөздік байлығын жию және ретке келтіру, оларды тілдік-лингвистикалық тұрғыдан сипаттау және нормаға түсіру;

Қазақ тілінің өзге салалары сияқты, қазақ тілінің сөз байлығы да революцияға дейін арнайы ғылыми-зерттеудің объектісі і болған жоқ. Қазақ тілінде қолданылатын сөздер есепке алынып, жүйеленіп, алфавит тәртібіне келтіріліп, қазақ тілінің сөздігі жасалған жоқ деуге болады.

Қазақ тілінің сөздіктерін әңгімелемес бұрын жалпы түркі жүйелі тілдердің көпшілігіне ортақ, қазақ сөздігіне де белгілі дәрежеде қатысы бар, ертеде болған кейбір сөздіктерді атамасқа болмайды. Мұның бірінішісі — атақты түркі ғалымы Махмұд Хусеин Қашқаридің 1072 жылы жазған «Диуани Лүғати ат-түрки» (Түркі тілдері сөздігі) деп аталатын сөздігі. Бұл сөздік барлық түркі жүйелі тілде сөйлейтін халықтарға ортақ. Әсіресе түркі тілдерінің қыпшақ тобы деп аталатын қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, татар, құмық тілдеріне өте жақын.

Екіншісі—«Кодекс Куманикус» деп аталатын 1303 жылы неміс тілінде басылып шыққан сөздік. Бұл сөздік те түркі жүйелі тілде сөйлейтін халық-тардың қыпшақ тобының бәріне ортақ сөздік болып саналады. Үшіншісі — академик В. В. Радловтың «О п ы т с л о в а р я т ю р к с к и х н а р е ч и й » деп аталатын, 1911 жылы шығарылған, бүкіл түркі жүйелі тілдердің сөздерін салыстыру әдісімен жасалған, үш тілдік сөздігі. Бұл сөздікте әуелі түркі тілдері сөздері келтіріліп, одан кейін орысша аудармасы беріледі де, оның артынша немісше аудармасы беріледі. Бұлардың бәрі де болашақ қазақ тілінің сөздігін жасауға үлгі боларлықтай құнды еңбектер болғаны анық.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ тілін практикалық жағынан үйрену мақсатымен орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздік жасаудың бірнеше тәжірибелері жасалды. Бұл сөздіктер жоғарыдағы айтылған жалпы түркі тілдері сөздігімен салыстырғанда, көлемі жағынан шағын, тілдік материалы жағынан олқы, қазақ тілінің сөздігін жасаудың алғашқы тәжірибесі ғана болды.

Қазақ тіліндегі бар және болуға тиісті сөздіктердің түрлері мына төмендегілер:

1. **Түсіндірме сөздік.** Бұл — тілдегі болатын сөздіктердің ең көлемдісі және сөз байлығын есепке алуда, сөздердің мағыналарын анықтауда ең маңыздысы

деуге болады. Тілдегі бар сездер алфавит тәртібімен беріледі де, әрбір сөздің неше түрлі мағынасы болса, сонша сөйлемдер алынып, сөздің мағыналары түсіндіріледі. Қазақ тілінде түсіндірме сөздіктің алғашқы үш томы шықты.

2. Этимологиялық сөздік. Бұл — бір тілдегі сөздердің осы күнгі тұлғасының қалай пайда болғандығын, шығу төркінін белгілі мысалдармен талдап түсіндіретін сөздіктің түрі. Бұған тілдегі бар сөздердің бәрі енбей, тек жасалуы, шығуы жағынан түсіндіруге қиыншылық келтіретін сөздер ғана енеді. Сөздіктің бұл түрі қазіргі қазақ тілінде соңғы жылдарда ғана жасалып жатыр.

3. Терминологиялық сөздік. Белгілі тілдегі қолданылып жүрген әрбір ғылым саласындағы термин сөздерді есепке алатын сөздіктің түрін термино-логиялық сөздік дейді. Терминдер әр салалы болатындықтан, сөздіктің бұл түрі бір кітап болып шықпай, ғылымның әр саласының терминдері өз алдына бөлек сөздік болып, бірнеше кітап түрінде шығуы да мүмкін. Терминоло-гиялық сөздіктер қазақ тілінде шыға бастады. Қазір қолданылуда жүрген терминологиялық сөздіктің он шақты кітабы бар. Бұл сөздіктерге қазақ тілі-нде термин ретінде ұсталып жүрген қазақтың байырғы сөздері де, орыс тілінен енген сөздер де, халықаралық терминдік сөздер де кіреді.

4. Орфографиялық (емлелік) сөздік. Белгілі тілде сауатты жазу үшін емлелік ережелердің жинағының болуы жеткіліксіз. Тілдегі қолданылып жүрген алуан түрлі сөздердің жазылуын емлелік, орфографиялық ережелерге сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан бірқатар сөздердің қалай жазылатындығы сөздікте ғана беріліп, сол арқылы дұрыс жазу дағдысы тұрақталуға, қалыптасуға тиіс. Сөйтіп, тілдегі көп қолданылатын сөздердің дұрыс жазылу үлгісін алфавит тәртібімен белгілі кітапқа тізіп берілген сөздіктің түрін орфографиялық (емлелік) сөздік дейді.

5. Диалектологиялық сөздік. Диалектологиялық сөздіктер және оларды құрастыру белгілі бір ғылыми мақсатты көздейді. Диалектологиялық сөздік әдеби тілдің лексикасынан тыс жатқан ,бірақ ұлттық тілдің жергілікті тармақтары болып табылатын диалектілерге немесе говорларға тән сөздер мен сөз тіркес терін қамтиды.Ұлт тілінің ішіндегі жергілікті диалектілерге тән әр түрлі ерекшеліктерді салыстыру тілдің тарихи дамуын танып білуге көмектеседі**.** Диалектологиялық сөздікте жергілікті диалектілерге тән сөздер (диалектизмдер) беріледі де, оның мағынасы әдеби тілдегі сөздермен (синонимімен) түсіндіріледі. Мысалы: *Далан.* Сенек, ауыз үй, кіре берістегі бөлме: *балалар даланда отыр (балалар сенекте отыр)*. (Кег. АЛОМ); *Далан* сөзі кейбір түркі тілдерінде де бар: қырғызша *далан* – ауыз үй, алдыңғы бөлме; ұйғырша *далан* – алдыңғы бөлме, өтетін жер; түрікменше *далан*- үй алды; әзербайжанша *далан, дәллиз*, фарсыша *далан* сенек, коридор.

6. Салыстырмалы сөздік. Салыстырмалы сөздік те ғылыми мақсат көздейді.Онда туыстас тілдердегі ортақ түбірлес сөздер беріледі; ондай сөздердің әр түрлі туыстас тілдердегі ұқсас жақтары да, айырым жақтары да көрсетіледі. Туыстас тілдерді салыстырмалы –тарихи әдіс бойынша зерттеп, олардың даму заңдылықтарын айқындауда салыстырмалы сөздіктер құнды-

құнды материалдар бере алады. «Сөздікте» белгілі бір сөздің түркі тілдерінің әрқайсысында дыбысталу түрі көрсетіліп, мағынасы орыс тілінде аударылып беріледі. Мысалы: *дж. тат* ***ат****, ад, тур.* ***ад*** 1) имя, мет. Слава. **Атақ**: а) слава, известность.

7. Синонимдер сөздігі. Синонимдер сөздігінде синонимдік қатарлар беріліп, әрбір синонимдік қатардың құрамындағы мәндес сөздердің мағыналық ерекшеліктері мен қолданылу ерекшеліктері түсіндіріледі.Синонимдік қатардың құрамындағы сөздердің сөздікте орналасу тәртібі, мысалы, қай сөздің бұрын, қай сөздің кейін орналасуы белгілі бір қағидаға негізделеді.

Синонимдес сөздер тобының ішінен мағынасы жағынан сол топтағы сөздердің барлығына бірдей тән, күллісіне бірдей ортақ жалпы мағынаны білдіретін сөз *д о м и н а н т с ө з* деп аталады. Доминант сөз өзімен синонимдес сөздердің барлығының басын құрап, солардың барлығына бірдей ортақ ұйытқы, тірелер таяныш ретінде жетекші қызмет атқарады. Мысалы, *халық, ел, жұрт, халайық, әлеумет* деген деген синонимдік қатардың құрамындағы доминант сөз – *халық.*

Сөздікте синонимдік қатардың құрамындағы өзара мәндес сөздердің әрқайсысының мағынасы талданып, қолданылу аясы мен стильдік қызметі түсіндіріледі. Осындай талдау мен түсініктен кейін синонимдік қатардың құрамына енген әрбір сөздің мағынасын ашып, айқындау үшін, әдебиеттен мысалдар беріледі.

8. Фразеологиялық сөздік. Фразеологиялық сөздік те белгілі бір тілдегі әр түрлі фразеологиялық оралымдарды қамтиды, олардың мағыналарын түсіндіреді.Фразеологиялық сөздік бір тілдік түсіндірме сөздік түрінде де, екі тілдік аударма сөздік түрінде де жасалады. Түркі тілдеріндегі әр түрлі фразеологизмдер В.В.Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігінде берілген.

Фразеологиялық оралымдардың сөздікте талдану тәртібі мен тәсілін түсіндірме сөздіктегі сөздік мақалалардан аңғаруға болады. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (I том, 1959) *ат* сөзінің мағыналары талданғаннан кейін осы сөздің ұйытқы болуынан жасалған мынандай фразеологиялық оралымдар берілген: *Ат ұстар – жаңа туған ұл бала. Ат құйрығын кесті – бір жола безді, қол үзі. Ат шаптырым жер – бәйгі атының шауып келетін жерінің қашықтық мөлшері. Ат қойды – лап беріп шаба жөнелді. Ат төбеліндей –азғантай, аумақсыз, саны аз. т .б.*

9. Аударма сөздік. Аударма сөздіктің екі түрі бар: оның бірінде белгілі бір шет тілдегі сөздер мен фразеологизмдер ана тіліне аударылып беріледі де, екіншісінде, керісінше, ана тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер шет тілге аударылады. Әр түрлі тілдерде жасалған сөздіктердің ішіндегі ең көп кездесетіні- екі тілді аударма сөздіктер. Аударма сөздіктер шет тілді оқып үйренуде , ол тілдің лексикасын меңгеруде , басқа тілде жазылған әдебиеттерді аударуда айырықша қызмет атқарады.

10. Шет тілдер сөздігі . Шет тілдер сөздерінің сөздігі (Словарь инос-транных слов) шығу төркіні басқа тілдік сөздер мен терминдерге қысқаша түсінік

беруді мақсат етеді. Шет тілдер сөздерінің сөздігі шығу төркіні басқа тілдік сөздердің бәрін бірдей емес, қоғамдық ғылымдар мен көпшілікке арналған ғылыми-техникалық әдебиетте, көркем әдебиет пен газет-журнал-дарда қолданылатын шет тілдік сөздер мен терминдерді қамтиды.

Шет тілдер сөздерінің сөздігінде , біріншіден, шет тілдер сөздерінің мағынасы түсіндіріледі, екіншіден, ол сөздердің шығу тегі, қай тілдік сөз екні көрсетіледі.

«Сөздікте» сөздердің мағынасы мына түрде түсіндіріледі:

Агглютинация (*лат. agglutinure желімдеу*) – *линг.* сөздің түбіріне белгілі мағынасы бар қосымшалар жалғау арқылы туынды сөздер мен грамматикалық формалар тудыру тәсілі. *Мысалы, қазақ тілінде: ат – лолошадь, аттар- лошади, атта – на лошади, аттарда – на лошадях.*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Лексикография нені зерттейді ?*
2) *Лексикография қандай салаларға бөлінеді ?*
3) *Түркі тілдеріндегі алғашқы сөздіктер қай ғасырларда жазылды ? Оларды кімдер құрастырды ?*
4) *Қазақ тілінде жарық көрген сөздік түрлері қандай? Олар сөздерді қай тұрғыдан топтастырып зерттейді ?*

III модуль тестері А

(Сөз мағынасының түрлері)

1) Ауыспалы мағынаны көрсетіңіз.
   а) Арпалысқан дұшпан в) Саяси арпалыс с) Боранмен арпалыс
   d) Арпалысқан толқындар е)Арпалысқан ой
2) Омоним сөздер қатысқан қатарды белгілеңіз.
   а) Атты адам ерте тұрды в) Атт адам аңды атты
   с) Жүйрік атты армандадым d) Аттылы кісі алыстан көрінді
   е) Ол атты ерттеді
3) Ескі наным бойынша тура айтуға тыйым салынған сөздер дегенді білдіретін тілдік терминді көрсетіңіз.
   а) Одағай в) Омоним с) Дисфемизм d) Эвфемизм е) Табу
4) Синоним емес сөзді көрсетіңіз.
   а) Әмір, бұйрық в) Батыл, батыр с) Салмақты, сабырлы
   d) Нұсқа, нұсқау е) Тез, жылдам
5) Эвфемизмді көрсетіңіз.
   а) Әрең сөйледі в) Бидай өңді с) Үрит соқ d) Төре жігіт
   е) Қосып айту
6) Сөйлемде белгілі бір мағынаны білдіретін белгілі бір заттың, ұғымның атауы.

а) Сөйлем в) Сөз тіркесі с) Одағай сөздер d) Көмекші сөздер
е) Атауыш сөздер

7) Лексикалогияның зерттейтін мәселесі.
а) Тіл дыбыстарын зерттейді в) Сөз таптарын қарастырады
с) Сөйлем түрлерін қарастырады d) Сөйлем мүшелерін зерттейді
е) белгілі бір тілдегі сөздердің жиынтығын қарастырады

8) Синонимдік қатарды көрсетіңіз:
а) Бақ, бақты в) Арай, шапақ с) ЫстықЫқылас d) Бағлан, бағдар
е) Барлық, барша

9) Омоним бола алмайтын сөзді көрсетіңіз:
а) Көр в) Доп с) Ат d) Қас Е) е) Сол

10) Омонимдес сөздер жазылған қатарды көрсетіңіз.
а) Шай демделді в) Оқытушының сөзіне ден қойдым
С) с) Демеу, дос-жараныңды деме d) Көктемде адам емін-еркін жүреді
е) демігіп, ауырып қалды

11) Неологизмді көрсетіңіз.
а) Бөлім в) Ұжым с) Алым d) Тақ е) Жұп

12) Көнерген сөздер жазылған қатарды көрсетіңіз.
а) Отарба, сауын айту в) Қоғам, пікір с) айран, құймақ
d) Мәдениет, кешен е) Ізденіс, ілтипат

13) Дыбысталуы бірдей,мағыналары әр түрлі сөздер:
а) Антоним в) Полисемия с) Омоним d) Синоним е) Диалект

14) Тарихи ескі ұғым атаулары жататын сөздер тобы.
а) Одағай сөз в) қыстырма сөз с) көнерген сөздер
d) Еліктеу сөз е) Оқшау сөздер

15) Антоним бола алмайтын сөздер жазылған қатарды көрсетіңіз.
а) Өткір, жасық в) Пайда, зиян с) Өткір алмас d) Өмір, өлім
е) ұл, қыз

16) «Шек» сөзі келтірінді (ауыс) мағынада қолданылған сөз тіркесі:
а) шек-қарын б) тоқ шек в) шек-сілесі қатқанша d) домбыраның шегі
е) малдың шегі;

17) 7) Омоним дегеніміз:
а) мағынасы бір-біріне жақын сөздер ;
б) мағынасы бір – біріне қарама-қарсы сөздер ;
в) айтылуы, жазылуы бірдей, мағыналары әр түрлі сөздер ;
d) көп мағыналы сөздер;
е) белгілі бір аймақтарда ғана қолданылатын сөздер;

18) Омонимдес сөздер жазылған қатар:
а) арық мал, су ағатын арық б) арық, семіз в) арық, көтерем
d) арық, тоған в) е) арықтың суы;

19) Синоним дегеніміз:
а) мағынасы бір-біріне жақын сөздер ;
б) мағынасы бір – біріне қарама-қарсы сөздер ;

в) айтылуы, жазылуы бірдей, мағыналары әр түрлі сөздер ;
d) көп мағыналы сөздер;
е) белгілі бір аймақтарда ғана қолданылатын сөздер;

20) Синонимдес сөздер жазылған қатар:
а) алыс, қашық, шалғай б) алыс, жақын, жырақ в) алыс, жұлыс, талас
d) алыс, беріс, айырбас д) е) алыс,қашық,таяу

21) Көбіне синонимдес болатын сөздер:
а) зат есім, сын есім, сан есім б) етістік, есімдік, үстеу
в) сын есім, еліктеуіш сөздер d) зат есім, сын есім, етістік
е) тілдегі барлық сөздер;

22) Синонимдес сөз тіркестері жазылған қатар:
а) ит өлген жер, ит арқасы қиянда
б) жүрек жалғау, құрыққа сырық жалғау в) ауыз жаласу, ауыз ашу
d) түймедейді түйедей ету, түйенің үлкені көпірде таяқ жейді
е) су жаңа, су тегін;

23) Антоним дегеніміз:
а) мағынасы бір-біріне жақын сөздер ;
б) мағынасы бір – біріне қарама-қарсы сөздер ;
в) айтылуы, жазылуы бірдей, мағыналары әр түрлі сөздер ;
d) көп мағыналы сөздер;
е) белгілі бір аймақтарда ғана қолданылатын сөздер;

24) Антонимдес сөздер жазылған қатар:
а) ыстық, жылы б) ыстық, суық в) ыстық салқын d) ыстық жел

25) Қай термин белгілі бір аймақтарда ғана қолданылатын сөздердер дегенді бідіреді:
а) неологизм б) аббревиатура в) диалект d) табу е) дисфемизм

III модуль тестері Б

(Сөздік құрамның даму жолдары)

1) Тіл білімінің лексикология саласының зерттейтін мәселесі, зерттеу объектісі:
а) тілдің дыбыстық жүйесі в) сөз, тілдің сөздік құрамы
с) сөз тіркесі d) сөйлем е) тыныс белгілері
2) Сөз дегеніміз:

а) тіл дыбыстарының тіркесі
в) адамдардың белгілі тобына түсінікті болып келетін қоғамдық сананың жемісі
с) ойдың материалдануы
d) қарым-қатынас құралы
е) белгілі затқа, құбылысқа, оқиғаға, түр-түске, қимылға қойылған атау;

3) Сөз, соның ішінде байырғы түбірлік сөздер жеке тұрғанда:
а) көп мағыналы в) дара мағыналы с) абстрактілі мәнді
d) конкретті мағыналы е) жинақтық мәнді;

4) Сөздің лексикалық мағынасы нақтыланады:
а) сөйлем ішінде в) сөз тіркесінде с) белгілі морфологиялық тұлғада қолданылғанда
d) номинативті (атауыш) мәнді сөздерде е) мақал-мәтелдерде;

5) «Қара» сөзі тура мағынасында қолданылған сөз тіркесі:
а) қара су в) қара суық с) қара сөз d) қара бояу е) қара халық

7) Омоним дегеніміз:
а) мағынасы бір-біріне жақын сөздер ;
в) мағынасы бір – біріне қарама-қарсы сөздер ;
с) айтылуы, жазылуы бірдей, мағыналары әр түрлі сөздер ;
d) көп мағыналы сөздер;
е) белгілі бір аймақтарда ғана қолданылатын сөздер;

8) Тұрақты сөз тіркесі жазылған қатарды көрсетіңіз.
а) Жонынан таспа тілу в) Аяқ киім с) Тау самалы
d) мал шаруашылығы е) тарлан ат

9) Белгілі кәсіп түріне байланысты қолданылатын сөздер жазылған қатарды көрсетіңіз.
а) Істе, орында в) тарихи, әдеби с) егемен, нарық d) Қоза, шиіт
е) Елтаңба, әнұран

10) тұрақты сөз тіркесінің беретін мағынасы: *Қыздың жиған жүгіндей*.
а) қыздың киімі в) қыздың жасауы с) Әсем, көрікті
d) талдырмаш, сұлу е) Жүн, жасау

11) Орыс тілінен енген кірме сөз:
а) шекер, шербет в) жент, қаймақ с) кәмпит, мәмпаси d) қант, науат
е) шырын, шарап

12) Термин сөзді көрсетіңіз:
а) Әмбебап в) Омоним с) Атауыз d) Ғылым е) зілдей

13) Тұрақты сөз тіркесінің қатысуы арқылы жасалған сөйлемді көрсетіңіз.
а) Оларды қол қусыпып қарсы аламыз
в) Арал теңізінің мәселесі көп адамның көкейінде жүр.
с) Еліміздің шекарасын қарулы жасақ қорғайды.
d) Күндердің күнінде бойы өсті.
е) Сөз бостандығы сақталады.

14) Кірме сөзді көрсетіңіз.
а) мәдениет в) Кеден с) Жылыжай d) Ойшыл е) Терімші

15) Тұрақты тіркесті көрсетіңіз.
а) Ауыз су в) Сусамыр с) Су жүрек d) Жүрегі су ете түсті
е) Минералды су
16) Терминдік мәні бар сөз:
а) ажар в) көрік с) шырай d) кескін е) келбет;
17) Қай термин белгілі бір аймақтарда ғана қолданылатын сөздердер дегенді бідіреді:
а) неологизм в) аббревиатура с) диалект d) табу е) дисфемизм
18) Табуды көрсетіңіз:
а) қасқыр тиді в) ит-құс араласты с в) қолды болды г) жоғалды
е) арам өлді
19) Ескі салт бойынша келіндер мына сөздердің қайсысын айтпаған:
а) Жәке в) Батыр қайнаға с) Атеке d) Тәтеке е) Райымбек
20) Эвфемизмді көрсетіңіздер
а) соқыр в) мылқау с в) керең г) семіз е) етженді
21) Архаизм дегеніміз:
а) кәсіптік сөздер в) оқшау сөздер с) қыстырма сөздер
d) кірме сөздер е) көнерген сөздер
22) Архаизмді көрсетіңіз:
а) күң, құл в) уық, кереге с) сәукеле, бешпет d) құрт, май
е) күйеу, қалыңдық
23) Неологизм дегеніміз:
а) кірме сөздер в) қыстырма сөздер с) жаңа сөздер
d) көнерген сөздер е) тарихи сөздер
24) Неологизмді көрсетіңіз:
а) ағза в) ота с) мейірбике d) ермексаз е) бағдаршам
25) Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын анықтаңыз: *Бесіктен белі шықпай жатып...*
а) өте жас в) жасына қарамай тым пысық с) әлсіз, әлжуаз
d) еріншек е) зерек

IV м о д у л ь

§ 38. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі

Сөзжасам-тіл білімінің жеке, дербес саласы.Оның зерттейтін мәселесі - сөз жасаушы тәсілдер, сөз жасаушы тілдік нұсқалар, сөз жасаушы типтер мен тізбектер, сөздердің жасалу үлгілері, туынды сөздер, олардың түрлері, сөзжасамдық заңдылықтар мен мағына, сөзжасамның сөз таптарына қатысы т.б.

Қазіргі қазақ тілінің қалыптасқан, күрделі сөзжасам жүйесі бар. Әдетте, белгілі бір сөзден басқа бір жаңа сөз тудырсақ та, басқа-басқа бір неше сөз тудырсақ та, ең әуелі сол туынды сөзге негіз болған сөздің тұлға-

тұрпаты, морфологиялық құрылысы өзгереді. Мысалы, жұрнақ арқылы бір түбірден *ісші, іскер, істе, іскерлік* деген сияқты бірнеше сөз тудырсақ та, немесе, қосарлау арқылы әр түбірден *көзбе-көз, жүзбе-жүз, бетпе-бет* сияқты әлденше сөз тудырсақ та, сөздің бастапқы тұрпаты өзгереді. Сондай-ақ, екі түбірді бір-бірімен біріктіру арқылы туған *бүгін, түрегел, ендігәрі, біресе (бұл күн, тұра кел, ендігіден әрі, бір ерсе)* сөздерін алсақ та, олардың морфологиялық құрылысы өзгеріске ұшырайды. Осы сөздер не түбірге қосымша қосу арқылы, не екі түбірді біріктіру арқылы, қысқасы, солардың морфологиялық құрылымын өзгерту арқылы жасалған. Олардың қай-қайсысы болса да тіліміздің грамматикалық құрылысына тән заңдарға лайықты құрылған. Осы сөздердің сол құрамдары олардың сыртқы формасының да, ішкі мазмұнының да әрі таянышы, әрі көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Өйткені түбірге жұрнақ жалғау, түбірлерді қосарлау я біріктіру тәсілдерін алсақ, олар *сөз тудырудың сыртқы формасы* болады да, сол тәсілдер (формалар) арқылы туған жаңа сөздердің лексикалық мағыналары *сөз тудырудың мазмұны* болады.

Сөйтіп, тілдің жүйесіне лайық қалыптасқан белгілі тәсілдер бойынша сөз жасау амалдарын с ө з т у д ы р у т ә с і л і деп атайды.

Сөз тудыру дегеніміз-жаңадан сөз жасау заңдары мен ережелерінің жиынтығы.

Сөзжасам-қай тілде де өте ертеден келе жатқан тілдік құбылыс. Түркі тілдерінің ең көне жазба ескерткіштерінің тілі бұл мәселеге толық дәлел бола алады. Көне жазба ескерткіштер тілінде негізгі түбір сөздермен қатар туынды сөздер болғаны белгілі. Олар туынды түбір, күрделі сөз, бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы түрінде кездеседі. Көне жазба ескерткіштер тілінде жаңа сөздер жұрнақтар арқылы (*тір-іг, біл-іг, ур-уш, иел-ме, өт-унч)*, сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы (*күн-түз, Темір-қапығ, Қара-құм, Ілтеріс, арқыш-тіркіш, секіз он, йеті йүз. т.б.*), сондай-ақ, бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы арқылы (*қат: 1. қабат, қатар; 2) жеміс (қарақат) 3) жануардың аты 4) қату (тоңу,жаурау, сұйықтан қатты күйге айналу) 5) араластыру (сүт қату)* жасалғанын көреміз. Келтірілген мысалдар көне түркі тілінде сөзжасамның *синтетикалық, аналитикалық, семантикалық* тәсілдерінің болғанын көрсетеді.

Тілдің сөздік құрамы үнемі байып, толығып отыруы, негізінен, тілдің ішкі мүмкіндіктерімен, заңдылықтарымен байланысты. Басқа тілдерден сөз қабылдау арқылы да тілдің сөздік құрамы үнемі толығып отырады. Бұл құбылыс қай тілге де жат емес және ертеден келе жатқан белгілі жағдай. Алайда сөз байлығының толығу арнасы, тілдің сөзжасам жүйесі сөзжасам тәсілдерімен тікелей байланысты. Тілдің ішкі мүмкіндіктері арқылы сөздік құрамды молайтып, тілге үнемі қосылып жатқан жаңа сөздердің бәрі де белгілі жолмен жасалып, тілдің лексикалық қорынан орын тебеді. Тілде жаңа сөздердің жасалу жолы, тәсілдері аз емес. Олардың жалпылық жақтары ескеріле отырып, жинақталып, төмендегідей үш түрлі тәсілді көрсету қазақ тіл білімінде дәстүрге айналған. Олар: 1) с и н т е т и к а л ы қ (м о р ф о л о г и я

лық) тәсіл, 2) аналитикалық (синтаксистік) тәсіл, 3) лексика–семантикалық тәсіл.

§ 39. Сөзжасам тәсілдері

Синтетикалық (морфологиялық) тәсіл- *(* грек тілінің *sintehesis – «тізбек», «құрастыру» - «синтездің нәтижесінде жасалған», « біріктіруші»* деген мағынада қалыптасқан термин) сөзжасамның түркі тілдерінде, соның ішінде, қазақ тілінде ең жиі қолданылатын тәсілі. **Түбір сөзге я туынды сөзге қосымшалар қосу арқылы жаңа сөз тудыру тәсілін синтетикалық (морфологиялық) тәсіл дейді.** Синтетикалық сөзжасам негізінде пайда болған тілдік бүтіндер туынды түбір, туынды сөз делінсе, олардың қай сөз табына тән екендігі ескеріліп, туынды зат есім *(ки-ім, тара-қ, оқу-шы, біл-м, заң-гер),* туынды етістік *(бас-та, ақ-та, шеге-ле, екеу-ле, жоғары-ла)* т.б. осы тәрізденіп жеке-жеке сөз таптары тұрғысынан қарастырылады.

Синтетикалық сөзжасамның ең түпкі мағыналы бөлшегі – түбір. Қазақ тілінің сөздік қорына енетін байырғы түбір сөздердің барлығы да сөзжасамның барлық амалдарына, соның ішінде синтетикалық түріне де ұйытқы болады.

Сөздің өз алдына тұрып мағына бере алатын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі мағыналы бөлшегі түбір, негізгі түбір немесе түбір сөз деп аталады. Мысалы, *бас, бастық, басшы, басқар, басқарма* дегендердің бәрі бірдей түбір сөздер емес, түбірлес сөздер. Олардың ішінен тек *бас* деген формасы ғана түбір сөз болады. Бұл сөз осындағы өзге сөздердің бәріне тұлға жағынан да, мағына жағынана да негіз ретінде қызмет етеді. Түбір сөз форма жағынан да, мағына жағынан да өз алдына жеке сөз ретінде қолданылатын дербес сөз болуы шарт. Мысалы, *ал, біл, айт, сөз, ес, іс, мал, қат, тас, көп* сияқты сөздердің әрқайсысынан өз алдына әлденеше туынды сөздер жасауға болады. Мысалы: *біл: білім, білгір, білгіш, білін, білдір, біліс, білімпаз т.б.* Бұл сөздер бір түбірден өрбіген туынды сөздер. Мұндай сөздер , әдетте, түбірлес сөздер деп аталады.

Бірақ тіліміздегі сөздердің бәрі бірдей, жоғарыдағыдай түбірге және қосымша бөлшектерге ажыратуға көне бермейді. Олардың ішінде, мағынасына ұйытқы болғанымен, формасы жағынана дербес сөз ретінде қолданылмайтын түбірлер де кездеседі.Мысалы, *қой, қозы, қора, қошқар, қотан; ояу, оят, оян* деген сөздерді алайық. Бұлар да өзара түбірлес, төркіндес сөздер екені анық. Бұлардың да бастапқы түбірі қайсы екенін тұлғалық жағынан ажыратуға әбден болады: мұндағы бірінші топтағы түбірлес бес сөздің бөлшектеуге келмейтін ең түпкі бөлшегі – *қо-* деген форма да, екінші топтағы түбірлес үш сөздің ең түпкі бөлшегі – *ойа-* деген морфема. Бірақ бұл морфемалардың қайсысы болса да қазіргі тілімізде дербес сөз ретінде қолданылмайды; олар тек сол қосымшалы морфемаларда тұрғанда ғана жекедара сөз ретінде жұмсалады. Жалаң түбір ретінде жұмсалмайтын, тек белгілі

формаларда ғана қолданылатын мұндай түбірлер, әдетте, өздерінің түбірлерін салыстыру арқылы анықталады. Грамматикада мұндай түбірлер *өлі түбірлер я көнерген негіздер* деп аталады.

Қазіргі түбірлердің бәрі де лексикалық, грамматикалық және дыбыстық жақтарынан тұрақты бір бүтін тұлғалар. Ол түбірлер практикалық тілде жекедара сөз ретінде де, жаңадан әр алуан сөздер тудыратын негіз ретінде де жұмсала береді. Мысалы : *ол, бұл, кел, кет, ас, ат, шаш, қас, бас, тас, сөз, мен, сен, біз, сіз, үміт, үйрет, ояу, оят, жан, жақ, жалын, жалаң, жалқы, жалғыз, қайт, қайыр* сөздерінде осы қасиеттердің бәрі бар. Бірақ тарихи тұрғыдан қарағанда, түбір бірте-бірте мағына жағынан да, дыбыстық (фонетикалық және морфологиялық) жағынан да дамып қалыптасады. Мысалы, тілдің қазіргі тұрғысынан алғанда, жоғарыдағы *жақ, жан, жалын, жалаң, жалқы, қайт, қайыр* сөздері – түбір сөздер. Ал, тарихи тұрғыдан алсақ, осылардың бәрі де туынды сөздер; өйткені *жақ, жан, жалын* сөздері *–қы, -ны, -л +ын* қосымшалары арқылы бастапқы *жа* деген түбірден, *жалаң, жалқы, жалғыз* сөздері *–аң, -қы, -ғыз* қосымшалары арқылы *жал* деген түбірден, *қайт, қайыр* сөздері *–т, -ыр* жұрнақтары арқылы *қай* деген түбірден туған. Демек, ерте замандарда түбір есебінде қызмет еткен бұл морфемалар бірте-бірте көнеріп, туынды сөздердің құрамына еніп, ол құрамнан бөлінбейтіндей күйге жеткен де, жаңадан сөз тудырарлықтай түбірге айналған. Осындай көнеленген сөздер **көнеленген түбірлер** деп аталады.

Қазіргі қазақ тілі оқулықтарындағы қосымшалардың жұрнақтар деп аталатын тобы синтетикалық сөзжасам тәсілінің екінші бір шартты бөлігі болып табылады. Сөз тудыратын жұрнақтар сөзге (түбірге) жаңа лексикалық мағына үстейтіндіктен, өзі жалғанған сөзді басқа бір жаңа лексикалық тұлғаға айналдырады. Мысалы: *ек, егін, егіндік, егінші егіншілік* сөздерінің түбірі бір болғанымен, олардың әрқайсысы басқа-басқа ұғымдарды (мағыналарды) білдіреді. Бірақ сол басқа-басқа мағына лексикалық та, грамматикалық та мағыналарды қоса қамтиды. Өйткені әрбір сөз, мағыналық жақтан алғанда, қашан да болсын, лексикалық және грамматикалық мағыналардың бірлігінен құралады.

Сөз тудыратын жұрнақ өзі жалғанған сөзден (түбірден) лексикалық мағынасы басқа жаңа сөз тудырады. Ондай әрбір жұрнақтың өзді-өзіне тән грамматикалық мағынасы, формасы және қызметі болуы күмәнсіз. Мысалы: *Шын көңілмен айтар тілегі болса, шындықпен ғана жауап беру парыз (М.Ә.). Келмеп пе едің жол тосып, жолығуға аулаққа (Абай)* деген сөйлемдердегі *шын* және *шындықпен*, *жол* және *жолығуға* сөздерінің өзара мағыналық та, формалық та айырмашылықтары айқын көрінеді. Мұндағы *–дық* жұрнағы арқылы жасалған шындық сөзінің де, *-ық* жұрнағы арқылы жасалған *жолық* сөзінің де лексикалық мағыналары *шын* және *жол* сөздерінен, әрине, басқа. Оның бер жағында, *-дық* жұрнағы жалғанғаннан кейін, сын есім (*шын)* зат есімге айналады да, *-ық* жұрнағы жалғанған соң, зат есім (*жол*) етістікке ауысады. Бұдан жұрнақтар сөзді таза лексикалық жағынан ғана емес, лексика-грамматикалық тұрғыдан да өзгертетіні

аңғарылады. Олай болса, жұрнақтар белгілі сөз табына және оның ішіндегі белгілі тобына (категориясына) телулі болады.

Егер *көк* және *көкшіл*, *үй* және *үйшік* сөздерін салыстырып қарасақ, мұндағы *–шіл* және *–шік* қосымшалары даа өздері жалғанған сөздерді басқа сөз табына айналдырмаған, бұрынғы сын есім (*көк)* сол сын есім қалпында, зат есім (*үй*) бұрынғы зат есім қалпында қалған да, тек біріншісінде *көк* деген сынның солғын я бәсең түрін білдіретін *көкшіл* формасы, *үй* деген заттың аса кішкене түрін білдіретін *үйшік* формасы туған. Осыған байланысты , яғни, мағынасы мен қызметіне қарай, жұрнақтар **сөз тудыратын және форма тудыратын жұрнақтар** деген екі салаға бөлінеді.

Түбірге сөз тудыратын жұрнақ жалғанғаннан кейінгі форма **туынды негіз, туынды түбір** деп аталады. Жұрнақтар сол негізге де , сол негізден туған жаңа негізге де қажетіне қарай жалғана береді. Мысалы, *егіншілік* деген сөз *ек* деген етістік түбірге әуелі-*ін,* одан кейін *–ші*, одан кейін *–лік* жұрнақтары қосылудан туған да, *ұйымдастырушылық* деген сөз *ұйы* түбіріне ретінше *–м, -дас,-тыр,-у, -шы,-лық* жұрнақтары жалғану арқылы жасалған. Жұрнақ арқылы туған сөздер (*егіншілік, ұйымдастырушылық*) **туынды сөздер** деп аталады.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Қазақ тілінің сөзжасам саласы тілдің қандай мәселелерін зерттейді ?*
2) *Сөз тудыру формасы, сөз тудыру мазмұны деген не ?*
3) *Қазақ тілінде жаңа мағыналы сөздер қандай тәсілдер арқылы жасалады ?*
4) *Синтетикалық тәсіл деп қандай тәсілді айтады ?*
5) *Қандай сөздерді түбір сөз немесе негізгі түбір дейді ? Түбірлес сөздер деген қандай сөздер ?*
6) *Қандай сөздерді өлі түбірлер немесе көнерген негіздер дейді ?*
7) *Сөз тудырушы жұрнақтардың сөз таптарына қатысы қандай сипатта болады ?*
8) *Сөз тудырушы жұрнақтар мен форма тудырушы жұрнақтардың өзара айырмашылықтары неде ?*

§ 40. Жұрнақтардың құрамы

Синтетикалық жолмен сөз тудырушы және сөз түрлендіруші жұрнақтар дыбыстық құрамы жағынан бір дыбысты да, көп дыбысты да бола береді. Мысалы: *тіле-к, сұра-қ, таны-с, сын-а, мін-е, сөйле-м* дегендердегі –қ, -к, -с, -а, -е жұрнақтары жалғыз-жалғыз дыбыстар ғана. Ал, *ор-ақ, жау-ын, сыз-ық, шеге-ле, сыр-ла* дегендегі жұрнақтар екі дыбысты да, *бас-қыш, сүз-гіш, ұш-қын, көш-кін* дегендерде үш дыбысты. *Аш-палы, үз-інді, ұш-қалақ, адам-шылық, жер-гілікті* дегендерде-төрт дыбысты (*-палы, -інді*), бес дыбысты *(-қалақ, -шылық*) және жеті дыбысты (*-гілікті*) жұрнақтар бар.

Шығу төркіні жағынан бір –бірімен байланысты кейбір жұрнақтар, мағыналары я бірдей я жақын болғанымен, бірде сөз тудыру қаблетіне қарай, бірде стильдік реңіне қарай ерекшеленіп келеді. Мысалы: *-лық* және *–шылық* жұрнақтары өзара форма жағынан да, мағына жағынан да қанша жақын болғандарымен, сөз тудыру қаблеті жөнінен де, стилистикалық ерекшелігі жөнінен де бірдей емес.

Біріншіден, *-лық* жұрнағы жаңа сөз тудыру қаблеті жағынан аса құнарлы қосымша, оның жалғанатын сөздерінің өрісі де кең. Мысалы: *бастық, қолтық, қазандық, күздік, сыйлық, жоқтық, егіндік, әкелік, дұрыстық, жақсылық, үлкендік, төзімділік, білгіштік, оқығандық...* деген сияқты көптеген туынды сөздерді алсақ, ол жұрнақтың құнарлылығы да, жалғанатын сөздерінің өрісі кең екендігі де көрініп тұрады. Ал *–шылық* жұрнағында ондай қаблет аз. Бұл жұрнақ *-лық* жұрнағы жалғанатын сөздердің бәріне бірдей жалғана бермейді. Оны *шаруашылық, тіршілік, жаманшылық, қиыншылық, кеңшілік, жоқшылық,күйзелушілік* дегендерден байқаймыз. Екіншіден, бұл екі жұрнақтың қолданылу ерекшеліктері мен стилистикалық талғамдары да бірдей емес. Мысалы, *тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын (Абай)* дегендегі *жоқтық, тоқтық* сөздерінің орнына *жоқшылық, тоқшылық* сөздерін қолдануға болмайды.

Сөздерде болатын синонимдік қасиет жұрнақтарда да болады. *Мысалы: -қыш, -ғыш,-қыш, -кіш, -шақ, -шек, -қақ, -ғақ, -кек, -гек, -қыр, -ғыр, -кір,-гір* жұрнақтары өзара мағыналас (синонимдес). Өйткені *жасқаншақ, ұялшақ, мақтаншақ, қызғаншақ, ұрыншақ* сөздері *жасқанғыш, ұялғыш, мақтанғыш, қызғанғыш, ұрынғыш* сөздерімен мағыналас екені сияқты, *ұрысқыш, тырысқыш* дегендер *ұрысқақ, тырысқақ* сөздерімен мағыналас.

Синонимдес жұрнақтардың мағыналары қаншалықты жақын болса да, олар тең болмайды және мағыналық та, стилистикалық та ерекшеліктері болады.

Бір ғана мағынаны білдіретін жұрнақтармен қатар, кемі екі я онан да көп мағынаны білдіретін жұрнақтар бар. Ондай жұрнақтарды көп мағыналы жұрнақтар деп атауға болады. Мысалы: *-қақ (-ғақ, -кек, -гек)* жұрнағы етістікке жалғанып, семантикалық – грамматикалық қызметтері екі басқа екі топ сөздер тудырады. Мысалы, *майысқақ, жабысқақ, ұрысқақ* сияқты сөздер сын есім болады да, *кескек, ілгек, жөргек* тәрізді сөздер зат есім болады.

Көйлекшең, киімшең, бешпетшең сөздеріне жалғанған *–шаң, (-шең)* жұрнағы бір түрлі мағына тудырса, *тершең, кіршең* деген сөздерде басқа мағынаны білдіреді.

Жұрнақтардың ішінде дыбысталуы мен таңбалануы бірдей болғанымен, негізгі мағыналары да, туынды мағыналары да бір-бірімен байланыспайтын, ұштаспайтын, тіпті басқа-басқа біралуан жұрнақтар бар. Ондай жұрнақтар **омоним жұрнақтар** деп аталады.

Малшы, әнші, егінші, тігінші, барлаушы деген зат есімдердің бәрі *-шы, -ші* жұрнағы арқылы негізгі және туынды есім сөздерден жасалғаны сияқты, *жаншы, шаншы, өрші, аунақшы, ойнақшы* деген етістіктер *жан, өр, аунақ, ойнақ* деген зат есімдерден жасалған. *Байқа-шы, қой-шы, ем-ші, ая-шы*

сөздеріндегі, сондай-ақ, *келейін-ші, келсінші, келіңдер-ші* формаларындағы *-шы, -ші* қосымшасы етістік сөздеріне қалау,тілек, жалыну мағынасын үстеп тұрса, *бармақшы, келмекші* дегендердегі *-шы, -ші* жұрнағы мақсаттың тиянақты түрде жүзеге асырылатынына көзді жеткізе түсетін мағына үстейді.

Омоним жұрнақтардың қатарына *–ық (-ік, -қ, -к, -ақ, -ек), -ын (-ін, -н), -ыт (-іт,-т), ыл (-іл, -л), -ыс (-іс, -с), -лас (-лес, -дас, -дес, -тас,-тес), -ыр (-ыр,* -ір, -ар, -ер), -дық (-дік, -лық, -лік) және басқа жұрнақтарды қосуға болады.

Сонымен, синтетикалық (морфологиялық) тәсіл арқылы жаңа сөз тудыратын жұрнақтар:

1. Тілдің өз төл материалынан я басқа тілден енген материалдан шыққандығына қарай, *төл жұрнақтар және кірме жұрнақтар* болып;
2. Ерте я кеш шығып, қалыптасуына қарай, *көне және жаңа жұрнақтар* болып;
3. Қазіргі кезде сөз тудыру қаблеттерінің бар я жоқтығына қарай, *тірі жұрнақтар және өлі жұрнақтар* болып;
4. Құрамындағы морфемалардың дара я күрделі болуына қарай, *жалаң жұрнақтар және күрделі жұрнақтар* болып;
5. Мағыналық жағынан бір я бірнеше мағынаны білдіруіне қарай, *дара мағыналы (моносемиялық) және көп мағыналы (полисемиялық) жұрнақтар* болып;
6. Мағыналарының жақындықтарына қарай, *мағыналас, синоним жұрнақтар* болып;
7. Айтылуы мен жазылуы бірдей бола тұра, мағыналары бір-бірінен алшақ *омоним жұрнақтар* болып;
8. Қазіргі кезде сөз тудыру жағынан өнімді я өнімсіз болуына қарай, *құнарлы жұрнақтар және құнарсыз жұрнақтар* болып бөлінеді.

50-жаттығу. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөз тұлғаларын тауып, құрамындағы жұрнақтардың қай категорияға жататынын, түрлерін анықтаңыздар.

1)Қолындағы кескегін ырғытып жіберіп, Желдібай орнынан қарғып тұрды (Б. М.) 2) Қаз-қатар киіз үйлер көрінді, түтіні сылаң қаға шұбатылып, ошақтарда от маздайды (С. Ж.). 3) Біз бәріміз де заман алдындағы жауапкершілігімізді түсінуіміз керек (С. Ш.). 4) Көшті жайлауға жөнелтіп жіберді де, Есеней мен Ұлпан қыстау салатын жер көруге жүріп кетті (Ғ. Мұст.).5) Мәрзия көзі ілініп, әдемі түс көріп, ұйқтап бара жатып шошып оянды (Ш. М.).
6) Ақтоты көңілденіп, ел қатарлы қалжыңнан құр қалмай отырды (Б. Т.). 7) Құлаштап сермелген әлпеншекке Абай мен Тоғжан кезек-кезек биіктеп түсіп, теңселіп тұрып, ән шырқасты (М. Ә.). 8) Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын қазақтың келістірер қай баласы (Абай). 9) Абай шешесіне риза боп қуанып кеп, бұрынғы бір кішкентай күніндегі еркелігіне басты. (М. Ә.).

А н а л и т и к а л ы қ т ә с і л деп (*грек тілінің analytikos – «анализдің нәтижесінде жасалған, «ажыратушы»* деген сөзінен шығып қалыптасқан термин) **түбір я туынды сөздерді біріктіру, қосарлау, тіркестіру арқылы жаңа сөз жасау тәсілін айтады.**

Қазақ тілінде аналитикалық тәсілдің мынандай ішкі түрлері бар: 1) біріктіру тәсілі 2) қосарлау тәсілі 3) тіркестіру тәсілі 4) қысқарту тәсілі.

Б і р і к т і р у т ә с і л і . Бұл тәсіл бойынша түбір морфемалар, немесе, түбір мен негіз өзара қосылып, жаңа сөз жасалады. Біріккен сөздердің қатарына семантикалық тұтастығымен де, морфологиялық тұтастығымен де, синтаксистік тұтастығымен де сипатталатын қазақ тіліндегі *отағасы, тасбақа, шекара, әлдекім, әрқашан, саяжай, тікұшақ, балмұздақ* тәрізді сөздер енеді. Құрастырушы сыңарларының әрі фонетикалық өзгерістерге ұшырауынан, әрі ықшамдалуынан жасалған *апар (алып бар), әкел (алып кел), биыл (бұл жыл), білезік (білек жүзік)* тәрізді сөздерді тарихи тұрғыдан алғанда ғана біріккен сөздердің қатарына жатқызуға болады. Қазіргі тілдің тұрғысынан алғанда бұл сөздер *(апар, әкел, бүгін, биыл, білезік* және т. б. осы тәріздес сөздер) өзін құрастырушы сыңарларға ажыратылмайтын сөздер ретінде ұғынылады. Алғашқы екі түбірдің бірігуінен жасалып, тілдің даму барысында сыңарлары дыбыстық және мағыналық өзгерістерге ұшырап, соның нәтижесінде ол сыңарлардың бір-біріне әбден кірігіп, сіңісуінен жасалған сөздер бір екпінге бағынады да, құрамындағы дауысты дыбыстар сингормонизм заңы бойынша не біркелкі жуан, не біркелкі жіңішке болып, барлық жағынан жалаң сөздерге тән қасиеттерге ие болады.

Қ о с а р л а у т ә с і л і . Қосарлау тәсілі де түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде кең тараған тәсіл. Зерттеушілер қос сөздерді *қайталама қос сөздер* және *қосарлама қос сөздер* деп екі үлкен топқа бөліп қарайды. Қайталама қос сөздер белгілі бір сөздің екі рет қайталануы немесе, сол сөздің бір (не бірнеше) дыбысының өзгеріп қайталануы арқылы жасалады. *Мысалы: қора-қора, биік-биік, көре-көре, сөйлей-сөйлей, бетпе-бет, ауызба-ауыз, бес-бестен, шай-пай, ет-мет т. б.*

Қайталама қос сөздер бір сөздің қайталана қосарлануынан жасалса, қосарлама қос сөздер әрбасқа екі сөздің қосарлануынан жасалады. *Мысалы: әке-шеше, ауыл-аймақ, тау-тас, дәм-тұз, құрт-құмрысқа, ілгерінді-кейінді, ұрыс-керіс, қырып-жойып т.б.*Қосарлама қос сөздер мағына жағынан ыңғайлас, морфологиялық жағынан тектес, синтаксистік жағынан теңдес сөздерден (компоненттерден) құралады. *Мысалы: әке-шеше, әне-міне, алты-жеті, алды-арты, үсті-басы, ойнап-күліп* деген сөздерді алсақ, олардың әрқайсысының компоненттері, біріншіден, мағына жағынан бір-біріне орай, ыңғайлас сөздер болса, екіншіден, морфологиялық төркіні жағынан да біртектес, демек, белгілі бір ғана сөз табына тән әрі формалары біркелкі сөздер.

Сыңарлары морфологиялық жағынан біртектес, синтаксистік жағынан өзара теңболатындықтан, қосарлама қос сөздердің мағынасы құрамындағы екі

компоненттің де мағынансын бірдей қамтиды да, жалпылау, топшылау, жинақтау, болжалжау, мөлшерлеу тәрізді ұғымдарды білдіреді.

Сөздердің қосарлануы арқылы берілетін мағыналар алуан түрлі. Солардың негізгілері мыналар:

1) Жинақтық я жалпылық мағына: *кәрі-құртаң, көйлек-көншек, тау-тас, жан-жануар, шыбын-шіркей, аяқ-табақ т.б.*
2) Жіктеу, даралау мағынасы: *алдын-ала, лек-легімен, бас-басына, кімде кім т.б.*
3) Болжалды мағына: *бүгін-ертең, он-он бес, жүре-бара, жата-жастана т.б.*
4) Амалдың, іс-әрекеттің қайталану мағынасы: *сөйлей-сөйлей, көре-көре, айта-айта, т.б.*
5) Сын мен сапаны күшейту мағынасы: *қып-қызыл, үп-үлкен, жап-жарық, тап-тұйнақтай, т.б.*

Т і р к е с т і р у т ә с і л і . Бұл тәсіл арқылы сөз жасалғанда, сөз тіркестері ұзақ уақыт қолданыла келе сыңарларының мағыналары кірігіп, бір мағынаға көшеді. Бірақ олар өзінің сөз тіркесі кезіндегі бөлек жазылу қалпын сақтайды. Мысалы: *тас жол,ортан жілік, оқ жылан, он алты, екі жүз алпыс бес, қара торы, сары ала, кіріп шық, алып кел, қол қой, ән сал* сияқты сөздердің әрқайсысы біртұтас лексикалық мағынасы бар сандардың, сындық белгілердің, түр-түстің, қимылдың атаулары. Бұл күрделі сөздер бір ғана сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесінің қызметін атқарады. Сөз түрлендіруші қосымшалар олардың соңғы сыңарларына ғана жалғанады. Тіркесу тәсілінің тілдің әр сөз табының сөзжасам жүйесінен алатын орны әртүрлі. Бұл тәсіл қазақ тілінде , әсіресе, сан есімдер мен етістіктердің сөзжасамында негізгі тәсіл болып саналады. Миллионға дейінгі сан есімдер, негізінен, тіркесіп қолданылатын аса көп мөлшердегі күрделі сандардан тұратын болса, етістіктің сөзжасамында отызға жуық негізгі түбір етістік өзінің алдындағы етістік сөздеріне тіркесіп, олардан күрделі қимылды білдіретін күрделі етістіктер жасайды.

Тіркесу арқылы сөз жасау тәсілінің өзіндік моделі бар. Бұл модельде негізгі рольді тірек сөздер (компоненттер) атқарады және олар бірнеше күрделі сөздің жасалуына негіз болады. *Мысалы: қара ала, қызыл ала, сары ала, қоңыр ала* деген тіркестерде *ала* сөзі тірек сөз болса, *қара торғай, боз торғай,суық торғай* дегенде – *торғай, он бір, он екі, он үш ...* дегендерде *он* сөзі тірек сөз болып тұр.

Қ ы с қ а р т у т ә с і л і - әралуан әлеуметтік, қоғамдық ұйымдардың, мекеме және мемлекеттік құрылымдардың аттарын қысқартып, ықшамдап айту, жазу мақсатына байланысты туындаған қазақ тілі үшін жаңа тәсіл. Қысқарту тәсілі мынандай жолдармен жасалады:

1) күрделі атаулардың құрамындағы әрбір жеке сөздің тек басқы дыбыстары алынып жазылады. *Мысалы: ҚР- Қазақстан Республикасы, АҚШ-Америка құрама Штаттары, ІІМ-Ішкі Істер Министрлігі, АК-Акцианерлік қоғам);*

2) күрделі атаулардың құрамындағы алғашқы сөздің бірінші буыны мен соңғы сөздің басқы дыбыстарынан, не басқы буындарынан қысқартылып алынады. *Мысалы: ҚазМК, ҚазҰМУ;*

3) күрделі атаудың құрамындағы әрбір сөздің алғашқы буындарынан қысқартылады. Мысалы: *Қазатком-казақ атқару комитеті, кеңшар-кеңестік шаруашылық, партком-партия комитеті;*

4) күрделі сөздің құрамындағы бірінші сөздің алдыңғы буыны мен соңғы сөздің тұтас айтылуынан, сондай-ақ күрделі тіркес құрамындағы бір не бірнеше сөздің алдыңғы буындары мен бас дыбыстарынан, не тұтас сөздерден қысқартылып алынады. *Мысалы: Евроодақ, Казкомбанк, педколледж, медпункт;*

Мұндай жолмен қысқартылған сөздердің қай түрі болмасын, тіл практикасында біртұтас термин ретінде қабылданып, оларға жалғау, жұрнақтар сызықша арқылы жалғанады. Тілде экономия мақсатында қолданылатын шартты қысқартулар да бар. *Мысалы: кг-килограмм, см-сантиметр, мыс. – мысалы, т.б.- тағы басқа.*

Сөз жасамның лексика – семантикалық тәсілі. Бұл тәсіл белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, көп мәнді, ең бастысы, омонимдік қатарда келуі арқылы жасалады. Сондай-ақ, кейбір сөздердің о бастағы мәнін жоғалтуы, не болмаса, мағынасы әлсіреп, басқа бір сөз табының қатарынан орын алуы да осы тәсілге жатады. Тіл білімінде мұндай құбылыс *прономинализация* деп аталады. Мысалы, *Біреу ән салып отыр* деген сөйлемдегі *біреу* сөзінің алғашқы, негізгі мағынасы *–бір*-сандық мағына болса, келе-келе бұл сөз *«әлдекім, белгісіз адам*) деген мағынадағы есімдікке айналған . *Бұлақтың басы, көлдің жағасы, таудың етегі,үстелдің аяғы, екі аяқты мотоцикл, ұшақтың қанаты, алты қанат ақ үй* деген тіркестердегі *бас, жаға, аяқ, етек, қанат* сөздерінің мағыналары да осындай мағына ауысу жолмен жасалған.

Сөйтіп, жоғарыда қарастырылған үш түрлі негізігі сөз тудыру тәсілімен жасалған жаңа мағыналы сөздер құрамына қарай, ең әуелі, **жалаң сөздер және күрделі сөздер** болып екі топқа бөлінеді. Жалаң сөздер іштей **түбір сөз және туынды сөз** болып бөлінсе, күрделі сөздер ішінара **біріккен сөз, кіріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз** болып бөлінеді.

Тілдегі қолданылып жүрген сөздердің сыртқы көрінісіне қарай топталуын сөз тұлғалары дейді.

Қазақ тіліндегі сөздер тұлғасына қарай мына сияқты бес түрге топталады: 1) түбір сөз, 2) туынды сөз, 3) қос сөз, 4) біріккен сөз, 5) қысқарған сөз.

Сөз тұлғасы деген түсінікке сөздің түлғалық көрінісін түрлендіретін, түбір сөзге жалғанатын қосымшалар да енеді. Бірақ бұлар — сөз емес, сөз бөлшектері, сөздің морфологиялық құрамы.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Жұрнақтар дыбыстық құрамы жағынан қалай бөлінеді ?*
2) *Синонимдес жұрнақтар деп қандай жұрнақтарды айтады ?*
3) *Омонимдес жұрнақтар деп қандай жұрнақтарды айтады ?*
4) *Синтетикалық тәсіл арқылы жаңа сөз тудыратын жұрнақтар қандай топтарға бөлінеді ?*
5) *Аналитикалық тәсіл деп қандай тәсілді айтады? Аналитикалық тәсіл ішінен қандай топтарға бөлінеді ?*
6) *Біріктіру тәсілі деп қандай тәсілді айтады ?*
7) *Қосарлау тәсілі деп қандай тәсілді айтады ?*
8) *Сөздерді қосарлап қолданғанда, сөз сыңараларының мағынасы қалай өзгереді ?*
9) *Қандай тәсіл тіркестіру тәсілі деп аталады ?*
10) *Тіркестіру тәсілінің моделі, тірек сөздер дегендеркандай сөздер?*
11) *Қысқарған сөздер қандай жолдармен жасалады ?*
12) *Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі деп қандай тәсілді айтады*
13) *Сөз тұлғалары деген не ?*
14) *Қазақ тілінде сөздер тұлғалық ерекшелігіне қарай нешеге бөлінеді ?*

51- жаттығу: Сөйлемдерден аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөз тұлғаларын тауып, түрлеріне қарай талдау жасаңдар.

1)Үй іші бірталай жым-жырт отырып қалды (М. Ә). 2) ЕҚЫҰ – ның Астана Саммитінің алдында күрделі саяси және әлеуметтік міндеттерді шешу тұрды («Егемен Қазақстан»). 3) «Қос шалқар» – қос босағаға орнатқан күміс бағана тәрізді екі көл (Ғ. Мұст.).4) Ол туған жерде демалуды, сөйтіп денсаулығын түзеп алуды ойлаған еді (С. Бақ.). 5) Елең-алаңнан көшкен ауыл күн қыза құм арасындағы ойдым көгалға келіп қонған еді (Ө. Қ.). 6) Құнанбай мұның сәлемін алды да, тебініп қап, жүр деді (М. Ә.). 7) «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады», - дейді халық мақалы («ҚӘ»). 8) «Қарын шашы алынбай келе жатқан халықтың анық қаскөзі, қаскөйі осылар» дейтін. (М. Ә.). 9) Үй үш қанат екен: киіз, қап-қара, тозығы жеткен, шоқпыттан жамаса да, шұрқ-шұрқ, қай тесігінен қарасаң да, дала көрінеді (Ғ. Мұст.). 10) Бұл кезде Алтын Орданың елу мың қосындарын басқарып, Қайдауға жәрдемге келген Беркенжар кенет қатты сырқаттанып қалған (І. Е.).

52- жаттығу: Сөйлемдерден лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздерді тауып, жасалу жолына түсінік беріңіз.

1)«Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының Астанада болып өткен кезекті конференциясы қоғамымыздың демократиялық сипатын тереңдетіп, еңбек адамдарының құқықтарын одан әрі кеңейту қажет деген шешім қабылдады. («Егемен қазақстан»). 2) «Арай» журналы жаңа күннің, жаңа тыныстың жаршысы. Жұлдызы биік, жүзі жарқын болсын. Алматы

көктемінің салқындау ауа райы екі-үш күннен бері маужырап тұр («Арай» журналы). 3) Бұл сәтте табиғат та қалың қардың , қалың қайғының астында жүдеп-жадап жатқан («Жалын» журналы.).

ЖАЛАҢ СӨЗДЕР

§ 41. Түбір сөз

Сөйлем ішінде бір-бірімен синтаксистік байланыста тұрған сөздер морфологиялық құрамы жағынан мағыналық бөлшектерге ажыратуға келетін түрде де және морфологиялық құрамы жағынан бөлшектеуге келмейтін түрде де қолданылады. Мысалы, *хатшы, , құғын, терезеге, ботақан* деген сөздер морфологиялық құрамына қарай бөлшектеуге келеді. Оларды *хат + шы, қу-ғын, терезе + ге, бота+қан* деп бөлшектесек, *хат, қу, терезе, бота* деген бөлшектерінің өзі белгілі нәрселер мен ұғым және қимылды білдіріп, лексикалық мағынаға ие болады. Ал *балық, сиыр, сазан, кереге, жұдырық, тауық, қарағай* сияқты сөздер морфологиялық құрамына қарай бөлшектеуге келмейді. Егер де бұл сөздерді *ба + лық, си-ыр, са+зан, кере + ге, жұдыр + ық, тау-ық, қар* немесе *қара-ғай* деп бөлшектесек, *ба, си, са, кере, жұдыр, тау,қар* деген бөлшектері ешқандай нәрсенің, ұғымның, қимылдың атауы болып, белгілі мағына бере алмайды. Сөздерді тек мағыналы бөлшектерге ғана бөлуге болады.

Бөлек алғанда белгілі нәрсенің атауы ретінде лексикалық мағынаға ие болып, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін сөз бөлшегін т ү б і р с ө з немесе н е г і з г і т ү б і р дейді.

Мағыналас, түбірлес сөздердің барлығында бірдей кездесетін, сөздерге қосымшалар жалғанғанда өзгеріссіз қалып отыратын сөздің мағыналы түп бөлшегі негізгі түбір болып саналады. Мысалы: *бас — бас + шы — бас + тық — бас + қар — бас + қар+ ма — бас + сыз — бас + сыз + дық.*

53-жаттығу. Төмендегі берілген сөздердің ішінен түбірлес сөздерді теріп, бірінің астына бірін көшіріп жазыңдар да, негізгі түбірін бөліп көрсетіңдер.

Егін, жұмыссыз, жер, су етікші, ойын, қамыс, ек, тарақ, жұмысшы, таулы, ойыншық, етіксіз, тершең, бастық, жұмыскер, ойнаған, егінші, сушы, ән, ерін, сусыз, терлік, жұмбақ,терең,ойық.

§ 42. Туынды сөз

Негізгі сөздік қорға жататын түбірлік сөздерден жаңа мағыналы сөздер жасалып тілдің сөз байлығының өсіп, дамып отыруы—тілдегі үнемі болып

отыратын табиғи құбылыс. Мысалы, *біл* деген етістікке ***-ім*** жұрнағын жалғап, *білім* деген есім сөзін тудыруға болады.

Негізгі түбір сөзге жұрнақ жалғау арқылы жасалған жаңа мағыналы сөзді т у ы н д ы т ү б і р немесе т у ы н д ы с ө з дейді.

Негізгі түбірге жұрнак жалғап, туынды түбір жасау — жаңа сөз тудырудың негізгі амалының бірі. Қазақ тілінің жалғамалылық қасиетіне байланысты туынды сөзге жалғанатын қосымшалар біреу болмай, екеу-үшеу, кейде одан да көп болуы мүмкін. Мысалы, *білімпаздық* деген туынды сөзде үш қосымша бар. Олар бірінің үстіне бірі жалғану арқылы сөздің мағыналарын жаңартқан үстіне жаңартып тұр. *Біл* — етістік, *білім* — зат есім, *білімпаз — сын есім, білімпаздық — екінші мағыналық зат* есім.

Сөйтіп, ***-ім, -паз, -дық*** жұрнақтары бір сөзге қатар жалғанып тұр.

Бір негізгі түбірге жалғанып, жаңа мағыналы туынды сөз тудыратын жұрнақтардың барлығы бірдей жоғарыдағы сияқты бірінің үстіне бірі жалғанып келе бермейді. Бір түбірге жалғанатын бірнеше жұрнақ болса, олардың әрқайсысы өз бетімен түбір сөзге жалғанып дербес мағыналы туынды сөз тудырады да, бірінің үстіне бірі жалғанбайды.

Мысалы:

Бөл - бөлім, бөліс, бөлшек, бөлгіш, бөлу.
Күз - күзгі, күздік
Тұз - тұзда, тұзды, тұздық, тұзсыз, тұзшы.
Талап - талапты, талапсыз, талаптан.

Негізгі түбірге әр түрлі жұрнақтар жалғану арқылы жасалған түбірлес сөздердің бәрі бірдей бір топқа қатысты болмай, жасалуына және мағыналарына қарай өз ішінде жіктеліп, топталып отырады. Мысалы:

Біл - *білім - білімпаз - білімпаздық ;*
білімді - білгіш - білімсіз ;
білу - білуші;
білдір - білдірт - білдірткіз

Бұлардың бірінші жолдағыларының мағынасы заттық ұғыммен байланысты болса, екінші жолдағылар сындық ұғыммен байланысты. Үшінші жол әрі қимылдық ұғым, әрі субстантивтенген ұғыммен байланысты. Ал төртінші жолдағылар тек қимылмен ғана байланысты және бұлардың мағыналары бір-біріне өте жақын, білу қимылын істі істеушінің өзі емес, өзге біреу арқылы істететіндігін білдіреді. Жаңа сөз тудыруға негіз болатын үнемі негізгі түбір бола бермейді, көптеген жағдайда жұрнақтарды туынды түбірге жалғау арқылы да бірнеше жаңа мағыналы туынды сөз тудыруға болады.

Негізгі түбірлері сыртқы тұлғалық жағынан ұқсас болған сөздердің барлығы бір негізден, бір сөзден шыққан деп түсінуге болмайды. Қазақ тілінде тұлғалық көрінісі бірдей, мағыналары әр түрлі омоним сөздер көп. Осы омоним сөздерден жасалған туынды сөздердің түбірлері тұлғалық жағынан бір сияқты болғанымен, мағыналық жағынан әр түрлі сөз болып келеді.

Мысалы: *кірлі, кірсіз, кірлеу* деген сөздер мен *кіріс, кіру* деген сөз-дердің негізгі түбірі *кір* болғанымен, олар бір сөзден шыққан түбірлес сөздер емес. Алдыңғы үшеуі бір түбірден жасалған. Олардың түбірі -*кір.* Бұл — сындық ұғым беретін сөз, оның синонимі -*лас,* антонимі — *таза.* Келесі екі сөздің де негізгі түбірі — *кір.* Бірақ мұның мағынасы өзге. Бұл — қимылды білдіреді, етістік сөз, бұның антонимі — *шық.*

54-жаттығу. Туынды түбір жасап тұрған жұрнақтарды сызықша арқылы бөліп жазыңдар.

Бесінші, малды, сусыз, шегеле, өнерпаз, қайратты, ақта, жұмыс, аудандық, әлеуметтік,капитализм, ойыншық, оқыт, бөлім.

55-жаттығу. Сөйлемдерден туынды түбірлерді тауып, туынды мағына жасаушы жұрнақтардың астын сызыңдар.

1)Қысқы үйлерге ерте қонып алудың себебі енді ашылды (Ғ. Мүсір.). 2) Шалқыған шаңқай түс кезінде адамның көлеңкесі де саялауға жер таппай, бауырыңа кіріп кетеді (Ғ. Мұс.). 3) Мен қолымнан келсе оларды ақтаушы, жақтаушының да бірі болар едім (М. Ә.). 4) Әрбір қыбыр еткен дыбысқа, ағаштың сыбдырына құлақ түріп, үріккен қояндай елеңдейді (Т. А.). 5) Мен Сырдың арғы бетінде отыратын егінші ауылдың тұрмысымен таныстым (С. М.). 6) Бұлар он екі, он бес үйден үш жерге бөлініп отырған екінші ауылдар еді (М. Ә.).

56-жаттығу. Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді тауып, олардың қөай сөз табына жататынын ажыратыңдар.

1.Шабар жас шағында осы ортаның айбынды қолбасы, батыры болған. Ол кезде маңайдағы ел атағынан шошитын. Тыным-тыныштықты білмеген, барымта, соғыс десе – алағызып қолды-аяққа тұрмайтын қызулы жас болыпты. Шабар мықтылық, батырлығының үстіне ауызға ілінген найзагер болды десетін (М. Ә.).

2. Қарағол қырғынының хабары Қарқараға жеткенде, қалың елдің қан жиынының ортасына зеңберек оғы түскендей әсер етті. Жат хабар жайлау-жайлаудың барлығына кешке жақын бір мезгілде тиіп еді. Ел ерсілі-қарсылы шабысып, кешкі жайылыста жүрген жылқыдан дамылсын-дамыл топ-топ ат, айғырлар ұсталып, ерттеліп жатты (М. Ә.).

КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР

§ 43. Күрделі сөздер жайында түсінік

Күрделі сөз деп кемінде екі я онан да көп дара сөзден (жалаң я туынды түбірлерден) **құралып, ырғақ жағынан бір ұдай, лексика-семантикалық жағынан біртұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлесіп тұрақталған құрама сөздерді** (я сөз тіркестерін) айтады. *Мысалы,бүгін, биыл, ағайын, қолғанат, бүгін-ертең, ағайын-туыс, айта отыр, қол қой, темір жол, бас киім, ала жаздай, құр алақан, жалаң аяқ, жеті қарақшы,көз бояу, сол себепті, сөйте тұра* сияқты сөздердің бәрі де күрделі сөздерге жатады.

Қазақ тіліндегі күрделі сөздер , сыртқы кескін-тұрпатына қарай я **біріккен** я **қосарланған**, я **тіркескен** (құрама) сөздер түрінде кездеседі.

§ 44. Қос сөздер

Тілде жаңа мағыналы сөз тудырудың бірнеше тәсілі бар. Казақ тіліндегі сөзден сөз тудырудың өнімді амалының бірі — екі сөзді қосарлап қолдану. Бір сөзді екі рет қайталап айту арқылы немесе екі түбірді бір сөз ретінде қосарлап айту арқылы да қос сөз жасауға болады. Мысалы: *мезгіл-мезгіл, айта-айта, ата-ана, кемпір-шал, үлкенді-кішілі, бақа-шаян, жан-жануар, қолма-қол.*

Сөйтіп, **сөздердің косарланып айтылып, бір ұғым ретінде қолданылуынан жасалған сөздерді қ о с с ө з д е р** дейді.

Қос сөздердің құрамындағы сыңарлары (компоненттері) я бір сөздің өзінің ешқандай өзгеріссіз қайталануынан, я оның бір сыңарының , не бір буынының, не бір дыбысының өзгеріп жамалуынан құралады немесе морфологиялық жағынан біртектес я синоним, я антоним сөздерден салаласып құралады.Осы ерекшеліктеріне қарай, қос сөздердің сыңарлары мағыналық жағынан я бірдей, я пара-пар болады да, синтаксистік жағынан я ұқсас, я тепе-тең болып келеді.

Сөзді қайталау және қосарлау тәсілінің мағыналық ерекшелігі мынада: сөзді қайталап қолданудан сөздің неше алуан жаңа формалары жасалғанымен лексикалық түсінігі өзгермейді, яғни жаңа сөз тумайды. Ал, сөздерді қосарлап қолданудан туған күрделі сөздердің ішінде грамматикаланған да, лексикаланған да тіркестер болады.

Қос сөздер ең алдымен қ а й т а л а м а қ о с с ө з д е р және қ о с а р л а м а қ о с с ө з д е р деген үлкен екі салаға бөлініп қарастырылады.

Қ а й т а л а м а қ о с с ө з д е р белгілі бір сөздің я қосымшасыз, я қосымша жалағанған түрінің екі рет қайталануы арқылы , я сол сөздің не бір (я бірнеше) дыбысының, немесе бір буынының өзгеріп қайталануы арқылы жасалады. Мысалы: *қора-қора, үлкен-үлкен, бара-бара, сөйлей-сөйлей, таудай-таудай, үй-үйге, өзді-өзі, бес-бестен, қолма-қол, сарт-сұрт, ап-ашық, т.б.*

Қ о с а р л а м а қ о с с ө з д е р лексикалық мағынасы басқа-басқа екі түрлі сөзден құралады. Мысалы: *ата-ана, үлкен-кіші, ертелі – кешті, жиырма – отыз, ол-пұл, қарғап-сілеп, сүріне-жығыла, жатса-тұрса, ілгері – кейін, іші-сырты т. б.*

Сыңарлары (компоненттері) морфологиялық жақтан біртектес, синтаксистік жағынан өзара тең болғандықтан, қосарлама қос сөздердің мағынасы

құрамындағы екі сыңарының да мағынасын бірдей қамтиды да, жалпылау, топшылау, жинақтау, болжалдау, мөлшерлеу тәрізді ұғымдарды білдіреді.

Сыңарларының мағыналық дербестігі болу я болмауы жағынан алғанда, қосарлама қос сөздердің өздері де біркелкі емес. Мысалы: *құрбы-құрдас, шыбын-шіркей, қауіп-қатер, жығыла-сүріне, ұрмай-соқпай* деген қос сөздердің екі сыңарларының да дербес лексикалық мағыналары бар. Ал, *жаман-жәутік, тоқты-торым, қойшы-қолаң, әуре-сарсаң, жылап-сықтап* дегендердің бір сыңарларының дербес лексикалық мағыналары жоқ, я олар әлсіреген. Сонымен қатар тілімізде екі сыңарының да дербестігі жоқ *алба-жұлба, алай-түлей, астан-кестен, тым-тырақай, бұлқан-талқан, қыран-топан* сияқты қос сөздер де бар.

Сөйтіп, қосарлама қос сөздер сыңарларының дербестігі бар я жоқтығына қарай: **екі сыңары (компоненті) да бірдей мағыналы қос сөздер** (мәндес қос сөздер, қарсы мәндес қос сөздер), **бір сыңары (компоненті) мағыналы, бір сыңары (компоненті) мағынасыз қос сөздер** (сыңар мәндес қос сөздер), **екі сыңары (компоненті) да бірдей мағынасыз қос сөздер** болып бөлінеді.

Осыған байланысты қос сөздер мағыналық және тұлғалық жағынан түрлі-түрлі болып келеді де, мына сияқты бес топқа жіктеледі:

1. Мәндес қос сөздер. Бір-біріне мағыналық жағынан жақын екі түбір сөз қатар қолданылады да, әрбір сыңарларының мағыналарын ішіне алатын жалпылық ұғым беретін үшінші бір жаңа мағыналы сөз жасалады.
Бұл сияқты **жалпылық мағына беретін қос сөздердің сыңарлары өзара мағыналық жағынан өте жақын болғандықтан мәндес қос сөздер** деп аталады.

Мысалы: *салт-сана, ата-ана, ер-тоқым, құрт-құмырсқа, аяқ-табақ, қағаз-қарындаш, әке-шеше.* Бұл келтірілген кос сөздердің сыңарларының жеке тұрғандағы беретін мағыналары бір-біріне тетелес, мәндес бола тұрса да, әрқайсысының өзіндік мағыналық дербестігі бар.

Ер деген бір түсінік болса, *тоқым деген* — екінші түсінік. Ал *ер-тоқым* дегенде бір ғана *ер* емес және бір ғана *тоқым* емес, сол екеуін ішіне алатын, атты ерттеп міну үшін керекті құралды жалпылай атайтын үшінші бір жаңа мағыналы сөз жасалады.

2. Қайшы мәндес қос сөздер. **Жеке тұрғандағы мағыналары қарама-қарсы антоним сөздер қосарланып айтылып, үшінші бір жаңа мағы-налы сөз жасалса, ондай қос сөздерді қайшы мәндес қос сөз** дейді.
Қайшы мәндес қос сөздердің әрбір сыңарларының мағынасы бір-біріне қарама-қарсы бола тұрса да, қосарланып айтылғанда, екеуінің де мағынасын ішіне алатын, жалпылық ұғым беретін үшінші бір жаңа сөз жасалады.
Мысалы: *күні-түні, үлкенді-кішілі, қызылды-жасылды, азды-көпті, ілгерілі-кейінді, ұзынды-қысқалы.*

Қайшы мәндес сөздер тұлғалық жағынан сөздердің бастапқы тұлғасында да, қосымшалы тұлғасында да қолданыла береді. Мысалы: *үлкен-кіші, үлкенді-кішілі; жуан-жіңішке, жуанды-жіңішкелі; әрі-бері, әрілі-берілі; аз-көп, азды-*

көпті; ерте-кеш, ертелі-кешті; алыс-жақын, алысты-жақынды; жаман-жақсы, жаманды-жақсылы, бір-біріне.

3. Қайталама қос сөздер. Бір сөздің қайталанып екі рет айтылуынан жасалған қос сөздерді қ а й т а л а м а қ о с с ө з д е р дейді.

Қайталама қос сөздер бір сөздің бастапқы тұлғасында тұрып қайталанып айтылуы арқылы да, қосымшалы күйінде тұрып қайталануы арқылы да айтылады. Мысалы: *төбе-төбе, қора-қора, шелек-шелек, бара-бара, қарай-қарай, жата-жата, ауызба-ауыз, қолма-қол.*

Қайталама қос сөздерді күшейткіш м ә н д і с ө з д е р деуге де болады. Өйткені бір оқиғаны, көбіне қимылдық процесті күшейтіп көрсету үшін бір сөзді қайталап айтамыз. Сондықтан да қайталама қос сөздер қандай сөз таптарынан, қандай тұлғадан жасалмасын етістік сөзіне тіркесіп айтылады да, етістіктегі қимылдың қалайша істелгендігін көрсетеді. Мысалы: ***Сөйлей-сөйлей*** *шешен болады,* ***көре-көре*** *көсем болады.* ***Айта-айта*** *жағым талды.*

Қайталама қос сөздер төмендегіше жасалады:

а) Атау (бастапқы) тұлғадағы түбір сөздің қайталанып айтылуы арқылы жасалады, көбіне, есім сөздерге тіркесіп айтылады. Мысалы: ***шелек-шелек*** *сүт,* ***қап-қап*** *астық,* ***қора-қора*** *қой,* ***үйір-үйір*** *жылқы.*

Қайталанып айтылып белгілі есім сөзінің алдында келіп, сол есім сөзінің бір белгісін көрсетіп, анықтауыш болған сөздер жеке айтылып сол қызметті атқара алмайды. Мысалы: *шелек сүт, қап астық, қора қой,үйір жылқы* деп айтылмайды, айтылғанның өзінде алдыңғыдай мағына тумайды.

ә) Етістіктің түбіріне көсемшенің жұрнағы жалғанып, қайталанып айтылады да, өзге бір етістік сөзіне тіркесіп жұмсалады. Қимылдық процесті күшейтіп көрсетеді. Мысалы: **қарай-қарай** *көзім талды.* ***Айта-айта*** *шаршадым.* ***Жата-жата*** *жамбасым тесілді.* ***Ұрсып-ұрсып*** *кетті.*

б) Есім сөздеріне ***-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе*** дәнекерлік қосымшалары жалғанады да, сол сөз атау тұлғада қайталанады. Мұндай қайталама қос сөздер етістік сөзіне тіркесе айтылып, етістіктегі айтылған қимылдық әрекетке істі істеуші адамның тікелей қатысы барлығын білдіреді. Мысалы: ***қолма-қол*** *бердім,* ***ауызба-ауыз*** *сөйлестім,* ***жекпе-жек*** *шықтым,* ***бетпе-бет*** *кездестім.*

в) Еліктеу сөздердің қайталанып айтылуы арқылы жасалады да, етістікке тіркесіп жұмсалады. Мысалы: *тырс-тырс, сықыр-сықыр, шіңк-шіңк, ыңқ-ыңқ.*

4. Сыңар мәнді қос сөздер. Бір сөз ретінде қосарланып жарыса айтылатын сөздердің бәрі бірдей екі жағы да мағыналы бола бермейді. Қейде қосарланып айтылатын сөздердің бір сыңары мағыналы, екінші сыңары жеке тұрғанда лексикалық мағына бермейтін сөздер болып келеді. Мысалы: *ас-мас, үй-мүй, қой-мой, сатыр-сұтыр, нан-пан, кәрі-құртаң, сүт-мүт, өте-мөте, сиыр-миыр, шай-пай.*

Сыңар мәнді қос сөздердің өзге сөздерден айырмашылығы бұлардың бірінші сынары жеке қолданыла алатын толық лексикалық мағынасы бар сөз болады да, екінші сыңары жеке колданылмайтын, дербес лексикалық

мағынасы жоқ, алдыңғы сөздің дыбыстық еліктеуіші ретіндегі сөз болып келеді.

Сыңар мәнді қос сөздердің беретін мағынасын сол сөздердің мағыналы сыңарының жеке тұрғандағы мағынасымен салыстырсақ, негізгі сөзге кемсінушілік, қомсынушылық мағынасын береді. Мысалы, *ас, шай, жылқы* деген сөздер толық өз мағынасында тұрса, *ас-мас, шай-пай, жылқы-мылқы* дегенде, сол сөздің мағынасына айтушының көңілі толмағандық ұғым көрінеді. Сөйлеуші адам көнілі толса, *ас жедім, шай іштім* дейді де, көнілі толмаса, ***ас-мас*** *жедім,* ***шай-пай*** *іштім дейді.*

Бірінші сыңары толық мағыналы, екінші сыңары сол сөздің дыбыстық еліктеуіші ретінде мағынасыз болып келген қос сөздерді с ы ң а р м ә н д і қ о с с ө з д е р дейді.

Сыңарларының бірде-біреуінен жеке тұрғанда ешқандай мағына аңғарылмайтын *абыр-сабыр, алба-жұлба, алай-түлей, астан-кестен, анда-санда, алда-жалда, әлем-тапырақ, әлем-жәлем, әңкі-тәңкі, быт-шыт, бұлқан-талқан* сияқты қосарлама қос сөздер де осы топта қарастырылып жүр.

5. Күшейткіш буынды қос сөздер. Бұны қайталама қос сөздің бір түрі деуге болады. Кайталанып айтылуға тиісті сөздің бірінші буыны алынады да, оған ***п*** дыбысы қосылып, толық мағыналы сөздің алдынан күшейткіш буын ретінде қосарланып айтылады. Мысалы, ***қара*** деген сөздің ***қа*** буыны алынып, ***п*** дыбысы қосылады да, ***қап*** түрінде негізгі сөзге тіркесіп айтылады. Сөйтіп, ***қап-қара*** деген кос сөз туады. Немесе ***оңай*** деген сөздің ***о*** деген жалаң буынына ***п*** дыбысы қосылып, ***оп-оңай*** түрінде қос сөз жасалады. Мына сөздер де солай жасалған: *қып-қызыл, жап-жақсы, түп-түзу, сап-сары, қып-қысқа, жеп-жеңіл, сұп-сұйық, ұп-ұзын, ып-ыстық.*

Күшейткіш буынды қос сөздер негізгі сөздің мағынасын күшейтіп, сын есімнің шырайлық түрін білдіреді. Мысалы: *қатты —* ***қап-қатты,*** *тәтті —* ***тәп-тәтті,*** *ауыр —* ***ап-ауыр.***

Бірқатар қос сөздердің екі сыңарының екеуі де жеке тұрғанда толық мағыналы сөз ретінде қолданылмайды да, тек қосарланып айтылғанда ғана бір сөз ретінде қолданылады. Мысалы: *оқта-текте, апыл-ғұпыл, алда-жалда, апыл-тапыл, анда-санда.*

Қос сөздер қалай жасалса да, қандай мағынада қолданылып тұрса да дефис арқылы жазылады.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Жалаң сөздер нешеге бөлінеді ?*
2) *Туынды сөз деген не ?*
3) *Күрделі сөздерге қандай сөздер жатады ?*
4) *Қос сөздер деп қандай сөздерді айтады ?*
5) *Қос сөздер өз ішінен нешеге бөлінеді ?*
6) *Мәндес қос сөздер қалай жасалады ? Мәндес сөздерді қосарлап қолданғанда, сөз мағынсы қалай өзгереді ?*

7) *Қайшы мәндес қос сөздер қалай жасалады ? Мағынасы қарама-қарсы сөздерді қосарлап қолданғанда сөз мағынасы қалай өзгереді?*
8) *Сыңар мәндес қос сөздер қалай жасалады? Мәнді, мәнсіз сыңарларды қосарлап қолданғанда, қандай мағына туындайды ?*
9) *Күшейткіш буынды қос сөздер қалай жасалады ? Күшейткіш буындарды қосарлау арқылы сөз мағынасы қалай өзгереді ?*

57-жаттығу. Төмендегі қос сөздердің сыңарларын жазып, мағыналарына түсінік беріңдер.

Қыз - ..., келін - ..., жігіт - ..., кемпір - ..., шал - ..., бала - ..., оқта - ..., әкірең - ..., қыран – ..., бірен - ..., пәлен - ..., кәкір - ..., арық - ..., абысын - ..., әуре - ..., жаман - ..., жүн - ..., жөн - ..., жеңіл - ..., көрші - ..., алба - ..., алай - ..., астан - ..., әңкі - ..., ем - ..., тоқты - ..., үйлі - ..., талан- ...,

58 - жаттығу. Мәтіннен қос сөздерді тауып, оларды мағыналық, тұлғалық түрлеріне қарай топтастырып, мағыналарына түсінік беріңдер.

Сырым батыр елден сырғып , Хиуа хандығында жүрген кезінде, бір той үстінде мақтанған Хиуаның ханы Сырымды көп алдында кемсітпек болып:
- Уа, осы қазақта ас-мас, ет-мет, жігіт-мігіт деген жалғамалы сөздер көп көрінеді, солардың мәнісі не?- деп сұрайды.
- Сұрағыңызға тойдан кейін жуап берейін,- дейді Сырым батыр.

Тойда Сырымның аты бәйгеден келеді. Жолдасы палуан күресінде жығып, бәйге алады.Тойдың ойын –қызығы бітіп, жұрт тарқар алдындағы дастарқан басында Сырым ханның манағы сұрағына былай деп жауап қайтарады:
- Уа, хан. Бізде, қазақта , той жасағанда, жұртқа қой сойып, бас пен жамбас, жылқы сойып, қазы-қарта тартады. Сусынға деп сап-салқын сары қымыз береді. Соны *ас* дейді. Ал мынандай тас табаққа салып тартқан шөп-шалаң мен сусынға деп берген көк шайды *мас* дейді. Сәйгүлікті сынайтын жарыста озып келген жүйрікті *ат* дейді. Артында қалған мәстекті *мат* дейді. Алқа топтың алдында палуанға түсіп, алып ұрған жігітті *жігіт* дейді де, жер қауып жығылған немені *мігіт* дейді. Қазақтың ас-мас, ат-мат, жігіт-мігіт деген сөздерінің мағынасы осы , ханеке.

Хан айтарға сөз таппай, жер шұқып қалады.

«Сөз тапқанға қолқа жоқ»

59 - жаттығу. Сөйлемдерден сөздерді біріктіру, қосарлау, тіркестіру арқылы жасалған сөздерді тауып, олардың жасалу ерекшеліктерін және қай сөз табына жататынынтүсіндіріңдер

1.Жұмаш темекі тартып далада тұрып қалды да Дәнеш ішке кірді. Үй толы адам: баяғының сал-серілері секілді кестелі мешпет-шалбар киген жігіттер, қос етек көйлек, қызылды-жасылды камзол киген үкілі қыздар (Қ.Жұмд.).
2.Бұлар сол күні Жылқыайдар аулына қонып шықты. Ертеңінде таңертең

Сарыбай бастаған бір топ совхозға қайтып кетті де, Жұмаштар маңайдағы шопандарды аралап, малшы қауымның жай-күйімен танысу үшін осында аялдап қалды. Орталықтан келген еміс-еміс хабарға қарағанда, Машанов ауылға аман-есен жеткен көрінеді (Қ.Жұмд.). 3. Айнала жым-жырт тыныштық. Әлдеқайдан көктем шуағына мас болған бозторғайдың шырылы талып жетеді. Аспан әлемі көгілдір шыныдай тұп-тұнық. Сонау алыс солтүстікте үлпілдеген ақ мамақ бұлттар қалықтайды (Қ.Жұмд.)

§ 47. Біріккен сөздер және кіріккен сөздер

Қазақ тілінде жаңадан сөз тудырудың сөздің түбіріне жұрнақ жалғаудан соңғы ең өнімді түрі — екі сөзді біріктіріп бір сөз ретінде жұмсау. Біріккен сөздердің қазақ тілінде қолданылмайтын орны жоқ. Біріккен сөздер: *кемпірауыз, басқұр, желбау* сияқты күнделікті қолданылып жүрген бұйым атауы түрінде де, *Ақтөбе, Жезқазған, Талдықорған, Сарыөзек, Ақсу, Қандыағаш, Екібастұз* сияқты географиялық атаулар түрінде де, *Амангелді, Есенжол, Досжан, Әлімқұл, Жолдыбай* сияқты кісі аттары ретінде де, *Темірқазық, Ақбозат, Жетіқарақшы* сияқты астрономиялық атаулар ретінде де, *жолбарыс, көксерке, аққу, қарақұс* сияқты айуанат, жәндіктердің атауы түрінде де, *қоңыраубас, итмұрын, асқабақ* сияқты өсімдік атауы түрінде де кездесе береді.

Екі сөз бірігіп бір ұғымды білдіретін біріккен сөз тудырғанда, біріккен сөздің сыңарлары әр түрлі сөз таптарынан болып келе береді. Екі сыңарының екеуі де зат есім болып келеді. Мысалы: *асқабақ, Құнанбай, балабақша, кәсіподақ, белбеу, тасбақа*. Бірінші сыңары сын, сан есім, екінші сыңары зат есім сөзі болып та келеді. Мысалы: *аққу, Ұзынағаш, Көктөбе, Жаңақорған, қараторғай, Сарыөзек, оңтүстік, Үштөбе, Жетісу, жетіқарақшы*. Бірінші сыңары зат есім, екінші сыңары етістік сөзі болып келуі де мүмкін. Мысалы: *ұлтабар, қаптесер, демалыс, атшабыс, атқамінер, Ұлмекен, Құдайберген.*

Сыңарлары мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгеріске ұшырамай-ақ, өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағына білдіретін күрделі сөзді б і р і к к е н с ө з дейді.

Біріккен сөздерді күрделі сөздер мен сөз тіркестерінен айырудың негізгі белгісі біріккен сөзге енген сөздердің бастапқы мағыналары ескерілмей, бір сөз, бір ұғым ретінде жұмсалуы шарт.

Біріккен сөздердің жігіндегі көрші дыбыстардың бір-біріне тигізген әсерінен туатын дыбыстық ықпалдар орфографияда ескерілмей, біріккен сөздердің сыңарларының жеке тұрғандағы бастапқы тұлғалары сақталып, морфологиялық принцип бойынша жазылады. Мысалы: *Жанпейіс* (Жампейіс емес), *шекара* (шегара емес), *Қонысбай* (Қоныспай емес), *Болатбек* (Болатпек емес).

Екі сөзді біріктіру арқылы сөз тудыру қазақ тілінің даму тарихында ерте заманнан келе жатқан, жаңадан сөз тудырудың ғасырлар бойында сыналған, қалыптасқан тәсілі. Оған қазіргі тіліміздегі қолданылып жүрген, сырт

қарағанда біріккен сөз екендігі білінбейтін, бір кездердегі жігі анық көрінетін екі не одан да көп сөздерден құралған, жүре-бара әрбір сыңарлары тұлғасын езгертіп кірігіп кеткен *биыл* (бұл + жыл), *бүгін* (бұл + күн), *күндіз* (күн жүзі), *құлаш* (қол аш) *көкпар* (көк бөрі), *әкел* (алып + кел), *апар* (алып+бар), *өйткені* (олай+еткені), *бүйткені* (бұлай + еткені), *сөйткені* (солай + еткені) сөздері толық дәлел бола алады.

Сыңарларының біреуі, я екеуі бірдей әуелгі мағыналарынан айырылып, фонетикалық жағынан әрқилы өзгерістерге ұшыраған, олардың бастапқы тұлғасы мен мағынасын лингвистикалық талдау арқылы ғана анықтауға болатын күрделі сөзді к і р і к к е н с ө з дейді.

Кіріккен сөздердің қалыптасуы тілдің дыбыстық жүйесіндегі әрқилы заңдарға байланысты.

Кіріккен сөздердің ішінде бас – басына мағыналары бар дербес сөздерден біріккендері де (*бел-беу, бәй - шешек, сегіз-он, көк-бөрі, қара - ала – құс, аға-іні, білек-жүзік т.б.*), дербес сөздер мен көмекші сөздерден біріккендері де (*алып-бер, ендігіден-әрі, олай – еткені т.б.*) бар.

Бір сөзге екінші сөзді біріктіру процесі — тоқтап қалған құбылыс емес, қазіргі тіліміздегі жаңадан сөз тұдырудың ең өнімді тәсілдерінің бірі. Оған тілімізде бұрын болмаған *еңбеккүн, еңбекақы, өнеркәсіп, қолжазба, мұражай, тікұшақ, балабақша, ғаламтор, балмұздақ, бағдаршам, әуежай,* деген сияқты сөздердің жасалып, көпшілігі термин ретінде қалыптасып отырғандығы дәлел.

Қазіргі тіліміздегі не бір сыңарының, не екі сыңарыныц да тұлғалары өзгере бірігіп, сол күйінде қалыптасып қалған кейбір кіріккен сөздер ғана фонетикалық принцип бойынша өзгерген қалпында жазылады. Мысалы: *бүгін (бұл күн* емес), *жаздыгүні (жаздың күні* емес), *қолғабыс (қолқабыс* емес).

Бір ұғымды білдіріп, бір сұраққа жауап беріп тұратын сөз тіркестерінің барлығы бірдей, барлық жағдайда бірге жазыла бермейді. Қазақ тілінде мына сияқты сөздердің тобы белек жазылады:

1. Бірнеше сөздерден тіркесіп тұратын күрделі жалқы есім сөздері (мемлекет, республика, облыс, мекеме, ұйым атаулары). Мысалы: *Қазақстан Республикасының Парламенті, Алматы облысы, Халық Қаһарманы, Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі.*

2. Анықтаушы-анықталушы қатынастағы сөз тіркестері. Мысалы: *темір жол, тас жол, ағаш үй, тас көпір, күре тамыр, бас киім, аяқ киім, қой қора, ат қора, қол сағат, қалта сағат.*

3. Күрделі сын есім сөздері мен күрделі сан есім сөздерінің әрбір сөзі бөлек жазылады, мысалы: *сары ала қаз, ақ сары жігіт, қара торы қыз, көк ала сиыр, құла кер ат, он бір күн, он сегіз жыл, бір мың тоғыз жүз елу тоғыз, екі жарым сағат.*

4. Күрделі етістіктердің де әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: *келе алмады, көре алмай қалды, барғалы отыр, бұлттанып келе жатыр, жүгіріп ала жөнелді, көре алмай қалып еді, құлап қала жаздап барып қалды.*

5. Есімдер мен еліктеуіш сөздер және етістіктердің тіркесуінен құралған күрделі сөздердің де әрбір сөзі бөлек жазылады. | Мысалы: *көмек ет, жәрдем*

бер, қол қой, селк етті, тарс етті, жылп етті, бас салды, көз тікті, құлақ салды.

6. Тұрақты сөз тіркестерінің әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: *қас пен көздің арасында, қарға адым жер, қырғи қабақ болу, , екі көзі төрт болу, қой үстіне боз торғай жумыртқалау, ауыз жаласу.*

60-жаттығу. Төмендегі біріккен сөздерден географиялық атауларды, одан кейін кісі аттарын, хайуанат, жәндік және өсімдік, ең ақырында, жай бұйым атауларын білдіретін біріккен сөздерді теріп жазыңдар.

Алжапқыш, Бейсенғали, Қоскөл, шекара, алабұға, баспана, Жұматай, күнбатыс, Ащысай, қосаяқ, итмұрын, атауыз, Қасқырбай, жыланқұрт, Ақоба, кезқұйрық, кереңқұлақ, жарқанат, күнбағар, Нұрәділ, коңыраубас, көкдәрі, Акмола, көксерке, Құрманбек, көртышқан, Тасқұдық, Қазанқап, Нұрсұлу, құстұмсық, жыланбас, Бозжан, Қызылорда.

61-жаттығу. Біріккен сөздерді тауып, оларды біріккен, кіріккен түрлеріне қарай көшіріп жазыңдар.

1)Соңғы шамы жылтырап Аягөзге қарай зымырап бара жатты (О. Б.). 2) Бірталай үлкендер Зере мен Ұлжанға да көп алғыс айтады екен (М, Ә.). 3) Көкшеден Әмірді Ызғұтты алып жөнелгенде, Байтас Абайға кісі шаптырған (М. Ә.). 4) Қыстаубай шал мен Тасмағанбеттің басы піспей, жанжалды көбейтіп жіберді . Небары бір аптадан кейін Жұмагүл осында келін боп түсті (Қ. Н.). 5) Біреуі қазір, міне, он үшке келген Бөрібасар, екіншісі- бұдан кіші кенжесі-ол әлі жас (М. Ә.). 6) Қызылордаға кешікпей Сәкен де келіп қалды (С. М.). 7) Қалың жұрттың арасын осылайша қақ жарған поезд Ақмешіт станциясына келіп тоқтады) С. М.). 8) Осыны айтқанда, Әлібек бар қанын ішіне тартып алған екен (Ғ. Мұст.). 9) Өзінің атағы бірсыпыра жерге жайылғанын да жаңа сезініп, көңілі көтеріңкі отыр (Ғ. Мүс.). 10) Омбыдағы санақ комиссиясына арыз беріп, Асқардың Итбай болысын таңадап алаған себебі Ботагөзді іздеп табу еді (С. М.). 11) Сарытауқұмда ойпаң жер жеткілікті, онда жатқан түйе түгілі, түрегеліп тұрғаны да көріне қоймайды («Қ Ә».). 12) Жазушы рубасшыларының екіжүзділігін де әшкерелейді (Т. А.).

§ 48. Қысқарған сөздер

Қазіргі тіліміздегі күрделі сөздердің белгілі бір тобы – қысқарған сөздер. Күрделі атау сөздердің бір алуандарының әрі қысқартылып, әрі біріктіріліп жұмсалу жолы қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде орыс тілінің әсерінен келіп туды.

Қазан төңкерісінен кейін мазмұны жағынан да, түрі жағынан да жаңа әр алуан әлеуметтік , қоғамдық ұйымдар мен мекемелер пайда болды.Сол ұйымдар мен мекемелердің аттары, әдетте, бірнеше сөз арқылы аталатын болды. Орыс тілінің ықпалына орай , қазақ тілінің де сөйлеу, жазу дағды-

сында жиі қолданылатын осындай күрделі атауларды қысқартып жазу дәстүрі туды.Осының нәтижесінде қысқарған сөздер әдеби тілдің жазбаша түрінде күрделі сөздердің белгілі бір түрі болып қалыптасты. Мысалы: *БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы, АҚШ – Америка құрама Штаттары,СОКП – Совет Одағының Коммунистік Партиясы, Обком – облыстық комитет, ауылсовет – ауылдық совет, ҚР – Қазақстан Республикасы, ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, ҚазМҰУ – Қазақтың Мемлекттік Ұлттық Университеті т.б.*

Күрделі атаулар жазу тілінде де, соның ықпалымен сөйлеу тілінде де бірде толық, бірде қысқартылып қолданылады.

Ұйым, мекеме атауларын білдіретін күрделі атаулардың қысқартылып жазылған түрлерін қысқарған сөздер (аббревиатура**) дейді.**

Қысқарған сөздер мына сияқты төрт түрлі жолмен жасалады:

1. Күрделі атауға енетін әрбір сөздің басқы дыбыстары алынады да, бас әріппен жазылады: Мысалы: ҚР - Қазақстан Республикасы, АҚШ – Америка Құрама Штаттары, РФ – Ресей Федерациясы, АҚ – Акционерлік Қоғам.

Бас әріптер арқылы қысқарған сөздерге қосымша жалғанғанда, қосымшалар соңғы әріптің айтылу әуеніне қарай жалғанып, дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: АҚШ-қа, ТМД-дан.

2.Күрделі атаулардың құрамындағы бірінші сөздің басқы буыны алынады да, кейінгі сөздердің басқы дыбыстары алынып бір сөз жасалады. Мысалы: ҚазМҰУ - *Қазақтың Мемлекттік Ұлттық Университеті* Бұлайша қысқарған сөздің алғашқы буынының бірінші әрпі және қысқартылып алынған соңғы сөздердің басқы әріптері бас әріппен бірге жазылады.

3. Күрделі атаулардың құрамындағы әрбір сөздің басқы буындары алынып, бір сөз жасалады да, біркелкі кіші әріптермен бірге жазылады. Мысалы: *кеңшар*- кеңестік шаруашылық, *филфак* – филология факультеті.

4. Күрделі атаулардың құрамындағы бірінші сөздің басқы буыны алынады да, келесі сөз толық алынып, бір сөз жасалады. Бұлар да біркелкі кіші әріптермен бірге жазылады. Мысалы: *партбилет* (партия билеті), *мединститут* (медицина институты), *педколледж* – педагогикалық колледж.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Қандай күрделі сөздер біріккен сөздер деп аталады ?*
2) *Біріккен сөздердің күрделі сөздерден айырмашылығы неде ?*
3) *Кіріккен сөздер деген қандай сөздер ?*
4) *Қысқарған сөздер ғылым тілінде қалай аталады ?*
5) *Қысқарған сөздер қандай жолдармен жасалады ?*

62-жаттығу. Берілген қысқарғған сөздерді толық күрделі атауға ай-налдырып жазындар.

ГДР, КНР, ІІМ, ҚазМұнайГаз, Қазпочта, Қазақтелеком, МАИ, ҰБТ, Ұжымшар, педкеңес, совхоз, пединститут, АҚ, студкеңес, КТК (КВН), ЖШС,ХДП.

63-жаттығу. Жалаң сөздер мен күрделі сөздерді тауып, оларды бөлек-бөлек көшіріп жазыңдар.

1)Алыс жайлауға, Құнанбай ауылдары жеткен өріске бұл өлкенің елі жете алмай қалды (М. Ә.). 2) Бұл жолдардың бойында қоңырауы күңгірлеген кіре керуені де күні-түні үзілмей ағылатын болды (Ғ. Мұст.). 3) Күн кешкіріп қалғанын Жұман жұрт тарай бастаған соң барып сезді . Қасқа бастанып алған толық ай Ақбұйрат адырына көгілдір жарығын қадай төгіп тұр (Ғ. Мұст.). 4) Кінәсіз екі мейірбан, жазықсыз екі жан Бөжейге деген көз жастарын үйлерінде отырып төкті) М. Ә.). 5) Баян Тұлпаркөгін тебініп қап, қоршауда тұрған қыз-келіншекті бір шолып өтті (І. Е.). Жазғытұрымға сай-саланы қуалай аққан қар суындай қазақ қолдары тарамданып, жан-жаққа қарай аттана бастады. Аңызық желге маңдайын сүйгізе, Әбілхайыр хан жападан – жалғыз келе жатыр (І. Е.). 6) Үйдің ішін түрлі бояумен аламыштап тастапты (М. Ә.). 7) Баласынан айырылғанын жаңа түсінген әйел, жан шырып жаралы барыстай, әлгі ноянға тап берді. Ұрыс осылай қызып жатқан кезде кенет құмды боран басталды (І. Е.). 8) Ақбала ернін ғана қимылдатты (Ә. Нұрп.). 9) Ақсақал, сіз біздің қонақсыз, алыстан кедіңіз (Ә. Әл.).

IV модуль тестері

1) Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің қарастыратын мәселесі:
   а) тілдің дыбыстық жүйесі мен дыбыстық заңдар
   в) сөйлеу тілінің стильдері с) сөз жасау тәсілдері
   d) пунктуация мәселелері е) сөз тіркестері
2) Синтетикалық тәсіл дегеніміз:
   а) сөздерді біріктіру, тіркестіру арқылы жаңа сөз жасау тәсілі
   в) сөздерді қосарлау арқылы жаңа сөз жасау тәсілі
   с) сөздің түбіріне жұрнақ жалғау арқылы жаңа сөз тудыру тәсілі
   d) сөздің лексикалық мағынасына қосымша мағына үстеу арқылы жаңа мағына туғызу тәсілі
   е) шетел сөздерін қабылдау арқылы жаңа сөз туғызу тәсілі
3) Өлі түбір немесе көнерген сөздер дегеніміз:
   а) көнерген сөздер в) тарихи сөздер
   с) жалаң түбір ретінде жұмсалмайтын, тек белгілі бір формаларда ғана қолданылатын сөздер;
   d) белгілі бір аймақтарда ғана қолданылатын сөздер
   е) кірме сөздер

4) Көнерген негіздерді көрсетіңіз:
а) көз, көр в) жем, жел с) тау, тас d) өзен, өзек е) отан, отау
5) Синтетикалық сөзжасам тәсілінің түбірден кейінгі шартты бөлігі:
а) жұрнақ в) жалғау с) модаль сөз d) шылау е) көмекші сөздер;
6) Сөз тудырушы жұрнақтар:
а) белгілі сөз табына тән, телулі болады;
в) сөз таптарына телулі болмайды с) тек есім сөздернің өзіне тән жұрнақтары болады
d) тек етістік сөздерінің өзіне тән жұрнақтары болады
7) «*Сұра-қ*», «*құрға-қ*», « *сына-қ*» деген сөздердегі « *қ* » жұрнағы:
а) амонимдес жұрнақ в) синонимдес жұрнақ с) антонимдес жұрнақ
d) көп мағыналы жұрнақ е) дара мағыналы жұрнақ
8) Жаңа сөз жасаудың аналитикалық тәсілі дегеніміз:
а) сөздерді біріктіру, тіркестіру арқылы жаңа сөз жасау тәсілі
в) сөздерді қосарлау арқылы жаңа сөз жасау тәсілі
с) сөздің түбіріне жұрнақ жалғау арқылы жаңа сөз тудыру тәсілі
d) сөздің лексикалық мағынасына қосымша мағына үстеу арқылы жаңа мағына туғызу тәсілі
е) шетел сөздерін қабылдау арқылы жаңа сөз туғызу тәсілі
9) Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөзді көрсетіңіз:
а) балапан, балдырған в) балалық, балгерлік с) балабақша, балмұздақ
d) алақай, балақай д) балалар, баланың;
10) Жаңа сөз тудырудың түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде кең тараған тәсілі:
а) синтетикалық тәсіл в) аналитикалық тәсіл с) семантикалық тәсіл
d) кірме сөздерді қазақ тілінің орфоэпиялық нормасына икемдеп енгізу тәсілі
е) осылардың бәрі
11) Түбір сөзді көрсетіңіз сөз:
а) бүлдірген в) таңқурай с) қарақат d) қымыздық е) түйетабан;
12) Туынды сөзді көрсетіңіз:
а) балдыз в) жеңге с) келін d) жиен д) нағашы
13) Мәндес қос сөзді көрсетіңіз:
а) қыз-қырқын в) келін-кепшік с) шал-кемпір d) бала-шаға
е) жігіт-желең
14) Сөйлемде неше туынды сөз бар:
Орталық ауруханаңың дәрігерлері малшыларға дәрігерлік көмек көрсетті.
а) 3 в) 4 с) 5 d) 6 е) 7
15) Біріккен сөзді белгілеңіз:
а) астық в) асхана в с) аспаз d) асқазан е) асату.
16) Қысқарған сөздерді белгілейтін тілдік термин:
а) артикуляция в) аббревиатура с) аглютинация d) диалект
е) аккомодация;
17) Кіріккен сөздер жазылған қатарды көрсетіңіз

а) сырла, боя в) ақта, шегеле с) әкел, әкет d) түсіндір, иландыр
е) дем ал, тынық

18) «Лингвистика» терминіне сәйкес келетін сөз тіркесі
а) дыбыс жүйесі в) сөз мағынасы с) сөйлем мүшесі
d) тіл білімі е) сөз таптары

19) Түбірі дыбыстық өзгеріске түскен біріккен сөздер жазылған қатарды көрсетіңіз.
а) Тазқарын, тоқішек в) Балаба, кемпірқосақ
с) Биыл, бүгін d) Әркім, әлдекім е) келсап, өткел

20) Біріккен сөзді көрсетіңіз.
а) кәрі (жас) , құрт (құмрысқа) в) Ерке (қыз), еркек (шора)
с) Ақ (сұр), көк (ала) d) Бас (бұзар), тоқ (ішек)
е) Жүре (бер), ән (сал)

21) Біріккен сөзге жатпайтын сөздер жазылған қатарды көрсетіңіз.
а) Тас бақа в) Қос аяқ с) Көр тышқан d) Ақ көгершін
е) Қара торғай

22) Сыңарларының мағыналары жақын қос сөзді көрсетіңіз.
а) қуғын-сүргін в) қоқан-лоқы с) ертелі –кеш d) үсті-үстіне
е) у-шу

23) Мағына ауысу бойынша әр түрлі сөз табы ретінде қолданылатын сөздер жазылған қатар.
а) Мен, ол в) Ара, жаға с) біз, біреу d) су, жел е) түс, түр

24) Өлі түбір немесе көнерген негіздер арқылы жасалған түбірлес сөздерді көрсетіңіз.
а) Аяқ, адым, атта в) Қалақай, қалалық с) Жылқы, жылан
d) кездік, кездеме е) Балық, балапан

V модуль

МОРФОЛОГИЯ

§ 49. Сөз және оның морфологиялық құрамы

Ұжымдық еңбек процесінде адам баласының өзі түсінген, сыр-сипатын танып заттарға, қоғамдық құбылыстарға түр-түс, сан-сапа, қимылдық түсініктерге берген атауын с ө з дейді.

Сөз — тілдегі лексикалық ұғымға ие болатын дыбыстық тіркес.

Әрбір сөздің білдіретін ұғымын с ө з д і ң м а ғ ы н а с ы дейді.

Сөздің лексикалық мағынасы белгілі морфологиялық тұлға арқылы көрінеді. Сөйлем ішінде қолданылатын сөздердің беретін мағыналарымен қатар тұлғалық көрінісі, белгілері де болады. Сөздің морфологиялық

құрылымы – морфологияның маңызды мәселелерінің бірі, өйткені қазақ тілінде сөздер сөйлем ішінде әр түрлі құрамда қолданылады. Әдетте сөйлемдегі сөз бірнеше мағыналы бөлшектерден тұрады. Ол мағыналық бөлшектер м о р ф е м а л а р деп аталады. Морфемелар н е г і з г і м о р ф е м а л а р және к ө м е к ш і м о р ф е м а л а р болып екіге бөлінеді.

Сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін лексикалық мағынасы бар ең кіші бөлшегін н е г і з г і м о р ф е м а дейді. *Мысалы: ат, ақ, бөл, бар, кел, кет, жас, өс, тоқ, соқ, шал т. б.* Бұл сөздерді ары қарай бөлшектесе, мағыналары жойылып, сөз болудан қалады.

К ө м е к ш і м о р ф е м а л а р деп өздігінен жеке тұрып қолданылмайтын, сөйлем ішінде сөздің құрамында келіп, оған түрлі грамматикалық мағына үстейтін морфемаларды айтады.

Көмекші морфемалар өз ішінен қ о с ы м ш а л а р мен к ө м е к ш і с ө з д е р г е бөлінеді. *Мысалы, Мен Алматыға оқуға келдім. Мен Алматыға оқу үшін келдім* деген сөйлемдердегі *-ға* – қосымша (барыс септік жалғауы) да, *үшін* көмекші сөз (септеулік шылау). Қосымшалар г р а м м а т и к а л ы қ м а ғ ы н а т у ғ ы з а т ы н қ о с ы м ш а л а р және с ө з ж а с а м д ы қ қ о с ы м ш а л а р болып екіге бөлінеді. *Мысалы, балалар* дегендегі *–лар*-көптік жалғауы, көптік грамматикалық мағына туғызатын болса, *балалық* дегендегі *-лық* – жаңа сөз туғызатын сөзжасамдық қосымша .

Ендеше, сөздің тұлғалық өзгерісі негізгі екі жолмен болып отырады: 1) қосымшалар арқылы, 2) сөздердің тіркесіп айтылуы арқылы.

Ек, егін, егінші, егіншілер, егіншілерге деген сөздерді алатын болсақ, бұл сөздердің өзара бір-біріне мағыналық жақындығы бар. Олар бір негізден, жаңа сөз жасауға ұйтқы болатын *ек* деген қимылдық ұғым беретін түбірден жасалып тұр. Бұлардың бір-бірінен мағыналық жағынан да, тұлғалық (сыртқы көрінісі) жағынан да айырмасы бар. Бұлардың бірінші үшеуінің мағыналары да, тұлғалары да ерекше. *Ек* қимылды білдіреді, *егін* сол қимылдың нәтижесінен туған заттық атауды білдірсе, *егін + ші* белгілі кәсіптің түрімен айналысатын адамды білдіреді. Ал қалғандарының негізгі мағынасына өзгеріс енбей, грамматикалық мағыналары ғана өзгерген.

Қазанқап, қазан-ошақ деген сөздерді алатын болсақ, *қазан+қап* дегенде екі сөзді біріктіріп айту арқылы жаңа сөз жасалып тұрса, *қазан-ошақ* дегенде екі сөзді қосарлап қатар айту арқылы екеуінің де мағыналарын ішіне алатын жалпылық ұғым тудыратын сөз жасалып тұр. Бұрын тұлғалық жағынан дара сөздер енді күрделі бір сөз болып өзгерген.

С Ө З Т А П Т А Р Ы

§ 50. Сөз таптары туралы жалпы түсінік

Тілде қолданылатын сөздер көп. Әрбір сөздің өз алдына беретін дербес мағынасы болады. Сөйте тұрса да, тілдегі қолданылып жүрген сөздер лексикалық мағыналары, тұлғалық белгілері жағынан және сөйлемдегі атқаратын қызметі жағынан өзара бір-біріне ұқсас бірнеше топтарға жіктеледі.

Мысалы, *Мемлекет басшысының атына ел азаматтарынан Астана Саммитінің жоғарғы деңгейде өтуіне және Тәуелсіздіктің 19 жылдығына байланысты құттықтаулар толассыз келіп түсуде («Егемен Қазақстан»)* деген сөйлемде 19 сөз бар. Олардың он сегізі — жеке тұрғанда дербес мағыналары бар негізгі сөздер де, біреуі — жеке тұрғанда өз алдына дербес лексикалық мағынасы жоқ, сөйлемге өздігінен мүше бола алмайтын, өзге сөздермен тіркесіп айтылып, олардың арасын байланыстырып тұратын көмекші сөз.

Бұл сөйлемдегі дербес лексикалық мағыналы сөздердің мағыналары мен сөйлемде атқарып тұрған синтаксистік қызметтері де бірдей емес. *Мемлекет, басшысының, атына, ел, азаматтарынан, Астана, Саммитінің, деңгейде, Тәуелсіздіктің, жылдығына , құттықтаулар* деген сөздер лексикалық мағыналары жағынан белгілі заттың, ұғымның атауын білдіреді. Олардың барлығы да жекеше атау тұлғада к і м? н е? деген сұрақтарға жауап береді, көптеліп, тәуелденіп, септеліп барып, сөйлемнің белгілі мүшесінің қызметін атқарып тұр. *Басшысының, Саммитінің, Тәуелсіздіктің* сөздері ілік жалғауында келіп анықтауыш, *мемлекет, ел, Астана* сөздері бастапқы тұлғада тұрып, өзінен кейінгі сөзбен орын тәртібі арқылы қабыса байланысып анықтауыш; *құттықтаулар* деген сөз көпше атау тұлғада тұрып бастауыш, *атына, азаматтарынан, жылдығына* деген сөздер барыс, шығыс септік тұлғасында келіп, жанама толықтауыш қызметінде қолданылып тұр. Бұл сөздердің барлығы да заттың атын білдіріп, көптік, септік, тәуелдік жалғауларын қабылдап, сөйлемде әр түрлі сөйлем мүшесі болып тұрғандықтан, з а т е с і м с ө з д е р і тобына жатады.

жоғарғы деңгейде, толассыз деген сөздер қимылдың сапасын білдіріп, пысықтауыш, *өтуіне, келіп, түсуде* сөздері лексикалық мағынасы жағынан қимыл, амал-әрекетті білдіріп баяндауыш қызметінде қолданылып тұр. Бұл сөздер лексикалық мағынасы жағынан қимылды білдіріп, тұлғалық жағынан ашық рай, тұйық рай және есімше түрінде келіп, сөйлемде әр түрлі мүшенің қызметінде жұмсалып тұрғандықтан, е т і с т і к т е р тобына жатады.

Он тоғыз деген сөз, лексикалық мағынасы жағынан өзінен кейінгі сөздің санын көрсетіп, анықтауыш болып тұр. Сондықтан бұдан бұрынғы сөздермен салыстырғанда, бұл сөз өзге бір сөздердің тобына, яғни, с а н е с і м д е р тобына жатады. Ал *және* сөзінің жеке тұрғанда дербес лексикалық мағынасы жоқ, сөйлемде өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайды, өзіне қосымшалар қабылдап, тұлғалық өзгерістерге енбейді. Сондықтан бұл сөз к ө м е к ш і с ө з д е р тобына енетін шылау сөз.

Сөйтіп, тілдегі қолданылып жүрген сөздер лексикалық мағыналары, тұлғалық белгілері жағынан және сөйлемдегі атқаратын қызметі жағынан бір-біріне ұқсас болып, өзара бірнеше үлкен-үлкен топтарға жіктеліп тұрады.

Сөздердің лексикалық мағына ынғайластығы мен морфологиялық тұлға және синтаксистік қызметінің ұқсастығына қарай топталуын с ө з т а п т а р ы дейді.

Тілдегі жеке сөздерді белгілі сөз табы деп тану үшін, сөйлем ішінде, сөз тіркестерінде оларды дұрыс талдау үшін әрбір сөздің мағыналық жағын, тұлғалық белгісін және сөйлемдегі синтаксистік қызметін түгел ескеру керек. Егер де әрбір сөздің осы сияқты үш түрлі белгісін бірдей ескермесе, сөз таптарына талдауда белгілі дәрежеде қате жіберу мүмкін. Өйткені сөз таптары бір-бірімен қарым-қатынасы жоқ, тұйықталған нәрсе емес, олардың әрбір тобының өзіндік ерекше белгілері болуымен қатар, бір-біріне ұқсас жақтары да болады. Мысалы, үстеу сөздер етістік сөзімен байланысты болады да, етістіктегі қимыл, амал-әрекеттің өту дәрежесін, қалпын, сапасын білдіреді немесе қимылдың мезгілін, мекенін, мақсатын, себебін білдіреді. Сөйлемде пысықтауыш болып келеді де қ а л а й ? қ а л а й ш а ? қ а й т і п ? қ а ш а н ? қ а й д а ? н е г е ? н е ү ш і н ? н е с е б е п т і ? деген сұрақтардың біріне жауап береді. Кейде сөйлем ішінде өзге сөз таптарына қатысты сөздер де жоғарыдағы сұрақтардың біріне жауап беріп, пысықтауыш қызметінде қолданылуы мумкін. Мысалы, А*йгүл жақсы оқиды* деген сөйлемдегі *жақсы* сөзі *оқиды* етістігімен байланысты болып, қ а л а й ? деген сұраққа жауап беріп, қимыл-сын пысықтауыш болып тұр. Бұл белгілері үстеуге ұқсайды. Осы белгілеріне қарай *жақсы* деген сөзді үстеулер тобына жатқызуға болмайды. Өйткені ол сөздің мағыналық жағы ескерілген жоқ. *Жақсы* деген сөз етістікке тіркесіп айтылғанда, қ а л а й ? деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш болып тұрғанымен, зат есіммен тіркесіп айтылғанда, қ а н д а й ? деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болады. Негізгі лексикалық мағынасы нәрсенің сапасын білдіреді. *Айгүл- жақсы қыз* деген сөйлемде *жақсы* деген сөз *қыз* сөзінің сапасын білдіріп, анықтауыш қызметінде жұмсалып тұр.

Сол сияқты *ағаш үй, алтын сағат* деген тіркестердегі *ағаш, алтын* деген сөздер өзінен кейінгі сөздермен байланысып, қ а н д а й? деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болып тұр. Қойылатын сұрауына және синтаксистік қызметіне қарағанда, сын есімге ұқсайды. Осы белгілеріне қарай, бұл сөздерді сын есім тобына жатқызуға болмайды. Өйткені *ағаш, алтын* сөздерінің лексикалық мағыналары — белгілі нәрселердің атауы. *Ағаш — үй тұрғызу үшін керекті құрылыс материалы, алтын- бағалы металл* деген сөйлемдердегі *ағаш,алтын* сөздері *н е?* деген сұраққа жауап беріп, сөйлемдегі айтылған ойға қазық болып, бастауыш қызметін атқарып тұр.

Белгілі сөз сөйлемдегі орнына қарай, қандай сөзбен байланысып келуіне қарай әр сөйлемде әр түрлі синтаксистік қызметте жұмсалуы мүмкін. Біздің жоғарыдағы келтірілген сөздеріміз әр сөйлемде әр түрлі сөз тобы болып тұрған жоқ, әр сөйлемде сөйлемнің әр түрлі мүшесі болып тұр

Сөйтіп, қазақ тілінің сөздік құрамында қолданылып жүрген сөздер лексикалық мағыналарының ыңғайластығына қарай, морфологиялық тұлғалары мен синтаксистік қызметінің ұқсастығына қарай мына сияқты 9 топқа жіктеледі, яғни сөз таптары қазақ тілінде 9 түрлі болады: 1) зат есім, 2) сын есім, 3) сан есім, 4) есімдік, 5) етістік, 6) үстеу,7) шылау сөздер 8) одағай сөздер 9) еліктеу сөздер. Осы 9 топтағы сөздер: 1) негізгі сөздер, 2) көмекші сөздер болып екі топқа бөлінеді.

Жеке тұрғанда беретін дербес лексикалық мағынасы бар, өзіне тән морфологиялық тұлғалық жүйесі бар, сөйлемде өз алдына мүше болып қызмет атқаратын сөздерді н е г і з г і с ө з д е р дейді. *Мысалы: бала, тас, ақыл, ой, жақсы, ауыр, жаңа, сегіз, он, жарты,үшінші, мен, олар, кім, кел, бар, тез, дәл, үһ, опырмай.*

Жеке дербес лексикалық мағына бере алмайтын, тұлғалық өзгерістерге ене алмайтын және сөйлемде өз алдына жеке мүше бола алмайтын сөздерді к ө м е к ш і с ө з д е р дейді. Мысалы: *және, мен, бен, пен, туралы, тақырыпты, ғана, ғой, үшін, сайын, дейін, шамалы, шақты, бірақ, не, я, яки т. т.*

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында жоғарыдағы сөз таптарының біріне де толық сай келмейтін, не есім атауын, не қимылдық процесті, не кимылдың бейнелерін білдірмей, айтылған ойға біреудің көзқарасын көрсетіп тұратын бірқатар сөздер бар. Олар негізгі сөздерге де, көмекші сөздерге де енбейді. Мысалы: *аз, көп, бар, жоқ, керек, қажет, мүмкін, тиіс* тағы осы сияқтылар.

Бұлар сан жағынан өте аз болғанымен, қолданылуы жағынан тілде елеулі орын алады. Бұлардың бірқатарларының белгілі дәрежеде лексикалық мағыналары бар, сөйлемде өз алдына мүше де болып келетін жағдайлары бар. Бірақ өз алдына тұлғалану жүйесі жоқ. Тұлғалық белгілері мен синтаксистік қызметі жағынан бірде белгілі бір сөз табына ұқсаса, бірде екінші бір сөз табына ұқсайды. Бұл сөздер тұлғалық жағынан да, синтаксистік қызметі жағынан да бірдей емес. Бұлардың бірқатары *(бар, жоқ, көп, аз, керек, қажет, тиіс т. б.)* әр түрлі сөз таптарының үлгісімен — тұлғаланып, сөйлемге мүше болып келе береді. Енді бірқатары *(ендеше, бәлки, әрине, бәсе, әйтеуір, әлбетте т. б.)* тұлғалық өзгерістерге түсіп, сөйлемдегі сөздермен грамматикалық байланысқа ене алмай, тек айтылған ойға сөйлеушінің көзқарасын білдіру үшін енгізіліп, қыстырылып тұрады да, сөйлемге мүше бола алмайды.

Бұл сөздер тобын морфологиялық тұлғасына және синтаксистік қызметіне қарай м о д а л ь д ы қ с ө з д е р дейді.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1). Грамматика қандай негізгі екі саладан тұрады ?
2). Морфология нені қарастырады ?
3) Морфеме деген не ? Морфемалар өз ішінен нешеге бөлінеді ?
4) Сөздің қандай бөлшегі негізгі морфеме деп аталады ?
5) Көмекші морфеме деген не ?
6) Қандай сөздердің тобы сөз таптары деп аталады ? Сөздерді дұрыс таптастыру үшін олардың қандай жақтарын ескеру керек ?
7) Қазақ тілінде сөз табы нешеу ?
8) Қандай сөздер көмекші сөздер деп аталады ?
9) Модальдық сөздер деген не ?

З А Т Е С І М

§ 51. Зат есім туралы түсінік

Қазақ тіліндегі сөздердің бір үлкен тобы — зат есім. Олар белгілі нәрсенің, заттың, заттық ұғым-түсініктердің атауы ретінде қолданылады. Мысалы: *аспан, жер, тау, тас, орман, көл, ел, халық, қала, үй, аң, құс, арыстан, бақа, шыбын т. б.*

Белгілі затқа, нәрсеге, жаратылыс құбылыстары мен қоғамдық құбылыстарға, заттық ұғымдарға қойылған атауларды з а т е с і м дейді.

Зат есім сөздері к і м ? н е ? деген сұрақтардың біріне жауап береді. К і м ? деген сұрақ қазақ тілінде адамды, адамның кәсібі мен мамандығын және туыстық атауларды білдіретін сөздерге қойылады. Мысалы: *адам,ата, ана, ұл, қыз, дос, жолдас, студент,оқытушы, ғарышкер ,балдыз, құдағи, көрші, әріптес т.б.*

Н е ? деген сұрақ адамнан өзге жанды, жансыз нәрселердің бәріне де қойыла береді. Мысалы: *сезім,ынта,баға, оқу, емтихан,сынақ,мал, сиыр, қоян, жел, су, аспан, жұлдыз, ғарыш т.б.*

Зат есім сөздері қандай нәрселердің атауы болып келуіне байланысты мынандай ірі-ірі мағыналық топтарға бөлінеді: 1) адамзат, ғаламзат атаулары 2) жалпы және жалқы зат есімдер 3) деректі және дерексіз зат есімдер 4) дара және жинақтық мағыналы зат есімдер.

Адамзат, ғаламзат атаулары

Тілдегі зат есім сөздерінің бір тобы адамға,адамдар арасындағы туыстық қатынастарға, адамның кәсібі мен мамандығына байланысты атауларды ғана білдіреді**.** *Мысалы: ата, әке, шеше, ана, бала, ұл,қыз, келін, жезде, құда, құдағи, оқушы, студент, оқытушы, тәлімгер, әнші, ғалым, министр, елші т.б.- сөздер адамзат атаулары.*

Зат есім сөздерінің екінші бір үлкен тобы адамнан басқа жан-жануарлар мен түрлі заттардың атын білдіреді. *Мысалы: аю, қасқыр,қоңыз, шыбын, тау, тас, бұлақ, теңіз, парта, тақта, ай, жұлдыз т.б. Бұлар- ғаламзат атаулары.*

Ғаламзат атауларына адамнан өзге барлық жанды тіршілік иелерінің: жан-жануарлардың, жәндіктердің, құстардың, өсімдіктердің, сондай-ақ адамның қолымен жасалған барлық материалдық игіліктер мен мәдениет туындыларының, құрал-саймандардың, елді мекендердің, жер-су, өзен-көлдердің атаулары жатады.

Зат есім сөздерінің өзіне тән ерекшелігі-олардың дара және жинақтық мәнде қолданылуы. Мысалы: *алма, алмұрт, өрік, жүзім, шие, алша, қарақат, таңқурай* сияқты түрі, түсі, дәмі басқа-басқа өсімдіктерді *жеміс, жидек* деген бір ғана жалпы есім сөзімен атауға болады. Яғни, біртектес әртүрлі заттардың ортақ атаулары ж и н а қ т ы қ з а т е с і м болады. Сонымен қатар, *алма мен алмұрт, өрік пен жүзім* - аз болсын, көп болсын, өмірдегі белгі заттардың нақты атаулары. *Мысалы, Мына қызыл алманы жеп көріңізші* деген сөйлемдегі *алма* дара зат есім болып табылады.

Зат есім сөздері қандай нәрсенің атауы болуына байланысты деректі (конкретті) зат есім, дерексіз (абстракты) зат есім болып жіктеледі.

Көзбен көріп, қолмен ұстауға келетін заттардың, нәрселердің атауларын білдіретін зат есімдер д е р е к т і з а т е с і м деп аталады. Мысалы: айна, *тарақ, қалам, қағаз, тау, тас, орман,ай, жұлдыз, аспан, шаян, қасқыр т.б.*

Көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін, адамның ойлау қабілеті арқылы топшылаумен ғана түсінілетін заттық ұғымдардың атауын д е р е к с і з з а т е с і м дейді. Мысалы: *ақыл, ой, сана, сезім, қуаныш, реніш, уайым, қайғы, жақсылық, жамандық , оқу, ғылым, мәдениет т.б.*

64-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, деректі зат есімдердің астын бір, дерексіз зат есімдердің астын екі сызыңдар.

1. Бетінде қайғы да жоқ, қасырет те жоқ, қорқыныш қана бар (Ғ.М.). 2. Сандыбай қарғаның тұзын екі қолымен ұстап, айнаға қарағандай жымиып отыр (Ғ. М.). 3. Бойында әдет пен әдепке сия бермейтін мінездері болғандықтан жынды Бижан атанған адам (Ғ.М.). 4. Ар-ұят, намыс-кек - бәрі ортақ болған соң, әскер достығы терең бір мағына табады (Ғ.М.). 5. Әдемі шана мен қамыт-саймандары сықырлай түсіп, жегулі дара аттар да көрінеді (М. Ә.). 6. Жуырда болып өткен республикалық ақындар айтысында бірнеше жас талапкерлер есімі белгілі болды («Егемен Қазақстан»).

§ 52. Жалпы есім және жалқы есім

Зат есім сөздері қандай нәрсенің атауы болуына қарай мынадай үлкен екі топқа бөлінеді: 1) жалпы есім, 2) жалқы есім.

Бір өңкей, біртектес нәрселердің тобына я соның бір тарауына жалпылама қойылған атауларды білдіретін зат есім сөздерін ж а л п ы е с і м дейді. Мысалы: *мал, ағаш, шөп, жәндік, құс, киім, адам* десек, бір өңкей нәрсенің бір тобына қойылған жалпылама атаулар болады да, ал *сиыр, қой, ешкі, жылқы, түйе* десек, мал деген жалпы ұғымды даралап; *қарағай, қайың, терек, емен, шырша* десек, *ағаш* деген жалпы ұғымды даралап; *көде, мия, бетеге, шағыр, жусан, қаңбақ* десек, *шөп* деген жалпы ұғымды даралап; *шегіртке, маса, құрт, құмырсқа, шыбын* десек, *жәндік* дегең жалпы ұғымды даралап; *ителгі, сауысқан, қарға, жапалақ, қызғыш, үйрек, қаз* десек, *құс*

деген жалпы ұғымды даралап: *қалпақ, шалбар, шапан, тон,, көйлек, етік, бөрік* десек, *киім* деген жалпы ұғымды даралап; *бала, қыз, кемпір, шал, жігіт, келіншек* десек, *адам* деген жалпы ұғымды даралап жалпылама атаймыз. Бұл сөздердің қай-қайсысы да бір ғана нәрсеге тағылған атау болмай, біртектес бірнеше нәрселердің жалпылама атауы болғандықтан, ж а л п ы е с і м деп аталады да, сөйлем ішінде кіші әріптерден басталып жазылады.

Бірөңкей, біртектес нәрселердің ішінен жеке біреуіне ғана тағылған арнаулы атауды білдіретін зат есім сөздерін ж а л қ ы е с і м дейді. Мысалы: *Сабыр, Зейнеп, Сәруар, Астана, Орал, Алатау, Гималай, Арал, Шалқар, Ертіс, Шу, Іле, «Зерде», «Жас алаш», «Ботакөз».*

Жалқы есім болып келетін зат есім сөздеріне мыналар жатады:

а) кісі аттары мен тегі: *Ыбырай, Абай, Шоқан, Мұқтар Әуезов, Әлия Молдағұлова, Қайрат Рысқұлбеков;*

ә) мемлекет, облыс, аудан, қала, көше атаулары, кәсіпорын, ұйым, мекеме атаулары, өзен, теңіз, тау аттары тағы басқа да географиялық атаулар: *Қазақстан Республикасы, Алматы облысы,Тараз қаласы, Райымбек ауданы, Абай көшесі, Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжі, Каспий теңізі, Балхаш көлі, Іле өзені;*

б) кітап, газет, журнал аттары: *«Абай жолы», «Толқында туғандар», «Қазақ әдебиеті», «Сынып жетекшісі», «Балдырған», «Қазақстан мұғалімі»;*

в) зауыттар мен фабрикалардың, фирмалардың , мәдени және тұрмыстық қызмет көрсету кешендерінің, сауда орталықтарының , спорт кешендерінің атаулары: *«Рахат» кондитер фабрикасы, «Астана-Арена»стадионы, « Қазақстан » қонақ үйі; «Рамстор» сауда орталығы, «Хан тәңірі» мейрамханасы, «Ұлар үміт» зейнетақы қоры, « Арман» кинотеатры, «Қайрат» фудбол клубы, т.б.*

г) кейбір үй жануарлары мен малға тағылған атаулар: *Тайбурыл, Құлагер, Ақтөс, Жолдыаяқ, Қараторғай т.б.*

ғ) кино туындылары мен спектакльдердің, көркем әдебиет туындыларының, ән-күй т.б. аттары: *«Көшпенділер», «Менің атым Қожа», «Тақиялы періште», «Ана – Жер-ана», «Айман-Шолпан», «Ақиқат пен аңыз», «Ақбілек», «Сырымбет», «Менің Қазақстаным», «Шалқыма», «Адай», «Көңіл толқыны».*

Жалқы есімдер сөйлем ішінде бас әріппен жазылады.

Жалқы есім сөздері дара және күрделі болып келе береді. Жалқы есімдер біріккен сөз түрінде де, бірнеше сөздердің тіркесінен де жасалады. Кітап, газет, журнал аттары, басқа да шартты түрде қойылған атаулар тырнақшаға алынып, бірінші сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы, «*Ботагөз»* романы, *«Жұлдыз»* журналы, *«Егемен Қазақстан»* газеті, *«Серпер»* күйі, *«Қазақстан » қонақ үйі,*

Бірнеше сөздің тіркесінен тұратын күрделі атаулардың ішінен ең жоғарғы мемлекеттік лауазымдық қызмет атаулары мен құрметті атақтардың әрбір сөзі бас әріптермен жазылады. *Мысалы: Қазақстан Республикасының Президенті, Еуропадағы Қауіпсіздік және ЫнтымақтастықҰйымының*

Астана Саммиті, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Халық Қаһарманы т.б.

Кісі аттары кейде сыйлау, құрметтеу үшін өзгертіліп, қысқартылып қолданылады. Мұндай жағдайда бас әріппен жазылады. Мысалы: *Сәрсен — Сәке, Сәбит — Сәбе, Мұқтар — Мұқа, Дүйсен — Дүйсеке, Жамбыл — Жәке.*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Зат есім қандай сөз табы ?*
2) *Зат есім сөздері заттар мен құбылыстардың атаулары ретінде қандай топтарға бөлінеді ?*
3) *Адамзат және ғаламзат атауларына қандай сөздер жатады?*
4) *Зат есімдерге тән дара және жинақтық мағына нені білдіреді ?*
5) *Қандай зат есімдер деректі зат есім деп аталады ?*
6) *Жалпы есім деген не ?*
7) *Жалқы есім деген не ? Жалқы есімдер қалай жазылады ?*

65-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, жалқы есімдерді бас әріппен жазыңдар да, түрлерін айтып беріңдер.

1.Қазақстан жерінде каспийге орал, елек, жем өзендері құяды. 2. Күзге қарай семей, ақмола, қостанай, көкшетау, солтүстік қазақстан және павлодар облыстарының егін далаларында жайқалып пісіп тұрған бидай бейне бір толқын тәрізді болып көрінеді. 3.Қазақстандағы көне ескерткіштердің ең көрнектісі - түркістандағы қожа ахмет яссауи кешенесі. Сол жазда ақан сері балжан қызға арнап атақты сырымбет әнін шығарады. Абай семейге баймағанбетті жіберіп, екі қоржын кітап алдырды. Кітаптардың ішінде парсының ләйлісі мен мәжүні, жүсібі мен зылихасы, ферәусидің рүстем дастаны, еуропаның шекспирі мен дантесі, орыстың пушкині, лермонтовы, толстойы бар (М.Ә.). Сұңқардайын сыланған, тотыдайын таранған сұлу жібек бармысың!? (қыз жібек).

***66*-жаттығу.** Зат есімдерді берілген кестеге мағынарына қарай орналастырыңдар.

жалпы	жалқы	деректі	дерексіз	дара	жинақы

1.Жуырда болып өткен ақындар айтысында бірнеше жас талапкерлер есімі белгілі болды. 2. Қазақстандағы көне ескерткіштердің ең көрнектісі Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі болып табылады. 3. Бір жағынан жоңғар, бір жағынан құрғақшылық босқан жұрттың зықысын шығарды. 4. Егіс науқанында сіңірген еңбегі үшін Саттарға шаруашылық басшылары алғыс

жариялап, бағалы сыйлық тарту етті. 5. Оның қолын байлап тастапты, қару-жарағын әлдеқашан шешіп алған. 6. Үлкені ауруханада дәрігер, ал кішісі балабақшада тәрбиеші болып істейді. 7. Манайдың қара шаңырағына ақсақалдар жиналап, әңгіме-дүкен құрып отыр. 8. Бұл қуаныш Шоқанды қатты көңілдендірді. 9. Жастар жағы жиналып алтыбақан ойынын құрды. 10. Шоқан енді сұрау бермей, сазарған кескінмен далаға шықса, ас үйдің белдеуінде малшының ерттеулі аты тұр екен. 11. Сол жерде бес танкист өзеннен танкімен өтіп, арғы қабаққа бекінуге уәде бердік.

§ 53. Зат есім сөздерін тудыру тәсілдері
(зат есімнің сөзжасамы)

Қазіргі тілімізде зат есім мағынасында қолданылып жүрген сөздердің барлығы бірдей бірден белгілі заттың атауын білдіретін түбірлік сөздер болған жоқ. Олардың бірқатары—зат есім сөзіне, бірқатары — өзге сөз таптарына жұрнақ жалғау арқылы жасалған туынды сөздер. Мысалы: *жылқышы, жақсылық, білім, ілгек, оттық.* Бұлардың біріншісі мен соңғысы зат есім сөзіне жұрнақ жалғану арқылы жасалған жаңа мағыналы туынды зат есім болып тұр. Екіншісінде сын есім сөзіне жұрнақ жалғанып, зат есім жасалып тұр. Ал үшінші және төртінші сөздер — етістік сөзіне жұрнақ жалғану арқылы жасалып тұрған туынды зат есімдер.

Жаңа мағыналы сөз тудырудың ең негізгі жолы түбір сөзге жұрнақ жалғау арқылы болып отыратындығы сияқты, зат есім сөздерін туғызудың да ең негізгі өнімді тәсілі — түбір сөздерге жұрнақ жалғау.

Түбір сөздерге жалғанып зат есім тудыратын жұрнақтарды үлкен екі топқа бөлуге болады:

а) есімдерден зат есім сөздерін тудыратын жұрнақтар.

Бұл топқа енетін жұрнақтар зат есім сөзіне жалғанып жаңа мағыналы зат есім сөздерін немесе сын есім, сан есім сөздеріне жалғанып, зат есім сөздерін тудырады. Олар мыналар:

*1.**-шы, -ші*** жұрнағы түбір сөзге жалғанып, адамның кәсібінің түрін, мамандығын білдіретін жаңа мағыналы сөз тудырады: Мысалы: *жұмыс-шы, домбыра-шы, ән-ші.*

*2.**–қар,-кер, -ғар,-гер*** жұрнағы тубір сөзге жалғанып, адамның кәсібінің түрін, мамандығын білдіретін жаңа мағыналы сөз тудырады: Мысалы: *мұра-гер, жауын-гер, талап-кер, әмең-гер, сауда-гер, заң-гер, сахна-гер;*

*3.**-дас, -дес, -тас, -тес, -лас, -лес*** жұрнағы түбір сөзге жалғанып, ортақтық, ұжымдық, қарым-қатыстық ұғым беретін жаңа мағыналы туынды сөз тудырады. Мысалы: *ауыл-дас, көрші + лес, ат-тас, ниет-тес, жол - дас, -құр-дас;*

4. ***-лық, -лік, -дық -дік, -тық, -тік*** жұрнағы түбір сөзге жалғанып, заттық, қалыптық ұғым беретін жаңа мағыналы туынды сөз тудырады. Мысалы: *ас-тық, тұз-дық, төс- тік, жас-тық, бала-лық, шебер-лік, жақсы-лық, жаман-дық;*

5. ***–шылық , -шілік*** құранды жұрнағы түбір сөзге жалғанып, кәсіптің түрін білдіретін жаңа мағыналы сөз жасайды. Мысалы: *егін+шілік, балық-шылық, шаруа + шылық.*

6. ***-ылдырық, -лдырық, -ілдірік, -лдірік*** жұрнағы түбір сөзге жалғанып, белгілі орында ғана болатын бұйым атауын білдіретін жаңа сөз тудырады. Мысалы: *табалдырық, өмілдірік, сағалдырық, көзілдірік.* Бұлар — кез келген есім сөздеріне жалғанбай, осы сияқты бірен-саран сөздерге ғана жалғанып, жаңа мағыналы сөз тудыратын өнімсіз құранды жұрнақтар.

7. ***-ист, -изм, -ат, -ир*** жұрнақтары — қазақ тіліне терминдік сөздермен бірге еніп қалыптасқан жұрнақтар. Мысалы: *альпинист, коммунист, капитализм, туризм, пролетариат, секретариат, командир.*

8. ***- хана*** жұрнағы түбір сөзге жалғанады да, белгілі мекеменің , кәсіпорынның атын білдіретін жаңа сөз тудырады. Мысалы: *аурухана, перзентхана, шайхана, кітапхана.* Бұл жұрнақ тілімізге революцияға дейін шығыс халықтарының тілдерінен енген сөздермен бірге еніп, казір қазақтың байырғы сөздеріне де жалғанып жаңа мағыналы сөз тудыра береді. Бірақ қазақ тілінің дыбыстық заңдарына бағынбай, сөздің соңғы буыны мен соңғы дыбысының қандай екендігіне қарамастан, жуан сөзге де, жіңішке сөзге де сол күйінде жалғана береді,

9. ***-шық, -шік*** жұрнағы түбір сөзге жалғанады да, өзі жалғанған сөздің бастапқы лексикалық мағынасына қосымша кішірейтушілік ұғымын тудырады. Мысалы: *үй + шік, көл + шік, ойын-шық, жілін + шік, қап+шық.*

10. ***-шақ, -шек, -ша, ше, -қан*** жұрнақтары түбір сөзге жалғанып, өзі жалғанған сөздің бастапқы лексикалық мағынасына қосымша кішірей-тушілік ұғымын тудырады. Мысалы: *құлын-шақ, келін+шек, құнан-ша, дөнен + ше, кітап-ша, бота + қан, бұзау+қан.*

*11****.-нама, -неме,-тама, -теме,-дама, -деме*** жұрнақтары түбір сөздерге жалғанып, жаңа мағыналы туынды зат есім сөздерін тудырады. Мысалы: *жол-дама, мінез-деме, жар-нама, түйін-деме, сауал-нама*

*12****.-тай*** жұрнағы туыстық қатысты білдіретін сөздерге жалғанады. Мысалы: *аға + тай, әке+тай, апа + тай.* Бұл жұрнақ та дыбыс үндесуі мен буын үндесу заңдарына бағынбай, жуан сөзге де, жіңішке сөзге де осы күйінде жалғанады.

*13****.-еке(ке),-а,-й*** жұрнақтары туыстық қатынастарды білдіретін жалпы есімдер мен кісі аттарына жалғанады да, құрметтеу ұғымын береді. Бұл жұрнақтар жалғану үшін, сөздің түбірі кейбір дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Мысалы: *аға+еке-ағеке; апа + еке + апеке; әже + еке + әжеке;* Мұқтар— Мұқа, Ғабит — Ғабеке, Сәбит—Сәбе, *апа + й, аға + й.*

ә) **Етістік сөздерінің түбіріне жалғанып туынды зат есім тудыратын жұрнақтар:**

1. ***-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -б****е: жар-ма, кес-пе, тоқы-ма, бас-па, жаз-ба, сүз-бе.*
2. ***-ым, -ім, -м****: өр-ім, бөл-ім, ал-ым, біл-ім, таны-м.*
3. ***-ыс, -іс, -с:*** *жар-ыс, соғ-ыс, жең-іс, айт-ыс, кір-іс, шығ-ыс,*

4. ***-қыш, -кіш, -ғыш, -гіш:*** *бас-қыш, өшір-гіш, сүз-гіш, теже-гіш, көрсет-кіш, аш-қыш, желдет-кіш, қыр-ғыш.*
5. ***-ын, -ін, -ынды, -інді:*** *жау-ын, ег-ін, түй-ін, жи-ын, жи-ынды, қи-ынды.*
6. ***-ақ, -ек, -қ, -к:*** *қон-ақ, тара-қ, күре-к, жат-ақ, қайра-қ, құра-қ;*
7. ***-қы, -кі, -ғы, -гі:*** *ұйыт-қы, түрт-кі, ашыт-қы, бұр-ғы, сүз-гі, ірім-кі.*
8. ***-қын, -кін, -ғын, -гін:*** *ұш-қын, тас-қын,көш-кін, шал-ғын;*
9. ***-ыш, -іш****: қуан-ыш, күйін-іш, тірен-іш, сүйін-іш.*
10. ***-ық,-ік:*** *қаз-ық, сыз-ық, көр-ік,тес-ік,ой-ық, сез- ік; тоз-ық.*
11. ***-уыш, -үіш:*** *тырна-уыш, тіре-үіш, ора-уыш.*
12. ***-мақ, -мек, -пақ, -пек:*** *құй-мақ, ой-мақ, шақ-пақ, сыр-мақ;*
13. ***-у:*** *көсе-у, бұра-у, қаша-у, еге-у, боя-у, тіре-у.*

67-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, туынды зат есім тудырып тұрған жұрнақтардың астын сызыңдар да, ол жұрнактар қай сөз табынан зат есім жасап тұрғанын айтып беріңдер.

1.Соның орталығынан он бес-жиырма шанамен жұмысшылар шығады да, жайлаудағы фермаға шөп апарып, жадағай шанамен орталққа түнде қай-тады. *(С. М.) 2*. Маған салса, қазаншы етіп ала кетер едім. *(Ә. С.)* 3. Бөлменің дәл ортасындағы үлкен аспалы шамның сәулесінен үй ішіндегі жиһаз жалт-жұлт етеді. *(Ә. С.)* 4. Әлденеге қуанып, шулап жүгіріскен үлкенді-кішілі балалар да таза киімдер_киіскен. *(М. Ә.)* 5. Іні-бауырлар көздерінде қуаныш жасы бар. *(М. Ә.) 6.* Оқу — білім азығы, білім — ырыс қазығы. *(М. М.) 7.* Шөпшілер түскі тынысқа_тараған-ды. *(Ғ. Сл.)* 8. Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп, ықтырмамен күзеуде отырар бай. *(А. Қ.)* 9. Кешікпей келіншек қайта шықты. *(Б. С.)*

10. – Мынау жас қонаққа, - деді жаңбырбай, асқар тыстан келгеннен кейін әйеліне, - Төсекті Сарыбастың бөлмесіне салып бер, жастар ойнап-күліп бірге жатсын (С. М.). 11. Сонау тау ішіндегі тар кезеңде жалғыз қалған Олжабекті ит-құсқа жем қылмай алып қайтқан мылтықты адам- осы Шығанақ (Ғ. Мұст.). 12. Таң қараңғысында өзге пішеншілерді оятып, ол барлық шалғыны да түні бойы шыңдап, қылпылдатып қояды (С. М.).

§ 54. Зат есімнің грамматикалық категориялары
Зат есімнің сандық категориясы және оның көрініу жолдары

Грамматиканың негізгі мәселелерінің бірі -грамматикалық категория. **Грамматикалық категория деп біртектес жүйелі грамматикалық мағыналардан тұратын және оларды білдіретін арнайы грамматикалық көрсеткіштері бар тілдік құбылысты айтады.** Грамматикалық категория грамматикалық мағына мен гамматикалық көрсеткіштердің бірлігінен құралып, сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырады.

Зат есімнің өзіне тән төрт түрлі грамматикалық категориясы бар. Олар: зат есімнің көптік (сандық) категориясы, тәуелдік категориясы, септік категориясы, жіктік категориясы. Бұл категориялардың әрқайсысының өзіне

тән формалары болады. Ол-көптік жалғаулары, тәуелдік жалғаулары, септік жалғаулары, жіктік жалғаулары. Яғни, зат есім сөздері сөйлем ішінде осы төрт түрлі формада тұлғаланып қолданылады.

Зат есімнің сандық категориясы және оның көріну жолдары

Зат есім сөздерінің өзге сөз таптарынан негізгі бір ерекшелігі –бұлардың жекеше және көпше түрінің болатындығы. Өйкені зат есім сөздері белгілі заттың, заттық ұғымның атын білдіреді. Ал ол заттар мен ұғымдар біреу болуы да, бірнешеу болуы да мүмкін.

Зат есім сөзі заттың біреу-ақ екендігін білдіріп тұрса, оны з а т е с і м н і ң ж е к е ш е т ү р і (жекелік категориясы) дейді. Мысалы: *кітап, қалам, оқушы, үй, көл, ит, құс, арба.*

Зат есім сөзі бір түрлі нәрсенің біреу емес, бірнешеу екендігін көрсететін болса, оны з а т е с і м н і ң к ө п ш е т ү р і (көптік категориясы) дейді. Мысалы: кітаптар, қаламдар, оқушылар, үйлер, *көлдер, иттер, құстар, арбалар.*

Зат есімнің сандық мағынасы - жекелік ұғым мен көптік ұғымның қарама-қарсылығына құрылатын абстрактылы мағына. Ол жекелік мағынаны білдіретін нөлдік жалғау және көптік мағынаны білдіретін көптік жалғау арқылы көрінеді. Көптік жалғау қосымшасы зат есім сөзінің түбіріне қазақ тіліндегі буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне сай жалғанады:

а) сөздің түбірі дауысты дыбыстарға және үнді ***р, у,*** **й** дыбыстарына аяқталса, көптік жалғау қосымшасы ***– лар, - лер*** түрінде жалғанады. *Мысалы: бала + лар,іні-лер,ер-лер, тау-лар, үй-лер;*

ә) түбір сөздің соңы ұяң ***з, ж*** дыбыстары немесе үнді ***л, м, н, ң*** дыбыстары болып келсе, оларға көптік жалғау қосымшасы ***–дар,-дер*** болып жалғанады. Мысалы: *қыз+дар, ұл+дар,біз + дер, _ел + дер, киім+дер, тон + дар, өзен + дер, аң + дар, колледж-дер;*

б) сөздің түбірі қатаң дауыссыз дыбыстардың біріне бітсе, көптік жалғау қосымшасы ***–тар,- тер*** түрінде жалғанады. Мысал*ы:студент-тер, мектеп + тер, дос-тар, кітап-тар;*

Көптік категория үнемі түбір сөзге көптік жалғауын жалғау арқылы көрінбейді. Кейде көптік жалғауы сөзге жалғанбай-ақ, мынау сияқты жағдайларда көптік ұғымын беруге болады:

а) ел, халық аттарын білдіретін, жинақтық ұғымы бар сөздер көптік жалғау қосымшасынсыз-ақ көптік мағынада қолданыла береді. Мысалы: *Бұл колледжде орыс та, қазақ та, қырғыз да, өзбек те оқиды.* Бұл сөйлемдегі *орыс, қазақ, қырғыз, өзбек* деген сөздер сол халықтардан бір-бір адам бар деген ұғым емес, тұтас ұлт түсінігінде, жинақтық ұғымда келіп, көптік мағынада қолданылып тұр.

ә) Талдап не даралап санауға келмейтін ұсақ нәрселердің аттарын білдіретін сөздерге көптік жалғау қосымшасы жалғанбай-ақ, жинақтық ұғым береді. Мысалы: *құм, тас, топырақ, ұн, бидай, тары, шөп, шаш* тағы басқалар. Сондықтан да: *Құрылыс алаңына* ***құм, тас, топырақ, кірпіш*** *түсіріп жатыр. Биыл* ***сұлы, бидай, тары*** *бітік шықты* делінеді де, *Құрылыс алаңына* ***құмдар, тастар, топырақтар, кірпіштер*** *түсіріп жатыр. Биыл* ***сұлылар, бидайлар, тарылар*** *бітік шықты* деп айтылмайды. Сол сияқты, *Сен* ***шашыңды*** *неге алдырмайсың?* деуге болады да, *Сен* ***шаштарыңды*** *неге алдырмайсың ?* деуге болмайды. Өйткені *шаш* бір талдан тұрмайды, жинақты нәрсе екені белгілі.

б) Зат есім сөздерінің алдында нәрсенің біреу емес, бірнешеу екендігін көрсететін сан есім сөздері айтылса, көптік жалғау қосымшасы жалғанбай-ақ, көптік мағынаны білдіреді. Мысалы: *Біздің қаламызда* ***2 институт, 3 колледж, 5 мектеп, 6 балабақша*** *бар. Биыл* ***285 студент*** *оқу үлгерімі бойынша шәкіртақы алып оқитын болады*. Бұл сөйлемдердегі *2 институт,* 3 *колледж, 5 мектеп, 6 балабақша, 285 студент* деген тіркестерде көптік жалғау қосымшалары жалғанбаса да, колледж, мектеп, балабақша,студент сөздерінің көптік мағынада екендігі белгілі

в) Зат есім сөзінің алдында қайталама қос сөзден болған анықтауышы болса, зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы: ***арба-арба*** *астық,* ***қора-қора*** *қой,* ***үйір-үйір*** *жылқы*. т. т.

г) Қейбір қос сөздердің өздері де көптік жалғауы жалғанбай-ақ көптік ұғым береді. Мысалы: *Белгілі бір халықтың* ***әдет-ғұрпы*** *гасырлар бойында қалыптасады.* ***Ойын-сауық*** *көңіл көтеруге жақсы.* Бұл сөйлемдегі *әдет-ғұрып, ойын-сауық* деген қос сөздер көптік жалғау қосымшасы жалғанбай-ақ көптік ұғым береді.

ғ) Зат есім сөзінің алдында *көп, әлденеше, талай, бірнеше, бірсыпыра* деген сияқты көлемдік, мөлшерлік мағынадағы анықтауыштар айтылса да, зат есім сөзіне көптік жалғау қосымшасын жалғап айтудың қажеті жоқ. Мысалы: *Жиналысқа* ***көп*** *адам жиналды.* ***Бірнеше*** *күннен кейін студенттер қысқы демалысқа шығады* деген сөйлемдердегі *көп адам, бірнеше күн* сияқты тіркестегі зат есім сөздеріне көптік жалғау қосымшасы жалғанбай-ақ көптік ұғым беріліп тұр.

Ескерту. Кейде зат есім сөздеріне көптік жалғау косымшасы жалғанбайды. Егер жалғана қалса , ол көптік мағынаны білдірмей, өзге грамматикалық түсініктерді білдіру үшін қолданылады:

1. Жалқы есім сөздеріне (кісі аттары мен тегіне және географиялық атауларға т. б.) көптік жалғау косымшасы жалғанбайды. Өйткені жалқы есім сөздері өңкей біртектес нәрселердің ішінде бір ғана нәрсеге тағылған арнаулы атты білдіреді. Ал көптік жалғау өзі жалғанған сөз арқылы атала-тын нәрсенің біреу емес, бірнешеу екендігін білдіреді. Егер жалқы есім сөздеріне көптік жалғау қосымшасы жалғана қалса, көптік жалқау қосымшасы көптік ұғымды білдірмей, сол жалқы есім сөзі және тағы басқалар деген ұғымды білдіріп

тұрады. Мысалы: *Бейсендер келді* дегенде көп Бейсеннің келгенін білдірмей, Бейсен және басқа адамдардың да келгенін білдіреді.

2. Әдетте көптік жалғау қосымшасы сөзге тәуелдік жалғауы қосымшасынан бұрын жалғанады. Кейде тәуелдік жалғау мен көптік жалғау қосымшалары орын ауыстырып та келе береді. Мұндай жағдайда да көптік жалғау қосымшасы көптік категорияны білдірмей, *тағы басқа да* деген ұғымды білдіреді. М ы с а л ы: *Менің апа- жезделерім оқуды бітіріп, қазір жұмыс істеп жүр.*

3. Сөйлем ішінде келген бірыңғай мүшелердің көптік жалғау қосымшасы барлығына бірдей жалғанбай, кейде алдыңғыларындағы көптік жалғау түсіріліп, ең соңғысына ғана жалғанса да болады. Бұл жалпы міндетті ереже емес, стильдік жеңілдік туғызу үшін ғана қолданылады. *Мысалы: Жиналысқа ұ й ы м , м е к е м е , к ә с і п о р ы н , ет және сүт өндіретін ш а р у а ш ы л ы қ т а р д ы ң басшылары шақырылды. («Егемен Қазақстан»).*

68-жаттығу. Мәтіндегі көптік мағыналы зат есімдердің қандай жолмен жасалғанын дәлелдеңіздер.

Қанша жұрт жұмыстан қалып, қанша уақыт сергелдеңге түскелі отыр (Ғ.М.).Сиырларды сауатын да, пішеншілердің ас-суын даярлайтын да менің шешем болатын (С.М.). Жұмыскерлер түскі демалысқа келіп, үйшіктерінде, барақтарында, күрке, баспана көлеңкелерінде тыныстап жатыр (С.С.). Емен шаң-топырақтан көрінбей бір кетті де, аздан соң бар жапырағынан бір-ақ айырылып, сорайып қалды (Ғ.М.). Тасығандары- өзі өскен шөп емес, қолдан еккен жоңышқа, бидайық, мысыққұйрық (Ғ.Мұст.).

Жас шалғыны мол, кең қоныс – Барлыбайда отырған Абай аулы. Мұнда бүгін үлкен әбігер бар. Ақ үйлер мен отаулар, қонақ үй, ұраңқайлар арасында асығып басып жүргендер көп. Көрпе-жастық, асжаулық, тегене, тостаған, самауырлар тасыған жас әйелдер, еркектер қарбаласады. Таза көйлек, камзол киіп, көкбараздаған кимешек-шаршы тартқан келіншектер мен үкілі бөріктері бар қыздардың ажарында мереке күн белгісі сезіледі. Әлденеге қуанып,шулап жүгіріскен үлкенді-кішілі балалар да таза киімдер киіскен. Оларды оқудан да босатқан күн сияқты (М.Ә.).

§ 55. Зат есімнің тәуелдік категориясы және тәуелдік жалғаулары

Тәуелділік, меншіктілік мағына барлық тілдерде болғанымен, оның арнайы грамматикалық көрсеткіштер арқылы берілуі барлық тілге тән емес. Қазақ тілінің өзге халықтардың тілінен ерекшелігін бейнелейтін морфологиялық категория - тәуелдік категориясы. Қазақ тіліндегі зат есім сөздері өзге сөздермен түбір күйінде тікелей байланысқа түсіп те, белгілі жаққа тәуелденіп те байланысады. *Бала мектептен келді* деген сөйлемде *бала* деген сөз жекеше атау тұлғада айтылып, бастауыш қызметінде келіп тұр. Ал *Менің балам*

мектептен келді. Сенің балаң мектептен келді, Оның баласы мектептен келді деген сөйлемдерді алатын болсақ, *бала* сөзінің сөйлемдегі атқаратын қызметі өзгерген жоқ. Бірақ морфологиялық тұлғасы өзгеруі арқылы грамматикалық мағынасы өзгерді. Бала сөзіне бірінші сөйлемде *-м,* екінші сөйлемде *-ң,* үшінші сөйлемде *-сы* қосымшасы жалғану арқылы *«бала»-ның* келуімен қатар, оның сөйлеуші (I жақтағы), тыңдаушы (II жақтағы), бөгде (III жақтағы) адамдарға тән екендігі қоса хабарланып тұр.

Қазақ тілінде көптеген жағдайда зат есім сөздерінің бірқатарын үш жақтың біріне тәуелдеп айтпай қолдануға келмейді. Адамның дене мүшелері туралы әңгімеленетін болса, ең алдымен, сол мүшенің қай жақтағы адамға тән (тиесілі, меншікті) екендігі морфологиялық жағынан көрсетілуі керек те, содан кейін барып өзге сөздермен синтаксистік байланысқа енеді. Мысалы: *басым ауырады, басың ауыра ма, басы ауыра ма* түрінде ауыратын мүшенің кімдікі екендігі қоса көрсетіледі.

Зат есімнің тәуелдік категориясы сөйлем ішінде тәуелдік жалғаулары арқылы көрінеді.Тәуелдік жалғау үш жақта қолданылады. Грамматикалык жақ, негізінде, адаммен байланысты болады. Бірінші жақ сөйлеуші адамды, екінші жақ тыңдаушы адамды, үшінші жақ бөгде адамды білдіреді.

Бірінші, екінші жақтың мағынасына қарағанда, үшінші жақтың мағынасы әлдеқайда кең. Өйткені бірінші, екінші жақтың мағынасы тек сөйлеуші жәнетыңдаушы адамдармен ғана байланысты. Ал үшінші жақ деген ұғымға сөйлеуші мен тыңдаушыдан басқа әлемдегі нәрсенің бәрі енеді.Сондықтан үшінші жақта тәуелденген нәрсе бөгде адамға ғана меншікті болып қоймай, өзге нәрселерге де тән, тиесілі болады. Мысалы, *менің қағазым, сенің көйлегің* дегенде, *қағаз* бен көйлектің бірінші, екінші жақтағы адамдарға меншікті екендігі көрсетіліп тұр. *Оның дәптері, кітаптары* дегенде, бір дәптер мен бірнеше [кітаптың үшінші жақтағы бір адамға меншікті екендігі көрсеттіліп тұр. Ал *судың ағысы, қайыңның бұтағы, тауықтың балапаны, мектептің ауласы, лекцияның тақырыбы* дегенде *ағысы, бұтағы, балапаны, ауласы, тақырыбы* сөздеріндегі тәуелдік жалғаудың үшінші жағы бұл нәрселердің бөгде жақтағы адамға меншікті екендігін көрсетіп тұрған жоқ: бір нәрсе мен екінші нәрсенің арасындағы табиғи байланысты көрсетеді. Ағыстың суға тән, бұтақтың терекке тән, балапанның тауыққа тән, ауланың мектепке тән, тақырыптың лекцияға тән екендігін көрсетеді.

Зат есім сөздеріне тәуелдік жалғау қосымшаларының жалғанып қолданылуы з а т е с і м н і ң т ә у е л д е н у і делінеді.

Тәуелдік жалғаулары зат есім сездерінде о ң а ш а т ә у е л д е у және о р т а қ тәуелдеу түрінде жалғанады.

Бір заттың не бірнеше заттың бір адамға (бір мекемеге, ұйымға, тағы басқа да жеке нәрсеге) меншікті, тән, тиесілі екендігін көрсететін тәуелдеудің түрін о ң а ш а т ә у е л д е у дейді. Мысалы:

I жақ *қағаз + ым* *қағаздар-ым*

II жақ *қағаз + ың* *қағаздар + ың*
III жақ *қағаз + ы* *қағаздар + ы*

Бір заттың я бірнеше заттың бірнеше адамға (бірнеше мекемеге, ұйымға, тағы басқа да нәрселерге) меншікті, тиесілі, тән екендігін көрсететін тәуелдеудің түрін о р т а қ т ә у е л д е у дейді.

Мысалы:

I жақ *бөлме+міз* *бөлмелер + іміз*
II жақ *бөлме + ңіз* *бөлмелер + іңіз*
III жақ *бөлме + сі* *бөлмелер + і*

Зат есімге жалғанатын тәуелдік жалғаудың оңаша түрі мен ортақ түрінің қосымшалары төмендегіше болып келеді:

Оңаша тәуелдеу

Жақ	Дауысты дыбыстардан кейін		Дауыссыз дыбыстардан кейін	
	Қосымша-лары	мысалы	Косымша-лары	мысалы
I	-м	айна-м, ине + м	-ым, -ім	қалам + ым, дәптер+ім
II	-ң	айна + ң, ине+ң	-ың, -ің	қалам + ың, дәптер+ің
III	-сы, -сі	айна + сы, ине+сі	-ы, -і	қалам + ы, дәптер+і

Ортақ тәуелдеу

Жақ	Дауысты дыбыстардан кейін		Дауыссыз дыбыстардан кейін	
	қосымша-лары	мысалы	қосымша-лары	мысалы
I	**-мыз** - міз	айна + мыз ине + міз	**-ымыз** **-іміз**	калам + ымыз дәптер + іміз
II	**-ңыз** **-ңіз**	айна + ңыз ине+ңіз	***-ыңыз*** ***-іңіз***	қалам + ыңыз дәптер + іңіз
III	**-сы** **-сі**	айна+сы ине+сі	**-ы -і**	қалам+ы дәптер + і

Тәуелдік жалғаулы сөз сөйлемде ілік жалғаулы сөзбен байланысты болып келеді. Ілік жалғаулы сөз сөйлемде тәуелдік жалғаулы сөзсіз қолданылмайды, сол сияқты тәуелдік жалғаулы сөз ілік жалғаулы сөзбен байланысты болады. Сондықтан бұл екеуінің арасындағы синтаксистік байланысты **матасу** дейді.

Матаса байланысатын ілік жалғаулы анықтауыш пен тәуелдік жалғаулы анықталатын сөздердің тізбегі сатыланып көбейе беруі мүмкін.

Мысалы: *Асанның үйі.*

Асанның үйінің бөлмесі.

Асанның үйінің бөлмесінің есігі.

Асанның үйінің бөлмесінің есігінің тұтқасы т. т.

Сөйлем ішінде тәуелдік жалғаулы сөздің алдында айтылатын ілік жалғаулы сөздің қосымшасы кейде жалғанбай да келе береді. Мысалы: *Емтиханның билеті — емтихан билеті, ауылдың адамы — ауыл адамы.* Мұндай жағдайда тәуелдік жалғаулы сөзбен байланысты анықтауыш сөзге ілік жалғау қосымшасы жалғанбаса да, ол сөзді тұлғалық жағынан ілік жалғаулы сөз деп есептеу керек.

Кейде сөйлем ішінде тәуелдік жалғаулы сезбен байланысты ілік жал-ғаулы сөз айтылмай, тәуелдік жалғаулы сөздің өзі ғана қолданылуы мүмкін. Мысалы: **1)** ***Жорамалым*** *дұрысқа шыға кетті. (С. М.)* **2.** ***Еңбегіне*** *қарай өнбегі. (М. М.)* 3. *Осыдан кейін* ***жолдасым*** *өте қызық шығармашылық жұмысқа кірісіп, барлық дүниені ұмытқандай болды. (М. И.)*

4. Бірақ ***ителгісі*** *оған ойысар емес.*(С. Бег.) деген сөйлемдерде *жора-малым, еңбегіне, жолдасым, ителгісі* деген сөздердің алдында тұруға тиісті ілік жалғаулы сөз айтылмаған. Бірақ одан сөйлемнің мағынасына нұқсан келіп тұрған жоқ.

Сөйлем ішіндегі жалғануға тиісті тәуелдік жалғау қосымшасын да, тәуелдік жалғауда тұруға тиісті сөзді де түсіріп айтуға болмайды. Тәуелдік жалғау қосымшасын тек *біздің, сіздің* деген ілік жалғаулы сөздерден кейін ғана түсіріп айтуға болады. Мысалы: *біздің колледжіміз, біздің колледж, сіздің колледжіңіз, сіздің колледж, біздің қаламыз, біздің қала, сіздің қалаңыз, сіздің қала.*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) Грамматикалық категория деген не ?
2) Зат есімнің неше грамматикалық категориясы бар ?
3) Зат есімнің сандық категориясы нені көрсетеді, қандай жолдар арқылы көрінеді ?
4) Зат есімнің тәуелдік қатегориясы деген не ? Ол қандай жолдар арқылы көрінеді ?
5) Ортақ және оңаша тәуелдеу деген не ?

69-жаттығу. Мәтінді оқып шығыңдар да, тәуелдік жалғаулы сөздерді теріп көшіріп жазыңдар. Тәуелдік жалғау қосымшасын сызықшамен бөліп жазыңдар.

1)–Өзің үлкен үйге түс. Апам екеуміз менің отауымда болармыз, -деді Ұлпан үйлеріне жақындай бергенде (Ғ. Мүс.) . 2) Күнде шат күліп күн, Өміріміз жайдары (Қ. Ы.) 3) Менің оған жазған хатым тым келте болды (Н. Ғ.). 4)

Тау ішінің қараңғы жаңбырлы түні Бақтығұлдың көңілінде көптен шешілмей келе жатқан күдікті бір сәттің ішінде оп-оңай жазып жібергендей болды (М. Ә.). 5) Ешкімге кінә қояр жайым жоқ, - деп әйел ауыр күрсінді. Өзіңнің өткен күндеріңе көз жіберіп қарашы. (Н. Ғ.). 6) Сары ботақаным, тұра ғой. Екеумізге бұл ауылда не бар! – деп, есік алдында жалғыз сөйлеп тұрған Талтаяқтың дауысы тынғанша, үйдегілер үндескен жоқ. 7) – Менің әкем сендерді ұрлығын өтеу үшін бағып жүрген жоқ (Ғ.М.). 8) Сырым оған аузын ашып, тілін көрсетіпті. Сырымның қасындағы жолдастары: «Бөкең саған неге басын шертті, оған сен аузыңды ашып, тіліңді шығардың, ол не сөз?- дейді. Сонда Сырым: «Ол кісі маған басын шерткені-басқа бәле қайдан келеді?» - деген жұмбағы еді. Менің оған тілімді көрсеткенім: «басқа бәле қызыл тілден келеді дегенім» депті.

«*Шешендік сөздер*»

70-жаттығу. Мына сөздерге оңаша және ортақ тәуелдеумен барлық жақта тауелдік жалғауларының қосымшасын жалғаңдар.

Дала, терезе, тарақ, дәптер.

§ 56. Зат есімнің септік категориясы және септік жалғаулары

Зат есім сөздерінің сөйлемдегі етістіктермен, шылау сөздермен, есім сөздердің өзді-өздерімен де әр түрлі қарым – қатынасқа түсіп, байланысуы – зат есімнің септік категориясы деп атадлады. Қазақ тілінде септік категориясының екі түрі бар: 1) синтетикалық септік. 2) аналитикалық септік. Олардың жасалу жолы мен мағыналарында өзіндік ерекшеліктері бар. Зат есім сөздерін етістік, шылау, есім сөздерімен байланыстырып, сөйлем құрауға себепші болатын — септік жалғаулары.

Көптік жалғаулары мен тәуелдік жалғауларға қарағанда, септік жалғаудың морфологиялық-тұлғалық түрлері көп, сөздің лексикалық мағынасына қосымша туғызатын грамматикалық мағыналары да сан алуан, сөйлемдегі атқаратын синтаксистік қызметі әр тарапты болып келеді.

Зат есім сөздерінің септік жалғау қосымшалары жалғану арқылы түрленуін (өзгеруін) сөздердің септелуі немесе септіктің синтетикалық парадигмасы дейді.

Септік жалғаулар есім сөздеріне жалғанып, оларды морфологиялық тұлғасы жағынан түрлендіріп тұратындығына қарай, беретін грамматикалық мағыналарына және тұлғалық белгілеріне қарай жеті түрлі болады. Барлық септіктер дерлік нөлдік жалғау тұлғасында тұра алады. Нөлдік жалғау-грамматикалық жүйеден кең орын алатын, әр түрлі грамматикалық мағынаны білдіретін тілдік бірлік.

1. **Атау септік.** Зат есім сөздері белгілі заттың, ұғымның атауын білдіріп тұратын болғандықтан, зат есімнің бастапқы тұлғасын **атау** деп атайды. Атау септіктегі сөз нольдік жалғау тұлғасында тұрады.Сондықтан атау тұлға

өзге септік жалғауларына негіз болады, басқа септік жалғаулары атау тұлғаның үстіне жалғанады. Сөздің атау тұлғасы деген түсінікке негізгі түбір тұлға да, *(бас, бала,),* туынды түбір тұлға да *(басшы, балалық),* көптік жалғау тұлғасындағы сөз де *(бала-лар, басшы-лар),* тәуелдік жалғаулы сөз де *(бас-ым, балалар-ың, басшылар-ы)* жатады.

Сондықтан атау тұлғадағы зат есім сөздері к і м ? н е ? *(оқушы, қағаз),* к і м д е р ?_ н е л е р ? *(оқушылар,қағаздар)* және тәуелденіп қолданылғанда к і м і м ? н е м ? к і м і ң ? н е ң ? к і м і ? н е с і ? к і м д е р і м ? н е л е р і м ? к і м д е р і ң ? н е л е р і ң ? к і м д е р і ? н е л е р і ? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

1. Атау тұлғадағы зат есім сөздері сөйлемде көбінесе бастауыш қызметінде келеді. Мысалы: *Тәңірберген ел тізгінін ұстаған ігі жақсылардан торығып қалды (Ә. Н.).* Бұл сөйлемдегі *Тәңірберген* деген зат есім к і м ? деген сұрауға жауап беріп, атау тұлғада келіп сөйлемде бастауыш болып тұр.
2. Атау тұлғалы зат есім сөздері сөйлемнің аяғында тұрып баяндауыш қызметінде де келе береді. Мысалы: *Болат — өте тәртіпті оқушы* деген сөйлемде *оқушы* сөзі сөйлемнің аяғында келіп, баяндауыш болып тұр.
3. Атау тұлғалы зат есім сөзі екінші бір зат есім сөзімен тіркесе айтылып, бір заттың белгісін көрсетіп, қ а н д а й? деген сұраққа жауап болып, анықтауыш болып та келеді. Мысалы: *Олимпиаданың алтын медалін Бекзат жеңіп алды.* Бұл сөйлемдегі *алтын* деген зат есім сөзі атау тұлғада екінші бір зат есімнің алдында келіп, қ а н д а й? деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болып тұр.

2. **Ілік септік.** Бұл септік жалғауындағы сөз әрқашан да өзінен кейін айтылатын тәуелдік жалғаулы сөзбен байланысты болады. Тәуелдік жалғауында айтылатын сөз заттың бір адамға (ұйымға, мекемелерге) меншікті екендігін немесе бір нәрсенің өзге бір нәрсеге тән, тиесілі екендігін білдіреді де, ілік жалғаулы сөз сол нәрсені меншіктенушіні, иеленушіні білдіреді.

Ілік жалғаулы сөз к і м н і ң ? н е н і ң ? қ а й ? деген сұрақтардың біріне жауап болып тұрады: Мысалы: *Бұл оқушының* (к і м н і ң?) *жауабы өте дәлелді болды. Шамның* (н е н і ң ?) *жарығы түбіне түспейді. (М. М.) Бұл қай бала? Бұл — Асанның баласы.*

Ілік септік қосымшалары буын үндестігі бойынша жуан буыннан кейін -*ның, -дың, -тың* болып жалғанады да, жіңішке буыннан кейін -*нің, -дің, -тің* түрінде жалғанады.

Ілік септік қосымшасы дыбыс үндестігі бойынша, сөздің соңғы дыбысының әуеніне қарай төмендегіше болып құбылып жалғанады:

а) Сөздің соңы дауысты дыбыстар мен үнді ***м, н, ң*** дыбыстарына аяқ-талса, ілік септік қосымшасы ***-ның, нің*** болып жалғанады *(қала + ның, бөлме + нің, шам + ның, әжем + нің, жең + нің, нан + ның,*

ә) Сөздің соңы ұяң ***з, ж*** дыбыстары мен үнді ***р, л, й, у*** дыбыстарының біріне аяқталса, ілік септік қосымшасы ***-дың, -дің*** түрінде жалғанады *(қаз-\-дың, жез*

+ дің, гараж + дың, тал + дың, жел + дің, қар + дың, жер + дің, май + дың, үй+ дің, тау + дың).

б) Сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз дыбыстардың бірі болса, ілік септік қосымшасы ***-тың, -тің*** болып жалғанады *(тас + тың, көш + тің, хат + тың, күрек + тің, қасық + тың, есеп + тің, цех + тың).*

Ілік септік қосымшасы сөзге жалғанып, ашық түрде қолданылуы да, сөзге жалғанбай жасырын түрде қолданылуы да мүмкін. Мысалы: *қойдың еті — қой еті; қаланың адамы – қала адамы.*

Ілік жалғаулы сөз ашық түрде қолданылса да, жасырын түрде қолданылса да сөйлемде анықтауыш болады.

Ілік септік қосымшасы мына сияқты жағдайда жалғанбай, ілік жалғаудың жасырын түрі қолдапылады:

а) Ілік септігінде тұруға тиісті сөз де, тәуелдік жалғаулы сөз де жалпы есім болып, бір логикалық екпінге бағынып, тіркесе қатар айтылса, ілік жалғаудың жасырын түрі қолданылады. Мысалы: *ауыл адамы, жұмыс күні, қала халқы, наурыз мерекесі, мал азығы.*

ә) Ілік септік жалғауында тұруға тиісті жалқы есім сөзі мен тәуелдік жалғаулы жалпы есім сөзі тіркесе айтылып бір географиялық атауды білдіретін болса, ілік жалғаудың жасырын түрі қолданылады. Мысалы: *Абай көшесі, Орал тауы, Балқаш көлі, Іле өзені, Жамбыл қаласы, Алматы облысы.*

б) Бір сөйлемде бір-бірімен матаса байланысқан бірнеше ілік жалғаулы сатылы анықтауыштар қатар айтылғанда, сөйлеу және жазу тілдеріне стилдік жеңілдік туғызу үшін ілік жалғауда тұруға тиісті сөздердің алдыңғыларына ілік септік жалғау косымшасы жалғанбай, жасырын түрі қолданылады. Мысалы: *Ата-аналар жиналысы мектеп директоры орынбасарының кабинетінде өтті* . Бұл сөйлемдерде *мектеп директорының орынбасарының кабинеті,* деген тіркестегі сатылы анықтауыштардың алдыңғыларының ілік жалғау қосымшасы жазылмаған.

в) Сөйлемде бірнеше ілік жалғаулы анықтауыштар қатар айтылғанда, стильдік жеңілдік туғызу үшін бірыңғай ілік жалғаулы анықтауыштардың алдыңғылары ілік жалғаудың жасырын түрінде қолданылады. Мысалы: ***қойшы, малшы,сауыншылардың*** *еңбегі биыл айрықша бағаланады. Мухит ойы—****Қалует, Михаил, Жақсылықтардың*** *ойы. (Ғ. Сл.)* Бұл сөйлемдерде *қойшының, малшының* және *Қалуеттің, Михаидың* деген ілік жалғаулы бірыңғай анықтауыштардың ілік жалғау косымшасы жалғанбаған.

Ілік септік жалғау қосымшасы мына сияқты жағдайларда үнемі жалға-нып, ілік септіктің ашық түрі қолданылады.

а) Ілік септікте тұруға тиісті зат есім сөзі жалқы есім болса, үнемі ілік септіктің ашық түрі колданылады. Мысалы: I) *Алматы облысы—****Қазақстанның*** *ең көркем жері. (С.М.)* 2) ***Ырысжан Жанаттың*** *бөлмесінде музыка тыңдап отыр еді. (Ғ. М.)*

ә) Ілік септік жалғауында тұруға тиісті зат есім сөзі жалпы есім болса да, тәуелдік жалғаулы сөзбен екі араға өзге сөздер тусіп, алшақтап тұрса, ілік жалғаулы сөз ашық түрде қолданылады. Мысалы:

1) ***Детдомның*** *бұрынғы балалары Бораш екеуімізге менсінбей қарап, Шегенге қулығы аралас қауіп көзімен қарап отырғандығын Мария апай аңдап қалған екен. (Ғ. Мүсір.)* 2) *Сойқаннан аман қутылған* ***колхоздың*** *ақтылы қойы қайта тоқырап, көктемнің тырбақ көгіне құныға оттай бастаған. (Ғ. Сл.) 3.* ***Қазақтың*** *сахарадағы тұрмысы осындай қиын шытырман. (М. Ә.)* Бұл сөйлемдердегі *детдомның, колхоздың, қазақтың* деген ілік жалғаулы анықтауыштардың ілік жалғауы қосымшасын түсіріп айтуға болмайды. Өйткені тәуелдік жалғаулы сөзбен екі араға *бұрынғы, ақтылы, сахарадағы* деген сөз келіп, ілік жалғаулы анықтауыш пен тәуелдік жалғаулы анықталушы сөзі бір-бірінен алшақтап тұр. Бұл сөздер болмаса, *детдом балалары, колхоз қойы, қазақ тұрмысы* деп айтуға болар еді.

б) Ілік жалғаулы сөз жалпы есім болып, тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесе айтылса да, ілік жалғаулы сөздің алдында өз анықтауышы болса, ілік септік жалғау қосымшасын түсіріп айтуға болмайды. Мысалы:

1. ***Бұл шаруашылықтың*** *малы аудан орталығынан 200 шақырымдай жерде екен. (Ғ. М.)* 2. ***Бұл үйдің*** *ішінде де көп жүк, сандық, биік төсек жоқ. (М. Ә.)* Бұл сөйлемдердегі *шаруашылықтың, үйдің* деген ілік жалғаулы сөздердің алдында өздеріне қатысты *бұл* деген анықтаушы болғандықтан, ілік жалғау қосымшасын түсіріп айтуға келмей, ашық түрде қолданылып тұр. Ол анықтауыштар болмаса, *колхоз малы, үй ішінде* болып ілік жалғаудың жасырын турінде де айтуға болар еді.

71-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, ілік жалғаулы сөздерді табыңдар. Оларға ілік жалғау қосымшасының жалғанып не жалғанбай тұрғандығын айтыңдар.

Жер жүзі еңбекшілерінің қуанышты мейрамы Бірінші мамырға Алматының қаласы, адамдары түгіл, табиғаты да әзірленіп жатыр. Биыл кешірек басталған Алматы көктемінің салқындау ауа райы екі-үш күннен бері мейірлене маужырап, ағаштары көктей бастаған кең, тік көшелердің бойын өрлей жанға жайлы жұмсақ самал еседі. Алматының күнгей жағына созыла біткен Іле Алатауының етегіне дейін бүркеп жатқан кар соңғы бір жұманың ішінде биікке карай жиырылып, бергі беттегі белесті жоталар ашылған. Енді ол жоталар теп-тегіс жасыл жамылғыға орана бастады. Биікке сырғыған қар Алатаудың орта тұсын белуарлап өскен шырша орманына кіріп ол бір тұс, алыстан қараған кісіге, қара қылшық қасқырдың жонын елестетеді. Одан арғы жоталардың үстінде аппақ қар. Қыс пен жаздың түйіскен сол бір тұсында екі мезгілдің де бейнесін өзіне тартқандай боп, ақ пен қарасы сапырылысқан қоңырқай бұлт биік белестердің басына қонып қапты. Бұлттан бойын асыра, аспанға шаншыла көтерілген «Үлкен Алматы» мен «Қіші Алматы» шыңдары таудың төбесін баса ұшқан екі ұшаққа ұқсайды. *(С. М.)*

3. **Барыс септік.** Барыс септік жалғаулы сөз әрқашан да сөйлемдегі етістіктен болған мүшеге, көбінесе етістік баяндауышқа меңгеріліп тұрады да, мына сияқты грамматикалық мағыналарды білдіреді:

а) Зат есім сөздеріне жалғанып, негізінде, қимылдың беталыс немесе мекендік бағытын білдіреді. Мысалы: 1. *Дәрменнің* жігіттері *бірнеше рет Абайға хабар жіберген-ді. (М. Ә) 2. Ертеңіне Бораш Москва консерваторйясына жүріп кетті де, мен баяғы шаштаразға келдім. (Ғ. Мүсір.)* Бұл сөйлемдегі *Абайға* деген сөз *жіберген-ді* етістігіне, консерваториясына деген сөз *кетті* етістігіне, шаштаразға деген сөз *келдім* етістігіне меңгеріліп, етістіктегі айтылған қимылдың бағытын, бет алысын көрсетеді.

ә) Заттық ұғымға айналған қимыл есімдеріне барыс септік жалғау қосымшасы жалғанып, мақсаттық ұғым береді

Мысалы:

Қартайғанда бір көріп,
Зират етіп қайтуға
Жамбыл келді алыстан. (Ж. Ж.)

деген сейлемдердегі *қайтуға* сөзі барыс септік жалғауы тұлғасында тұрып, *келді* деген етістік баяндауышқа меңгеріліп, сол етістіктердегі айтылған қимылдың не мақсатпен істелгендігін білдіріп тұр.

б) барыс септік жалғау қосымшасы мезгілдік ұғым беретін зат есім сөздеріне жалғанып, етістіктегі қимылдың мезгілін білдіреді.
Мысалыі: *Ол екі* ***жылға*** *оқуға ке*тті. *«Жұлдыз» журналы* ***айына*** *бір рет шығады.*

Барыс септіктегі зат есім сөздері к і м г е ? н е г е ? қ а й д а ? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Барыс септік қосымшалары мыналар: ***-қа, -ке, -ға, -ге, -а, -е, -на, -не.***
Бұл қосымшалар буын үндестігі бойынша жуан буыннан кейін ***–қа, -ға, -а, -на*** түрінде жалғанады да, жіңішке буыннан кейін ***-ке, -ге, -е, -не*** болып жалғанады.

Барыс септік қосымшасы дыбыс үндестігі бойынша, сөздің соңғы дыбысының әуеніне қарай мына сияқты түрде құбылынып жалғанады:

а) Сөздің соңы катаң дауыссыз дыбыстардың біріне аяқталса, барыс септік қосымшасы ***-қа, -ке*** түрінде жалғанады: *(ат + қа, тас + қа, пеш + ке, есік + ке)*

ә) сөздің соңы дауысты не ұяң **з, ж** дыбыстар мен үнді дыбыстардың біріне аяқталса, қосымша ***–ға, -ге*** түрінде ~~жалға~~нады *(шана+ға, тере-зе+ге, ел + ге,_ үй + ге, жаз + ға,- біз + ге).*

б) Тәуелдік жалғауының I, II жағынан кейін барыс септік жалғау ы ***-а, -е*** түрінде жалғанады *(кітабым + а, кітабың + а, үйім + е, үйің + е).*

в) Тәуелдік жалғауының III жағынан кейін ***-на, -не*** түрінде жалғанады *(баласы + на, үйі + не).*

Барыс септік жалғаулы сөз к і м г е, н е г е деген сұрақтарға жауап беріп тұрса, толықтауыш мүшенің қызметін атқарады. Мысалы: *Содан кейін өзіңе не* ***Жанатқа*** *еріп барармын. (Ғ. М.) 2) Біз* ***директорға*** *Сорокиннің жайын айттық. (С. М.)* 3) *Әбішпен бірге* ***күймеге*** *Пәкизат отырды. (М. Ә.)* 4) ***Арқама*** *қаққысы келіп еді, мен кейін шегініп кеттім. (Ғ. Мүсір.)* Бұл сөйлемдердегі **Жанатқа, директорға** деген сөздер к і м г е? деген сұраққа жауап беріп, **күймеге, арқама** деген сөздер н е г е? н е м е? деген сұрақтарға жауап беріп толықтауыш қызметін атқарып тұр.

Барыс септік жалғауындағы мекендік, мезгілдік, көлемдік, кеңістіктік мағынасы бар сөздер қ а й д а ? деген сұраққа жауап болып тұрса, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: 1) *Енді* ***Москваға*** *барып оқығым келеді. (Ғ. Мүсір.)* 2) *Келесің бе енді бұл* ***ауылға?*** *(М. Ә.)* деген сөйлем-дердегі *Москваға, ауылға* сөздері *қайда?* деген сұраққа жауап беріп, мекен пысықтауыш болып тұр.

72-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, барыс септік жалғауларын сызықшамен бөліп жазыңдар. Барыс жалғаулы сөздің сөйлемде атқарып тұрған қызметін түсіндіріңдер.

Мен база жақтағы егіншілерге соғып қайтайын. *(Ғ. С.)* 2. Орталыққа келсе, кейінгі шанада отырған бір әйел жоқ. *(С. М.)* 3. Бұл жайды да Абайға Әбіш құпия қып оңашада айтты *(М. Ә.)*. Таңертең облыстық соғыс бөліміне келдім. *(Ғ. Мү сір.)* 5. Есік қағып ену — қазақ колхоздарында әлі салтқа енбеген тәртіп. *(Ғ. М.)* 6. Бір табақ қағазға он шақты сөзді зорға сыйғызыпты. *(Ә. С.)* 7. Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез. *(А. К.)* 8. Ал Сәуле екеуіміздің мақсатымыз — осы шабуылға бүкіл Қарағандыны көтеру. *(Ә. Ә.)* 9. Мұрат деревняға дейін төрт жүз метр шамасы барын тез топшылады. (Т. А.)

4. **Табыс септік.** Табыс септік жалғауындағы сөз етістіктегі айтылған қимыл-амалдың әрекетіне ұшыраған нәрсені, яғни қимылдың объектісі болған нәрсені білдіреді. Қейбір етістіктердің лексикалық, қимылдық мағынасы затпен тікелей байланысты болады да, сол өзіне байланысты заттың қатар айтылуын талап етеді.

Табыс септік жалғаулы сөз сабақты етістікке меңгеріледе де,қимылдың объектісі болған нәрсені білдіріп, сөйлемде тура толықтауыш болады. Мысалы: 1) *Даңқымыздың* ***жұлдызын*** *Айға ұшырды. («Қ. әд.»)* 2) *Негізгі* ***құжаттарыңызды*** *әкеліңіз. (Ғ. М.)* 3) ***Пакетіңді*** *қолыңа береміз. (Ғ. Мүсір.)* Бұл сөйлемдердегі *жұлдызын, құжаттарыңызды, пакетіңді* деген табыс жалғаулы сөздер н е с і н ? н е л е р і ң і з д і ? н е ң д і ? деген сұрактарға жауап беріп, *ұшырды, әкеліңізші, береміз* деген сабақты етістіктерге меңгеріліп, тура толықтауыш болып тұр.

Табыс септік жалғауы к і м д і ? н е н і ? деген сұрақтардың біріне жа-уап береді.

Табыс септік жалғаулары: ***-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті.***

Бұл қосымшалар буын үндестігі бойынша жуан буыннан кейін ***-ны ,***

- ды, - ты түрінде жалғанады да, жіңішке буыннан кейін ***-ні, -ді, -ті*** түрінде жалғанады.

Табыс септік жалғаулары дыбыс үндестігі бойынша сөздің соңғы дыбысының әуеніне қарай, төмендегі түрде құбылып жалғанады:

а) сөздің соңы дауысты дыбысқа аяқталса, қосымша ***-ны, -ні*** түрінде жалғанады *(ата+ны, әже-ні);*

ә) сөздің соңы ұяң ***з, ж*** дыбыстарына және үнді дыбыстардың біріне аяқталса, қосымша ***-ды, -д****і* түрінде жалғанады *(нан-ды, шам-ды, жез-ді, ел-ді,жер-ді, үй-ді);*

б) сөздің соңы қатаң дыбысқа аяқталса, қосымша ***-ты, -ті*** түрінде жалғанады *(хат-ты, шаш-ты, шелек-ті, бет-ті, пеш-ті);*

в) тәуелдік жалғауының III жағынан кейін қосымша жалғыз ***-н*** дыбысы түрінде жалғанады *(ағасы + н, інісі+н,қаламы + н, дәптері+н).*

Табыс септік жалғаулары да, ілік септік жалғаулары сияқты, ашық түрде де, жасырын түрде де қолданылады.

Жалпы есім сөзі етістіктен болған мүшеге тіркесе айтылса, табыс септік жалғауы жалғанбай, табыс септіктің жасырын түрі қолданылады. Мысалы:

1) *Екеуіміз* ***дойбы*** *ойнап отырдық. (Б. С.)*

2) *Біз жаңа жылға дейін амалдап* ***сабақ*** *жүргізіп келдік. (Мах. М.)*

3) *Жақып өз бөлмесінде жантайып* ***газет*** *оқып жатыр (Ғ. М.)* деген сөйлемдердегі *дойбы, сабақ, газет* сөздері етістік баяндауышқа тіркесе айтылып тұрғандықтан, бұларға табыс септік жалғауының қосымшасы жалғанбай, табыс септіктің жасырын түрі қолданылып тұр.

Табыс септік жалғауының ашық түрі мына сияқты жағдайда колданы-лады:

1) табыс септік жалғауында тұруға тиісті тура толықтауыш жалпы есім сөзі болып, етістіктен болған мүшеге тіркесе айтылып тұрса да, оның алдында өзіне қатысты анықтауышы болып, дәлелденіп тұрса, табыс септік жалғаудың ашық түрі қолданылады. Мысалы: 1) *Оның орнына директор бізді мына* ***саманды*** *жинаңдар деп жіберді. (Б.* ***С.)*** **2)** *Менің ол* ***өсиетті*** *ұғынар жайым жоқ. (Ғ. Мүсір.)*

2) Табыс септік жалғауында тұруға тиісті жалпы есім сөзі мен оны меңгеретін етістіктен болған мүшенің арасында өзге сөз айтылса, табыс септік жалғауының ашық түрі қолданылады. Мысалы: 1. *Көзі әлі кетпеген,* ***газетті*** *көзілдіріксіз оқып жатыр. (Ғ. М.) 2. Осы кезде бақташылар* ***малды*** *өрістен айдап келді.*

3) Табыс септік жалғауында тұруға тиісті жалпы есім сөзі тәуелдік жалғаулы болып келсе, әрқашан да табыс септік жалғауының ашық түрі қолданылады. Мысалы: 1. *Әулиеқыз әңгімесі тербеп* ***басын*** *көтеріп алды. (Ғ. Сл.) 2) Баймақан адамдарының* ***тізімін*** *алып үлгерді. (Ғ. М.)* 3) *Жиендігіңді істеп, менің бір* ***жабағымды*** *мін де қаш. (Б. С.)*

4) Жалқы есім сөздері көбіне табыс септік жалғаудың ашық турінде қолданылады. Мысалы: 1) ***Петрді*** *ағаш басында бақылауда отырған Сергейге жібердім. (Ғ. Мүсір.)* 2) *Оразбай, Жиренше топтары жаңа болыс болған*

Күнтуды *ортаға алды. (М. Ә.)* 3) ***Ленинградты*** *немістің әлі қоршап жатқан кезі. (Ғ. М.)* 4) *Осы мінезін айтып* ***Мұхатты*** *ажуалайтын. (Ғ. С.)*
5) Зат есім сөзінің орнына жүретін есімдіктер де табыс септік жалғауының ашық түрінде қолданылады. Мысалы: 1) ***Оны*** *атамай, Қайырбек Баршагүлді қалайды. (Ғ. Сл.) 2)* ***Соны*** *іздеймін деп, түстен былайғы жұмысым қалды,* (Ғ. М.) 3) *Қазіргі шақта Базаралы келгелі бір жұмадай болса да,* ***оны*** *қала ішінде қарсы алған көңілдес ағайын күндіз-түн қонақ етеді. (М. Ә.)*

73-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, табыс жалғаулы сөздерді табыңдар. Олардың нсліктен ашық, жасырын түрде тұрғандығын түсіндіріңдер.

Еламан ызылы еді, кітап оқып отырған Машаны көргесін ғана азырақ түсі жылыды (Ә. Нұрп.). Түс қайта қаруларымызды сайлап, резина қайықтарға отырдық («ҚӘ»). Снаряд жарылысынан пайда болған үйдей-үйдей толқындар қайықты аударып жіберді («ҚӘ»). Болған оқиғаны бастан-аяқ, ештеңесін жасырмай айтып берді (І.Е.). Бозторғай ертелі-кеш ән салып, көңілін көтеретін (М.Төр.). Терезенің алдында тұрған шамды ешкім өшірмепті. Нұрым басын көтеріп алды (Р.Тоқ.). Айғанша қолындағы балықты қамыс үстіне тастай салды да, екі жеңгесіне иек қақты (Ғ.Мұс.).

74 -жаттығу. Мәтінді оқып шығып, табыс жалғаулы сөздерді табыңдар. Олардын неліктен ашық, жасырын түрде тұрғандығын айтындар.

Облыстық совдепке бағын, өкіметіңнің тұқымын құрт, войскаңды тарат деп Мартынов, Михеев, Емуганов, Акутин генералдарға әлдеқашан айтылды, съездің осындай қаулысы болды. Ақ генералдар мен елірген атты қазақ байларының қытығына тиеді екен деп революция туғызған совдепті мен мына столдың ішіне тығып қоя алмаймын және олардың қолында жүздіктер бар екен деп съезд бен облыстық атқару комитетінің белгілеген шараларын жүзеге асырмай, қол қусырып қарап отыруға, күштің теңелуін күтуге уақыт жоқ, уақыт болса да, мұндай қылмыс жасауға пролетариат алдында менің правом жоқ. Бұл — бір. Екінші, тұтқыннан қорықса, большевик партиясы әлдеқашан тарап кетер еді немесе Керенский сияқты абжылан социалистермен баяғыда келісім жасар еді. Сөйтіп, жұмысшының құлдық қамыты мойнынан, шаруаның қайыршылық шәркесі аяғынан түспес еді. Жоқ, революция алдында мұндай былқылдақ саясат пен ымырашыл бықсық әрекет жүргізуге және мұндай қылмысқа басқаларды итермелеуге менің ұжданым бармайды,— деп, Дмитриев басқалардың жүзінен достық шырай іздегендей, отырғандарды көзімен тегіс сүзіп өтті. *(Х. Е.)*

5. **Жатыс септік.** Бұл септік жалғаудағы сөз етістіктен болған мүшемен жанама түрде байланысты болып, қимылдың орнын, мекенін білдіреді. Кейде септік жалғауда тұратын сөз лексикалық мағынасына қарай мезгілдік ұғымды да білдіреді. Мысалы: 1) *Біздің* ***қалада*** *сұлы мен арпа беретін жер жоқ. (Б. М-ұ.)* 2) ***Мойнымда*** *желбіреген қызыл галстук,* ***қолымда*** *су жаңа сары*

портфель. (Б. С.) 3) ***Кермеде*** *ат байлайтын бос орын жоғын көрді де, Баршагүл оқшау жалғыз еменнің түбіне кеп түсе қалды. (Ғ. Сл.)* Бірінші сөйлемдегі *қалада,* екінші сөйлемдегі *мойнымда, қолымда,* үшінші сөйлемдегі *кермеде* деген жатыс жалғаулы сөздер мекендік ұғым беріп тұр.

Жатыс септік жалғаулы сөз к і м д е ? н е д е ? қ а й д а ? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Жатыс септіктің қосымшасы мыналар: ***-да, -де***, ***-та, -те, -нда, -нде.*** Бұл жалғаулар буын үндестігі бойынша сөздің соңғы буынының әуеніне қарай жуан буыннан кейін ***-да, -та***, ***-нда*** ***(*** *қала-да, жұмыс-та, бақшасы-нда)* түрінде жалғанады да, жіңішке буыннан кейін ***-де***, ***-те, -нде*** *(үй-де, кереует-те, бөл-месі-нде)* түрінде жалғанады.

Жатыс септік қосымшалары дыбыс үндестігі бойынша сөздің соңғы дыбысының әуеніне еріп, мына сияқты болып құбылып жалғанады:

1) Сөздің соңы не дауысты, не үнді, не ұяң ***з, ж*** дыбыстары болса, жатыс септік жалғауы ***-да, -де*** *(дала-да, ауыл-да, мұз-да, кеме-де, ел-де, үй-де)* түрінде жалғанады.

2) Сөздің соңы қатаң дауыссыз дыбыстардың бірі болса, жатыс септік жалғау қосымшасы ***-та, -те*** **(***сабақ-та, жұмыс-та, кітап-та,сурет-те, кабинет-те,)* түрінде жалғанады.

3) Тәуелдік жалғаудың III жағынан кейін жатыс септік жалғауы ***-нда, -нде*** *(баласы-нда, қаласы-нда, ауданы-нда, бөлмесі-нде, үйі-нде)* түрінде жалғанады.

Жатыс жалғаулы сөз к і м д е ? н е д е ? деген сұрақтарға жауап беріп, сөйлемде толықтауыш болады. Мысалы: 1) ***Мұхитта*** *да ол екеуімен әңгі-мелескісі келген түр жоқтай. (Ғ. Сл.)* 2) ***Саудада*** *достық жоқ,* ***сәлемде*** *борыштық жоқ. (М. М.)* Бұл сөйлемдердегі *Мұхитта, саудада, сәлемде* деген жатыс септік жалғауындағы сөздер к і м д е ? н е д е ? деген сұрақ-тарға жауап беріп, толықтауыш болып тұр.

Жатыс септік жалғауы мекендік, көлемдік мағынасы бар зат есім сөз-деріне жалғанып, қ а й д а ? деген сұраққа жауап беріп тұрса, жатыс жал-ғаулы сөз сөйлемде мекен пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы:

1. *Ең соңғы сұрыптау жарысы* ***Москвада*** *өткізілмек. (Б. С.) 2. Соңғы дәлеліне 1885 жылы* ***Орехово-Зуевода*** *болып өткен Морозов байға қарсы ғаламат зор стачканы қызық әңгімелеп берді. (М. Ә.)* 3. ***Ауылдарда*** *көктемнен бастап жаңа үйлер салына бастайды. (С. М.)* Бұл сөйлемдердегі *Москвада, Орехово-Зуевода, ауылдарда* деген жатыс септік жалғаулы сөздер қ а й д а? деген сұраққа жауап беріп, етістік баяндауыштардағы айтылған қимылдық процесті орын, мекен жағынан пысықтап, тиянақтап тұр.

Жатыс септік жалғауы кейбір мезгілдік мағынасы бар зат есім сөздеріне жалғанып, қ а ш а н? деген сұраққа жауап беріп тұрса, жатыс жалғаулы сөз сөйлемде мезгіл пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы:

1**.** ***Айында, жылында*** *бір келіп кеткенім болмаса, оны көрмеймін де. (Б. С.) 2) Атты* ***күнде*** *мінсең — тулақ,* ***аптпада*** *мінсең — құнақ,* ***айында*** *мінсең— ат,* ***жылында*** *мінсең — тұлпар. (М. М.)* Бұл сөйлемдердегі *күнде,*

айында, жылында, күнде, аптада деген сөздер лексикалық мағынасында мезгілдік ұғымды білдіретін болғандықтан, қ а ш а н? деген сұраққа жауап беріп, мезгіл пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

75-жаттығу. Жатыс жалғаулы сөзді тауып, оның соңынан жақша ішіне сұрағын көрсетіп, сөйлем дерді көшіріп жазыңдар.

1. Тәжірибе шуағында ақыл атаулы осылай жетіледі ғой. *(Ғ. Сл.)* 2) Мектепте педкеңес болып жатыр. *(Б. С.)* 3) Мұншама жақсы жағдайда егіс жоспарын тез орындау — тек адамдардың ғана колындағы іс. *(С. М.)* 4) Айсұлтан енді өз жүрегінде екі қам-тілек, екі арман туғанын айтты. *(Б. С.)* 5) Бұл төрт жігіттің бірге тұратын отбасыларында жиырма бес адам бар. *(М. М.)* 6) Ап-ашық күндерде де сахарада аяқ астынан қара құйын шыға келеді. *(Х. Е.)* 7) Мал қораларда ақ саулық жоқ болып шықты. *(Р. Ә.)* 8) Шалтай тура қарауға бата алмай, көз қырын тастап еді, Күлтайда жаңағының бірі жок. *(Ә. Ә.)* 9) Жоқ, әлде осы Базаралының ісінде қазақ сахарасындағы правосыз, қорлықта жүрген көп кедейдің бәрінің көңілін, тартысын білдірген шындық бар ма? *(М. Ә.)* 10) -Коммуналарыңда тәртіп қалай?— деді *(Ғ. Мүсір.)*

6. **Шығыс септік.** Шығыс септік жалғауының зат есім сөзіне жалғанғандағы сөздің лексикалық мағынасына қосымша тудыратын грамматика-лық мағынасы, негізінде, барыс септік жалғауының мағынасына қарама-қарсы болып келеді. Барыс септік жалғауы қимылдық процестің бет алыс бағытын білдірсе, шығыс септік жалғауы қимылдың өкше ізін, қайдан басталғандығын білдіреді. Мысалы: *Олар **мектепке** кетті. Олар **мек-тептпен** келді.*

Сонымен қатар, шығыс септік жалғауы белгілі нәрсенің, заттың неден, қандай материалдан жасалғандығын білдіреді. Мысалы: *Үйді **ағаштан** да, **тастан** да салады. **Алтыннан, күмістен** істелген бұйымдар өте қымбат болады.*

Кейін, соң, бері, әрі шылаулары зат есім сөзіне тіркесіп айтылса, зат есім сөзінің шығыс септік жалғауда тұруын талап етеді.

Әрі, бері шылаулары тіркесіп айтылған шығыс жалғаулы зат есім сөздері қимылдың орнын, мекенін білдіреді. Мысалы: *Ауылдың барлық бойдақ малы **өзеннен** әрі өрістеп жайылып барады. Машина жаңа ғана **көпірден** бері шықты.* Бұл сөйлемдердегі *өзеннен әрі, көпірден бері* деген сөз тіркестері *қ а й д а ?* деген сұраққа жауап беріп, мекендік ұғым береді.

Зат есім сөзіне *кейін, соң* шылаулары тіркесіп айтылса, шығыс жалғаулы сөз қимылдың мезгілін білдіреді. Мысалы, ***Жиналыстан кейін** ата-аналарға арналған концерт болады. Бүгін **сабақтан соң** бірінші курс студенттері орталық мұражайға экскурсияға барады* деген сөйлемдегі *жиналыстан кейін, сабақтан соң* сияқты сөз тіркестері қ а ш а н? деген сұраққа жауап беріп, мезгілдік ұғым береді.

Шығыс септік жалғаулы сөз к і м н е н ? н е д е н ? қ а й д а н ?

қ а ш а н ? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Шығыс септік жалғауларының қосымшалары ***-дан, -ден, -нан, -нен, -тан, -тен.*** Бұл қосымшалар буын үндестігі бойынша сөздің соңғы буынының жуан не жіңішке болуына қарай, жуан буыннан соң ***-дан, -нан, -тан*** *(тау-дан, орман-нан, бұлақ-тан)* түрінде жалғанады да, жіңішке буыннан кейін ***-ден, -нен, -тен*** *(көл-ден, өзен-нен, терек-тен)* түрінде жалғанады.

Шығыс септік жалғаулары дыбыс үндестігі бойынша, сөздің соңғы дыбысының әуеніне қарай төмендегі сияқты түрде құбылып жалғанады:

1.Сөз дауысты, ұяң ***з, ж*** және үнді ***л, р*** дыбыстарының біріне аяқталса, қосымша ***-дан, -ден*** *(дала-дан, Ораз-дан, мал-дан, терезе-ден, жел-ден, елден, жер-ден)* түрінде жалғанады.

2. Сөз үнді ***м, н, ң*** дыбыстарына аяқталса және сөзге тәуелдік жалғаудың ІІІ жағы жалғанып тұрса, қосымша ***-нан, -нен*** *(боран-нан, таң-нан, шам-нан, баласы-нан, өзен-нен, сең-нен, үйі-нен)* түрінде жалғанады.

3. Сөз қатаң дауыссыз дыбыстардың біріне аяқталса, қосымша ***-тан, -тен*** *(болат-тан, тас-тан, ағаш-тан, сүйек-тен, күміс-тен)* түрінде жалғанады.

Шығыс септік жалғаулы зат есім сөзі к і м н е н ? н е д е н ? сұрақтарына жауап беріп тұрса, сөйлемде толықтауыш болады. Мысалы:
1) *Бірақ* ***Шығанақтан*** *жасыра алмады. (Ғ. М.) 2) Және* ***сауынынан****, көшер* ***көлігінен,*** *жалғыз-жарым* ***талшығынан*** *айрылу Жігітектің көп кедейіне оңай, осал пәле болған жоқ. (М. Ә.)* 3) ***Қолыңнан*** *келгенше ажарлағың келеді. (Ғ. Мүсір.)* Бұл сөйлемдердегі *Шығанақтан, сауынынан, көлігінен, талшығынан, қолынан* деген сөздер к і м н е н ? н е с і н е н ? н е д е н ? деген сұрақтарға жауап беріп, толықтауыш болып тұр.

Мекендік, көлемдік мағынасы бар зат есім сөздеріне шығыс септік қосымшасы жалғанып, қ а й д а н ? деген сұраққа жауап беріп тұрса, сөй-лемде мекен пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: 1) ***Жымпитыдан*** *келген доктор Ехлас Шуғылов тілмаш Минхайдар Құрбановтың үйіне түскен еді. (Х. Е.) 2. Бұл сапарға біз* ***Москвадан*** *келе жатырмыз. (С. М.)* деген сөйлемдердегі *Жымпитыдан, Москвадан* деген шығыс жалғаулы сөздер қ а й д а н? деген сұраққа жауап беріп, мекен пысықтауыш болып тұр.

Шығыс септік жалғаулы зат есім сөзі *кейін, соң* шылауларымен тіркесе айтылып, қ а ш а н ? деген сұраққа жауап беріп, мезгіл пысықтауыш та болады. Мысалы: 1) *Кешкі* ***астан*** *кейін төр үйге кіріп, стол шамды жақтым да, сырттан ештеңе көрінбестей етіп, терезе перделерін түсірдім. (Б. С.)*

76-жаттығу. Шығыс жалғаулы сөздерді тауып, соңынан жақша ішіне сұрауын қойып, көшіріп жазыңдар.

1. Қазаннан келген артистердің ойынын айтты. *(Х. Е).* 2. Екі қалтаның біріне жаңа үйреніп жүрген жастардың еңбекақыларынан да қосылып кететін

күндер болады. *(Ғ. Мүсір.)* 3. Мен Россия тарихынан мысал айтайын. *(М. Ә.)* 4. Құлқыннан өтетіл қолда бардың бәрін өзімізге азыққа тығу керек. *(Ғ. М.)* 5. Мен жаңа ғана генералдан келдім. *(Б. М-ұ.)* 6. Мектептен бері шыққан соң Батыкең: «Әне, директордың өзі не деп отырғанын естідің ғой — деп, зілдене сөйледі. *(Б. С.)* 7. Жаманшұбардан біздің ауыл неге және қашан көшкенін, қайда барып орнағанын менен естігенде, бұл жаңалықты тыңдаған Иванченконың көзі қуанғаннан шарасынан шығып кетті. *(С. М.)*

7. **Көмектес септік.** Бұл септік жалғау зат есім сөздеріне жалғанып, сөздің лексикалық мағынасына қосымша мына сияқты грамматикалық мағына туғызады:

1. Істі, қимылды істеуге бір заттың құрал екендігін білдіреді, яғни көмектес септік жалғау қосымшасы жалғанған сөз қимылды орындауға құрал болған нәрсені көрсетіп тұрады. Мысалы: *Біз шөпті* ***машинамен*** *тасыдық. Ол хатты* ***қарындашпен*** *жазды. Сен* ***поезбен*** *келдің бе?*

2. Істің, қимылдың тәсілін білдіреді. Мысалы: *Біз оны* ***айламен*** *ұстадық. Ол сабақты* ***ынтпамен*** *оқиды. Кездескен қиыншылықты* ***табандылықпен*** *жеңе білу керек.*

3. Істі, қимылды істеудегі, орындаудағы бірлестікті білдіредІ. Мысалы: *Мен жазғы демалысты қалай өткізу туралы* ***оқытушыммен*** *ақылдастым. Ол экскурсияға* ***жолдастарымен*** *бірге кетті.*

4. Қимылдың мекенін білдіреді: *Мысалы: Барлаушылар батпақты* ***тоғай ішімен*** *таң атқанша тыным таппай жүріп отырды (Қ. Қайсенов)*.

Көмектес септік жалғаулы сөз к і м м е н ? н е м е н ? қ а л а й ? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Көмектес септік жалғау қосымшалары ***-мен, -бен, -пен***. Кейде, өте сирек болса да, ***-менен, -бенен, -пенен*** түрінде де қолданылады. Соңғы түрі ауыз әдебиетінде (фольклорда) және халықтың ауызекі сөйлеу тілінде кездеседі. Жазба көркем әдеби шығармаларда өте сирек қолданылады.

Көмектес септік жалғау қосымшалары буын үндестігі заңына бағынбай жуан буыннан кейін де, жіңішке буыннан кейін де ***-мен, -бен, -пен*** *(бала-мен, ине-мен, қағаз-бен, біз-бен, ат-пен, кілт-пен)* түрінде жалғанады.

Көмектес септік қосымшалары дыбыс үндестігі бойынша сөздің соңғы дыбысының әуеніне қарай төмендегі түрде құбылып жалғанады:

а) Сөздің соңы дауысты және үнді дыбыстардың бірі болса, қосымша***-мен (-менен)*** түрінде жалғанады *(шана-мен, жол-мен, Бейсен-мен,сені-менен).*

ә) Сөздің соңы ұяң ***з, ж*** дыбыстарының бірі болса, косымша ***-бен (-бенен)*** түрінде жалғанады *(қағазбен, сөзбен, біз-бен).*

б) Сөздің соңы қатаң дауыссыз дыбыстардың біріне аяқталса, қосымша ***-пен (-пенен)*** түрінде жалғанады *(ат-пен, ұшақ-пен,ерлік-пен).*

Көмектес септік жалғаулы сөз к і м м е н ? н **е** м е н ? деген сұрақтардың біріне жауап беріп тұрса, сөйлемде толықтауыш болады. Мысалы:

1) *Содан кейін барып батпандай зор* ***ашқышпен*** *салдыр-гүлдір еткізіп темір торлы есікті ашып жіберді де, шошып кетіп, қайтадан жаба салды. (Х. Е.)*

2) *Мырқал сағатына қарай салып,* ***Мирон Павловичпен*** *сайысар кезі*

жақындап қалғанын білді де, Сәуледен жаңағы жазып алған екі сөзін күбірлеп жалма-жан жаттай бастады. (Ә. Ә.) 3) *Осы **қолғаппен** бокс ойнауға болмас па екен деген ой келді оған. (Б. Соқп..)* Бұл сөйлемдердегі *ашқышпен, Мирон Павловичпен, қолғаппен* деген көмектес септік жалғаулы сөздер н е м е н ? к і м м е н ? деген сұрауларға жауап беріп, толықтауыш болып тұр.

Көмектес септік жалғаулы сөз қ а л а й ? деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде пысықтауыш болады. Мысалы: 1) *Әбішке зор **ілтипатпен** қарады. (М. Ә.) 2) — Қел, Сәулеш, кел!— деп, жылы **шыраймен** қарсы алды.* 3) *Аяғын **салмақпен** басып ортадағы столға жақындап келді. (Ә. Ә.)* Бұл сөйлемдердегі *ілтипатпен, шыраймен, салмақпен* деген көмектес септік жалғаулы сөздер қ а л а й? деген сұрақтарға жауап беріп, пысықтауыш болып тұр.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) Зат есімнің септік категориясы деген не Септік жалғаулары қандай *қызмет атқарады ?*
2) *Зат есім сөздерінің септелуі немесе зат есімнің септік парадигмасы деген не ?*
3) *Қандай септіктер синтетикалық септіктер деп аталдады ?*
4) *Қазақ тілінде неше септік бар ?*
5) *Атау септік қандай грамматикалық мағына білдіреді қандай тұлғада қолданылады ?*
6) *Ілік септік қандай грамматикалық мағына береді ? Жалғаулары қандай?*
7) *Ілік септік тұлғасындағы сөз сөйлемнің тек қандай мүшесінің қызметінде қолданылады ?*
8) *Барыс септіктегі сөз қандай грамматикалық мағыналар береді ? Жалғаулары қандай ? Барыс септік тұлғасындағы сөз сөйлемнің қандай мүшелерінің қызметін атқарады ?*
9) *Табыс септіктегі сөз қандай грамматикалық мағына береді ? жалғаулары қандай Сөйлемде негізіненқай мүшенің қызметін атқарады ?*
10) *Жатыс септіктегі сөз қандай грамматикалық мағыналар береді ? Жалғаулары қандай ? Сөйлемнің қай мүшелерінің қызметінде қолданылады ?*
11) *Шығыс септіктегі сөз қандай грамматикалық мағыналар береді ? Қандай жалғаулары бар ? Сөйлемде қандай мүшелердің қызметін атқарады ?*
12) *Көмектес септіктегі сөз қандай грамматикалық мағыналар береді? Жалғаулары қандай ? Сөйлемнің қандай мүшелерінің қызметін атқарады ?*

77-жаттығу. Мәтіндегі қара әріптермен жазылған сөздерді теріп, септік жалғауларын сызықша арқылы бөліп, соңынан жақша ішіне сұрақтарын қойып жазыңдар. Олардың қай септік екенін айтыңдар.

- **Мүмкіндіктің** бәрі бірдей бола бермейді. **Күшті, уақытты** есептеу керек. Колхоз алдымен тамақ, шикізат байлығын жасасын. Бес жыл бойы **соғыстан** бүлінген дүние осыны тілейді. Содан кейін сіз айтқан жаңа **сатыға** аяқ басамыз.

- Менің **жоспарымда** осы максат **артығымен** орындалады. Сонымен қабат колхозды жаңа сатыға көтереді. Көріңіз,— деп, Жомарт та өз жоспарын столдың үстіне жайды. Жоспардың дұрыстығын дәлелдейтін қиын-қиын есеп, диаграммаларды қоса жайды. Есжан үңіліп отыр. **Өңінде** титтей де толғану нышаны байқалмайды. Бұдан бірнеше күн бұрын Сатан екеуі Жақыптың жоспарын қарап, қатты ұнатқан. **Тосыннан** кездескен жаңалықты лаулаған ой қапелімде кабылдай қоя ма? Оған **секретарьдың** пікірін, жоғарыдан келген нұсқауды мықты ұстайтын әдеті қосылып кетті де:

— **Мазмұнын** қысқаша айтыңызшы,— деді келтесінен. — **Цифрдан** қысқа сөз бола ма?—деп, күмілжіді Жомарт.— Бұның өзі қысқа, шағын бір жылдық қана жоспар. Сауын сиырының жүзден жиырма бесі асыл тұқымды болса, жүздің бергенін береді. Сонда 75 сиырдың беретіні **қалпымен** пайдаға қалады. Егістің жүзден елу **гектарына** агрономияны толық пайдалансақ, бұ да жүздің бергенін береді. Елу гектардың өнімі пайдаға қалады. Толық есептерін бірінші, екінші кестеден қараңыз. Осы екеуінің өзі-ақ миллиондаған сом кірістер енгізіп тұр. Тиірменді, ұста дүкенін, фермаларды, колхозшылардың үйін электрлендіру арқылы **жылына** ең кемі екі мың сағат жұмыс уақытын үнемдеуге болады. Бұл — неше **жұмысшының** неше жұмыс күніне тұратынын есептей беріңіз. Осынша ен байлықты көре-тұра айтпауға бола ма, ол үшін айтыспауға бола ма? *(F. M.)*

§ 57. Аналитикалық септік

Септік категориясы мағынасының көмекші сөздердің қатысуы арқылы күрделіленген түрі *аналитикалық септік* деп аталады. *Мысалы: үйдің іші, үйдің ішіне, жұмыстан кейін, үйге қарай, үй ішін, үйден гөрі, мерзімінен бұрын, жолдасымен бірге* сияқты көмекші сөздер арқылы септелген зат есімдер немесе септелген зат есім мен септеулік шылау тіркескен сөздер аналитикалық септікке жатады да, ол сөздер *септіктің аналитикалық тұлғасындағы сөздер* деп аталады.

Аналитикалық септікте әр септіктің негізгі мағынасы сақталады, ол мағынаның үстіне қосымша мағына үстеледі. Көмекші есім мен септеулік шылау көрсеткіштері септік категориясының мағынасын кеңейтіп, нақтылай түседі. Аналитикалық септік көмекші есімдер мен септеулік шылаулардың қатысуы арқылы жасалады да, **көмекші есімді аналитикалық септік** және **септеулік шылаулар арқылы жасалған аналитикалық септік** болып бөлінеді. Көмекші есімдер тек септік құрамында ғана, яғни, септелген зат есім

құрамында ғана қолданылады. *Мысалы, Күй ішінде кербезі арман деген, Арман деген сұлуы сөз ішінде (Қ.М.)* деген жолдардағы *күй ішінде* дегенді *күйде, сөз ішінде* дегенді *сөзде* деп те айтуға болар еді. Бұл олардың мағыналас екенін білдіреді. Сонда, *күй, сөз* деген зат есімдерге жалғанатын септік жалғауы көмекші есім арқылы негізгі сөзге жалғанып тұр. Демек, *күй ішінде, сөз ішінде* тіркестері -біртұтас сөзтұлға. Бұдан көмекші есімнің сөздерге грамматикалық мағына үстейтін грамматикалық көрсеткіштер қатарындағы тілдік бірлік екенін көруге болады.

Көмекші есім тіркескен зат есім барлық септік жалғаулары бойынша түрленеді, септік жалғаулары көмекші есімдерге жалғанады. Мысалы:

А.с. *ауылдың маңы, мектептің жаны, қаланың іші;*
І, с. *ауылдың маңының, мектептің жанының, қаланың ішінің;*
Б.с. *ауылдың маңына, мектептің жанына, қаланың ішіне*;
Т.с. *ауылдың маңын, мектептің жанын, қаланың ішін;*
Ж.с. *ауылдың маңында, мектептің жанында, қаланың ішінде;*
Ш.с. *ауылдың маңынан, мектептің жанынан, қаланың ішінен;*
К. с . *ауылдың маңымен, мектептің жанымен, қаланың ішімен;*

Аналитикалық септіктің екінші түрі септеулік шылаулар арқылы жасалады, сондықтан септеулік шылаулар септік жалғаулы сөзге тіркесіп, септіктің мағынасына түрлі реңк қосып, оны күрделілендіріп тұрады. *Мысалы: Жалт қарасам, шұға үйіне қарай кетіп бара жатыр екен (Б.М.). Жұмыстан кейін кездесейік (С.М.). Бидаймен қатар тары да ектік (С.М.).* Осы мысалдардағы *үйіне қарай, жұмыстан кейін, бидаймен қатар* деген сөздер аналитикалық септіктің барыс, шығыс, көмектес септік тұлғаларында тұр.
Септеулік шылаулар 7 септіктің ішінен тек а т а у , б а р ы с , ш ы ғ ы с , к ө м е к т е с септіктердің аналитикалық сөзтұлғаларын жасайды.

78-жаттығу: Септеулік шылаулар мен көмекші есімдерді тауып, олардың қай септіті меңгеріп тұрғанына, грамматикалық мағыналарына түсінік беріңдер.

1)Алатау жоталарының осыдан жүз жыл, тіпті миллион жыл бұрын да дәл осындай асқақтап тұрғанын, бұдан кейін де тұра беретінін, мына бір соқтықпалы, бұралаң жолдармен талай ұрпақтың жүріп өтетінін есіне алды. Осынау өмірдің хам-қаракеті , жақсылық үшін, ізгілік үшін күрес мұнан кейін де тоқталмайды екен (Қ. Ж.). 2) Мектептің қасынан әдебиет үйірмесін ұйымдастырып еді, кешікпей бұл үйірме аудандағы әдеби орталыққа айналды (Б. Соқп.). 3) Менің ұзақ сұқтана қарағанымды байқап қалған екен (Қ. Н.). 4) Қыстауға қонғаннан бері , кеш сайын ешкімге білдірмей, елеусіз ғана әжесімен оңаша қалады (М. Ә.). 5) Енді басқа көш тақаған сайын тау реңі ғажап құбылып, өзгеріп барады екен. Бірақ ілгері жүріп, тобықтыға тақаған сайын, осы жетек жүзге тарта болды (М. Ә.). 6) Ақмолада тұратын бай саудагер Сейіткамал арқылы жаңа үйге ұсталған кілемдерді де Омар алғызды. (Ғ. Мұст.).

58. Тәуелді септеу

Зат есім сөздері үнемі тәуелдік жалғауы жалғанбаған түрде септеле бермейді, сонымен қатар, тәуелдік жалғауы жалғанған зат есім сөздері де барлық септік жалғауларын қабылдап, септеліп отырады.

Сөйтіп, қазақ тілінде септеудің екі түрі бар: 1) жай септеу, 2) тәуелді септеу.

Зат есім сөздерінің тәуелденіп барып септелуін т ә у е л д і с е п т е у дейді.

Тәуелді септеудің сөзге жалғанатын қосымшалары жағынан жай септік-тен *барыс, табыс, жатыс* жалғауларында ғана айырмасы бар да, өзге септік жалғауларында ешқандай айырмашылық жоқ. Жоғарыда аталған үш септіктің айырмашылықтары мынада:

1.Тәуелді септеудің барыс септік жалғауы I және II жақта **–а, е** *қалам-а, қалаң-а, үйім-е, үйің-е)* түрінде жалғанады да, III жақта **-на, -не** (*қаласы-на, үйі-не*) түрінде жалғанады.

2. Тәуелді септеудің табыс септік жалғауы III жақта жалғыз **–н** *(қаласы-н, үйі-н)* түрінде жалғанады.

3. Тәуелді септеудің жатыс септік жалғауы III жақта **–нда, -нде**

(қаласы-нда, үйі-нде) түрінде жалғанады.

79-*жаттығу.* *Шана, ине* сөздерін оңаша тәуелдеу түрінде I, II, III жақта септеп шығыңдар

80 - жаттығу. Мәтінді оқып шығып, тәуелді септеудегі сөздерді табыңдар. Олардыңай септік жалғау тұлғасында тұрғанын айтып беріңдер.

Жар қабаққа тақап салынған тас көпір осы бір күндерде майданның бір тар қылтаңына айналып кетті. Батыстан шығысқа қарай ағылған әскерге аралас көп жұрт көпір аузында қарбаласып, тығындап тастаған екен. Бір ғана бөлімше деп саналатын тоғыз жауынгер алты сағат алысып, әрең дегенде тәртіпке қол жетіп, міне, екі күн бойы шегінген әскер бөлімдері мен жосыған жұртты өткізіп тұрмыз.

Полковник Озимин біздің көңілімізді көтергісі келіп:

- Бұл бес күннің ішінде майданның ең ауыр жерінің бірі сол елеусіз көпір болды. Соғысқа кірмедім деп ренжімеңдер... Соғысты сол жерден-ақ жақсы көрерсіңдер- деп еді, айтқаны қате кеткен жоқ.

Айналамыз астан-кестен. Жер бетіне қорасан шыққандай. Дүниедегі бар үн біздің үстімізге жиналғандай: гүрсілдейді, өкіреді, ұлиды. Аспан біресе жарылғандай, біресе жыртылып кеткендей, енді бір кезде салдыр-гүлдір құлап келе жатқандай болады. Осы маңда секіріп түспеген бір тас қалмаған сияқты.

Көпірдің қай жерде екенін дәл белгіліп алған жау самолеттері түн ішінде де келіп, дүркін-дүркін бомбалап кетеді. (Ғ. Мүсір.)

§ 59 Зат есімнің жіктік категориясы және жіктік жалғаулары

Зат есім сөздері сөйлемдегі өзге сөздермен синтаксистік байланысқа ену үшін тек көптеліп, тәуелденіп, септеліп қана қоймайды, сонымен қатар жіктеліп те қолданылады.Жіктік жалғаулары сөйлемнің баяндауышына жалғанатын қосымшалар болғандықтан, зат есім сөздерінің жіктік жалғаулары арқылы түрленуі оның синтаксистік қызметімен байланысты. Мысалы: *Мен студенттін, сен студентсің, ол студент* дегенде сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде адамдардың кім екендіктері көрсетіліп, бір-бірінен аралары ашылып, жіктеліп айтылып тұр. Бұны зат есімнің жіктік категориясы дейді және ол жіктік жалғаулары арқылы көрінеді.

Жіктік жалғау, негізінде, зат есім сөздеріне жалғанатын морфологиялық қосымша. Сонымен қатар, жіктік жалғау зат есімнің үлгісімен өзге есім сөздеріне де (сын есім, сан есім, есімдік), модальдық сөздерге де жалғанады. Мысалы: *Мен жұмысшы**мын**. Сен дәрігер**сің**. Мен жас**пын**. Сен егінші**сің.** Мұны істеген сен**сің**. Есепті бірінші болып шығарған мен**мін**. Біз аз**быз**. Сендер көп**сіңдер**.*

Сөйтіп, **есім сөздерінің жіктік жалғау қосымшаларының жалғануы арқылы түрленуін з а т е с і м н і ң ж і к т е л у і** дейді.

Жіктік жалғаудың үш жағы және жекеше, көпше түрлері болады.

Жіктік жалғаудың І жағының қосымшалары буын үндестігі және дыбыс үндестігі бойынша мына сияқты болып құбылып жалғанады.

Ж е к е ш е түрінде:

а) сөз дауысты және үнді дыбыстарының біріне аяқталса, жіктік жалғау қосымшасы ***-мын, -мін*** *(бала+ мын, іні+мін, адам+ мын, ер-\-мін)* болып жалғанады;

ә) сөз ұяң ***з, ж*** дыбыстарының біріне аяқталса, қосымша ***-бын, -бін*** *(қыз+ бын, кербез+бін)* болып жалғанады;

б) сөз қатаң дауыссыз дыбыстардың біріне аяқталса, қосымша ***-пын,- пін*** *(ұшқыш + пын, студент + пін)* болып жалғанады.

К ө п ш е түрде:

а) сөз дауысты және үнді *р, л, й, у* дыбыстарының біріне аяқталса, қосымша ***-мыз, -міз*** *(бала+* ***мыз,*** *іні +* ***міз,*** *оқушы +****мыз,*** *инженер+* ***міз)*** болып жалғанады;

ә) сөз үнді *м, н, ң* дыбыстарының біріне аяқталса, қосымша ***-быз, -біз*** *(адам+* ***быз,*** *тең+* ***біз)*** болып жалғанады.

б) сөз қатаң дауыссыз дыбыстардың біріне аяқталса, қосымша ***-пыз,-піз*** *(ұшқыш +* ***пыз,*** *студент+піз)* болып жалғанады.

Жіктік жалғаудың II жағының қосымшасы мына түрде жалғанады:

	Жекеше	көпше
Анайы түрі	***-сың -сің*** *(бала +* ***сың,*** *(студент +* ***сің)***	***-сыңдар, сіңдер*** *(бала +* ***сыңдар,*** *(студент +* ***сіңдер)***
Сыпайы түрі	***-сыз, -сіз*** *(бала +* ***сыз,*** *(студент +* ***сіз)***	***-сыздар, -сіздер*** *(бала +* ***сыздар,*** *(студент +* ***сіздер)***

Жіктік жалғаудың III жағының арнайы қосымшасы болмайды, баяндауыш қызметінде қолданылған сөздің бастапқы тұлғасы жіктік жалғаудың III жағы ретінде түсініледі.

Есімдер болымды түрде де, болымсыз түрде де жіктеледі. Болымсыз түрде жіктік жалғау қосымшасы есімдерден кейін қолданылатын *емес* сөзіне жалғанады.

Жіктік жалғау өзі жалғанған сөзді сөйлемнің баяндауыш мүшесі қызметіне айналдырып, бастауышпен жақтастырып тұратын болғандықтан, ол сөздің тек соңында ғана тұра алады. Жіктік жалғаудан кейін ешқандай қосымша жалғанбайды, керісінше, жіктік жалғау қосымшасы өзге жалғау-лардан кейін жалғана береді.

Жіктік жалғау қосымшасы тәуелдік жалғауының соңынан мынадай тәртіппен жалғанады:

а) Тәуелдік жалғаудың біріиші жағының қосымшасы жалғанған сөзге тек жіктік жалғаудың екінші жағының ғана қосымшасы жалғана алады. Өйткені, ең алдымен, бірінші жаққа меншіктеу керек те, одан кейін екінші жақпен теңдестіру керек. Мысалы: *Сен (менің)* ***інімсің.*** *Сендер (менің)* ***оқушыларым-сыңдар.*** *Сіз (біздің)* ***оқытушымызсыз. Сіздер*** *(біздің)* ***оқытушыларымызсыздар.***

ә) Тәуелдік жалғаудың екінші жағының қосымшасы жалғанған сөзге жіктік жалғаудың бірінші жағының қосымшасы ғана жалғана алады. Өйткені мұнда, ең алдымен, екінші жаққа меншіктеу керек те, содан кейін барып бірінші жақпен теңдестіру керек. Мысалы: *Мен (сенің)* ***ағаңмын.*** *Біздер (сендердің)* ***ағаларыңызбыз.*** *Мен (сіздің)* ***іниізбін.*** *Біздер (сендердің)* ***інілеріңізбіз.***

б) Тәуелдік жалғаудың үшінші жағының қосымшасы жалғанған сөзге жіктік жалғаудың не бірінші, не екінші жақтық қосымшаларының бірі жалғанады. Өйткені мұнда үшінші жаққа меншіктеледі де, содан кейін бірінші, екінші жақтың бірімен теңдестіріледі. Мысалы: *Мен (оның)* ***оқушысымын.*** *Сен (оның)* ***інісісің.*** *Біз (оның)* ***студентіміз.*** *Сіз (оның)* ***студентісіз.***

Зат есім сөздерінің жіктелу үлгісі

	жақ	болымды	болымсыз
Жекеше	I ж. мен II ж. сен сіз III ж. ол	аңшы + мын аңшы + сың аңшы + сыз аңшы	аңшы емес + пін аңшы емес + сің аңшы емес + сіз аңшы емес
Көпше	I ж. біз (дер) II ж. сендер, сіздер III ж. олар	аңшы + мыз аңшы + сың+дар аңшы+сыз+дар аңшы(лар)	аңшы емес + піз аңшы емес+сің+дер аңшы емес+сіз+дер аңшы емес
Жекеше	I ж. мен II ж. сен сіз III ж. ол	әнші + мін әнші+сің әнші + сіз әнші	онші емес + пін әнші емес+сің әнші емес + сіз әнші емес
Көпше	I ж. біз (дер) II ж. сендер, сіздер III ж. олар	әнші + міз әнші+сің+дер әнші + сіз+дер әнші (лер)	әнші емес + піз әнші емес+сің+дер әнші емес+сіз + дер әнші емес

Сұраулық шылаулар ***ма, ме, ба, бе, па, пе*** әдетте жіктік жалғаулы сөздің екінші жағынан кейін айтылады да, бөлек жазылады: *Сен студентсің бе? Агрономсың ба? Сен үйдесің бе? Ауылдасың ба?*

Кейде сұраулық шылау екінші жақтың жіктік жалғау қосымшасы мен түбір сөздің арасына қыстырылып та қолданылады. Мұндай жағдайда сұраулық шылаудың морфологиялық тұлғасы дыбыстық өзгерістерге ұшырап, сол өзгерген күйінде жалғанады. Мысалы: *Сен студент**ні**сің? Агроном**бы**сың? Сен үйде**мі**сің? Ауылда**мы**сың?*

Есім сөздерге жалғанатын жіктік жалғау косымшасы өзі жалғанған сөзді белгілі жақпен теңдестіреді. Сондыктан жіктік жалғау қосымшасы кез келген зат есім сөзіне жалғана бермейді, тек адамды, оның мамандығын және туыстық қатынастарды білдіретін сөздерге ғана жалғанады. Бұл жағынан алғанда, жіктік жалғау поэтикалық тіл көркемдік тәсіл ретінде үлкен кызмет аткарады. Қейбір ұқсастық белгілері жағынан жанды, жансыз нәрселерді білдіретін сөздерге жалғану арқылы көркем сурет, образдар жасалады. Мысалы: XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың жалынды ақыны Махамбет Өтемісов өзінің Жәңгір ханға айтқан бір өлеңінде:

Хан емессің *қасқырсың,*
Қара албасты басқырсың.
Хан емессің ылаңсың,
Ысқырынған *жылансың.*
Хан емессің, аянсың,
Айыр құйрық *шаянсың.*

деп, Жәнгір ханды *қасқыр, жылан. шаян* сияқты жыртқыш аңдар мен адамға қастық істейтін, не ұсқынсыз жәндіктерге теңестіру арқылы жиреніште, жағымсыз образ туғызып отыр. Бұл көркем образ *қасқыр, жылан, шаян* сөздері жіктік жалғаудың екінші жағын жалғау арқылы жасалып тұр. Сол сияқты Сарамен айтысында Біржан *«Ақ иық мұз балақпын жерге түспес»* деп өзін балағына мұз қатқанша көтерілетін бүркіт сияқты қыран құсқа теңдестіреді.

Бірақ жіктік жалғауды адаммен ешқандай байланысы жоқ және ешбір белгісі жағынан адамға тендестіруге келмейтін, бұйым атауын білдіретің зат есім сөздеріне жалғап айтуға болмайды. Мысалы: *столмын, столсың* деп айтуға еш уакытта да болмайды.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Септіктің қандай түрі аналитикалық септік деп аталады ?*
2) *Аналитикалық септік қандай сөздердің қатысуы арқылы жасалады ?*
3) *Септеулік шылаулар қай септіктегі есім сөздеріне тіркесіп келіп аналитикалық септік тұлғасын жасайды ?*
4) *Тәуелді септеу деген не ?*
5) *Тәуелді септеу мен жай септеудің қандай қосымшаларында айырмашылықтар бар ?*
6) *Жіктік жалғаулары қай сөйлем мүшесіне тән қосымшалар ?*
7) *Жіктік жалғаулары қандай мағынадағы есім сөздеріне ғана жалғанады ?*

81-жаттығу. Көшіріп жазыңдар да, жіктік жалғаулы сөздердің жалғауын сызықша арқылы бөліп жазыңдар.

I. Ай, бал бөбек, бал бөбек, балдайсың,
Атқан жазғы арайлы таңдайсың.
Күлгеніңде көктемгі күндейсің.
Күн нұрымен құлпырып гүлдейсің.
Бақыттысың, бал бебегім,
Тұр алдында бар керегің.
Тез ер жетші, бал бөбек,
Оқып білім ал, бөбек. *(Қ. Л.)*

II. Мен сендерден бір тамшы тамған жаспын,
Сол тамшы болған үшін байға қаспын.
Сенің жүрген жеріннен қозғалмайтын,
Жұдырықтай қарам бар, қатқан таспын.
Мен дариядай тасыған ағып келем,
Менде ақындық жалғыз сөз «Жалшы» деген.
Сол сөз менің тәңірім табынатын,
Басқаға сенен қалса ғана берем. *(С. М.)*

III. Қасыммын ,сол баяғы бір Қасыммын,
Бақытын ойламайтын құр басымның,
Тымырсық, түнек болсаң, дұшпаныңмын,
Ақ көңіл, адал болсаң, сырласыңмын. *(Қ. А.)*

82-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, қара әріптермен жазылған зат есім сөздерін теріп көшіріп жазып, берілген үлгімен морфологиялық талдау жасаңдар да, әрбір қосымшаның қандай қосымша екендігін айтыңдар.

Үлгі: *Алаңының — алаң +ы + ның.*

Ол түні жел тымық болатын. Мұз **алаңының** үстінде қалың камыс төсеп, қырықтаған адам **қазанды** қоршай отыра қалдық. Қуанышты қабысу қошеметіне арналған от жалыны лаулап **аспанға** көтерілді. Әр жерге сүймендер кадалып, «жарқанат фонарьлар» асылған еді, қос маңы бейне бір түнгі думан алаңындай жап-жарық болды да кетті. Мұз бетінде ойнаған қызғылт сәуле толқындай тербеліп, толықси көшумен болды. Мен төңіректі енді ғана байқадым. Қос маңын қоршай, мұз **бетіне** ақбалық жайып тастаған екен. **Қабыршақтары** от **сәулесін** өзіне тартып, бейне бір күміс теңгедей жалт-жұлт етеді. Қазанқап ағай бастаған төрт жігіт ұзындығы екі құлаштай бір үлкен **бекірені** зорға көтеріп әкеп, от басына сұлата салды. Жоны қара коңыр, бауыры ақтан гөрі қызғылт сарылау теңіз алыбы айыр **құйрығын** екі **қабырғасына** қайыра соғып, тулап-тулап алды да, теп-тегіс бауырын мұзға төсеп, тыныштала бастады. Енді тек анда-санда ғана ақырын бір қозғалып, отқа таман жылжи түседі. Дәл қыр арқасына, қабырға **орталығына** және кабырға мен **бауырының** түйісер тұсына алды аласа, арты биік үшбұрышты, өткір сүйек тікенектер тамақтан құйрыққа дейін ұзын жолақ тартып алған екен, бейне бір сауытты алыптай дөңкие қалыпты. **Жонына** құшақ жетер емес. Тамақ астындағы дөңгелек аузын тамсана, солғын кызғылт мұртын мазасыз кимылдатады. Сүймен ұшындай өткір шеміршек тұмсығын **денесімен** бірге қозғап, жылжыған сайын дәу **тұлғасында** пропорционалдық сәйкестігі жоқ,кішкене ғана шөлмек көздер от сәулесімен ұштасып, жалт ете қалады.. (Ә. С.).

Грамматикалық мағынаның көмекшілер арқылы берілуі

Тілдің даму барысында біралуан сөздер өздерінің бастапқы лексикалық мағыналарынан айырылып, әр түрлі грамматикалық мағыналар білдіретін болып қалыптасқан . Оларға: 1) шылаулар 2) көмекші есімдер 3) көмекші етістіктер 4) модаль сөздер 5) күшейткіш көмекшілер 6) күшейткіш буындар жатады.

§ 60. Көмекші есімдер

Жалпы түркі жүйелі тілдерде, соның ішінде қазақ тілінде, лексикалық мағыналық жағынан бір нәрсенің орын, мекендік атауын білдіріп есімдерге ұқсас болатын, бірақ толық есім сөздеріндей, өз алдына дербес сөйлем мүшесі бола бермейтін, есімдерше жеке түрып, толық мағыналы сөз ретінде көптеліп, барлық септік жалғауларында бірдей септеліп қолданылмайтын *ал (д), ас(т), үс(т), арт, арқа, ара, қас, маң, іш* тағы осы сияқты бірқатар сөздер бар.

Бұл сөздер лексикалық мағыналары жағынан бір нәрсенің атауын білдіретін болғандықтан, зат есім сөздеріне ұқсайды. Бірақ зат есім деп атауға келмейтін мына сияқты бірнеше белгілері бар:

а) Зат есім сөздерінің лексикалық мағыналары толық тиянақты болады да, белгілі заттың, нәрсенің атауы болады. Ал жоғарыдағы сөздердің лексикалық мағыналары толық тиянақты емес, өзге бір дербес нәрсеге тіркесті болады. Мысалы, *алд, арт, аст, үст, ара, қас, жан, маң, іш* деген түсініктер өз алдына дербес нәрсе емес, өзге, бір нәрседе болатын заттық түсініктер.

ә) Зат есім сөздерінің барлығына бірдей талғаусыз көптік, септік жалғау қосымшалары жалғана беретін болса, бұл сөздерге көптік, септік жалғаулары үнемі жалғанып, өз алдына дербес қолданыла бермейді. Көптік жалғау қосымшасын жалғап, ал-дар, арт-тар, ас-тар, үс-тер болып, дербес сөз ретінде айтылмайды. Сол сияқты септік жалғау қосымшалары бұл сөздерте тікелей жалғанбайды. Бұлардың кейбіреулеріне **барыс, жатыс, шығыс** септік жалғау қосымшалары тікелей жалғанып, тілде сол күйінде мекен үстеуі ретінде қалыптасып қалған. Мысалы, ***алда*** *келеді,* ***алдан*** *шықты,* ***алға*** *кетті;* ***артта*** *қалды,* ***артқа*** *кетті,* ***арттан*** *келеді;* ***аста*** *жатыр,* ***үстен*** *түсіп келеді,* ***үске*** *шығып кетті,* ***үсте*** *отыр* деген тіркестердегі қара әріптермен жазылған сөздер сол септік жалғау тұлғасы қалпында үстеуге айналып кеткен. Бұл сөздерге **ілік, табыс, көмектес** септік жалғауларын тікелей жал-**ғап** қолдануға келмейді. Мысалы, *алдты, алдпен, асттың, астты, астпен* деп айтуға келмейді.

б) Бұл сөздердің қай-қайсысы да өзге бір толық мағыналы ілік жалғаулы зат есім сөздеріне тіркесіп, тәуелдік жалғауының үшінші жағында тұрып қана көптеліп, септеліп келеді. Мысалы: *үйдің алды, үйдің арты, үй алдына, стол астына, үй артына, үй алдын, стол астын, үй артын, , стол астында, үй артында* немесе *Олардың алдарында жаюлы дастарқан. Олардың үстерінде жылы киімдері бар. Олардың астарында семізден жараған аттар. Алдарының өр екенін көріп, олар тұра қалды. Үстерінің шаңын қағып жатыр.*

Сөйтіп, заттың, не заттық ұғымның атын білдіріп, толық мағыналы ілік жалғаулы есім сөздеріне тіркесіп айтылып, тәуелдеулі түрде септеліп, көмекші қызмет атқаратын есімдерді к ө м е к ш і с і е с і м дейді.

Көмекші есімдер үнемі тәуелдік жалғаулы түрде қолданылады да, оның алдында толық мағыналы негізгі есім сөзі ілік септік жалғауының не ашық түрінде, не жасырын түрінде қолданылады.

Көмекші есімдер ілік жалғаудың жасырын түрімен тіркесе айтылғанда, өз алдына жеке сөйлем мүшесі болмай, өзінің алдындағы қабыса байланысқан сөзбен бірігіп, күрделі мүше болып келеді. Мысалы, *Біз олармен ат үсті амандастық; Мектеп іші оқушылардың күшімен әшекейленді; Үй артында кішкене көл бар еді* деген сөйлемдердегі *ат үсті* деген тіркес *қалай амандастық?* деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш болып түр. *Мектеп іші* деген тіркес н е әшекейленді? деген сұраққа жауап беріп, күрделі бастауыш болып тұр да, *үй артында* деген тіркес *қайда* ? деген сұраққа жауап беріп, мекен пысықтауыш болып тұр.

Көмекші есімдердің алдында ілік жалғаулы негізгі сөз айтылмаса, кейде өз алдына сөйлем мүшесі болып та келеді. *Мысалы, Үстінде ақ көйлегі бар. Астында жүйрік аты бар* деген сөйлемдерде *үстінде, астында* деген көмекші есімдер толықтауыш болып тұр.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Қандай сөздер көмекші есімдер деп аталады ?*
2) *Көмекші есімдердің зат есім сөздерінен қандай айырмашылықтары бар*
3) *Көмекші есімдер қандай жағдайда жеке тұрып сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады ?*

83- жаттығу. Көмекші сөздерді тауып, олардың сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын анықтаңдар. Сөз тұлғаларымен (күрделі сөздермен) салыстырып, айырмасы неде екенін түсіндіріңдер.

Түндегі екі жігіт Тоғжан мен Абай арасындағы қас-қабақты жақсыға жорыған жоқ (М. Ә.). Базаралының қасында бес-алты кісі қалған. Жегін атты ауыстырып отыру үшін қасына бес-алты салт атты жүрдек жігіттер ерткен (М.М.). Айғанша қолындағы балықты қамыс үстіне тастай салды да, екі жеңгесіне иек қақты. Міне, біз екі Шалқардың арасында тұрмыз (Ғ. М.). Қозылары жаңа жамыраған, иттері үріп шулаған , құлын-тайы кісінеген көп үнді даңғаза болған ауылдың үстінен шықты. Дәл Есенбай биігінің тұсы. Жаңағы сары жұлдыздың астын ала бір кесек тас ерекше биіктеп, бөлініп тұр екен. Жол киімін осы қалада Мәкішке су жаңа тіккізіп киінген Ызғұтты қазір де Құнанабайдың дәл өз қасында отыр. Ашуланып кеткеніңді біліп, артыңнан әдейі қуа келдім (М. Ә.). Қара сақалдың арт жағында отырған жас жігітті ашу қысып, түтігіп отыр (Ә. Әл.). Екі жауынгер шыққалы бірнеше сағаттай уақыт болып қалды. Бір-біріне сыбырлай үн қатып, алды-артын терең барлап, жүріп келеді (Н.Ғ.). Бұлардың арасында бір-ер бурыл сақал қарттан басқа Сержан, Асқар сияқты ұзын бойлы, кесек денелі азаматтар да көрінеді

(М. Ә.). Айналасы көкке бой созған ақ шатырлы үй көрінді. Қара шал үнсіз тоғай ішіне сіңіп кетті (Ә.Әл.).

V модуль тестері А

1.Зат есім сөздері орналасқан қатарды көрсетіңіз.
а) Күлкілі, көне в) әдемі, алыс с) мынау, сен d) Жануар, қуыршақ
е) Жүгіру, тұру

2.Негізгі зат есім қатысқан сөйлемді көрсетіңіз.
а) Әнші өзінің әнін айтты в) Осы әншідей болғым келеді.
с) Бүгін ән байқауы өтеді. d) Әншілік - менің ермегім.
е) Мен әншейін бір әншісымақ емеспін.

3. Зат есім тудыратын жұрнақтар жазылған қатарды көрсетіңіз.
а) – да, -де в) –қыла, -кіле с) –ар, -ер, -р d) –атын, -етін, -итін
е) - шы, -ші

4. Жинақтық зат есімдер жазылған қатарды көрсетіңіз.
а) Ойын-сауық жасауға даярландық.
в) Әнші Әмірхан-ел еркесі.
с) Көбелектер ұшып жүр.
d) Астық бастырды е) Аймандар есік алдында жүр.

5. Табыс септік тұлғасында тұрған зат есімді көрсетіңіз.
а) Дәмді тамақ в) Егін салу с) ауылға қайту d) Ертемен тұру
е) Үй іші

6. Оңаша тәуелденген зат есімді көрсетіңіз.
а) Айтқаным. Айтқаның в) қозым, қозыларың
с) Ешкімнің, ешкімің d) Еліңіз, елдеріңіз е) Елге, жерге

7. Заттың, түрлі құбылыстардың , қимыл, іс-әрекеттердің атауы:
а) Сөйлем в) Сөйлем мүшесі с) буын d) сөз е) Дыбыс

8. Көптік жалғау қосымшасы жалғанбайтын зат есім сөздерін көрсетіңіз.
а) Кітап, дәптер в) Қалам, қарындаш с) Егінші, тігінші
d) Заңгер, сахнагер е) Мұнай, тары

9. Тәуелдене септеліп, барыс септік тұлғасында тұрған зат есімді көрсетіңіз.
а) Көйлегіме в) Көйлекке с) Көйлегімнен d) Көйлегімде
е) Көйлекте

10. Есім сөзден жасалған туынды зат есімді көрсетіңіз.
а) Азамат в) Ұшқыш с) Озат d) ойыншық е) Суырма

11. Жіктік жалғау тұлғасындағы сөзді көрсетіңіз.
а) Оқушының в) Оқушымен с) Оқушы d) Оқушылар
е) Оқушымын

12. Барыс септік тұлғасындағы сөзбен тіркесіп тұрған шылауды көрсетіңіз.
а) Сен үшін в) Саған дейін с) сенімен бірге d) сенен кейін
е) сенімен қатар

13. Жатыс септік тұлғасында тұрған сөзді көрсетіңіз.
а) Ауылға в) Ауылда с) Ауылдың d) Ауылмен е) Ауыл

14. Есім сөздерінен жасалған туынды зат есімдерді көрсетіңіз.
a) Тершіл, жиналыс, қонақ, кемшілік
в) Бұрғы, егеу, күрек
с) Басқар, басшылық, бас қарма,
d) егін, егіншілік е) Етікші, кітапхана, балгер
15. Жалпы есімді көрсетіңіз.
а) Зайсан көлі в) Отырар с) Орынбор d) Ордабасы е) Шahap
16. Жіктік жалғау қосымшасынсыз қолданылған сөзді көрсетіңіз.
а) Жазған в) Киіндірдік с) Көрінбедің d) Жуынады е) Айтылды
17. Қосымша арқылы жасалған зат есімді көрсетіңіз.
а) Аққу в) Техник с) Шөлейт d) Шекара е) шеше
18. Біріккен түбір зат есімдер жазылған қатарды көрсетіңіз
а) ән-күй, өнер-білім, ата-ана в) білезік, батаоқыр, отағасы
с) күн тәртібі, спорт алаңы d) еңбеккер, жұмысшы
е) шаруашылық, ат үсті
19. Тіркесті күрделі зат есімдер жазылған қатарды көрсетіңіз
а) көйлек-көншек, әке-шеше в) жылы үй, қалың киім
с) басқұр, желбау d) студенттер үйі, драма театр
е) бағдаршам, саяжай
20. Жекелік мәндегі зат есімдер жазылған қатар
а) үйге кіріңіз, кітапты маған бер в) кітап-білім бұлағы.
с) үйді ағаштан,кірпіштен жасайды d) шашыңды алғыз
е) ақ ұн
21. Тәуелдік мәнді зат есімдерді көрсетіңіз
а) жазғы маусым в) екі ауысым с) естілер ме даусым
d) ертең барамын е) қарайласармын
22. Синтетикалық септікте тұрған сөзді көрсетіңіз
а) мектеп өте әдемі в) мектеп іші өте таза с) Алтын ұям-мектебім
d) мектепте білім береді е) мектеп директоры
23. Аналитикалық септіктегі сөзді көрсетіңіз
а) сабаққа кетті в) лекция тыңдап отыр с) кітапханаға қарай кетті
d) стадионда жүр е) көлікпен келді
24. Ілік септік тұлғасындағы зат есім сөзінің сөйлемдегі атқаратын қызметі:
а) бастауыш в) баяндауыш с) толықтауыш d) анықтауыш
е) пысықтауыш
25. Табыс септік тұлғасындағы зат есім сөзінің сөйлемдегі атқаратын қызметі:
а) бастауыш в) баяндауыш с) толықтауыш d) анықтауыш
е) пысықтауыш

V модуль тестері Б

1) Сөздер сөз таптарына қандай белгілері бойынша топтастырылады:

а) лексикалық мағына ыңғайластығына қарай;
в) морфологиялық тұлғасының ұқсастығына қарай;
с) сөйлемдегі қызметінің ұқсастығына қарай,
d) осы аталған белгілердің барлығы бойынша ;

2) Көмекші сөзді көрсетіңіз:
а) тез, дәл в) кім, қалай с) шақты, шамалы d) оң, сол е) тарс-тұрс:

3) Негізгі сөздер жазылған қатарды көрсетіңіз:
а) жоқ, ешкім в) бірақ, яки с) әрине, солай d) кім, не е) тез, аз

4) Модаль сөздер сөз таптарына жатпайды, өйткені:
а) оларда лексикалық мағына болмайды
в) сөйлем мүшесінің қызметін атқара алмайды
с) өз алдына тұлғалану жүйесі жоқ
d) көптелмейді е) септелмейді

5) Модаль сөздер жазылған қатарды көрсетіңіз:
а) қажет, тиіс в) туралы, тақырыпты с) шақты, шамалы
d) жалт-жұлт е) ойпырмай, бәрекелді

6) Зат есім сөздері:
а) тек заттың, нәрсенің атауын білдіреді в) тек қоғамдық құбылыстар мен табиғат құбылыстарының атауын білдіреді
с) тек адамзат, ғаламзатқа тағылған атауларды білдіреді
d) тек заттық ұғымдардың атауын білдіреді
е) осылардың барлығының атауын білдіреді

7) Зат есімге жатпайтын сөз:
а) сана, сезім в) ізгілік, мейірімділік с) түтін, тұман d) иіс, ылғал
е) құрғақ, жылтыр

8) Дерексіз зат есімдер:
а) заттың, нәрсенің атауын в) аспан денелерінің атауын
с) заттық ұғымдардың атауын d) адамзат атауын е) табиғат құбылыстарының атауын білдіреді:

9) Деректі зат есімді көрсетіңіз:
а) ақыл, ой в) оқу, білім с) оқушы, оқытушы; d) емтихан, сынақ
е) әдіс, тәсіл;

10) Жалпы есімді көрсетіңіз:
а) қайың в) тал с) ағаш d) емен е) қарағай;

11) Жалқы есімді көрсетіңіз:
а) бесті в) тұлпар с) құлагер d) құлын е) жылқы:

12) Тырнақшаға алынып, бас әріппен жазылатын жалқы есімді көрсетіңіз:
а) Кітап в) Эпопея с) Абай жолы d) Классика е) Трилогия:

13) Септік жалғаулары:
а) заттың, нәрсенің кімге, неге тән, тиеселі екендігін көрстеді
в) бір түрлі заттың бірнешеу екендігін көрсетеді
с) заттың, нәрсенің кім, не екендігін көрсетеді
d) зат есімдерді етістік сөздерімен байланыстырып, сөйлем құрауға дәнекер болады

e) өзі жалғанған зөздің лексикалық мағынасын өзгертеді

14) Тәуелдік жалғаулары:

а) заттың, нәрсенің кімге, неге тән, тиеселі екендігін көрстеді

в) бір түрлі заттың бірнешеу екендігін көрсетеді

с) заттың, нәрсенің кім, не екендігін көрсетеді

d) зат есімдерді етістік сөздерімен байланыстырып, сөйлем құрауға дәнекер болады

е) өзі жалғанған зөздің лексикалық мағынасын өзгертеді

15) Тәуелдік жалғау тұлғасында тұрған зат есімді көрсетіңіз:

а) студентің в) студенттің с) студенттер d) студентпен

е) студентше

16) Тәуелді септеу тұлғасында тұрған сөздерді көрсетіңіз:

а) Болашақ жастардікі в) мен жастарға сенемін с) дарынды жастар өсіп келеді d) жастарымыздың болашағы үшін е) жастыққа бәрі жарасады

17) Септік жалғаулары жазылған қатарды көрсетіңіз:

а) –сы, -сі, -ым, -ім в) –мен, -ның, -нің с) –са, -се d) –сың, -сің

е) – ған, -ген

18) «Ауыл» сөзі атау септік тұлғасында тұрған тіркесті көрсетіңіз:

а) ауыл адамы в) ауыл өзгерді с) ауылды сағынамын

d) сағындырған ауылым е) дипломмен ауылға

19) Ілік септік тұлғасында тұрған сөзді көрсетіңіз:

а) мектепке барады в) мектеп ауласы с) алтын ұям-мектебім

d) мектеп салынды е) мектепте істейді

20) Жатыс септігінің жалғауын көрсетіңіз:

а) – нан, -нен в) –ға, -ге с) –нда, -нде d) –а, -е е) –ды, -ді

21) Аналитикалық септікте тұрған сөз тіркесін көрсетіңіз:

а) оқуға келді в) оқу керек с) оқу үшін келді d) оқуың қалай

в) оқуменен табылған е) оқу тәжірибесі

22) «Терезеңе» деген сөз :

а) жатыс септік тұлғасында тұр в) табыс септік тұлғасында тұр

с) барыс септік тұлғасында тұр d) шығыс септік тұлғасында тұр

е) ілік септік тұлғасындатұр:

23) «Бөлмелерінде» деген сөзде жалғаулар мынандай ретпен орналасқан:

а) тәуелдік жалғау, табыс септік жалғау, көптік жалғау:

в) көптік жалғау, тәуедік жалғау, шығыс септік жалғауы;

с) көптік жалғау, тәуелдік жалғау, жатыс септік жалғауы;

d) жатыс септік жалғауы, тәуелдік жалғау, септік жалғау;

е) тәуелдік жалғау, септік жалғау, жіктік жалғау;

24) Ортақ тәуелдеу тұлғасында тұрған сөз:

а) менің жерлесім в) біздің жерлесіміз с) менің жерлестерім

d) Айнұрдың ауылдастары е) студенттер үйі

25) Тәуелденіп тұрған сөзді көрсетіңіз:
a) Сізге сәлем айтты в) Сіз сөйлеңіз c) Сіздің шәкірттеріңіз
d) Жол сіздікі e) Сізбен мақтанамыз

VI м о д у л ь

СЫН ЕСІМ

§ 61. Сын есім туралы түсінік.

Тілдегі қолданылып жүрген есім сөздерінің бәрі де затпен байланысты болады. Зат есім сөздері заттың, нәрсенің, заттық ұғымның атауын білдірсе, есім сездерінің бірқатары сол заттағы болатын белгіні білдіреді. *Ақ қағаз, қара тақта* дегенде *ақ, қара сөздері нәрсенің* түсін білдіреді. *Жақсы адам, жаңа киім* дегенде *жақсы, жаңа* сөздері нәрсенің сапасын білдіреді де, *тар жол , кең бөлме* дегендегі *тар, кең* сөздері заттың көлемдік белгісін білдіреді. *Ауыр жол, жеңіл жүк* дегенде *ауыр, жеңіл* сөздері заттың, салмақтың сапасын білдіреді.Сол сияқты, *ұзын жол, қысқа жіп, биік үй, сұлу дене, әдемі киім, қараңғы түн, жарық ай, арық мал, семіз жылқы* деген тіркестердегі *ұзын, қысқа, биік, сұлу,әдемі, қараңғы, жарық, жіңішке, арық, семіз* сөздері де өздерінен кейін айтылған заттың бір белгісін білдіріп тұр.

Сөйтіп, **заттың түрін, түсін, сапасын, көлемін, салмағын тағы да осы сияқты бір белгісін білдіретін сөздерді с ы н е с і м** дейді.

Сын есім сөздері *қандай?, қай?* деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Сын есім сөздері заттың түрін, түсін, сапасын, көлемін, салмағын тағы да басқа осы сияқты қасиеттері мен алуан түрлі белгілерін білдіреді де, сөйлемде көбіне зат есіммен байланысты болады. Сын есімді зат есіммен байланыстырып тұратын морфологиялық тұлға, арнайы қосымша болмайды.Сондықтан сын есім сөзі зат есім сөзінің алдында іргелес тұрып, қабысы байланысады. Сын есіммен байланысып тұрған зат есім сөзі көптеліп, тәуелденіп, септеліп, морфологиялық тұлғасы жағынан өзгерістерге еніп, өзге сөздермен әр түрлі синтаксистік байланыста тұрса да, сын есім сөзі өзгеріссіз қалып отырады. Мысалы, *Соңғы жылдарда қалада* ***әдемі үйлер*** *салына бастады. Мұндай* ***әдемі үйлерді*** *қаланың жеке тұрғындары да, мекемелер де көптеп салып жатыр* деген сөйлемдердегі *әдемі* деген сын есім *үй* сөзінің сапалық белгісін көрсетіп, зат есіммен тіркесе айтылып, орын тәртібі арқылы қабыса байланысып тұр.Сонымен қатар, *үй* бірінші сөйлемде атау септікте, екінші сөйлемде табыс септік тұлғасында түрленіп айтылып тұр да, оның белгісін білдіріп тұрған *әдемі* деген сын есім ешқандай морфологиялық өзгеріске түсіп тұрған жоқ.

84 - жаттығу. Мәтінді көшіріп, сын есімдердің астын сызыңдар. Олардың қай сөзді анықтап, қандай белгіні білдіріп тұрғанын айтып беріңдер.

Сұлу қыз басын жаңа көтерді. Орташа келген қырлы мұрын енді анық көрінді. Қырынан қарағанда бір түрлі сүйкімді екен. Жұмсақ, жұмыр иегінің астында жұқа ғана бір толқындай боп, нәзік бұғағы білінеді. Жылтырап таралған шашы қап-қара қалың өріммен ерекше аппақ , нәзік мойнына қарай құлап түсіпті.Үлкен де, кіші де емес әшекей сырғасы діріл қағып, дамыл алмай сілкіне түсіп тұр (М.Ә.).

85-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, сын есімдердің астын сызыңдар. Олардың қай сөзді анықтап, қандай белгіні білдіріп тұрғанын ай-тыңдар.

1. Ұзын тұмсықты қара қоңыр құстар көгілдір айдынның бір көрінімдей аумағын шеңберлей қоршап, әлгі ақ қайраңға қарай қиқулап жүзіп келеді. (Ә. С.) 2. Өзі сері, әнші, сұлу Байтасқа екеуі де – бірі кәрі, бірі жас бала қызғана да, тамашалай да қараған еді (М. Ә.). 3. Ләйлі биік қабақ, қалың қасты, танауы қусырылған, қанын ішіне тартқан қара сұр келіншек екен. 4. Кісінің бетіне тура қарай алмайтын, паң, жүдеу өңді жіңішке ақ құба қыз маған да ұнады. 5. Шашын тақырлап алғызған, кең иықты, жуан мойынды, ала көз, тарбақтау бидай өңді, жалпақ бет жігіт (М. М.). 5.— Ала қанат сауысқаның біз болғанда, жауыр ат деп тұрғаның кім, Мырекең бе? Соны да айта кет!—деп, Сәуле сөзбен қағытып еді, ол қолын бір сермеді. *(Ә. Ә.)* *6.* Екінші ротаның командирі Семен Краев ұзын бойлы, құлағы едірейген, етсіз жақты, өткіржасыл көзді, арық , тарамыс сары жігіт еді (Б. М. Ұ.).

§ 62. Сын есімдердің морфологиялық құрамы

Сын есімдер морфологиялық құрамына, яғни тұлғасына қарай **негізгі түбір сын есім, туынды сын есім, біріккен түбір сын есім, қос сөзді сын есім, тіркесті күрделі сын есім** болып бөлінеді.

1. Негізгі түбір сын есімге - бір ғана морфемадан тұратын, тілдің қазіргі даму сатысында әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түбір сөздер жатады. *Ақ, қара, көк, қызыл, алыс, жақын, тар, кең, жасыл, сары .т.б.*

2. Туынды түбір сын есімдер ең кемі екі морфемадан: түбір мен сөз тудырушы жұрнақтардан жасалады. *Ішкі, түпкі, бүктеулі, әсерлі, икемді, күндізгі, білімсіз, сауықшыл, турашыл, судай, орталық, саяси, сыйлас, батыл, ашушаң, жағымпаз, әзілқой т.б.*

3. Біріккен түбір сын есімдер – екі я онан да көп сөздердің бір лексикалық мағынаға көшуінен жасалады. *Ақынжанды, басыбайлы, сусамыр, ағайындас, бойкүйез,аймақаралық, айырбасшыл, баққұмар, балажанды, басбұзар, желөкпе, жайбасар, қарабайыр т.б.*

4. Қоссөзді сын есімдер екі сөздің қосарлануы арқылы жасалып, бір сындық мағынаны білдіреді. *Дәмдес-тұздас, егжей-текжейлі, ерлі-зайыпты, ескі-құсқы, ессіз-түссіз, таулы-тасты, жеңіл-желпі, жауынды-шашынды, қызылды-жасылды т.б.*

5. Тіркесті сын есімдер екі сөздің тіркесіп келіп, бір сындық белгіні білдіруінен жасалады. *Ұзын бойлы, қара торы, ақ сақалды, ал қара көк, жұпар иісті, қызыл шырайлы, аспан түстес, батыр тұлғалы, көк майса, шыбын тайып жығылғандай, сайдың тасындай т.б.*

Сөз түбір күйінде бір нәрсенің түр-түсін, сапасын білдіріп тұрса, ондай сын есімді н е г і з г і с ы н е с і м дейді. Мысалы, *ақ, қара, ауыр, жеңіл, тар, кең, аласа, биік.*

Зат есім сөздері сияқты сын есім сөздері де үнемі бір қалыпта тұрмай, тілдегі сөз тудыру тәсілдері бойынша түбірлік сөздерден жаңа мағыналы сын есім сөздері жасалып, өсу, даму процесінде болады. Сын есім сөздері де, негізінде түбір сөздерге жұрнақ жалғану арқылы (туынды сөздер жасалу арқылы) дамиды.

Түбір сөздерге жұрнақ жалғану арқылы өзге сөз таптарынан жасалған сын есімдерді т у ы н д ы с ы н е с і м дейді.

§ 63. Сын есімдердің жасалу жолдары
(Сын есімнің сөзжасамы)

Сын есімдер қазақ тілінде негізінен морфологиялық (синтетикалық), синтаксистік (аналитикалық) тәсілдер арқылы жасалады.

Түбір сөзге жұрнақ жалғау арқылы жаңа сөз тудыру тәсілін м о р ф о л о г и я л ы қ (синтетикалық) т ә с і л дейді. *Мысалы, ақыл**ды**, келбет**ті**, әл**сіз**, ұйқы**шыл**, сөз**шең**, қоғам**дық**, тарих**и**, сән**қой**.*

Жалаң сын есімдердің (*ақ сары, қара көк, қара торы*), зат есімдер мен туынды сын есімдердің (*ақ сақалды, ала тақиялы, жібек көйлекті*) тіркесіп келуі , негізгі және туынды сын есімдердің қайталануы (*үлкен-үлкен,биік-биік, ойлы-қырлы, балалы-шағалы*) қосарлануы арқылы жасалған сын есімдер с и н т а к с и с т і к (аналитикалық) тәсіл арқылы жасалған сын есімдер болып табылады.

Туынды сын есім сөздері түбір сөздерге мынау сияқты жұрнақтар жалғану арқылы жасалады. Ол жұрнақтар есімдерден сын есім тудыратын жұрнақтар және етістіктерден сын есім тудыратын жұрнақтар болып екіге бөлінеді.

а) Е с і м д е р д е н с ы н е с і м т у д ы р а т ы н ж ұ р н а қ т а р

*1. **- лы, - лі, - ды, - ді, - ты, - ті.*** Бұл жұрнақтар зат есім сөзіне жалғанып, сол белгінің екінші бір затта бар екенін білдіретін қатыстық сын есім сөзін тудырады. Мысалы: *Тау**лы** жер, бала**лы** үй, жел**ді** күн, мал**ды** ауыл, тас**ты** жер, ет**ті** мал.*

*2. –**сыз**, **-сіз.*** Бұл жұрнақтардың беретін мағыналары ***-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті*** жұрнақтарына қарама-қарсы, зат есім сөзіне жалғанып, сол белгінің екінші бір затта жоқ екендігін, бола қалғанның өзінде болмашы, аз

екендігін білдіретін қатыстық сын есім сөздерін тудырады. Мысалы: *жел**сіз** түн, құнар**сыз** жер, ие**сіз** мал, жұмыс**сыз** адам, көз**сіз** ер, кір**сіз** киім.*

3. ***–қы, -кі, -ғы, -гі*** жұрнақтары зат есім сөзіне жалғанып, мезгілдік, мекендік ұғымы бар қатыстық сын есім сөздерін тудырады. Бұлар сөздің түбіріне де, кейбір септік жалғауларының үстіне де жалғана береді. Мысалы: *түн**гі** аспан, кеш**кі** ауа, жаз**ғы** жел, күз**гі** тұман, қыс**қы** аяз, таң**ғы** самал, қалада**ғы** үйлер, өрістег**і** жылқы, отарда**ғы** мал, алдың**ғы** жылы.*

*4. **–шыл, -шіл*** жұрнақтары зат есім сөзіне жалғанып, әуестікті, бейімдікті білдіретін қатыстық сын есім сөздерін тудырады. Мысалы: *аяң**шыл** ат, жер**шіл** адам, ұйқы**шыл** бала, қара**шыл** түйе.*

*5**. –шаң, -шең*** жұрнақтары зат есім сөзіне жалғанып, бейімдік ұғым беретін қатыстық сын есім сөздерін тудырады. Мысалы: *ашу**шаң** адам, кір**шең** киім, сөз**шең** жігіт, тер**шең** кісі, бой**шаң** бала.*

*6**.-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік*** жұрнақтары зат есім сөздеріне жалғанып, заттың идеалық, мекендік белгісін білдіретін қатыстық сын есім сөздерін тудырады. Мысалы: *қоғам**дық** меншік, ауан**дық** газет, қыс**тық** киім, педагогика**лық** колледж, студент**тік** өмір, жас**тық** шақ .*

7.-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес жұрнақтары есім сөздеріне жалғанып, бірлестік, теңдестік, мерзімдестік мағына беретін қатыстық сын есімдер тудырады. *Мысалы, ара**лас**, сый**лас**, қадір**лес**, дәм**дес**, пікір**лес**, ауыл**дас**, жер**лес**, курс**тас**, сыр**лас**,жол**дас***

*8 **–и*** жұрнағы зат есім сөздеріне жалғанып, бір нәрсеге бейімдікті білдіретін қатыстық сын есім сөздерін тудырады. Бұл жұрнақ бір кездердегі шығыс тілдерінен келген сөздер арқылы қазақ тіліне еніп, қазіргі тілімізде кейбір санаулы сөздерге ғана жалғанып туынды сын есім сөзін жасайды. Мысалы: *саяс**и** мәселе, мәден**и** іс-шара, рухан**и** азық, рес**ми** түрде, тарих**и** жеңіс.*

*9. **–дай, -дей, -тай, -тей*** жұрнақтары зат есім сөздеріне жалғанып, теңеулік мағыналы қатыстық сын есім тудырады. Мысалы: *тау**дай** талап, бармақ**тай** бақ, су**дай** таза, сүт**тей** ақ, жібек**тей** есілген, еңгезер**дей** жігіт.*

*10. **–қой, -паз, -қор*** жұрнақтары да зат есім сөзіне жалғанып, бір нәрсеге бейімдікті білдіретін қатыстық сын есім тудырады. Бұл жұрнақтар буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне бағынбай сол қалпында жалғанады. *Мысалы: сән**қой** келіншек, әуес**қой** композитор, өнер**паз** жігіт, еңбек**қор** адам.*

а) Етістіктерден сын есім тудыратын жұрнақтар

Бұлардың барлығы да мағыналық жағынан белгілі қимылдық процесті істеуге бейімдікті білдіретін туынды сын есімдер тудыратын жұрнақтар болып келеді. Олар мыналар:

1. ***–қыш, -кіш, -ғыш, -гіш***: ұш**қыш**, жарыл**ғыш**,желдет**кіш**,теп**кіш**, жаз**ғыш**, біл**гіш**, оң**ғыш**, тоң**ғыш**.

2. ***–қыр, -кір, -ғыр, -гір*:** алғ**ыр**, тап**қыр**, өт**кір**, біл**гір**,
3. ***–шақ, -шек:*** жасқан**шақ**, мақтан**шақ**, сүрін**шек**, ерін**шек**, ашулан**шақ**.
4. ***–малы, -мелі, -балы, -белі, -палы, -пелі.*** ау**малы**, төк**пелі**, тоғыс-**палы**, түсіндір**мелі,** үде**мелі,** жылжы**малы,** құбыл**малы**.
5. ***–ңқы, -ңкі, -ыңқы, -іңкі***: басы**ңқы**, бағыны**ңқы**, түс**іңкі**, іс**іңкі**, көтер**іңкі.**
6. ***–қ, -к, -ық, -ік, -ақ, -ек:*** қорқ**ақ**, ақса**қ**, бұз**ық**, үрк**ек**, жет**ік**, сын**ық**, қан**ық,** жаб**ық.**
7. *–**қақ, -кек, -ғақ, -гек*:** жабыс**қақ**, майыс**қақ**, ұрыс**қақ**, тырыс**қақ**, тоң**ғақ.**
8. *–**нды, -нді, -ынды, -інді***: құра**нды,** жаса**нды,** асыра**нды**, жи**ынды**, қи**ынды**, түй**інді.**
9. ***–ған, -еген*:** қаб**аған**, қаша**ған**, тебе**ген**, сүз**еген**, ала**ған**, бере**ген**.
10. ***–улы, -үлі*:** сана**улы**, қала**улы**, төсе**улі**, жи**юлы**, тер**улі**, кер**улі,** себ**улі.**
11 .*–**мды, -мді, -ымды, -імді*:** жара**мды**, ұна**мды,** сен**імд**і, өн**імді,** төз**імді,** сез**імді,** қон**ымды**, орал**ымды.**
12. **–у.** жүде**у,** біте**у**

86- жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, негізгі сын есімнің астын сызыңдар да, туынды сын есімдердің түбірі мен жұрнағын сызықша арқылы бөліп жазыңдар. Олардың қай сөз табынан жасалып тұрғанын айтыңдар.

1. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды.
   Соқыр, мылқау -танымас тірі жанды. (А.Қ.)

2.Еріншек егіншіден, ерінбеген масақшы озады. (М.М.) 3. Ағанияз иесіз скамейкалардағы пышақтар мен қол балғаларды жия бастады. (Ә.С.) 4. Қара сақалды, қара қалпақты, жүзі суық үлкен кісіге өз аруағын қорғай тіл қатқаны да, қызға әйелдің батыл адам екенін байқатты (Х. Е.). Тегінде, ертекші, өлеңші не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай қарап қалу Абайдың кішкене күнінен бергі әдеті еді (М. Ә.). 6. Келте мұрын, аузы аз ғана үлкенірек, қоңыр көздеу болғанымен, маған ол өте сымбатты көрінді. (Ғ. М.) Келін- тамаша адам, ақылды, парасатты және шығыстың әдет-ғұрпын бірде-бір бұлжытпай орындайтынөз ортасының өте көрегенді әйелі (Х.Е.). Өте кекшіл, әрі сезімтал және өр көкіректеу Зағипаға Шолпанның сөзі табанға басқан шоқтай тиді (Х.Е.). Ортада ұшын қырыққан дөңгелек ақ сақалды, ала шапанды, сәлделі бір жат адам отыр екен (С. М.).

87- жаттығу. Сөйлемдерді оқып, негізгі сын есімдер мен туынды сын есімдерді ажыратып, туынды сын есім жасап тұрған жұрнақтарға түсінік беріңіздер.

1.Ортарақ тұста ұшын қырыққан дөңгелек ақ сақалды, ала шапанды, сәлделі бір жат адам отыр екен (С. М.). 2.Ұрты салыңқы; қыр мұрын, ұзын бойлы, талдырмаш денелі, оң жақ көзі жасаураңқыраған ақ бұжыр жігіт (С. М.). 3. Ұзынша, арық, көсе, қыр мұрынды, сида қара, тырбиған қара ауыз, тырбиған қызылша сақалды, күрең сары, боз, мықыр, сұр, қапсағай қара... тағы да толып

жатқан суретті адамдар (С. С.). 4. Жүсіпбек Аймауытов орта бойлы, жылы шырайлы, тығыршықтай, отыз бестердегі кісі болатын. Әйелі өзінен бойшаңдау, көрікті орыс қызы, 7-8 жастар шамасында екі ұлы бар, бірі-Жанақ, екіншісі Бектұр, төртеуі педтехникум қорасындағы біз жатқан жатақхананың бір бөлмесінде Ташкенттен көшіп келіп орналасты (М. Балақаев).

§ 64. Сын есімнің түрлері.

Сын есім сөздері заттың әр алуан сыр-сипаттары мен белгілерін тікелей де, басқа заттардың қатыстары арқылы да білдіреді. Осыған байланысты сын есімдер мағынасы мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай екі түрлі болады: 1) Сапалық (негізгі) сын есімдер. 2) Қатыстық (туынды) сын есімдер.

1) **Сапалық сын есімдер. Негізгі түбір күйінде заттың түрін, түсін, сипатын, сапасын тағы сол сияқты белгілерін білдіретін сын есім сөздерін сапалық сын есім дейді.** Сапалық сын есімдерден шырай түрлерін тудыруға болады. Мысалы: сұр, сары, қара, көк, биік, үлкен, аласа, жұмсақ, қатты ,ауыр, жеңіл, жаман, жақсы, үлкен, кіші, семіз, арық, қалың, жұқа.

2) **Қатыстық сын есімдер. Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы өзге сөз таптарынан жасалған туынды сын есім бір нәрсе мен екінші нәрсенің арақатынасын, байланысын білдірсе қатыстық сын есім дейді.**

Мысалы: **орманды** жер, **қамысты** көл, **елсіз** дала, **қорғансыз** адам, **саяси** мәселе, **түскі** тамақ, **басыңқы** сөйлем**, оралымды** жігіт, **жалғамалы** тілдер, **ымырашыл** адам, **кеңестік** дәуір, **қоғамдық** жұмыс**, кіршең** мата т.т.

Сын есімдер морфологиялық құрамына қарай **жалаң сын есім** және **күрделі сын есім** болып екіге бөлінеді.

Жеке бір сөз бір нәрсенің сындық белгісін білдіріп тұрса, жалаң сын есім дейді. *Мысалы: қызыл, жасыл, нәзік, кең, тар, ойлы, құнарсыз, сүзеген, сөзшең, жасқаншақ, көпшіл, еңгезердей, сенгіш.*

Екі не бірнеше сөздер тіркесіп немесе қосарланып айтылып, бір нәрсенің сындық белгісін білдіріп тұрса, күрделі сын есім дейді. *Мысалы: теңбіл көк (ат), қара сұр (жігіт), ұзын бойлы (адам), қара бұйра сақалды (шал), азды-көпті (жұмыс), ойлы-қырлы (жер), үлкен-үлкен (үйлер), ұзынды-қысқалы (көшелер).*

Тақырып бойынша сұрақтар :

1) *Қандай сөздерді сын есімдер дейді ?*
2) *Сын есімдер морфологиялық құрамына, яғни, тұлғасына қарай қалай бөлінеді ?*
3) *Туынды сын есімдер қандай жолдармен жасалады ?*
4) *Қандай жұрнақтар есім сөздерінен туынды сын есім жасайды ?*
5) *Қандай жұрнақтар етістік сөздерінен туынды сын есім жасайды ?*

6) *Сын есімдер мағынасы мен граммаикалық ерекшеліктеріне қарай қаншаға бөлінеді ?*
7) *Сапалық сын есімдерге қандай сын есімдер жатады ?*
8) *Қатыстық сын есімдерге қандай сын есімдер жатады ?*
9) *Қандай сын есімдер жалаң және күрделі сын есімдер деп аталады ?*

88-жаттығу. Көшіріп жазыңдар да, сапалық сын есімдердің астын бір, қатыстық сын есімдердің астын екі сызыңдар.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы.
Аласыз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.
Сөйлесе, сөзі әдепті әм мағыналы,
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды. (А.Қ.).

89-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, жалаң сын есімдерді бір бөлек, күрделі сын есімдерді бір бөлек өзінің анықтайтын сөзімен бірге көшіріп жазыңдар.Күрделі сын есімдердің қалай жасалғанын түсіндіріңдер.

Бақылау пункітінің жертөлесіне генерал Панфилов кіріп келді. Қасында ашаң жүзді, қара қатпа,сәл мұңды, ойлы көзді , асқақ пішінді артиллерия подполковнигі бар. Үстіне қонып тұрған әсем әскери формасы болмаса, « бұл күнәхар дүниеде бәрі де өтеді де кетеді, өзгерістен кім қашып құтылсын» деп, мырс күліп, мысқылдап тұрған салқын мінезді философтың тас мүсініне ұқсайды. Бұндай бейнелі подполковник – дивизиядағы артиллерия полкінің командирі Курганов Георгий Федорович (Б. М. Ұ.).

Қонақтар кіріп, амандасып, болжап отыр.Үй іші көп жан емес екен. Оң жақта , жер төсектің үстінде төрт-бес жасар немересін құшақтап, қызыл сары кемпір отыр. Ұзын бойлы, ашаң жүзді аққұба әйел бар. Қырық шамасына жаңа ілінген қара көз әйел. Кезінде сұңғақ, сұлу болғанға ұқсайды.

Үй иесін Абай жаңа анықтап көрді. Бұйралау ұзын сары сақалы бар, қызыл жүзді, көк көзді, кесек мұрынды сұлу адам екен. Дауысы зор, үні қатқыл. (М. Ә.).

§ 65. С ы н е с і м н і ң ш ы р а й л а р ы.

Белгілі нәрселерде болатын түр, түс, сындық сапалар барлық нәрседе бірқалыпты болмай, әр нәрседе әр түрлі дәрежеде болады. Мысалы: Ана **қызыл** алманы қара. Мына алма одан да гөрі **қызылырақ**. Бұл **қызғылт** алма өте жұмсақ екен. Дүкенде **қып-қызыл** алма сатып жатыр. Бұл сөйлем-дерде

алмадағы қызыл түстің өзі әр түрлі дәрежеде болатындығы айтылады. **Қызыл** алма дегенде қызыл түстің қалыпты сапасы айтылса, **қызылырақ** дегенде, ол сапаның біріншімен салыстырғанда, екіншіден артық екендігі көрсетіледі де, **қызғылт** алма дегенде, алманың түсі толық қызыл емес, соған жақын деген ұғымды білдіреді. Ал **қып-қызыл** алма дегенде, түстік сапаның барып тұрған шегі, бұдан артық қызыл түс болмайды дегенді білдіреді.

Сөйтіп белгілі нәрседегі сындық сапаның әр түрлі дәрежелік белгілерін с ы н е с і м н і ң ш ы р а й л а р ы деп атайды.

Қазақ тілінде сын есімнің төрт түрлі шырайлық белгісі бар:
1) Жай шырай 2) салыстырмалы шырай 3) күшейтпелі шырай 4) асырмалы шырай.

1) **Жай шырай. Заттың жай қалыпты түр, түс, сапалық белгілерін білдіріп тұратын сын есім сөзінің негізгі түрін ж а й ш ы р а й дейді.** Жай шырай өзге шырайлық тұлғалардың жасалуына негіз болады. Мысалы: *көк , қоңыр, аласа, ауыр, қатты, арзан, жылы, кең, ұзын.*

2) **Салыстырмалы шырай. Бір нәрседегі сындық белгінің екінші нәрсемен салыстырғанда артық не кемдігін білдіретін сын есімнің түрін с а л ы с т ы р м а л ы ш ы р а й дейді.**

Салыстырмалы шырай жай шырай тұлғасының үстіне мына жұрнақтардың бірі жалғану арқылы жасалады:

а) **–рақ, -рек, -ырақ, -ірек.** Мысалы: қатты**рақ**, іри**рек,** кіші**рек**, күшті**рек,** жасыл**ырақ**, жұмсақ**ырақ,** үлкен**ірек,** семіз**ірек.**

ә) **–лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу**. Мысалы: қысқа**лау**, іри**леу**, кіші**леу**, жасыл**дау**, жұмсақ**тау**, үлкен**деу,** көк**теу**, биік**теу**.

б) **–ғыл, -ғылт, -ғылтым, -шыл, (шіл) -шылтым, (шілтім), -ілдір, -аң, -қай, -ғыш, -ша.** Мысалы:

сұр**ғылт**	көк**шіл**	сар**ғылт**
сұр**ғылтым**	көк**шілтім**	боз**аң**.
сұр**ша**	көгі**лдір**	қоңыр**қай**.
сар**ғылт**.	көк**ше**	сар**ғыш**.

90-жаттығу.Берілген сын есім сөздеріне ережедегі көрсетілген жұрнақтардың тиістісін жалғап, салыстырмалы шырай жасаңдар.

Арық. Семіз. Ауыр. Қысқа. Сараң. Жақын. Шабан. Суық. Өткір. Қызыл. Қара. Көк. Сары.

3) **Күшейтпелі шырай. Белгілі сындық белгінің бір нәрседе не артық, не кем екендігін білдіретін сын есімнің түрін к ү ш е й т п е л і ш ы р а й дейді.**

Күшейтпелі шырай мына сияқты жолмен жасалады:

а) Негізгі сын есім сөзінің алдынан күшейткіш буын қосарланып айтылады да, күшейтпелі шырай жасалады. Мысалы: *қап-қара, қып-қызыл, сап-*

сары, ап- ауыр, тап- таза, жап- жақын, жап- жақсы, жеп-жеңіл, жып-жылы, үп- үлкен, кіп-кішкене, біп-биік, әп-әдемі, тәп- тәуір, сүп-сүйкімді.

4) **Асырмалы шырай. Белгілі сындық белгінің бір нәрседе екінші нәрсемен салыстырғанда не тым артық, не тым кем екендігін білдіретін сын есімнің түрін а с ы р м а л ы ш ы р а й дейді.**

ә) Асырмалы шырай сын есім сөздерінің алдына *аса, өте, тым, тіпті, тіптен, нағыз, нақ, ең, орасан, керекмет, қас,* сияқты күшейткіш үстеулердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: **аса** биік, **тым** ұзын, **бек** жақсы**, өте** жуас, **орасан** жүйрік, **тіпті** үлкен, **нағыз** ер, **тамаша** білгіш, **ең** тәуір, қас шебер.

91-жаттығу. Көшіріп жазыңдар да, сын есімнің астын сызыңдар, қай шырай екенін айтыңдар.

1)Ойнақы, сауықшыл жігіт Өтекелді-Ноғай ауылының өз кісісі боп кеткен адам. (М.Ә.) 2. Күн мөлшерін білген Өтекелді осы ауылдың тап орт а-сындағы ең үлкен, сегіз қанат үйдің кермесінің тұсында тұр екен. (М.Ә.) 3)Жанбота соқасы заулай жүріп жатқан соң, қалып қоямын ба деп жеңілірек алған. (Ғ.М.) 4) Жағдай қиын, бірақ обалына қалып керегі не, жігіттер жақсы -ақ соғысып жатыр.(Б. М.) 5) Олардан биігірек штурмовиктерді көктен қорғап кіп-кішкентай дауылпаздардай истребительдер шүйіліп, жүйткіп жүр. (Б.М.) 6. Менің алдымда тұрған ең қиын бел – тезірек жылжып жиырмаға жету (Ғ. М.). 7) Саусақтары жұп-жұмсақ, жып-жылы екен. 8) Үлкен көкшіл көзі мөлдіреп, күлімдеп тұр (З. Ш.). 9) Тап-таза тұнық ауа, көгілдір аспан, ну орман, сылдырап аққан су... (З. Ш.). 10) Аспан ақшыл тартып, мұнарта түседі, сар шытыр қуарып жоғалып, ебелек ұшып бітті, бетеге бозарып, қара жусандар ақ бурыл тартты (Х. Е.). 11) Оның сүмбілдей сұп-сұр денесі жай теңселген шолақ, көк толқындармен бірде тұтас көміліп, бірде тұтас көрініп, суға қара қоңыр сәуле түсіреді (І. Е.). Қолға түскен жоңғардың кішілеу қысық көзінен қорқыныш ізі сезіледі (І. Е.). Нұрыш тым қатты қуаныш үстінде жүріп, әкесінің қабағын түйіп, даусын көтергенін де ұмытып кетті. Аса жағымсыз айқайды естіген бала , отқа жеткізбей-ақ жөней берді. 12) Көрші бөлмеден тап-таза болып киінген үш бала шықты, состиып бізге қарап тұрып қалды (Б. Момышұлы.). 13) Сұлтанның сұрғылт, жүдеу жүзі енді көкшіл тартып, сыртқа шығып кетті (І. Е.).

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Сын есімнің шырай категориясы нені білдіреді ? Қазақ тілінде сын есімнің шырайлық белгісі нешеу ?*
2) *Сын есімнің қай түрі жай шырай деп аталады ?*
3) *Салыстырмалы шырай сындық белгіні қалай білдіреді ? Салыстырмалы шырай қалай жасалады ?*
4) *Күшейтпелі шырай деген не ? Күшейтпелі шырай қалай жасалады ?*

5) *Асырмалы шырай қалай жасалады ?*

§ 66. Сын есімнің синтаксистік қызметі.

Сын есім сөздері сөйлем ішінде зат есім сөзінің алдында қабыса байланысып, сол заттың бір белгісін білдіріп, анықтауыш болады. Бұл-сын есімнің сөз табы ретінде өзге сөз таптарынан ерекшелігін сипаттайтын негізгі синтаксистік қызметі. Мысалы: 1) *Зейнеп* ***үлкен бөлмесіндегі*** *пешке арқасын сүйеп отырып, ұршық иірді. (Б.М.) 2) Жастар ұйымы мен студенттердің өзін-өзі басқару комитеті* ***қоғамдық жұмысты*** *жандандырудың жолдарын белгілеп отыр (Ә.Н.). 3)* ***Жақсы*** *жастарды көзіммен көрдім* (С.М.) Бұл сөйлемдердегі *үлкен бөлмесіндегі,қоғамдық, жақсы* деген негізгі және туынды сын есімдер *пешке, жұмысты , жастарды* деген зат есім сөздерінің алдында тұрып қабыса байланысып, қ а й ? қ а н д а й ? деген сұрақтарға жауап беріп, анықтауыш болып тұр.

Сын есім сөздері сөйлемнің соңында келіп, жіктік жалғау қосымшасын қабылдап тұрып та, жіктік жалғау қосымшасын қабылдамай да сөйлемнің **есім баяндауышы** қызметін атқарады. Мысалы:

1) *«Екпінді құрылыс»*
   Бұл бетің ***дұп-дұрыс.***
   Отыз жыл шығыпсың,
   Отызда жасың бар.
   Жайықтай ***тұнықсың.*** *(Қ.А.)*

Бұл үзінділердегі *дұп-дұрыс, тұнықсың* деген сын есімдер бастапқы жалғаусыз күйінде, II жақ жіктік жалғау тұлғасында келіп, баяндауыш болып тұр.

Сын есім сөздері сөйлемдегі етістік баяндауышпен не етістіктен болған өзге мүшемен жалғаусыз тұрып, қабыса байланысып, қ а л а й ? деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш қызметінде де келе береді. Мысалы: 1*) Қайсысының образы* ***күшті*** *шыққан екен? (С.М.) 2) Жолдас Орлов осы жұмысты қолға* ***қатты*** *алып жатыр. (Ә.Ә.) 3) Михаил Иванович* ***ұзақ*** *сөйледі.* (Ғ.С.) Бұл сөйлемдерде *күшті, қатты, ұзақ* деген сын есімдер *шыққан екен, алып жатыр, сөйледі* деген етістік баяндауышпен қабыса байланысып, қ а л а й ? деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш болып тұр.

Сын есім сөздері затпен байланысты болып, зат есім сөздерінің алдын-да тұрып, онымен қабыса байланысып, сындық мағынада қолданылғанда, көптелмейді, септелмейді және тәуелденбейді. *Үлкен адамдарды сыйлау керек.* Сөйлемде сын есім сөзімен тіркесіп айтылуға тиісті зат есім сөзі айты-лмай, сын есім сол айтылмаған зат есім сөзінің орнына жұмсалғанда, зат есім сөзінің үлгісімен көптеледі, септеледі және тәуелденеді. *Үлкенді сыйлау керек.*

Сын есімнің зат есім сөзінің орнына жұмсалып, заттық мағынада қолданылуы с ы н е с і м н і ң з а т т а н у ы (субстантивтенуі) деп аталады.

Сын есімнің заттануы екі топқа бөлінеді: 1) контекстік заттану 2) лексикалық заттану.

Контекстік заттану деп белгілі контексте (сөйлем ішінде) ғана заттық мағынаға ие болатын сын есімдерді айтады. *Мысалы: білімдіден үйрен, үлкенді сыйла, жастарға ақылшы бол, көп ақымақтың ағасы болғанша, бір ақылдының інісі бол. т. б.*

Кейбір сын есім сөздері қолданыла келе заттық мағынаға ауысқан. *Мысалы, байдың малы, кедейдің лашығы, кірдің суы, шамның жарығы, жердің тоңы,асылдың сынығы, қысқы суық, жақсы жолдас, қарындас, құрдас* деген тіркестердегі *бай, кедей, кір, жарық, тоң, сынық, суық, жолдас, қарындас, құрдас* деген сөздер лексикалық жолмен сын есімнен зат есімге ауысқан сөздер.

Заттық ұғымға айналған сын есім сөздері морфологиялық тұлғасына қарай сөйлем мүшелерінің қай-қайсысы да бола алады. Мысалы: 1. *Не жуандар, мықтылар кетпепті оның қасынан (Ж. Ж.). 2. Жаманға жалынғанша, жат та, жаңыңды қарман (М.М.). 3. Арзанның жілігі татымас (М.М.). Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен (М.М.).* Бұл сөйлемдердегі *жуандар, мықтылар* деген сын есімдер көптеліп барып, атау тұлғада тұрып бастауыш болып тұр. *Қараңғыны, жаманға* деген сын есім сөздері табыс және барыс септік тұлғасында келіп,толықтауыш болып тұр да, *арзанның, ауырдың, жеңілдің* деген сын есім сөздері ілік жалғау тұлғасында келіп, анықтауыш болып тұр.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Сын есім сөйлемде негізінен қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарады ?*
2) *Сын есімнің заттануы деген не ?*

92-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, сын есімдерге жалпы талдау жасаңдар.

Енді сол көп қыздардың ішінен бөлініп қалған бір ғана ұзын бойлы, ақ сары қыз бар. Сұлу денелі, ашық нұр жүзді , әсем бойжеткен. Жіңішке, қап-қара қасы Абайға алдымен байқалды. Кейбір кішкентай қозғалыстарымен Тоғжанның қасын еске түсірген. Ұзынша боп біткен, үлкендеу келген қоңырқай көздері саналы сияқты. Анда-санда күле қарап, жалт етіп қалғанда, әлдеқандай көп шұғылалы, мол сәуле төккендей болады. Сопақша біткен сұлу жүзінде жұқалаң, әсем қызылы бар (М. Ә.).

Содан былай бетінде қорасаннан қалған дағы бар бұжыр адамдай кейіпсіз, жаралы жартасты жергілікті жұрт Жүректас атап кетіпті.Ұсқынсыз тастың жүрекке ұқсайтын ештеңесі болмаса да, адам баласы қасына барса-ақ, екі

сәбидің қосыла соққан жүрек дыбысындай, әлгі жер бүкіл алапатымен дүңк-дүңк етіп, баяу соғып тұрады екен (С.Ж.).

VI модуль тестері

1) Сын есім:
   а) заттың, нәрсенің сынын, сапасын білдіретін сөздер;
   в) қимылдың сынын, сапасын білдіретін сөздер;
   с) сөйлемде анықтауыш қызметінде қолданылатын сөздер;
   d)
   е)

2) Сын есімнің сұрақтары:
   а) қалай ? в) қандай ? с) қайтып ? d) қашан ? е) қанша ?
3) Сын есімді көрсетіңіз:
   а) шатыр в) жылтыр с) шақыр d) жатыр е) қамыр
4) Сын есімді сөз тіркесін көрсетіңіз:
   а) Алтын сағат в) тәрбие сағаты с) қымбат сағат d) қол сағат:
   е) сын сағатта
5) «Малды» деген сөз қай сөйлемде сын есім болып тұр:
   а) Малды малға жаны ашитын адам ғана бағады.
   в) Малды адам-бай адам. с) Келін алды, екі қолын ыстық суға малды.
   d) Ғайшаның қалың малын беріп қойған
   е) Мал өрісте
6) Туынды сын есімді көрсетіңіз:
   а) жұмсақ в) күлгін с) дәмді d) аппақ е) қоңырқай;
7) Сын есімнің салыстырмалы шырайын көрсетіңіз:
   а) үп-үлкен в) аса үлкен с) үлкендеу d) үлкен-үлкен;
8) Заттанған сын есімді көрсетіңіз:
   а) жігіттермен әңгімелесті в) келгендермен әңгімелесті
   с) жастармен әңгімелесті d) ата-аналармен әңгімелесті;
9) Есім сөздерден жасалған сын есімді көрсетіңіз:
   а) ұғымтал, сезімтал в) ұшқалақ, сасқалақ с) сабырлы, салмақты;
   d) ақшыл, көгілдір е) аспан түстес
10) Күрделі сын есімді көрсетіңіз:
   а) күлегеш, сөзшең в) арықтау, бойшаң с) ақ сары, ұзын бойлы;
   d) сұрша, бозғылт е) қап-қара, кіп-кішкентай
11) Сын есімнің негізгі синтаксистік қызметі:
   а) бастауыш в) пысықтауыш с) анықтауыш d) толықтауыш
   е) баяндауыш:
12) Салыстырмалы шырай тұлғасында тұрған сын есімді көрсетіңіз.
   а) Әдемі в) Сымбаттырақ с) Шыдамды d) Жап-жақсы
   е) Көрікті
13) Күрделі сын есімді көрсетіңіз.

a) Мерекеге ұласты в) Өнерлеріне разы с) Басына бақ қонды
d) Бидай өңді е) Ақ бидай

14) Күрделі сын есімді көрсетіңіз.
a) Аппақ, көкпеңбек в) Найзагер, әуесқой с) Білгіш, сезімтал
d) Көкшетау, Бурабай е) Қызылшақа, ақүрпек

15) Сын есім тудыратын жұрнақ:
a) –шама, -шеме в) –ла, -ле с) –ау, -еу d) –ншы, -нші
e) – ғақ, -гек

16) Асырмалы шырай тұлғасындағы сын есімді көрсетіңіз.
a) Таудай, бойшаң в) Тәртіпті, ретті с) Тәтті, дәмді
d) Сарғыш, қызыл күрең е) Нағыз жүйрік

17) Күрделі сын есім қатысқан сөз тіркесін көрсетіңіз.
a) Ақырын жүріп, анық бас в) Ақша қар с) Қызыл қыш құмыра
d) Ал қызыл гүл е) Ала ат

18) Сын есімнің заттануы деген мағынаны беретін тілдік термин:
a) Аббревиатура в) Агглютинация с) Субстантивтену
d) Субординация е) Семасиология

19) Сын есімнен басқа заттанатын сөз табы:
a) Сан есім в) зат есім с) Есімдік d) Есімше е) Үстеу

20) Субстантивтенген сын есімді көрсетіңіз.
a) Оқытушылар в) қыз-жігіттер с) Құда-құдағилар
d) Қарттар, жастар е) Әншілер, бишілер

21) Қатыстық сын есімді көрсетіңіз.
a) Айдын көл в) Көлсай с) Аққулы көл d) Алакөл е) Қоскөл

22) Етістік негізді сын есім дер жазылған қатарды көрсетіңіз.
a) Өткір, ұшқыр в) Кіршең, сөзшең с) Жирен, шабдар
d) Қонақжай, берекелі е) Шұрайлы, шалғынды

23) Біріккен түбірлі сын есімдер жазылған қатарды көрсетіңіз.
a) Мол сулы в) Мидай жазық с) Жайбасар d) Көкөніс
e) Аумалы-төкпелі

24) Тұрақты сөз тіркесі арқылы жасалған сын есімді көрсетіңіз.
a) Аққудың көгілдіріндей в) Сұңқардың баласындай
c) Келіннің жасауындай d) Кестенің бізіндей
e) Соқырға таяқ ұстатқандай

25) Тұрақты тіркестің беретін мағынасы көрсетіңіз. *Қой үсіне бозторғай жұмыртқалаған заман*
a) Мал басы көбейген молшылық заман
в) Құс жаппай ұя салатын жазғытұрымғы уақыт
c) Тыныш, бейбіт заман
d) Елдің қан жайлауда отырған кезі

VII м о д у л ь

САН ЕСІМ

§ 67. Сан есім туралы түсінік

Тілдегі затпен байланысты айтылатын сөздердің бір тобы сан есім сөздері болып келеді. Зат есім нәрсенің атауын білдірсе, сан есімдер заттың сан есебін, қатарын, бөлшегін, мөлшерін білдіреді. Мысалы: 1. *Мен мына ерекше* ***екі*** *адамға қарап отырмын. (Б. М.)* 2. ***Екі*** *айдан кейін мен Серёжаны* ***үшінші*** *рет кездестірдім. (Ә. С.)* 3. ***Үштен екісін*** *жеткізе алса да, үлкен қуаныш болар еді. (Ғ. Мүсір.)* 4. *Түстен кейін бұл араға саны* ***екі-үш жүздей*** *колхозшы жиналған еді. (С. М.)* Бұл сөйлемдердегі *екі* деген сөз нәрсенің дәл санын білдірсе, *үшінші* деген сөз қатар санын білдіреді. Ал *үштен екісін* деген екі сөз бір бүтін нәрсенің бөлшегін білдіреді де, *екі-үш жүздей* деген сөздердің тіркесі нәрсенің сан мөлшерін білдіріп тұр.

Заттың санын, ретін білдіретін сөз табын с а н е с і м дейді.

Сан есімдер –дерексіз мағыналы сөздер, олардың мағынасы зат есіммен тіркескенде ғана нақтыланады. *Мысалы, бес кітап, он дәптер, жүз кісі, он бес үй, мың теңге, қырық шақырым, үш ғасыр* деген тіркестерде сан есімдердің мәнін онымен тіркескен зат есім сөздері ғана деректендіріп тұр. Осы сандарды зат есім тіркесінсіз, жеке алсақ, *бес, он, жүз, он бес, мың, қырық, үш* деген түрде олар жай ғана арифметикалық таңбалар болып шығар еді.

Сан есім н е ш е ? н е ш і н ш і ? н е ш е у ? қ а н ш а ? деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы, ***екі*** компьютер, ***бес*** *оқу тобы,* ***жиырма*** *бес студент;* ***төртпінші*** *курс,* ***бесінші*** *семестр; жатақхана* ***біреу,*** *зертхана* ***жетеу;*** *Оқу залына* ***жүз шақты*** *адам сыяды.*

Сан есімдер *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың, миллион, миллиард* деген сияқты бір сөзден тұрған дара сан болып та, *он бір, он екі, он үш, он тоғыз, жиырма төрт, отыз бес, қырық алты, елу жеті, алпыс сегіз* деген сияқты ондық сандар мен бірлік сандардан құралған немесе *екі жүз, үш жүз, төрт мың, бес миллион, алты миллиард* деген сияқты бірлік сандар мен жүздік, мыңдық сандардан құралған күрделі сандар болып та келеді.

Он бірден жүзге дейінгі күрделі сандарға әуелі ондық сандар айтылып, содан кейін бірлік сандар айтылады *(он бір, он бес, он тоғыз, жиырма бес, елу алты, алпыс жеті, сексен сегіз, тоқсан тоғыз).* Жүзден жоғары күрделі сандарда әуелі бірлік сандар, содан кейін жүздік, мыңдық сандардың бірі айтылады *(екі жүз, тоғыз жүз, үш мың, төрт миллион, бес миллиард* т. б.)

Сан есімдер мен зат есім сөздері тіркесіп айтылғанда, зат есім сөзіне көптік жалғау қосымшасы жалғанбайды. Өйткені аталған заттың көп екендігін сан есім сөзі көрсетіп тұрады. Мысалы: 1. *Екі* ***әйел*** *қалай қуанарын білмей, бірін-бірі жұлмалап жатты. (Ғ. М.) 2. Он төрт* ***шананы*** *үйіре тастап, үстіне*

қамыс жапқан, уақытша күрке астында отырмыз. (Ә. С.) 3. *Үй алдында, ағаш кермеде бес-алты* ***ат*** *байлаулы тұр. (Ғ. Сл.).*

§ 68. Сан есімнің түрлері

Сан есімдер тұлғалық құрылысына қарай **дара** және **күрделі** болып екіге бөлінетіні сияқты, мағынасына қарай 6 түрге бөлінеді: 1) есептік 2) реттік 3) жинақтық 4) бөлшектік 5) топтау 6) болжалдық.

1.Есептік сан есім. Бірөңкей заттарды есептеп, нәрсенің дәл санын көрсету үшін қолданылатын сандарды е с е п т і к с а н е с і м дейді.

Есептік сан есімдер н е ш е ?, қ а н ш а ? деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы: ***Он бес*** *оқушы,* ***жиырма*** *мектеп.*

Есептік сан есім заттың дәл санын білдіру үшін қолданылатын болғандықтан, зат есім сөзімен тіркесіп айтылады. Сондықтан есептік сан есім белгілі нәрсенің дәл санын көрсету үшін зат есім сөзімен тіркесіп айтылғанда, септелмейді, тәуелденбейді, ешқандай өзгеріссіз қалып отырады. *Мысалы: бес оқушы, бес оқушының, бес оқушыға, бес оқушыны, бес оқушыда, бес оқушыдан,бес оқушымен; бір кітабым бар,бір кітабың бар,бір кітабы бар.*

Ал есептік сан есім зат есімге тіркесіп айтылмай, арифметикалық белгі ретінде қолданса,зат есімнің үлгісімен септеледі. *Мысалы: Бір жүз елуден қырық бесті кемітсе,бір жүз бес қалады. Жетіні беске көбейтсе,отыз бес болады.*

Күрделі сан есімер бөлек жазылады: *қырық алты,бір мың тоғыз жүз.*

Цифрмен жазылған сан есімдерге қосымшалар дефис арқылы жалғанады. Мысалы: *Ол биыл 45-ке шығады. 60-ты 7-ге қалдықсыз бөлуге келмейді.*

93-жаттығу. Мына цифрмен жазылған сандарды сөзбен көшіріп жазыңдар да, олардың ішінен,таңдауларың бойынша,бес санды цифрмен жазып,әр түрлі қосымша жалғап жазыңдар.

2,3,4,5,6,7,13,18,22,96,105,1874.

2.**Реттік сан есім.Заттың қатар санын білдіретін сан есім сөзін р е т т і к с а н е с і м дейді.**

Есептік сан есім сөздеріне дауысты дыбыстардан кейін –**ншы,-нші**, дауыссыз дыбыстардан кейін **–ыншы,-інші** жұрнақтары жалғану арқылы реттік сан есім жасалады. *Мысалы: алты-****ншы****,тоғыз-****ыншы****, екі-****нші****, бес-****інші****, екі жүз он жеті-****нші****.*

Реттік сан есім тудыратын жұрнақтар күрделі сандардың ең соңғы санына ғана жалғанады. Мысалы: *Екі мың он бір****інші*** *жыл.*

Жай цифр арқылы таңбаланатын реттік сан есім мен оған жалғас айтылатын зат есімнің арасына дефис қойылады. *Мысалы: 2-бригада (екінші бригада), 3 – курс (үшінші курс), 6- семестр (алтыншы семестр).*

Рим цифры арқылы таңбаланатын реттік сан есім мен оған жалғас айтылатын зат есімнің арасында ешқандай белгі қойылмай жазылады. Мысалы:

«Нұр- Отан» халықтық демократиялық партиясының II съезі 27 қаңтарда сағат 10-да басталады. XIX ғасыр әдебиеті. X сынып оқушылары.

Жай цифр арқылы таңбаланған реттік сан есімнің соңынан жыл, ай аттары тіркесіп айтылатын болса да, екі араға ешқандай белгі қойылмай жазылады. Мысалы: 2011 жылғы 19 тамызда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының сайлауы өткізіледі.

94-жаттығу Берілген есептік сан есімдерден реттік сан есім жасап,бір қатарын сөзбен, бір қатарын жай цифр арқылы, енді бір қатарын рим цифры арқылы зат есім сөзіне тіркеп жазыңдар.

2, 5, 6, 9, 17, 20, 21, 147, 1950.

2. **Жинақтық сан есім**. **Белгілі нәрселердің дәл санын білдірмей, затпен тіркесіп айтылмай, бірнеше нәрселердің жалпы есебін топшылап, жинақтап көрсететін сандық атауды ж и н а қ т ы қ с а н е с і м дейді**.

Жинақтық сан есім н е ш е у ? деген сұраққа жауап береді.Өзі тек жетіге дейін ғана саналады да, есептік сан есімнің үстіне ***-ау, -еу*** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар жалғанғанда *екі, алты, жеті* деген сөздердің соңындағы қысаң *ы, і* дауысты дыбыстары сөздерді айтуда да, жазуда да сусып түсіп қалып отырады. Мысалы: **бір+еу – біреу, екі+еу = екеу, үш+еу – үшеу, төрт+еу - төртеу, бес+еу – бесеу, алты+ау=алтау, жеті+еу=жетеу.**

Жинақтық сан есімдер есептік сан есімдер сияқты зат есім сөзінің алдына тіркесе айтылып, жалғаусыз күйінде әрқашанда сөйлемнің аяғында келіп, баяндауыш қызметінде қолданады. *Мысалы: Біздің колледжде қазақ тілі кабинеті жетеу. Әр кабинетте терезе төртеу*

4.Бөлшектік сан есім.Заттардың сан есебі үнемі бүтін сандар арқылы бола бермейді, кейде бір бүтін нәрсенің белгілі бөлшектері есептеледі.

Бір бүтін нәрсенің белгілі бөлшектерін есепке алу үшін қолданатын сан есімнің түрін б ө л ш е к т і к с а н е с і м дейді .

Бөлшектік сан есімдер есептік сан есім сөздеріне септік, тәуелдік жалғауларының қосымшаларының жалғанып тіркесіп айтылуы арқылы жасалады. Оның жасалуының екі түрлі жолы бар:

а) Бөлшектің бөлімін білдіретін сөз ілік септік жалғау тұлғасында , алымын білдіретін сөз тәуелдік жалғаудың III жақ тұлғасында тіркесіп айтылуы арқылы жасалады. *Мысалы: ¼ төрттің бірі,2\5 екінің бесі, 6/4 төрті,5/8 бестің сегізі.*

ә) Бөлшектің бөлімін білдіретін сөз шығыс септік жалғау тұлғасында, алымы жай септеудің атау тұлғасында тіркесіп айтылуы арқылы жасалады. *Мысалы: 3/5 үштен бес, 1/8 сегізден бір.1/3 үштен бір,4/2 төрттен екі,6/10 алтыдан он.*

Сонымен қатар бөлшектік сан есімдер жарты, жарым, ширек деген сияқты дара сөздермен де келе береді.

95-жаттығу. Берілген есептік сан есімдерден ережеге сай 6 дұрыс бөлшек,6 аралас бөлшек сан тудырып жазыңдар.

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10.

5.Топтау сан есім. Затты даралап санамай, топ-тобымен санау үшін қолданатын сан есімнің түрін т о п т а у с а н е с і м дейді.

Топтау сан есімдер есептік сан есім сөздерінің бір түбірін қайталап немесе екі түрлі түбірін қосарлап, соңғысын шығыс септік жалғау тұлғасында қолдану арқылы жасалады да, *нешеден?, қаншадан?* деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *екі-екіден, төрт-төрттен, он-он бестен, жиырма-отыздан, елу-алпыстан т. б.*

Топтау сан есімдері тұлғасы жағынан қос сөз ретінде қолданылатын болғандықтан, сөзбен айтылса да, цифрмен аталса да , арасына дефис қойылып жазылады. *Мысалы: Ұлттық Ұлан сарбаздары екі-екіден сапқа тұра қалды. Саптағы жігіттер 4-4-тен қатар келе жатыр.*

6. Болжалдық сан есім. Заттың дәл санын білдірмей, сандық шамасын болжап көрсететін сан есімді б о л ж а л д ы қ с а н е с і м дейді.

Болжалдық сан есім сөздері есептік сан есімдерден мына сияқты жолдармен жасалады:

а) есептік сан есім сөздеріне ***–лаған, -леген, -даған, -деген,- таған, -теген; -лап, -леп, -дап, -деп, -тап, -теп*** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар көбінесе ондық, жүздік сандарға жалғанады. *Мысалы: он**даған**, жүз**деген**, мың**даған**,он**дап**, жүз**деп**, мың**дап**;*

ә) есептік сан есімдерге көптік жалғау қосымшасы жалғанып, одан кейін септік жалғау қосымшаларының бірі жалғану арқылы да болжалдық сан есім жасалады. *Мысалы: Педагогикалық практика қорытындысы бойынша конференция сағат **екілерде** басталады.*

б) Есептік сан есім сөздерін қосарлап қолдану арқылы да болжалдық сан есім тудыруға болады. Мұндай сандар қос сөз ретінде дефис арқылы жазылады. *Мысалы:Екі-үш рет ескерту жасалды.*

Кейде қосарланып айтылған есептік сан есімнің соңғы сыңарына ***–лаған, --даған, -таған, -лап, -дап, -тап*** *жұрнақтары жалғанып та айтылады . Мысалы: бірді-екі**леген** он бес-жиырма**лаған**, алпыс-жетпіс**теп**;*

в) Есептік сан есім сөздерінен кейін *шақты, шамалы, қаралы, тарта, таман, жақын, жуық* сияқты сөздердің тіркесіп айтылуы арқылы да болжалдық сан есім жасалады. *Мысалы:*

Жүзге тарта, екілерге таман, қырық шақты, жүз шамалы;

96-жаттығу. Төмендегі цифрмен жазылған есептік сан есімдерді сөзбен жазыңдар.

2 ,4, 6, 8, 11, 13, 15 ,22, 35, 46, 69, 71, 82, 93, 128, 236, 1959, 2736

98-жаттығу. Төмендегі берілген есептік сан есімдерден реттік, жинақтық және болжалдық сан есім сөздерін жасаңдар.

1,2 , 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 15, 19, 26, 37, 66, 89, 178, 200, 500, 1000.

99-жаттығу. Төмендегі берілген есептік сан есімдерден топтау және бөлшектік сан есімдер тудырып, әрқайсысына бес-бестен сөйлем ойлап жазыңдар.

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 ,20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100.

§ 69. Сан есімнің синтаксистік қызметі

Сан есім сөздері көбінесе зат есім сөздерінің алдында ешқандай қосымшасыз қабысы байланысып, дара тұрып та, күрделі немесе қосарланып тұрып та анықтауыш болады. *Мысалы: Осы күні бұл университетте алыс және таяу шетелдерден келген* ***650*** *қыз бен жігіт оқып жүр.* ***Қырқыншы*** *жылдарда кеңес жастары арасында дүрілдеп тұрған белгілі жыр (Ғ.Сл.). Солардың артынан үйге* ***үш-төрт*** *орта жастағы жеңгейлер, аналар кеп кірді (М.Ә.).* Бұл сөйлемдердегі *650* деген есептік сан есім *н е ш е ?* деген сұраққа жауап беріп, *қырқыншы* деген реттік сан есім *н е ш і н ш і ?* деген сұраққа жауап беріп, *үш-төрт* деген болжалдық сан есім *қ а н ш а ?* деген сұраққа жауап беріп , өздерінен кейінгі зат есімдерді анықтап тұр.

Топтау сан есімдері сөйлемнің етістік баяндауыштарымен немесе етістіктен болған өзге мүшелермен байланысып, көбінесе пысықтауыш болып келеді. *Мысалы: Абай бұл үйге кіргенде әр столдың басында екіден-үштен отырып, кітапқа үңілген жастарды байқады (М.Ә.).* Бұл сөйлемдегі *екіден-үштен* деген топтау сан есім *қ а л а й ?* деген сұраққа жауап беріп пысықтауыш болып тұр.

Жинақтық сан есімдер зат есім сөздерінің алдында келіп, тіркесіп айтылмай, не зат есімнің соңынан айтылып, не заттық ұғымға айналып дара қолданылатын болғандықтан атау тұлғада ешқашан анықтауыш болмайды.Зат есім сөзінен кейін айтылып, сөйлемнің соңында келсе, баяндауыш болады да, заттық ұғымға айналып дара айтылса, атау тұлғада тұрып бастауыш болады. *Мысалы: 1)* ***Екеуі*** *сол жаққа жөнеле берді (Е. Сл).2) .* ***Алтау*** *ала болса, ауыздағы кетеді,* ***төртеу*** *түгел болмса, төбедегі келеді (М.М.).* Бұл сөйлемдердегі *екеуі, алтау, төртеу* деген жинақтық сан есім сөздері атау тұлғада, заттық ұғымда дара айтылып бастауыш болып тұр.

Сан есім сөздері зат есім сөздерінің алдында келіп тіркесіп айтылғанда, ешқандай қосымшаны қабылдамай, өзгеріссіз қалып отырады да, сөйлемде анықтауыш мүше болады дедік. Ал сан есім сөзі зат есімге тіркесіп айтыл-май, заттық ұғымға айналып, жай арифметикалық белгі ретінде қолданы-латын болса, зат есімнің үлгісімен көптеледі, тәуелденеді, септеледі және жіктеледі.

Сан есімнің көптік, тәуелдік, септік жалғауда қолданылған түрлері сөйлемде орнына, тұлғасына қарай бастауыш та, анықтауыш та, толықтауыш та, пысықтауыш та болады, жіктелген түрлері баяндауыш та болады. *Мысалы:*

*1) Алармаңға **алтау** аз, берерменге **бесеу** көп (М.М.). 2) Сонда мен ойлап-ойлап **қырыққа** тоқтағам (Ғ. М.). 3) **Жалғыздың** үні шықпас, **жаяудың** шаңы шықпас (М.М.). 4) Ат баспаймын деген жерін **үш** басады (М. М.).* Бұл сөйлемдердегі *алтау, бесеу* деген жинақтық сан есімдер атау тұлғада келіп бастауыш, *қырыққа* деген есептік сан есім барыс жалғау тұлғасында келіптолықтауыш, *жалғыздың* деген сандық мағынаны білдіретін есім сөзі ілік жалғауында келіп анықтауыш болып тұр.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Сөз таптарының ішіндегі сан есімдер қандай сөздер ?*
2) *Сан есімдер тұлғасы мен мағынасына қарай нешеге бөлінеді ?*
3) *Реттік сан есім қалай жасалады ?*
4) *Жинақтық сан есім қалай жасалады ?*
5) *Бөлшектік сан есім нені білдіреді ?*
6) *Топтау сан есімдеріне қандай сан есімдер жатады ?*
7) *Болжалдық сан есімдер қалай жасалады ?*
8) *Сан есімдер сөйлемде қандай сөйлем мүшелерінің қызметін атқарады?*

100-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, сан есім сөздерінің астын сызыңдар. Оларға қандай қосымша жалғанып, сөйлемнің қандай мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айтыңдар.

I. Екі пункіттен бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі автомобиль шықты.Сағатына біреуі 90 шақырым, екіншісі 110 шақырым жүрді.10 сағаттан кейін автомобильдер кездесті.Екі пункіттің арасын есептеп шығарыңдар.

II. 1) Екеуміз ілгері жортып кеттік (Ғ. Сл.). 2) Мұз алаңының үстіне қалың қамыс төсеп, қырықтаған адам қазанды қоршай отыра қалдық (Ә. С.). 3). Екеуміздің көзіміз енді ғана кездесті (Ғ.Мүсір.). 4).Үш-төрт ай қызметтес болып, бірге жүріп сыр алысқаннан кейін екеуміз жақсы тату жолдас болдық (Б. М.). Екеуі жиырма-жиырма бес жыл бір отасып келе жатқан абысын болса да, апалы-сіңлілі кісідей тату-ақ (Ғ. М.). 6). «Тәкежанның сегіз жүз жылқысы үшін Жігітек жағы сол жылқының орнына екі бестіден мың алты жүз бесті береді»-деп кесік айтты (М. Ә.).

101-жаттығу. Бірінші бөлімдегі сан есімдерге тиісті тыныс белгілерін қойып, екінші бөлімдегі сан есімдердің цифрмен жазылғандарын сөзбен,сөзбен жазылғандарын цифрмен жазыңдар.

I. 18 ге, 100 ден, 15 үй, 2 лерде, 2 курс, 20 том, XX том, 18 қараша, 2012 жыл, XII тарау, шілденің тоғызы

II. 35, 150, 565, 4795, 1970, он бесінші үй, жиырма бірінші пәтер, он бестерде, қырық жетіде, бір мың тоғыз жүз сексен алтыншы жыл, жүздеген адам, алпыстарда.

ЕСІМДІК

§ 70. Есімдік туралы түсінік

Есім сөздерінің бірқатары затпен бірге қолданылып, тікелей заттың атауын да, сынын да, санын да білдірмей, сол заттың атауын, сынын, санын білдіретін сөздердің орнына жүреді.

Зат есім, сын есім, сан есім сөздерінің орнына жүретін сөздерді е с і м д і к дейді.

Есімдіктерді есім сөздердің орынбасары деп те санауға болады. Есімдіктер қайсөз табының орнына қолданылып тұрса, сол сөз табының сұрауына жауап береді.

§ 71. Есімдіктің түрлері

Есім сөздердің орнына қолданылатын есімдіктердің лексикалық мағыналары бірдей болмайды. Есімдіктер мағыналық ерекшеліктеріне қарай мына сияқты жеті топқа жіктеледі: 1) жіктеу есімдігі, 2) сілтеу есімдігі, 3) сұрау есімдігі, 4) өздік есімдігі, 5) белгісіздік есімдгі, 6) болымсыздық есімдігі, 7) жалпылау есімдігі.

1. **Жіктеу есімдігі. Сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде адамдарды не бөгде заттарды білдіретін зат есім сөздерінің орнына қолданылатын сөздерді ж і к т е у е с і м д і г і дейді.**

Жіктеу есімдіктері үш жақта колданылады. Сөйлеуші адамды білдіретін сөз I жақ болады. Оған *мен, біз, біздер* деген сөздер жатады. Тыңдаушы адамды білдіретін сөз II жақ болады. Оған *сен, сендер, сіз, сіздер* деген сөздер жатады. Бөгде адамдарды не бөгде бір затты білдіретін сөз III жақ болады. Оған *ол, олар* деген сөздер жатады.

Жіктеу есімдіктерінің I және II жағы к і м? деген сұраққа жауап береді, өйткені I және II жақ тек адамды білдіретін сөздердің орнына жүреді, яғни бірінші жақ сөйлеуші адамды, екінші жақ тыңдаушы адамды білдіреді. Жіктеу есімдігінін Ш жағы к і м? н е? деген сұрақтардың біріне жауап береді, өйткені үшінші жақ тек бөгде адамды ғана білдірмей, әлемдегі нәрсе-лердің бәрі де III жақ болып саналады. Сондықтан да жіктеу есімдігінің III жағы мен сілтеу есімдігі тұлғалас болады. Мысалы: *ол, олар* деген сөздер бірде жіктеу есімдігі, бірде сілтеу есімдігі болып саналады.

Жіктеу есімдіктері жекеше түрде де, көпше түрде де қолданылады. Мысалы:

жекеше		көпше
I жақ	мен	біз, біздер

II жақ	Сен (сіз)	сендер (сіздер)
III жақ	ол	олар

Жіктеу есімдіктері жекеше және көпше түрде септеледі. Жіктеу есімдіктердің жекеше түрде септелуінің зат есім сөздерінің септелуінен кейбір тұлғалық айырмашылықтары бар. Оларға мыналар жатады:

а) **Ілік, барыс, табыс, шығыс** септік жалғауларында түбірдің соңындағы ***н, л*** дыбыстары түсіп қалып отырады. Мен-нің – ме-нің, мен-ні- ме-ні, мен-нен- ме-нен

ә) Барыс септік жалғауында, біріншіден, септік жалғау қосымшасы ***-ған*** түрінде жалғанады, екіншіден, косымшаның жуан түрде жалғану әсерімен ***мен, сен*** сөздерінің түбіріндегі жіңішке *е* дауысты дыбысы жуан *а* дауысты дыбысына алмасып айтылады және жазылады.

б) Көмектес жалғауында түбір мен қосымша тұлғалас болғандықтан, түбір мен қосымша аралығына қысаң ***ы, і*** дауысты дыбыстары дәнекер болады.

Жіктеу есімдіктерінің I және II жағы тәуелденбейді, тек үшінші жағына ғана тәуелдік жалғау қосымшасын жалғап айтуға болады. Мысалы: *оным, оныңыз, онысы, оларым, оларың, оларыңыз, олары.*

Жіктеу есімдіктеріне жіктік жалғау қосымшаларын жалғауға болады. Бұлардың жіктелуінің ерекшелігі бар. Жіктеу есім-дігі қай жақта тұрса, сол жақтың ғана жіктік жалғау қосымшасы жалғанады.

102-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, жіктеу есімдіктеріне жалғанып тұрған септік жалғау қосымшаларын сызықша арқылы бөліп жазыңдар да, қай септік жалғау екенін айтыңдар.

1. Сен жеңгеніңе мақтанасың. 2. Мен жеңілгеніме мақтанамын. 3.— Бетіңнен жарылқасын, балам,— деп, Жомарттың қолын ұстады. *(F. M.)* 4. Мен қай ұлықпен дос едім. 5. Олар мені көрсе, өшіге түсетінін білмеуші ме ең? *(М. Ә.)* 6.— Жоқ, менің мұндай болуыма менен де сіз көп еңбек сіңірдіңіз,— деді. *(Б. М.)* 7. Біз сені түнде көріп, алып кетсек қайтеді деп те ойлап едік. *(F. Мүсір.) 8.* —Кешірдім, сіз үшін бәрін де кешірдім — деп, Атаман енді мені өз құшағына алып, маңдайымнан сипады да, ар жағында зілі жоқ достық күлкімен жымиып, дүрбіні Иван Федоровичке кері ұсынды. *(Ә. С.)* 9.— Міне, саған, рақымыңа қайтарар қиуазым керек болса, ал! *(F. Сл.)*

2. **Сілтеу есімдігі. Алыстағы не жақындағы нәрселерді сілтеп, нұсқап көрсету үшін қолданылатын сөздерді с і л т е у е с і м д і г і дейді.**

Сілтеу есімдіктеріне *бұл, осы (осынау), ол, сол (сонау), мына (мынау). ана (анау), әне, міне* деген сездер жатады. Бұл сілтеу есімдіктерінің мағыналары бірдей емес. Мағыналық жағынан бұларды екі топқа бөлуге болады.

1) *Бұл, осы мына, мынау, осынау, міне* деген есімдіктер бір шама жақын тұрған нәрселерді сілтеп, нұсқап көрсету үшін қолданылады.

2) *Ол, сол, ана, анау, сонау, әне* деген есімдіктер алысырақтағы нәрселерді сілтеп көрсету үшін қолданылады.

Сілтеу есімдіктері белгілі зат есім сөзінің алдында тіркесе айтылып, қ а й? деген сұраққа жауап беріп, атау тұлғада анықтауыш мүше болып келеді. Мысалы: 1) ***Бұл*** *дәстүр Иван Грозный патшадан да бұрын басталған, тарихи өмір сүруіне байланысты жаугершілік заман туғызған, қазақ —қазақ болғалы келе жатқан дәстүр. (Х. Е.)* 2. ***Сол*** *ойын білдіре келіп, ол сүйікті ерінің алдына тек бір ғана сұрау қояды. (С. М.)* Бұл сөйлемдегі *бұл, сол* деген сілтеу есімдіктері атау тұлғада өзінен кейінгі зат есім сөзіне тіркесе айтылып, анықтауыш болып тұр.

Әне, міне деген сілтеу есімдіктері сөйлемге мүше болмай оқшауланып тұрады да, сөйлемнен үтір арқылы бөлініп отырады. Мысалы: ***Міне,*** *жұмыс та аяқталып қалды.*

Сілтеу есімдіктері зат есім сөзімен тіркесіп айтылып, анықтауыш қызметінде колданылмай, заттық ұғымға айналып айтылса, зат есімнің үлгісімен көптеледі, тәуелденеді, септеледі. Бұлардың көптелгенде және септелгенде, жіктеу есімдігі сиякты түбірдің соңындағы *л* дыбысы түсіп қалады.

а) к ө п т е л у ү л г і с і:

бұл+лар = бұлар, сол + лар = солар, ол + лар = олар, осы+лар, мына + лар.

ә) т ә у е л д е н у ү л г і с і:

Жақ	бұл	ол	сол
I	Бұным (мұным)	оным	соным
II	Бұның (мұның) бұныңыз (мұныңыз)	оның оныңыз	соның соныңыз
III	Бұнысы (мұнысы)	онысы	сонысы

б) с е п т е л у ү л г і с і:

Атау	бұл	ол	сол	Осы (мына, ана)
Ілік	бұның (мұның)	оның	соның	осының
Барыс	бұған	оған	соған	осыған

Табыс	бұны (мұны)	оны	соны	осыны
Жатыс	бұнда (мұнда)	онда	соңда	осында (мынада)
Шығыс	бұдан (мұнан)	онан	сонан	осынан (осыдан)
Көмектес	бұнымен (мұны-мен)	онымен	сонымен	осымен

Ескерту. *Бұл, сол, ол* есімдіктері кейде *бұ, со, о* түрінде қолданыла береді. *Мысалы*: *Бұ не істегенің? Со күні біз жүріп кеттік. О баста бұл есімдіктер, мүмкін, осы түрде қолданылған да болар.*

103-жаттығу.Мына сөйлемдерді көшіріп, сілтеу есімдіктеріне жалғанып тұрған қосымшаларды сызықша арқылы бөліп жазыңдар да, қосымшалардың қандай қосымша екендігін және сөздің түбірінде қандай өзгеріс болып тұрғанын айтыңдар.

1.Абзал соны айтарын айтса да, отыра кеткен Сәулеге ойлы көзімен қарап қалды. (Ә.Ә) 2. Мені елдегі жабайы жігіттің бірі деп ойлайсыз, оныңыз қате. (Б. М-ұ) 3. – Со да сөз бе екен?- деді Шолома,-онда мектеп салынбайды деп отырсың ба? (С.М.) 4. -Осының қулығы мен тапқырлығы менде болсайшы ,- деді ол ішінен, өзіне-өзі риза болмай қолын сілкіп қалды. (Х.Е.) 5. Өзге үйлер электр жарығын әлі пайдалана алмай отыр, мұның үйі қиыр шетте болса да, бір ығытын тауыпты. (Ғ.Сл) 6. Бұдан кейін балық алаңын түні бойы кезектесіп күзететін болып алдық. (Ә.С.) 7.Шұбар осыны сезбей қалған жоқ. (М.Ә.) 8. Осыларға кеткен ақшаны мен жанымнан төлей алмаймын. О! Бұған нағыз маман болып шыққанда түсінесіңдер. (Ғ. Мүсір.) 9. Бұдан былай өте-мөте бір ерекше жағдай болмаса, кісілерді орнынан ауыстырудың қажеті жоқ. (Б.М-ұ.) 10. Соған дейін көретініміз осы ма! (Ғ.М.)

3.Сұрау есімдігі. Бір нәрсенің атын не оның түрі мен түсін, саны мен сапасын білу үшін қойылатын сұрақтарды белгілейтін сөздерді с ұ р а у е с і м д і г і дейді.

Олар мыналар: к і м ? н е ? қ а й ? қ а й с ы ? қ а н д а й ? қ а н ш а ? н е ш е ? н е ш е у ? н е ш і н ш і ? қ а й д а ? қ а й д а н ? қ а л а й ?

Сұрау қойылатын сөздердің морфологиялық тұлғасына қарай, сұрау есімдіктерінің бірқатары көптеліп, тәуелденіп, септеліп және жіктеліп тұлғалық жағынан құбылып отырады.

Мысалы:

К і м д е р ? Н е л е р ?
К і м і м ? Н е м ? К і м д е р і м ? Н е л е р і м ?
К і м і ң і з ? Н е ң і з ? К і м д е р і ң і з ? Н е л е р і ң і з ?
К і м і ? Н е с і ? К і м д е р і ? Н е л е р і ?
Қ а й с ы м ? Қ а й с ы ң ? Қ а й с ы с ы ?

Нешеуіміз? Нешеуің? Неше уіңіз?
Нешеуі? Нешіншім? Нешіншің?
Нешіншісі? Нешіншілерім? Нешіншілерің?
Нешіншілері? болып тәуелденіп те айтылады.

А.	Кім?	Не?	Кімдер?	Нелер?
І.	Кімнің?	Ненің?	Кімдердің?	Нелердің?
Б.	Кімге?	Неге?	Кімдерге?	Нелерге?
Т.	Кімді?	Нені?	Кімдерді?	Нелерді?
Ж.	Кімде?	Неде?	Кімдерде?	Нелерде?
Ш	Кімнен?	Неден?	Кімдерден?	Нелерден?
К.	Кіммен?	Немен?	Кімдермен?	Нелермен?

болып септеліп те қолданылады.

Мен кіммін? Біз кімбіз? Біздер кімдерміз? Сен кімсің? Сіз кімсіз? Сендер кімсіңдер? Сіздер кімсіздер? Ол кім? Олар кімдер? түрінде жіктік жалғаулары жалғанып та қолданылады.

Сұрау есімдіктерінің кейбіреулері қосарланып та қолданылады. Мысалы: *Кім келді, Кім-кім келді* деп те айтылады.Сұрау есімдіктердің кейде сөйлемде сұраулық мағынаны білдірмейтіндері де болады. *Мысалы: Біздің өмір қандай тамаша!*

Ал шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерде сұрау есімдігі қатыстық мағына береді, яғни бағыныңқыда сұрау есімдігі қай тұлғада тұрса, басыңқыда сілтеу есімдігі сол тұлғада тұрады. *Мысалы: Сен нені айтсаң, мен соны айтамын.*

104-жаттығу: Мәтінді көшіріп, қара әріптермен жазылған сөздерден кейін жақша ішіне тиісті сұрау есімдіктерін жазыңдар.

Сол күш **Қарагөзді** көп заманнан **қинап** жүрді (М. Ә.). Қалима екеуміздің қосылғанымыз **бүкіл** ауылға **ертеңіне** аян болды. Машина **жолшыбай** бірнеше жерге тоқтады: **біреулер** кіріп, біреулер түсіп жатыр. Тек не керек, құрбыларымның ешқайсысы көзіме шалынбады
(Н. Ғ.). Кім айтар сені **қала көрген**, оқыған деп? Қайсың, қане, шығыңдар! Тоғжан сол бір **желсіз** тыныш кеште , жым-жырт сайда ымырт жабылар шақта Абайды өзі іздеп келді. Оны Бөжей асынан соң Абайдың **екінші** көріп отырғаны осы (М. Ә.). Бәріңізге қасы қара, қызыл жүзді табылмас (Ы. А.).Таң алдында бір ғана сағат **мызғығаны** болмаса, Абай бұл түнді **ұйқысыз** өткізді (М. Ә.).

4.**Өздік есімдік.** Бұған тәуелдік жалғауын жалғамайынша көптеліп, септеліп қолданылмайтын **ө з** деген бір ғана сөз жатады.

Бұл есімдіктің тәуелдік жалғауынсыз ілік жалғаудың жасырын түрінде тек зат есімнің алдында тұрып қана анықтауыш болып келуі мүмкін. *Мысалы*: өз

(өзімнің) *үйім* , өз (өзіңнің*) үйің,* өз (өзінің) *үйі.* Бұдан өзге жағ-дайдың бәрінде де жекеше не көпше түрде тәуелдік жалғауының үш жағы-ның бірінде тұрып септеледі және жіктеледі. Өздік есімдік тәуелдеулі зат есімнің үлгісімен септеледі.

Өздік есімдіктер сөйлем ішінде тәуелденіп айтылғанда, белгілі жақтық жіктеу есімдігімен тіркесіп, қабаттасып қолданылуы да, жіктеу есімдігісіз, дара, қабаттаспай қолданылуы да мүмкін:

өзім- мен өзім –менің өзім
өзің-сен өзің- сенің өзің

өзі-ол өзі-оның өзі
өзіміз-біз өзіміз-біздің өзіміз
өзіңіз-сіз өзіңіз-сіздің өзіңіз
өздері-олар өздері-олардың өздері

А.	өзім	өзіміз	өзің	өзіңіз	өзі	өздері
І.	өзімнің	өзіміздің	өзіңнің	өзіңіздің	өзінің	өздерінің
Б.	өзіме	өзімізге	өзіңе	өзіңізге	өзіне	өздеріне
Т.	өзімді	өзімізді	өзіңді	өзіңізді	өзін	өздерін
Ж.	Өзімде	өзімізде	өзіңде	өзіңізде	өзінде	өздерінде
Ш.	өзімнен	өзімізден	өзіңнен	өзіңізден	өзінен	өздерінен
К.	өзіммен	өзімізбен	өзіңмен	өзіңізбен	өзімен	өздерімен

Өздік есімдік септеліп барып, сөйлемнің барлық мүшелерінің қызметінде қолданыла береді.

5. Белгісіздік есімдік. Есім сөздерінің орнына жүріп, бірақ олардың кім және не екендігінің белгісіздігін білдіретін есімдіктерді б е л г і с і з д і к е с і м д і к дейді.

Олдарға: *біреу, кейбіреу, бірдеме, әркім, әрне, әрнеме, әлдекім, әлдене; бір, кейбір, қайсыбір; әр, әрбір, кейбір; бірнеше, әлденеше, біраз, әрқалай, әлде-қалай, әлдеқашан, әлдеқайдан деген* сияқты сөздер жатады.

Мағыналары, тұлғалдануы және синтаксистік қызметі жағынан бұлардың бәрі бірдей емес.

Біреу, кейбіреу,бірдеме, әркім, әрне, әрнеме, әлдекім, әлдене деген сөздер белгісіз бір адамды, бір нәрсені білдіреді де, көптеледі, септеледі. Сөйлем ішінде зат есім сөзіне тіркесіп айтылмай, өз алдына дара қолданылады да, морфологиялық тұлғасына және сөйлемдегі орнына, қандай сөздермен

байланысуына қарай сөйлемнің барлық мүшесі де бола алады. Сондықтан бұларды зат есім сөзінің орнына жүреді деуге болады. Мысалы: 1. *Мектеп жақтан* ***біреу*** *келе жатыр*. 2. *Сарайда* ***бірдеменің*** *дыбысы шығады.* 3. *Біздің бұл ісіміз* ***кейбіреулерге*** *ұнамауы да мүмкін*. 4. *Ол өзінің сөзінде* ***әркімді*** *бір кінәлайды. 5.* ***Әлдекімнен*** *естіген жалған сөзді айта бермеу керек, өсек деген содан шығады.*

Бірінші сөйлемдегі *біреу* деген белгісіздік есімдік жеке атау тұлғада келіп бастауыш, екінші сөйлемде *бірдеменің* деген ілік септік жалғауда н е н і ң? деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болып, үшінші сөйлемде *кейбіреулерге* деген белгісіздік есімдік көпше, барыс септік жалғауда келіп толықтауыш болып, төртінші сөйлемде *әркімді* деген белгісіздік есімдік табыс жалғауда келіп толықтауыш болып,бесінші сөйлемде *әлдекімнен* деген белгісіздік есімдік шығыс жалғауда келіп толықтауыш болып тұр.

Бір, кейбір, қайбір, қайсыбір, әр, әрбір, бірнеше, әлденеше, біраз деген сөздер өздерінен кейін айтылған зат есімнің сындық және сандық белгісіздігін білдіреді де, зат есім сөзіне тіркесіп айтылып, сөйлемде анықтауыш қана бола алады. Бұлар көптелмейді , септелмейді. Мысалы: 1**)** ***Кейбір*** *адамдар құс етін жемейді. 2)****Әрбір*** *халықтың тарихы, ұзақ дәуірдің ішінде қалып-тасқан, берік сақтайтын әдет-ғұрпы болады.*

Бұл сөйлемдердегі *кейбір, әрбір* деген белгісіздік есімдіктер зат есім сөзі-нің алдында келіп, қабыса байланысып, қ а й? деген сұраға жауап беріп, анықтауыш болып тұр. Сондықтан бұлар сын есім орнына жүріп тұр. Мысалы: *Екінші бригада жағынан* ***бірнеше*** *аттылы адам келеді.Олардың келеміз дегеніне* ***әлденеше*** *күн өтіп кетті.* Бұл сөйлемдердегі *бірнеше, әлде-неше* деген белгісіздік есімдік сөздері зат есім сөзімен тіркесе айтылып, қабыса байланысып, қ а н ш а ? деген сұраққа жауап беріп, анықтоауыш болып тұр. Бұл- зат есімнің санының белгісіздігін көрсететін болғандықтан, сан есімнің орнына жүретін белгісіздік есімдіктер деп қарау керек болды.

Әрқалай, әлдеқалай, әлдеқашан, әлдеқайдан деген сөздер етістік сөзімен байланысып, етістіктегі қимылдың болмысы мен орнының және мезгілінің белгісіздігін білдіреді де, көптелмейді, септелмейді, тәуелденбейді. Сөйлемде пысықтауыш болып келеді.Сондықтан бұлар үстеу сөздің орнына жүреді. Мысалы: *Бұл-* ***әлдеқалай*** *бола қалған оқиға емес. 2. Алматы- Москва поезы* ***әлдеқашан*** *кетіп қалған болатын.* Бұл сөйлемдердегі *әлдеқалай, әлдеқашан* деген сөздер қ а л а й? қ а ш а н? деген сұрақтарға жауап беріп, пысықтауыш болып тұр.

Белгісіздік есімдіктер *кей, қай, қайсы, әр, әлде, бір* сөздерінің өзге сөздермен немесе өзара біріктірілуі арқылы жасалады. Бұлар - біріккен сөз ретінде бірге жазылады. Мысалы: *әлдекім, бірнеше, әлдеқалай, әркім, кейбір.*

Ал бұл сөздердің бірқатары өзге сөз таптарымен тіркесіп айтылғанда бөлек жазылады. Мысалы: *қай жылы, әр күні, бір жұма, кей уақытта, әлде алыс, әлде жақын.*

105-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, ондағы белгісіздік есімдіктердің астын сызып, олардың сөйлемде қай мүше болдып тұрғанын айтыңдар.

1.- Қазақстан! –деймін ішімнен әрбір қарпына көңіл құлағын тосып. 2. Кеудемді әлдене көріп бара жатқандай, өзімді өзім үлкен сезінемін. 3. Жоғары көтерілген сайын көкжиек шалқайып, көз шаларың көбейе береді десем, ал адам ойының әлдеқашан орай кеткен жері. 4. Әйтеуір оқып шықсам, бір-демеге жарармын деген шала буалдыр ойым болатын. 5. Қоңырау әлдеқашан соғылыпты, сен кешігесің! 6. Енді, міне, көзіңді жұмғанмен көңіл ояу, шарқ ұрып қыдырып, әлдеқайдан ірілі-ұсақты ойларды сүйреп қайтады.(*Ғ.Мүсір.)* 7. Әр тұстан дыбырласып, сөйлесіп қалған үндер шығады.8. Кеудесіндегі тірлік қайғысы мұның әрбір оңаша кезде, Әбіштің қабақ шытып, өзімен -өзі боп ойланып қалатын мұңы еді. 9. Біреулер алға қарай дыбыстап үн қатса, тау іші күңгірлеп, жаңғырып, аз ғана дыбысты да әуліктіріп, алысқа әкетеді. (М.Ә) 10. Жан тірі болса, уәде бірдеме болар. (Ғ.М)

6. **Болымсыздық есімдік. Есім сөздерінің орнына жүріп, белгілі сан, сапа, өзге де қасиеттердің нәрседе жоқ екендігін білдіретін есімдіктің түрін б о л ы м с ы з д ы қ е с і м д і к дейді**

Оларға: *ештеңе (ештеме), дәнеңе (дәнеме), ешкім, ешқандай, ешбір, ешқасысы, ешқашан, ешқайда* деген сияқты сөздер жатады.

Бұлардың да мағыналары, тұлғалануы және синтаксистік қызметі бірдей емес. *Ештеңе, дәнеңе, ешкім, ешқайсысы* деген сөздер зат есімнің орнына жүріп, зат есімге тіркеспей дара қолданылады да,көптеледі, тәуелденеді, септеледі. Сосын сөйлемде морфологиялық тұлғасына қарай және қандай сөзбен байланысып тұрғанына қарай, сөйлемнің барлық мүшесінің қызметінде де қолданыла береді. Мысалы: 1**.** ***Ештеңе*** *естілмейді*.2. **Ешқайсысының** *бізге керегі жоқ*.3. *Мен мектепте* ***ешкімді де*** *кездестіре алмадым. 4. Олардың* ***ешқайсысынан*** *әлі хабар жоқ.* Бірінші сөйлемдегі *ештеңе* деген болымсыздық есімдік атау тұлғада келіп бастауыш болып, екінші сөйлемде *ешқайсысының* деген болымсыздық есімдік ілік жалғауында анықтауыш болып, үшінші сөйлемде *ешкімді* деген болымсыздық есімдік табыс жалғауда толықтауыш болып, төртінші сөйлемде *ешқайсысынан* деген болымсыздық есімдік шығыс жалғауында толықтауыш болып тұр.

Ешқандай, ешбір деген сөздер зат есімге тіркесіп айтылады да көптеліп, септеліп, тәуелденіп тұлғаланбай, зат есім сөзімен қабыса байланысып, анықтауыш болады.Мысалы:1. *Үнемі* ***ешқандай*** *өзгеріссіз бір қалыпта тұратын нәрсе болмайды. 2. Айнала тып-тыныш,* ***ешбір*** *дыбыс естілмейді.* Бұл сөйлемдердегі *ешқандай, ешбір* деген есімдіктер қ а н д а й? деген сұраққа жауап беріп анықтауыш болып тұр.

Ешқашан, ешқайдан деген сөздер сөйлемде етістіктен болған мүшемен байланысып, етістіктегі қимылдың мезгілін, мекенін білдіреді де, көптелмейді, тәуелденбейді және септелмейді. Сөйлемде пысықтауыш болады. Мысалы: 1. *Бұл сөзді бұдан бұрын* ***ешқашан*** *естіген емен.* ***Ешқайдан*** *жел*

келуі мүмкін емес. Бұл сөйлемдердегі *ешқашан, ешқайдан* деген болымсыздық есімдіктер қ а ш а н ? қ ай д а н? деген сұрақтарға жауап беріп пысықтауыш болып тұр.

7.**Жалпылау есімдігі. Есім сөздерінің орнына жүріп, жалпылық ұғым беретін есімдіктің түрін ж а л п ы л а у е с і м д і г і дейді.**

Оларға: *бәрі, барлық, барша, бүкіл (бүтін, бүткіл), күллі,* сияқты сөздер жатады.

Жалпылау есімдігі зат есім сөзінінің алдында келіп, қабыса байланысып, қ а н ш а ? деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болады.

Бәрі, барлық, барша сөздері тәуелдік жалғауының III жағында септеліп, орнына қарай сөйлемнің барлық мүшелерінің қызметінде де қолданыла береді.

Бәрі,барлық, барша сөздерінің септелу үлгісі.

Атау	Бәрі	Барлығы	Баршасы
Ілік	Бәрінің	Барлығының	Баршасының
Барыс	Бәріне	Барлығына	Баршасына
Табыс	Бәрін	Барлығын	Баршасын
Жатыс	Бәрінде	Барлығында	Баршасында
Шығыс	Бәрінен	Барлығынан	Баршасынан
Көмектес	Бәрімен	барлығымен	Баршасымен

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Есімдік қандай сөздер ?*
2) *Есімдіктер мағыналық ерекшеліктеріне қарай қаншаға бөлінеді ?*
3) *Қандай сөздердің орнына жүретін сөздер жіктеу есімдігі деп аталады? Оларға қандай сөздер жатады ?*
4) *Жіктеу есімдіктерінің септелуінің қандай ерекшеліктері бар ?*
5) *Сілтеу есімдіктері қандай сөздердің орнына қолданылады ? Сілтеу есімдіктері қалай тұлғаланады ?*
6) *Сұрау есімдігіне қандай сөздер жатады ?*
7) *Өздік есімдігіне қандай сөздер жатады ? Өздік есімдігінің қолданылуының қандай ерекшеліктері бар ?*
8) *Қандай сөздер белгісіздік есімдігі деп аталады ? Белгісіздік есімдіктері қандай сөзердің орнына жүреді ?*
9) *Болымсыздық есімдігі нені білдіреді ? Болымсыздық есімдігіне қандай сөздер жатады ?*
10) *Жалпылау есімдігіне қандай сөздер жатады ?*

106-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, есімдіктердің астын сызыңдар. Олардың қай жалғауда, сөйлемнің қай мүшесі екендігін айтындар.

1. Олар және Абай біздің ата-бабамыздың жол-жорасын аздырады дейді, мұсылмашылық дінімізден, әулие тұтқан ишан –пірімізден ажыратады дейді (М.Ә) 2. Осының бәрі көңілінде сайрап жатыр. (Ғ.М) 3.Бірақ әрқайсысымыздың естігенімізді оңаша есептемеске шарасы да жоқ. 4. Шынында да басқа бірдеме айту керек еді. 5. Мен оқуыма бөгет болды дегеннен басқа ешнәрсе қайырған жоқпын (Ғ.Мүсір.) 6. Оның арғы алқымында немістің бірнеше танкілері қирап жатыр. (Б.М-ұ). 7. Көпірге кіре берістегі тас жолдың ернеуінде әлденеше мотоцикл қирап жатыр. (Б.М-ұ). 8. Осы жерден ешкімге еш нәрсе айтпаймын деп кеткенің қайда? (Ә.С) 9. Бәрі де Қайырбектің қол сілтеген жағына жалт қарағанда, арқайсысы екі қабат үй корпусындай тұтас шомбал маялар көзге түсті (Ғ.Сл.)

107-жаттығу.Мәтінді оқып шығып, оның ішінен есім сөздерді (зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктерді) тауып, қай сөз табы екенін ажыратыңдар.Оларға жалғанып тұрған қосымшаларын атаңдар.

Құрбан төзімі аз, ашуы қатты жан еді. Сәлге келмей шықылдап, шытынап, су тиген шыныдай тырс ете түсетін. Ол кейігенде жайшылықта жайдары жүзі нілдей бұзылып сала беретін. Қазігі қалпы жол күткен екі салт атының да көңілдерін қатты қобалжытты. Құрбан тым қатулы келді. Қызыл шырайлы дөңгелек жүзі қарауытып, түтігіп алған. Көздерінің аласы қызарып, кезерген ерні кебек жалағандай ақ шаңдақтанып кетіпті. Даусы тарғылданып, тіпті қырылдап, қарлығып шығады. Бұл жолда не көріп, не бітіріп оралғаны жайлы әлі тіс жарған жоқ. Сонда да іште жатқан зор кәдік барын Қаранар да, Кенжеғұл да аңғарды (Р. Р.).

VII модуль тестері А.

(С а н е с і м)

1) Сан есім қандай сөздер:
   а) деректі заттық мағынасы бар сөздер;
   в) заттық мағынасы зат есім сөздеріне тіркесіп айтылғанда ғана айқындалатын дерексіз сөздер;
2) Есептік сан есім:
   а) заттың, нәрсенің дәл санын көрсетеді;
   в) заттың, нәрсенің ретін, қатар санын көрсетеді;
   с) бүтіннің бөлшегін көрсетеді; d) заттарды, нәрселерді топтап көрсетеді
   е) заттың санын болжалдап көрсетеді
3) Жинақтық сан есімді көрсетіңіз:
   а) бестерде в) бесеу с) бес-бестен d) бесінші е) бес;
4) Сан есімге жатпайтын сөз:
   а) үшеуі, бесеуі в) жартысы, ширегі с) он үште, он жетіде;
   d) мыңдаған е) үштен екісі

5) Орфографиялық нормаға сай дұрыс жазылған сөз:
а) 2-нші қатар в) 2-қатар с) 2 қатар d) 2-інші қатар е) 2-ші қатар;
6) Болжалдық сан есімнің жұрнағы:
а) –ау, -еу в) -лаған, -леген с) –ншы, -нші d) –лап, -леп ;
7) Сан есімнің негізгі синтаксистік қызметі:
а) зат есім сөздерінің алдында келіп, толықтауыш қызметін атқарады ;
в) есім сөздерінің алдында келіп, анықтауыш қызметін атқарады ;
с) етістіктің алдында келіп, пысықтауыш қызметін атқарады;
d) сөйлемнің аяғында келіп баяндауыш қызметін атқарады
8) Қай сан есім сөзінен кейін дефис қойылатынын көрсетіңіз.
а) 2012 (жыл) в) 1 (қаңтар) с) II (том) d) 1 (бет) е) I (топ)
9) Сан есімнің қате жазылған нұсқасын көрсетіңіз.
а) 8 наурыз в) 7-қабат с) IX – сынып d) 25-бет е) 3-курс
10) Реттік сан есімнің жұрнағын көрсетіңіз.
а) –ншы, -нші в) –тан, -тен с) –ау, -еу d) –лау, -леу е) –шы, -ші
11) Есептік сан есімді көрсетіңіз.
а) он шақты в) 8-сынып с) алтау d) екі-екіден е) қырық бір
12) Қаншадан?, Нешеден? Сұрақтарына жауап беретін сан есімнің түрі
а) реттік в) топтау с) есептік d) жинақтық е) болжалдық
13) Сөйлемдегі сан есімнің қызметін көрсетіңіз. *Үшеуі суыт жүріп кетті.*
а) Баяндауыш в) Толықтауыш с) Бастауыш d) Анықтауыш
е) Пысықтауыш
14) Баяндауыш қызметінде қолданылып тұрған сан есімді көрсетіңіз.
а) Жиналыс бестерде басталады.
в) Қуа келгендер жетеу екен.
с) Жетеуі де өнерлі екен.
d) Ердің екі сөйлегені – өлгені
е) Жеті рет өлшеп, бір рет кес.
15) Сан есім құрамына қарай нешеге бөлінеді?
а) 6 в) 2 с) 3 d) 4 е) 5
16) Болжалдық сан есімді көрсетіңіз.
а) Он бүтін бестен бір в) тоғызыншы с) Бесеу
d) сегіздерде е) жетпіс бес
17) Жинақтық сан есімді белгілеңіз.
а) қырық-елу в) бестен бір с) елу екінші d) сегізінші е) жетеу
18) Сан есім сөйлемнің қай мүшесінің қызметінде қолданылып тұр?
Қызыл тананы екеулеп жүріп зорға жықты.
а) Бастауыш в) Баяндауыш с) Толықтауыш d) Анықтауыш
е) пысықтауыш
19) Сан есім сөйлемнің қай мүшесінің қызметінде қолданылып тұр?
Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ.
а) Бастауыш в) Баяндауыш с) Толықтауыш d) Анықтауыш
е) пысықтауыш
20) Сан есім сөйлемнің қай мүшесінің қызметінде қолданылып тұр?

Ит- жеті қазынаның бірі,

а) Бастауыш в) Баяндауыш с) Толықтауыш d) Анықтауыш
е) пысықтауыш

(Е с і м д і к)

1) Есімдік:
а) заттың, нәрсенің атын білдіреді;
в) қимылдың сынын, сапасын, санын білдіреді;
с) заттың, нәрсенің атын, сынын, санын білдіретін сөздердің орнына жүреді;

2) Есімдік мағыналық ерекшеліктеріне қарай нешеге бөлінеді:
а) 5 в) 6 с) 7 d) 8 е) 9

3) Жіктеу есімдігін көрсетіңіз:
а) біздікі, сіздікі в) ананы, мынаны с) кімді, нені d) әлдеқашан, кейбіреу
е) баршасы, барлығы

4) Сілтеу есімдігін көрсетіңіз:
а) біздікі, сіздікі в) ананы, мынаны с) кімді, нені d) әлдеқашан, кейбіреу
е) баршасы, барлығы

5) Сұрау есімдігін көрсетіңіз:
а) біздікі, сіздікі в) ананы, мынаны с) кімді, нені d) әлдеқашан, кейбіреу
е) баршасы, барлығы

6) Белгісіздік есімдігін көрсетіңіз:
а) біздікі, сіздікі в) ананы, мынаны с) кімді, нені d) әлдеқашан, кейбіреу
е) баршасы, барлығы

7) Болымсыздық есімдігін көрсетіңіз:
а) біздікі, сіздікі в) ананы, мынаны с) кімді, нені d) әлдеқашан, кейбіреу
е) баршасы, барлығы

8) Тәуелдік тұлғада тұрған есімдікті көрсетіңіз:
а) оны, мұны в) онда, мұнда с) онысы, мұнысы d) олар, бұлар;

9) Септік тұлғасында тұрған есімдікті көрсетіңіз:
а) сенікі в) сенсің с) сендер d) саған;

10) Жіктік жалғау тұлғасында тұрған өздік есімдігін көрсетіңіз:
а) өзім в) өзімнің с) өзіммін d) өздері е) өзгелер;

11) «Біреуі жас, біреуі кәрі қонақ» деген сөйлемдегі «біреу» сөзі:
а) жинақтық сан есім в) белгісіздік есімдігі с) тұйық етістік
d) болымсыздық есімдігі е) есімше

12) «Сол» сөзі қай сөйлемде есімдік мағынасында қолданылған:
а) Арабша оңнан солға қарай жазады.
в) Сол жылы қыс қатты болды: с) Шұғаның өңі солғын көрінді.
d) Шөп басы сарғая қызырып, сола бастаған:

13) Есімдіктер сөйлемде қандай синтаксистік қызмет атқарады:
а) тек бастауыштың в) тек баяндауыштың
с) тек тұрлаусыз мүшелердің

d) қай сөз табының орнына жүрсе, сол сөздің сөйлем мүшесі ретіндегі қызметін атқарады;

14)Болымсыздық есімдігін көрсетіңіз.

а) Қайсы, қайдам, қашан в) Әркім, әлдекім, әрбір

с) Өзім, өзің, өзі d) Ол, олар, бұл е) Ешкім, ешқашан, дәнеңе

15) Өздік есімдігінің септелген түрін көрсетіңіз.

а) Өзім, өзіңіз в) Өздерің, өзіңсің с) Өзінікі, өзіміздікі

d) Өзіне, өзіңізбен е) Өзгелер, өздері

16) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз. *Кісі елінде күркірегенше, ... еліңде дүркіре.*

а) еркін в) туған с) өз d) жат е) азат

17) Белгісіздік есімдігін көрсетіңіз.

а) Әлдене, кімде - кім в) Ешқайда, ешқашан с) Түгел, тегіс

d) Өзіңіз, өзім е) қанша, неше

18) Жіктеу есімдігін көрсетіңіз.

а) Өзі в) оның с) мен d) барлығы е) бәрі

19) Дара есімдікті белгілеңіз.

а) Кейбір в) бәрі с) Ешкім d) Әрқалай е) Кейбіреу

20) тәуелдік жалғау тұлғасында тұрған есімдікті көрсетіңіз.

а) Мыналар в) Онысы с) сіздерде d) Ешқашан е) Содан

21) Есімдікті тіркесті көрсетіңіз.

а) Бірнеше жауынгер в) Көп адам с) Талай жыл d) Он шақты ірі қара

е) Мол өнім

22) Есімдік сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұр? *Бұл-романның ең бір шиеленісті тарауы.*

а) Бастауыш в) Баяндауыш с) Толықтауыш d) Анықтауыш

е) Пысықтауыш

23) Есімдік сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұр? *Бұл романды оқып шықтым .*

а) Бастауыш в) Баяндауыш с) Толықтауыш d) Анықтауыш

е) Пысықтауыш

24) Есімдік сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұр? *Барлығының назары ауыл сыртындағы сары жазықта.*

а) Бастауыш в) Баяндауыш с) Толықтауыш d) Анықтауыш

е) Пысықтауыш

25) Есімдік сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұр? *Әжей, мына орынға отырып алыңыз.*

а) Бастауыш в) Баяндауыш с) Толықтауыш d) Анықтауыш

е) Пысықтауыш

VIII м о д у л ь

ЕТІСТІК

§ 72. Етістік туралы түсінік

Лексикалық мағынасы, морфологиялық тұлғасы (жасалуы, тұлғалануы), грамматикалық категориялары және синтаксистік қызметі жағынан есімдерден ерекшеленіп қалыптасқан сөз табының бірі-етістік.

Есім сөздері лексикалық мағыналары жағынан заттың атауын, сынын, санын білдіріп келетін болса, етістік сөздері қимылдық процесті, амал-әрекетті, қимылдық қалыпты білдіреді. Мысалы, *бала, арба, ақыл, көз* деген сөздер заттың атын білдіріп, зат есім; *қызыл, ауыр, қатты, ұзын, жақсы* деген сөздер заттың түсін, салмағын, көлемін, сапасын білдіріп, сын есім; *екі, бесінші, он шақты, жетеу* деген сөздер заттың санын білдіріп, сан есім болып тұрса, *оқы, кел, жаз, ұйықта, күл, сана* деген сөздер белгілі қимылдық процесті, қимылдың қалпын білдіріп,етістік болып тұр.

Есім сөздері (зат есімдер) семантикалық категориялары жағынан жалпы есім мен жалқы есім, деректі мен дерексіз және жинақтық деген сияқты түрлерге жіктелсе, етістіктер семантикалық жағынан болымды, болымсыз, негізгі, көмекші, есімше, көсемше, етіс, салт етістік, сабақты етістік болып жіктеледі. Мысалы: *бар, кел, жаз* – болымды етістік; *барма, келме, жазба* – болымсыз етістік; *оқы, сөйле, кес*-негізгі етістік; *оқыған, келетін, айтар*-есімше етістік, *барып, сөйлей, айта*-көсемше етістік; *оқы, хатты жаз, ағашты жар* дегенде *оқы, жаз, жар*-сабақты етістік, *сен қал, сен ұйықта, сен күл* дегенде *қал, ұйықта, күл*-салт етістік.

Есім сөздер грамматикалық категориялары жағынан көптеліп, септеліп, тәуелденіп тұлғаланатын болса, етістіктер райға, шаққа және жаққа қарай жіктеледі. Мысалы: *жаздым, жазамын, жаз, жазайын, жазу керек, жазса* дегенде жазу қимылы жаққа, шаққа, райға қарай тұлғаланып тұр.

Заттың қимылдық процесін, жай-күйін білдіріп, болымды, болымсыз түрде жаққа, шаққа, райға тұлғалық өзгерістерге енетін сөз табын е т і с т і к дейді.

Етістіктер *не істейді? не істеді? не істемек? не қылды? не қылады? не қылмақ?* деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Бала ойнады* (не істеді?). *Жастар форумы сағат екіде басталады.* (не істейді?). *Олар ертең Есік көліне жорыққа аттанбақ.* (не қылмақ?).

Етістік сөздері, негізінде, адамның, заттың ісін, амалын, қимылын білдіреді. Мысалы: *Оқушы* ***жазды,*** *машина* ***жүрді,*** *бала жүгірді, ат* ***шапты.***

Етістіктің лексикалық мағынасы үнемі қимыл, қозғалыс бола бермейді, кейде етістік белгілі бір қимылдың қалпын да білдіреді.Мысалы: *Ол төргі бөлмеде* ***жатыр.*** *Бала ерте* ***ұйықтады.*** *Омар* ***күлді.*** Бұл сөйлемдердегі *жатыр, ұйықтады, күлді* деген етістіктер ешқандай қимыл, қозғалысты білдіріп тұрған жоқ, үшінші жақтағы адамдардың өткен уақытта қандай қимылдық қалыпта болғандағын білдіріп тұр.

108-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, етістіктерді тауып, олардың қандай сұраққа жауап беріп тұрғанын және мағыналарын айтыңдар.

Ол жазғы таңғы ұйқыдан әрі тез, әрі сергек оянды.Тасегеннің терістігінен шығысына қарай жиектеген қан қызыл шұғыла Қалқан тауының арғы бетінен иегін артып, көкжиекті тегіс қармай, әлемге шырайын шашап келеді.Өлке беті тып-тынық.Ауа мұнартпай, ап-айқын ғана мөлдірейді.Айнала жиегін қызыл торғынмен көмкерген биязы көк шатыр түні бойы маужырап тұрып, енді үлпілдей бастады.Шатырдың шығыс жақ табалдырығына нұрлы сұлу ажарын айқындап, төңіректей жүріп келе жатты.

109-жаттығу. Етістіктерді тауып, мағыналарына түсінік беріңіз, морфологиялық белгісін көрсетіңіз.

1.Әсем ақ көк атты жайдақ мініп, екі торыны жетекке алып, бұл да өзенге қарай кетіп барады (Ғ. Мүсір.) 2. Толып жатқан жағалы киіммен жарғақ терідей құрысқан арық мойны тасбақаның мойнындай қылқиып, жылтыр табан мәсісімен Қожекең төрге әрең жетті (М. Ә.). 3. «Нартас-Шұғыла» жолаушылар автобусынан орта жолда бала көтерген жас әйел түсіп қалды (Ш. М.). 4. Әне, үйден ақ ала көйлек, жеңсіз камзол киген, басында үкілі тақиясы бар қыз шықты (М. Сүнд.). Үш жыл өтіп, төртінші жылға айналғанда, қыс түсіп, күн суыта Жаяу да оралды Ақшоқыға (З. Ақ.).

§ 73. Етістіктердің жасалуы

(Етістіктің сөзжасамы)

Өзге сөз таптары сияқты тілдің сөздік құрамындағы етістік сөздері де күнделікті тұрмыстың керегіне қарай тілдегі негізгі сөздік қорға жататын түбірлік сөздерден жасала отырып, сан жағынан көбейіп,үздіксіз дамып отырады.

Сөз тудыру тәсіліне қарай етістіктер морфологиялық тұлғалық жағынан бес түрлі болып келеді: 1) негізгі түбір етістіктер, 2) туынды түбір етістіктер, 3) біріккен түбір етістіктер, 4) тіркесті күрделі етістіктер мен құранды етістіктер, 5) тұрақты тіркесті етістіктер.

1.**Негізгі түбір.** Қазақ тілінің орыс тілі сияқты өзге жүйелі тілдерден негізгі бір айырмашылығы – етістіктің негізгі түбірі бұйрық райдың 2-жақ жекеше түріне тең. Мысалы: *бар, жаз,оқы,айт,кел,кет*. Етістіктің бұл тұлғаларында болған істі,қимылды,амал,әрекетті білдірумен қатар,екінші жақтағы адамға сол қимыл,амал,әрекетті істеуді бұйыру мәні де бар.

Жекеше тұрғанда болған істі, қимылды, амал, әрекетті білдіріп, морфологиялық құрамы жағынан түбір мен жұрнаққа ажыратуға келмейтін етістікті негізгі түбір дейді. Мысалы: *кес, жар, ал,шай ,сеп, қара, тоқы*.

2.**Туынды етістіктер**.Тілдегі қолданылып жүрген етістік сөздерінің барлығы бірдей негізгі түбір сөздер бола бермейді.Қазіргі қазақ тіліндегі қимыл, амал, әрекетті білдіретін етістік сөздерінің көпшілігі негізгі түбір етістіктерден не өзге сөз таптарынан жұрнақ жалғану арқылы жасалған, жаңа мағыналы туынды сөздер болып келеді.Мысалы: *Сен есікті аш.Биыл қалада жаңадан екі мектеп ашылды.Комиссия тұқым құйған складты ашқызды*.Бұл сөйлемдердегі *аш, ашылды, ашқызды* деген етістіктердің түпкі лексикалық мағынасы бір болғанмен, әрқайсысының семантикалық мағынасы, қимылдың сапасын, түрін білдіруі бірдей емес; *аш* дегенде қимыл, амал аталып, екінші жақтағы адамға сол қимылды істеу бұйырылып айтылса, ашылды дегенде өз бастауышының (субъектісінің) қимылы болмай, қайта субъектінің өзі сол қимылдың әрекетінен туған нәрсе екендігі көрсетіліп тұр. Ал *ашқызды* дегенде ашу амалын сөйлемнің бастауышының (субъектісінің) өзі емес, сөзге біреу арқылы істеткендігі көрсетіледі.

Балтала, ақта, тағала деген етістіктер зат есім, сын есім сөздеріне жұрнақ жалғану арқылы жасалған туынды етістіктер болып саналады.

Негізгі түбір етістіктерден және басқа сөз таптарынан жұрнақ жалғану арқылы жасалған жаңа мағыналы етістік сөздерді т у ы н д ы е т і с т і к дейді.

Туынды етістіктер қандай сөз табынан жасалуына қарай, екі түрлі болады: а) етістік негізді туынды етістіктер; ә) есім негізді туынды етістіктер.

а) Етістік негізді туынды етістіктер

Бұлар негізгі түбір етістіктерге мына төмендегі сияқты жұрнақтар жалғану арқылы жасалады:

1) ***-ын, -ін, -н***: *жақ-жаға**ын**, ки-ки**ін**, ал-ал**ын**, тара-тара**н**, көр-көр**ін**.*
2) ***–ыл, -іл**: жаз-жаз**ыл**, қыс-қыс**ыл**, шеш-шеш**іл**.*
3) ***–т**: оқы-оқы**т**, биле-билет, жала-жала**т**, тара-тара**т**, ойна-ойна**т**.*
4) ***–тыр, тір, дыр, дір**: аш-аш**тыр**, бас-бас**тыр**, шеш-шеш**тір**, кес-кес**тір**, ал-ал**дыр**, жаз-жаз**дыр**, өн-өн**дір**, жең-жең**дір**, қон-қон**дыр**.*
5) ***–қыз, -кіз, -ғыз, -гіз**: айт-айт**қыз**, жет-жет**кіз**, отыр-отыр**ғыз**, тер-тер**гіз**.*
6) ***–ыз, -із:** там-там**ыз**, ем-ем**із**.*

ә) Есім негізді туынды етістіктер

Басқа сөз таптарына жалғанып туынды етістік тудыратын жұрнақтар мыналар:

1) ***-ла, -ле, -да, -де, -та, -те***: *балтала, шегеле, қарала, тұзда, көзде, теңде, баста, қап та, сурет те, ауыр ла, алыс та, терең де, ақ та, екеу ле, үшеу ле.*

2) ***–ар, -ер, -р:** қысқар, ұзар, көсер, жасар.*

3) ***-ғар,-гер,-қар,-кер**: суғар, теңгер, басқар, ескер.*

4) ***-ай, -ей, -й**-. азай, көбей, кеңей.*

5) ***-а, -е****: сана, жаса, орна, ойна.*
6) ***-сын,-сін****: азсын, көпсін, баласын.*
7) ***-ық, -ік****: сауық, тарық, бірік.*

3. Күрделі етістіктер. Бірнеше етістіктердің, я есім сөздірі мен етістік сөздерінің тіркесіп айтылып, белгілі бір қимылдық ұғымды білдіретін тұрақты сөз тіркестерін к ү р д е л і е т і с т і к дейді.

Күрделі етістіктер тілде өте көп. Олардың негізгі түрлері: 1) тіркесті күрделі етістіктер 2) біріккен күрделі етістіктер 3) құранды етістіктер 4) тұрақты тіркесті құранды етістіктер.

1. Тіркесті күрделі етістіктер екі лексикалық мағыналы етістіктен құралып, бір күрделі қимылды білдіреді. *Мысалы, Ертең ауылға барып кел* дегендегі *барып кел* етістігі екі лексикалық мағыналы етістіктен жасалып, әрі бару, әрі келу қимылынан құралған бір күрделі қимылды білдіріп тұр. Бұларды тіркесті күрделі етістіктер дейді. Оларға: *алып бер, кіріп шық, көріп кел, сұрап ал, алып қал* сияқты күрделі етістіктер жатады.

2. Біріккен түбір етістік екі етістіктен бірігіп, бір лексикалық мағынаны білдіреді. Мысалы: *апар- алып бар, әкел-алып кел, әкет-алып кет*, *сөйт – солай ет, бүйт – бұлай ет.* Бұлардың түрі көп емес.

3. Құранды етістіктер есім сөздерге *ет, қыл, бол, қақ, ал, қой, сал* көмекші етістіктерінің тіркесіп келуі арқылы жасалады. *Мысалы, қол қой, телефон соқ, адам бол, құлақ сал, қабыл ал, сәлем бер т.б.*

4. Тұрақты тіркесті етістіктер есім және етістік сөздерінің бір мағынада қолданылып, тұрақтануы арқылы жасалады. *Мысалы, көз салды, міз бақпады, ауыз жаласты, бетке шіркеу болды, арам тер болды, ауыз салды, құр қалды, таяқ жеді, жан алқымға алды т.б.*

К*еліп қалды, тани кетті, тұрып қалды, құлап қала жаздады, бара алмады, кетіп бара жатыр* дегендер екі не үш етістік сөзінің тіркесіп айтылуы арқылы бір қимылдық ұғымды білдіріп тұрған күрделі етістіктер; ал *құлақ салды, көз тікті, дем алды, бас салды, ер жетті* дегенде есім сөзі мен етістік сөзі бір қимылдық ұғымды білдіріп, күрделі етістік ретінде қолданылып тұр. Бұларды бірінен-бірін айырып қарауға болмайды. Күрделі етістіктің негізгі лексикалық мағынасына ие болатын бірінші сыңары негізгі етістік деп аталады да, екінші сыңары көмекші етістік деп аталады.

§ 74. Негізгі және көмекші етістіктер

Етістік сөздері лексикалық мағынасына және сөйлемдегі атқаратын қызметіне қарай негізгі етістік және көмекші етістік болып екіге бөлінеді.

1.Негізгі етістік. Жеке тұрғанда қимылдық лексикалық мағынаға ие болып, өз алдына сөйлемнің дербес мүшесі болып қолданылатын етістікті н е г і з г і е т і с т і к дейді.

Мысалы: *сөйле, оқы, сана, шегеле, айтқыз, ақта, үһле, екеуле, жаз.*

2.Көмекші етістік. Сөйлем ішінде келіп толық мағына бере алмай-тын, өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайтын, басқа бір толық мағыналы етістікке тіркесіп айтылып, сол етістіктің грамматикалық мағынасын тиянақтау үшін қолданылатын етістіктің түрін к ө м е к ш і е т і с т і к дейді.

Көмекші етістіктер күрделі етістіктің құрамындағы есімше, көсемше түлғасында қолданылып, кимылдық ұғымға ие болатын негізгі етістіктерге жақтық,-шақтық грамматикалық ұғым беріп, сөйлемнің бастауышымен жақтастыру үшін қолданылады. Мысалы: *Ол Анкара университетінде оқып жүр. Автобус тоқтап қалды.* Бұл сөйлемдердегі *оқып жүр, тоқтап қалды* деген тіркестер бір қимылдық ұғымды білдіретін күрделі етістіктер де олардың ішін-де қимылдық, баяндауыштық ұғымға ие болып тұрған негізгі етістіктер — *оқып, тоқтап* деген көсемше тұлғалы сөздер. Өйткені бұл сөйлемдердегі айтылған ой оның оқығандығы, автобус-тың тоқтағандығы жайында болып тұр. Ал *жүр, қалды* деген сөздер негізгі етістікке біріншісінде осы шақтық, үшінші жақтық *(оқып жүр)* ұғым беріп, бастауышпен байланыстыру үшін қолданылса, екіншісінде өткен шақтық, үшінші жақтық *(тоқтап қалды)* ұғым беріп, *автобус* деген бастауышпен байланыстыру үшін қолданылып тұр.

Көмекші етістіктер күрделі етістіктердің жасалуында өте маңызды қызмет атқарады да, мағынасына және атқаратын қызметіне қарай екі түрлі болып келеді: *а) арнаулы көмекші етістіктер, ә) ауыспалы көмекші етістіктер.*

а) **Арнаулы көмекші етістіктер деп жеке тұрғанда толық лексикалық мағына бере алмайтын, сөйлемде өз алдына дербес мүше бола алмай-тын, тек өзге бір толық мағыналы етістік сөзіне, кейде есім сөздеріне тіркесіп қана айтылатын *е, де, ет, жазда* деген сөздерді айтады.** Мысалы: *Олар кеше ғана келген **екен**. Мен оған бармаймын **дедім**. Ол өте қарапайым, жақсы адам **еді.** Сен маған мықты көмек **еттің.** Ол жығылып қала **жаздады**.* Бұл сөйлемдердегі *келген екен, бармаймын дедім, адам еді, көмек еттің, жығылып қала жаздады* деген есімше тұлғалы және жіктеліп айтылған е, де, ет, жазда көмекші етістіктері өзінің алдындағы толық мағыналы етістік және есім сөздерімен тіркесіп айтылып қана күрделі баяндауыштың құрамына еніп тұр.

Е, де, ет, жазда сөздері жеке тұрғанда толық қимылдық мағынаны білдіре алмағанмен, бұл сөздер толық етістік сөзінің үлгісімен тұлғаланады, яғни бұлардан етістіктің болымды, болымсыз түрі, есімше мен көсемше тұлғалары, жақтық және шақтық тұлғалары жасалады. Сондықтан да бұларды көмекші етістік дейді. Бұлардың барлығы да, негізінде, күрделі етістіктің екінші сыңарында келіп, негізгі сөзге жақтық, шақтық граммати-калық мағына беру үшін қолданылады. Сонымен қатар *де* көмекші етістігі төл сөз бен автордың сөзін байланыстыратын дәнекер ретінде де қолданылады. Мысалы:*—Жолың болғырдың о несі-ай!—деп, Қайырбек қарт мүлде тықыршып тұр. (Ғ. Сл.)*

ә) **Ауыспалы көмекші етістіктер деп бірде негізгі етістік мағынасында, бірде көмекші етістік мағынасында қолданылатын етістіктерді айтады.** Қазақ тілінде жеке тұрғанда толық мағынасы бар негізгі түбір етістіктердің көпшілігі-ақ өзге бір есімше және көсемше тұлғалы етістікке тіркесіп айтылып, ауыспалы көмекші етістік қызметінде қолданыла береді. Көбіне ауыспалы көмекші етістік қызметінде қолданылатын етістіктерге мына сияқты сөздер жатады: *отыр, жатыр, тұр, жүр, ал, бол, қал, сал, көр, бер, қой, кел, түс, қара, баста, жібер, айнал, таста.* Мысалы: 1. *Бала керуетте* ***жатыр.*** 2. *Ол Алматыда* ***оқып жатыр.*** 3. *І нім үйде* ***қалды.*** 4. *Емтихан сессиясы жақындап* ***қалды.*** Бұл сөйлемдердің бірінші, үшінші-сіндегі *жатыр, қалды* деген сөздер өздерінің ,бастапқы мағыналарында қолданылып, толық мағыналы негізгі етістік қызметінде, сейлемнің дара етістік баяндауышы болып тұр. Ал екінші, төртінші сөйлемдердегі *оқып жатыр, жақындап қалды* деген тіркесгерде *жатыр, қалды* деген сөздер өздерінің бастапқы мағыналарынан айырылып, күрделі баяндауыштардың бірінші сыңарындағы *оқып, жақындап* деген көсемше етістіктерге тіркесіп айтылып, негізгі сөзге осы шақтық және өткен шақтық, үшінші жақтық грамматикалық ұғым беру үшін қолданылып тұр. Бұл тұрақты тіркес күйінде ешкандай *жату, қалу* түсінігі жоқ, ауыспалы көмекші етістіктер күрделі етістіктің құрамында айтылғанда, негізгі етістіктегі айтылған қимылдық процесті тек жақ және шақ жағынан ғана тиянақтап қоймай, негізгі етістік-тегі қимылдың өту сатысын, өту қалпын, дәрежесін де көрсетіп тұрады. Мысалы *іш* деген қимылды алып, осыған көмекші етістіктерді тіркестіріп айтатын болсақ, сол *ішу* процесінің әр түрлі сатысын көрсетуге болады. Мысалы: **ішті** — ішу қимылы өткен шақта істелді, бірақ қай шамада орындалғаны айтылмай тұр.

Ішіп көрді—ішу қимылы өткен шақта істелді, бірақ ішу процесі жүргізілген жоқ, тек байуау ғана жасалғаны көрсетіледі.

Іше бастады — мұнда да ішу қимылы өткен шақта істелді, бірақ сол ішу процесінің бастапқы кезеңі ғана көрсетіледі.

Ішіп жатыр — ішу кимылы әңгіме болып тұрған кезде, яғни осы шақта болып жатыр.

Ішіп болды — ішу қимылын өткен шақта, үшінші жақтағы адам ғана аяқтады, бірақ процесс тоқталған жоқ.

Ішіп қойды — ішу қимылы өткен шақта аяқталды және белгілі ыдыста одан әрі ішетін еш нәрсе қалған жоқ деген ұғымды білдіреді.

Іше салды — мұнда ішу қимылының өткен шақта істелуімен қатар өте тез орындалғандығы көрсетіледі.

Сөйтіп, күрделі етістіктің құрамындағы ауыспалы көмекші етістіктер өздерінің бастапқы мағыналарынан не жартылай, не бүтіндей айырылып барып негізгі етістікке жақтық, шақтық грамматикалық ұғым берумен қатар, негізгі етістіктерге, жоғарыдағы көрсетілгендер сияқты, қосымша мағыналық өң береді.

110-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, негізгі түбір, етістіктің астын бір, туынды етістіктің астын екі, күрделі етістіктің астын ирек сызықпен сызып жазыңдар.Күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістіктің түрін ажыратып айтыңдар.

Қорадан үшеу ғана болып шыққан Бейсендер тобына жолдан адамдар қосыла берді. (С.Б.) 2. Дәл үстімізден танкінің ең үлкендері өтіп барады екен. (Ғ.Мүсір.) 3. Менің де ойым осы. Ауыл шаруашылық бөлімімен алдын ала келісіп, Баршагүлді шақыртқанмын. (Ғ.Сл.) 4. Ержан жүрелеп отырды.(Т.А.) 5. Баян бәйбіше бір жапырақ қағазды жүрегіне қысып келе жатыр.(Ә.Ә.) 6. Мен Михаил Ивановичтің осы бір сөзіне әбден сеніп алған едім, сондықтан да әкемнің амандығына да, өзіміздің апат құшағынан құтылатындығымызға да бұдан былай ешбір шек келтірмедім. (Ә.С.) 7. Әбдірахманның бұл сөзіне Дмитриев таңданғандай, жүзіне қадала қарады.(Х.Е.) 8. Мен генералға рақ-мет айтып, бұрынғы орныма отырдым.(Б.М-ұ.) 9. Шығанақ бәсеңдеп сала берді.(Ғ.М.) 10. – Дәрмен аға, атама сіздерді айтайыншы-деп, сылтауратып, үйге қарай жүгіре жөнелді.(М.Ә.) 11. Қырықтықшы жас бала бастыққа аңтарыла қарап қалды.(Б.К.)

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Етістік қандай сөз табы?*
2) *Етістіктер мағыналық жағынан қалай жіктеледі?*
3) *Етістіктер грамматикалық категориялары жағынан қандай етістіктер болып бөлінеді?*
4) *Етістіктер қандай жолдармен жасалады?*
5) *Қандай жұрнақтар етістіктерге жалғанып, грамматикалық форма туғызады?*
6) *Қандай жұрнақтар есім сөздеріне жалғанып, жаңа мағыналы етістік сөздерін туғызады?*
7) *Күрделі етістіктер қандай жолдармен жасалады?*

9)Қандай етістіктер негізгі және көмекші етістіктер деп аталады?

8) Арнаулы көмекші етістіктерге қандай сөздер жатады?

10)Етістіктер қандай жағдайда ауыспалы көмекші етістік мағынасында қолданылады ?

Етістіктің лексика-семантикалық категориялары

§75. Болымды және болымсыз етістік

Етістік сөзі лексикалық мағынасы жағынан белгілі іс, болмыс, амал, әрекет және қимылдық процесті білдіреді. Кейде етістіктегі айтылған қимылдық процестің орындалғандығы, орындалып жатқандығы, орындалатындығы, қоса көрсетіледі де, кейде сол қимылдың орындалмағандығы қоса көрсетіле-ді.

Мысалы: *жаздым, жазып жатырман, жазамын; жазбадым, жазып жатқан жоқпын, жазбаймын.*

Негізгі және туынды түбір етістіктердің бастапқы мағынасы іс, қимыл, амал- әрекеттің орындалатындығын білдіреді де, б о л ы м д ы е т і с т і к деп аталады. Мысалы: *бар, кел, жаз, кез, айт, жет.*

Етістіктің лексикалық мағынасына қосымша сол іс, амал, әрекет, қимылдық процестің орындалмайтындығы, істің істелмейтіндігі қоса көрсетілсе, етістіктің ондай семантикалық түрін б о л ы м с ы з е т і с-т і к немесе е т і с т і к т і ң б о л ы м с ы з т ү р і дейді.

Етістіктің болымсыз түрі етістіктің түбіріне **–ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады: *бар-барма, кел-келме, жаз-жазба, кез-кезбе, айт-айтпа, жет-жетпе.*

Етістіктің болымсыз түрі аналитикалық тәсіл арқылы жасалғанда, өткен шақтық есімшеден кейін *жоқ* деген модальдық сөз немесе *емес* көмекші етістігі келеді де, жіктік жалғау қосымшасы сол сөздерге жалғанады.Мысалы: *Мен барған жоқпын, барған емеспін, сен барған жоқсың,бараған емессің, ол барған жоқ, бараған емес.*

Етістіктің болымды не болымсыз түрде қолданылуы сөйлемдегі сөздердің синтаксистік байланысына ешқандай әсер етпейді.Сондықтан етістіктің болымды, болымсыз түрі деген термин грамматикалық категорияны емес, семантикалық категорияны білдіреді.Мысалы: *Шәрипа кеше экскурсияға барды.Шәрипа кеше экскурсияға бармады.*Бұл екі сөйлемнің біріншісінің баяндауышы *барды* деген болымды етістік, екіншісінің баяндауышы – *барма - ды* деген болымсыз етістік. Екінші сөйлемдегі етістік баяндауыштың морфологиялық тұлғасына өзгеріс енгенмен, грамматикалық мағынасына өзгеріс енген жоқ, тек лексикалық семантикалық мағынасына аздаған өң берілді. Біріншісінде қимылдың орындалғандығы айтылса, екіншісінде сол қимыл-дың орындалмағандығы айтылып тұр.

111--жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, болымды етістікті бір, болымсыз етістікті екі сызыңдар да, болымсыз етістіктің қалай жасалғанын айтыңдар, яғни синтетикалық тәсілмен бе, аналитикалық тәсілмен бе?

1.Алуа осылайша боратып хатты жаза берді. 2.Біз бұл жерге ақша іздеп, атақ іздеп келген жоқпыз.(С.Б.) 3. Бір қыстық азығын алып, кемпірі мен Ерназар үйінде қалыпты.4. Ерназардың сегіз ұлы сол кеткеннен хабарсыз кетеді, айлар өтеді, келмейді, жылдар өтеді, келмейді.("Қ.Е.") 5.Дос-жар, қонағуар үйдің іші әзірлігін жасай бастаса да, Әбіштің бұларды шығындатқысы келмеді.(М.Ә.) 6. Жанбота көп ойланды.(Ғ.М.) 7. Ешқайсысы сезген жоқ.(Ғ.М.) 8. Күштің тең емес екенін генералдың өзі де біледі.

112--жаттығу. Болымды етістіктерді тауып, олардың жасалу жолына түсінік беріңдері

1.Нанарын да, нанбасын да білмей, аңырап қалды бәрі (Ғ. Мұст.). 2. Күздігүні жыртып тастауға қол босамады (Ғ. Мұст.). 3. Еріншектің ертеңі бітпес (Мақал). 4. Жылқыда өт болмайды, құста сүт болмайды (Мақал.). 5. – Абайжан, осы сен түні бойы ұйқтамағанбысың?- деп, баласының бетіне қарады (М. Ә.). 6. Астыңғы үйдегі бапты аспазшы пісірген ыстық самсаны да жеген жоқ (М. Ә.). 7. Еденін қи аралас балшықпен майдалап сылаған үйдің тап ортасына келіп, сұлық тұрып қалған Балзия үн қатпады (С. Ж.). 8. Келген адам шайға отырмай, не шұбат ішпей кетпейді (Ғ. М.).

§ 76. Қимыл атауы

Іс, қимыл, амалдың шағын, жағын көрсетпей, тек сол қимыл, амалды атап қана қоятын етістіктің түрі қ и м ы л а т а у ы деп аталады.

Қимыл атауы етістіктің негізгі түбірі мен туынды түбіріне **-у** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *жаз-у, бар-у, ал-у, ұйымдастыр-у, сырла-у, ақта-у т. б.*

*Қимыл атауы - е*тістіктің грамматикалық категорияларының ішіндегі бір ерекше түрі. Қимыл есімдері өзінің грамматикалық қасиеттері мен тұлғалану белгілері және синтаксистік қызметі жағынан етістіктерден гөрі есімдерге бейім болып келеді. Олар есімдерше тәуелденеді, септеледі. *Мысалы: баруым, баруың, баруы, баруымыз, баруыңыз;*

Осы ерекшеліктеріне қарай қимыл атаулары сөйлемдегі орнына, морфологиялық тұлғасына байланысты сөйлемнің тұрлаулы мүшелері де, тұрлаусыз мүшелері де болып келе береді.

Сөйлемнің басында атау тұлғада келіп, бастауыш болады: Мысалы: *1) Ерте тұрып, **дене шынықтыру,** таза ауада **серуендеу** - денсаулық кепілі.*

Ілік септік тұлғасында келіп, анықтауыш қызметінде қолданылады: *Білмегеніңді сұрап, **біліп алудың** еш ұяттығы жоқ.*

Ілік пен атаудан басқа септік тұлғаларында келіп, толықтауыш болады: *Ол **оқуды** қойып, **жазуға** кірісті.*

*С*өйлемнің аяғында атау және жатыс септік тұлғаларында келіп, баяндауыш та болады: *Бізідің алдымыздағы негізгі міндет- еңбек өнімділігін **арттыру.** Алматыда дүние жүзі қазақтарының құрылтайы **өтуде.***

Қимыл атауынан кейін *тиіс, керек* сияқты модальдық сөздер тіркесе айтылса, үнемі баяндауыштық қызмет атқарады: *Мысалы: Бұл жұмысты бүгін **бітіру керек.***

§ 77. Көсемше

Етістіктің лексика-семантикалық категорияларының бірі-көсемше.

Көсемше етістік өз алдына тиянақты қимылдық процесті білдірмей, екінші бір ашық райлы етістіктегі қимылдың сапасын көрсетіп тұрады.Мысалы: *кір-ді-қалай кірді? Сөйлей кірді.Сөйледі-қалай (қайтіп) сөйледі?Асығып сөйледі.*

*Келді-не мақсатпен (не істегелі) келді?Оқығалы к*елді. Бұл мысалдардағы *сөйлей, асығып, оқығалы* деген сөздер ашық райлы етістіктегі қимылдың сапасын, белгісін сипаттайды.

Сонымен қатар көсемше сөйлемде жеке тұрып, өз алдына тиянақты баяндауыш бола алмайды, өзге бір ашық райлы етістікке тіркесіп айтылады да, күрделі етістік тудырады. Мысалы: *оқып болды, санай бастады, келе берді, айта салды, келіп қалды*. Бұл күрделі етістіктердің бірінші сыңарындағы *оқып, санай, келе, айта ,келіп* көсемшелері өзінен кейінгі көмекші етістіктерсіз сөйлемнің тиянақты дара баяндауышы бола алмайды, лексикалық мағыналары олқыланып, қимылдың ұғымы тиянақталмай тұрады.

Өз алдына сөйлемнің тиянақты дара баяндауышы бола алмайтын, өзге бір ашық райлы етістіктегі қимылдың сапасын, белгісін сипат-тайтын немесе көмекші етістіктерге тіркесіп, күрделі етістік тудыратын етістіктің тұлғасын к ө с е м ш е дейді.

Көсемшенің семантикалық және сыртқы тұлғалық қасиеттеріне сәйкес үш түрі болады:

а) **Көсемшенің бірінші түрі** етістіктің түбіріне **–а, -е, -й** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: айт+**а**, бар+**а,** кел+**е**, сез+**е**, ойна+**й,** төле+**й**

(*айта берді, бара тұрды, келе жатыр, сезе қойды, ойнай берді, төлей алмады*).

Көсемшенің бұл түрі ашық райдың ауыспалы осы шағын жасауға негіз болады, яғни жіктік жалғаулар көсемшенің осы түрінің үстіне жалғанады. Мысалы: *жаз+а+мын, жаз+а+сың ,жаз+а+ды; кел+е+мін, кел+е+сің, кел+е+ді; сана+й +мын, сана+й +сың, сана+й +ды.*

ә) **Көсемшенің екінші түрі** етістіктің түбіріне –**ып, -іп, -п** жұрнақтары жал-ғану арқылы жасалады. Мысалы: *айт+ып, бар+ып, кел+іп, сез+іп, ойна+п, төле+п (айтып берді, барып келді, келіп отыр, сезіп қойды, ойнап болды, төлеп келді).*

Көсемшенің бұл түріне жіктік жалғаулары жалғанып, ащық райдың өткен шағының бір түрі жасалады. Мысалы: *бар+ып+пын, бар+ып+сың, бар+ып+ты; кел+іп+пін, кел+іп+сің, кел+іп+ті; сөйле+п+пін, сөйле+п+сің, сөйле+п+ті.*

б) **Көсемшенің үшінші түрі** етістіктің түбіріне **–қалы, -келі, - ғалы, -гелі,** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *айт+**қалы,** кет+**келі**, бар+**ғалы**, кел+**гелі**,(айтқалы отыр, кеткелі жатыр, барғалы жүр, келгелі жатыр).*

в) **Көсемшенің төртінші түрі** етістіктің түбіріне **-қанша, - кенше, - ғанша, -генше** кел - ***генше***, көр - ***генше***, айт – ***қанша*** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Көсемшенің бұл түрі сөйлемдегі айтылған ойға келер шақтық мән үстейді.

Көсемше сөйлемде ашық райлы етістіктің қимылдық сапасын, белгісін көрсетіп пысықтауыш болады. Мысалы: *Абайлар үйге сөйлей кірді. Ол Алматыға оқығалы кетті.* Бұл сөйлемдердегі *сөйлей* (қалай?), *оқығалы (*не үшін?

не мақсатпен?) деген көсемшелер *кірді, кетті* деген етістік баяндауыштарды пысықтап тұр.

Көсемше етістіктер көмекші етістікке тіркесіп айтылып , күрделі баяндауыштың құрамындағы баяндауыштық ұғымға ие болатын негізгі сөз ретінде де қолданылады. Мысалы: *Келгендегідей басын болар-болмас иді де, Құрбанов тіс жарып жауап қатпастан шығып кетті.(Х. Е) Хош, сау бол , ей ағайлар, біз келгенше.*

113- жаттығу. Мәтінді оқып шығып, көсемшелерді тауып, олардың қалай жасалғанын, сөйлемде қандай мүше болып тұрғанын айтыңдар.

1.Тәжімұраттың ес білгелі етегінен ұстап келе жатқан бір қағидасы бар еді (Х. Е.). 2. Жанар орнынан тұрып, төр жақтағы бөлменің есігін ашып еді, Шынтас шешініп, жатып қалыпты (Т. Ахт.). 3. Абай өзін де, айнала жұртты да тегіс ұмытыпты (М. Ә.) 4. Жүргіншілердің бұл кезде келіп тірелген жері – Машан тауының желке тұсы екен. Алда Абылғазы бастап жортып келеді. Оның қасында қатарына ілесіп, әңгімелесіп келе жатқан-Ербол. Әлі күнге тың, ширақ басып келе жатқан құла жирен атын Абай алдыңғы екеуінің артына тақау бастырып, ілестіріп, қатты бір мең-зеңде келеді. Өзінің ауру-сауын да айыра алмайды. Өне бой соққы жеген кісідей мылжа-мылжа (М. Ә.).

§ 78. Есімше

Түбірі етістік сөзінен бола тұрса да, тұлғалануы және сөйлемдегі синтаксистік қызметі ерекше болып келетін етістіктің бір түрі е с і м ш е деп аталады.

Есімше етістіктер үнемі қимыл, іс, қозғалыс, амал, әрекет түрінде қолданылмай, белгілі есім сөзінің қимылдық сапасы, белгісі, қасиеті түрінде ұғынылады. Белгілі субъектінің қимыл, амал, әрекетін білдіретін етістіктер есімше тұлғасына енгенде, сол өз субъектісінің қимылдық белгісіне айналады. Мысалы, *Кітап **оқылды**. Адамдар **келді.** Ән **шырқалды.** Оқушы **сөйледі*** деген сөйлемдердің *оқылды, келді, шырқалды, сөйледі* деген етістік баяндауыштарының үшінші жақтық өткен шақтық грамматикалық мағынаны білдіретін ***-ды,-ді*** қосымшаларын алып тастап, оның орнына есімшенің ***–ған,-ген*** жұрнақтарын жалғап,субъектінің (бастауыштың) алдынан келтіріп айтса, *оқылдған кітап, келген адамдар, шырқалған ән, сөйлеген оқушы* болып, сол субъектінің амал, әрекетін білдірмей, қимылдың сапасын, белгісін білдіреді. Есімшелерде етістіктің де, есім сөздерінің де белгісі болады. Етістіктің белгісі- есімшелердің етістіктің түбірінен жасалатындығында. Есім сөздеріне ұқсастығы –етістіктің түбірінен жасала тұрса да, есімшелердің есім сөздердің үлгісімен көптеліп, тәуелденіп, септеліп және жіктеліп айтылатындығында.

Есімдердің ішінде есімшелер сын есімдерге ұқсайды. Сын есім сияқты зат есім сөзінің алдында келіп, қабыса байланысып, анықтауыш болып келеді. Мысалы: ***Орылған** егін, **шабылған** шөп, **айтатын** сөз, **оқыған** адам.*

Есімше зат есім сөзіне тіркесіп айтылғанда, зат есім сөзі тұлғалық өзгерістерге еніп, құбылып отырса да , есімше өзгеріссіз атау тұлғада қалып отырады. Мысалы: ***Біткен*** *істің міні жоқ,* ***бітірген*** *ердің кемі жоқ.* ***Піскен*** *асқа тік қасық.* ***Қырсықққан*** *жігіт мал таппас. (М. М.)*

Есімше зат есім сөзімен тіркесіп айтылмай, зат есім сөзі түсіріліп, есімше сол заттың орнына қолданылса, онда ол субстантивтеніп (заттанып), зат есім сөзінің үлгісімен көптеледі, тәуелденеді және септеледі.

Мысалы:

келген адамдар-келгендер
келген адамдардың-келгендердің
келген адамдарға – келгендерге
келген адамдарды – келгендерді
келген адамдарда – келгендерде
келген адамдардан – келгендерден
келген адамдармен – келгендермен
туған інім –туғаным, туған ініме-туғанына.

Есімше бір жағынан етістікке, екінші жағынан есімдерге ұқсас етістіктің ерекше бір түрі болуына байланысты есімшелердің шақтық ұғымы да болады. Есімшелер мағынасына және тұлғалық белгісіне қарай, мына сияқты шақтық ұғымдарда қолданылады: 1) өткен шақтық есімше, 2) осы шақтық есімше, 3) келер шақтық есімше және 4) ауыспалы шақтық есімше.

1.Өткен шақтық есімше. Өткен уақытта істелген не істелмеген іс, қимыл, амал, әрекетті белгілі заттың қимылдық сапасы, белгісі етіп көрсететін етістіктің түрін ө т к е н ш а қ т ы қ е с і м ш е дейді.

Өткен шақтық есімше етістіктің түбіріне-**қан,-кен,-ған,-ген** жұрнақтарының бірі жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *қайтқан қаз, ұшқан құс, жүгірген аң, оқыған адам, айтқан сөз, алысқан қол.*

2. Келер шақтық есімше. Осы кезге дейін істелмеген, алдағы кезде істелуге тиісті іс, қимыл, амал, әрекетті белгілі заттың қимылдық сапасы, белгісі етіп көрсететін етістіктің бір түрін к е л е р ш а қ т ы қ е с і м ш е дейді .

Келер шақтық есімше етістіктің түбіріне **–ар,-ер,-р** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: **айтар** сөз, **көрер** көз**, барар** жер, **баса**р тау. **–ар,-ер,-р** жұрнақтары жалғанған етістіктің түрі үнемі алдағы кезде істелуге тиісті қимыл, амалды білдіріп, зат есім сөзінің алдына ғана қолданылып қоймайды. Етістіктің бұл тұлғасы кейде, әсіресе мақал- мәтелдерде, үнемі болып тұратын созылыңқы қимыл, амалды білдіріп, сөйлемнің баяндауышы қызметінде де қолданыла береді. Мысалы: 1. *Көп біріксе, ел* ***болар****, көп тілегі көл* ***болар,*** *2, Ауырлықты жер* ***көтерер****, ауыр қазаны ер* ***көтерер****. 3. Жаңбырмен жер* ***көгере****р, еңбекпен ер* ***көгерер****. 4. Шаруа жазда* ***жазылар****, қыста* ***қысылар****.5. Жыртық үйді жел* ***табар****, өтірік сөзді шын* ***табар.*** *6. Тауды,*

тасты жел ***бұзар****, адамзатты сөз* ***бұзар.****7. Адам тілі тас* ***жарар,*** *тас жармаса бас* ***жарар****.(М.М.)*

3. Ауыспалы шақтық есімше. Бірде осы шақтық, бірде келер шақтық, тіпті кейде өткен шақтық та ұғым беретін есімшенің түрін а у ы с п а л ы ш а қ т ы қ е с і м ш е дейді.

Есімшенің ауыспалы шағы етістіктің түбіріне ***–атын, -етін,-йтын, -йтін*** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Есімшенің бұл түрінің шақтық ұғымы сөйлемдегі өзге сөздер арқылы дәлелденеді. Мысалы: *Өткен жылы біздің ауылға Алматыдан* ***келетін*** *аграном осы Мәжит еді ғой. Мен қазір бара алмаймын****, істейтін*** *жұмысым болып тұр. Ол жас , әлі* ***өсетін*** *жігіт.* Бұл сөйлемдердің біріншісіндегі *келетін* деген есімше өткен шақтық ұғым беріп тұр , екінші сөйлемдегі *істейтін* деген есімше осы шақ-тық ұғым беріп тұр да, үшінші сөйлемдегі *өсетін* деген есімше келер шақ-тық ұғым беріп тұр, өйткені біріншіде *өткен жылы*, екінші сөйлемде *қазір*, үшінші сөйлемде *әлі* деген сөздер есімшелердің шақтық ұғымын тиянақтап тұр.

Қазіргі қазақ тіліндегі ***-у*** (*алу, жазу*), ***-ушы, -уші*** (*айтушы, сөйлеуші*) формалары да ерте кезде есімше жұрнақтары болған. Бірақ қазіргі кезде бұл жұрнақтар шақтық мәнді білдіре алмайтын болғандықтан, есім жұрнақтарына айналған.

114- жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, есімшелердің астын сызыңдар. Есімше туды-рып тұрған жұрнақтарды сызықшамен бөліп жазыңдар да, есімшенің қай шақтық екенін айтыңдар.

1. Ұялмаған бұйырмағаннан татар. (М.М.) 2. Сарайдың төбесіне іштен қатынасатын баспалдақ алынып қойылған, үңірейіп орны ғана тұр. (Ғ. Мүсір) 3. Мектеп салынатын жердің тұсына бірнеше жалаулар шаншылып қалған екен, олардан от алып, төбеден жарқыраған күнге шұбалған ал қызыл шұғыла ауыл аспанына әуелеп тұр. (Ғ. Сл.) 4. Қылаулаған қар үдей түсіп, окоп ерне-уіндегі топырақты жасыра бастады. (Т. А.) 5. Қуанғаннан тілі де байланып қалыпты, хатты біресе кеудесіне қысады да, біресе оған мейірі қанбағандай бетіне басады. (Ә.Ә.) 6. 1955-56 жылдары тың өлкелеріне салынатын темір жолдар-осылар! (С. М.) 7. Қалжырап қалғи бастаған Әбдірахманды кемпір-шал қоярда- қоймай дәмді етіп пісірген етті салмамен сыйлады. (Х.Е.) Ұшарымды жел білсін, қонарымды сай білсін (М.Ә.) 9. –Жә, жә кекетпей-ақ, айтатыныңды айтсаңшы. (Б.М.)

§ 79. Есімшенің сөйлемдегі қызметі.

Есімше сөйлемде зат есім сөзімен тіркесе айтылып, ешқандай қосымшасыз қабыса байланысып, анықтауыш болады. Мысалы: 1. *Азынаулақ сүттерін алып шыққан әйелдер, кемпірлер* ***жаңа келген*** *орыс әйелдерімен араласып* жатыр. (М. Ә.) 2. *Өмірді* ***білмеген*** *адам жазушы бола алмайды. (С. Б.)* Бұл сөйлемдердегі *алып шыққан, жаңа келген, білмеген* деген өткен шақтық

есімшелер *қай? қандай?* деген сұрауларға жауап беріп, өзінен кейінгі *әйелдер, орыс әйелдерімен ,адам* деген зат есімдерді анықтап тұр.

Зат есім айтылмай, есімшелердің өзі заттық ұғымда айтылғанда , есімшелер морфологиялық тұлғасына қарай, сөйлемнің барлық мүшелері де болып келе береді.

Атау тұлғада келіп *кім? не?* деген сұраулардың біріне жауап беріп бастауыш болады. Мысалы: *Бұл* ***ергендер*** (кімдер?) *–осы обоздың басшылары.* (М.Ә.)

Ілік септік жалғау тұлғасында келіп, *кімнің? ненің?* деген сұрақтарға жауап беріп те анықтауыш болады. Мысалы: 1) *Қолы* ***қимылдағанның*** *(кімнің?) аузы қимылдар. (М.М)* 2) *Қызмет істеп* ***жүргендердің*** *(кімдердің?) біреуі болатын.* (Б.М)

Есімше атау мен ілік септік жалғаудан өзге септік жалғау тұлғасында келіп, сол жалғаулардың сұрақтарына жауап беріп толықтауыш болады. Мысалы: *Біздің төбеге шыққанымызды* (нені?) *немістер сезіп қалған екен. (Ғ.Мүсір.) Жатқанға* (кімге?) *жан жуымас.(М.М)*

Есімше сөйлем ішінде шығыс септік жалғауы тұлғасында келіп пысықтауыш та болады. Мысалы: *Қуанғаннан* ***(неліктен?)*** *күліп те жүр, жылап та жүр. (Ә.Ә) Бұл сақтық әкесін көргеннен кейін* ***(қашан?)*** *есіне түскені де айқын. (Ғ.Мүсір.)*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Етістіктер лексика-семантикалық категориялары жағынан қандай етістіктер болып бөлінеді ?*
2) *Болымсыз етістік қандай қимылдық процесті білдіреді ?*
3) *Болымсыз етістік қандай жолдармен жасалады ?*
4) *Қимыл атауы деген не ?*
5) *Көсемше қандай қимыл-әректті білдіреді ? Көсемшенің қандай түрлері бар ?*
6) *Есімше –етістіктің қандай түрі ? Есімшенің ерекшелігі неде ?*
7) *Есімше қандай жолдармен жасалады ?*
8) *Өткен шақтық есімше қандай жұрнақтар арқылы жасалады ?*
9) *Келер шақтық есімше қандай жұрнақтар арқылы жасалады ?*
10) *Ауыспалы шақтық есімше қандай жұрнақтар арқылы жасалады?*
11) *Есімше сөйлемде қандай сөйлем мүшелерінің қызметін атқарады ?*

115 –жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, есімшелердің астын сызыңдар. Олардың сөйлемде қай мүше болып тұрғанын айтыңдар.

1. Өңімде де әрдайым ойымда жүретін Жаманшұбар мен Дос менің әрдайым түсіме де кіретін еді. (С.М.) 2. Соның әміріне бағынбағанда, біз апатқа ұшы-рамайтын да едік. (Ә.С) 3. –Жетер енді, -деді ол, -атаман сүйегін көтергендер қақпадан шыға бергенде. (Ә.С.) 4. Бір кезде өзіне таудай көрінген

Уәлидің қазір кішірейіп қалғанына Ержан қайран болды. (Т. А)5. Келгендер аттары-нан түскен соң жұрт жиналған алаңның ортасына төтеледі. (Ғ. Сл) 6. Ол Дауленді шығарып салғаннан кейін ертеңгі болатын сабағына ұзақ әзірленіп, кеш жатты. (С . Б)

§ 80. Сабақты етістік пен салт етістік

Етістіктер іс, қимыл, амал, әрекетті білдірумен қатар семантикалық жағынан сол қимылдың әрекетіне ұшырайтын заттың, объектінің болу, болмауын қоса көрсетеді. Кейбір етістіктердің қимылдық ұғымы өз объектісімен тіке-лей байланысты болады, белгілі затқа сабақталып айтылады. *Жаз* деген етіс-тіктің лексикалық мағынасы белгілі қимылды білдіру болумен қатар, сол қимылдың объектісі болатын заттың тіркесіп айтылуын керек етіп тұрады. Сондықтан мұндай етістіктерден кейін *нені? кімді*? сұраулары қойылады да, оған жауап ретінде табыс жалғаулы сөз айтылуға тиіс.

Енді бірқатар етістіктердің лексикалық мағынасы затпен, объектімен тікелей байланысты болмайды, мысалы, *жат, күл* деген етістіктерден кейін *нені? кімді?* құраулары қойылмайды. Сөйтіп , етістіктер семантикалық жағынан белгілі затқа тіркесіп айтылу , айтылмауына байланысты *сабақты етістіктер* және *салт етістіктер* деп екі топқа бөлінеді.

Табыс септік жалғаулы тура толықтауышты талап ететін етістіктің түрін с а б а қ т ы е т і с т і к дейді.

Мысалы: *оқы , жаз, аш, жап, жақ, ал, көр, тоқы, көрсет,тазала,шақыр, жина,қайыр, көшір,суғар, аудар,тәрбиеле,орында,тап, шап,кес,тес,шеш,әкел,бер,ор,ұста,бу,жу,шаш.*

Табыс жалғаулы сөзді талап етпейтін етістіктің түрін салт етістік дейді

Мысалы: *отыр, жатыр, жат, тұр жүр ,кел,кет,қайна,сайра, оз,қал,жайна ,күл, жет, жарқыра, күркіре, сіркіре, жұмыл, түңіл, күлімде, жүгін, бар, ұйықта, дірілде, жау, қаш, ұш, секір.*

Етістіктердің сабақты етістік , салт етістік болып бөлінуі-грамматикалық категория емес , семантикалық категория. Сондықтан да жоғарыдағы келтірілген мысалдардағы сияқты бастапқы түбір тұлғасындағы лексикалық мағынасы етістік сөздерінің бірқатарының сабақты етістік ,енді кейбіреулерінің салт етістік екендігін білдіріп тұр.

Етістіктің түбіріне жұрнақ жалғану арқылы етістіктің бір категориядан екінші категорияға ауысуымен байланысты семантикалық жағынан салт етістік сабақты етістікке және керісінше, сабақты етістік салт етістікке айналып та отырады.

1. Етістіктің түбіріне өзгелік етіс категориясынан тудыратын **–тыр(тір), дыр(-дір),-қыз (-кіз), -ғыз(-гіз), -т,-ыр, (-ір)** жұрнақтары жалғанса, салт етістік сабақты етістікке айналады. Мысалы: өт-өткіз, секір-секірт, ұш-ұштыр, жүгір- *жүгірт, кел – келтір, жүгін – жүгіндір, ұйықта – ұйықтат, тұр – тұрғыз.*

2. Етістіктің түбіріне өздік етіс, ырықсыз етіс категориясын тудыратын ***–л, -ыл, -іл, -н*** жұрнақтары жалғанса, сабақты етістік салт етістікке айналады. Мысалы: *жу – жуын(ды), ал – алын(ды), аш – ашыл(ды), жаз – жазыл(ды), көр – көрін(ді), тазала – тазалан(ды), шеш – шешіл(ді), жина – жинал(ды).*

116-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, етістік сөздерді сабақты етістік пен салт етістікке ажыратыңдар.

Сылдыр ете қалған телефонның трубкасына құлағымды тостым да, ар жағынан естілген үнді тани кеттім.

- Ертемен қалайша ояу отырсыз? – деді ол маған, амандықтан кейін қалжыңды дауыспен.
- Өзіңіз ше?

Олай дейтініміз – сағатқа қарасам, таңертеңгі төрт. Терезеден қарасам, көше электр сәулесінен жарқырап тұрғанмен, түнерген аспанда және жарығы көрінетін қаланың төңірегінде буалдыр қою қараңғылық; осы қараңғылыққа сүңги тұтасқан Іле сыртындағы Алатаудың тіршілігін биік жотасында ақ жолақтанған мәңгілік қары ғана дәлелдеп тұр.

Ұйқысы қанбағандығы сөз арасында есінеген үнінен байқалады. Бірақ ұйықтауға бола ма оған?.. Облыста егін жинау науқаны қызу жүріп жатыр. Егінді ойдағыдай жинауға ауа райы да жағдай жасап, көптен бері ашық болып тұр. Осындай жағдайда қимылдап қалу керек, әйтпесе, басына мәңгі-лік мұз бен қар жамылған Алатаудың бусанып, бұлттана қалуы да қалың бұлтты биігінен етегіне қарай айдап, нөсерін төге салуы да оңай. Өйте қалса, егінді жинатпайды. Ал биылғы шығымы мол егін түгел пісіп, дәні төгілуге дайын тұр. (С.М.)

§ 81. Етістер

Етістіктің мағынасында болатын семантикалық категорияның бір түрі етістер. Етістік арқылы белгілі іс, қимыл, амал, әрекет айтылатын болса, кейде сол қимыл, амалдың істі істеуші адамға қарым-қатынасы да көрсетіледі. Мысалы: *Бала хат жазды* деген сөйлемде *жазу* қимылы айтыл-ған да, оны істеушінің бала екендігі айтылған. *Бала інісіне хатты жаздырды* деген сөйлемде де бастауыш – *бала,* бірақ *жазу* қимылын істеуші баланың өзі емес, ол қимылды бала өзге біреу арқылы, яғни інісі арқылы істеткендігі көрсетіледі. Ал *хат жазылды* деген сөйлемде бастауыш – *хат,* бірақ *жазу* қимылын істеуші хат емес. Керісінше, *хат* сол қимылдың әрекетіне ұшырап тұр. *Жазу* қимылы хаттың ырқынан тыс. Хат өзі жазылғысы келіп жазылған жоқ, оны біреу жазған соң жазылып тұр.

Сөйтіп, **қимылдың, іс-әрекеттің істі істеуші адамға немесе іспен байланысты затқа қарым-қатысын білдіретін етістіктің түрі е т і с деп аталады.**

Етістер мағынасына, морфологиялық тұлғасына қарай төрт түрлі болады: 1) негізгі етіс, 2.өздік етіс, 3) өзгелік етіс, 4) ырықсыз етіс, 5) ортақ етіс.

1.Негізгі етіс. Өзге етіс формаларына таяныш, негіз болатын , солардың түрлерін, мағыналарын, қызметтерін салыстырып, айқындайтын етістіктің түрін н е г і з г і е т і с дейді.

Негізгі етіс түбір етістіктен де, туынды етістіктен де, күрделі етістіктен де жасалады. Мысалы: *бар, кел, сөйле, шөлде, ақта, арала, қарайла, құрсаула, оян, қуан, құшақта, ермек ет, еңбек сіңір, ән сал, түсініп ал, сұрап қой т.б.*

2.Өздік етіс. Іс, қимыл, амал әрекеттің сол істі істеушінің өзіне жұмсалуын білдіретін етістіктің түрін ө з д і к е т і с дейді.

Өздік етіс сабақты етістіктің түбіріне ***- ын, - ін*** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар дауысты дыбыстан кейін ***- н*** түрінде жалғанады да, дауыссыз дыбыстардан соң ***-ын, - ін*** түрінде жалғанады. Мысалы: *Мен **тарандым**. Сен **жуындың.** Ол **киінді**. Болат **шешінді*** деген сөйлемдерде *тарау, жуу, кию, шешу* қимылын бірінші, екінші, үшінші жақтағы адамдардың өздеріне жұмсағандығы айтылады.

117-жаттығу. Төмендегі берілген етістіктерден өздік етіс жасап, сөйлем құрап жазыңдар.

Ора, қымта, сұра, ойла, жақ, сүрт.

3. **Өзгелік етіс. Қимыл, амалды істі істеушінің өзі істемей, басқа біреу арқылы істететіндігін білдіретін етістіктің түрін ө з г е л і к е т і с дейді.**

Мысалы: *Біржан ән айтты. Біржан Айгерімге ән айтқызды. Біз шығарма жаздық. Біз жоғарғы сынып оқушыларына шығарма жазғыздық.* Бұл төрт сөйлемнің бастауыштары біріншіі және екінші сөйлемдерде *Біржан,* үшінші және төртінші сөйлемдерде *біз.* Бірінші және үшінші сөйлемдерде *айту, жазу* қимылдарын бірінші, үшінші жақтағы адамдардың өздері істейтіндігі көрсетіледі. Екінші және төртінші сөйлемдерде *айту, оқу* қимылдарын өздері істемей, өзге біреулер арқылы істеткендіктері көрсеті-леді.

Өзгелік етістер етістіктің түбіріне ***-дыр, -дір, -тыр, -тір, -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -т, -ыр, -ір*** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Бұл жұрнақтар сөздің соңғы буынының жуан не жіңішке болуына және сөздің соңғы дыбысына қарай төмендегіше құбылып жалғанады:

1–дыр, -дір жұрнағы ұяң ***з*** және үнді ***л, н, ң, й, у*** дыбыстарынан соң (*қаздыр, сез-дір, ал-дыр, жел-дір, қон-дыр, ен-дір, тоң-дыр, жең-дір, ой-дыр, кидір, сау-дыр)* жалғанады да, ***-тыр, -тір*** жұрнағы қатаң дауыссыз дыбыстардан соң (*айт-тыр, аш-тыр, төк-тір, ек-тір, кес-тір)* жалғанады..

2.–ғыз, -гіз жұрнағы көбіне үнді ***р, л, н, й, у*** дыбыстарынан соң (*ор-ғыз, жүргіз, сал-ғыз, бөл-гіз, ой-ғыз, сой-ғыз, үй-гіз, түй-гіз, жон-ғыз, сен-гіз)* жалғанады да, ***-қыз, -кіз*** жұрнағы қатаң дауыссыз дыбыстардан соң (*сат-қыз, өт-кіз, аш-қыз, шеш-кіз, тап-қыз, сеп-кіз, жат-қыз, ек-кіз)* жалғанады.

3.–т жұрнағы дауысты ***а, е, ы, і*** және үнді ***р, л, й*** дыбыстарынан соң (*санат, қара-т, шегеле-т, қоры-т, ері-т, шақыр-т, өкір-т, азай-т)* жалғанады.

4.–ыр, (ір) жұрнағы көбіне қатаң ***ш, с, т*** дыбыстарынан соң (*ас-ыр, өс-ір, кет-ір, қаш-ыр, көш-ір)* жалғанады .

118-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, өзгелік етіс тудырып тұрған жұрнақты етістіктің түбірінен және оның соңынан жалғанып тұрған қосымшадан дефис арқылы бөліп жазыңдар.

1. Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді ашып жұмғанша
Жылдам хабар алғызды . (Ы .А.)
2. Нұрымен күндей балқытып,
Болмағанды болдырған.
Қарасам көзім тойдырған,
Бәйгеден озып жүлде алған,
Шауып мүше күнде алған,
Өлеңнің көзін қазайын,
Бауырымды жазайын,
Жүйрік емен болдырған. (Ж. Ж.)

4. **Ырықсыз етіс. Істі істеуші арнайы айтылмай, іспен, қимылмен, амалмен байланысты зат өздігінен амалға ие бола алмайтындығын көрсететін етістіктің түрін ы р ы қ с ы з е т і с дейді.**

Мысалы: *хат **жазылды.** Киім **ілінді.** Мектеп үйінің іргесі **қаланды.*** Бұл сөйлемдердің грамматикалық бастауыштары – *хат, киім, іргесі* деген сөздер. Бірақ ол бастауыштар сөйлемнің *жазылды, ілінді, қаланды* деген етістік баяндауышындағы айтылған қимылды, амалды істеуші емес, керісінше, өздері сол баяндауыштағы қимылдың, амалдың әрекетіне ұшыраушы болып тұр. Ол қимылдар бастауыштың ырқынан тыс өзге бір субъект істегенінен болып тұр. Екінші сөзбен айтқанда, хат өздігінен жазылайын деп жазылған жоқ, киім ілінейін деп ілінген жоқ та, мектеп үйінің іргесі қаланайын деп қаланған жоқ. Оларды өзге біреу жазды, ілді, қалады.

Ырықсыз етіс сабақты етістікке ***–л, -іл, -ыл*** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Ал ол етістіктердің соңы ***л*** дыбысына аяқталса немесе етістіктің негізінде ***л*** дыбысы болса, ырықсыз етіс жұрнағы ***–н, -ын, -ін*** түрінде жалғанады. Мысалы: *қаз+ыл+ды, тоқы+л+ды, сана+л+ды, ал+ын+ды, бөл+ін+ді, қала+н+ды, тала+н+ды, сөйле+н+ді.*

119-жаттығу. Мәтінді көшіріп, ырықсыз етісті тауып, ырықсыз етіс жұрнағын түбірден және өзінен кейінгі қосымшадан дефис арқылы бөліп жазыңдар.

Құм Нарын қабат-қабат қатарланған,
Қоңында қарағайы қалқаланған.
Гүрілдеп бір жағында Каспий жатыр
Айдынды, аспанды орай алқаланған...
Теңізге теңбіл аспан төңкеріліп
Толқында жұлдыз жүзіп жөңкеріліп,

Керілген кең Каспийдің жарын керней,
Көпірген күміс көбік көмкеріліп.
Жарына соғып толқын толқынданып,
Толқында көлеңкесі алтынданып,
Аймалап аспан көктің дариясында,
Алтын ай бейне жүзген алтын қайық. (Т. Ж.)

5. **Ортақ етіс. Істі істеушінің біреу емес, әлденешеу екенін білдіретін етістіктің түрін о р т а қ е т і с дейді.**

Ол сөйледі. Ол Алматыдағы ағасымен ***сөйлесті.*** *Мен қар* ***күредім.*** *Мен қар* ***күрестім.*** *Сен шөп* ***шаптың.*** *Сен шөп* ***шабыстың.*** Бірінші, үшінші, бесінші сөйлемдерде *сөйлеу, күреу, шабу* амалдарын бір адамның істегендігі айтылса, екінші төртінші, алтыншы сөйлемдерде сол қимыл, амалдарды істеуде бірнеше адамдардың қатысы бар екендігі көрсетіледі.

Ортақ етіс етістіктің түбіріне ***–с, -ыс, -іс*** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Дауысты дыбыстардан соң ***-с*** түрінде, дауыссыз дыбыстардан соң ***-ыс, -іс*** түрінде жалғанады. Мысалы: *ақта+с* (Ол үй ақтасты), *суғар+ыс* (Мен бақша суғарыстым).

Етіс жұрнақтары сөз жасайтын жұрнақтар болғандықтан, бір сөздің құрамында бірінің үстіне – бірі жалағана береді. *Мысалы: жина+т+тыр+т+қыз, сөйле+т+кіз, ал+ғыз+дыр+т. т.б.*

Е с к е р т у: ***-с, -ыс, -іс*** жұрнақтары жалғанған етістіктер ұстала келе, қимыл есімдеріне айналып, қалыптасқан зат есім түрінде де қолданылады: *Айтыс басталды. Соғыс тоқталды.*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Етістіктер қандай ерекшеліктеріне қарай сабақты етістік және салт етістік болып бөлінеді ?*
2) *Қандай етістіктер сабақты етістік деп аталады ?*
3) *Қандай жолдармен сабақты етістік салт етістікке, салт етістік сабақты етістікке айналады ?*
4) *Етістер қандай мағынаны білдіреді ?*
5) *Етістер мағынасына және морфологиялық тұлғасына қарай нешеге бөлінеді?*
6) *Қандай етіс негізгі етіс деп аталады ?*
7) *Қандай етіс өздік етіс деп аталады ? Өздік етіс қандай жұрнақтар арқылы жысалады ?*
8) *Қандай етіс өзгелік етіс деп аталады ?Өзгелік етіс қандай жұрнақтар арқылы жасалады ?*
9) *Қандай етіс ырықсыз етіс деп аталады ? ЫРықсыз етіс қандай жұрнақтар арқылы жасалады ?*
10) *Қандай етіс ортақ етіс деп аталады ? Ортақ етіс қандай жұрнақтар арқылы жасалады ?*

120-жаттығу: Мына сөйлемдерді көшіріп, ***-с, -ыс, -іс*** жұрнақтары жалғанған сөздердің астын сызып, қайсысы зат есім, қайсысы ортақ етіс екенін айтыңдар.

1. Енді өзге жердегі жұмысшылар мен машина-саймандарды, мүліктерді жинауға кірістік. (С.М.) 2. Соғыс болса әлі бітер емес, соғыс бітпей Нұрландардың кім екенін білетін түріміз жоқ. (Ә.Ә) 3. Менің қысылысымды байқамаған болып, басқа жолдастармен әңгімелесіп кетеді. (Ғ. Мүсір.) 4. Ойындарын қоя салып, бәрі жапырлап Мұхитқа қарай жүгірісті. (Ғ.Сл.) 5. Тыңдаушым, сергек көңіл, құлағың сал, ал кане, біздің айтыс басталады. («А. Ұ.») 6. Қолына мылтық алып соғысты. (Т. А.) 7.Жарқын ағай бұдан кейін де ұзақ әңгімелесті. (Ә. С.) 8. Оны столға қоя салып көптен көрмегендей құшақтасып, сүйісе амандасты. (Ғ. М.)

VIII модуль тестері А

(Етістіктің лексика-семантикалық категориялары)

1) Етістік:
   a) қимылдық процессті в) қимылдың сапасын с) қимылдың мезгілін
   d) қимылдың орнын білдіреді;
2) *Отыр, жатыр, тұр, жүр* етістіктерінің лексикалық мағынасы:
   a) қимылдың атауы в) қимылдың мезгілі с) қимылдың қалпы
   d) қимылдың сипаты;
3) Мына терминдердің қайсысы етістіктің грамматикалық категориясына қатысты:
   a) рай в) шырай с) сапалық, қатыстық d) деректі е) шақ ;
4) Есім негізді етістіктер жазылған қатарды көрсетіңіз:
   a) ойна, ұйқта в) киін, шешін с) жұлмала, сабала d) шайқа, сапыр;
5) Көмекші етістіктер негізгі етістікке тіркесіп айтылып:
   a) негізгі етістіктің мағынасын дәлдеп, тиянақтап тұрады;
   в) негізгі етістікке жақтық, шақтық, сандық грамматикалық мағына беріп, бастауышпен байланыстырады;
   с) айтылған ойға стильдік реңк беру үшін қызмет етеді;
   d) негізгі етістіктердің мағынасын күшейтеді.
6) Арнаулы көмекші етістікті көрсетіңіз:
   a) айтты в) деді с) сөйледі d) хабарлады е) мәлімдеді;
7) Болымсыз етістікті көрсетіңіз:
   a) бармақпын в) бармаспын с) барармын; d) барыппын
   е) барғанмын
8) Көсемше:
   a) өз алдына тиянақты қимылдық процесті білдіреді;
   в) өз алдына тиянақты қимылдық процесті білдірмейді;

9) Есімшенің ерекшелігі :
а) қимылдың атауы ретінде ұғынылады;
в) өзінен кейін айтылған есім сөзінің қимылдық сапасы, белгісі, қасиеті түрінде ұғынылады;
в) өзінен кейін айтылған есім сөзінің сындық белгісі түрінде ұғынылады;

10)Есімшелерде шақтық ұғым:
а) болады в) болмайды;

11) Есімше сөйлемде:
а) зат есім сөзімен тіркесе айтылып, тек анықтауыш қызметінде жұмсалады;
в) етістік сөзімен тіркесіп, тек пысықтауыш қызметінде жұмсалады
с) заттанып келіп тек бастауыш қызметінде жұмсалады
d) сөйлемдегі орнына қарай сөйлемнің барлық мүшесінің қызметін атқарады;

12) Етістік сөзі семантикалық жағынан қимылдың әрекетіне ұшырайтын заттың болу, болмауын қоса көрсететін болса, ондай етістік:
а) сабақты, салт етістік в) болымды, болымсыз етістік
с) есімше, көсемше d) қимыл атауы
е) қалау рай деп аталады;

13) Етістік арқылы қимыл, амалдың істі істеуші адамға қарым-қатынасы қоса көрсетілетін болса, ол етістіктің:
а) шақ категориясы в) рай категориясы
с) етіс категориясы d) есімше
е) көсемше деп аталады;

14) Іс, қимыл, әрекеттің істі істеуші адамның өзіне жұмсалатынын көрсететін етістің түрі:
а) өздік етіс в) өзгелік етіс
с) ырықсыз етіс; d) ортақ етіс е) есімше

15) Іс, қимыл, амалды істі істеушінің өзі істемей, басқа біреу арқылы істететіндігін білдіретін етістің түрі:
а) өздік етіс в) өзгелік етіс
с) ырықсыз етіс; d) ортақ етіс е) есімше

16) Іспен, қимылмен байланысты зат амалға ие болып, бірақ істі істеуші арнайы айтылмайтын етістің түрі :
а) өздік етіс в) өзгелік етіс
с) ырықсыз етіс; d) ортақ етіс е) есімше

17) Қай жұрнақтар сөзге жіктік жалғауларының алдынан жалғанады?
а) сабақты в) салт с) етіс d) шақ е) көсемше

18) Есім сөзі мен етістіктен жасалған сөз тіркесін көрсетіңіз.
а) Тыңдай-тыңдай в) күліп отыр с) Өлең айт
d) келе жатыр е) ойнап отыр

19) Етістіктің тұлғасына қарай түрлері жазылған қатарды көрсетіңіз.

а) Дара, күрделі в) біріккен, кіріккен с) негізгі, туынды
d) қос сөз, біріккен сөз е) тіркесті сөз, негізгі етістік

20) Қимыл атауының үшінші жағын көрсетіңіз.
а) сөйлесуі в) оқуың с) оқуыңыз d) жеңіліс е) сөйлесуіміз

21) Етіс түрін анықтаңыз. *Жазысты, бөлісті, сөйлесті*.
а) ырықсыз етіс в) ортақ етіс с) өздік етіс d) өзгелік етіс
е) негізгі етіс

22) Туынды етістіктің жұрнағын көрсетіңіз.
а) – шы, -ші в) – ыншы, -інші, с) – ғыр, -гір d) – шама, - шеме
е) – ыра, - іре

23) Есімшенің қызметін анықтаңыз.*Үнсіз күліп тұрған – бағанағы шәкірт бала.*
а) бастауыш в) баяндауыш с) толықтауыш d) анықтауыш
е) пысықтауыш

24) Қалау рай тұлғасындағы етістікті көрсетіңіз.
а) білгізгейсің, барғайсың в) барды, ойланбақ
с) келсем, тыңдасам d) көрсемші, білсемші
е) барайын, ойланайын

25) Көсемшенің сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын көрсетіңіз. *Үзілмей, бір қалыппен соққан жел қандай рахат!*
а) бастауыш в) баяндауыш с) толықтауыш d) анықтауыш
е) пысықтауыш

IX м о д у л ь

Етістіктің грамматикалық категориялары

§ 82. Етістіктің шақтары

Етістік сөзінің лексикалық мағынасы іс, қимыл,амал, әрекетт білдіреді де, қимыл, амал мезгілімен байланысты болады.Ол қалада **оқыды** деген оқу амалының өткен уақытта болғандығы көрсетіледі. Мен институтта ***оқимын*** дегенде оқу амалының осы кезде болып жатқандығын білдіреді.Сен келесі жылы **оқырсың** дегенде екінші жақтағы адамның әлі оқымағандығы, алдағы уақытта оқитындығы көрсетіледі.

Сөйтіп,**етістіктің лексикалық мағынасындағы қимыл, амалды белгілі мезгілмен байланыстырып көрсететін етістіктің түрін ш а қ к а т е г о р и я с ы дейді.**

Етістіктің үш шағы болады:1) өткен шақ, 2) осы шақ, 3) келер шақ.

Белгілі шақта айтылған етістік I, II, III жақтардың бірінде жіктеліп айтылады. Етістіктің белгілі жақты көрсететін жіктік жалғау қосымшалары шақтық көрсеткіштерден, яғни көсемше мен есімшенің жұрнақтарынан және –

ды, -ді, -ты, -ті, -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек жұрнақтарынан соң жалғанады.

Мысалы:бар+а+мын, кел+е+мін, сана+й+мын, бар+ған+мын, кел+ген+мін, айт+қан+мын, бар+ды+м, кел+ді+м, айт+ты+м, бар+мақ+пын, жаз+бақ+пын, айт+пақ+пын.

§ 83. Өткен шақ

Іс, қимыл, амалдың сөйлеп тұрған уақыттан бұрын істелгенін, орыдалғанын көрсететін етістіктің шағы ө т к е н ш а қ деп аталады.

Өткен шақ мағынасына және тұлғалық белгілеріне қарай төрт түрлі болады:1) жедел өткен шақ, 2) ежелгі өткен шақ, 3) бұрынғы өткен шақ, 4) ауыспалы өткен шақ.

1.Жедел өткен шақ. Іс, қимыл, амалдың сөйлеп тұрған уақыттан бұрын, бірақ таяу мезгілде істелгенін, орындалғанын үзілді-кесілді, тұжырымды түрде білдіретін етістіктің шағы ж е д е л ө т к е н ш а қ делінеді.

Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне **–ды (ді), -ты (-ті)** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.Жедел өткен шаққа жіктік жалғаудың қосымшасы I жақта жекеше **–м,** көпше **-қ, -к,** II жақта жекеше **–ң, -ңыз,** көпше **-ңіз – ңдар, -ңыздар, -ңдер, -ңіздер** түрінде жалғанады. Үшінші жақта көрсететін арнайы жіктік жалғау қосымшасы жоқ.

Жедел өткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	бардым, келдім	бардық,келдік
II	бардың,келдің	бардыңыздар,келдіңіздер
	бардыңыз, келдіңіз	бардыңдар,келдіңдер
	барды, келді	
III		**барды, келді**

121-жаттығу. Көшіріп, жедел өткен шақтың астын сызып, жіктік жалғау қосымшасын шақтық көрсеткіштен дефис арқылы бөліп жазы

- Арбасын атымен берді ме ?- деп сұрады Хакім, тергеушіден жүзін бұрып, терезеге қарап.

Айтан оған тіксіне қарай қалды. Бірақ Хакім мойнын бұрмады, тергеушінің жүзіндегі құбылысты әлде ол байқағысы келмеді ме, әйтеуір далаға қараған қалпында қалды.

- Иә, атымен, деп Айтан оның жүзін бақты (Х. Е.).

Ойға түсіп бір түрлі баяу келе жатқан Абай бір кезде арт жағынан дүрсілдеп кеп қалған ат дүбірін естіді (М. Ә.). Осы бір тәртіпке едеттенгендіктен бе, далада жүріп тамақ жеген адамға мен мейлінше ренжитінмін (Ә. С.).

Базаралының өзімен тілдеспейтін (М. Ә.). Оны білмей қалдым, көңілшектікке салындым. Келген бетіммен қаладан қайта шығып кеттім. Осында келуге асықтым.Екеуіңіз бір жерден шықтыңыз (Х.Е.).

2.Ежелгі өткен шақ.Іс, қимыл, амалдың істелгеніне, орындалғанына көп уақыт өткендігін және ол істің істелгенін сөйлеушінің біреу арқылы ғана білетіндігін көрсететін етістіктің шағы е ж е л г і ө т к е н ш а қ деп аталады.

Ежелгі өткен шақ етістіктің түбіріне көсемшенің **–ып, -іп, -п** жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғау қосымшалары жалғану арқылы жасалады. *Мысалы:ту+ып+пын, кел+іп+пін, қара+п+ты.*

Ежелгі өткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	алып**пын,** келіп**пін**	алы**ппыз,** келі**ппіз**
II	алып**сың,** келіп**сің**	алы**псыңдар,** келі**псіңдер**
	алып**сыз,** келіп**сіз**	алы**псыздар,** келі**псіздер**
		алы**пты**,келі**пті**
III	алы**пты**, келі**пті**	

3.Бұрынғы өткен шақ. Іс, қимыл, амалдың істелгеніне, орындалғанына көп уақыт өткендігі айқын, тұжырымды түрде көрсетілетін етістіктің шағы б ұ р ы н ғ ы ө т к е н ш а қ деп аталады.

Бұрынғы өткен шақ етістіктің түбіріне есімшенің **–қан, -кен, -ған, -ген** жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғау қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *бар+ған мын, айт+қан+сың, кел+ген+сіз; сана+ған+быз, ойна+ған+сыңдар, тер+ген+сіздер.*

Бұрынғы өткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	бар**ғанмын**, көр**генмін**	бар**ғанбыз,** көр**генбіз**
	бар**ғансың,** көр**генсің**	барған**сыңдар,** көр**генсіңдер**
II	бар**ғансыз,** көр**генсіз**	барған**сыздар,** көр**генсіздер**
		бар**ған,** көр**ген**
III	бар**ған,** көр**ген**	

Бұрынғы өтен шақтың болымсыз түрі үш түрлі жолмен жасалады:
а) болымсыздық **–ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** жұрнақтары жалғану арқылы. Мысалы: *айт+па+ған+мын, жаз+ба+ған+сың, жет+пе+ген+сің;*

ә) есімшенің өткен шақтың жұрнағы жалғанған негізгі етістіктен соң **жоқ, емес** сөзі көмекші ретінде қолданылады да, жіктік жалғау қосымшасы сол сөзге жалғанады. Мысалы: *барған жоқ+пын, айтқан жоқ+сың, келген жоқ.*

Бұрынғы өткен шақ кейде **–қан, -кен, -ған, -ген** жұрнағы жалғанған есімше мен **–ып, -іп, -п** жұрнағы жалғанған көсемшеден кейін **е** көмекші етістігінің өткен шақтық түрі (*едім,едің, еді, едік, едіңдер*) тіркесіп айтылу арқылы да жасалады. Мысалы: *барған едім, барып едім, айтқан едің, айтып едің, келген еді, келіп еді т.т.*

4. Ауыспалы өткен шақ.Сөйлемдегі өзге сөзге байланысты бірде өткен шақтық, бірде келер шақтық ұғым беретін етістіктің шағы а у ы с п а л ы ө т к е н ш а қ деп аталады.

Ауыспалы өткен шақ есімшенің ауыспалы осы шағынан соң жіктік жалғау қосымшалары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *бар+а+мын, кел+е+тін+сің, ойла+й+тын+сыз.*

Мен бұрын киноға жиі баратынмын. Олар ертең келетін. Бірінші сөйлемдегі *баратынмын* деген етістік өткен шақтық ұғым беріп тұр, өйт-кені ол сөйлемдегі *бұрын* деген сөз бару қимылының өткен уақытта болға-нын білдіреді.Ал екінші сөйлемдегі *келетін* деген етістік келер шақтық ұғым береді, өйткені ол сөйлемдегі *ертең* деген сөз келу қимылының болашақта істелетіндігін білдіріп тұр.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Етістіктер грамматикалық категорияларына қарай қалай бөлінеді ?*
2) *Етістіктің шақ категориясы неге байланысты ?*
3) *Етістіктің неше шағы бар ?*
4) *Етістіктің қай уақыттағы іс-әрекетті білдіретін шағы өткен шақ деп аталдады ?*
5) *Өткен шақ мағынасына және тұлғалық белгілеріне қарай неше түрлі болады ?*
6) *Жедел өткен шақ қай мезгілдегі іс, қимыл, әрекетті білдіреді ? Қандай жұрнақтар арқылы жасалады ?*
7) *Ежелгі өткен шақ қай уақыттағы іс, қимыл, әрекетті білдіреді ? Қандай жұрнақтар арқылы жасалады ?*
8) *Бұрынғы өткен шақ қай уақыттағы іс, қимыл, әрекетті білдіреді ? Қандай жұрнақтар арқылы жасалады ?*
9) *Ауыспалы өткен шақ қай уақыттағы іс, қимыл, әрекетті білдіреді ? Қандай жұрнақтар арқылы жасалады ?*

122-жаттығу. Мәтінді көшіріп, өткен шақтық етістіктің астын сызыңдар. Олардың өткен шақтың қай түрі екендігін, жасалу жолын айтыңдар.

Мен өмірге келген күні айырылып, кеш танысқан анамның суретіне қарап отырып, өз пішінімді еске түсірдім. Өткен қыс өмірімде бірінші рет

мен өзімді үлкен айна алдында көрген едім. Бұл Надежда Петровнаның үйіне ең алғаш барған күніміз болатын. Біз рұқсат сұрап, есіктен кіріп бар-ғанымызда, үлкен бөлменің қарсыдағы қабырғасынан бірі бұйра шашты ақ сары, екіншісі майлап қойғандай жылтыр қара бала көрінді.

-Дауыл, бөркіңді іл, -деп, Надежда Петровна маған қарап еді, Сережа жабыса түсті. Сережадан аумаған бұйра шаш та жанындағы қара баланың бас киіміне оң қолын апара берді. Оның бөркінің де оң құлағы жұлынғалы тұр екен, көзінің алды көгеріп кетіпті. «Тегі бір сойқанда болып шыққан шығарсың» деп, күліп жіберіп едім, мені мазақтағандай қарсымдағы қара да жымиды.(Ә.С.)

§ 84. Осы шақ

Іс, қимыл, амалдың сөйлеп тұрған уақытта істеліп жатқанын көрсететін етістіктің түрі о с ы ш а қ деп аталады.

Осы шақ қимыл, амалды білдіруіне қарай екі түрлі болады: 1) нақ осы шақ, 2) ауыспалы шақ.

1.**Нақ осы шақ. Іс, қимыл амалдың сөйлеп тұрған уақытта істеліп жатқанын үзілді-кесілді дәл көрсететін етістіктің түрі н а қ о с ы ш а қ деп аталады.**

Тұлғалық құрамы жағынан нақ осы шақ екі түрі болып келеді: а) жалаң нақ осы шақ, ә) күрделі нақ осы шақ.

а) Нақ осы шақтың жалаң түрі **отыр, жатыр, тұр, жүр** деген төрт етістіктің жіктеліп қолданылуынан жасалады. Бұлардың түбіріне жіктік жалғау қосымшасы тікелей жалғанады. Оны мына үлгіден көруге болады.

жақ	отыр	жатыр	тұр	Жүр
I	отыр+мын	жатыр+мын	тұр+мын	жүр+мін
II	отыр+сың	жатыр+сың	тұр+сың	жүр+сің
	отыр+сыз	жатыр+сыз	тұр+сыз	жүр+сіз
III	отыр	жатыр	тұр	жүр
I	Отыр+мыз	Жатыр+мыз	Тұр+мыз	Жүр+міз
II	Отыр+сыңдар	Жатыр+сыңдар	Тұр+сыңдар	Жүр+сіңдер
	Отыр+сыздар	Жатыр+сыздар	Тұр+сыздар	Жүр+сіздер
III	Отыр	жатыр	тұр	жүр

ә) Нақ осы шақтың күрделі түрі екі не онан да көп етістіктердің тіркесіп айтылуы арқылы жасалады. Ол үшін негізгі етістік ретінде көсемше тұлға-лы етістік алынады да, көмекші етістік ретінде *отыр, жатыр, тұр, жүр* сөздерінің бірі қолданылады.

Нақ осы шақтың күрделі түрі жіктелгенде, жіктік жалғау қосымшасы көмекші етістікке жалғанады. Мысалы:

Жекеше *Көпше*

I жақ	жазып отыр**мын**	жазып отыр**мыз**
II жақ	жазып отыр**сың**	жазып отыр**сыңдар**
	жазып отыр**сыз**	жазып отыр**сыздар**
III жақ	жазып отыр	жазып отыр

2.**Ауыспалы осы шақ. Сөйлемдегі өзге сөздерге байланысты бірде осы шақтық, бірде келер шақтық ұғым беретін етістіктің түрі а у ы с п а л ы о с ы ш а қ деп аталады.**

Ауыспалы осы шақ көсемшенің **-е, -а, -й** жұрнақтарынан соң жіктік жалғау қосымшалары I жақта **–мын, -мін, -мыз, -міз, II жақта –сың, -сің, -сыз, -сіз, сыңдар, -сіңдер, -сыздар, -сіздер, III жақта -ды, -ді** түрінде жалғанады.

Ауыспалы осы шақтың бұл түрі сөйлемдегі қызметіне қарай, үнемі істелетін кәсіби және басқа күнбе-күнгі әрекетті де (*ол ауылда тұрады, қалада, колледжде оқиды, солтүстіктің халықтары бұғы өсіреді*), табиғат пен ғаламдағы үйреншікті дағдылы қимыл, қозғалыстар мен қасиеттерді (*құс ұшады, ит үреді, адам қартаяды, күн тұтылады, темір балқиды*) білдіре береді.

123-жаттығу. Мәтінді көшіріп, осы шақтағы етістіктің астын сызыңдар. Осы шақтың қай түрі екенін және қай жақта тұрғанын айтыңдар

1. Төрде радиоқабылдағыш, ол арқылы көп жерлерден ән ұстайды, одан басқа қабырғада село радио торабының репродукторы тұр. (С.М.) 2.Абай мінезін Көкбай осылай топшылады.(М.Ә.) 3.Қуанышымыз қойнымызға сыймай, біз әуелдегі жауынгерлерімізге қадала қарап, қайырлы сапар, тілек тілеп тұрмыз. (Б.М-ұ.) 4.Сау қалғандарына бас көтертпей, біз оқ себелеп тұрмыз. (Ғ.Мүсір.) 5. Мына жақта шаңғышылар жарысып келеді.(Ғ.М.) 6. –Ақымақ, не істеп жатырсың? (Ә.С.) 7. Панферов әдетінше саусағымен столды тықылдатып, Мұратқа жан ашыр кескінмен қарап отыр. (Т.А.) 8. Шашын желкесіне түйген жалаң бас, толық Қалует шам жарығында жұртқа күлімдеп қарайды.(Ғ.Сл.) 9.Өзіңіз де жазып тұрыңыз.(Ә.Ә.) 10. -Құбашты білемін. Ал сендердің не білгілерің келіп тұрғанын біле алмай тұрмын,-деп, күлді ол.(С.Б.)

§ 85. Келер шақ

Іс, қимыл, амалдың сөйлеп тұрған уақыттан кейін істелетінін көрсететін етістіктің түрі к е л е р ш а қ деп аталады.

Келер шақ мағынасына қарай үш түрлі болады:1) болжалды келер шақ, 2) мақсатты келер шақ, 3) ауыспалы келер шақ.

1.Болжалды келер шақ. Іс, қимыл, амалдың алдағы уақытта не істелетіндігі, не істелмейтіндігі дәл көрсетілмей, болжай көрсетілетін етістіктің түрі б о л ж а л д ы к е л е р ш а қ делінеді.

Болжалды келер шақ етістіктің түбіріне **–ар, -ер, -р** жұрнақтары жалғанып, бұлардан кейін жіктік жалғаудың қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: айт+ар+мын, кел+ер+мін, сана+р+мын;айт+ар+сың, кел+ер+сің, сана+р+сың.

Болжалды келер шақ болымды және болымсыз түрде айтылады. Бұның болымсыз түрі болымсыздық мағына беретін **–ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** жұрнақтарынан соң **–с** жұрнағы жалғану арқылы жасалады.

Болжалды келер шақтың жіктелу үлгісі

жақ	жекеше	Көпше
I	айт**армын,** айт**паспын**	айт**армыз, айтпаспыз**
II	айт**арсың,** айт**пассың**	айт**тарсыңдар, айтпассыңдар**
	айт**тарсыз,** айт**пассыз**	айт**тарсыздар,** айт**пассыздар**
		айт**тар,** айт**пас**
III	айт**тар,** айт**пас**	

2. Мақсатты келер шақ. Іс, қимыл, амалды алдағы уақытта істеуді, орындауды істі істеуші жақтың мақсат етіп отырғандығын білдіретін етістіктің т ү р і м а қ с а т т ы к е л е р ш а қ деп аталады.

Мақсатты келер шақ етістіктің түбіріне **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек** жұрнақтары жалғанып, бұлардан соң жіктік жалғаудың қосымшасы жалға-ну арқылы жасалады. Мысалы: *оңда+мақ+пын, жөнде+мек+сің, қаз+бақ-+пын, үз+бек+сің, сат+пақ+пын, кет+пек+сің.*

Мақсатты келер шақтың жіктелу үлгісі

жақ	жекеше	көпше
I	сат**пақпын**, кет**пекпін**	сат**пақпыз**, кет**пекпіз**
II	сат**пақсың,** кет**пексің**	**сатпақсыңдар,** кет**пексіңдер,**
		сат**пақсыздар,** кет**пексіздер**
	сат**пақсыз,** кет**пексіз**	сат**пақ,** кет**пек**
III	сат**пақ,** кет**пек**	

жұрнақтарынан соң ***–шы, -ші*** жұрнақтары жалғанып та айтыла береді. Мысалы: *бар+мақ+шы+мын, айт+пақ+шы+сың, қаз+бақ+шы+мын, кел+мек+ші+сің т.б.*

Мақсатты келер шақтың болымсыз түрін жасау үшін *–мақ, -мек, -бақ, -бек, пақ, -пек* жұрнақтары жалғанып негізгі етістіктен соң *емес* сөзі тіркесіп айтылады да, жіктік жалғаудың қосымшасы сол көмекші етістікке жалға-нады.

Мысалы: *Мен бармақ* (бармақшы) *емеспін, сен* (айтпақшы) *емессің. Ол келмек* (келмекші) *емес.*т.с.

3. **Ауыспалы келер шақ. Сөйлемдегі өзге сөздерге байланысты бірде осы шақтық, бірде келер шақтық ұғым тудыратын етістіктің түрі а у ы с п а л ы к е л е р ш а қ деп аталады.**

Ауыспалы келер шақтың жасалуы ауыспалы осы шақта айтылғандай. Тұлғалық жағынан бұл екеуінің ешқандай айырмасы жоқ. Бір грамматикалық тұлға бірде осы шақтың, бірде келер шақтың ұғымын беретін болғандықтан, ауыспалы деп аталады. Бұл тұлғаның сөйлемде қай шақты білдіріп тұрғандығы сол сөйлемдегі мезгілдік ұғымы бар өзге сөздер арқылы беріледі, айқындалады. Мысалы: *Мен Алматыдағы жолдасыма хат* ***жазамын.*** *Мен жолдасыма хатты ертең* ***жазамын.*** *Ол бұрын бізге жиі* ***келетін.*** *Ол* ***келетін*** *шығар. Ауылға да жиі* ***баратын****. Ауылға* ***баратын*** *шығар.* Бұл сөйлемдердегі *азамын, келетін, баратын* деген сөздердің тұлғалық жағынан айырмасы жоқ. Сөйте тұрса да, бірінші сөйлемде ауыспалы осы шақ, екінші сөйлемде ауыспалы келер шақ. Үшінші, бесінші сөйлемдерде-ауыспалы өткен шақ, төртінші, алтыншы сөйлемдерде – ауыспалы келер шақ.Өйткені сөйлемдердегі *ертең, бұрын* деген мезгілдік үстеулер, *шығар* көменкші етістігі *жазамын, келетін, баратын* деген етістіктің шақтық мағынасын дәлдеп, істің әлі істелмегендігін, алдағы уақытта істелетіндігін білдіріп, келер шақтың ұғымын білдіріп тұр.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Етістіктің қай уақыттағы іс-әрекетті білдіретін шағы осы шақ деп аталады ?*
2) *Осы шақ қанша түрлі болады ?*
3) *Осы шақтың қандай түрі нақ осы шақ деп аталады ?Нақ осы шақ қалай жасалады ?*
4) *Осы шақтың қандай түрі ауыспалы осы шақ деп аталады ?Ауыспалы осы шақ қандай жұрнақтар арқылы жасалады ?*
5) *Етістіктің қай уақыттағы іс, қимыл, әрекетті білдіретін түрі келер шақ деп аталады ? Келер шақ қанша түрлі болады ?*
6) *Келер шақтың қандай түрі болжалды келер шақ деп аталады ? болжалды келер шақ қалай жасалады ?*
7) *Келер шақтың қандай түрі ауыспалы келер шақ деп аталады ? ауыспалы келер шақ қалай жасалады ?*
8) *Келер шақтың қандай түрі мақсатты келер шақ деп аталады ? Мақсатты келер шақ қалай жасалады ?*

124- жаттығу Мәтінді оқып шығып, келер шақтық етістіктерді табыңдар. Олардың түрлерін және қалай жасалғанын айтыңдар.

Қараман атты құрдасың Аздың бар ма теңдігі?

Қазанның қырлы қаласын
Аламын деп ала алмас,
Алты қабат орнынан
Қарғытып ішке ене алмас.
Қақпаның аузын аша алмас,
Қайраты жетіп таса алмас.
Тауда жатқан өзіңе
Қараман келер құрдасың
Қатын деп кеткен өз сөзін
Бетіне сонда соғарсың.
Асқа төбе белдегі
Құрдастың бар ма елдігі?
Астындағы бурылдың
Көбіктінің екі аты
Үйіріне қарай қашқанда,
Сол уақытта көрінер
Қырық үш күндік кемдігі
Асқар төбе бел дерсің,
Тайбурыл атпен желерсің.
Жақсы – жаман қадірін
Құртқаның сонда білерсің.
(«Қ . Э.»)

§ 86. Етістіктің райлары

Етістік сөздері тек іс, қимыл , амалды атап қана қоймайды. Істің қимылдың істі істеушімен, мезгілмен байланысты, орындалу не орындалмауының шарты, кімге арналғандығы шаққа, жаққа ажыратылып көрсетіледі. *Оқы, жаз , сана* деген етістіктерде іс, қимылдың орындалуы екінші жақтағы адамға жүктеліп, міндеттеліп бұйрық ретінде айтылып тұр. *оқыса біледі, айтса түсінеді* деген тіркестерде бірінші етістік екінші етістіктегі айтылған іс, қимыл , амалдың орындалуының шартын көрсетеді. Ол аман **барғай** еді. Менің Алматыда **оқығым келеді**. Бұл сөйлемдердегі *барғай еді, оқығым келеді* деген етістік сөздерінің тіркесі сол қимыл, амалды істеуге тілек, өтінішті білдіреді. Ал *бару, жазу , келу* деген еістіктер қимыл , амалдың шағын, жағын көрсетпей, тек қимылды атап қана қояды.

Сөйтіп, **етістіктердің істі істеушімен, мезгілмен және басқа да жағдаймен жаққа, шаққа байланысты түрленіп құбылуын етістіктің р а й к а т е г о р и я с ы деп атайды.**

Рай категориясы төрт түрлі болады: 1) ашық рай, 2) бұйрық рай, 3) шартты рай, 4) қалау рай. 5) тұйық рай.

§ 87. Ашық рай

Іс, қимыл, амалдың мезгілге байланысты екенін көрсетіп, үш шақта және істі істеушіні көрсетіп , үш жақта айтылатын етістіктің түрі а ш ы қ р а й деп аталады. Мысалы: *1) Шынымды айтсам, мен бүгін қатты* ***қуанып отырмын.*** ***(***С.М.) *Ә, бәлем фашист, енді сазайыңды* ***тартарсың.*** *(Б. М-ұ)*

Бұл сөйлемдердегі *қуанып отырмын* деген күрделі етістік осы шақты, бірінші жақты білдіріп тұрса, *көрінеді* деген өтекен шақты, үшінші жақты білдіреді. Ал *тартарсың* деген сөз келер шақты екінші жақтіфы білдіріп тұр.

125- жаттығу Текстi оқып шығып, ашық райлы етістіктердің шағын, жағын айтыңдар.

Манадан бері жалғанып, бір үзіліп, дами алмаған үлкен «ура» енді жауар бұлттай түгел торлап, қараңғы түнді кернеп келеді.

- У-р-р- ра!!!
- У-р-р- ра!!!

Дыбыссыз әрпіне дейін күркіретіп созуға келетін жалғыз сөз, ендігі бөгелісіне қарамай, қалаға кір дегендей әмір етеді. Бұл- біздің үш тәулік күткен сәтті кезеңіміз. Бір солдатта бір-ақ ой бар. Ол –қатарындағы жауынгерден бір адым болса да озық отыру. Ерсілі- қарсылы соққан «ура» толқынды аяғына күш түсірер еме, өзі көтеріп әкеле жатыр. Сонымен бірге, сен өзім дегенді ұмытып, алға ұмтылған көп қолды бір-ақ алдырмай, тұтас сезінесің. Үдете соққан «ура» теңіз толқынындай лықсып, қаланың үстін басып бара жатқандай, жоғары шығып алған.

Біз теңізшілер клубының маңайына жеткенде, от ішінде шайтандай секіріп, зытып бара жатқан жау әскерлерін көрдік. Солдат бойындағы қаруына дейін ттастап қашса, оның ар *жағында* дәл бүгінгі жеңілістен гөрі де ауырырақ бір сүргін жатады. *(Ғ. Мүсір.)*

§ 88. Бұйрық рай

Етістік сөздерінің лексикалық мағынасындағы айтылған іс, қимыл, амал тек аталып қана қоймай, белгілі жаққа айтылады. Сөйлеуші адам істелуге тиісті істі, қимылды не тыңдаушы адамға не бөгде біреуге, я бөгде бірдемеге қаратып айтады. Мысалы: *бар, күл, оқы, жаз, сөйле,* дегенде немесе *барғыз, келтір, оқыт,жаздыр, сөйлеттір* дегенде қимыл, амал тыңдаушы (II жақтағы) адамға қаратып, міндеттеп айтылса, *барсын, келсін, оқысын, жазсын, сөйлесін, барғызсын, келтірсін, оқытсын, жаздырсын сөйлетсін* дегенде сол қимыл, амал бөгде (III жақтағы) адамға қаратып, міндеттеп айтылады.

Іс, қимыл, амалды орындау біреуге міндеттей, бұйыра айтылатын етістіктің райы б ұ й р ы қ р а й деп аталады.

Бұйрық рай сөйлеуші, тыңдаушы (бөгде) адамдарға қаратылып айтылады. Сондықтан бұйрық райда да үш жақ болады. Бірақ бұйрық райдағы жақ ашық райлы етістіктің жіктелуіндегі жақтан өзгеше. Өйткені жіктік жалғаудағы жақта істің істелгендігі, істеліп жатқандығы, істелгендігі және оны істеуші жақ көрсетіледі. Ал бұйрық райда әлі істелмеген, басталмаған іс, қимыл, амалдың кімге арналғандығы көрсетіледі. Сондықтан бұйрық райда шақтық, мезгілдік ұғым жоқ та, тек істі қай жақтағы адам істеуге тиісті екендігі көрсетіледі.

Істелуге тиісті іс, қимыл, амал негізінде тыңдаушы (II жақтағы) адамға және бөгде (III жақтағы) адамға жүктеле, міндеттеле, бұйыра айтылады.

Сондықтан да қазақ тілінде етістіктің негізгі түбірі де, туынды түбірі де жекеше II жақ бұйрық райға тең болады. Мысалы: *Ал, бер, тыңда, көр, байла, жар, сана, ойла, шегеле, алма, берме, тыңдама, көргіз, байлат, жарғыз* т.б.

Бұйрық райдың II жағының анайы түрімен қатар сыпайы түрі де болады. Бұйрық райдың (II жағының) сыпайы түрі етістіктің түбіріне, яғни II жақ бұрық райдың анайы түріне, ***-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз*** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *қара + ңыз, сөйле + ңіз, жаз + ыңыз, кел + іңіз.*

Бұйрық райдың екінші жағының көпше түрі де болады. II жақ бұйрық райдың анайы түрінің көпшесі етістіктің түбіріне ***–ң, -ың,- ің*** жұрнағы жалғанып, одан кейін көптік жалғау қосымшасы жалғану арқылы жасалады. (*бар + ың +дар, кел+ің +дер, тыңда + ң + дар, сөйле +ң +дер*). Бұйрық райдың II жақ сыпайы түріне көптік жалғау қосымшасы жалғану арқылы IIжақ бұйрық райдың сыпайы түрі жасалады. *(бар +ыңыз +дар, кел+іңіз+ дер, тыңда +ңыз +дар, сөйле +ңіз +дер).*

Бұйрық райдың үшінші жағы етістіктің түбіріне, яғни бұйрық райдың II жағына, ***-сын, -сін*** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Ол бар + сын, баргыз+сын, кел+ сін, келтір+сін, оқы+сын, оқыт+сын, айт+сын, айтқыз+сын.*

Үшінші жақ бұйрық райдың еопше түрінің арнайы қосымшасы жоқ, жекеше, көпше түрі бірдей *(ол барсын, олар барсын, олар келсін; ол айтсын, олар айтсын).*

Бұйрық райдың бірінші жағының, II және III жақпен салыстырғанда, мағыналық жағынан кейбір ерекшеліктері бар. Бұйрық райдың II және III жағында қимыл, амал сол жақтарға бірінші жақ тарапынан таза бұйрық түрінде айтылады.

Ал бірінші жақта ондай таза бұйрық болуы мүмкін емес. Сөйлеуші адам өзіне-өзі бұйырмайды. Бұйрық райдың бірінші жағы жекеше түрінде бір нәрсені істеуге сөйлеушінің шешімін білдіреді де, көпше түрінде белгілі қимыл, амалды істеуге өзге адамда**р**ды шақыру, ұйымдастыру түрінде айтылады. Сондықтан бұйрық райдың бірінші жағының ұғымы ұйғарынды бұйрық, өзгелерді де белгілі қимылды, амалды істеуге жұмылдыру, ұйымдастыру, шақыру түрінде түсініледі.

Бұйрық райдың бірінші жағы көсемшенің ***-а, -е, -й*** жұрнағынан соң жекеше түрінде ***-йын, -йін*** жұрнағы, көпше түрінде ***- йық , - йік , - лық, -лік*** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *бар-а+йын, кел+е+йін, бар+а+йық, кел+е+йік, бар+а+лық, кел+е+лік.*

1. *«Не болса да бағымды сынап көрейін»,- деп, сандықты арқалайды да, жыланның айтқан жеріне келеді.* 2. *Ендеше, төртеуміз жолдас болайық, - дейді.*(Қ. Е.)

3. *Кел, балалар, оқылық,*
Оқығанды көңілге
Ықыласпен ***тоқылық*** *(Ы. А.)*

Бұл сөйлемдердегі *көрейін, болайық, оқылық, тоқылық* деген етістіктер бұйрық райдың I жақ тұлғасында келіп тұр да, *көрейін, болайық* дегендер бірінші жақта бір ен бірнеше адмдардың сол қимылды, амалды істеуге өзімен

бірге өзге адамдарды шаұыратындығын, ұйымдастырушылықты, жұмылдырушылықты көрсетеді.

Б ұ й р ы қ р а й д ы ң к е с т е с і

Бұйрық райдан кейін ***-шы, -ші*** жұрнағы жалғанып айтылса да, бұйрық рай мағынасы өргермейді. Мысалы:

I жақ		II жақ		III жақ
жекеше	көпше	жекеше	көпше	жекеше
барайын+шы келейін+ші тыңдайын+шы сөйлейін+ші	барайық+шы келейік+ші тыңдайық+шы сөйлейік+ші	бар+шы кел+ші тыңда+шы сөйле+ші	барыңдар+шы келіңдер+ші тыңдаңдар+шы сөйлеңдер+ші	барсын+шы келсін+ші тыңдасын+шы сөйлесін+ші

126-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, бұйрық райлы етістіктің астын сызыңда. Олар қай жақта екенін және қалай жасалғанын айтыңдар.

1. - Қозғалмай жат! Қозғалсаң, екеуміз де жарыламыз, - дейді. (Қ. Е.)
2. –Ол кім? Егер де жақсы болса, айтқаныңды істейін, -дейді. 3. –Адам баласы ғой , шақырыңдар, -деді хан. 4. –Егер де кімде-кім әкеліп берсе, соған не тілесе, сонысын берейін! –деп, хан жұртқа жар салды.
5. Енді тоқта қызықты бір көрелік.
   Ұмытпасақ, айналып бір келелік.
   Қодар, Тоқсан, Қарабай жата тұрсын,
   Балталыдан бір жігіт ап келелік.
6. Сәлем айт іниіңізге іздеп келсін,
   Келмесе, сорлы Баян дегені өлсін.
   Көңілім кетті Қозыға, жаным мұнда,
   Айтқан сөзді іниіңіз қабыл көрсін. (Қ. Е)

§ 89. Шартты рай

Сөйлемдегі өзге етістікте айналған іс, қимыл, амалдың орындалуының я орындалмауының шартын көрсетіп тұратын етістіктің түрі ш а р т т ы р а й деп аталады.

Мысалы: Жаңбыр ***жауса,*** жер көгереді. Билет ***болса,*** біз бүгін киноға барамыз деген сөйлемдердегі *жауса, болса* деген шартты райлы етістіктер өздерінен кейін айтылған *көгереді, барамыз* деген ашық райлы етістіктегі қимыл, амалдың шартын білдіріп тұр. Жердің көгеруі үшін, жаңбырдың жаууы шарт: киноға бару үшін, билеттің боолуы шарт болып көрсетіліп тұр.

Шартты рай етістіктің түбіріне ***–са, -се*** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Шартты райлы етістікке жіктік жалғау қосымшалары I және II жақта ғана жалғанады.

I жақта жіктік жалғау қосымшасы жекеше түрде ***-м*** болып жалғанады ***-қ, -к*** *(бар+са+м, кел+се+м, бар+са+қ, кел+се+к)*

II жақта жекеше анайы түрде ***-ң,*** сыпайы түрде ***-ңыз, -ңіз*** болып жалғанады (*бар+са+ң, кел+се+ң, бар+са+ңыз, кел+сеңіз)* II жақтықь жіктік жалғаудан соң ***- дар, -дер*** көптік жалғау қосымшасы жалғанып, шартты райдың екінші жағының көпше түрі жасалады (*бар+са+ңдар, бар+са+ ңыздар, кел+се ңіздер).*

Шартты райдың үшінші жағының жекешесінің де, көпшесінің де арнайы жіктік жалғау қосымшасы болмайды. *(ол келсе, барса; олар келсе, барса)*.

Етістіктің шартты райының жіктелу үлгісі

жақ	жекеше	көпше
I	бар+са+м, кел+се+м	бар+са+қ, кел+се+к
II	бар+са+ң, кел+се+ң	бар+са+ңдар, кел+се+ңдер
	бар+са+ңыз, кел+се+ңіз	бар+са+ңыздар кел+се+ңіздер
III	бар+са , кел+се	бар+са, кел+се.

Шартты райдың жіктік жалғау қосымшасынан соң кейде *–шы,- ші* жұрнағы жалғанып та айтылады. Мысалы: *барсам-шы, келсем-ші, барсаң-шы, келсең-ші , барса-шы, келсе-ші*.

Бұл жұрнақтар жалғанғанда, етістікте шартты рай мағынасы негізінде сақталады да, оған қосымша кейбір мағыналық өң, рең пайда болады. I жақта III жақта шарттық мағынаға қосымша етістікке өкініштік мағына пайда болады. Мысалы: *Кеше кинроға мен де* ***барсамшы.*** *Ол мұнда кеше* ***келсеші.***

II жақтағы шартты райлы етістікте ***-шы, -ші*** жұрнағы жалғанғанда, бұйрықөтініш ұғымы пайда болады. Мысалы: *Тезірек* ***барсаңшы,*** *шырағым.* ***Келсеңші*** *енді.*

-са, -се жұрнағы жалғанған сөздің барлығы бірдей үнемі шарттық ұғым бере бермейді. Мысалы: *Бұл хабарды арыстан* ***естісе*** *керек. Әкең* ***болса*** *ауырып жатыр* деген сөйлемдер мен сөз тіркестеріндегі *естісе, болса* деген етістіктерге жалғанып тұрған ***–са, -се*** сол сөздерге шарттық ұғым беріп тұрған жоқ. Бұлардың әрқайсысы әр түрлі ұғым беріп тұр: *естісе* деген етістік *керек* сөзімен тіркесіп *естіген болар* деген болжалдық ұғымды білдіреді. Әкең *болса* деген тіркесте *болса* сөзі қимылды білдіруден гөрі күшейткіш ***–да, -де*** шылауына мағыналас, оның орнына әкең де ауырып жатыр деуге болады.

127 – жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, *-са, -се* жұрнағы жалғанған етістіктерді тауып, шартты райдың астын сызып, қай жақта екенін айтыңдар.

1. Төстік елсізбен келе жатса, алдынан бір адам көрінеді. (Қ.Е.) 2. Сақ құлақ тыңдап көрсе, адам баспас деген жерге қонып жатқан хабар естіледі. (Қ. Е.) 3. Ондаған көшелерді аралап шықсақ та, қала халқынан бір адам кездестірген жоқпыз. (Ғ . Мүсір.) 4. Бір мезгілде мектепке тағы барсақ,оның тірі гүлдер қойған бөлмесінде отряд бастықтарының мәжілісі боп жатыр екен. (С. М.) 5. Совет әскерлері Днепрден өте қалғандай болса, қарсы шабулға дайындалған неміс танк колоналарының тізбегі ыдырай бастады. (С. Б:) 6. Саптағы жауынгерлер болса, полковник пен комиссардың даусын естіп қатар түзеп, біркелкі нық басуға тырысқан сияқты. (Б. М-ұ.)
7. Аспазшы бір нәрсе айтса керек, желкесінен солдаттардың күлкісі естілді. (Т. А.) 8.Алыстан қарасаң, қанаты зор бір алып құс па дерсің. (Ғ. Сл..)
9. Самолеті сау болғанмен, өзі жараланған болса, қаны тамар еді, талықсыған болса, самалетін бүркей алмас еді. (Ә. Ә.) 10. Тәкежан болса кешегі аға сұлтан Құнанбайдың баласы, «әмір – құдірет тек өзімде болсын, оны сынаушы да болмасын, таласып, тартып алам деуші де шықпасын. Ал енді қалай жесем де, ара түсуші болмасын », - дейді. (М. Ә.) 11. Біреу осы қуанышты таразының екі басына салып жіберсе, бәріңдікін бір менікі басып кетер еді. (Ғ. М.)

§ 90. Қалау рай

Іс, қимыл, амалды істеуге істі істеуші адамның ынтасын, жігерін, тілегін білдіріп, қалау мағынасында айтылған етістіктің түрі қ а л а у р а й деп аталады.

Қалау райлы етістіктер мағыналық түсінігіне және тұлғалық ерекшелігіне қарай екі түрлі болады: 1) ерікті қалау рай, 2) тілекті қалау рай.

1) Ерікті қалау рай. Қалау райдың бұл түрі істі істеуші адамның іс, қимыл,амалды істеуге ниеттенгендігін, ынталанғандығын білдіреді.

Ерікті қалау рай жасау үшін етістіктің түбіріне ***-қы, -кі, -ғы, -гі*** жұрнақтары жалғанып, одан кейін тәуелдік жалғауының бір жағы жалғану арқылы негізгі етістік жасалады да, көмекші етістік ретінде *кел* етістігінің үшінші жағы қолданылады.

Мысалы: *барғым келеді, айтқың келеді, көргісі келеді; барғым келеді, айтқың келеді, көргісі келеді* т.б.

2) Тілекті қалау рай. Қалау райдың бұл түрі бір істің, қимыл амалдың істелуін, орындалуын тілейтіндікті білдіреді.

Бұл мына сияқты екі жолмен жасалады:

а) Етістіктің түбіріне ***–қай, -кей, -ғай, -гей*** жұрнақтары жалғанып, одан кейін I, II жақтық жіктік жалғау қосымшасы жалғану арқылы жасалады немесе ***е*** көмекші етістігінің жедел өткен шағы тіркесіп айтылу арқылы жасалады. Мысалы: *барғаймын (барғай едім), барғайсың (барғай едің), барғай еді.*

128 –жаттығу. Өлеңді оқып шығып, қалау райлы етістікті тауып, қалау райдың қай түрі және қай жақта екенін айтыңдар.

Екі саулық, бір қозы
Берер едім қырқарға.
Дүниедегі адамзат
Жан тоя ма іңкәрға.
Жұмсады ма сіздерді
Мінемін көшке
Үйде бурыл тұлпарға.
Дұғай сәлем дегейсің
Тұлпарына жұмсаған,
Жұрт иесі сұңқарға.
Және де сәлем дегейсің
Қарамандай құрдасқа,
Жылы бірге жылдасқа,
Жауы бірге мұңдасқа,
Аттың күні толмай тұр,
Зор салмасын жолбарысқа.
Мінемін көшке көк қасқа,
Саламын қамшы жамбасқа,
Бәрі де қастық қылмайды
Жанындағы жолдасқа.
(Қ. Е.)

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Етістіктің рай категориясы етістіктегі іс, қимыл, амалды немен байланыста көрсетеді ?*
2) *Рай категориясы неше түрлі болады ?*
3) *Етістіктің қандай райы ашық рай деп аталады ?*
4) *Етістіктің қандай райы бұйрық рай деп аталады? Қазақ тілінде етістіктің қандай тұлғасы бұйрық райға тең ?*
5) *Етістіктің қандай райы қалау рай рай деп аталады? Қалау рай қандай жұрнақтар арқылы жасалады? Қалау рай өз ішінен қалай бөлінеді ?*

129-жаттығу. Етістіктерді тауып, оларға жалпы морфологиялық талдау жасаңдар.

1. Солдат еш нәрсенің күні бұрын тәпіштемейтін әдетімен бұл жайды көп сөз қылмасақ та, іштей бір биік жағаға, тереңірек теңізге кездесуге әзір де едік .(Ғ.Мүсір) 2. - Бақшаны өсіруіміз керек, –дейді ол отряд бастықтарына, - өйткені онда өзіміз серуендеп , өзіміз демаламаз . (С.М.) 3. Қоршаудан шығысымен жазып жібердім . (Т.А) 4. Соғыста батальонды бастап жиырма рет дұрыс соғыс өткіздіңіз , бес рет дұшпанның қоршауынан қақ жарып ботальонды алып шықтыңыз (Б.М-ұ) . 5. Рас ,бет ұшы бұрынғыдаң да гөрі нарттанып, жасқа буланған қарашықтарында сәл буалдырлану бар тәрізді . (Ә.С.) 6. Көктемнен бергі көп көшуде қоныстарының жақын келген тұсы осы. (М.Х) 7.Бұрын ешкім көрмеген мұндай техниканы бірден меңгеріп әкетудің өзі асқан ерлік . (Ә.Ә).

І Х м о д у л ь т е с т е р і Б

(Етістіктің грамматикалық категориялары)

1) Етістік сөздеріндегі қимыл, амал мезгілмен байланысты бола ма?
а) мезгілмен байланысты болады в) мезгілмен байланысты болмайды.
2) Өткен шақтың неше түрі бар ?
а) 2 в) 3 с) 4 d) 5 е) 6
3) Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне:
а) –ды, -ді жұрнағы және жіктік жалғаулары ;
в) -қан, -ған жұрнағы және жіктік жалғаулары;
в) -ып, -іп жұрнағы және жіктік жалғаулары
d) -Ғалы, -гелі жарнағы
е) - атын, - етін жұрнағы және жіктік жалғаулары жалғану арқылы жасалады.
4) Бұрынғы өткен шақ етістіктің түбіріне:
а) –ды, -ді жұрнағы және жіктік жалғаулары ;
в) -қан, -ған жұрнағы және жіктік жалғаулары;
с) -ып, -іп жұрнағы және жіктік жалғаулары;
d) -ғалы, -гелі жарнағы
е) - атын, - етін жұрнағы және жіктік жалғаулары жалғану арқылы жасалады.
5) Осы шақ нешеге бөлінеді:
а) 2 в) 3 с) 4 d) 5 е) 6
6) Нақ осы шақтың жалаң түрі қалай жасалады:
а) *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерінің жіктеліп қолданылуы арқылы;
в) *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерінің негізгі етістіктермен тіркесіп қолданылуы арқылы;
7) Келер шақ нешеге бөлінеді:
а) 2 в) 3 с) 4 d) 5 е) 6
8) Болжалды келер шақта тұрған сөз:
а) келермін в) келмекпін с) келемін d) келе жатырмын
е) келіп қалдым
9) Істің, қимылдың істі істеушімен, мезгілмен, орындалу-орындалмауының шартымен байланыста көрсететін етістіктің категориясы қалай аталады.
а) шақ в) рай с) етіс d) қимыл атауы е) есімше
10) Рай категориясы неше түрлі болады:
а) 2 в) 3 с) 4 d) 5 е) 6
11) Бұйрық райдың жұрнағын көрсетіңіз:
а) –ңыз, -ңіз в) –сын, -сін с) –са, -се d) –ғы, -гі е) -ар, -ер, -р
12) Шартты райдың жұрнағы:
а) –ңыз, -ңіз в) –сын, -сін с) –са, -се d) –ғы, -гі е) –ғалы, -гелі
13) Қалау райдың жұрнағы:
а) –ңыз, -ңіз в) –сын, -сін с) –са, -се d) –ғы, -гі; е) -ар, -ер, -р
14) Күрделі нақ осы шақта тұрған етістікті көрсетіңіз.
а) Күліп келеді в) Күле берді с) күліп барды d) Күліп қайтты

e) Күліп тұр

15) Мақсатты келер шақ тұлғасында тұрған етістікті белгілеңіз.
a) Ол оқуды бітірді в) Сөзді бөле берді c) Жылда келетін
d) Келіспекші еді e) Көре қоймас

16) Ауыспалы өткен шақтың жұрнағын көрсетіңіз.
a) – ған, - ген, -қан, -кен в) –ар, -ер, -р c) –ып, -іп, -п
d) – атын, -етін, -итын e) –ды, -ді

17) жедел өткен шақтың жұрнағын көрсетіңіз.
a) – ды, -ді в)- –ар, -ер, -р c) –ып, -іп, -п
d) – ған, - ген, -қан, -кен e) –сын, -сін

18) Бұйрық рай тұлғасында тұрған етістікті көрсетіңіз.
a) Барайын, ойланайын в) Білгейсің, барғайсың
c) Айтса игі еді d) Барды, ойланбақ e) келсем, тыңдасам

19) Бұрынғы өткен шақтың жұрнағын көрсетіңіз.
a) – ар, -ер, -р в) - ып, -іп, -п c) –ғалы, -гелі
d) –ғалы, -гелі e) –қан, -кен

20) Ауыспалы осы шақтың жұрнағын көрсетіңіз.
a) – ар, -ер, -р в) - ып, -іп, -п c) –ғалы, -гелі
d) –ғалы, -гелі e) –қан, -кен

a) в) c) d) e)

Х м о д у л ь

Үстеу, шылау, одағай, еліктеу сөздер

Ү С Т Е У

§ 91. Үстеу туралы түсінік

Өзге сөз таптары сияқты морфологиялық өзгерістерге енбейтін, етістік сөздеріндегі іс ,қимыл,амалдың бейне-белгісін , күй -жайын және мезгілдік , мекендік, мөлшерлік белгілерін білдіретің сөз табы ү с т е у деп аталады .

Үстеулер етістіктегі қимылдық процестің мезгілін, мекенін, жай-күйін , мөлшерін білдіреді де , қ а л а й ? қ а н ш а ? қ а ш а н ? қ а й д а ? қ а й д а н ? деген сұрақтардың біріне жауап болып тұрады. Мысалы :

Қ а ш а н? - *кеше , күндіз,баяғыда ,оқта-текте ;*
Қ а й д а? - *төменде , жоғарыда, артта, аста ,әрмен , бермен;*
Қ а й д а н ? - *алдан , әріден , жалма-жан , қолма-қол, бетпе-бет;*
Қ а н ш а? - *сонша ,талай, бірталай;*

Үстеулер , негізінде , етістік баяндауышпен немесе сөйлемдегі етістіктен болған өзге мүшелермен байланысып, пысықтауыш болады. Мысалы:1).**Әдейі** өз тілінде сұрайды да, артынан **орысша** айтады . (Ғ.Мүсір). 2) Мырқал дейтін ағаң **былтыр** мен барғанда шахты бастығы еді. Қазіргі бастық Сәуле де , ағаң орынбасар (Ә.Ә.) . 3) Ол бүгін күндегіден ерекше боп **соншалық** жақындай түскен (М.Ә).

Бұл сөйлемдердегі *былтыр ,бүгін* деген үстеулер қимылдың мезгілін білдіріп қ а ш а н? деген сұраққа жауап беріп , мезгіл пысықтауыш болып тұр . *Әдейі орысша* деген үстеулер қимыл,амалдың жай-күйін білдіріп *қалай?* деген сұраққа жауап беріп , сын-қимыл пысықтауыш болып тұр. *Соншалық* деген үстеу сөзі жақындай түсу қимылының мөлшерін ,шамасын білдіріп *қаншалық?* деген сұраққа жауап беріп ,сын-қимыл пысықтауыш болып тұр .

Үстеулердің барлығы бірдей етістік сөзімен байланысты бола бермейді. Бірқатар үстеулер есім сөздерімен (сын есіммен), үстеулердің өздерімен де байланысты болып сындық белгілерді айқындап тұрады . *Мысалы.Ол кісі – Қарағандының қазір ең атақты адамы . (Ә:Ә). Әрине, сонша қадірлі мұртты осынша былғап алғаныңызды өз оңтайсыздығыңыздан деуге болады .(Ғ.Мүсір)* деген сөйлемдердегі *ең ,сонша* үстеулері *атақты , қадірлі* деген сын есім сөзінің сындық мағынасын күшейтіп, анықтауыш болып тұр.

130-жаттығу. Үстеулерді тауып, олардың белгілеріне, қандай мағынада қолданылып тұрғанына түсінік беріңдер.

1.Ауыл арасындағы да емес, едәуір алыстан келген , менің бір мектептес жолдасым . Үйленгенімді естіп, әдейі ат терлетіп, құтты болсын айтуға арнайы келген екен. 2. Біз оған сыр бермегенімізбен, іштей қатты састық. Тағы едәуір кешігіп, жылырман халде үш кесе алып келді. Екеуі әнеукүні өзіміздің төлеуге берген кеселеріміз (Ә. О.). 3. Кешке қайтып келсем, Аюкенім бетін жастыққа басып алып, солқылдап жылып жатыр (Ә. О.). 4. Қатал мінезді Есеней содан бері әйел атын ұмытқандай, малымен, билігімен ғана айналысып жүре беретін. Амандық-саулықтан кейін өз кінасын тезірек жуып тастағысы келіп, сөз бастады.

5. Шай құйып отырған қыздың он саусағы мен беті ғана көрінеді. Қыз өзі де сұлу, бірақ Есеней оның сұлулығын да, мінезін де, ақылдылығын да өз ойындағы оқ жетпес биіктен көріп отыр (Ғ. М .).

131-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, үстеулердің астын сызыңдар.Олардың қай сөзбен байланысып ,сөйлемде қандай мүше болып тұрғандығын,мағынасын айтындар .

1.Жылдам-жылдам жазады да кенет басын көтеріп, лекторға қарап қояды. 2. Біздің жайлаудың бойында биыл ғана құрылып ,тың көтеріп жатқан совхоздарды айға жуық уақыт аралап , мен енді Петропавлға жүруге жиналдым (С.М). 3. Лезде толқын ұрып өте шыққан сезім күші бүлк еткізіп

жүрегін де бір қозғап кетті. (Ғ.Сл) . 4. Петр қазір қойын дәптерін батпақтан тазалап жатыр (Ғ. Мүсір.). 5. Оның атын бүгін осы ну орман да естіді (Ә. Ә.).

§ 92. Үстеулердің тұлғасына қарай бөлінуі

Үстеу сөздер жасалуына және морфологиялық құрылысымен құрамына қарай екі түрлі болады : 1) негізгі үстеулер 2) туынды үстеулер .

1.Негізгі үстеулер. Қазіргі кезде морфологиялық жағынан бөлешектеуге келмейтін, белгілі тұлғада көнеленіп қалыптасқан үстеу сөздерді н е г і з г і ү с т е у л е р дейді.

Негізгі үстеулерге *кеше,бұрын,қазір ,мана, бағана, әуелі,жоғары, төмен, ілгері,кері,бері,бермен,әрі ,әрмен, дәл, әдейі,жорта, әншейін,әрең, азар, дереу, шапшаң, тез,жылдам,үнемі,ұдайы,қасақана,сәл, мейлінше,нағыз,тек, лық,тым,ең,өте,тіпті, аса, әбден,мүлде,орасан,нағыз* сияқты морфологиялық құрамына қарай бөлшектеуге келмейтін,осы күйінде бір қимылдық, сындық белгіні көрсететін сөздер жатады .

Негізгі үстеулердің көпшілігіне сын есімнің ***–рақ,-рек,-ырақ,-ірек,-лау,-леу*** сияқты шырай жұрнақтарын жалғап, мағналарын күшейтуге болады. Мысалы:

бұрын	*бұрынырақ*	*бұрындау*
ерте	*ертерек*	*ертелеу*
ілгері	*ілгерірек*	*ілгерілеу*
шапшаң	*шапшаңырақ*	*шапшаңдау*
төмен	*шөменірек*	*төмендеу*

Кейбір күшейткіш үстеулерді өзге үстеулердің алдынан тіркестіріп айту арқылы да негізгі үстеулік мағынаны күшейтіп көрсетуге болады .
Мысалы: сәл бері, тым төмен, өте жоғары ,тіпті жылдам, тым тез, мүлде кейін т,б

2.**Туынды үстеулер . Өзге сөз таптарынан түрлі қосымшалар арқылы, сөз біріктіру және белгілі сөз тіркестерінің тұрақтануы арқылы жасалған үстеулерді т у ы н д ы ү с т е у дейміз.**

Туынды үстеулердің жасалуының бірнеше түрі болады. Олар мыналар :

а) Сөздің түбіріне әр түрлі жұрнақ жалғану арқылы жасалған туынды үстеулер .

1).***-ша,-ше,*** жұрнағы жалғану арқылы туынды үстеу жасалады. Бұл үстеу жасауда үлкен орын алатын өнімді жұрнақ болып саналады.Мысалы: *орысша,қазақша , адамша,көзімше, ескінше, біздіңше, әзірше.*

2)-***лай,-лей,-дай-,дей,-тай,-тей*** жұрнақтары есім сөздеріне жалғанып үстеу тудырады .Мысалы*:жаздай,күздей,қыстай, астықтай, ақшалай, шикілей,астықтай, тірілей.*

3***)-шалық, (-ша, -лық), -шама, (-ша, -ма***) жұрнақтары сілтеу есімдіктеріне жалғанып мөлшерлік үстеу тудырады. Мысалы*: соншама, соншалық, мұншама, мұншалық, осыншама, осыншалық.*

4**) -*шылап, -шілеп*** жұрнағы есім сөздеріне жалғанып үстеу тудырады. Мысалы: *жылқышылап, итшілеп, Асаншылап, Дүйсеншілеп* т.б.

5)-***дайын, -дейін, -тайын, -тейін*** жұрнағы есім сөздеріне жалғанып үстеу тудырады. Мысалы: *қырандайын, қасқырдайын, түлкідейін, құрақтайын, бұлақтайын.*

6**)-*ын, -ін*** жұрнағы есім сөзлеріне жалғанып үстеу тудырады.Мысалы: *астыртын, үстіртін*.

ә) Көнеленген қосымшалар арқылы жасалған туынды үстеулер .

Тілдегі кейбір есім сөздері белгілі септік жалғау тұлғасында қолданыла келе үстеу ретінде қалыптасып қалған . Мұндай үстеулерді ажыратып түбір мен қосымшаға бөліп қарау дұрыс болмайды .Өйткені ол сөздің құрамындағы қосымша қазір сол сөздің бөлінбейтін морфологиялық құрамына айналған .Оған делел ондай үстеу сөздердің бір кездегі түбір толық есім сөздерінше барлық септік жалғауларына қойылып септелмейді . Тек сол септік жалғау тұлғаларына тұрақталып үстеу болып қалыптасқан түрі көнеленген жалғаулар делінеді. Белгілі есім сөздермен үстеу болып қалыптасатын (көнеленетін) барыс,жатыс,шығыс,көмектес септік жалғаулары болып келеді .

Мысалы :

1) Барыс септік жалғауының көнеленуінен туған үстеулер : *алға, артқа, үске, асқа, жатқа, басқа, бірге, кешке.*

2) Жаты септік жалғауының көнеленуінен туған үстеулер: *аррта, алда, үсте, күнде, жазда , қыста, түсте, жаңада, баяғыда.т.б*

3) Шығыс септік жалғауының көнеленуінен туған үстеулер : *шалқасынан, етбетінен, жүресінен, төтесінен, қырынан, лажсыздан, тосыннан, кеңінен, тікесінен.т.б.*

4) Көмектес септік жалға уының көнеленуінен туған үстеулер: *жайымен, шынымен, ретімен, кезегімен, жөнімен т.б.*

б) **Күрделі туынды үстеулер** . Екі не оданда көп сөздерді біріктіріп , қосарлап, кейде тіркестіріп қолдану арқылы да үстеулер жасалады .

Мысалы:

1) Сөз біріктіру арқылы жасалған үстеулер*:бүгін, биыл,танертең қыстыгүні, жаздыгүні, әлдеқашан, түнеугүні, бүрсігүні, соғұрлым, әлдекімше,ендігәрі,әжептәуір* .т.б

2) Сөз қосарлау арқылы жасалған үстеулер*: Бірте-бірте,ерте-ерте,күнде-күнде,әлсін-әлсін,қолма-қол,көзбе-көз, бетпе-бет,ауызба-ауыз,жата-жастана,бет-бетімен,алды-алдына,үсті-үстіне, бостан-босқа .*

3) Сөздердің тіркесі арқылы жасалған үстеулер:

Күні ертең, демнің арасында, таң ата, кеш бата, екі кештің арасында т.б.

4)Сөз-тіркестерінің тұрақтануы арқылы жасалған үстеулер*: аяқ астынан ,қаннен қаперсіз,қас пен көздің арасында , көзді ашып жұмғанша ,ә дегенше ,құлан таза.*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Қандай сөз табын үстеу дейді ?*
2) *Үстеулер тұлғасына қарай нешеге бөлінеді ?*
3) *Қандай үстеулер негізгі үстеулер деп аталады?*
4) *Негізгі үстеулер сын есімнің қай шырайының жұрнағы арқылы түрлене алады ?*
5) *Қандай үсеулер туынды үстеулер деп аталады ?*
6) *Туынды үстеулер қандай жолдармен жасалады ?*
7) *Қандай жұрнақтар есім сөздеріне жалғанып, туынды үстеу жасайды ?*
8) *Үстеулердің біралуаны қандай көнеленген қосымшалар жалғану арқылы жасалған ?*
9) *Күрделі үстеулер қандай жолдар арқылы жасалады ?*

132-жаттығу.Мына сөйлемдерді көшіріп ,үстеулердің астын сызыңдар Олардың құрылымы жағынан қандай үстеу екенін және қалай жасалғанын айтыңдар .

1. Сәтжан бірде тік жүріп ,бірде тасқа жабыса өрмелеп, жартастың кеудесіне таман келді.(С.Бег) 2) Иесіз қалған екі пулеметті қатар қойып алып, екеуімен кезек-кезек ата бастады.(Ә.Ә) 3) Шу дегенде болатын тосырқаулық та,салқын сыпайыгершілікпен амандасу да бірте-бірте жойылды.(М.И.) 4) Сол күні кешке қарай қызметін бітіріп ,Жанна велосипедпен зырлатып келе жатты . 5) Қазір алдында жатқан өзеннің төменгі жағындағы ілгерілі – кейінді орналасқан үш шоқының түбіне барды (Т.А.). 6) Жас ұшқыштың жауынгерлік жолы осылайша басталды. (С. Б.)
7). Осылай етіп алғаны ағат болған (М.Ә.) .

§ 93. Үстеулердің мағыналық түрлері .

Үстеулер тұлғасына қарай бірнеше топқа бөлінгені сияқты мағына-ларына қарай да бірнеше топтарға бөлінеді . Үстеулердің сөйлем ішінде беретін мағыналары алуан түрлі бола тұрса да , оларды негізгі сегіз топқа бөлуге болады : 1) мезгіл үстеулері 2) мекен үстеулері 3) мөлшер үстеулері 4) сын-қимыл (бейнелік) үстеулері 5) күшейту (ұлғайту) үстеулері 6) мақсат үстеулері 7) себеп-салдар үстеулері

1. Мезгіл үстеулері . Етістіктегі айтылған қимыл, амалдың мезгілін, бағытын және дәл уақытын білдіретін үстеулердің түрі мезгіл үстеуі деп аталады .

Мезгіл үстеулері *қашан ?қашаннан*? деген сұрақтартың біріне жауап береді Мысалы : *кеше, бүгін ,ертең, былтыр ,биыл, ерте ,ертемен, кеш,кешке ,түнде ,енді,әуелі,жаңа,қыстыгүні,жаздігүні,әнеугүні, түнеугуні,күздігүні, екіншіәрі,жуырда, әуелде,ежелден,оқтын-оқтын,жуырда,әуелде,кешкісін, жаздай,қыстай. т. б.*

2.Мекен үстеулері . Етістіктегі айтылған қимыл, амалдың болып жатқан, болатын орнын , бағытын білдіретін үстеулерді ң түрі м е к е н ү с т е у л е р і деп аталады .

Мекен үстеулері *қайда?қайдан?* деген сұрақтардың біріне жауап береді . Мысалы : *жоғары,төмен,әрі, бері , алда, алға, алдан,артта, үсте, үстен, мұнда, осында, сонда,ілгері,ілгеріде, кейін,жолшыбай, тұс-тұстан асты-үстінен ,әлдеқайдан, осылай. т. б.*

3) **Мөлшерлік үстеулер. Қимылдың я санның теңдік не көлемдік мөлшерін, шамасын білдіретін үстеудің түрін м ө л ш е р л і к ү с т е у дейді.**

Мөлшерлік үстеулер *қанша?қаншалық? қаншама?* деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы : *мұнша, сонша, соншалық, соншама, осынша, осыншама, анағұрлым, солғұрлым,соғұрлым, әжептәуір, бірен –саран, талай, бірталай, бірқатар, қыруар, едәуір ,азғантай,осыншалық, мұндайлық т.б*

4). **Сын-қимыл (бейнелік) үстеулері. Етістіктегі айтылған қимыл - амалдың сапалық белгілерін , өту тәсілін , жай-күйін білдіретін үстеулердің түрі сын-қимыл (бейнелік) үстеулері деп аталады.**

Сывн-қимыл үстеулері *қалай? қалайша?кімше?* деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы : *әрең, азар, дереу, шапшаң, жылдам, тез, дәл, әншейін,әскерше, қазақша, адамша, бірге, тікелей, біржола, қолма-қол , ауызба- ауыз , емін- еркін, зорға, қапыда, етпетінен, жүресінен, кезекпен, бекер, бет алды, жатпай-тұрмай, бостан-босқа, емін-еркін, шама-шарқынша т.б*

5). **Мақсат үстеулері. Қимылдың, іс-әрекеттің мақсатын білдіретін үстеулердің түрі м а қ с а т ү с т е у л е р і деп аталады.**

Мақсат үстеулері *неліктен?, не мақсатпен* ? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Мақсат үстеулері өзге топтарға қарағанда сан жағынан өте аз топтың бірі. Бұларға: *әдейі, әдейілеп, жорта, қасақана* деген санаулы сөздер жатады.

6). **Себеп-салдар үстеулері. Қимыл, амалдың себебін я салдарын (нәтижесін) білдіретін үстеулердің түрі с е б е п - с а л д а р ү с т е у – л е р і деп аталады.**

Себеп-салдар үстеулері қалай?, неліктен? Деген сұрақтардың біріне жауап береді. Оларға мынандай үстеулер жатады: *босқа, бекерге, амалсыздан, лажсыздан, шарасыздан.* Бұлардан басқа көсемшелердің қайталануы арқылы жасалатын *сөйлей-сөйлей, көре-көре, оқи-оқи т.б.* туынды үстеулер де көбінесе осы топқа жатады

7). **Топтау үстеулері. Қимылдың, іс-әрекеттің бірігу арқылы істелгенін немесе , керісінше, жекеленіп, сараланып істелетіндігін білдіретін үстеулердің түрі т о п т а у (я с а р а л а у) ү с т е у л е- р і деп аталады.**

Бұл үстеулер *қаншадан? , нешеден?, нешеуден?, қалай-қалай?* деген сияқты сұрақтарға жауап береді. *Мысалы, екеулеп, үшеулеп, он-ондап, бір-бірлеп, аздаған, көптеген, топ-тобымен, рет-ретімен, теңтеңімен, алды-алдына, бас –басына т. б.*

8). **Күшейту (ұлғайту) үстеулері. Заттың сынын, мөлшерін, көлемін, қимылдың сапасын я аса күшейтіп , я солғындатып көрсету үшін қолданылатын үстеулердің түрін к ү ш е ту үстеулері деп атайды .**

Күшейткіш үстеулер *қалай? қандай?* деген сұрақтардың біріне жауап береді . Мысалы : *ең, тым, өте, тіпті, аса, әбден, мүлде, нақ, қақ, орасан , нағыз, ылғи,кілең,сәл, дәл, өңкей. т .б.*

§ 94. Үстеулердің сөйлемдегі қызметі.

Үстеулер сөйлемде негізінен пысықтауыштың қызметін атқарады. *Мысалы: Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым (Абай); Әлібек амалсыздан тоқтады (Ғ.Мұст.)* деген сөйлемдердегі *ерте, амалсыздан* деген үстеулер етістіктен болған баяндауыштарды пысықтап тұр.

Үстеулер етістіктен болған басқа мүшелерді де пысықтайды.*Мысалы: Оның еміс-еміс білетіндері – қызыл балықтар ғана* (Ғ. Сланов) деген сөйлемдегі *еміс-еміс* үстеуі *білетіндері* деген етістіктен болған бастауышты пысықтап тұр.

Үстеулер етістіктен болған баяндауыштарды да пысықтайды. *Мысалы, Бозбаламын мен де енді (Жамбыл): Бүгінгі жастар шетінен сауатты* (Ғ. Мұст.) деген сөйлемдерде *енді* үстеуі *бозбаламын* деген баяндауышты, *шетінен* үстеуі *сауатты* деген баяндауышты пысықтап тұр.

Кейбір үстеулер өздерінің семантикалық мағынасына қарай , әдеттен тыс, сын есімді де, үстеудің өзін де, зат есімді де айқындайды. *Мысалы: Мен бүгін сонша шаршадым (Ғ.Мұст.); Ол сонша өрескел сөз айтты (Ғ. Мұст.) Сонша алтынды қайдан алдың? (С.М.)* деген сөйлемдерде *сонша* деген үстеу бірінші сөйлемде етістікті (*шаршадым*) айқындаса, екінші сөйлемде сын есімді (*өрескел*), үшінші сөйлемде зат есімді (*алтынды*) айқындап тұр.

Кейбір үстеулер жіктеліп баяндауыш та болады. *Мысалы: Мен мұндамын. Мен сенімен біргемін.*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Үстеулер қандай мағыналық топтарға бөлінеді ?*
2) *Мезгіл үстеулері нені білдіреді ? Мезгіл үстеулеріне қандай сөздер жатады?*

3) *Мекен үстеулері нені білдіреді? Мекен үстеулеріне қандай сөздер жатады?*
4) *Мөлшерлік үстеулер нені білдіреді? Мөлшерлік үстеулерге қандай сөздер жатады ?*
5) *Сын-қимыл үстеулері нені білдіреді? Сын-қимыл үстеулеріне қандай сөздер жатады?*
6) *Мақсат үстеулері нені білдіреді? Мақсат үстеулеріне қандай сөздер жатады?*
7) *Себеп-салдар үстеулері нені білдіреді? Себеп -салдар үстеулеріне қандай сөздер жатады?*
8) *Топтау үстеулері нені білдіреді? Топтаул үстеулеріне қандай сөздер жатады?*
9) *Күшейткіш үстеулерге қандай сөздер жатады? Топтау үстеулері іс, қимыл, әрекетті қалай көрсетеді?*
10) *Үстеулер сөйлемде негізінен қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарады?*

133- жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, үстеулердің астын сызыңдар. Оларды мағыналық түріне қарай ажыратыңдар **.**

1). Ертең олардың жатаханасына барып, өз алдына әңгімелесерміз. (Қ.әд) 2) - Шүкір , сегіз жүз саулықты жасына , тұқымына қарай өңкей егізден табатынын іріктеп кеттім,- деп, Қайрекең миығынан күліп , қомақталып алды . (Ғ.С) 3) Әдейі өзіміздің жақтың әндерін салдым . 4) - Советский солдат , содан сақ болыңдар деген Хожа Насреддин , - деп жартысын орысша. , жартысын өзбекше сөйлеп, Самед ағай да мені қытықтап қояды (Ғ.Мүсір). 5) Бүгін ғана емес , бұл сөзді ол көптен бері мәтел етіп алған-ды. 6) Оспанмен оңаша сөйлесті. 7) Бір бұралқы сөзді әнеугүні естіп ем . 8) Ендеше дәл осы Оразбайға істеген істі мен сені сынау үшін істедім (М. Ә.).

134-жаттығу. Үстеулердің мағыналық, морфологиялық ерекшеліктеріне, синтаксистік қызметіне талдау жасаңыздар.

1) Орнымнан шұғыл тұрдым (З.Ш.). 2) Әрқашан да осылай, ешкім сенбейді маған. 3) Кеше жауабын беремін деп уәде еткен едім. 4) Жолшыбай соғып қайтармын. 5) Қадиша киініп те үлгерген, қайтуға әзір тұр екен. 6)Ертең, бүрсігүні не бітіресіз. 7) Міне, бүгін келді. 8) орға шыдап, қиналып жатқан адамның кейпі бар. 9) «Кейін, кейін» деп, қабылдамайды. 10) Манадан бері неге айтпадың ? 11) Бұл әншейін жол-жөнекей айтылған сөз. 12) Мен балаша сақ-сақ күлдім. 13) Қасына қайта отырғызды. 14) ЫІза кернеп зорға тұрмын

Шылау

§ 95. Шылау туралы түсінік

Тілде жеке тұрғанда толық лексикалық мағыналары жоқ, өздігінен сөйлемге дербес мүше бола алмайтын сөздер бар. Мысалы: *дейін, шейін, соң, кейін, ғой, ғана, үшін, арқылы, туралы, мен, және, да, бірақ, өйткені, не, немесе, әрі, я, яки, сайын, ау, ақ.* т. б.

Бұлар сөйлем ішінде өзге бір толық мағыналы сөздердің, сөз тіркестерінің, не тұтас бір сөйлемнің мағыналарын толықтыру, дәлдеу, тиянақтау үшін, оларға ерекше мағыналық өң беру үшін, немесе сөйлемнің бірыңғай мүшелерін және сөйлемдерді өзара байланыстыру үшін қолданылады. Бұлардың бірқатарының сөйлемдегі атқаратын қызметі қосымшаларға ұқсас болады. Өйткені олар толық мағыналы сөздердің лексикалық, грамматикалық мағыналарын түрлендіру үшін, дәлелдеу, толықтыру үшін қолданылады. Бұлар жеке тұрғанда толық лексикалық мағынасы болмағанмен, өзге мағыналы сөздерге тіркесе айтылғанда белгілі дәрежеде мағыналары болады, бірақ ол мағыналары өзге дербес мағыналы сөздермен тіркесті түрде ғана көрінеді. Бұл сөздердің атқаратын қызметі мен мағыналарын айқынырақ түсіну үшін бірнеше сөйлем алып талдап көрелік. 1) *Олар тек орыс мәдениетінен мол суарылу* ***арқылы*** *өз заманындағы алдыңғы қатардағы мәдениеттің биік шыңына шықты. (С. М.)* 2) *Екеуміздің де құлағымыз көшедегі үлкен репродуктордан алысқа кетіп жатқан назқоңыр, мұңды әнде. (М. И.)* 3) *Өзіне ере шыққан Бөрібасарды Сәтжан ауылдан ұзаған* ***соң ғана*** *көрді. (С. Бег.)* 4) *Тәкежан* ***мен*** *Әзімбай ризалығын білдірсін. (М. Ә.)* 5) *Шалтай жайында бұл күдік Сәуледе де бар еді,* ***бірақ*** *ол Күлтайды қостап ілесе жөнелген жоқ. (Ә. Ә.)* Бұл сөйлемдердегі *арқылы, де, соң, ғана, мен, бірақ* сөздерінің жеке тұрғанда беретін толық лексикалық мағынасы жоқ. Сөйлем ішінде *суарылу арқылы, екеуміздің де, ұзаған соң ғана* күйінде өздерінің алдындағы толық мағыналы сөздерге тіркесіп айтылып, сол сөздердің грамматикалық мағыналарын дәлдеп, тиянақтап, өзге сөздермен байланысуына себепші болып тұр. Бұл тіркестердегі *арқылы, де, соң, ғана* сөздерін сөйлемнен алып тастаса, олардың алдындағы толық мағыналы сөздердің өзге сөздермен грамматикалық мағыналары не мүлде бұзылады, не солғындайды. Ал *мен, бірақ* сөздері сөз бен сөзді; сейлем мен сөйлемді байланыстыру үшін келіп тұр.

Сөйтіп, **өз алдына толық лексикалық мағыналары жоқ, сөйлемде өздігінен дербес мүше бола алмайтын, бірақ өзге толық мағыналы сөздерге көмекші болып қызмет атқаратын сөз табын ш ы л а у сөздер дейді.**

Шылау сөздер мағыналарына және сөйлемдегі қызметіне қарай үш топқа бөлінеді: 1) септеулік шылаулар 2) демеулік шылаулар 3) жалғаулық шылаулар.

1. Септеулік шылаулар. Өз алдына толық лексикалық мағынасы жоқ, өзге сөздерге тіркесіп айтылғанда, өзінің алдындағы толық мағыналы

сөздің белгілі септік жалғауларында тұруын талап ететін шылау сөздерді с е п т е у л і к ш ы л а у л а р дейді.

Септеулік шылауларға мына сияқты сөздер жатады: *арқы-лы, туралы, үшін, сайын, сияқты (секілді, сықылды), шақты, шамалы, жөнінде, турасында, тарта, таман, жуық, қарай, дейін, (шейін), гөрі, соң, кейін, әрі, бері, бұрын, басқа*. т. б.

Бұл шылаулар өзінің алдындағы толық мағыналы сөздің *атау, барыс, шығыс септік* жалғауларының бірінде келуін талап етіп тұрады, яғни сол септік жалғауларындағы сөздермен тіркесіп қана айтылады.

а) *Туралы, тақырыпты, турасында, арқылы, шақты, шамалы, жөнінде, үшін, сайын, сияқты* шылаулары атау тұлғалы сөзден кейін ғана тұра алады. Мысалы: 1. *Мен қашан бүкіл* ***Қарағанды үшін*** *азаптан, тыным таппа деп едім? (Ә. Ә.) 2.* ***Ибрагим Құнанбаев сияқты*** *кісіні айыптау керек болса, қандай жаманшылық жаланың бәрінен де тартынатын емес. (М. Ә.)* 3. ***Солар арқылы*** *әр кеңсенің үлкенді-кішілі чиновниктеріне де осы күнде білікті, көзтаныс арызшы болып алған. (М. Ә.)* Бұл сөйлемдердегі *үшін, сияқты, арқылы* шылаулары өзінің алдындағы атау тұлғалы зат есімдермен ғана тіркесе алады, өзге септік жалғауындағы сөзден кейін бұлар айтылмайды.

ә) *Тарта, таман, жуық, дейін, шейін* шылаулары тек барыс септік жалғаулы сөзден кейін ғана тұра алады, екінші сөзбен айтқанда, өзінен бұрынғы сөздің барыс жалғауында тұруын талап етеді. Мысалы: 1) *Қайтадан құнанын жетектеп* ***шұқырға қарай*** *жүрді. (С. Б.) 2. Біз сайлау* ***сағатына дейін*** *Қызыл Алаңда, орталық көшелерде серуендей тұруға бекіндік. (С. М.)* 3. *Бұл жөнінде де анықтап соңғы* ***сөзге шейін*** *ашық айтпаса да, Оразбай екеуі бірін-бірі аңдысып алды. (М. Ә.)* Бұл сөйлемдердегі *қарай, дейін, шейін* шылаулары барыс септік жалғаулы сездерден кейін қолданылып тұр.

б) *Басқа, соң, кейін, бұрын, әрі, бері, гөрі* шылаулары тек шығыс септік жалғаулы сөздерден кейін ғана қолданылады. Мысалы: 1) *Оның үстіне ол келіншек* ***сенен гөрі*** *үлкенірек офицер болып шығып, өзің атып тұрып, қолыңды шекеңе бұрын апарып қалсаң, қалай болар. (Ғ. Мүсір.) 2. Бірақ өзбек халқының мәдениеті де, Россиядағы өзге ұлттардың мәдениеті де кең өріске Ұлы Октябрь* ***революциясынан кейін*** *ғана шықты. (С. М.)* 3. ***Содан соң*** *шұбырып әңгіме кетеді. (Ғ. Мүсір.)* Бұл сөйлемдердегі *гөрі, кейін, соң* деген шылаулар шығыс септік жалғаулы сөздерден кейін айтылып тұр.

135- жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, септеулік шылаулардың астын сызыңдар. Олардың қай септік жалғаулы сөзден кейін колданылып тұрғанын айтыңдар.

1. Баршагүл оған жалт қарады да, құлағына дейін қызарып шыға келді. *(Ғ. Сл.)* 2. Күн сайын опырыла түсіп, сағат санап аласара түскен үйдің ең астыңғы қабатына түскенімізге әлі он-ақ күн өткен екен. *(Ғ. Мүсір.)* 3. Қаламен бірер күн танысқаннан кейін іздеп келген темір жолымның мәселелерімен шұғылданбақ болып, жақсы білетін адамдарды сұрастырдым. *(С. М.) 4.)* Сіз Абайға жалғыз ғана мен қарсы деп ойламаңыз, мен сияқты ел-

дің инабатты атқамінер, абыройлы аксақал-қарасақалдарының бәрі де қарсы. *(М. Ә.)* 5. Сәтжан ителгісі үйрек алғаннан бері өзіне де бұрынғысынан өзгеше тәрізді. *(С. Бег.)* 6. Мырекеннің айтып тұрғаны көмір шабатын машина жайында болып тұр ғой. *(Ә. Ә.)* 7. Кітап магазинінің ішіне жауыннан бұрын қамсыз кірген он шақты адам өз жұмыстарын бітірсе де, жауыннан сескеніп, кеткісі келмей, әрқайсысы әрбір кітапты карап, беттерін аударыстырып тұр. *(С. Б.)* 8. Радио арқылы күнбе-күн байланысып тұру керек кой. *(Ғ. М.)*

2. Демеулік шылаулар. Өз алдына жеке тұрғанда толық лексикалық мағынасы болмаса да, өзге сөздермен тіркесе айтылғанда өзінің алдындағы сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасын аз да болса дәлдеп, тиянақтап тұратын шылаулардың түрі д е м е у л і к ш ы л а у деп аталады.

Демеулік шылаулар мыналар: ***ғой, қой, ғана, қана, ма, ме, ба, бе, па, пе, ше, ақ, ай, ау, ды, ді, мыс, міс*** т. б. Мысалы: 1) *Орыс мәдениетіне суарылудың жемісін біз XIX ғасырдың өзінде* ***-ақ*** *тата бастадық. (С. М.)* 2. *Мен солдатпын* ***ғой,*** *менің баққаным автоматтың қарауылына қонар нәрселер болды. (Ғ. Мүсір.)* 3. *Анық сол! Болмаса, ойланыңызшы, бір* ***ғана*** *Ибрагим Қунанбаев отырған жайлауда қандай үлкен шатақ болды. (М. Ә.)* 4. *Орман жайын айтасың* ***ба?*** *(Ғ. Сл.)* 5.*— Дәмін таттық-ау, соның өзі тәтті көрінбейді,— деді. (Т. А.)* Бұл сөйлемдердегі *ақ, қой, ғана, ба, ау* шылауларының жеке тұрғанда толық тиянақты лексикалық мағыналары жоқ, бірақ өзінің алдындағы сөздердің мағыналарын тиянақтап тұр. *Ақ, ғой, ғана* шылаулары өздерінің алдындағы сөздердің лексикалық мағынасын күшейтіп тұрса, *ма* шылауы тұтас сөйлемге сұраулық мағына туғызып тұр. Ал - *ау* шылауы өзінің алдындағы етістік сөзінің мағнасына экспрессивтік өң беріп тұр.

3. Жалғаулық шылаулар. Жай сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің немесе құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің арасын байланыстыру үшін қолданылатың шылаулардың түрін ж а л ғ а у л ы қ ш ы - л а у л а р дейді. Бұларды кейде ж а л ғ а у л ы қ т а р деп те атайды. Жалғаулық шылауларға мына сияқты сөздер жатады: ***мен, бен, пен, менен, бенен, пенен, және, да, де, та, те, не. немесе, я, яки, не боямаса, бірақ, дегенмен, өйткені, сондықтан, ал, құй, мейлі, әлде, бірде, біресе, әрі*** **т. б.**

Жалғаулық шылаулар мағынасы және қолданылатын орнына, яғни синтаксистік қызметіне қарай мына сияқты төрт топқа бөлінеді:
1). Ыңғайластық жалғаулықтар 2). Талғаулықты жалғаулықтар 3). Қарсылықты жалғаулықтар, 4). себеп-салдарлық жалғаулықтар.

а) **Ыңғайластық жалғаулықтар.** Бұлар жай сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің арасын немесе құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдердің арасын байланыстыру үшін қолданылады. Олар мыналар: ***мен, бен, пен, және, да, де, та, те.***

Бұлардың ішінде ***мен, бен, пен*** жалғаулықтары тек бірың-ғай мүшелердің ғана арасын байланыстыру үшін колданылады. Мысалы: 1. *Карпов* ***пен*** *Егоров,*

полк командирлері, екі жақтан безілдеп қоя берді. (Т. А.) 2. *Сәтбала* ***мен*** *Сатқын жайын мүлде естен шығаруға болмайды. (Ғ. Сл.)*

Және, да, де, та, те жалғаулықтары бірыңғай мүшелерді де, сөйлем мен сөйлемді де байланыстырып тұра береді. Мысалы: 1. *Тәкежан* ***және*** *бұрын болыс болған Шұбар, Ысқақпен бұл жаман емес екен. (М. Ә.)* 2. *Бүлінгенді жөндейтін* ***де,*** *арттағыны алға бастыратын* ***да*** *сен емессің. (М. Ә.)- Бірінші сөйлем-дегі* ***және*** жалғаулығы бірыңғай бастауыштарды, екінші сөйлемдегі қайталанып айтылған *де, да* жалғаулығы да бірыңғай есімшеден болған бастауыштарды байланыстырып тұр. *Ал Табанын көк жалаған етіктер сырғанап, тайғанап жүрісті ауырлатып отырса* ***да,*** *жастар өзенге жетіп, оны бойлап төмен қарай ұзап, сөйлесіп кетісті. (М. Ә.) Батальон командирі кіішкентай штабын ықшамдап бақса* ***да,*** *әр түрлі себеп, қызмет тауып біраз жұрт осы маңды ықтап жүр. (Т. А.)* деген құрмалас сөйлемдердегі *да* жалғаулығы құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасын байланыстырып тұр және алдыңғы сөйлемнің мағынасына соңғы сөйлемнің мағынасы қарама-қарсы екенін көрсетеді.

ә) **Қарсылықты жалғаулықтар.** Олар мыналар: ***бірақ, бірақ та, дегенмен, сонда да, алай да, сөйтсе де.*** Бұлар құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің арасын байланыстырады да, бірінің мағынасына екіншісінің мағынасы қарсы екенін көрсетіп тұрады. Мысалы: 1. *Екі жерде пулемет дүрсілдеді, бірақ немістер жақындаған сайын, атыстың берекесі қаша бастады. (Т. А.)* 2. *Достыққа да, қастыққа да араласса, үй жыққандай екпінмен араласатын Оспанның ісі,* ***сонда да*** *араз адамына дәл мұндай жазаны жасаған кісі бұл өңірде болмаған. (М. Ә.)* Бұл сөйлемдердегі *бірақ,сонда да* деген жалғаулықтар екі сөйлемнің арасын байланыстырып тұр.

б) **Талғаулықты жалғаулықтар.** Олар мынлар: ***я, яки, не, немесе, не болмаса, біресе, бірде, кейде, әлде, құй, мейлі.*** Бұлар айтылған екі ойдың бірі болса, бірі болмайтынын немесе екеуінің кезектесіп отыратынын білдіріп, сөйлемдердің, кейде бірыңғай мүшелердің арасын байланыстырып тұрады. Мысалы: **1)** *Осы жатақтың* ***немесе*** *анау Жігітек кедейінің дәл сондағы, шабуыл үстіндегі мінезі қандай болды. (М. Ә.) Егер мен елдің өсегінен қаймығып* ***не болмаса*** *даңқына қызығып бұған берілсем, онда не болғаным? (Ә. Ә.)* 3. ***Кейде*** *тамсанып қойып,* ***кейде*** *ұзақ-ұзақ қалғып та кетеді. (М. Ә.)*

в) **Себеп-салдарлық жалғаулықтар.** Олар мыналар: ***өйткені, сондықтан.*** Бұлар құрмалас сөйлемге енген екі жай сөйлемнің арасын байланыстырып тұрады. Мысалы: 1) *Мен үкімі әлдеқашан айтылған кісі едім,* ***сондықтан*** *сіздің үкіміңізге енді орын қалмаған да болар. (Ә. Ә.) 2. Ал мына оқиға назар аударарлық оқиға болып отыр,* ***өйткені*** *сәби туғанға дейін анасының құрсағының өзінде өсе бастаған. («Окт. т.»)* Бұл сөйлемдердегі ***сондықтан, өйткені*** деген шылаулар екі сөйлемнің арасын байланыстырып, олардың бірі себебі, екіншісі соның нәтижесі, салдары екенін көрсетіп тұр.

136-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, шылаулардың астын сызыңдар. Олардың түрлерін айтыңдар.

1. Ескі машиналарды тез жөндеңдер, әзір тұрсын деп мына кісіге мұнан бес күн бұрын қақсадым, күні бүгінге дейін бір де-біреуі жөнделмепті. *(Ә. Ә.) 2.* Бұл қағаз келгенде, Абайдың айналасындағы топ сескеніп қалып еді, бірақ Абай қынжылған жоқ. *(М. Ә.)* 3. Сибирь мен Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игеруге Отанның тұс-тұсынан жұрт аттанып жатқан шақ. 4. Балалық шақта еңбек те, ермек те болған қозылар мен лақтардың, қой-ешкілердің арасында асыр сап ойнаулары бізді қызықтырып жіберді. *(С. М.)* 5.— Қуатым Сәтжан-ау, қайда болдың, аман барсың ба?—деп, ана лебізімен қарсы алды. *(С. Бег.)* 6. Бірде қатты, бірде рақымшыл, бірде ауыр, бірде жеңіл сезімді көбінесе ақылға жеңдіретін ойлы қыз екенін істес адам тез-ақ түсінетін. *(Ғ. М.)* 7. Біресе жаңбыр себелейді, біресе қар ұшқындайды. *(Ғ. Мұсір.)* 8. Осы мақтанышымды жеткізу үшін Раушанның жүзіне жалт етіп бір қарағаным ғана есімде, одан әрі не болғанын білмеймін. *(Ә.* ***С.)***

§ 96. Шылаулардың емлесі

Шылау сөздердің басым көпшілігі өздері байланысты толық мағыналы сөздерге тіркесіп бөлек жазылады да, бірқатар шылаулар өзі қатысты сөзбен дефис арқылы бөлініп жазылады.

Бөлек жазылатын шылаулар мыналар: ***дейін, шейін, соң, кейін, ғой, ғана, үшін, арқылы, туралы, қарай, таман, шақты, шамалы, жуық, әрі, бері, басқа, бұрын, гөрі, сайын, мен, бен, пен, және, да, де, та, те, бірақ, дегенмен, алайда, сонда да, өйткені, сондықтан, не, немесе, не болмаса, я, яки, бірде, кейде, әлде, құй, мейлі, ше, ма, ме, па, пе, ба, бе.***

Дефис (-) арқылы жазылатын шылаулар мыналар: ***ау, ақ, ай, мыс, міс, ды, ді, ты, ті.***

Сұраулық шылаулар және ***ақ, да*** шылаулары кейде жалғаудан бұрын келеді. Ондайда шылау қосылып жазылады. *Ма, ме, ба, бе, па, пе* шылаулары *-мы, -мі, -бы, -бі, -пы, -пі* болып өзгереді. *Сен кітап* ***оқимысың****. Әңгімені келістіріп* ***айтады ақсың.*** *Мен* ***оқушыдамын, қызметкердемін****.*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Қандай сөздерді шылау сөздер дейді ?*
2) *Шылаулар мағынасы мен сөйлемдегі қызметіне қарай нешеге бөлінеді?*
3) *Қандай шылауларды септеулік шылаулар дейді? Септеулік шылауларға қандай сөздер жатады?*
4) *Қандай шылауларды демеулік шылаулар дейді? Демеулік шылауларға қандай сөздер жатады?*
5) *Қандай шылауларды жалғаулық септеулік шылаулар дейді? Жалғаулық шылауларға қандай сөздер жатады?*
6) *Жалғаулық шылаулар өз ішінен нешеге бөлінеді?*

137-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, жакша ішінде берілген шылау болса, бөлек жазыңдар да, септік жалғауларының косымшасы болса, бірге жазындар.

1.Шаңғышылар алды (мен) аудан (да) Жорға тау (мен) Шұбар айғыр тауларының картасын жасап алды. 2. Осылардың сақтану қамы ескеріліп, керекті құралдар (да) алды. *(С. Б.)* 3. Содан соң машинаны токтаттык (та) жаяу жүрдік. *(С. М.)* 4. Қазақ (пен) Қоқан болып кездескен бір үлкен аста Ырғызбайдың бас балуанға түсіп, Қоқанның коңыраулы балуанын жығып, бесік жамбы алғанын айтады. *(М. Ә.)* 5. Әбіш (пен) жақсы шырайда амандасқан Дәркенбай ісін тоқтатқан жоқ. *(М. Ә.)* 6. Мирон Павлович оны (мен) амандасқан (да), қоштасқан (да) жоқ. *(Ә. Ә.)*

138-жаттығу. Шылауларға жалпы талдау жасаңыздар.

Қарамоланың жәрмеңкесі түгіл, елі мен жерін бірдей билейтін Елемеспен құда болу Молдажанға да теріс көрінбейді. Әрі баласы Төлеубек болыс, қала-даламен бірдей байланыста, ұлық атаулымен бастасып - аяқтасып жатқан соң, кісілікті де уысынан шығарғысы келмейтін Молдажанның ойлағаны табылды (К. О.). Өзінен жасы үлкен ағалары да, болыс сайланып, ұлықтыққа қолы жеткен оқыған баласы Сіләл да бар. Олардың бәрін былай қойып, сөз кезегін берер ретін білмеген-ді.Тәрізі, жолдастары көніп тұр ма, деді-ау деймін (К. О.). Ерінбей еңбек етсең, шындап егер, тікен де гүлге айналып шыға келер (Сағди).

ОДАҒАЙ

§ 97. Одағайлар туралы түсінік

Одағай сөздердің, өзге сөз таптарымен салыстырғанда, мағыналық жағынан да, морфологиялық жағынан да, синтаксистік қызметі жағынан да өзіне тән көптеген ерекшеліктері бар.

Мағыналық жағынан одағайлар белгілі заттың атауы да, сыны да, саны да немесе қимылы да бола алмайды. Сондықтан синтаксистік қызметі жағынан сөйлемде ешбір сөйлем мүшесінің қызметін аткара алмайды. Одағай сөздер өздерінің негізгі ұғымында тұрып тұлғалық өзгерістерге түспейді, яғни есімдерше көптелмейді де және етістіктерше жіктелмейді де.

Сөйтіп, **адамның түрлі көңіл күйін, ішкі психологиялық сезімін білдіретін, адамға, жан-жануарларға бұйыру, ренжу, шақыру ишарасында қолданылатын сөздерді о д а ғ а й** деп атайды.

Одағайлар лексикалық мағыналары жағынан қорқу, қуану, шаттану, ренжу, күйіну, өкіну, түңілу, таңырқау, шошыну сияқты көңіл күйін білдіреді. Мысалы: ***Ойбай,*** *мынау немене?* ***Бәрекелді****, ат-ақ екен.* ***Ау,*** *сен не айтып тұрсың!!* т. б.

Одағайлар мағынасына қарай үш топқа бөлінеді:

І.Көңіл күй одағайлары. Бұларға мына сияқты сөздер жатады: *уһ, аһ, ehe, aha, oho, пәлі, ойпырай (ойпырмай), алақай, бәрекелді, әй, ей, өй, ой, ау, әттең, қап, әттеген-ай, беу, уа, ту.*

2. Жекіру немесе ишарат одағайлары. Бұлар сан жағынан көп емес: *жә, кәні, тәйт, тек.*

3. Шақыру одағайлары. Бұлар негізінде үй хайуанаттарына қаратылып айтылатын шартты шақыру, тәртіп сөздері. Олар: *Көс-көс! Ка-ка! Шөре-шөре! Құру-құру! Ауқау-ауқау! Моһ-моһ! Шөк! ШЕК! Сорап-сорап! Пыс-пыс! Шәйт! т.б.*

Одағай сөздерінен, түрлі жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөздер жасауға болады.Мысалы: *уһле, ойбайла, алақайла, аһла, уһлеген, ойбайлаған,алақайлаған, аһлаған, уһлей, ойбайлап, аһлап, алақайлап т.б.*

Одағайлар бастапқы мағынасында сөйлемге мүше бола алмайды, сондықтан сөйлемдегі өзге сөздерден оқшауланып, үтір (,) , леп белгілері (*!*) арқылы бөлініп тасталады.Сөйлем ішінде одағай сөз айтылса,ол сөйлем, әдетте, лепті сөйлем болып саналады.

139-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп, одағайлардың астын сызып жазыңдар. Түрлерін айтып беріңдер.

1. Айпыр-ай, мен Москваға қашан жетер екенмін?-деп, Саржан кенет басқа бір ойға толқып кетіп еді, оған жауапты жолды көп білетін Гриша береді. 2.-Эх, соғыс, соғыс! Аңсаумен ас ішкізіп, қайғымен дем алдырдың-ау! (Ә.Ә) 3.Шырағым-ай, әншейін бір қиял да! 4.- Алақай, мама,- Шәріпқали мәз-мәйрам күліп, апай екеумізге кезек қарады, -мен де Дауыл ағамдай суретші боламын! (Ә.С.) 5.- Ойбай, Шокланы қара! – Япыр-ау, осы сізге түсер олжа бар ма *?* – Пәлі, пәлі сөзіне ! -Бәрекелді, әбзәл сөз !– Уа, сөз төресі осы да ! - деп, даурығып, мақтау айтқан Алшынбай. – Әттеген-ай, көре алмай қалдым – ау! (М.Ә.) .

Еліктеу сөздер

§ 98. Еліктеу сөздер туралы түсінік.

Күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде және жазба әдеби тілде кеңінен қолданылып жүрген, өзге сөз таптарына мағыналық жағынан да ұқсамайтын сөздер тобы бар.

Күнделікті тұрмыстағы кездесетін алуан түрлі дыбыстарды, түсті, қимыл – амалды біреудің көз алдына елестету үшін, сол болмыстардың еліктеу бейнесіне тағылған атауларды е л і к т е у с ө з д е р дейді.
Мысалы: *сырт – сырт, сарт – сұрт, тарс – тұрс, шылдыр – шылдыр, қарқ – қарқ, тық- тық, пыш – пыш, арс- арс, ыңқ - ыңқ, сылқ – сылқ, жылт – жылт, жалт – жұлт, жарқ – жарқ, сылаң- сылаң, бұлаң – бұлаң, жымың – жымың, сып – сып, жып – жып, алаң – құлаң, т. т.*

Бұл сөздердің өзара біріне - бірінің жақындық, ұқсас белгілері де, бір – бірінен белгілі дәрежеде айырмашылықтары, ерекшеліктері де бар. Олардың ұқсастық жағы – белгілі бір болмыстың бейнесіне тағылған атау екендігінде. Ерекшелігі – бұл сөздер мағыналық жағынан үш топқа бөлінеді. Бірінші топ белгілі дыбыстардың еліктеу атаулары (*сырт – сырт, сарт – сұрт, тарс – тарс, шылдыр – шылдыр, қарқ – қарақ, тық- тық, пыш – пыш, арс – арс, ыңқ – ыңқ, пырт – пырт, сылқ – сылқ)*; екінші топ белгілі түстің бейнелік еліктеу атаулары (*жылт – жылт, жалт – жұлт, жарқ – жұрқ*); үшінші топ әр түрлі қимылдың бейнелік еліктеу атаулары (*сылаң – сылаң, бұлаң – бұлаң, жымың – жымың, сып – сып, жып – жып, алаң – құлаң).*

Еліктеу сөздер негізгі екі топқа бөлінеді: 1) еліктеуіш сөздер,
2) бейнелеуіш сөздер.

1. Еліктеуіш сөздер. Хайуанаттардың үніне, айналадағы табиғат құбылыстарының , тұрмыстағы екі дененің бір – біріне қақтығысуынан пайда болатын алуан түрлі дыбыстарға еліктеу арқылы жасалған сөздерді е л і к т е у і ш с ө з д е р дейді.

Еліктеуіш сөздер дара күйінде де, қос сөз түрінде де қолданылады. Еліктеуіш сөздер бастапқы түбір тұлға күйінде септелмейді, көптелмейді, тәуелденбейді және жіктелмейді.

Еліктеуіш сөздерге сөз тудырушы қосымшалар (жұрнақтар) жалғап, дыбыс атауын білдіретін зат есім сөздерін туғызуға болады. Масылы: *тарс – тарс+ыл=тарсыл:қыңқ-қыңқ+ыл=қыңқыл;жалт-жалт+ыл=жалтыл;сарт-сарт+ыл=сартыл;қарқ-қарқ+ыл=қарқыл.*

Еліктеуіш сөздердің көпшілігінің түбіріне етістік тудыратын журнақтар тікелей жалғанбай, есім тудыратын жұрнақтардан кейін жалғанады. *Мысалы: тарс+ыл+да, қыңқ+ыл+да, жалт+ыл+да, сарт+ыл+да қарқ+ыл+да.*

Бірқатар еліктеу сөздерге есім тудыратын ***-ыл, -іл*** жұрнағы жалғана тұрса да, өз алдына толық дербес мағыналық есім сөзі пайда болмай, етістік сөзін жасау үшін керекті морфологиялық тәсіл ғана болады.*Мысалы: сып, жып, шіңк, пырт, сылқ, шыңқ, аңқ* деген еліктеу сөздерге *–ыл, -іл* жұрнақтарын жалғап, *сыпыл, жыпыл, шіңкіл, пыртыл, сылқыл, шыңқыл, аңқыл* деген морфологиялық тұлға жасағанмен, бұлар толық лексикалық мағынасы бар есім сөздері емес, етістік сөздерін тудыру үшін керекті морфологиялық саты. Бұл морфологиялық тұлғаның үстіне ***–да, -де*** жұрнақтарын жалғап, *сыпыл+да+ды, сылқыл+да+ды, шыңқыл+да+ды, аңқыл+да+ды* деген етістік сөздерін тудыруға болады.

Кейбір еліктеуіш сөздердің еліктеу мағынасы сол дыбыстың есім мағынасымен ұштасып жатады.Сондықтан мұндай сөздердің еліктеуіштік ұғымы қосарланып айтылғанда айқын көрінеді. *Мысалы: сықыр-сықыр, тықыр-тықыр, салдыр-гүлдір, сыбдыр-сыбдыр, салдыр-салдыр, шылдыр-шылдыр.*

Мұндай сөздер жеке айтылғанда, белгілі дыбыстық атау түрінде қолданылып, сөйлемнің дербес мүшесі қызметін атқарып, көптеліп, септеліп,

тәуелденіп тұратын болғандықтан бұл сөздерге етістік тудыратын ***-да, -де*** жұрнақтары тікелей жалғанады. *Мысалы: сықыр+ла+ды, тақыр+ла+ды, салдыр+ла+ды, сыбдыр+ла+ды, шылдыр+ла+ды.*

Еліктеуіш сөздер бастапқы бір тұлғада **ет** көмекші етістігімен тіркесіп айтылып, күрделі етістік құрайды да, сөйлемде күрделі баяндауыш қызметінде қолданылады. *Мысалы: Қарға **қаңқ етті.** Мылтық **тарс етті.** Ол сөзін есіттірмей **күңк етті.***

Еліктеуіш сөздер бастапқы түбір күйінде қайталанып айтылады да, қос сөз жасалады. Қосарланып айтылған еліктеуіш сөздер морфологиялық тұлғасы жағынан ешқандай өзгеріске енбейді. Сейлем ішінде етістік баяндауышпен не етістіктен болған өзге мүшемен байланысып, үнемі пысықтауыш мүше болады. Мысалы, 1) *—Мерзімді бұздым азырақ,— деп, Шығанақ **қарқ-қарқ** күлді. (F. M.)* 2. *Екі батыр найзасын **сатыр-сұтыр** салысты. Сайлап мінген белді аттар тізе бүге қалысты. (Ж- Ж.)*

140-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазыңдар да, еліктеуіш сөздерді тауып, астын сызындар. Олар қандай тұлғада және сөйлемнің қай мүшесі қызметінде тұрғанын айтыңдар.

1. Рация бірнеше рет тыр-тыр етіп қалды. 2. Салдыр-гүлдір жеңіл нәрселердің бәрі токтаусыз билей женелді. *(К. 0.)* 3. Жауап орнына Петрушкин мырс етіп күлді. 4. Салмақты болуға тырысса да, саусақтары, бүкіл тұла бойы қалшылдап, дір-дір қағады. *(К. Т.)* 5.-Сізден шығары не ?— деп, жігіт сақ-сақ күлді. *(F. M.)*

2. **Бейнелеуіш сөздер. Жаратылыстағы кездесетін жарық, сәулелер мен алуан түрлі қимылдық әрекеттердің елесі атаулары ретінде пайда болған сөздерді б е й н е л е у і ш с ө з д е р дейді.**

Еліктеуіш сөздер адамның есту қабілетінен туған, дыбыстарға еліктеуден пайда болған сездер болса, бейнелеуіш сөздер адамның көру кабілетінен туған ұғымдардың атауларын білдіретін сөздер болып келеді. Мысалы: *Қаңтардың қатты аязында қар аяқты басқан сайын **сықыр-сықыр** етеді* деген сөйлемдегі *сықыр-сықыр* деген сөз — адамның есту қабілетінен пайда бол ған, белгілі дыбысқа еліктеуі ретінде тағылған атау. Сондықтан еліктеуіш сөз деп аталады. Ал *электр сәулесі қараңғы түнді қақ жарып **жарқ** етті. Жапалақ **жалп** етті* деген сөйлемдердегі *жарқ, жалп* деген сөздер адамның көру қабілеті арқылы пайда болған бейнелеуіш сөздер. *Жарқ* деген сөз — электр сәулесінің бейнелік елес көрінісі, *жалп* деген сөз — жапалақтың ұшу қимылының бейнелік елес керінісі.

Бейнелеуіш сөздер: *жылт-жылт, жарқ-жұрқ, жалт-жалт, лып-лып, лап-лап, жымың-жымың, қылт-қылт, жалп-жалп, салп- салп, елбең-елбең, серең-серең, маң-маң, ербең-ербең, көлбең-көлбең, талтаң-талтаң, қалтаң-қалтаң.*

Бейнелеуіш сөздер де бастапқы түбір түлғасында көптеліп, септеліп, тәуелденіп тұлғалық өзгерістерге енбейді.

Бейнелеуіш сөздерге сөз тудырушы жұрнақтар жалғанып, есім сөздер де, етістік сөздер де жасалады. Бір буынды бейнелеуіш сөздердің түбіріне

-ыл, -іл жұрнақтары жалғанып, есім сөзі жасалады да, оның үстіне ***-да, -де*** жұрнақтарының бір жалғанып, етістік сөзі жасалады. Мысалы: *жалт + ыл + да, жарқ- + ыл + да.*

Екі буынды бейнелеуіш сөздерге есім жұрнақтары жалғанбай, етістік тудыратын -да, -де жұрнақтары тбірге бірден жалғанады.Мысалы: жымың-да-ды, елбең-де-ді, серең-де-ді, көлбең-де-ді, жалтаң-да-ды,

Бейнелеуіш сөздер де ет көмекші етістігімен тіркесіп айтылып, күрделі баяндауыш құрамында жұмсалады. Мысалы: Күн күркіреп, найзағай жарқ етті.Жұлдыздар жымың-жымың етеді.Қарға қарқ етті, ірімшік жерге салп етті.

Бейнелеуіш сөздер қайталанып айтылып, қос сөз ретінде қолданылғанда, сөйлемдегі етістіктен болған мүшемен байланысып, пысықтауыш болып келеді. Мысалы:

Жаттан бетер жамандар
Жалбарынып күн көріп.
Жақынын сатып, жөн көріп,
Қалатаң-құлтаң *амалдар. (А. Қ.).*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Қандай сөздер одағай деп аталады?*
2) *Одағайлар мағынасына қарай нешеге бөлінеді? Көңіл-күй одағайларына қандай сөздер жатады?*
3) *Жекіру, ишарат, шақыру одағайларына қандай сөздер жатады?*
4) *Одағайлар сөйлем мүшесінің қызметінде жұмсала ала ма?*
5) *Қандай сөздер еліктеу сөздер деп аталады?*
6) *Еліктеу сөздер нешеге бөлінеді?*
7) *Еліктеу сөздер сөйлем мүшесі бола ала ма?*

141-жаттығу. Еліктеуіш сөздердің семантикалық ерекшеліктеріне түсінік беріңіздер.

1.Тайынша тайғанақтап барып, тырақ ете түсті (Б. Т.). 2.Шегебай зілдей саптама етігімен сылқ еткізіп теуіп оятты (Б. Т.). 3. Үйдегілер тегіс есік жаққа қарап, елең ете қалысты (Б. Т.). 4. Ақлима шаңын қағып, бұлқан-талқан боп сілкініп қалды (Б. Т.).5. Өрт шарпыған ағаш үйдің ішінде шыр-шыр етіп әйелі, жалыз баласы қалған (Б. Т.). 6. - Бермеймін демеймін-у, салдыр-гүлдір жүрісіннен қорқамын (Ә. О.). 7.Аюкеніме оңашалана бергенде, күңк ете қалып едім, шоқ басқандай зыр ете түсті (Б. Т.). 8. Жаяу-жалпы сан-сапалақ жұрт та тапыр-тұпыр етіп, сапырылысып жатады (Б. Т.). Тастан-тасқа ырғыған ат дүбірінің өзі-ақ маңайды жаңғырықтырып, үрейлі айқайға ұласқан тасыр-тұсыр жер-көкті көтеріп тастағандай болады (К. О.).

142-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, еліктеуіш сөздердің астын бір, бейнелеуіш сөздердің астын екі сызықпен сызыңдар.

Сыбдыр-сыбдыр, аяғын еппен басқан сақтық (З. Ш.). 2. Кучмеев күміс құтыны сырт еркізіп ашып, сигар алып тұтатты да, көк түтін арасынан

сығырая қарады (К.Т.). 3. Ондайын байқаған да емес едім, Жалт беріп атып кеткенде, жалына жабыса бердім (Қ. О.). 4. Іші жарқ-жұрқ етеді (З.Ш.). 5. Әлсін-әлсін қойдың шеті дүр етіп басылып, маңырап, пысқырғандары естіледі (К. О.). 6.Басы бұлғаңдап, сылқ-сылқ күлген Евдокия Кириловна :
- Жә, жасырмай-ақ қой, - деді (К. Т.). 7. Монтиған мінезбен маң-маң басып Тоқаштың қасына барды (З. Ш.). 8. Бекбосын мырс етіп қалды да, бет-аузын тыржитып, тымағының бауын шешті (К .О.). 9.Одан басқа не бітіреді дейсің олар десіп, жұрт гу-гу етіседі (К. Т.). 10. Тоқаш сылқ етіп томарға отыра кетті (З. Ш.) 11. Әлден уақытта сарт етіп есік ашылады (З. Ш.). 12. Төргі бөлмеде ақ болскей кереуетте екі-үш жасар еркек бала ұйқтап жатыр (Ғ. М.).

143-жаттығу. Еліктеу сөздердің түрлеріне төменде көрсетілген үлгі бойынша мысалдар келтіріп, олардың үш-төртеуімен сөйлем құрап жазыңдар.

1. Күлкінің түрлері: *қарқ-қарқ, мырс-мырс.*
2. Қимыл, қозғалыс түрлері: *кердең-кердең, сылаң-сылаң.*
3. Адамның бет құбылысының (мимикасының) түрлері: *тыржың-тыржың, жәутең-жәутең.*

Х модуль тестері

1)Үстеу:
а) Есім сөздерінің сыны мен сапасын ;
в) қимылдың сыны мен сапасын;
с) қимыл мен жарық сәулелердің еліктеу атауларын
d) сөйлеуші адамның түрліше көңіл-күйін білдіреді;
2) Үстеулер мағынасына қарай нешеге бөлінеді:
а) 5 в) 6 с) 7 d) 8 е) 10
3) Үстеуді көрсетіңіз:
а) япырай в) әрине с) өте d) және е) шіркін
4) Негізгі үстеуді көрсетіңіз:
а) қазақша в) әдейі с) таңертең d) жол-жөнекей е) етбетінен
5) Үстеуге жатпайтын сөз тіркесін көрсетіңіз.
а) алдын ала в) қас пен көздің арасында с) шек сілесі қатқанша
d) ит арқасы қиянда е) көкесінің арқасында
6) Мезгіл үстеуін көрсетіңіз:
а) жуырда в) оқшау с) қыруар d) орасан е) алда
7) Мекен үстеуін көрсетіңіз:
а) жуырда в) оқшау с) қыруар d) орасан е) алда
8) Мөлшер үстеуін көрсетіңіз:
а) соншалық в) емін-еркін с) әдейі d) татарша е) жорта
9) Бейнелік үстеуді көрсетіңіз:
а) жылдам в) екеулеп с) кілең d) кілең е) төмен
10) Мақсат үстеуін көрсетіңіз:

а) шарасыздан в) қасақана с) барынша d) қырынан е) кеше

11) Үстеулердің грамматикалық категогиялары бола ма ?
а) болады в) болмайды

12) Үстеулердің сөйлем мүшесі ретінде атқаратын негізгі қызметі.
а) толықтауыш в) анықтауыш с) пысықтауыш d) бастауыш
е) баяндауыш

13) Шылаулар сөйлемде:
а) Өзге бір толық мағыналы сөздің мағынасын толықтыру, тиянақтау үшін;
в) грамматикалық мағына тудыру үшін;
с) сөйлемдегі айтылған ойға стильдік реңк беру үшін қолданылады;

14) Шылаулар мағынасына және сөйлемдегі қызметіне қарай нешеге бөлінеді ?
а) 2 в) 3 с) 4 d) 5 е) 6

15) Септеулік шылауды көрсетіңіз.
а) дегенмен в) туралы с) бен d) немесе е) өйткені

16) Жалғаулық шылауды көрсетіңіз:
а) бірақ в) кейін в) ғана d) туралы е) таман

17) «Үшін» шылауы өзінің алдындағы сөздің тұруын талап ететін септік.
а) атау в) барыс с) шығыс d) табыс е) жатыс

18) Ыңғайластық жалғаулығын көрсетіңіз.
а) және в) сонда да с) немесе d) кейде е) яки

19) «Бірде», «біресе» жалғаулықтарының түрін белгілеңіз.
а) күшейткіш в) ыңғайластық с) кезектес d) талғаулықты
е) шартты

20) Одағайлар лексикалық мағыналары жағынан:
а) қорқу, қуануды в) мақтау, даттауды в) сынау, мінеуді
d) жақтау, қолдауды е) қарсы болу, келіспеуді білдіретін сөздер;

21) Көңіл күй одағайына жататын сөзді көрсетіңіз.
а) ойпырай в) тәйт с) шөре-шөре d) тек е) жә

22) Одағайлардан басқа сөз таптары жасала ма ?
а) жасалады б) жасалмайды

23) Еліктеу сөздер:
а) түр-түске тағылған атаулар в) қимыл - қозғалысқа тағылған атаулар
с) түрлі дыбысқа, жаңғырыққа тағылған атаулар
d) дыбыстардың, жарық сәулелердің, қимыл-қозғалыстардың еліктеу, бейнелеу атаулары;

24) Еліктеуіш сөзді көрсетіңіз:
а) сылаң-сылаң в) тарс-тұрс с) жарқ-жұрқ d) алақ-жұлақ
е) жылтың-жылтың

25) Еліктеу сөздің сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын көрсетіңіз. *Боқай келіншегінің сөзіне мыңқ етпейді.*

а) Бастауыш в) Баяндауыш с) Толықтауыш d) Пысықтауыш
е) Анықтауыш

XI м о д у л ь

С И Н Т А К С И С

СӨЙЛЕМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

§ 99. Сөйлем мен сөйлеу

Адам баласы айналадағы өзін қоршаған заттардан, жаратылыс құбылыстарынан, өмір әрекеттерінен, қоғамдық болмыстардан әр түрлі әсер алады. Соның нәтижесінде жеке адамдардың санасында белгілі ой, пікір пайда болады. Ол ой, пікірді бірімен-бірі грамматикалық байланысқа енген сөз тіркестерінен сөйлемдер құрау арқылы екінші адамға жеткізе алады.

Сөйлеуші адамның өз тыңдаушысына жеткізбек болған ойы белгілі бір нәрсе жөніндегі сараланған жеке құбылыс болуы да, бір-бірімен мезгіл, мекен, әрекет, мақсат, себеп-салдар жағынан байланысты бірнеше жеке пікірлердің тіркесі түріндегі біртұтас оқиға болуы да мүмкін. Мұны анық түсіну үшін мысалдар алып талдап көрелік.

1) *Аттылар жүріп кетті. (М. Ә.)* 2) *Биыл көктем белгісі ерте білінді. (Ғ. Сл)* 3) *Облыс әкімі осы жумысты қолға қатты алып жатыр. (Ә. Ә.)*

Мұнда үш түрлі ой айтылған: бірі аттылар жөнінде, екіншісі көктемнің ерте басталғандығы туралы, үшіншісі облыс әкімінің істеген әрекеті жайында. Бұлардың әрқайсысы өз алдына жеке-жеке тиянақты ойды білдіріп тұрғандықтан, сөйлем болып тұр.

Біршама тиянақты ойды білдіретін бір сөзді я бірнеше сөздердің тіркесін с ө й л е м дейді.

Сөйлеуші, жазушы адамдар өзінің тыңдаушылары мен оқушыларына дара ойларды ғана жеткізбей, кейде бір-бірімен әр түрлі мағыналық байланыстағы біртұтас оқиғаны жеткізуді мақсат етеді. Мысалы: 1) *Бөгетке бүгін түнеп шығармыз.* 2) *Саламат болсақ, ертең түс қайта ауылда боламыз ғой.* 3) *Бөріден сақ бола көріңдер.* 4) *Мылтық бар, ит күзетің мықты.* 5) *Тек бүгін ұйқы демеңдер.* 6) *Ауылға жеткен соң бір-ақ тыныс алармыз. (Ғ. Сл.)*

Бұл үзіндіде малға жауапты адамның малды аман сақтау жөніндегі тапсырмалары айтылған. Бұл — біртұтас түйдек ой бірнеше дара ойлардан құралған. Олардың әрқайсысы жеке сөйлемдерден тұр.

Сөйтіп, **бірнеше сөйлемдерден құралған, белгілі оқиғаны баяндайтын ой шумағын с ө й л еу дейді.**

Тиянақталған ойды ауызша да, жазбаша да білдіруге болады. Ауызекі сөйлеуде әрбір сөйлем айырықша дауыс ырғағымен (интонациямен) бөлініп

айтылады. Жазуда әр сөйлемнің соңынан, сөйлемнің мағынасына және дауыс ырғағына қарай, нүкте, сұрау, леп белгілерінің бірі қойылады.

§ 100. Хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдер

Адамның әрбір ойы белгілі мақсатта айтылады. Сөйлеуші бір сөйлемде тыңдаушыға бір нәрсе жайында өзінің ойын білдіруді, хабарлауды мақсат етсе, екінші бір сөйлемде басқа біреуден бірдемені сұрап біліп алуды немесе мақсат ете сөйлейді. Кейде біреуге өзінің қуанышын, көңіл-күйін білдіруді немесе біреуге бір нәрсені бұйыруды мақсат етеді. Осымен байланысты сөйлемдер айтылу мақсатына қарай және интонациялық ерекшеліктеріне қарай: 1) хабарлы сөйлем, 2) сұраулы сөйлем, 3) лепті сөйлем 4) бұйрықты сөйлем болып бөлінеді.

Біреу я бірдеме туралы ойды екінші біреуге жай хабарлай айтылған сөйлемді х а б а р л ы с ө й л е м дейді.

1) *Баршагүл енді оңтүстік беттегі биіктерге көз жіберді. (Ғ. Сл.)* 2) *Балалар оқуда.* (Ғ. М.) *Ендігі ермегім ән үйрену болды.* (С. М.) *Тәкежан өзі жоқ екен. (М. Ә.)*

Хабарлы сөйлемде дауыс бірте-бірте көтеріліп барып, сөйлемнің аяғында бәсеңдеп келіп тынады.

Нұрлан мен Павел мінген машина аэродромға баратын жолдың үстінде жұлдыздай ағып келеді. (Ә. Ә.) Дүние тіректері — еңбек. (Ғ. Сл.)

Тыңдаушы адамнан біреу я бірдеме туралы сұрай айтылған сөйлемді с ұ р а у л ы с ө й л е м дейді.

Кеше батыр атағын алған Сайдақов осы ма? (Ә. Ә.) Солай емес пе, Михайл балам? (Ғ. Сл.) Соны ақылдасқан жөн емес пе? (М. Ә.)

С ұ р а у л ы с ө й л е м д е р д і ң ж а с а л у ж о л д а р ы

1. Сөйлемнің баяндауышы болатын сөзден кейін сұраулық мағына беретін *ма, ме, па, пе, ба, бе* шылаулары тіркесу арқылы сұраулы сөйлем жасалады.

*Бүгін кешкі мәжіліс есіңде **ме?** (Ғ. Сл.) Бірін айтса, бірі аман қалар дейсің **бе?** (М. Ә.) Бәсе, бүйтпесе Базекең бола **ма?** (М. Ә.) Сенің бізден кәрі болғаның **ба?** (С. М.)*

Кейде *ма, ме, ба, бе, па, пе* сұраулық шылаулары түбір сөз бен жіктік жалғауларының арасынан келіп, *мы, мі, бы, бі, пы, пі* түрінде де кездеседі.

*Сен немене, тоңып қалған**бы**сың? (Ғ. Мүсір.) Бұл қайсың, Болат**пы**сың? Кім екенін білмей**мі**сің? (С. М.)*

2. Сөйлемнің ішінде к і м ? не? қ а ш а н ? қ а й д а ? қай-д а н ? қ а л а й ? сияқты сұрау есімдіктерінің бірі келу арқылы да сұраулы сөйлем жасалады:

*Жеңгейдің, кішкентайыңыздың күйі **қалай?** Апырау, **не** болды? (Ғ. М.) Мынау **кім?** Оқымасаң, **қайдан** білесің?*

3. Сөйлемнің күрделі баяндауышының құрамында *шығар, болар* сөздері және *ғой, ше* шылаулары келіп, сұраулық интонациямен айтылу арқылы да сұраулы сөйлем жасалады:

Мынау тіпті бір тұнған қараңғы ***ғой?*** *Мынау осы жігіттің кескіні* ***шығар ?*** (С. М.) *Атым Қийырғали, өзіңнің атың* ***ше?*** (Ғ. Мүсір.)

Сұраулы сөйлемдер, негізінде, қойылған сұраққа біреуден жауап алу үшін айтылады. Бірақ кейбір сұраулы сөйлемдер жауап күту мақсатымен айтылмай, бірдеңенің жайын хабарлау мақсатымен де айтылады. Ондай сөйлемдерде риторикалық сұрау мәні болады. Риторикалық сұраулы сөйлемдер көркем әдебиеттерде жиі кездеседі:

Білсең сен, нағыз сұлу мүсін қайда? Күйі
ме бұлбұл құстың жасыл майда? Немесе
таудан аққан күміс су ма? Бұраңдап
сылдыр қаққан самал сайда. (С. С.)

Ерекше көңіл-күйіне, психологиялық сезімге байланысты (қуану, ренжу, таңдану, аяу, бұйыру, кекету және т. б.) айтылған сөйлемдерді л е п т і с ө й л е м дейді.

Лепті сөйлем ерекше көтеріңкі дауыспен айтылады. Мысалы: *Абайжан-ау, қайдағыны айтқыздың-ау! (М. Ә.)*

Тыңда, дала, Жамбылды!
Тыңда, Қастек, Қаскелең! (Ж. Ж.)

Қайдасың, балапаным, келші, жаным! (Т. Ж.)

Лепті сөйлемнің баяндауыш тұлғасына байланысты мағынасы да әр түрлі болып отырады:

а) Лепті сөйлемнің баяндауышы, көбіне, бұйрық райдың жекеше, көпше түрлерінде келеді де, ылғи тіке бұйрықты білдіреді. Мысалы:

— Тәкежан, Каражан, сендер де тыңдаңдар! — деп, үйдің ішін түгел елең еткізді.
— Қой, шырағым, бүйтіп асқақтама! (М. Ә.)
— Тоқтай тұрыңдар!
-Немене?
— Тоқта деген соң тоқта! (Ғ. М.)

ә) Бұйрық райдан кейін ***-шы, -ші*** қосымшасы жалғанған етістік сөйлемнің баяндауышы болып келсе, тілек мағынасын береді. Мысалы: *Отыршы, шырағым, шыныңды айтшы! Осындай жақсы пікірлерді дәлелдеп, қағазға түсіре берсеңдерші! (Ғ. М.) Барайын, тымағымды алып берші, Бүркітбай. (С. М.)*

б) Баяндауышы шартты райдың I, III жағында айтылып, одан кейін ***-шы,-ші*** қосымшасы жалғанса, лепті сөйлем өкініш түрінде айтылады. Мысалы: *Қап, осы пікір кеше есіме келсеші! Осы курста мен де оқысамшы!*

в) Сөйлемнің баяндауышына не басқа бір мүшесіне ***ау, ақ, ай, ғой*** шылауларының бірі тіркесіп айтылса да, сөйлем лепті болып келеді. Мұндай лепті сөйлемдер таңдану, шаттану, күдіктену, аяушылық мағынасында айтылады. Мысалы:

— Машинаның да жүрдегі бар екен-ау! (Ғ. М.)

—Япырай, мынауың да бір соны сөз болды-ау!

—Алда бақыр, есіл ер-ай! — дейді.

—Уа, мен күні бойы малдан келдім ғой.

-Маған бұұл жайдың бәрін текке айтып отырған жоқсың ғой! (М. Ә.)

-Он сегіз жылдың үйреткені осы ғой,-деп, сақылдап күлді Жанәбіл. (Т. А.)

г) Сөйлемнің ішінде адамның ішкі сезімдерін білдіретін одағай сөздерінің бірі болса, сөйлем лепті болады да, қуаныш, реніш, шаттық сияқты көңіл-күйін білдіреді. Мысалы:

—Ойбай, Шоқыланы қара! (М. Ә.)

—Япырай, иманым қасым болды-ау, Айжан! — деді, үйге кіріп-шығып жүрген Ержан.

—Астапыралла,— деді Ержан шошып кетіп,— айта көрме. жарықтығым. (С. М.)

Біреуге бір істі істеуді бұйыру, талап ету, өтіну, үндеу мәнінде айтылған сөйлемдерді б ұ й р ы қ т ы с ө й л е м дейді.

Бұйрықты сөйлемдер жалаң бұйрық түрінде ғана айтылмайды, сонымен қатар кісінің еркін, талабын, кеңесін, тілегін т.б. білдіреді.

Бұйрықты сөйлем, негізінен, ауызекі тілге тән. Көркем әдебиетте ондай сөйлем диалогта жиі ұшырайды.

Бұйрықты сөйлемдер етістіктің бұйрық және қалау райы арқылы жасалады.

Олар сөйлемнің баяндауышы болып жұмсалады да, сөйлем түгелімен көтеріңкі, асқақ әуенмен айтылады. Мысалы:

*-Шеген! **Тоқта! Қайырыла кет!** (Ғ.Мүсір.). **Еріңде**р соңыма! (Ғ.Мүсір.). **-Тар**т қолыңды! (М.Ә.). –**Тоқташы**, балам! – деді Шығанақ өтіп бара жатып. -Тарыңнан титтей **берші!** (Ғ.Мұстафин).*

Бұйрықты сөйлемдердің баяндауыштары қандай сөз болғандарына қарай және сөйлемнің құрамы қандай болуына қарай, олардың мазмұны да әр түрлі болады:

а)Баяндауыштары етістіктің бұйрық райының екінші жағында айтылған сөйлемдер көбінесе бұйрық, талап, кейде үндеу мәнінде болады:

***Тарт** тіліңді! **Жоғал** көзіме көрінбей! – деп Ысқақ кимелеп кетті (С.Ерубаев!.*

б)Баяндауыштары бұйрық райдың үшінші жағында айтылған сөйлемдер көбінесе талап, тілек мәнді болып келеді: *Керімбек малды тез жайлауға **айдасын**! Бағар **көбейсін,** шалым! (Ғ.Мүсір.)*

в)Баяндауыштары етістіктің бұйрық райларында айтылып, оған ***–шы, -ші***

жұрнақтары жалғанып, тілек, жалыныш, не сыпайы түрде бұйыруды білдіретін сөйлемдер жасалады:

– ***Келші****, қалқам, менің қасыма* ***отыршы****! Қарағым, мына баланы* ***риза қылшы!*** *(Ә.Әбішев.).Балам, жөніңді* ***айтшы!*** *(М.Ә.).*

г) ***-шы, -ші*** қосымшасы жалғанған бұйрық рай тұлғалы баяндауыштары бар сөйлемдер кейде біреуге сес көрсету, қорқыту мәнінде айтылады:

- Қане, осы баланың бәйгесін ***бермей көрші****! Тапсырманы* ***орындамай көрші!*** *(Ғ.Сланов.).*

д) Етістіктің қалау, бұйрық рай тұлғаларынан жасалған баяндауыштары бар сөйлемдер ұран, үндеу мағынасында да жұмсалады: *22 Наурыз, көктем мерекесі* ***құтты болсын!*** *Спортшы жастар, қазақстанның көк байрағын олимпиада төрінде* ***желбірете беріңдер!*** *(«Егемен Қазақстан» газетінен)*

§ 101. Хабарлы, сұраулы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің тыныс белгілері

1. Хабарлы сөйлемнің соңынан нүкте (.) қойылады. Мысалдар: 1) *Жасы да, еңбегі де үлкен.* 2) *Сол үлкен еңбегі әперген беделі де үлкен еді.* 3) *Қарауындағы жұмысшылардың бәрі де оның айтқанын заң көретін-ді.* 4) *Лавада жұмыс қызу жүріп жатты. (Ә. Ә.)* 5) *Ол өзі жастар ұйымының жетекшісі болатын.* 6) *Тақ атты. 7) Бүгін күн ешбір оқиғасыз өтті. (В. К.)*

2. Сұраулы сөйлемнен кейін сұрау белгісі (?) қойылады. Мысалы: *Маңайлап кеп қарап түрған Шәкір мен Мұратты бір кезде Николай Трофимович қасына шақырды.*

—Сендер осы мектепте оқисыңдар ма?

—Иә, осында оқимыз, Николай Трофимович.— деді Мұрат.

—Менің аты-жөнімді қайдан білесіңдер?— деп, күлімсіреді Николай Трофимович.

—Білмегенде ше? Біз осындағы шекарашылардың бәрін танимыз.

(Б. Соқп.).

3. Лепті, бұйрықты сөйлемдерден кейін леп белгісі *(!)* қойылады. Мысалдар:

—Сәтбала, Есігіңді аш! (Ғ. Сл.)

—Мамыр біткен биылғыдай болсайшы! — деді аспанның түнгі көрінісіне сүйсінген Қайырбек. (Ғ. Сл.)

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Тіл білімінің синтаксис деп аталатын саласы нені зерттейді?*
2) *Сөйлем деген не? Сөйлеу деген не?*
3) *Сөйлемдер айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді?*
4) *Қандай сөйлемді хабарлы сөйлем дейді?*
5) *Қандай сөйлемді сұраулы сөйлем дейді? Сұраулы сөйлемдердегі сұраулық мағына қандай жолдармен беріледі?*

6) *Қандай сөйлемдерді лепті сөйлем дейді?*
7) *Қандай сөйлемдерді бұйрықты сөйлем дейді?*

144-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, сөйлем соңындағы тыныс белгіле-рінің әр түрлі болу себебін түсіндіріңдер.

1) — Қағаз да бергізбейсің бе?
—Бергізбеймін.
—Оның ағайыншылыққа жата ма?
—Ағайыншылығыңды көргем. Маған өкпең өтпейді. Қеңшілікте шаңына ілестірмейтін ең, тарыққанда табайын деген екенсің. *(С. М)*

2) - Бұлар жайында не білесің?
—Көмір іздеп жүргендер ғой. Тіпті ерінбейді. Тесе береді жерді. Бұлар келгелі екі-үш жыл болды. *(Ғ. М.)*

3) — Сырттан келгенді алмай ма?
—Неге алмасын?
—Мәселен, мені ала ма?
—Білімің толса, алады. *(М. И.)*

4) — Қошақандар тугел ме, Жаныс аға?
—Түгел ғой, қарағым. Неге түгел болмасын!
—Ертелеу бөлгеи жоқсыз ба?
—Жоқ-жоқ, қарағым. Басқа жағыңа разымын. Тек осы дағ-дыма қол сұқпасаң болды. (Ғ. Сл.)

СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ ЖӘНЕ СӨЙЛЕМДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСЫ

§ 102. Сөз тіркесі

Сөйлемге енген сөздерді сөйлем мүшелелеріне ажыратып, синтаксистік талдау жасауда белгілі қызмет атқаратын шешуші мәселенің бірі сөз тіркесі категориясы болып табылады.Өйкені сөйлемдегі сөздер қалай болса, солай орналаса бермейді. Ең алдымен жеке сөздер өзара мағыналық, грамматика-лық жағынан белгілі синтаксистік топ құрайды да, сөйлем мүшесінің қызметіне енеді.
Астық артқан он машина дымқыл боздың соны жолымен баяу қозғалып келеді (« Қаз. Әд.») деген сөйлемді алсақ, бұл сөйлемде он бір сөз бар. Ол сөздер мағыналық және грамматикалық жағынан өзара байланысып, төмендегі сияқты тіркестерге енген: *1) машина келеді, 2) қозғалып келеді, 3) баяу қозғалып, 4) он машина, 5) астық артқан, 6) соны жолымен, 7) дымқыл боздың, 8) боздың жолымен, 9) жолымен келеді*.

Ең кемінде толық мағыналы екі сөзден құралып, бірі басыңқы, екіншісі бағыныңқы болып сабақтаса байланысқан сөздердің синтаксистік тобын с ө з т і р к е с і дейді.

Кез келген екі сөзді тіркестіріп айтып, сөз тіркесін құрауға бола бермейді. Бір-бірімен мағыналық байланысы бар сөздер ғана тіркесіп, сөз тіркесі деп аталатын синтаксистік топ құрай алады.

Мысалы, ***асау, жуас*** деген сөздер жанды заттың белгісі ретінде зат есім сөзінің алдында тіркесіп айтылып, анықтауыш бола алады. Сөйте тұрса да, ол сөздер кез келген жанды затты білдіретін сөзбен тіркесе алмайды. *Асау ат, асау бие, жуас ат, жуас түйе* деп айтуға болады да, *асау қозы, асау мысық, жуас үйрек* деп айтуға болмайды. Сөз тіркесі басыңқы сөз бен бағыныңқы сөздің байланысу тәсіліне қарай екі түрлі ыңғайда құрылады.

1) Тіркеске енген сөздер бір-бірімен сатылана байланысады. Мысалы, *Біздің ескі мектебіміздің жайын өздерің білесіңдер (Ғ. Сл.)* деген сөйлемде біздің ескі мектебіміздің жайын білесіңдер деген сөздер сатылана байланысқан. Олардың байланысын кестеге түсірсек, мынаны көруге болады:

Білесіңдер
нені ?
жайын
неніңмектебіміздің
қай ? *кімніңескі* біздің

Тіркеске енген сөздердің біреуі басыңқы, жетекші сөз болып, өзгелері сол басыңқы сөзге ортақтаса байланысуы да мүмкін. Мысалы, *Олар қаладан кеше машинамен келді* деген сөйлемде бір етістік баяндауышқа қазықталып ортақтаса байланысқан мына сияқты сөз тіркестері бар:

Олар <u>келді</u> қаладан <u>келді</u> кеше келді машинамен <u>келді</u>

§ 103. Сөз тіркесіндегі сөздердің байланысу формалары

Сабақтаса байланысқан тіркестің құрамындағы сөздер әр түрлі синтаксистік тәсілдер мен морфологиялық тұлғалар ар-қылы біріне-бірі бағынып тұрып, әрқайсысы сөйлемнің бір-бір мүшесінің қызметін атқарады.

Сөздердің өзара байланысу тәсілдері негізінде біріне –бірінің бағыныңқылық қатынасын білдіретін синтаксистік тұлғаларды с ө з д е р д і ң б а й л а н ы с у ф о р м а л а р ы дейді.

Қазақ тіліндегі сабақтаса байланысқан тіркестің құрамындағы сөздердің синтаксистік банланысы бсс түрлі болып келеді: 1) қиысу, 2) меңгеру, 3) матасу, 4) қабысу, 5) жанасу.

1. Қиысу. Қазақ тілінде киысу сөйлемнің тұрлаулы мүшеле-рінің арасында — бастауыш пен баяндауыштың арасында — болып келеді. Қиысу бастауыш пен баяндауыштың жақтық және жекелік, көптік мағына мен тұлға жағынан бірдейлесуі болып табылады. Қиыса байланыскан сөз тіркестерінің басыңқысы — бастауыш, бағыныңқысы — баяндауыш болады. Сондықтан бастауыш қандай тұлғада қолданылса, баяндауыш та сол тұлғада тұрады. Мысалы:

Мен оқыдым.	*Біз(дер) оқыдық.*
Сен оқыдың.	*Сендер оқыдыңдар.*
Сіз оқыдыңыз	*Сіздер оқыдыңыздар*
Ол оқыды.	*Олар оқыды.*

Бастауыш пен баяндауыштың жақ жағынан немесе жекелік, көптік жағынан біркелкі болып байланысуын қ и ы с у дейді.

Негізінде, киысу екі түрлі болады: 1) жақтық қиысу, 2) сандық (көптік) қиысу.

Бастауыш пен баяндауыштың белгілі бір жақта тұрып байланысуы ж а қ т ы қ қ и ы с у деп аталады.

Бастауыш болып келетін сөздер, көбіне, зат есімдер мен жіктеу есімдіктері. Бұлардан басқа сөздер субстантивтеніп (затқа айналып барып) бастауыштық қызметте жұмсала алады.

Бірақ бастауыш болатын сөздердің барлығы бірдей өз баяндауышымен бір жақта келіп ыңғайласа бермейді. Жіктеу есімдіктерінен болған бастауыштар ғана, баяндауыш қандай сөз табынан болып келсе де, белгілі жақта қиысып отырады. Мысалы:

Ж е к е ш е

I. ж.	*Мен барамын*	*студентпін*
II. ж.	*Сен барасың*	*студентсің*
	Сіз барасыз	*студентсіз*
III. ж.	*Ол барады*	*студент*

К ө п ш е

I. ж.	*Біз(дер) барамыз*	*студентпіз*
II. ж.	*Сендер барасыңдар*	*студентсіңдер*
	Сіздер барасыздар	*студентсіздер*
III. ж.	*Олар барады*	*студенттер*

Бастауыш зат есім сөзінен, жіктеу есімдіктерінен басқа есімдіктерден немесе субстантивтенген өзге сөз таптарынан болып келгенде, бастауыш пен баяндауыш III жақ арқылы байланысады. Мысалы:

Бала оқыды. Балам оқыды. Балаң оқыды. Баласы оқыды.

Бұл есімдердегі тәуелдік жалғауының I және II жағы қимылды істеуші жақты көрсете алмайды. Сол сөздердің қай жақтағы адамға тән екендігін ғана көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандардан ерекше, бастауыш болатын сөз тәуелдік жалғауының қай жағында тұрса, олардың баяндауыштары да сол жақта келіп, бастауышпен жақтаса қиысатын *өз, бәрі, біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу* сияқты бір-неше сөздер бар. Олар тәуелдік жалғауын жалғап бастауыш қызметінде жұмсалғанда, оның тәуелдік жалғауы қай жақта болса, баяндауыш сол жақта қиысады. Мысалы:

Жекеше	Көпше
Өзім жаздым	*Өзіміз (бәріміз, екеуіміз) жаздық*
Өзің жаздың	*Өзіңіз (бәріңіз, екеуіңіз) жаздыңыз*
Өзі жазды	*Өзі (бәрі, екеуі) жазды*

Сөйлемде әр турлі жақтағы екі не үш бастауыш болып, олар бір баяндауышпен ғана байланысса, баяндауыш бастауышпен бірінші жақта қиысады. Мысалы: *Бұл жеңіске мен де, сен де мақтанамыз.*

Бастауыш жіктеу есімдігінен, баяндауыш есім сөздерінен болып келгенде, кейде жақтық қиысуды көрсететін баяндауыштың жіктік жалғауы түсіп қалып отырады. Бұл, көбіне, өленді сөйлемдерде кездеседі. Мысалы:

Отбасы — шағын мемлекет,
Мен — президент, сен — премьер,
Арттым саган көп міндет. (Қ. А)

Бастауыш пен баяндауыштың көптік жалғау тұлғасында бірлесіп айтылуын с а н д ы қ (көптік) қ и ы с у дейді.

Баяндауышты бастауышпен сандық (көптік) мағына жағынан қиыстыратын, әрі жақтық грамматикалық мағынаны, әрі сандық грамматикалық мағынаны көрсететін жіктік жалғаулары болып келеді.

I жақта ***-мыз, -міз, -пыз, -піз, -быз, -біз*** (бұлар етістікте көсемшенің ***-а,~е,-й*** және ***-ып,-іп,-п*** жұрнақтарынан кейін жал ғанады да, ауыспалы осы шақ не өткен шақ ұғымын тудырады. Есім сөздеріне жалғанып, баяндауыштық қызмет атқарады); ***-ды+қ, -ді+к, -ты+қ, -ті+к*** (бұл қосымшалардың бірінші бөлімі шақтық, екіншісі жақтық ұғымды білдіреді) ***;-йық,-йік, -лық, -лік*** (ұйғарынды бұйрық рай ұғымында жұмсалады). Мысалы: *Біз(дер) жазамыз, біз(дер) келеміз, біз(дер) барып-пыз, біз(дер) келіппіз, біз(дер) баламыз, біз(дер) кішіміз, біз(дер) студентпіз, біз(дер) агрономбыз, біз(дер) үлкенбіз, біз(дер) барайық, біз(дер) баралық.*

II жақта баяндауышты бастауышпен көптік мағына жағынан қиыстыратын арнаулы жіктік жалғау қосымшасы жоқ. Екінші жақтық ***-сың, -сің, -ң, -ың, -ің, -ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз, -сыз. -сіз*** қосымшаларының үстіне ***-дар, -дер*** көптік жалғауы қосылады да, екінші

жақтық баяндауыштарды көптік тұлғада айтылған бастауышпен қиыстырады:

Сендер жазасыңдар, санаңдар, айтыңдар;
Сендер келесіңдер, сөйлеңдер, келіңдер;
Сіздер санаңыздар, барыңыздар, жазасыздар;
Сіздер сөйлеңіздер, келіңіздер, келесіздер.

III жақта етістіктен болған баяндауыштар бастауышпен көптік тұлғада бірдейлесіп қиыспайды. Тек есім сөздерінен болған баяндауыштар ғана көптік жалғауы арқылы бастауышпен қиыса алады. Бірақ есімдерден болған баяндауыштардың да III жақтық бастауышпен көптік жалғауы арқылы қиысуы тұрақты құбылыс емес, кейде бұлар қиыспай да айтыла береді.
Олар — студенттер. Олар — атақты адамдар. Олар — институттың студенттері. Олар — біздің мектептің оқушылары. Олар — біздің көмекшіміз.

146-жаттығу. Төмендегі мысалдардан киыса байланыскан сөйлем мү-шелерін көшіріп жазыңдар, олардың қалай қиысқанын ауызша түсінді-ріңдер.

Осы қалаға біз қараша айының бірі күні бардық. Оған жету оңай болған жоқ. Ол — Қостанай облысының Солтүстік Қазақстан облысымен астасқан жеріне орнаған совхоз. *(С. М.)* Кел, балалар, оқылық. Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық. *(Ы.А.)* –Сен о жақты тоқтатқанша ора бересің бе? - Ора беремін. Мен бұйрық орындаушымын. Ол — ата бұйрығы.Мен пішенді орғызамын. *(М. Ә.)* Сіздер көріп тұрсыздар. Ол кісі ертеректе оқыған. Мен совет тұсында ғана рабфакты бітірдім. Екеуміз де коммуниспіз. Біріміз өлкелік комитетте, әйелдер бөлімінде, істедік, біріміз халық комиссары болдық. *(Ғ. М.)*

2. Меңгеру. Бірі басыңқы, екіншісі бағыныңқы болып сабақтаса байланысатын сөз тіркестерінің ең жиі ұшырайтын түрі — меңгеру. Меңгеруде де сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары, киысудағы сияқты, басыңқы мүшенің ыңғайына еріп белгілі жалғауда тұрады. Бірақ меңгеру мен қиысудың арасында үлкен айырмашылық бар. Егер қиысуда бағыныңқы сөз (баяндауыш) басыңқы сөздің (бастауыштың) грамматикалық мағынасы мен морфологиялық тұлғасына қарай ыңғайлас болып (бір жақта және жекеше не көпше) тұлғаланса, меңгеруде бағыныңқы сөз бен басыңқы сөздің арасында тұлғалық ыңғайластық болмайды, тек меңгеретін сөз меңгерілетін сөздің белгілі септік жалғауын-да тұруын талап етеді.

Бағыныңқы мүшенің белгілі септік жалғауда тұруы арқылы басыңқы мүшемен байланысуын м е ң г е р у дейді.

Меңгеруші басыңқы сөздер, негізінде, етістік баяндауыштар немесе етістіктен болған өзге мүшелер болып келеді. Етістіктер өздерінің лексико-

семантикалық мағыналарына сай өзімен байланысты есім сөздерінің *барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес* септік жалғауларының бірінде тұруын керек етеді. Мысалы: *оқы* (н е н і?) кітапты, журналды; *жаз* (н е н і?) хатты; *жет* (н е г е? к а й д а?) табысқа, мақсатқа, қалаға; *шық* (қ а й д а н?) үйден, кластан; *жүз* (қ а й д а?) суда, теңізде; *сөйлес* (к і м м е н? н е м е н?) Қайдармен, Бейсенмен, қаламен, үймен, телефонмен.

Меңгерілетін бағыныңқы мүшелер табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларындағы есім сөздерден болған толықтауыштар мен пысықтауыштар болып келеді.

Табыс жалғаулы тура толықтауыштарды меңгеретін — сабақты етістіктер. Өйткені, сабақты етістіктер объектімен тікелей байланысты болады. Мысалы: *оқы, жаз, тыңда, жина, сұра (-ды)₂ көзде, қала, сана, же, іш, кес, ұр, тоқы, шап,) шақыр (-ды), қама, ал (-ды), тік, жібер, қолда, бер (-ді) сой, сана, сұра, таста, кемі, азай, бас, жама* тағы осы сияқты етістіктер адамның қимыл, амал, әрекетін, ісін білдіретін сабақты етістік болады.

Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларының бірінде айтылған жанама толықтауыштар мен пысықтауыштарды меңгеретін етістіктер салт етістік болып келеді. Өйткені салт етістіктер қимылдық процесті керсетпей, адамның көңіл күйін, кісінің не басқа заттың қимылдық күйін, калпын білдіріп тұрады. Мысалы: *жыла, күл (~ді), қайғыр (-ды), қуан (-ды)₂ терле, тоң, жалық, шомыл, шошы, тырыс, есіне, қуаттан, сайра, күркіре, тула, ақса, ұлы, кісіне, мөңіре, жоғарыла, ойнақта, төменде, жымыңда* т. б.

Предикаттық (баяндауыштық) қызметтегі есім сөздері де (кебінесе сын есім сөздері) өзінің алдындағы есім сөздерінің белгілі септік жалғауда тұруын керек етіп, меңгеруші ретінде жұмсалады. Мысалы: *Мен сенен екі жас кішімін. Жақсы адам ісімен жақсы.*

Кейде есім мен етістік бірлесіп барып сөйлемнің бір күрделі мүшесі ретінде қолданылып, өзінің алдындағы есім сөзін меңгеріп келе береді. Мысалы: 1) *Абзалдардың дастарқан басындағы сөздеріне де жөнді құлақ қойған жоқ. (Ә. Ә.) 2) Алдыңғы эшелон шығысқа қарай жол тартты. (Ә. Ә.)*

147-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, әр сөйлемдегі меңгеруші сөзбен меңгерілуші сөз тіркестерін көшіріп жазыңдар. Олардын қандай мүше екенін айтып беріңдер.

Маусымбай әңгімесі Мейрамды қызықтырып барады. Ұнатқан сөзін жазып алады. Блокноттың бірінші бетін толтырды. Оқымаған, жабайы қазақтың тілі шешен, ойы орамды, құлағы тіпті түрік. Сүйінбай, Абай, Біржан, Сараларды жатқа соғады. Елден ерте кеткен, орыс мектебінде окыған жас Мейрамға қазақ шежіресі сияқты көрінеді бұл қарт. Өз елінің даналарына, олар қалдырған асыл сөздерге терең бойлап, ой елегінен өткізіп отыр Мейрам. Бұрын даналықты кітаптан, алыстан іздейтін, енді кең жатқан сөз, ой қазыналары елдің елдік зор тұлғалары көріне-
ді. *(Ғ. М.)*

3. Матасу. Сөйлемдегі сөздердің синтаксистік байланысының бір түрі — матасу. ***Ол ілік жалғаулы анықтауыш пен тәуелдік жалғауының бір жағында (көбінесе III жағында) айтылған анықталатын сөз тіркестерінің арасында келеді.*** Сөздердің қиысу, меңгеру сияқты байланыс тәсілдерінде сөз тіркестерінің өз-ара қарым-қатынастары бір жақты болып, басыңқы мүше бағыныңқы мүшенің морфологиялық тұлғасын өзіне бағындырып отырады. Ал матаса байланысқан сөз тіркестерінің ара қатынасы бір жақты болмай, бірінсіз бірі колданылмайтын, бірін бірі айқындайтын болып келеді. Сөйлемде ілік жалғаулы сөз кездессе, одан кейін іргелес келіп немесе араға бірнеше сөз салып тәуелдік жалғауы анықталатын сөздің айтылуы шарт жә-не, керісінше, сөйлем ішінде тәуелдік жалғаулы сөз айтылса, оның алдында айтылса-айтылмаса да, ілік жалғаулы анықтауыш болуы — тілдік заңды қағида. Мысалы: *Болаттың інісі келді. Болаттың қалада оқып жатқан інісі келді. Кеше қалада оқып жатқан інісі келді.*

Матаса байланысудың тағы бір көзге түсерлік ерекшелігі анықтаушы-анықталушы сөздердің тізбегі бірін бірі анықтап ширатыла береді. Мысалы:

Мектептің директоры

Мектептің директорының кабинеті.

Мектептің директорының кабинетінің есігі.

Мектептің директорының кабинетінің есігінің кілті.

Матаса байланысқан (анықтаушы-анықталушы) сөздердің басым жағы тәуелдік жалғаулы анықталушы сөз болып саналады. Оны мына сияқты жағдайлардан анық көруге болады:

Біріншіден, сөйлемдегі ілік жалғаулы анықтауышты түсіріп айтуға болады. Сөйлемнен тәуелдік жалғаулы анықталушы сөзді түсіріп айтуға болмайды.

Баланың кітабы столда жатыр деген сөйлемді *кітабы столда жатыр* деп те айтуға болады. Одан сөйлемнің мағынасына нұқсан келмейді, тек кітаптың кімдікі екеңдігі анықталмаған. Ал сол сөйлемді *баланың столда жатыр* деп қайта құруға болмайды.

Екіншіден, ілік жалғаулы анықтаушы сөздің ілік жалғау қосымшасын айтуға да, айтпауға да болады.

Ауылдың адамдары түгел жиналды.

Ауыл адамдары түгел жиналды.

Бірақ тәуелдік жалғау қосымшасын түсіріп айтуға болмайды. Онда сөйлемдегі сөздердің синтаксистік байланысы бұзылады. Содан барып сөйлемнің түсінігі көмескіленеді.

4. Қабысу. Сөйлемдегі бағыныңқы мүше мен басыңқы мүшенің ешқандай жалғаулықсыз, тек бір-біріне іргелес келіп, орын тәртібі арқылы байланысуын қ а б ы с у дейді. Қабыса байланысқан сөз тіркестері бір фразалық екпінге, бағынып, біртұтас дауыс құйылысымен айтылады. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің аралығына өзге сөздерді кіргізуге болмайды. Бола қалғанда да сөз тіркестерінің синтаксистік қатынастары өзгереді. Қабыса байланысатын сөз тіркестері анықтауыш пен анықталатын, пысықтауыш пен пысықталатын, толықтауыш пен то-лықталатын сөздер болып келеді.

Қабыса байланысатын сөз тіркестерінің бірінші сыңары зат есім, сын есім, сілтеу есімдіктері, қимыл, амал үстеулері, етістіктің есімше, көсемше түрлері болады да, екінші сыңары зат есім не етістік сөздері болады.

Зат есіммен қабыса байланысқан сөз тіркесте-ріне мысал:

З а т е с і м: *алтын сағат, қой қора, тас жол, күміс қасық, темір жол, ағаш үй, су тиірмен* т. б.

С ы н е с і м : *үлкен үй, мөлдір су, жасыл шөп, жақсы сөз, қызық кітап, тар жол, қисық ағаш, көк терек* т. б.

С а н е с і м : *жүз жылқы, мың қой, бесінші сынып, он саусақ,* т. б.

С і л т е у е с і м д і г і : *осы ауыл, ана кісі, бұл мектеп, ана жылы, сол үй, ол кітап* т. б.

Е с і м ш е : *оқылған кітап, айтар сөз, келетін адамдар, көрген кісі, оқыған адам* т. б.

Етістікпен қабыса байланысқан сөз тіркестеріне мысал:

Ү с т е у л е р д е н : *тез кетті, дәл тиді, шапшаң сөйлейді, кеш келеді, кілт тоқтады* т. б.

К ө с е м ш е д е н : *сөйлей кірді, асыға сөйледі, қырындап отырды, тұра ұмтылды* т. б.

С а н е с і м н е н : *жүз құбылды, мың толғанды, аяғын екі басты, бір қарады* т. б.

С ы н е с і м н е н : *қысқа сөйледі, көркем жазады, жақсы оқиды, ұзақ әңгімелесті* т. т.

5. Жанасу. Басыңқы мүше мен бағыныңқы мүшелердің ешқандай жалғаулықсыз және белгілі орын таңдамай, өзінің байланысатын сөзімен іргелес тұрып та, алшақтап тұрып та байланысуын ж а н а с у дейді.

Жанаса байланысатын, көбінесе, пысықтауыштар мен пысықталатын сөздер болады. Олар мына төмендегі тұлғаларда қолданылады.

1. Мезгіл үстеулерінен болған пысықтауыштар:

Кеше *ғана біздің кеме өз жерінен жүздеген шақырым қашық, алыстағы теңізде болатын. Ал* ***бүгін*** *жаға жақын және борттан жақсы көрініп тұр. (Л. К.)*

2. Септік жалғаулы есім сөзіне шылау тіркесіп айтылуымен де жанаса байланысқан пысықтауыш болады. Мысалы:

Оқушылар ***өзенге қарай*** *топ-тобымен кетіп барады.*

3. Атау тұлғалы есім сөздерінен кейін шылау сөздер тіркесіп айтылуы арқылы да жанаса байланысқан пысықтауыш жасалады. Мысалы:

Біз ***күн сайын*** *ертемен дене шынықтыру жаттығуларын жасаймыз. Ертеңгі күннің ауа райын* ***ридио арқылы*** *хабарлап тұрады.*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Сөз тіркесі деген не?*
2) *Сөз тіркесіндегі сөздер бір-бірімен қандай формаларда байланысады?*
3) *Сөз тіркестерінің арасындағы қандай байланыс қиысу деп аталады? Жақтық және сандық қиысу деген не?*
4) *Меңгеріле байланысқан сөз тіркестеріндегі бағыныңқы сөз қай септіктерде тұрады?*
5) *Қандай сөздер матаса байланысады?*
6) *Жанасу деген не ?*

148-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, сөйлемдердегі матаса, менгеріле байланыскан сөз тіркестерін көрсетіңдер. Олардын қай сөз табынан екенін, сейлемнің қай мүшесінің кызметін атқарып тұрғанын ауызша айтып беріңдер.

Спорт алаңы жасақталып болды. Мектепте жеңіл атлетика, волейбол, футбол және басқа спорт ойындарының секциялары құрылып, іске кірісе бастады.

Әр окушы өзі қалаған бір ғана секцияға мүше бола алады. Әр секция екі сағаттан жетісіне екі рет жұмыс істейді.

Балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген ынтасы ғажап еді. Олардың бірде-бірі бұл қызғылықты істен шет қалғысы келмейді.

Бұл жағдай Николай Трофимовичтің өз ісіне деген сенімін онан арман арттырып, жігерін тасытты. Оны іздеген адам қашан да мектептің спорт алаңынан, қол-сирағы күнге күйіп, тотыққан қара домалақ балалардың ортасынан, табушы еді.

Мұрат жеңіл атлетика секциясына мүше болып жазылды. Сабаққа алғыр, ұғымпаз окушыға ұстаздардың қатынасы да ерекше, мейірбан, жылы болатыны белгілі ғой. Ол Николай Трофимович тарапынаи сондай бір ұнамды қамқорлық тауып, кеңілдене түсті. (Б. С.)

XI модуль тестері

1) Сөйлемдер айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді ?
   а) 3 в) 4 с) 5 d) 6 е) 7
2) Сөйлем болу үшін негізгі шарт:
   а) бастауыш пен баяндауыштың болуы.
   в) баяндауштың болуы.
   с) міндетті түрде тұрлаусыз мүшелердің бірінің болуы.
   d) міндетті түрде тұрлаусыз мүшелердің бәрінің болуы.
   е) бастауыштың болуы
3) Сөйлемде сұраулық мағынаның берілу жолын көрсетіңіз. *Семинарда сіз де өз тәжірибеңіз туралы ой бөлісетін шығарсыз?*
   а) сұраулық шылау арқылы
   в) интонация арқылы с) көмекші сөз арқылы;
   d) сұрау есімдігі арқылы е) сөз мағынасы арқылы
4) Сөйлемде сұраулық мағына қандай жолмен берілген: *Түрген шатқалына қай жолмен баруға болады?*
   а) сұраулық шылау арқылы
   в) интонация арқылы с) көмекші сөз арқылы;
   d) сұрау есімдігі арқылы е) сөз мағынасы арқылы
5) Сұраулық мағына қай сөз арқылы берілген: *Екі-үш күн балалардың қасында болатын шығарсыз?*
   а) сұраулық шылау арқылы
   в) интонация арқылы с) көмекші сөз арқылы;
   d) сұрау есімдігі арқылы е) сөз мағынасы арқылы

6) Сөйлемдегі сөздердің қандай тобын сөз тіркесі дейді:
   а) Іргелес айтылған екі сөзді в) негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесін
   с) Ең кемінде екі сөздің тіркесінен құралып, бірі басыңқы, бірі бағыныңқы болып сабақтаса байланысқан сөздердің синтаксистік тобын
   d) Мағынасы шылау арқылы тиянақталған негізгі сөзді
   е) Сөздердің тұрақты тіркесін
7) Қазақ тілінде сөз тіркестерінің синтаксистік байланысы неше түрлі болады:
   а) 3 в) 4 с) 5 d) 6 е) 7
8) Қиысу:
   а) бастауыш пен баяндауыштың арасындағы жақтық және сандық байланыс
   в) сөздердің ешбір жалғаулықсыз іргелес тұру арқылы байланысуы;
   с) ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің арасындағы байланыс;
   d) сөздердің барыс, табыс, шығыс, жатыс, көмектес септік жалғаулары арқылы байланысуы;
   е) сөздердің септік жалғаулары арқылы байланысуы

9) Меңгеру;
   а) бастауыш пен баяндауыштың арасындағы жақтық және сандық байланыс
   в) сөздердің ешбір жалғаулықсыз іргелес тұру арқылы байланысуы;
   с) ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің арасындағы байланыс;
   d) сөздердің барыс, табыс, шығыс, жатыс, көмектес септік жалғаулары арқылы байланысуы;
   е) сөздердің септік жалғаулары арқылы байланысуы
10) Матасу:
   а) бастауыш пен баяндауыштың арасындағы жақтық және сандық байланыс
   в) сөздердің ешбір жалғаулықсыз іргелес тұру арқылы байланысуы;
   с) ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің арасындағы байланыс;
   d) сөздердің барыс, табыс, шығыс, жатыс, көмектес септік жалғаулары арқылы байланысуы;
   е) сөздердің септік жалғаулары арқылы байланысуы
11) Меңгеріле байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз:
   а) оқушы жазап отыр в) оқушының дәптері с) оқушыға сұрақ қойды
   d) ынталы оқушы;
12) Қиыса байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз:
   а) оқушы жазап отыр в) оқушының дәптері с) оқушыға сұрақ қойды
   d) ынталы оқушы;
13) Матаса байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз:
   а) оқушы жазап отыр в) оқушының дәптері с) оқушыға сұрақ қойды
   d) ынталы оқушы;

14) Қабыса байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз:
   а) оқушы жазап отыр в) оқушының дәптері с) оқушыға сұрақ қойды
   d) ынталы оқушы;
15) Қабыса байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз:
   а) ұсақ мал в) малды бордақылау с) ауылдың малы d) малды ауыл;
16) Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышының бастауышпен байланысу жолын белгілеңіз. *Өзгелер қалай жүрсе, мен де солай жүремін.*
   а) қабысу в) жанасу с) қиысу d) матасу е) меңгеру
17) «*Мен бұл кітапты оқыдым»* деген сөйлемдегі сөздердің байланысу формаларының дұрыс реті көрсетілген қатарды көрсетіңіз:
   а) қиысу, меңгеру, матасу в) қиысу, меңгеру, қабысу
   с)қиысу, матасу d) қабысу, меңгеру е) жанасу;
18) «*Сіздерге сенемін*» деген сөйлемдегі сөздердің байланысу формасы:
   а) қиысу в) меңгеру с) матасу d) жанасу е) қабысу
19)*«Ауылдың тұсында ескі ағаш көпір бар еді»* сөйлемдегі «*ағаш көпір*» тіркесінің арасындағы байланыс:
   а) қиысу в) меңгеру с) матасу d) жанасу е) қабысу
20) Қабысы байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз.

а) қалағанын алу в) күннің көзі с) келіннің төркіні
d) алтын сағат е) сабақ үстінде

21) Интонация арқылы байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз.
а) Балаларға базарлық в) Мына заман с) ауылға қайталаық
d) мақтауға тұрарлық е) Ойын-тойдың көркі

22) Түрін көрсетіңіз. *Жұмған аузын ашпау.*
а) күрделі сөз в) тұрақты сөз тіркесі с) сөйлем
d) ерікті сөз тіркесі е) фразалық тіркес

23) Матаса байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз.
а) ауыл тынысы в) Бидай өңді с) қара сұр
d) Аңшылар көрді е) Зерені тыңда

24) Қиыса байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз.
а) Жиналып жатыр в) сарай маңы с) Көңілді топ
d) Абай оқитын еді е) Үнемі оқитын

25) Басыңқы сыңары зат есімнен болған сөз тіркесін көрсетіңіз.
а) Ауылға бару в) Кейіндеп қалды с) Жаңа киім d) Ой, бәрекелді
е) Қызыл сары

XII м о д у л ь

С Ө Й Л Е М М Ү Ш Е Л Е Р І

§ 104. Сөйлем мүшелері туралы жалпы түсінік

Сөйлем ішінде айтылған әрбір сөз белгілі синтаксистік қызмет атқарады. Сөйлемдегі сөздердің бірқатары негізгі ойды білдіреді де, кейбіреулері сөйлемдегі негізгі ойдың желісі болған сөздерді анықтап, толықтырып, пысықтап тұрады.

Мысалы: *Мына жұрттың саған қадалған көзі де менің жүрегіме найза болып қадалады. (Ә. Ә.)* Мұндағы негізгі ой — көз туралы. Сондықтан *көзі қадалады* деген екі сөз сөйлемнің негізгі желісі болып табылады. Н е с і қ а д а л а д ы ?— *көзі* (бастауыш), көзі н е қ ы л а д ы ?—*қадалады* (баяндауыш). Ал қалған сөздер осы негізгі ойдың желісін құрайтыи «көзі қадалады» деген сөздерді төңіректеп жүріп, оларды анықтап, толықтырып, пысықтап тұр. Қандай көзі?—*қадалған* (анықтауыш); кімнің көзі?—*жұрттың* (анықтауыш); қай жұрттың?—*мына* (анықтауыш); кімге қадалған?—*саған* (толықтауыш); қалай қадалған?— *найза болып* (пысықтауыш); н е м е қадалады?— *жүрегіме* (толықтауыш); кімнің жүрегіне? *менің* (анықтауыш).

Сөйлем ішінде мағына жағынан да, тұлға жағынан да бір-бірімен байланысып айтылған, бір сұраққа жауап беретін бір сөзді я сөз тізбегін с ө й л е м м ү ш е с і деп атайды.

Сөйлемдегі сөздердің қандай қызмет атқарып тұрғандығын, яғни, қандай мүше екендігін, сол сөбен байланысты сөзге қосып сұрқ қою арқылы ғана анықтауға болады. Мысалы: *Қиыншылық атаулыны жеңуге болатыны коммунистерге ежелден аян болса керек. (Ғ. Сл.) Не* аян болса керек?— *жеңуге болатыны* (бастауыш). Жеңуге болатыны *қандай* болса керек?— *аян болса керек* (баяндауыш). *Н е н і* жеңуге болатыны?— *қиыншылық атаулыны* (толықтауыш). *К і м д е р г е* аян болса керек?— *коммунистерге* (толықтауыш).

Жеке бір сөзбен айтылған мүшені д а р а м ү ш е, а л бір ғана сұраққа жауап беріп, бір-бірінен бөліп алуға келмейтін екі я одан да көп сөздер тізбегінен тұратын мүшені к ү р д е л і м ү ш е дейді.

Сөйлемдегі атқаратын қызметіне карай сөйлем мүшелері негізгі екі топқа бөлінеді: а) тұрлаулы мүшелер, ә) тұрлаусыз мүшелер.

ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕР

Сөйлем болу үшін ең басты шарт — сөйлемдегі ойдың негізгі желісін құрайтын бастауыш пен баяндауыштың болуы.

Сөйлемдегі айтылған ойға негіз болатын, сөйлем құрауға қазық болатын бастауыш пен баяндауышты сөйлемнің т ұ р л а у л ы м ү ш е с і деп атайды.

§ 105. Бастауыш

Сөйлемдегі айтылған ойға негіз болып, баяндауыштағы қимылдың не басқа да сапаның иесі болатын тұрлаулы мүшені б а с т а у ы ш дейді.

Бастауыш атау тұлғалы сөз болып келеді де, к і м ? н е ? , к і м д е р ? н е л е р? к і м і м ? н е м ? к і м і ң ? н е ң ? к і м і ? Н е с і ? қ а й с ы с ы ? қ а н ш а с ы ? н е ш е у і ? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

1. ***Штурман*** (к і м?) *бағытты баяндады.* 2. ***Командир*** (к і м?) *үндемеді. (Л. К.)* ***3 .Атың*** (нең?) *әдемі екен. (Б. С.) '* 4. *Бәрекелді,* ***май*** (н е?) *келді. Маймен бірге* ***жаз*** *(н е?) келді.* 5. ***Мен*** (к і м?) *жазбаймын өлеңді ермек үшін. (А. Қ.)* 6. ***Екеуі*** (н е ш е у і?) *бірінші шахтаны өзгерту қамын қарастырып отыр. (Ғ. М.)*

Бұл сөйлемдердегі бастауыштар — *штурман, командир, атың, май, жаз, мен, екеуі* деген сөздер.

Бастауыштар бір сөзден де, бірнеше сөздердің тіркесінен де келе береді. Бір сөзден болған бастауышты д а р а б а с т а у ы ш , екі не одан да көп сөздердің тізбегінен болған бастауышты к ү р д е л і б а с т а у ы ш дейді.

§ 106. Дара бастауыш болатын сөз таптары

1. Дара бастауыштар негізінен зат есім сөздері мен есімдіктердің атау тұлғалы түрінен жасалады. Сөйлемде қолданылуына қарай субстантивтенген

(заттық ұғымда қолданылған) өзге сөз таптарынан да бола береді. _Зат есім сөздері жекеше не көпше атау тұлғада айтылып, тәуелдік жалғауын қабылдап та, тәуелдік жалғауын қабылдамай да бастауыш болады. Мысалы:
1) *Тың* ***шабуылы*** *басталды. (С. М.) 2)* ***Тұрдақын*** *екі - ұшты қалжыңмен мысқылдай күлді. (Ғ. Сл.)* 3) *Биік ағаштардың тасасында алып* ***танкілер*** *жүр. (Ғ. Мүсір.)* 4) *Сәуленің бұрынғы сыңқыл қағатын сұлу* ***үні*** *де жоқ. (Ә. Ә.)* 5) ***Адамдарың*** *мүлдем азып қалыпты ғой. (Ә. Ә.)*

2. Атау тұлғадағы есімдіктер де жекеше не көпше т үрде бастауыш бола алады. 1. ***Ол*** *ұзақ жолды үйрену сапарына, шетелдік сапарға жүріп кетті. (Л. К.) 2.* ***Олар*** *шыдата ма жерді. (С. М.)* 3. ***Өзі*** *түні бойы ұйқы көрмеді. (Л. Т.)* 4. ***Бұл*** *оның қасына ерді. (С. Т.)* 5. ***Бәрі*** *бұрынғы ескіліктерін арттағы күнге тастаған. (М. Ә.)*

3. Заттық мағынада қолданылған сын есім сөздері де атау тұлғада тұрып, тәуелдік жалғауынсыз және тәуелдік жалғау тұлғасында келіп бастауыш болады. Мысалы:
1. ***Жақсы*** *жалынсаң, кешер,* ***Асыл*** *жанысаң, өтер. 2.* ***Жақсы*** *— ай мен күндей, Әлемге бірдей. («М. М.»)*3. ***Сыпайы*** *тоңбас, қалтырар. («М. М.»)*
4. ***Аңқау*** *аңдамайды,* ***әңгүдік*** *тыңдамайды. («М. М.»)* 5. *Қорлық, мазақ көрген Ғазизаның көзінен дүниенің барлық* ***қызығы*** *кетті. (М. Ә.)*

4. Белгілі затқа тіркеліп айтылмай, заттың орнына жұмсалған және жалаң арифметикалық белгі ретінде қолданылған сан есімдер де атау тұлғада келіп бастауыш болады. Мысалы:
1. ***Алтпау*** *ала болса, Ауыздағы кетеді.* ***Төртеу*** *түгел болса, төбедегі келеді.2. Алармаңа* ***алтау*** *аз, берерменге* ***бесеу*** *көп («М. М.»)*

5. Заттық мағынада қолданылып, атау тұлғада тұрған есімше етістік пен тұйық райлы етістік те бастауыш бола алады. Мысалы: **1.** ***Тапқан*** *қуанар,* ***таныған*** *алар. («М. М.») **2.** Үйде* ***отырғандар*** *үн шығарған жоқ. (Ғ. Мүсір.)* 3. ***Барғаным—*** *жездем Болатбайдың үйі.* 4. *Солардың түрлі түспен* ***құлпыруы*** *Ботакөздің көңілін көлден тауға аударды. (С. М.)*
6. Сейлемдегі орнына қарай бастауыштың сұрауына жауап беретін үстеу, одағай сөздер де бастауыш болады. Мысалы:
I. *Оның жұмыс істеуінен гөрі* ***ұнлеуі*** *көп болды. 2. Еріншектің* ***ертеңі*** *бітпес.*

149-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, бастауыштардың астын сызыңдар. Олардың қай сөз табынан жасалғанын, қандай тұлғада тұрғанын айтыңдар.

1.Асқар таңертең кешірек тұрды. *(С. М.)* 2. Ол Мұраттың бетінен көзін тайдырып әкетті. *(Т. А.)* 3. «Кеңөріс» мысалынан біз бүгін колхозды ауыл адамдарының үш буынын көрдік. *(Ғ. Сл.)* 4. Ескі жұмысшыларды басшы қызметке батыл көтеру салтқа айналған. *(Ғ. М.)* 5. Тырағайлап шауып келе жатқан аттылардың алдыңғы екеу-үшеуі үйме-жүйме қатар жетті. *(М. Ә.)* 6. Сендер осы мектепте оқисыңдар ма? *(Б. С.) 7.* Асықпаған арбамен қоян алар. 8. Жақсы сөйлесе, аузынан гүл төгіледі, жаман сөйлесе, аузынан жын төгіледі.

(«М. М.») 9. Біреулер теңіз өмірінде болған түрлі оқиғаларды айтады. *(Л. К.)* 10. Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық. *(А. Қ.)*

§ 107. Күрделі бастауыш болатын сөз тіркестері

Бірнеше сөздер тіркесе айтылып, бір сұраққа жауап береді де, сөйлемнің кім, не жайында айтылғандығын білдіріп, күрделі бастауыш болады. Күрделі бастауыштар мына жолдармен жасалады:

1. Бірнеше сөздердің тіркесінен болған жалқы есімдер күрделі бастауыш болады. Мысалы:

1) ***Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті*** *-қазақстандағы тұңғыш жоғарғы оқу орны.*

2) ***Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*** *тікелей эфир арқылы селекторлық жиын өткізді.*

2. Кісі аты, тегі, жолдас, азамат, мырза, ханым сияқты сөздермен тіркесе айтылса да күрделі бастауыш болады. Мысалы:

1) *Конгресс жұмысына Пакистан Республикасының Премьер –Министрі* **Биназир Бхутта ханым** қатысты**.** 2) *Қасымызға Орталық Партия Комитетінің өкілі* ***Өтпеғалиев жолдас*** *келе қалды. (С. М.)*

3. Ілік жалғаудың жасырын түріндегі сөз бен үшінші жақтық тәуелдік жалғаулы сөздердің тіркесі бір атауды білдіреді де, күрделі бастауыш болады. Мысалы: 1) *Бұрын, ерте заманда,* ***Арал теңізі*** *Каспий теңізімен қосылып жатады екен. («Қазақстан тарихы»).*

4. Кісі атына сол адамның' мамандығын көрсететін айқындауыш сөздердің тіркесіп айтылуы арқылы да күрделі бастауыш жасалады. Мысалы:

1) ***Айдынғали инженер*** *әр түрлі жобаны көлденең тарта берді. (Ғ. Сл.)*

2) *— Бригадада барлығы отыз шақты ғана үй бар,— дейді* ***бригадир Елшунов Мухаметжан.*** *(С. М.)*

5. Есім сөздер мен тұйық райлы етістіктер тіркесіп айтылу арқылы да күрделі бастауыш болады. Мысалы: ***Отан қорғау*** *— Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы.*

6. Жіктеу есімдіктеріне, кісі аттарына тәуелдік жалғаулы жинақтық сан есімдер тіркесе айтылып та күрделі бастауыш бола береді. Мысалы:

1) ***Сережа екеуің*** *айырылмас дос болып кеткен едіңдер. (Ә. С.)* 2) ***Біздің шал,*** *Айым, Естай, Наташа — төртеуі жер көреміз деп кетіп, үш күнде оралды. (С. М.)* ***Сен екеуіміз*** *өлмейтін әке тауып алғанымыз жоқ па? (Х. Ер.)*

7. Субстантивтенген (заттанған) күрделі сын есімдер мен сан есімдерден де күрделі бастауыш жасалады. Мысалы: ***Сегіз жүз елу бес*** *төртке бөлінбейді.* ***Боз қасқа*** *— ең сүтті саулық.*

150-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып , бастауыш мүшелерді табыңдар. Дара бастауыштардың қай сөз табынан болып тұрғанын анықтаңдар.

1.Абай аға, мынау біздің үйлер (М.Ә.). 2.Екеуі көңілмен, көзбен ұғысса керек (Ғ. С.). 3. Сүйгенім де, күткенім де сол Нұрлан (Ә. Ә.). 4.Арбалы ауылға төніп келіп, біздің үйге бұрылды (Б. М.). 5. Біз болсақ бес-алты қырқаны сыртынан бағып отырамыз (Ғ. М.). 6. – Итбайдікі қай үй?- деп, жөн сұрады (С. М.). 7) Асқардың олай еткенін вагоннан ешкім сезген жоқ (С. М.).

151-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып , дара бастауыштың астын бір сызықпен, күрделі бастауыштың астын екі сызықпен сызыңдар. Бастауыштардың қандай сөз табынан және қандай сөз тіркестерінен болғанын көрсетіңдер.

1.Еуразия құрлығындағы 2766 мың шақырым кең алқапты Қазақстан Республикасы алып жатыр. *(«Ег. Қаз.»). 2)* Ұзыннан-ұзақ қызыл вагон тіркеген эшелон қозғала берді. *(Т. А.)* 3) Адал еңбек елге жеткізер, арам кулық елден кеткізер. *(«М. М.»)* 4) Ербол екеуің күлесің ғой. *(М. Ә.)* 5) Ахмет Қуанұлы - қазақтың профессионалдық музыкасының қара шаңырағын көтеруші. «Ол кім, бұл не?*» кітабынан).* 6)Нұрлан мен Павел оның өңінен әлденені аңғарғандай болып тұра бастады. *(Ә: Ә.)* 7) Мен мынадай болып келдім. *(С. Д.)* 8) Қайыр Аманбековұлы екеуіміз осы байлықты ашуға өзара жарысқа түскендей едік. *(Ғ. М.)*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Сөйлем мүшесі деген не?*
2) *Сөйлем мүшелері атқаратын қызметіне қарай нешеге бөлінеді?*
3) *Қандай мүшелер тұрлаулы мүшелер деп аталады?*
4) *Тұрлаусыз мүшелерге нелер жатады?*
5) *Бастауыш сөйлемде қандай қызмет атқарады?*
6) *Күрделі бастауыштар қандай сөз тіркестерінен жасалады?*

§ 108. Баяндауыш

Сөйлемде бастауыштың қимылын, ісін, жай-күйін, кім, не екенін білдіріп, сөйлемді аяқтап тұратын тұрлаулы мүшені б а я н д а у ы ш дейді.

Баяндауыш бастауыш пен жекелік, көптік, жақтық тұлға жағынан бірдейлесіп, қиысып келіп, бағыныңқы мүше болып саналады. Бірақ сөйлемдегі атқаратын қызметі жағынан бастауыштан гөрі баяндауыштың синтаксистік қызметі анағұрлым басым. Өйткені көптеген сөйлемде бастауыш айтылмайды да, оның қай жақтағы сөз екендігі баяндауыштың морфологиялық тұлғалық формасынан көрініп тұрады. *Биыл он жылдық мектепті бітірді* деген сөйлемде бастауыш айтылмаған. Бастауыштың жасырын тұрғандығынан сөйлемнің мазмұнына нұқсан келіп тұрған жоқ.

Бастауышты білу үшін к і м б і т і р д і? деп, баяндауышқа қосып сұрақ қойса, бастауыштың III жақтық ***ол*** деген жіктеу есімдігі екендігін анықтау қиындық келтірмейді. Ал сөйлем ішінде баяндауыштың айтылмауы ете сирек кездеседі. Ондай толымсыз сөйлемдер сұрауға жауап ретінде айтылған диалогті сөйлемдерде ғана кездеседі. Мысалы:

— *Орысша білесің бе?*
— *Білем.*
— *Молодец. Оқу оқыдың ба?*
— *Оқып жүрмін, үшінші сыныпта.*
— *Орысша ма?*
— *Иә. (С. М.)*

Бұл диалогте *орысша оқисың ба?* деудің орнына — *орысша ма?* деп, сөйлемнің етістік баяндауышы айтылмаған.

Баяндауыш, негізінде, етістіктерден, орнына қарай өзге сөз таптарынан да болады. Сондықтан баяндауыш н е і с т е д і? Н е қ ы л д ы? н е і с т е й д і? н е қ ы л а д ы? қ а н д а й? қ а н ш а? н е ш е? н е ш і н ш і? к і м? н е? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Баяндауыштар да құрамына қарай екі түрлі болып келеді: 1) дара баяндауыш, 2) күрделі баяндауыш.

§ 109. Дара баяндауыш болатын сөз таптары

Дара баяндауыштар, көбінесе, етістіктердің ашық рай, бұйрық рай, қалау рай тұлғаларынан болып келеді. Сонымен қатар зат есім, сын есім, сан есім,есімдіктер мен үстеулер де дара байндауыш қызметінде келе береді.Етістіктердің баяндауыш болуы мен есім сөздердің баяңдауыш болуының арасында белгілі ерекшеліктер болады. Осымен байланысты баяндауыштар екі түрлі болады: 1) етістік баяндауыштар, 2) есім баяндауыш-тар.

1. Етістік дара баяндауыштар төмендегі тұлғаларда келеді:

а) ашық райлы етістіктен болған баяндауыштар: 1) *Мен қатты* ***қуандым.*** *(Ғ. Мүсір.)*

ә) Бұйрық райлы етістіктен де дара баяндауыш болады. 1) *Шыныңды* ***айт.*** *(М. Ә.)* 2) ***Тоқта*** *түге. Қырыламысың? (М. Ә.)* 3) ***Жырла,*** *тілім,* ***Жырла*** *бүгін,* ***Жырла, сайра. Тақылда.*** *(Қ. А.) I'* **4.** Жігіттің түсін ***айтпа,*** ісін ***айт.*** *(«М. М.»)*

б) Тұйық райлы етістіктің атау түрі мен жатыс жалғаулы түрі де дара баяндауыш болады. 1) *Егіннен мол өнім алудың басты шартының бірі — тұқым-ды мезгілінде* ***себу.*** 2) *Абай әлі де кітап бетіне* ***үңілуде.*** *(М. Ә.)* 3) *Оқу түбі —* ***тоқу.*** *(«М. М.»)*

в) Есімшелер де дара баяндауыш қызметінде қолданылады. 1. *Берекелі жерден мереке* ***кетпес.*** *2. Еңбек ерлікке* ***жеткізер,*** *ерлік елдікке* ***жеткізер*** *(М.М.).*

152-жаттығу. Мәтіннен етістік дара баяндауыштары бар сөйлемдерді теріп жазыңдар да, баяндауыштардың астын сызып, олардың етістіктің қандай тұлғаларынавн жасалғанын айтып беріңдер.

I. 1) Бәрі де мектеп салатын жерге үйірілді. 2) Күтеміз деп қалды. 3) Қайрекең жүре берсе де болар еді. 4) Жаңа тез оралам деп кетіп еді ғой. 5) Қайда екен өзі? 6) Тасқа тапсырыс берген артельге барып қайту керек еді (Ғ. Сл.).

II. 1) Бүркітбайды Асқар көптен таниды. Асқар да, Бүркітбай да Андреймен қол ұстасып амандасты. 3) Бүркітбай келе жатқан жұмысын Асқарға айтқан жоқ еді, ол енді ғана білді. 4) Шай ішпей Болатбектікіне кетуге Асқар Бүркітбайдан ұялды. (С. М.) .

3. Есім баяндауыштар төмендегі түрде келеді:

а) Зат есім негізгі тұлғада тұрып та, көптік, жіктік және жатыс септік жалғауларында тұрып та дара баяндауыш болады:

*1) Отанымыз – **анамыз.***

*Біз бақытты **баламыз.** (Ә. С.).*

*Аз сөз- **алтын** (М. М.). Үлкендер **– қонақта,** жастар-**ойында** (Ғ. М.).Күш – **білімде** (М.М.).Ол екі-үш жылдан бері **зоотехник** (Ғ. Сл). Біз Алматыдан келген **қонақпыз** (Б.С.).*

ә) Сын есім сөйлемнің аяғында келіп, заттанып, атау тұлғада баяндауыш болады: *1) Мұндай үлкен шахтаны басқару сізге **қиын** (Ә. Ә.).*

*2) Өкпеңнен соққан жел **жаман**, елінен безген ер жаман. 3) Бұлттан шыққан күн **ашы,** жаман кісінің тілі **ащы** (М. М.). Күн бірде **ашық**, бірде **бұлыңғыр** (Ғ. Мүс.).*

б) сан есім сөздері сөйлемнің аяғында келіп, дара баяндауыш болады. *Артынан қуа келген қуғыншылардың саны **жетеу** (М. Ә.).*

в) есімдіктер сөйлемнің аяғында келіп, дара баяндауыш болады: *1) Шөп маясының қайда екенін білетін – **сол** (С. М.).Биылғы егістің ең бай саласы – **осы** (Ғ. М.).Расымды айтайын, пішеншілердің ішіндегі ең шыдамсыздауы **менмін** (С. М.).*

г) мезгіл және мекен үстеулері де сөйлемнің аяғында келіп, дара баяндауыш болады. *1) Олардың қаладан келгені **кеше.** 2) Ауырғаның **кеше,** жазылғаның **бүгін.** 3) Оның үйі **төменде.***

ғ) зат есім сөздеріне ***–нікі, -дікі, -тікі*** қосымшалары жалғанып та дара баяндауыш жасалады. *1) Қазына әуелі **жұмысшылардікі (** Ғ. М.). 2) Бұйрық **осынікі** (М.Ә.).3) Үнімдегі зар да, өңімдегі мұң да сол **намыстікі** (Ә. Ә.).*

*4(Жиналыс бір шахтанікі ғана емес, бүкіл **Қарағандынікі** (Ғ. М.).*

153- жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып. Етістік баяндауыштардың астын бір сызықпен, есім баяндауыштардың астын екі сызықпен сызыңдар. Баяндауыштардың қандай сөз табы мен қандай тұлғаларда тұрғанын айтып беріңдер.

1.Күн бүгін сылбыр. 2) Жол жаман (Ғ. М.). 3) Асқар заводта Сағитты кездестірді (С. М.). 4) Оың көзінің мөлдір қаралығы, дене сымбаты мүлде өзгеше (Ғ. М.). 5) Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ (М. М.). 6). Жырла, тілім, өмір сырын, шық майданға, тақылда (Қ. А.). 7.) Баймахан Жомарттың кабинетіне кірді (Ғ. М.). 7) Өзі ақын, өзі топта суырылып озған шешен (Ғ. Сл). 9) Алдымен жүретін – Әбіш (М. Ә.). Сәуле екеуміздің мақсатымыз - осы шабуылға бүкіл Қарағандыны көтеру. 11) Оның жолы - мынау комбайн (Ә.Ә.). 12) Жұмыстан бос уақыт болатын (Л.К.). 13) Бір қадам шегінбе (Т. А.).

14) Түрлі күй жер мен көкте саңқылдайды,
Сұңқылдап аққу, қаздар қаңқылдайды.
Сыпылдап әуеде ойнап, төңкеріліп,
Көк мойын сұқсыр үйрек жарқылдайды (С. С.).

§ 110. Күрделі баяндауыш болатын сөз тіркестері

Күрделі баяндауыштар құрамы жағынан, негізінде, үш түрлі болып келеді:1) Етістік күрделі баяндауыш 2) Есім күрделі баяндауыш 3) Етістік пен есімдерден болған баяндауыш.

1) Етістік күрделі баяндауыш. Бірнеше етістік сөздері тіркесіп айтылып, бір сұраққа жауап береді де, таза етістік баяндауыштар деп аталады. Етістік күрделі баяндауыштардың құрамына енген сөз тіркестерінің біріншісі баяндауыштық ьұғымға ие болатын негізгі етістік болып саналады да, қалғандары көмекші етістік болып келеді.Баяндауыштық ұғымға ие болатын негізгі етістік көсемше я есімше тұлғасында айтылады. Кейінгі көмекші етістіктер негізгі етістіктің грамматикалық мағынасын тиянақтау үшін қолданылады. Сондықтан сөйлемнің бастауышы ең соңғы көмекші етістікпен қиысады. *Жақсылық та, Мұхит та ойланып қалды* деген сөйлемде күрделі баяндауыш – *ойланып қалды*. Мұнда екі етістік бар, біріншісі – *ойланып* көмекші етістік те, екіншісі – *қалды* көмекші етістік.Өйткені бұл екі етістік арқылы айтылған ой – Жақсылы пен Мұхиттың ойлануы. *Қалды* деген көмекші етістік бұл тіркесте өзінің бастапқы мағынасынан айырылып, *ойланып* деген негізгі етістікті шақтық, жақтық грамматикалық категория жағынан тиянақтап тұр.

Етістік күрделі баяндауышқа мысалдар:

1) *Көкжиектен көтерілген манағы көк ала бұлттар бірте-бірте тұтасқан қара бұлтқа айналып, салмақпен көтеріліп* ***түнеріп келеді екен.*** *(Ә. Ә.)* 2) *Күн* ***еңкейіп барады.*** 3) *Осы кезде Қайырбек те, Михаил да сақылдап* ***күліп жіберді (Ғ.*** *Сл.)*

2)Есім күрделі баяндауыш. Бірнеше есім сөздері тіркесіп, бір сұраққа жауап береді де, есім күрделі баяндауыш деп аталады. Олар төмендегіше болып келеді:

а) Ілік септік жалғаулы анықтауыш сөз бен тәуелдік жалғаулы анықталушы сөздердің тіркесі бір сұраққа жауап беріп, есім күрделі баяңдауыш жасайды. Мұндайда ілік жалғауының қосымшасы ашық түрде де, жасырын түрде де болуы мумкін. *Европа мен Азия құрлықтарын бөліп жатқан – көне* ***Орал таулары.*** 2) *Жамбыл—* ***халық ақыны.***

Анықтауыш пен анықталушы катынастағы сөз тіркестерінің бәрі бірдей предикаттық (баяндауыштық) қызметте тұрып, күрделі баяндауыш бола бермейді: *Ол — көп оқыған адам.* Бұл сөйлемдегі бастауыш — *ол,* баяндауыш — *адам.* Өзгелері—есім баяндауышты анықтап тұрған сөздер.

Кейбір сөйлемдердің бастауышы да, баяндауышы да күрделі болып келеді. 1) *Бұл күнге дейінгі қоғам тарихы — тап тартысының тарихы.* Бұл сөйлемнің бастауышы — *қоғам тарихы,* баяндауышы — *тап тартысының тарихы.* Мұндай сөйлемдердегі күрделі бастауыш белгілі істі, құбылысты атайды да, баяндауыш сол құбылыстың маңызын баяндайды.

ә) Күрделі сан есімдер атау тұлғада, жатыс септік және жіктік жалғаулары тұлғасында келіп, есім күрделі баяндауыш болады. 1) Менің жасым – қырық тоғызда. 2) Бес жердегі тоғыз – қырық бес. 3) Сиыр – төрт жүз, жылқы – мың үш жүз (Ғ. М.).

б) Сан есім сөздері және шама мен мезгілді білдіретін зат есім сөздері тіркесіп айтылу арқылы да есім күрделі баяндауыштар жасалады. *1(Бұл костюмнің бағасы –* ***жетпіс бес мың теңге.*** *2) Елден шыққалы* ***бір ай он жеті күн*** *(Ғ. М.). 3) Бүгінгі күнге шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатындардың қала бюджетіндегі үлесі* ***он алты пайыз****.4) біздің ауыл қаладан* ***қырық бес шақырым.***

154-жаттығу. Әуелі етістік күрделі баяндауышы бар сейлемдерді, со-дан кейін есім күрделі баяндауышы бар сөйлемдерді теріп жазыңдар.

1)Нұрлан мен Павел мінген машина аэродромға баратын жолдың үстінде жұлдыздай ағызып келеді. 2) Неге екені белгісіз Шалтайдың кескінді жүзі лезде бұзылып сала берді. *(Ә. Ә.)* 3) Шаруашылық ауласы мен өсімдіктер жылыжайының арасы 500 метрдей («С. *Қ.»)* 4) Мына жігіт — Әшірбек Қалмақанов. 5) Кокс — ендірістің ең құнарлы азығы. 6) Телефон қоңырауы әңгімені бөліп жіберді. *(Ғ. М.)* 7) Өзі және Баршагүл тіктеп бір қараған емес. *(Ғ. Сл.)* 8) Мамам екеуіміз үйге кайтып келе жатырмыз. 9) Итбай үш қанат қара құрым үйге сып беріп кіріп кетті. *(С. М.)* 10) Өзге жеті-сегіз жыртық лашық — малшылар үйі. *(М. Ә.)* 11) Дәрбісәлі Мұраттың бетіне оқшия бір қарап алды да, күліп жіберді. *(Т. А.)* 12) Біздің кеме пароходты тарта бастады. (Л. *Қ.)*

3.Есімдер мен етістіктерден болған күрделі баяндауыштар.

Есімдер мен етістіктер тіркесіп айтылып, бір сұраққа жауап беріп, күрделі баяндауыш болып келгенде, негізгі баяндауыштық ұғым есім сөзіне болады. Етістікер оларға көмекшілік қызметте қолданылады. Сондықтан көмекші

етістіктер есім сөздеріне жақтық, шақтық грамматикалық мағына беріп, есімдердің баяндауыштық қызметін тиянақтау үшін жұмсалады.
Мұндай күрделі баяндауыштардың бірінші сөзі зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, еліктеіуш сөздердің бірі блады да, екіншілері *еді, екен, емес, ет, бол, көр* сияқты көмекші етістіктердің бірі болады. Кейде өмекші ретінде *керек, тиіс, шығар, болар, сияқты* сөздердің бірі де қолданылады. Мысалы: *1) Көк жасыл кең аллеялардың бәрі де қазір кең* ***арна секілді.****(Ә.Ә) 2) Я, Бексұлтан аға, аялдай тұрған* ***жөн болар.*** *3)Шынында, Сатқын, Баршагүлдің жанына тиетін* ***сөз тастаған сияқты.*** *(Ғ.Сл.) 4) Жұмысшы көпті қысқа дейін үйге орналастыру –мұның да бүгінгі зор* ***уайымы еді.*** *(Ғ.М.)*

155 –жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден есімдер мен етістіктерден болған күрделі баяндауыштарды теріп жазып, олардың әрбір сыңарларының қандай сөз табы мен қандай тұлғада келіп тұрғандығын айтып беріңдер.

1.Қуып айдап салу және жол емес. 2) Сол жауыз айтақтайды деп ит болушы ма ем. (М.Ә.) 3) Міне, сенің тентектігің осындай еді ғой. 4) Мен жылан шағып алған біреу ме деп қалсам. (Б.С.) 5) Содан кейін командир рұқсат берді. 6) Басындағы адам қазір –ақ теңізге құлап кеткелі тұрғандай. (Л.К.) 7) Біз бұрын екеу едік, енді үшеу болдық. 8) Алдыңғы эшелон шығысқа қарай жол тартты. (Ә.Ә) 9) Мәліш қойдың еті бөкеннің етіндей тығыз келеді. 10) Патша үкіметі ұлықтарының жазықсыз ұрғаны жалғыз Кенжетай емес. 11) Өйткені заңда жиырма беске келмеген жігіт болыс бола алмайды. 12) Әлде, сол жалауды тіккен осы ма екен? (С.М.) 13) Бәрі оны аңдып тұрған сияқты. 14) Сөйлемейтін, жиылысқа көп келмейтін бұл Иван осы Қарағандының кәрі тарихы тәрізді еді. (Ғ.М.)

§ 111. Бастауыш пен баяндауыштың арасында сызықша қойылатын жағдайлар

Бастауыш та, баяндауыш та есім сөздерінен болып, есім сөздерінен болған баяндауыштар жіктік жалғаусыз, көмекші етістіксіз атау күйінде айтылса, бастауыш пен баяндауыштың арасында, яғни бастауыштан кейін, сызықша (—) қойылады. Арасына сызықша қойылып жазылатын бастауыш пен баяндауыш ауызекі сөйлеуде дауыс ырғағымен (интонациямеи) бөлініп айтылады. Сызықша мынадай жағдайларда қойылады:

1. Бастауыш атау тұлғадағы зат болып, баяндауыш жіктік жалғаусыз затесім я зат есім орнындағы сөз болып келсе, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

1) *Аяқ — азамат, қол - мүлік, бас — сандық, тіл— кілт. («М. М.») 2) Ата — бәйтерек, бала — жапырақ. («М. М.»)* 3) *Адам—ардақты ат.(М.Г.)* 4) *Құрманғазы— қазақ халқының атақты композиторы.*

2. Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғадағы сан есім болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. *Бес жердегі бес—жиырма бес.*

Жеті жерде жеті — қырық тоғыз..

3. Бастауыш сілтеу есімдігінен я жіктеу есімдігінің ІІІ жағынан болып, өзінен кейінгі сөздің анықтауышына ұқсап, шатасып кететін жағдайда, баяндауышы қай сөз табынан жасалса да, бастауыштан кейін сызықша қойылады . 1. *Бұл*—Ақ орданың *жаңа көрінісі._ 2) Ол — агротехникалық шараларды дұрыс қолданудың жемісі. Бұл—романдағы басқа кейіпкерлердің ісінен көрінеді.*

4. Бастауышы тұйық райлы етістік болып, баяндауышы зат есімдерден болып келгенде, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

1) *Егістік жерге* ***қар тоқтату****— мол өнім алудың басты* ***шарттарының бірі***.. 2) *Сондықтан қазір оған* ***мал шығару*** *– бар қиындықты* ***тілеп алумен бірдей*** *(«С. К») –*

5) Бастауыш есім сөзі болып, баяндауыш тұйық райлы етістік болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады: *1) Біздің алдымыздағы ең жауапты* ***міндет*** *– қысқы сессияны ойдағыдай әзірлікпен* ***қарсы алу.***

6) Бастауыш есімше болып, баяндауыш есімше не есім сөздерінің бірі болып келсе, бастауыштан кейін сызықша қойылады. 1***) Аңдамай сөйлеген-*** *ауырмай* ***өлер****. 2)* ***Көрмес****-түйені де* ***көрмес.*** *(« М.М.»).*

7) бастауыш пен баяндауышты байланыстырушы *дегеніміз* (деген) деген сөз тұрса, одан кейін сызықша қойылады. 1) ***Мия*** *дегеніміз – қоймалжың қорыс* ***батпақ.***

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Баяндауыш сөйлемде қандай қызмет атқарады?*
2) *Баяндауыштар қандай сөз таптарынан жасалады?*
3) *Күрделі баяндауыштар қандай сөз тіркестерінен жасалады?*
4) *Бастауыш пен баяндауыштың арасына қандай жағдайларда сызықша қойылады?*

156-жаттығу. Мәтінді тыныс белгісін қойып, көшіріп жазыңдар. Баяндауыштардың астын сызып, қандай баяндауыш екенін айтып беріңдер.

І. Ашу адамның дұшпаны. Ақыл адамның досы. Ел құлағы елу. Бұлт ала, жер шола. Көз қорқақ, қол батыр. Ас адамның арқауы. Жақсы сөз жарым ырыс. Еңбек түбі береке, көптің түбі мереке.Ер қаруы бес қару.жері байдың елі бай. (« М.М.»).

ІІ. 1) Сайлаушылар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу – сайлаушылар штабы мүшелерінің басты міндеті. 2) Қазақ ғылым академиясының ашылуы қазақ халқының кеңес дәуірінде қолы жеткен ұлы табыстарының бірі. 3) Әбдрештің мақсаты әйел бостандығын ойыншық етукеңес өкіметінің жұмысна әлі келгенше кеселін тигізу. 4) «төрем» дегені

жақсылық дейтін жас бала жігіт.5) Арамдық мінезге қаны қайнағандардың бірі Әміржан.Өтебай ауылнай. Құдайқұл қажының Кәкіші хатшы. (Б.М.).

157-жаттығу. Сөйлемдердің бастауышы мен баяндауышын ажыратыңдар.

1.Ісіміздің қарқыны мен көлемін айқындау үшін бір ғана салыстыруды келтірсек те жеткілікті (Ғ. М.). 2. Шеген аға, бақшаға барсам қайтеді ? (Ғ. М.). 3. - ... Бұл үйде шолпы тағарлық екі-ақ кісі болуға лайық . (Ә. Ә.). 4. Бұланбайды танып, лайықсызданып та қалған сияқты (Ғ. М.). 5. Осынша кең үйге жиналған жүк те жоқ. Бұл-дүниелік үю үшін емес, иесінің рахаты үшін жасалған үй. Бұхара, Хиуа арқылы келдік, бүгін ғана қолға ұстандық деп тұр. 6. Күміс жапқан төрт адалбақан екі-екіден бөлініп, екі босағаға жақын орнапты. Табалдырықтан бастап төрге дейін төселген түкті кілемдер табаныңнан тартып былық-былық етеді (М. Ә.).

§ 112. ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕР

Адамның айтайын деген ойы үнемі жалаң бастауыш пен баяндауыштан ғана тұра бермейді. Кейде бастауыштың заттық, сапалық қасиеттерін анықтап, баяндауыштың қимыл, амал - әрекетін обьектілермен толықтырып, мезгіл, мекен, себеп , мақсат тағы басқа да күй-жайын пысықтап, айтылуға тиісті ойды кеңітіп, салаландырып сөйлеу де керек болады. Мысалы, *Бала оқыды. Ол келді* дегенде, екі тиянақты ойды білдіретін екі сөйлем бар. Бұл сөйлемдердегі негізгі ой *бала, ол* жайында айтылған. Сонымен бірге олардың оқығандығы, келгендігі айтылған.Сөйлем жалаң бастауыш пен баяндауыштан ғана құралып тұр. Ал *Бұл бала кітап оқыды. Ол кеше ауылдан келді* деген сөйлемдерде ой біркелкі толықтырылған. Бірінші сөйлемде баланың қандай екендігі анықталған да, баяндауыштағы қимылдың неге жұмсалғандығы – обьектісі көрсетіліп, толықтырылған. Екінші сөйлемде баяндауыштағы келу қимылының қашан болғандығы , қайдан шыққандығы көрсетіліп пысықталған.

Сөйтіп, **бастауыш пен баяндауышты төңіректей, солар арқылы негізгі ойды тиянақтау үшін айтылған сөйлем мүшелерін т ұ р л а у с ы з м ү ш е л е р** дейді.

Тұрлаусыз мүшелер үш түрлі болады: 1) толықтауыш, 2) анықтауыш, 3) пысықтауыш.

§ 113. Толықтауыш

Толықтауыш сөйлемде етістік баяндауышпен және етістіктен болған басқа мүшелермен байланысты болады.Толықтауыш етістіктен болған баяндауыштағы және етістен болған өзге мүшелердегі айтылған амал-әрекетті, қимылдық процесті тиянақтап, толықтырып тұрады.

Студент оқыды десек, оқушы не тыңдаушы адамдар істі істеуші адам мен оның істеген қимылын түсінеді. Грамматикалық жағынан керекті тұрлаулы

мүшелері бар , дұрыс құрылған жай сөйлемді көреміз. Бірақ сөйлеушінің ойы өрістетілмей, келте жалаң түрде айтылған. Студенттің оқығаны белгілі де, нені оқығаны белгісіз. Егер осы сөйлемге *кітапты* деген сөзді қосып, *студент кітап оқыды* десек, сөйлемдегі айтылуға тиісті ой айқындала түседі. Бұл сөйлемдегі *кітап* деген сөз н е н і о қ ы д ы ? деген сұраққа жауап болады. Тұлғалық және мағыналық жағынан *оқыды* етістігіне бағынышты болып, сол етістік мағынасындағы қимылдық процестің әрекетіне ұшыраған затты көрсетіп, баяндауыштың қимылын толықтырып тұр.

Толықтауыш үнемі етістік баяндауышты ғана толықтыра бермейді. Етістіктен болған өзге мүшелердің де мағынасын толықтырып тұрады. Жоғарыда келтірілген мысалдағы *оқыды* деген баяндауышты өзгертіп, анықтауышқа айналдырып: « *кітап оқыған студенттер түсінгендерін жазып алды»* десек, кітап сөзі *оқыған* деген есімшедегі болған анықтауыштың қимылдық мағынасын толықтырып тұр.

Сөйтіп, **сөйлемдегі етістіктен болған баяндауыштың және етістіктен болған басқа мүшелердің қимылдық мағынасын толықтырып, атау мен іліктен басқа септік жалғауларының бірінде келіп, солардың тікелей сұрағына жауап беретін тұрлаусыз мүшені т о л ы қ т а у ы ш** дейді.

Толықтауыш к і м д і ?, не н і ?, к і м г е ?, н е г е ?, к і м де ?, н е д е?, к і м н е н ?, н е д е н ?, к і м м е н ?, н е м е н ?, к і м т у р а л ы ?, н е т у р а л ы ? к і м ж ө н і н д е ?, н е ж ө н і н д е ? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

1) *Біздің кочегар* ***хат*** (н е н і ?) *жіберді.* 2) *Мен* ***сені*** (кімд і ?) *өте сағындым. (Л. К.)* 3) *Мен* ***оны*** (н е н і ?) *кейін білдім. 4)Өзеннен* (н е д е н ?) *өткелі он шақырым жүрдік.* 5) ***Жұманда*** (к і м д е ?) *үн жоқ. (F. Мүсір.)* 6) *Осы кезек бір күні* ***Алтынсарыға*** (кімге?) *келді.* 7) ***Біздеn*** (кімнен?) *айып алмас.* 8) *Жіңішке* ***жолмен*** (н е м е н ?) *бір пар атты келеді. (С. М.)*

Бұл сөйлемдердегі *хат (ты), сені, оны* деген сөздері табыс жалғауының жасырын, ашық түрлерінде тұрып, н е н і? К і м д і ? деген сұрауларға жауап беріп, *жіберді, сағындым, білдім* деген сабақты етістіктерге меңгеріліп, тура толықтауыш болып тұр. *Өзеннен, біздеn* деген сөздер шығыс жалғауында келіп, *Жұманда* деген сөз жатыс жалғауында, *Алтынсарыға* деген сөз барыс жалғауында, *жолмен* деген сөз көмектес жалғауында келіп, н е д е н ? к і м н е н ? к і м д е ? к і м г е ? н е м е н ? сұрауларына жауап беріп, *өткелі, айып алмас, үн жоқ, келеді* сөздеріне меңгеріліп, жанама толықтауыш болып тұр.

Толықтауыштар, көбінесе, етістік баяндауышты толықтап тұрады. Бірақ сөйлем ішінде етістіктен болған бастауышты да, анықтауыш пен пысықтауышты да, толықтауышты да толықтырып келе береді.

1. *Мұнда әкімшілік тарапынан да, кәсіподақ комитеті тарапынан да міндеттеменің орындалуын тексеру, бақылау соңғы кезге дейін жеткіліксіз болды. («С. Қ».)* 2. *Бірақ қаз тобына айқасқан белгісі көрінбейді.* 3) *Ал Байқошқарға келгелі жинақталып жазылған жоқты. (С. Бег.)* 4) *Атаңнан мылтық атуды да үйрен.*

Бұл сөйлемдердегі толықтауыштар сөйлемнің әр түрлі мүшесін толықтырып тұр. Бірінші сөйлемде *орындалуын* деген табы септік жалғаулы толықтауыш *тексеру, бақылау* деген атау тұлғалы тұйық райлы етістіктен болған бастауышты; екінші сөйлемде *тобына деген* барыс жалғаулы толықтауыш *айқасқан* деген өткен шақтық есімшеден болған анықтауышты; үшінші сөйлемде *Байқошқарға* деген барыс жалғаулы толықтауыш *келгелі* деген көсемшеден болған пысықтауышты; төртінші сөйлемдегі *мылтық- (ты)* деген табыс жалғауының жасырын түріндегі толықтауыш *атуды* деген табыс жалғаулы тұйық райлы етістіктен болған толықтауышты толықтырып тұр.

158-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазыңдар. Толықтауыштардың астын сызып, толықтауыштан кейін жақшаның ішіне сұрауларын жазыңдар. Қандай мүшелерді толықтырып тұрғандығын айтындар.

I. Абайдың жаңа Некрасовты аузына алғаны тегін емес болатын. Ауыл қыстауға қонғаннан бері, Абай өзі Некрасовты ерекше пейіл бере оқыды. Және осы күздің бірер күнінде, оңаша шақта Дәрменге Некрасовтың бірнеше өлеңін, дастанын әдемі әңгіме етіп, шебер тілмен жеткізіп берген . «Крестьян бұқара халықтың ішіндегі шынды, наразы көңілді, қайғылы халді айтуда ең үлкен үлгі беретін ақын осы»,— деп баяндаған. *(М. Ә.)*

II. Алатауға жанарын
Аударса бір ай күліп,
Алтын балға-орағын
Аймағым тұр Айға іліп.

Көрсең қыран серіні
Ұшқан тауға өрмелеп.
Зырлады жер серігі
Жерді айнала дөңгелеп. *(Т. Ж.)*

III. Жалпақ жаз. Сай-салада сағым ойнаған саршаның тамызы. Саясыз жайлаудың жан-жануарлары көлге тығылып қана сая табады. Күннің көзінен өзі де күн ұзын көлге шомылып жанын сақтағандай... Шалқиған шаңқай түс кезінде адамның көлеңкесі де саялауға жер таппай баурына кіріп кетеді. Жалғыз-ақ, жүні түспеген кепей тайыншаға ұсап, қойшы-малшылар ғана жалба-жұлба тері тон мен жабағы күпісін тастай алмайды. Қойшылардың өздері күнге күйіп құрысып, кішірейіп, күпілері ғана өсіп бара жатқан сияқтанады. *(Ғ. Мүсір.)*

§ 114. Толықтауыш болатын сөз таптары

Толықтауыштар да, тұрлаулы мүшелер сияқты, сөз таптарының барлығынан белгілі морфологиялық тұлғада тұрып жасала береді.

1. Барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларындағы зат есім сөздері етістікке меңгеріліп толықтауыш болады.

1) *Бас конструктор да* ***қабағын*** *шытып, тымырая қалды. (Т. Нұрт.)* 2) ***Теңбілкөкпен*** *шабатын баласы Қайыркен көрінеді. (Ә. К.)* 3) *Жұмсақ вагондардағы жолаушылар* ***орындарынан*** *тұрып****, төсек-орындарын*** *жинастырып жатыр.(С.О.)*

4) *Асылтастың* ***ойында*** *тұк жоқ, күле сөйлейді. (Т. А.) Ъ)Жанна* ***Ақанға*** *тым суынып қалғандай. (Т. Ә.)*

2. Заттық ұғымда қолданылған сын есім, сан есім, есімдік, есімше, тұйық райлы етістік, үстеулер де атау мен іліктен баска септік жалғаула-рында тұрып толықтауыш болады.

1) *Оның қуанышы, бақыты* ***өзіне*** *қайтты. (С. Ер.)* 2) ***Ыстығы*** *мен* ***суығына*** *бірдей төздірген игілікті еңбек.* 3) ***Жылқыға*** *менің кімді жібергім келгенін енді ұқтың ба? (М. И.)* 4. ***Одан*** *қатты жүруші болма! («Қ. Әбд.»)* 5) ***Маған*** *олардың бәрі Саржанды жерлеуге жиналып отырғандай көрінді. (Ә. Ә.)* 6) ***Бестен*** *үшті алса, екі қалады.* 7) *Жақсыны жамандаса, аруағы тасады.* ***Жаманды*** *жамандаса, құты қашады.* 8) ***Қорыққанға*** *қос көрінер. («М. М».)*

3. Зат есім, есімдік, тұйық райлы етістік сөздеріне *туралы, тақырыпты, жайында, жөнінде* сияқты шылаулардың бірі тіркесіп айтылса, толықтауыш болады.

1) *Кеше студенттерлің жалпы жиналысында* ***тәртіп туралы*** *мәселе қаралды.* 2) *Кеше Премьер-министр өнеркәсіптің жұмысын жоғары сатыға* ***көтеру туралы*** *облыстарға арнап жабық хат қабылдағандығын айтты. (Т. Нұрт.)*

3) *Екеуі егіндік жерлерді суландыру* ***жайында*** *бірсыпыра кеңесті. (Ғ. М.)* 4) *Жиналыста сен* ***жөнінде де*** *біраз талас болды.* 5) *—****Жүрек туралы*** *диссертация қорғап жатқан қайсың? —* деп, көңілсіз күлді. *(Т. Ә.)*

159-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазындар. Әр сөйлемдегі толықтауыш-тардың астын сызып, олардың қандай сөз табынан болғандығын және қан-дай мүшені толықтырып тұрғандығын, қандай сұраққа жауап беретіндігін ай-тындар.

— Бүгінгі өткен той қызығында да талай түйін жатыр, жолдастар. Ойында да мақсат бар. Ең бір жарқын түйінді «Кеңөріс» адамдарының басынан қармап қалғандаймыз. Оның адамдары бүгін үш бәйгені қоса соқты. Еңбектегі ұйымшылдык, ыкылас ойында да көрінбек. Сайыста күш қана керек пе? Жоқ, оған күшпен қоса күреске деген табандылық, амал-айла да керек. Еп пен ақыл керек. Ойы жоқ бастық білегіндегі құр күш ештеңені де ұқсата алмайды.Үстіндегі адамы билей алмаса, қанша жүйрік атың да жүлде ала алмайды. «Кеңөріс» адамдары, міне, осындай. Енді осы көрген қызық, осы жарастығымызбен ілгері жұмыс майданының қамына кірісеміз. Қазір күн

еңкейді. Бәріміз де қонысқа тараймыз. Ертең елең-алаңда еңбек мейрамын бастаймыз, - деп, жақсылық иегін шығыс беттегі шыңдарға қарай бір нұсқап тоқтаған-ды (Ғ. Сл.).

§ 115. Тура толықтауыш пен жанама толықтауыш

Толықтауыштар сөйлемдегі етістіктен болған мүшеге меңгеріліп, белгілі септік жалғауы тұлғасында қолданылып, өзін меңгеретін етістіктен болған мүшемен мағыналық жағынан тығыз байланысты болады. Байланысу түріне қарай толықтауыштар екі түрлі болады: 1) тура толықтауыш, 2) жанама толықтауыш.

1. Тура толықтауыш. Тура толықтауыштар морфологиялық тұлғалық жағынан табыс септік жалғауында болып келеді де, өзін меңгеріп тұратын етістікке мағына жағынан кірігіп тұрады. Ондай толықтауыш сөйлемде айтылмаса, меңгеріп тұрған сабақты етістіктің мағынасы олқыланып, ой жеткілікті түрде тиянақталмайды. Мысалы, *Ботакөз үйге от (ты) жақты (С. М.)* деген сөйлемдегі *от* сөзі — тура толықтауыш. Оны сөйлемнен түсіріп, *Ботагөз үйге жақты* дейтін болсақ, *от (ты)* сезінің орны ойсырап тұрады, сөйлемнің мағынасына айтарлықтай олқылық келтіреді, өйткені табыс жалғаулы тура толықтауыш болатын сөздің мағынасы өзін меңгеріп тұрған сабақты етістіктің мағынасымен ұласып кірігіп жатады.

Табыс септік жалғауы тұлғасында айтылып, сөйлемдегі сабақты етістіктен болған мүшеге меңгеріліп, к і м д і? н е н і? деген сұраққа жауап беріп тұратын толықтауышты т у р а т о л ы қ т а у ы ш деп атайды.

1) *Аспандағы әрбір* ***жұлдызды*** *есепке алды. (Л. К.)* **2)** ***Жауды*** *аяған жаралы болады. («М. М.»)* 3) *Штурман* ***бағытты*** *баяндады. (Л. К.)* 4) *Ұзамай Антонов* ***ауылды*** *қайта шапты. (Ғ. Мүсір.)* 5) *Ол орысша* ***хат*** *танып қалған еді. (М. Ә.)*

Тура толықтауыш табыс септік жалғауының жасырын (жалғаусыз) түрінде де, ашық (жалғаулы) түрінде де қолданыла береді.

Тура толықтауыш болатын табыс жалғаулы сөз жалпы затесім болып, өзін меңгеретін етістік сөзімен іргелес айтылса, табыс жалғауы қосымшасыз (жасырын) түрде колданылады.

1) *Ол* ***балық*** *аулады.* 2) *Мен* ***хат*** *жаздым.* 3) *Сен* ***кітап*** *оқыдың.*

Тура толыктауыш болатын табыс жалғаулы сөз төмендегідей жағдайларда ашық (жалғаулы) түрде қолданылады.

1. Табыс жалғаулы тура толықтауыш өзін меңгеретін етістік сөзімен іргелес айтыла тұрса да, ол толықтауыштың алдында анықтауыш болса, табыс жалғаулы сөз ашық (жалғаулы) түрде қолданылады.

1**)** *Мен бұл* ***кітапты*** *оқыдым.* **2)** *Біз осы* ***малды*** *бақтық.* 3) *Ақылиманың қолындағы* ***хатты*** *алды. (Ғ. Мүсір.)*

2. Тура толықтауыш болатын табыс жалғаулы сөз жалпы зат есім болып, оны меңгеретін сабақты етістікпен екі арада басқа сөз болса, табыс жалғаулы сөз әр уақытта да ашық (жалғаулы) түрде қолданылады.
1) ***Өлеңді*** *мен жазбаймын ермек үшін.* ***(А. Қ,.)*** **2) *Кітапты*** *сен оқыдың.* 3) ***Шыбықты*** *ат қылып мінген балалар темір дөңгелектен арба жасап жүгіртіп жүр (Ғ. М.)*

3. Тура толықтауыш қызметінде мынадай сөздер әр уақытта жалғаулы болады:

а) тәуелдік жалғауындағы есімдер, ә) жіктік, өздік және сілтеу есімдік сөздері, б) сын есім мен есімшелер.

1) Мен ***сабағымды*** *оқыдым.* 2) *Ол кинода* ***Болатты*** *көрді.* 3) ***Онысын*** *өзім де біліп тұрмын ғой. (С. М.)* 4) ***Мені*** *жауырын деп тұрмысың?* 5) *Сіздің бір тілегіңізді орындай алсам, мен* ***өзімді*** *бақытты деп санаймын. (С. М.)* 6) *Ал* ***мұны*** *маған несіне айтып отырсың? (Ғ. Сл.)*

160-жаттығу. Мына сөздерді тура толықтауыш тұлғасында қолданып, сөйлем құрастырыңдар.

Үлгі: *Мен осы* ***кітапты*** *кеше сатып алдым.*
Үй, кітап, қағаз, Болат, сен, жалау, ат, өлең, журнал, баласы, өзі, ағаш.

2.Жанама толықтауыш. Жанама толықтауыш сабақты етістіктің мағынасымен тікелей байланысты болмай, салт етістіктермен жанама түрде байланысады. *Ол кітапты маған берді* деген сөйлемді алсақ, мұндағы *берді* деген етістік баяндауышпен тікелей байланысты *кітапты* деген сөз — тура толықтауыш. Ал *маған* деген барыс жалғаулы сөз етістік баяндауыштың қимылдық мағынасымен екінші сатыда тұрып, жанамалай байланысып түр.

Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларының бірінде келіп немесе *туралы, таңырыпты, жөнінде, жайында* деген шылаулардың біріне тіркесе айтылып, салт етістіктен болған мүше меңгеріліп тұратын толықтауышты ж а н а м а т о л ы қ т а у ы ш деп атайды.

Білімдіден *шыққан сөз* ***талаптыға*** *болсын кез. (А. Қ.) Ол бұған* ***аулын*** *тапқандай қуанды (Б. С.). Ол* ***бізбен*** *амандасып болмастан, ығындағы сум касын жерге тастай берді (Ә. Ә.)* 4) *Біз дәл жаңағы күлкіні* ***көзімізбен*** *көргендей болдық. (С. Ер.)* 5. ***Жылқыда*** *өт жоқ,* ***құста*** *сүт жоқ («М. М.»)*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Қандай мүшелер тұрлаусыз мүшелер деп аталады?*
2) *Толықтауыш сөйлемде қандай қызмет атқарады?*
3) *Толықтауыштар қандай сөз таптарынан жасалады?*
4) *Тура толықтауыш деген не?*
5) *Жанама толықтауыш деген не?*

161-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, тура толықтауыштың астын бір, жанама толықтауыштың астын екі сызыңдар. Олардың қандай сөз табынан, қандай тұлғада тұрғандығын, қай сөзді толықтайтындығын айтың-дар.

1.Ахмет қонақтарын жазғы үйіне енгізді. *(Ғ. М.)* 3) Төлеп пен Дәмеш екеулеп жер баракты қазып жатыр. *(С. Ер.)* 4) Қазақтың тұңғыш театрының сахнасында Қалыбек алуан түрлі өнер көрсетті. *(Қ. А.)* 5. Мынаны өлсін деп аш бөріге тастаған. *(М. Ә.)* 6) Менің ол кезде сегізден тоғызға шыққан жылым. *(Ғ. М.)* 7) Жабай енді ең соңғы сөзін айтуға ыңғайланғанда, ақырын ғана жер үйдің есігі ашылды. *(Ғ. Мүсір.). 8)* Шоқтеректегі ел бұл келіске сұмдықтай қарады *(М. Ә.).* 9) Аман ойыншығын қапсыра құшақтап, оларға бермеді *(«Қ. П.»)* . 10) қызылдарға қосылуға аттанған топқа нағима ана жаралы қызыл әскер мен өз баласы Жапарды қосып берді *(Ғ. Мүсір.).*

II. 1. Ащы мен тәттіні татқан білер. Алыс пен жақынды жортқан білер. Бір мінсең де жорға мін, бүлкілдесін бүйрегің (Мақал). 2. –Қателерің тілге байланысты, -деп, Мейрам енді жұбата сөйледі екеуіне, - орыс тілі-қиын тіл. Мектеп бітірген біз де қате жіберіп аламыз. Одан ұялмай, шағылмай үйрене беру керек (Ғ. М.). 3. Барар жолын,аңсар арманын, алысар тәсілін танытқанымыз жоқ. Орыс ойшылдары, ер, өжет ұлдары осы жолдарды тауып келеді (М. Ә.). 4. Отыратын орындық та таппады, қазақша жерге де отыра алмады (Ғ. М.). 5. Абайдан ақыл мен ақындықты, Шоқаннан білім мен сүйіспеншілікті, Махамбеттен батырлық пен қайсарлықты үйрендің сен (М. И.).

§ 116. Анықтауыш

Анықтауыш сөйлемдегі зат есімнен не зат есімнің орнына жұмсалатын басқа есім сөздерінен болған мүшелермен ғана байланысып, сол мүшелерді түрлі бейнелері жағынан сипаттап тұрады.

Сөйлемде әр түрлі синтаксистік қызметте жұмсалған әр заттың өзіне ғана тән не бір тектес көп затқа ортақ сапалары болады. Бір затты өзге нәрселерден сол сапалық ерекше белгілеріне қарай айыруға болады. Заттардың әр түрлі сындық, сапалық белгілерін білдіретін сөздер сейлемде, көбінесе, анықтауыш қызметінде жұмсалады.

Алыс *жол атты сынайды,*
Ауыр *жол ерді сынайды. («М. М.»)*
Сәлім ***қызық*** *кітап оқыды.*

Бұл сөйлемдердегі *алыс жол, ауыр жол, қызық кітап* деген тіркестерде *жол, кітап* деген зат есім сөздерінің алдындағы *алыс, ауыр, қызық* деген сын есім сөздері арқылы сол заттардың бойында болатын айырықша белгілерінің бір түрі керсетілген. Синтаксистік қызметі жағынан *алыс, ауыр, қызық* сөздері сөйлемде анықтауыш болып тұр.

Заттың белгісін (сынын, түр, түсін т. б.), заттық сапасын, меншіктілігін, санын білдіретін тұрлаусыз мүшені а н ы қ т а у ы ш дейді.

Анықтауыштар қ а н д а й? қ а й? қ а й с ы? (қ а й с ы сы?) қ а й д а ғ ы ? н е д е г і ? к і м н і ң ? н е н і ң ? қ а н ш а ? н е ш е ? н е ш і н ш і ? қ а й т -к е н? н е т к е н ? деген сұраулардың біріне жауап береді. 1) *Аспазшы **тәтті** самсалар пісірді.* 2) *Боцманның **жуан** даусы бар болып шықты. (Л. К.) 3. **Ойдағы** ел **қырдағы** елмен араласып. (А. Қ.)* 4) ***Менің** белгім осы.*5*) **Ұлыған** қасқырдың даусы жан-жақтан естілді. (С. М.)* 6) *Ойда **он** сиырдың мүйізі сырқыраса, қырда **қырық** сиырдың мүйізі сырқырайды. («М. М.»)*

Анықтауыш пен анықталушы сөздердің қай сөз табынан болып келуіне қарай олардың мағыналық қарым-қатынастары да түрліше болады. Қазақ тіліндегі анықтауыштарды мағыналық ерекшеліктеріне карай негізгі екі топқа бөлуге болады: 1) сапалық анықтауыш; 2) меншіктік анықтауыш.

Өзінен кейінгі зат есім сөзімен қабыса байланысып, нәрсенің түр-түсін, сан-сапасын, мөлшері мен неден жасалғанын көрсетіп тұратын анықтауыштың түрін с а п а л ы қ а н ы қ т а у ы ш дейді.

Сапалық анықтауыштар сын есім, сан есім, есімдік, есімше және атау тұлғалы зат есімдерден болып келеді. Мысалы: *қызыл жалау, көк шөп, бес саусақ, екінші сынып, бұл үй, осы бала, туған ай, қатқан мұз, ағаш арба, темір жол.*

Ілік жалғауы тұлғасында келіп, анықталушы сөзбен матаса байланысып, нәрсенің кімге меншікті, тән, тиесілі екендігін көрсетіп тұратын анықтауыштың түрін м е н ш і к т і к а н ы қ т а у ы ш дейді.

Мысалы: *Асанның машинасы, сиырдың сүті, шөптің бояуы, есіктің тұтқасы, заводтың гудогі.*

162-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, әрбір сөйлемдегі анықтауыштардың астын сызыңдар да, анықтауыштан кейін жақша ішіне сұрауларын жазыңдар.

Қаңтар айының аяқ кезі. Күн батуға тақап қалған мезгіл. Күнбатыс батуға айналған күннің қызғылт сәулесімен нұрланып, қызыл торғынның түсіндей боялып тұр. Күнге жақын тұрған ұзынша жұқалаң бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл. Төбеге жақын тұрған алысырақ бұлттардың бір-бір жағы ғана жұқалаң қызылға боялған, асыл нұрдың буын ғана жалатқандай. Қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған Күн шарасымен тұтас көрініп тұр. Аспан ашық. Берірек тұрған аз ғана ала шұбар бұлттар кең жиһанның жүзіне перде болған жоқ. Күні бойы тыныш болған жел Күшікбайдың баурында ғана ызғырықтап, жаңадан жауған көбік қарды жаяу борасындатып тұр. Күннің қызыл сәулесі даланы да, тауды да өз өңіне кіргізген. Күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астынан қызғылттанып көрінеді. *(М. Ә.)*

§ 117. Анықтауыш болатын сөз таптары

Негізгі және туынды сын есімдер ешқандай қосымшасыз есім сөздеріне тіркесе айтылып, анықтауыш болады.

1) *Қарсысында отырған округтік сотта істейтін бір* ***күйгелек*** *жас жігіт Вронскийдің сол түріне тіпті қарсы болып отыр. (Л. Т.)* 2) *Айбаланың* ***әдемі*** *мінездері Асқарға ұнады. (С. М.)* 3) ***Тобылғы торы*** *бесті киіктей оргып ойнап шыға берді. (Ғ. Мүсір.)* 4) ***Орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқалау мұрынды, шоқша сақалды, сұргылт*** *беті* ***дөңгелек, жалпақтау****. (М. Ә.)* 5) ***Ауыр*** *танкілер сол көпірден өте бере оқты да төгіп жіберді. (Ә. Ә.) Зерделі қыздың* ***жүйрік*** *ойы қиялдағы жұмбақты іліп әкетті. (Ғ. Сл.)*

2. Екі зат есім қатар келіп, біріншісі екінші зат есімнің неден істелгенін, неге арналғанын, мекенін, өлшемдік мағынасын білдіріп тұрса, алдыңғысы анықтауыш болады.

1) ***Қонақ*** *үйде Лаврецкий кіргенде, Мария Дмитриевна жалғыз екен. (И. С. Тур.)* 2) *Ерсілі-қарсылы ұшқан үйрек, қаз, өзен бойында өрістеген* ***қора-қора*** *қой, қалың жылқы. (С. Бег.)*

3. Ілік жалғаулы зат есім сөздері анықтауыш болады.

1) ***Халықтың*** *қаһарман ұлдары осыдан қырық жыл бұрын болған революция мен азамат соғысында осы үшін,* ***балаларының*** *бақытты болашағы үшін қан төккен болатын. («Қ. М.»)* 2) ***Төрекелдінің*** *жүрегі алып ұшады. (М. И.)* ***Тұлпардың*** *бүйірі қызса, басы тауға тимей тоқтамайды. («Қ. Әбд.»)* 4) *Мен* ***немістің*** *әзірше екеуін жайраттым. (Ә. Ә.)*

4. Есімдіктер төмендегі тұлғада келіп анықтауыш болады: а) Сілтеу есімдіктері атау тұлғада келіп, өзінің анықтайтын сөзімен қабыса байланысып, анықтауыш болады.

1) ***Бұл*** *кез — жүрегімнің тебіренбейтін кезі еді. (Ә. Ә.)* 2) ***Осы*** *арада отырып ол көз ұшында бұлдырап мұнартқан Ақшатау биігіне де көз жіберді. (С. Бег.)* 3) ***Сол*** *оймен ол ерінген Шауыпкелді арба қасында қалдырып, өзі белгісін ізденіп біраз шарлап еді, таба алмады. (С. М.)* 4) ***Мына*** *жамандардың ішінде оның тырнағына татитыны бар ма? (М. Ә.)*

ә) Ілік септік жалғауы тұлғасында қолданылған барлық есімдіктер де анықтауыш болады.

1) ***Менің*** *сөзім мынада.* 2) ***Біздің*** *мақсат — орманды өз ауданымызға тарту. (Ғ. Сл.)* 3) *Егер* ***сіздердің*** *ұйқыңыз келмесе, немістерге не көрсеткенін қайтып келіп айтайын. (Ә. Ә.)* 4) ***Соның*** *бірде-бірі есіне түспеген адамдай, жездесінің алдына келіп, сілейіп тұрып қалды.* 5) ***Мұның*** *өзінде де жылқы тауға көтерілген соң ғана мүмкіншілік алып отырмын. (М. И.)* 6) ***Өзінің*** *тіке салған қамшысын әсте көрмес едіңіз. («Қ. Әбд.»)*
7) ***Олардың*** *орналасқан жері көпірдің нақ шыға беріс аузы болатын. (Ә. Ә.)*

5. Сан есім сөздері зат есім сөзінің алдында келіп, қабыса байланысып анықтауыш болады.

1) ***Төртінші*** *желтоқсанда тәрбиелеуге жіберген алғашқы алты бала келіп түсті. (А. С. Мак.)* 2) *Ботакөздің* ***үш*** *ағасы бар еді (С.М.). Мендегі қару* ***екі*** *гранат пен* ***бір*** *наган, наганымда* ***алты*** *оқ бар (Ә. Ә.).*

Кейде заттық ұғымдағы сандар (жинақтау сан есімдері) ілік жалғауда тұрып анықтауыш болады: ***Үшеуінің*** *де ойлағаны — институтты бітіру.*

6. Есімшелер атау тұлғада тұрып, зат есім сөзімен қабыса байланысып және ілік жалғауы тұлғасында келіп, сөйлемнің анықтауышы болады.

1) *Балтабек үйі мен жәмшік* ***тоқтайтын*** *Андрей Кулаков үйінің арасында* ***текшеленген*** *тастардан табиғаттың өзі* ***жасаған*** *қорған бар еді. (С. М.)* 2) *Қолы* ***қимылдағанның*** *аузы қимылдайды. 3)* ***Оқығанның*** *беті жарық,* ***оқымағанның*** *беті көн-шарық. («М. М»).*

7. Тұйық райлы етістіктер ілік септік жалғауы тұлғасында қолданылып, сөйлемде анықтауыш болады.

1) *Пленум қаулысында жұмысшылардың еңбек жағдайын онан әрі жеңілдете* ***берудің,*** *еңбек қорғау заңдарын мүлтіксіз орындап* ***отырудың*** *орасан зор маңызы бар іс екені атап көрсетілді. («С. Қ.»)* 2) *Өндірісті ілгері* ***дамытудың,*** *еңбекті* ***ұйымдастырудың,*** *еңбек өнімділігін* ***арттырудың,*** *жұмысшыларға еңбек және мәдени-тұрмыстық жағдай* ***жасаудың*** *келелі мәселелерін кең қамтитын ұжымдық шараларды кезінде жасап, онда көрсетілген міндеттеменің сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету шаруашылық және кәсіпорын басшыларынан талап етілді. («С. Қ.»)*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Анықтауыш сөйлемде қандай қызмет атқарады?*
2) *Сапалық анықтауыш деген не?*
3) *Қатыстық анықтауыш деген не?*
4) *Анықтауыштар қандай сөз таптарынан жасалады?*

163-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, анықтауыштардың астын сызыңдар да, олардың қандай сөз табынан жасалып тұрғандығын айтып беріңдер.

I. 1) Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, сүйіктісі-мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызғылт жүзді, кең, ақ маңдайлы, нұрлы жігіт. 2 Үстінде қара мақпал, кең , жеңіл шапаны бар (М.Ә.). 3. Уығын ат үстінен шаншатын он екі қанат үлкен үй – бұл отырғандардың да көрмеген үйі (Ғ. М.).

II. 1) Осы ақымақ күлкісінен өзі де опық жеген болатын. *(Лев. Т.)* 2) Леночка балалық табынғыш жүзбен әншіге қарады. *(И. С. Тур.)* 3) Оқжетпестің найза денесі Ботакөзге түрлі түсті жібек лента араластыра өрген қыздың тұлымына ұқсап кетті. 4) Күнге шағылысқан күміс күмбездей төрт ақ үй Асқардың көзіне алыстан шалынды. *(С. М.)* 5) Жаңа жыл күн көзін жарқ еткізіп бақыттың байтақ Отанына қарады. *(Қ. А.)* 6) Мұның әніндегі ең әсерлі жаңалық — сөзі. *(М. Ә.)*

§ 118. Пысықтауыш

Пысықтауыш сөйлемдегі етістік баяндауыштың және етістіктен болған өзге мүшелердің қимылдық сапасын, белгісін көрсету үшін қолданылады. Пысықтауыштың синтаксистік қызметі жағынан анықтауышқа ұқсас қасиеттері де, анықтауыштан ерекше белгілері де бар. Оның анықтауышқа ұқсастығы — сөйлемдегі басқа бір сөздің бір сапасын, ерекше қасиеттерін білдіруі. Ерекшелігі — анықтауыш есім сөздермен байланысты болып, оларды анықтап тұратын болса, пысықтауыш етістік сөздерімен байланысты болып, қимылдық әрекеттерді пысықтап тұрады. Мысалы, *Қысқа жіп күрмеуге келмейді* дегенде *қысқа* анықтауыш болса, *Ол жиналыста қысқа сөйледі* дегендегі *қысқа* — пысықтауыш. Өйткені біріншіде қ а н д а й жіп? деген сұраққа жауап беріп, зат есім сөзінің белгісін керсетсе, екіншіде қ а л а й сөйледі? деген сұраққа жауап беріп, етістіктің қимылдық белгісін көрсетіп тұр.

Сөйлемде етістіктен болған мүшемен байланысты болып, етістік мағынасындағы қимылдық процестің амалын, мезгілін, мекенін, мақсатын, мөлшерін, себеп-салдарын білдіретін тұрлаусыз мүшені п ы с ы қ т а у ы ш дейді.

Пысықтауыштар қ а л а й? қ а й т і п? қ а ш а н? қ а й д а? (қ а л а й қ а р а й?) қ а й д а н? қ а н ш а? н е с е б е п т і? н е л і к т е н? к і м ү ш і н? н е ү ш і н? н е м а қ с а т п е н? қ а н ш а у а қ ы т? н е ш е р е т? н е с а й ы н? н е а р қ ы л ы? деген сұрақтардың біріне жауап болады.

1.Лавада жұмыс ***қызу*** *жүріп жатыр.* **2)** ***Қызған сайын*** *жұмысшылар да түндей түнерген забойды күнше күркіретіп жіберді. (Ә. Ә.)* 3) *Жау* ***кейін*** *шегінді.* 4) *Біз* ***ілгері*** *бастық. (Ғ. Мүсір.)* 5) *Қарағандыға Лизалардың тойына* ***әдейілеп*** *академик келді. (С. Ер.)* 6) *Лаврецкий қысты* ***Москвада*** *өткізді. (И. С. Тур.)*

§ 119. Пысықтауыш болатын сөз таптары

Сейлемнің әрбір мүшесінің атқаратын синтаксистік қызметіне сай, сол қызметті атқаратын белгілі сөз табы болады. Бастауыш зат есімнен, баяндауыш етістіктен, толықтауыш зат есімнен, анықтауыш сын есімнен болып келетін болса, пысықтауыш, көбінесе, үстеулерден болып келеді. Бірақ бұдан әрбір сөйлем мүшесі тек белгілі бір ғана сөз табынан тұрады да, өзге сөз таптары ол қызметте қолданылмайды деген түсінік тумайды. Негізін-де, сейлемнің белгілі бір мүшесі қызметінде жұмсалатын сөз табы болады да, орнына қарай бір сөз табы сөйлемнің әр түрлі мүшесі қызметінде қолданыла береді.

Пысықтауыш төмендегі сөз таптарының тұлғалық ерекшеліктері арқылы жасалады.

I. Пысықтауыш басым көпшілігінде үстеулерден болады.

1) *Шөл елінде* ***европаша*** *киінетін адам емге жоқ екен. (С. М.)* 2) ***Лезде*** *ол қайта оралып от тамызды. (Ғ. Сл.)* 3) *Бұлар Абай үйлерінің айналасын оюлап, кестелеп,* ***ерекше*** *әшекейлеп тұр. (М. Ә.)* 4) *Жалпақтың сүйегін елге* ***әрең***

жеткіздік. (Ғ. Мүсір.) 5) *Сүйсінген жұрт* ***ду*** *қол соқты. (М. И.)* 6) *Үзіліп қалған әңгімені* ***осы арада*** *жалғап әкетті. (С. О.)*

2. Сын есім сөзі етістік баяндауыштың, етістіктен болған өзге мүшенің алдында іргелес айтылып пысықтауыш болады.

1) *Көңілі* ***кішкене*** *орнығайын деді. (Т. А.)* 2) *Бір жері* ***қатты*** *ауырып кеткендей жүзіне кірбең кірді. (С. О.)* 3) *Торыжан ақырғы сөзінде де кінәсын* ***толық*** *мойындады. (Т. Ә.)*

3. Сан есімдер етістік баяндауышпен я етістіктен болған өзге мүшемен байланысып пысықтауыш болады.

1) *Абай етегін қағып, қамшысын мықынына* ***екі*** *бүктеп алды. 2) Онда* ***екі жыл*** *тұрдым. (К. Ә.)* 3) *Ол* ***екі*** *сөйлемейтін, ақ көңіл адам еді.*

4. Көсемше етістік сөйлемнің етістік баяндауышымен байланысып, қ а й т і п? қ а л а й? н е м а қ с а т п е н? деген сұрақтарға жауап беріп, пысықтауыш болып келеді.1) *Қасындағы жолдастарына оқтын-оқтын көз жүгір-тіп, әр-қайсысына бір үнсіз* ***тесіле*** *қарап қояды. (Ғ. Сл.)* 2) *Уәли омбы қарды* ***кешіп*** *жүгіре береді. (Т. А.) Құмы езілген бір жерді ол* ***шұқырлап*** *қаза бастады. (С. М.)* 4) *Оспанқұл да қош деместен қасқа биенің басын шұлғытып аяңдап жөнеліп еді. (М. Ә.)* 5) *Көбіне-ақ дүниеге* ***таңдана*** *не* ***сүйсіне*** *қарайтын көз жанарында бір кірбең бар. (Т. А.)*

5. Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларында қолданылған есім сөздер де қ а л а й? қ а й д а? қ а й д а н? деген сияқты сұрауларға жауап беріп пысықтауыш болады.

1. *Бүгін мал біткен* ***аулағыраққа*** *өрістеген. (Ғ. Сл.)* 2) *Сені* ***Қарағандыдан*** *тапқаныма әрі қуандым, әрі қиналдым. (Ғ. Мүсір.)* 3) *Сәтжан мен Жанайдың құлағына шырылдаған ителгі балапандарының даусы тіпті* ***таяудан*** *естілді. (С. Бег.)* 4) ***Алыстан*** *неміс самолеттерінің гүрілі естіліп еді,оны да елеген жоқ. (Ә. Ә.)* 6) *Бұдан кейін Раузамен* ***кітапханада*** *жиі ұшырасып тұратын болдық. (М. И.)*

Ескерту: барыс, жатыс, шығыс**,** көмектес септік жалғаулары тұлғасында айтылған сөздер сөйлем ішінде толықтауыш қызметінде қолданылуы да мүмкін.

Сөйтіп, бұл септік жалғауларышда қолданылған зат есім сөздері сөйлем ішіндегі беретін мағынасына және кандай сұраққа жауап беріп тұруына байланысты бірде жанама толықтауыш қызметін, бірде пысықтауыш қызметін атқарып келе береді. Өйткені әрбір сөз белгілі морфологиялық тұлғаға еніп, грамматиканың қарамағына түскенде, оның тілдегі атқаратын қызметі айқындала түседі.

Жоғарыдағы септік жалғаулары тұлғасында айтылған сөздердің бірде толықтауыш, бірде пысықтауыш қызметін атқарып тұруының екі түрлі себебі бар: біріншіден, сөздің лексикалық мағынасына байланысты, екіншіден, ол сөздің сөйлем ішінде қандай сұраққа жауап беріп тұруына байланысты. Егер сөз лексикалық мағынасы жағынан адамды білдіріп, немесе өзге бір жанды және жансыз нәрселердің атын білдіріп *кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?* деген сұрақтардың біріне жауып беретін

болса, толықтауыш кызметін атқарады. Мысалы: *1) Қазақ халқы — **ән** мен **күйге** құмар халық. 2) Еңбек адамды **даңққа** белейді деген осы. 3) Бұл қасиеттер **Қалибекте** баршылық («Қ. әд.») 4)- Ойдың көкесі **өлеңде** болады, бала. (Қ. А.)* 5) *Ақанның қаһармандық **еңбегінен, өмірінен** оқы да тоқы, жас өркен. 6) **Дүкеншіден** басқа жайларды білгісі келетінін байқатты. 7) **Зағирамен** ақылы қосылып, үй ішін көрсете жүріп, өзара түсініп жатты. 8) Олар мұндай затпен әлдеқашан қамтамасыз етілген. («М. Т.»).*

Бұл сөйлемдердегі қара әріппен терілген *сөздер к і м г е ? н е г е ? к і м д е ? н е д е ? к і м н е н ? н е д е н ? к і м м е н ? н е м е н ?* деген сұрақтарға жауап беріп толықтауыні болып тұр.

Есім сөздері лексикалық мағыналары жағынан көлемдік, кеңістік, мезгілдік ұғым беріп, барыс, жатыс және көмектес септік жалғауларының бірінде айтылып *қайда? қайдан? қашан? қалай?* деген сұрауларға жауап беретін болса, пысықтауыш қызметін атқарып тұрады. *Мысалы: 1) Жұрт перронға жапырлай шығып, өзді-өзінің **вагонына** тартты. 2) Мен оны сонау **Шудан** алып келдім. 3) Базаралыдай сый қонақты үлкен **ықыласпен** күткен ажар бар. (М. Ә.)*

Бұл сөйлемдердегі қара әріппен терілген барыс, шығыс, көмектес септік жалғауларында айтылған сөздер *қ а й д а ? қ а й д а н ? қ а л а й ?* деген сұрақтарғна жауап беріп, өздерін меңгеріп тұрған етістіктегі қимыл, амал-әрекеттің беталыс бағытын, шыққан орнын және қимылдың қалайша өтіп жатқандығын сипаттап, пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

6. Кейбір есім сөздеріне *үшін, кейін, шейін (дейін), қарай, таман, соң, қабат, қатар, сайын, бірге, ары, бері, арқылы* сияқты шылаулардың бірі тіркесіп айтылу арқылы да пысықтауыш болады.

1) *Қанайдың қорасы керуен қасына **келгенге шейін** жаң иссінің мекені екендігін білдірмейді. (М. Ә.)* 2) *Мен жазбаймын өлеңді ермек **үшін. (Л. Қ.)*** 3) ***Кешеден бері** қыз жанының қытығына тиіп, ойға шомдырып жүрген де осы хат. (М. И.)* 4) ***Кешке таман** қойға қасқыр шапты. («Л. ж.»)* 5) А*уыл адамдары мініс аттарын **түнге қарай** өзен бойына қоя береді. (Б. С.)* 6) *Теңізде кеменің орнын **радио арқылы** да дәл білуге болады.*

164-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, ондағы пысықтауыштардың астын сызып, олардың қай сөз табынан жасалып тұрғандығын айтып бе-ріңдер.

1)Кенет салдырлаған арба, машина дауыстары да құлаққа шалынды. *(Т. А.)* 2) Даусы дірілдеп шықса да, қатты шықты. *(Ә. Ә.)* 3) Қарт қолқасын екеуі осы арада тыңдамақ. *(Ғ. Сл.)* 4) Ебімен емес, еңбегі арқылы жұртқа әйгілі болып жүрген Бүлдіргенді көрген соң оның көңілі көтеріліп, даусы да көтеріңкі шықты. *(Ә. Ә.)* 5) Абай Әбдіні бар ынтасымен түсінгендей, оның отты тілді кескініне сүйсініп қарап қалды. *(М. Ә.)* 6) Ол күні кешке Асқар Булатовты күтті. *(С. М.)* 7) Шербаковтан шыққан соң Мейрам тура обкомға тартты. *(Ғ. М.)* 8) Мұхит төрге шықты. *(Ғ. Сл.)* 9) Бұлардың қазақша сөзіне топталған көптен екі адам қазақша жауап қайырды. *(С. М.)* 10) Қарқын дегенде бұлар

капитал дүниесін айқын көріп отыр. *(Ғ. М.)* 11) Бүгінгі кештің сырын көңілді сәтте ашқысы келіп отырған Калует бар жайды енді баяндады. *(Ғ. Сл.)* 12) Майданға кеткелі бес жыл болған жалғыз ұлы Қасымнан екі жылдан бері хабар жоқты. *(Ғ. Мүсір.)* 13) Сәтжан ауылға жеткенше асығып келеді. *(С. Бег.)*

ПЫСЫҚТАУЫШТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Пысықтауыштар етістік баяндауышпен және етістіктен болған өзге мүшелермен байланысты болып, етістіктегі қимылдық процесті түрлі жағынан пысықтап тұрады. Пысықтауыш және онымен байланысты етістіктен болған мүшелердің арасындағы мағыналық қарым-қатынастардың түріне қарай пысықтауыштар мына сияқты алты түрге бөлінеді:
1)Мезгіл пысықтауыш. 2). Мекен пысықтауыш. 3). Мақсат пысықтауыш. 4)Сын-қимыл (амал) пысықтауыш, 5) Себеп пысықтауыш. 6) Мөлшер пысықтауыш.

§ 120. Мезгіл пысықтауыш

Етістік баяндауышпен немесе етістіктен болған басқа мүшемен байланысты болып, етістік мағынасындағы қимылдың мезгілін білдіретін пысықтауышты м е з г і л п ы с ы қ т а у ы ш дейді.

Мезгіл пысықтауыштар қ а ш а н? қ а ш а н н а н? қ аш а н н а н б е р і? қ а ш а н ғ а ш е й і н? қ а й к е з д е? сияқты сұраулардың біріне жауап береді. Мезгіл пысықтауыштар төмендегі көрсетілген сөз таптарының мына сияқты тұлғалық ерекшеліктері арқылы жасалады.

1. Мезгіл үстеулері дара күйінде келіп те, өзге сөздерге тіркесіп айтылып та мезгіл пысықтауыш болады. 1) ***Ертемен*** *жайылып оты қанған бұзаулардың алды жусай бастады. (С. Бег.)* 2) *Босағалы* ***бүгін*** *он күн болды. (Ғ. Мүсір.)* 3) ***Ертеде*** *осы аңғардың кәріне іліккен үлкен көштен бір ит қана тірі қалыпты-мыс. (Ғ. Сл.)*

2. Кейбір шақтық, мезгілдік ұғым беретін есім сөздері *(жаз, қыс, көктем, күн, түн, сәске, кеш, күз)* түбір күйінде, сондай-ақ, барыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғауларының бірінде келіп те мезгіл пысықтауыш болады. 1) ***Жаз*** *жайыларсың,* ***қыс*** *қысыларсың. («М. М.»)* 2) ***Түнде*** *шыққа малынған тау қараған адамға бері келе жатқан сықылды. (С. Бег.)*

3. Сілтеу есімдіктеріне және ***бір, әуелгі, соңғы*** сиякты сөздерге тіркесе айтылған мезгілдік, шақтық мағыналы есім сөздері де мезгіл пысықтауыш болады.1) ***Сол кезде*** *ауыл сыртында мылтық бір шаңқ етіп қалды. (Ғ. Мүсір.)* 2) ***Соңғы кезде*** *тай-тұяғымен бес-алты жылқы біткен ғана отау шаруа еді. (С. М.)* 3) ***Бір уақытта*** *жолдасым орнынан қарғып тұрды. (С. Ер.)*

4. Есім сөздері қ***арай, таман, сайын, шейін, соң, кейін, бұрын, бойы, былай, әрі, бері*** шылау сөздеріне тіркесіп айтылып, қ а ш а н? деген сұраққа жауап беріп, мезгіл пысықтауыш болады. 1) ***Содан бері*** *Серәлінің Гауһарды көруге ынтығы арта берді. (Т. А.)* 2) ***Осыдан кейін*** *Баршагүл қызу сөзге*

оқталып еді. (Ғ. Сл.) 3) *Осы күйде* ***түн бойы*** *айықпай жатқан науқасқа ес кірмеді. (М. Ә.) 4) Осыдан* ***он күн*** *бұрын студенттердің бір жиылысында Нұрлан қазіргі жастардың адамгершілігі жайында баяндама жасаған еді. (Ә. Ә)*

165-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, мезгіл пысықдауыштардың астын сызыңдар. Олардың қай сөз табынан жасалып тұрғандығын айтып беріңдер.

1)Анда-санда шыңырау құдықтан бір шелек көмір шығарады. 2) Сол кезде тап дегенінді білді ме екен солар. 3) Мейрам ертеңіне таңертең Сейтқалыны ерте Щербаковтың пәтеріне қарай аяңдады. 4) Бүгін тымырсық ыстық болатын түрі бар. 5) Бұдан кейін бір жыл өтті. 6) Қешке жақын ала көлеңке бөлмеде қам көңілді үш жетім-жесір ананы қоршай отырды. 7) Ер-тең нан алуға ақша жоғын бәрі біліп отыр. *\Ғ. М.*

§ 121. Мекен пысықтауыш

Сөйлемде қимылдық процестің, іс-әрекеттің, оқиғаның болу орнын (мекенін), бет алыс бағытын білдіретін пысықтауышты м е к е н п ы - с ы қ т а у ы ш дейді.

Мекен пысықтауыштар қ а й д а? қ а й д а н ? қ а л а й қ а р а й ? қ а й ж а қ т а н ? қ а й ж е р г е ш е й і н ? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Мекен пысықтауыштар мына сияқты сөз таптарының түлғалық ерекшеліктері арқылы жасалады.

1. Мекен пысықтауыш, көбінесе, мекендік үстеулерден болады.

1) *Кеме жай жүріспен* ***алға*** *жылжыды..2) Машина* ***кейін қарай*** *жұмыс істей бастады. (Л. К.)* 3) *Біз де ерегісе* ***ілгері*** *ұмтыламыз. (С. М.)* 4) *Жәнібек* ***артта*** *келе жатыр еді. (М. Ә.)*

2. Көлемдік ұғым беретін есім сөздері мен сілтеу есімдіктері жатыс септік жалғауында айтылып, мекен пысықтауыш болады. *2)* ***Біздің ауылда*** *Тұрман дейтін жігіт бар. (Ғ. М.)*

3. Сілтеу есімдіктері мен ***жақ, маң, жер*** сияқты көлемдік мағынадағы есім сөздері тіркесіп, соңғы сөздері жатыс, шығыс, батыс, көмектес септік жалғауларының бірінде келіп мекен пысықтауыш болады.1) ***Бұл маңда*** *ел жоқ-ты. (Ғ. Сл.)* **2) *Бұл жақта*** *жерден астық алу алтын алудан қиын. (Ғ. М.)* 3) ***Осы арада ол*** *Тоқмолдамен арасындағы келіспеушілік жайлы айтсам ба екен деп тұрды да, айтпады. (Б. С.)*

4. ***Бір, оң, сол*** сөздері есім сөздерімен тіркесіп айтылу арқылы да мекен пысықтауыщ болады. *Оң қанаттан зеңбірек үні жұмсарып, талып жетсе, сол қанатта мылтық даусына дейін анық. (Т. А.)*

5. ***Асты, үсті, алды, арты, қасы, жаны, маңы, іші*** сияқты көмекші есімдер есім сөздермен тіркесе айтылып, барып жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларының бірде келіп, мекен пысыктауыш болады.

Қарағай ішіне *кірсе де, сол нобайы адастырмайды. (Ғ. Сл.)* 2) ***Есікке қарсы*** *төрде кішкене жүк аяқтың үстінде екі ескі сандық, үйдің қалған жерінде бөтен еш нәрсе жоқ.*3) ***Пештің жанында*** *біріне-бірі тығылып бүрісіп отыр. (М. Ә.)* 4) *Бір күні Алтыбас байдың тезек* ***арбасының қасында*** *жатыр ем, біреу келіп арқамнан құшақтай алды. (Ғ. Мүсір.)*

6. Есім сөздері мен есімдіктер ***қарай, таман, сайын*** сияқты шылауларға тіркесіп айтылып мекен пысықтауыш қызметін атқарады. 1) *Толықси жүзген беті толық ай да* ***батыс жаққа таман*** *барып бозарып тұрып қалған. (Ғ. Сл.)* 2) *Ботагөз* ***кейін қарай*** *аяңдады. (С. М.)* 3) *Бұлардан қиыс* ***алға таман*** *бір қыз бен жігіт біріне-бірі жабысып барады. (Ә. Ә.)*

7. Мекендік ұғым беретін кейбір зат есім сөздері барыс, жатыс, шығыс септік жалғауларының бірінде айтылып, қ а й д а? қ а й д а н? деген сұрауларға жауап беріп, мекен пысықтауыш болады. 1) ***Тысқа*** *жұртпен бірге Асқар мен Итбай да шықты. (С. М.)* 2) ***Қасында*** *Жұмабай ғана қалыпты.* 3) ***Астанаға*** *оқуға бару оның арманы болатын. (Ғ. Сл.) 4) Базаралы ішкі Россиядан, тіпті* ***алыстан*** *көшіп келе жатқандықтарын ұғындырды. (М. Ә.)*

166-жаттығу.Мәтінді көшіріп жазып, әрбір сөйлемдегі мекен пысық-тауыштың астын сызыңдар да, қай сөз табы мен қандай тұлғадан тұрғандығын айтыңдар.

1) Үзеңгіге аяғын сала бергенде, арт жағынан ат пысқырды. 2) Ана Сарымсақтың арғы жағында, бір елеусіз адыр бұйратта бұғып қалмасын. 3) Бекбол жуан торының дағдылы бүлкіліне салып тауға қарай тартып берді. 4) Тау басында тұрып көз мөлшерімен жасаған бір межесі бар екен. *(М. Ә.)* 5) Қаладан келем, шырағым! 6) Есік алдына Нағима шешейдің көк қошқары да келіп қалды. 7) Енді ақырындап ағашқа қарай жылжып барады. 8) Қалада қалған халық түгел көтерілді. *(Ғ. Мүсір.)*

§ 122. Мақсат пысықтауыш

Етістік баяндауышпен я етістіктен болған өзге мүшемен байланысты болып, етістіктегі қимылдың мақсатын білдіретін пысықтауышты м а қ с а т п ы с ы қ т а у ы ш дейді.

Мақсат пысықтауыштар не істеуге? не үшін? не мақсатпен? неге бола? неге? деген сұраулардың біріне жауап береді.

Мақсат пысықтауыштар мына сияқты сөз таптарының тұлғалық ерекшеліктері арқылы жасалады.

1. Мақсат пысықтауыштары ***жорта, әдейі, қасақана*** сияқты мақсат үстеулерінен болып келеді. 1) *Мұның бәрін ол жорта істеді.* 2) *Өзінің пароходсымағын бөтен кеменің жолына* ***қасақана*** *жібереді. (Л. К.)*

2. Есім сөздерінен кейін ***үшін*** шылауының тіркесе айтылуы арқылы мақсат пысықтауыш болады. *Мен жазбаймын өлеңді* ***ермек үшін.*** *Жоқ-барды, ертегіні* ***термек үшін.*** *Қөкірегі сезімді, тілі орамды Жаздым үлгі жастарға* ***бермек үшін. (А. Қ.)***

3. Тұйық райлы етістік тұлғасындағы қимыл есімдері барыс жалғауында келіп мақсат пысықтауыш болады. 1) *Радист қолына қаламын алып, бәрін жазып алды да, командирге* ***баяндауға*** *жүгіріп кетті. (Л. К.)* 2) *Жиналып жұртым алдыма,* ***тыңдауға*** *мені келіп тұр. (Ж- Ж-)* 3) *Өзіміз де* ***тыныстауға*** *мейманханамызға беттедік. (С. М.)*

4. Зат есім сөздері ***-қалы, -келі, -ғалы, -гелі*** жұрнақтары арқылы жасалған көсемшелерге тіркесе айтылып мақсат пысықтауыш жасалады.
1) *Бөжейлер Құнанбайдың үстінен арыз* ***айтқалы*** *Қарқаралыға кетіп барады. (М. Ә.)* 2) *Сізге сәлем* ***бергелі*** *бұрыл дым. (С. М.)*

167-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, мақсат пысықтауыштардың астын сызыңдар. Олардың қай сөз табынан жасалып тұрғандығын айтыңдар.

1)Дәмін қарау үшін командирге апаруға болады. 2) Мен бөтен теңіздегі белгісіз балықтарды өз байлығымызбен тамақтандыруға жалданғаным жоқ. 3) Тесікті бітеу үшін ауыр брезентті кеменің нағыз түбіне тастай бастады. 4) Бейбітшілік үшін, Отан үшін олар әзір тұрады. 5) Біздің адамдарға түсінікті болу үшін тілмаш мұның бәрін дәл қалпында айтып берді.

§123. Сын-қимыл (амал) пысықтауыш

Етістік баяндауышпен немесе етістіктен болған өзге мүшелер-мен байланысты болып, етістіктегі қыймылдың қалайша өткенін не өтіп жатқанын, сындық-қимылдың сапасын және мөлшерін білдіретін пысықтауышты с ы н – қ и м ы л (а м а л) п ы с ы қ т а -у ы ш дейді.

Сын-қимыл амал пысықтауыштар қ а л а й ? қ а л а й ш а ? қ а й т і п ? н е қ ы п ? н е е т і п ? к і м а р қ ы л ы ? н е а р қ ы л ы ? қ а н ш а р е т ? н е ш е р е т ? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Сын-қимыл пысықтауыштар мына сияқты сөз таптарынан жасалады .

1. Көсемше, көбіне, сын-қимыл (амал) пысықтауыш болады. *1) Михаилдар* ***қарайламай*** *жүріп кетті. (Ғ.Сл). 2) Күздің таңы* ***баяулап*** *атып келеді екен (М.Ә.) 3) Нағима ана* ***тесіле*** *қарайды. (Ғ.М.)*

2. Сын-қимыл және мөлшерлік үстеулер сын-қимыл амал пысықтауыш болып келеді. 2) *Біз жөн сұрап* ***тез*** *шүйіркелесіп кеттік(.Ә.Ә.) 2. Бақанас бойының гүлденген талы, желек жамылған жас сұлудай, жел лебінен* ***ақырын*** *ғана ырғалады .(С.Бег).3. Басқамызға қайырылмастан* ***тұп-тура*** *Жалпақ балуанының шалбарына орала түсті.(Ғ. М)*

3.Кейбір септік жалғаулы сөздер (көбіне көмектес септік) қ а л а й ? еген сұраққа жауап болып тұрса, сын-қимыл (амал) пысықтауыш болады.

1) Ол ***қуанышпе****н қарсы алады. (Ә.Ә) 2.)Халықтың оларға* ***ызамен*** *қарайтындығын көреді.(Л.К.) 3)* ***Пәрменімен*** *ағызып келе жатқан машина тоқтап қалды.(Ә.Ә.)*

4. Сын есім мен сан есім сөздері етістіктен болған мүшемен байланы-сып сын-қимыл (амал) пысықтауыш болды. *1.Әке қадірінің қандай екенін мен қазір* ***жақсы*** *білемін .(Б.С.) 2.****Қырық*** *өлшеде,****бір*** *кес. (М.М).*

5. *Көп, аз* сөздері етістіктен болған мүшенің алдында келіп,сын-қимыл (амал) пысықтауыш болады. 1) *Сәтжан* ***көп*** *тыңдады (С.Б) 2)Раушан* ***аз*** *мүдіріп үндемей қалды.(Т.А)*

6.Шылау тіркесіп айтылған сөздер де сын-қимыл (амал) пысықтауыш болады. *Алға қараушы* ***телефон арқылы*** *командирге баяндайды (Л.К.)*

7. Мезгілдік мағынасы бар есім сөздермен және **есе,рет** сөздерімен тіркескен сан есімдер сын- қимыл (амал) пысықтауыш болады.

1*) Алдынан* **үш рет** *жалғыз аяқ жол кездесті.(*Т.А) *Байыған соң* **екі есе** *қылып қайтарармын.*

8.Есім сөздеріне, есімшелерге ***-дай, - дей, - тай, -тей*** жұрнағы жалғанып, етістіктен болған мүшемен байланысып, сын-қимыл (амал) пысықтауыш болады. 1. *Жылап аққан арық суын жалаңдаған сары құм жалмап алып, түк* ***көрмегендей*** *сазара түседі.(Ғ.М)2.****Қаңбақтай*** *көшкен тағдыр желі қуып, қайран ел жаңа жетті сыбағаға.(Қ.А.)*

168-жаттығу. Мысалдарды көшіріп жазып,сын-қимыл пысықтауыштардың астын сызыңдар.Олардың қай сөз табынан жасалып тұрғандығын айтып беріңдер.

1.Газет шығарады деген хабарға Асқар қатты қуанды. 2) Урядник бұрқан-тарқан ашуланып шығып кетті.3) Жел итеріп қарға малтыққан шалдар сүрініп - жығылып зорға келді.4) Итбай Асқардың бетіне жалтақ - жалтақ қарады. 5) Мен орыс тілін жақсы білмеймін. 6) Ол жол не жол екенін Мадияр Итбайға қазақы жалпақ тілмен түсіндірді. 7) Сол үндемеген қалпымен Сарбас оқуына кетті..(С.М). 8. Омбы станциясында біз айға жақын тұрдық (С. М.). 9. Мынау болса айына он сомнан он бес сомға дейін ақы береді (Ғ. М.). 10. Жәнібекті жөнелткен мезгілде күн арқан бойы көтерілген еді (М. Ә.). 11. Қонақтар төрт тараптың бәрінен қырық-елуден, жиырма-отыздан лек-лек болып келе жатыр (М. Ә.).

§ 124. Себеп пысықтауыш

Етістік баяндауышпен немесе етістіктен болған өзге мүшемен байланысты болып, етістіктегі қимылдың себебін білдіретін пысықтауышты с е б е п п ы с ы қ т а у ы ш дейді.

Себеп пысықтауыштар н е л і к т е н? н е г е? н е с е б е п **т** і? н е ү ш і н? деген сұраулардың біріне жауап береді.

Себеп пысықтауыштар мынандай жолдармен жасалады:

1. **–** ***дық, -дік*** жұрнағы жалғанған есімшелер тәуелдік жалғауы жалғанып та, жалғанбай да шығыс ссептік жалғауы тұлғасында келіп себеп пысықтауыш болады. 1) ***Үйренбегендіктен*** шаршады, тынысы тарыла бастады (Л. К.).) 2)

Ол бұл сөзді мәселеге ***түсінбегендіктен*** айтып отырған жоқ 3) Бұл үйдің қабырғасы көп жылдардан бері ***сыланбағандықтан*** қожа-лақтанып тұр (М. Ә.).

2. Есімшеге шығыс септік жалғауы тікелей жалғану арқылы да себеп пысықтауыш жасалады. 1) – *Сәлеметсіз бе , қарандас, - дедім мен* ***қуанғаннан*** *алқынып Ә.Ә.). 2) Майбасар* ***қысылғаннан*** *лекітіп күле берді (М.Ә.).*

3. Есімшеге себепті, соң шылаулары тіркесіп айтылып та себеп пысықтауыш жасалады. 1) *Олар бар мүмкіндікті дұрыс пайдалана* ***білгендігі себепті*** *мұндай жетістіктерге ие болып отыр.*

4. Есім сөздері мен есімшелерге ***үшін*** шылауы тіркесіп айтылу арқылы да себеп пысықтауыш жасалады. *1) Оған еңбек тәртібін* ***бұзғандығы үшін*** *сөгіс жарияланды. 2) Қазақ сахна өнерін дамытудағы жиырма бес жылдық* ***еңбегі үшін*** *Парасат ордені берілді.*

§125. Мөлшер пысықтауыш

Етістік баяндауышты немесе етістіктен болған өзге мүшелерді сан, мөлшерлік жағынан айқындап, пысықтап тұратын пысықтауыштың түрін м ө л ш е р п ы с ы қ т а у ы ш деп атайды.

Мөлшер пысықтауыштар қ а н ш а ? н е ш е ? қ а н ш а л ы қ ? қ а л а й ? деген сұрақтарға жауап береді. Мынандай жолдармен жасалады:

1. ***Көп, аз, тегіс, жаппай, сонша, соншама, мұнша, мұншама, аз-аздан, азды-көпті, азғантай*** тәрізді мөлшер мәнді үстеулер етістік сөзерімен тіркесіп келіп, мөлшер пысықтауыш болады.

1)Ол бүгін күндегіден ерекше боп, ***соншалық*** *жақындай түскен (М. Ә.). 2)* ***Мұншалық*** *дінің қатты болар ма? (Қ. Н.). 3) Содан бері тіршілік* ***осылайша*** *өтіп жатыр (Т. Әлімқ.). 4) Қонақ* ***аз*** *отырып,* ***көп*** *сынайды (М. М.). 5). Қазақ соғыстарында жаралану* ***көп*** *те, өлім* ***аз*** *болады (Ғ. М.). 6) Әлгі әзірде* ***сәл*** *ғана көз шырымын алып еді, жол соқты болған денесі* ***кәдімгідей*** *сергіп, тыңайып қалыпты (Б. Соқп.).*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Пысықтауыш сөйлемде қандай қызмет атқарады?*
2) *Пысықтауыштар қандай сөз таптарынан жасалады?*
3) *Пысықтауыштар мағыналық қарым-қатынасына қарай нешеге бөлінеді?*
4) *Мезгіл пысықтауыш нені білдіреді ? Сөйлемде қандай сөздер мезгіл пысықтауыштың қызметін атқарады?*
5) *Мекен пысықтауыш нені білдіреді? Сөйлемде қандай сөздер мезгіл пысықтауыштың қызметін атқарады?*
6) *Мақсат пысықтауыш қалай жасалады.? Қандай сұрақтарға жауап береді?*

7) *Сын –қимыл пысықтауыш деп қандай пысықтауыштарды айтады? Сөйлемде қандай сөздер сын-қимыл пысықтауыштың қызметін атқарады?*
8) *Себеп пысықтауыш деген не?*
9) *Мөлшер пысықтауыштар қандай сөздерден жасалады.?*

169-жатттығу. Мәтінді көшіріп жазып, пысықтауыштарды тауып, пысықтауыштардың үстіне сұрауын жазыңдар. Олардың қандай пысықтауыш екендігін айтыңдар.

Ұзын состав жазыла жүйткіп келеді. Адырлары алшақ, жазық дала поезға қарсы жүгіреді. Жол табанынан алыстаған сайын жүрісі шабандай түсіп, көз ұшындағы бір қыратқа тіреліп тоқтап қалады. Тау қапталынан шыққан поезд даланы үңгіп тауыса алмай келе жатқалы екі күн болды. Толқындары қыртыстанған алып мұхит сияқты шексіз, шетсіз дала жатыр. Сәскеде алыс қырларды сұйық көгілдір мұнар шалып тұрады да , түске таман сол мұнар сағым болып төгіледі.

Ұшан даланы көкпеңбек су қаптап кетеді. Сол әсем су дірілдеп құбылып, асығыс ағып бара жатады.Әр жерде арал болып төбелер көрінеді.(Т.А)

170-жатттығу. Сөйлемдердегі пысықтауыштарды тауып, түрлеріне ажыратыңыздар.

1.Кішкентай кезінде Абай өзі де кеш сайын осы жырдың тербеуімен ұйқытайтын. 2.Ересек азаматтар, бозбалалар ауылдан алыста, асуға тақап барып, таңертеңнен бері сонда тосып жүр. 3. Сабырсызданған балалар: «келіп қалды !» деген сөзге шынымен иланып, құнан, бестілеріне жүгірісіп, асығып мініп, «қайда, қайда ?!» десіп қарбаласып жүр. 4.Осы кезде Бөкенші асуының жотасынан бері қарай шапшаң құлдилап келе жатқан қалың шоғыр көрінді. 5. Жүргіншілер ойға, жалаң жерге келіп түскенде , бағанадан бұларға көрініп, өздеріне қарай асығып, тырағайлай шауып келе жатқан аттылардың алдыңғы екеу-үшеуі үйме-жүйме қатар жетті. Омырауларын тер басқан, демігіп танауратқан сәйгүліктерді зорға тоқтатқан ауыл кісілері күймеге соқтыға жаздап, дабырлап сәлем берісті (М. Ә.).

XII модуль тестері

1) Сөйлем мүшесінің қызметін атқара алатын сөздер:
   а) кез келген толық мағыналы сөз;
   в) негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі ;
   с) мағыналық және тұлғалық жағынан байланыста айтылған, бір сұраққа жауап беретін бір сөз немесе сөздер тізбегі;

d) тек атауыш сөздер

2) Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің қандай мүшелері деп аталады ?
а) негізгі мүшелер в) тұрлаулы мүшелер с) тұрлаусыз мүшелер;

3) Бастауыштың сұрақтарын көрсетіңіз:
а) кімдерім, нелерім в) кімдердің, нелердің с) кім үшін, не үшін;
d) қандай е) қайтып

4) Бастауыш қызметін атқаратын негізгі сөз табы:
а) зат есім, есімдік в) заттанған сын есім с) заттанған есімше ,
d) үстеу е) қимыл атауы

5) Баяндауыш қызметін атқаратын негізгі сөз табы:
а) зат есім, есімдік в) заттанған сын есім с) заттанған есімше ,
d) үстеу е) қимыл атауы)

6) Толықтауыш сөйлемде қандай сөздермен байланысты болады:
а) етістік баяндауыштармен, етістіктен болған өзге мүшелермен,
в) зат есім сөздерімен с) сын есіммен d) сан есіммен
е) үстеумен

7) Табыс септік тұлғасындағы сөз сөйлемде тек:
а) меншікті анықтауыш в) жанама толықтауыш с) тура толықтауыш
d) сапалық анықтауыш е) мекен пысықтауыш болады.

8) Заттың белгісін, сапасын, меншіктілігін білдіретін сөздердің сөйлемдегі қызметі:
а) анықтауыш в) пысықтауыш с) толықтауыш d) бастауыш
е) баяндауыш

9) Анықтауыштың түрлері:
а) тура, жанама в) сапалық, қатыстық с) сын-қимыл, d) мақсат
е) сапалық, меншікті

10)Анықтауыш қызметін атқаратын негізгі сөз табы:
а) сын есім, сан есім в) зат есім, есімдік с) үстеу, шылау
d) одағай е) етісті, одағай

11) Пысықтауыштар сөйлемде:
а) етістіктен болған мүшелермен байланыста айтылып, қимылдың мезгілін, мекенін, мақсатын білдіреді ;
в) есім сөздермен байланысты айтылып, заттың, нәрсенің сынын, сапасын бідіреді;
с) шылау, одағай, еліктеуіш сөздермен байланысты айтылып, сөйлемдегі айтылған ойға сөйлеушінің түрліше көңіл-күйін, көзқарасын білдіреді.

12) Пысықтауыш түрін белгілеңіз.
а) 3 в) 4 с) 5 d) 6 е) 7

13) Сөйлемнің бастауышын көрсетіңіз: *Келгендер үй ішімен баяу амандасты.*
а) келгендер в) үй ішімен с) баяу d) амандасты
е) үй

14) *«Біздің тіліміз - өте бай , әуезді тіл»* деген сөйлемдегі «*біздің*» деген

сөздің қызметі:

а) бастауыш в) анықтауыш с) толықтауыш d) пысықтауыш

е) баяндауыш

15) *«Қуа шыққан жігіттердің саны жетеу»* деген сөйлемдегі *« қуа шыққан»* тіркесі сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұр:

а) бастауыш в) анықтауыш с) толықтауыш d) пысықтауыш

е) баяндауыш

16*) «Үйге бейтаныс екі адам кірді»* деген сөйлемдегі *«екі»* сөзінің атқарып тұрған қызметі:

а) бастауыш в) анықтауыш с) толықтауыш d) пысықтауыш

е) баяндауыш

17) *«Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені»* деген сөйлемдегі *«екі»* сөзі сөйлемнің қай мүшесінің қызметінде жұмсалын тұрғанын көрсетіңіз:

а) бастауыш в) анықтауыш с) толықтауыш d) пысықтауыш

е) баяндауыш

18) *«Ауылдың жаны терең сай»* деген сөйлемнің бастауышы:

а) жаны в) ауылдың жаны с) сай d) терең

е) ауылдың

19) *«Аманкүл өкпесін әлі ұмытпаған екен»* деген сөйлемдегі *«өкпесін»* деген сөз сөйлемнің қай мүшесі:

а) бастауыш в) анықтауыш с) толықтауыш d) пысықтауыш

е) баяндауыш

20) *«Қырықтың бірі-қыдыр»* деген сөйлемдегі бастауыш:

а) бірі в) қырықтың бірі с) қыдыр

21) *«Қырдағы ел ойдағы елмен араласып»* деген сөйлемдегі *«қырдағы», «ойдағы»* сөздері сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұр:

а) бастауыш в) анықтауыш с) толықтауыш d) пысықтауыш

е) баяндауыш

22) «*Қазір ауылда жөнді жұмыс та жоқ»* деген сөйлемдегі *«ауылда»* деген сөз:

а) бастауыш в) анықтауыш с) толықтауыш d) пысықтауыш

е) баяндауыш

23) *«Бұл-өкіметіміздің сыртқы саясатта ұстанған негізгі бағыты»* деген сөйлемдегі «*бұл*» деген сөз:

а) бастауыш в) анықтауыш с) толықтауыш d) пысықтауыш

е) баяндауыш

24) Қай сөйлемде бастауыштан кейін сызықша қойылады:

а) Ойлау тыңдаудан басталады. в) Сөз халықтың ең қымбат қазынасы.

с) Жастық шақ жақсы атақты армандайды.

d) Біздің курста Дүйсен деген жігіт болды.

е) Қызға қырық үйден тию.

25) *«Қараңғыда тым жақын бару қауіпті»* деген сөйлемдегі бастауыш:

а) қараңғыда в) жақын бару с) қауіпті d) бару е) тым

XIII м о д у л ь

§ 126. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі

Сөйлемдегі сөздер қалай болса солай орналаса бермейді. Тілдің грамматикалық заңдарына байланысты әрбір сөйлем мүшесінің өзіне тән орны болады.

Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздердің бірқатары бір – бірімен белгілі жалғаулар арқылы байланысады да, олардың сөйлем ішінде орналасуы *е р і к т і* болып келеді. Ондай сөздерді сөйлемде бір орнынан екінші орнына орналастыруға болады. Өйткені олардың бір – бірімен мағыналық байланысы морфологиялық тұлғалар арқылы көрініп тұрады да, орын алмастырғаннан ондай мүшелердің мағыналық байланысы бұзылмайды, синтаксистік қызметіне нұқсан келмейді.

Орын тәртібі жағынан ерікті мүшелерге қиыса, меңгеріле, матаса байланысатын мүшелер жатады. Мысалы, *Салық қалаға машинамен барады* деген сөйлемді *Қалаға Салық машинамен барды* немесе *Машинамен Салық қалаға барды* деп те айтуға болады.Бұл сөйлемдердің үшеуінде де Салықтың барғандығын және қайда? немен? барғандығы айтылған.

Сөйлемнінң бірқатар мүшелерінің орын тәртібі т ұ р а қ т ы болып келеді. Яғни мұндай мүшені бір сөйлем ішінде басқа орынға алмастыруға болмайды. Орын ауыстырғаннан не сөйлем мағынасына кемшілік келеді, не ол мүшенің сөйлемдегі атқаратын синтаксистік қызыметі өзгереді. Сөйлемдегі орын тәртібі жағынан тұрақты мүшелерге қабыса байланысатын мүшелер жатады.

Қазақ тілінде жай хабарлы сөйлемдерде сөйлем мүшелерінің орын тәртібі төмендегіше болып келеді:

1.Бастауыш, негізінен, баяндауыштан бұрын айтылады. Бастауыштың баяндауышпен қатар тұруы да, араға сөз салып тұруы да мүмкін.

*1.**Командир** бірден бинокліне жармасты.*(Л.К.)

2. Баяндауыш қазақ тіліндегі дұрыс құралған прозалы сөйлемде, көбіне, сөйлемнің аяғында тұрады.

1. *Ербол Абай сөзіне сүйсініп **отыр екен.** (М.Ә.) 2) Ол – комбайнның **макеті.** (Ә.Ә.)*

Бұл айтылғандар–тұрлаулы мүшелердің дағдылы орын тәртібі. Жазушы өзінің тыңдаушысына ерекше әсер ету үшін, кейде сөйлем мүшелерінің дағдылы орын тәртібін белгілі дәрежеде бұзып, олардың орындарын алмастырып та қалданады. Мұны тіл ғылымында и н в е р с и я дейді.
*Мысалы: **Жасасын** біздің **үкімет!** (С.М)*

3.Толықтауыш өзін меңгеретін етістіктен болған мүшеден бұрын тұрады: *Мария қолындағын* **торайды** *кенеттен* **Әпенге** *ұстата салды. (Ғ. Мүсір)*

Мұнда екі толықтауыш бар, *торайды* - тура толықтауыш *Әпенге* – жанама толықтауыш, бұлардың екеуін де күрделі баяндауыш болып тұрған *ұстата салды* деген етістіктердің тіркесі меңгеріп тұр. Бұл толықтауыштардың екеуі де өздерін меңгеріп тұрған етістік баяндауыштан бұрын айтылған.

Толықтауыштардың өзін меңгеретін етістіктен болған мүшеге тетелес тұруы шарт емес , тек одан бұрын тұру ғана шарт, екінші сөзбен айтқанда, толықтауыш пен оны меңгеретін етістіктің арасында басқа мүшелер тұра береді.Табыс жалғаулы тура толықтауыштар етістіктен болған мүшемен іргелес айтылғанда, ол, көбінесе, жалғаусыз, табыс жалғауының жасырын түрінде келеді: *Біздің кочегар баласына мынандай* ***хат*** *жіберді.(Л.К.)*

4. Анықтауыш өзінің анықтайтын есім сөзінен бұрын тұрады. Анықтауыштар өзінің анықтайтын сөзімен қабыса және матаса байланысады.

Сын есім, сан есім сөздерінен және атау тұлғада қатар айтылғанда екі зат есімнің алдынғысы мен атау тұлғалы сілтеу есімдіктерінен болған анықтауыштар өзінің анықтайтын сөзімен қабыса байланысады да, сол сөзбен іргелес қатар айтылып қана анықтауыш бола алады. Мұндай анықтауыштар мен анықтайтын сөздерінің арасына өзге сөз келтіріп айтуға болмайды.

1) **Сұр** бұлт *түсі қапттайды аспан,*
Күз болып **дымқыл** *тұман жерді басқан.(А.Қ)*

2*)* ***Үш жылда*** *шаруашылықтағы мүйізді ірі қараның саны бес жүзге жетті (Ғ. М.) 3) Балқияға* ***бұл сөз*** *аса ауыр тиді,(Т.А.)*

Бұл сөйлемдерде *сұр бұлт, дымқыл тұман, үш жылда, бұл сөз* деген сияқты анықтауыш –анықталушы сөз тіркестері бар. Мұндағы *сұр, дымқыл, бір, бұл* сөздері ешқандай жалғаусыз,тек анықтайтын сөзімен іргелес қатар айтылу арқылы ғана анықтауыш болып тұр.

Мұндай қабыса байланысатын анықтауыштар мен анықталатын сөздердің арасында тек өзі сияқты анықтауышты ғана келтіруге болады. *Мысалы, Асан семіз тоқтыны ұстады* деген сөйлемде *семіз* – анықтауыш та , *тоқтыны* – анықталушы сөз . Бұлардың арасына *қызыл* деген анықтаушты келтіріп, *Асан семіз қызыл тоқтыны ұстады* деуге болады . Мұндайда нәрседегі болатын белгінің қайсысы сол нәрсенің негізгі табиғи белгісі болса , сол белгі нәрсеге жақын айтылады. *Тоқты* деген сөздің негізгі белгісі – оның түсі, яғни *қызыл* Ал *семіз* деген белгі –тоқтыда кейін пайда болатын, келтірінді белгі. Өйткені тоқты үнемі семіз бола бермейді, арық та болуы мүмкін .

Ілік жалғауы жанаса байланысқан анықтауыш сөйлемде белгілі орынға байланысты болмай, өзінің анықтайтын сөзімен іргелес тұрып та араға бірнеше сөздер түсіп , алшақтап та тұра береді. *Мысалы: Біздің* ***шаруашылықтың*** *қойлары семіз . Біздің* ***шаруашылықтың*** *жайлаудағы бойдақ қойлары семіз.*

5. Пысықтауыштар да толықтауыш сияқты өзі пысықтайтын етістіктен болған мүшеден бұрын тұрады . Пысықтауыштардың үстеуден (қимыл үстеуінен басқа), етістіктен болған түрлері сөйлемде орын талғамайды. Өзі

пысықтайтын етістікке таяу тұрып та , алыс тұрып та байланыса береді. *Мысалы: Екінші бригада егін ору жұмысына* ***кеше*** *кірісті .* ***Кеше*** *екінші бригада егін ору жұмысына кірісті.*

Сын есімнен, қимыл үстеулерінен болған пысықтауыштар сөйлемде орын талғайды.Өзі пысықтайтын етістіктен болған мүшемен қабыса байланысады . *Мысалы: Тоғызыншы сыныптың оқушысы Болат өте* ***жақсы*** *сөйледі . Абайлар үйге* ***сөйлей*** *кірді.*

Сөйлемдегі сөздердің, сөйлем мүшелерінің дағдылы орын тәртібімен қатар олардың қалыпты орындарын өзгертіп қолдануға да болады. Сөйлем мүшелерінің қалыпты орнын ауыстырып, инверсия жасау сөйлеуге стильдік өң береді.

Қазақ тілінде сөйлем мүшелерінің дағдылы орын тәртібін ауыстырып қалдану төмендегі түрде келеді .

1.Әдетте баяндауыш сөйлемнің ең соңында келіп ,бастауыш баяндауыштан бұрын айтылатын болса , автордың сөзінен құрылған сөйлем төл сөзді сөйлеммен жалғаса айтылғанда , бұлар «де»көмекші етістігі арқылы байланысады да автордың сөзінен құралған сөйлемнің бастауышы баяндауыштан кейін қолданылады.1*)- Ғапу етіңіз. Рас, қолайсыз екен-ау! – деп , ыңғайсызданып қалды Чайков. (Ғ.М.) 2) – Үкіметтің оң қолы өзіміз емес пе? – деді де, ойына бойлай берді Мейрам. 3) – Біздің тұзақ осылай болады, - деп, қалжыңдай келді Жанәбіл. (Ғ.М.) 4) – Үйге кіргесін естіртіңдер, мына Кенжетайды кіргізейік! – деген жауап берді Асқар. (С. М.)*

2. Өзінің тыңдаушысына ерекше әсер ету үшін, шығармаға стильдік өң беру үшін жазушылар кейде сөйлем мүшелерінің қалыпты тәртібін өзгертіп, инверсия жасайды. Бастауышты баяндауыштан кейін қолданады. Тіпті, кейде тұрлаусыз мүшелерді де баяндуыштан кейін келтіріп жазады.

а) 1) *Адам тіршілігінің алуан түрлерін көріп жатыр* ***Мейрам.*** *2) Бұл менің туған жерім болса да, сырын сізден аз біледі* ***екем.*** *3) Сол трубаны қоршап жатыр* ***ауылдар.*** *(Ғ. М.)*

Бұл сөйлемдердегі *Мейрам, екем, ауылдар* деген бас тауыштар баяндауыштан кейін айтылып, сөйлемнің аяғында келіп тұр.

ә*) 1) Еріксіз бұрылды қоңыр* ***үйге*** *(Ғ. М.). Мейрам қатты риза болып шықты* ***Боқайға****. (Ғ. М.). Кәкітайды жығып бердіңдер ме* ***шынымен?*** *(М. Ә.).*

Бұл сөйлемдерде *үйге* – мекен пысықтауыш, *Боқайға* – жанама толықтауыш, *бізді* – тура толықтауыш, *шынымен*- сын-қимыл пысықтауыш. Бұлар өздерін меңгеріп тұрған етістік баяндауыштардан кейін айтылып, сөйлемнің соңында келіп тұр.

171-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, сөйлемдегі сөздердің өзара байланысын көрсетіңдер де, олардың сөйлемде орналасу тәртібін айтып беріңдер.

Әлі шам жағылған жоқ, жұрттың көбі тыста мал жайлап жүр. Шығыс жаққа қараған терезенің алдында қос тізерлеп, екі шынтағын тізесінің алдына салып, иегін қолдарының үстіне қойып Абай отыр. Бұдан басқа оң жақта, жер

төсектің үстінде, бала уатқан Зере бар (М.Ә.). Кенет күркенің іші суып кеткендей болды. Топ ортасына енгенде, Ақан сытылып шетке шықты (З.Ш.). Жұрттың бәрі қос маңына шоғырлана қалған екен. Сенің ешқандай басы байлы адамың жоқ, адамдардың бәрі де атаманның қол астында. Мезгіл қыстың басы емес, көктем таяп келеді (Ә.С.). Мүкарама бұрыштағы үлкен айнаның алдына барып, шашын түзеп жатыр (Х.Е.). Баланы артына міңгестірді де, қойды алдына салып, ауылға айдап келді (З.Ш.).

172-жаттығу. Мына сөйлемдердің ішіндегі сөйлем мүшелерін сөйлемнің жалпы мағынасын және сөйлем мүшелерінің дағдылы орын тәртібін бұзбастай етіп, орын алмастырып қайта құрыңдар. Сөйлем мүшелеріне талдаңдар.

Үлгі: *Салтанат оқып отырған кітабын столға қойды. Оқып отырған кітабын Салтанат столға қойды. Оқып отырған кітабын столға Салтанат қойды. Столға Салтанат оқып отырған кітабын қойды.*

1) Салтанат оқып отырған кітабын столға қойды. 2) Терезе түбінен әтеш шақырды. 3) Ол терезеден көзін тайдырып әкетті. 4) Машина шамын жағып көпірге түсті. 5) Салтанат оның не айтқанын естіміеді. 6) Салтанат көпір аузында бөгелместен үйіне келді. 7) Бегәлі қазір кеңседен қайтып келеді. 8) Лаборант қыз оған даралап жауап қайырмады. *(Р. Ә.)*

§127. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

Жай сөйлемде үнемі сөйлем мүшелері бір-бірден келе бермейді. Кейде сөйлемнің белгілі бір мүшесі екеу я бірнешеу бо-лып та келеді. Мысалы, сөйлемде бір бастауыш, бірнеше баян-дауыш болуы да және, керісінше, бір баяндауыш, бірнеше бастауыш болуы да мүмкін. Сол сияқты бір сәйлемде тұрлаусыз мүшелердің әрқайсысы да бірнешеу болып келе береді.

1)Ермек *пен* ***Едіге*** *Өнербектің үйіне асыға кіріп барды. (С. Т.)* 2) *Лена оған бір* ***қарады*** *да,* ***шығып кетті.*** *(В. О.)* 3) *Мен жүзім* ***сатуға****, сауда* ***жасауға*** *дайындалып жатқан жоқпын. (В. Л.)* Бірінші сөйлемде бір баяндауышқа ортактасып, к і м? деген сұраққа жауап беріп тұрған *Ермек, Едіге* деген екі бастауыш бар да, екінші сөйлемде бір бастауышпен байланысқан, не қ ы л д ы? деген сұраққа жауап беріп түрған *қарады, шығып кетті* деген екі баяндауыш бар. Ал үшінші сөйлемде бір етістік баяндауышқа меңгеріліп, неге? не істеуге? деген сұраққа жауап беріп тұрған *сатуға, жасауға* деген екі жанама толықтауыш бар.

С ө й т і п, **бірдей сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі-мен байланысып тұрған сөздерді с ө й л е м н і ң б і р ы ң ғ а й м ү ш е л е р і дейді.**

Бірыңғай мүше болуы үшін бір сөйлемде бір мүшенің екеу не бірнешеу болуы ғана шарт емес. Олардың, ең алдымен, ыңғайлас бір сұраққа жауап беруі шарт, екіншіден, сол сөйлемдегі бір мүшемен ғана байланысты болуы шарт.

Кеше бөлімшеге тағы екі үлкен машина әкелді. Бұл сөйлемде *екі, үлкен* деген екі анықтауыш бар. Бірақ бұлар бірыңғай анықтауыш емес. Өйткені біріншісі н е ш е? деген сұраққа, екіншісі қ а н д а й? деген сұраққа жауап болып тұр.

Сөйлемдегі бірыңғай мүшелер бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір мүшесімен ғана байланысып тұратын болғандықтан, олар бір сөйлем ішінде нешеу болса да, морфологиялық тұлғалары жағынан бірдей болып келеді. *Мысалы: 1) Тамыз маслихатына облыстық білім басқармасының* ***басшылары,*** *аудан әкімшілігінің жауапты* ***қызметкерлері, ауыл әкімдері, оқытушылар, ата-аналар*** *қатысты*. 2) *Республикамыздағы шаруа қожалықтарының жұмысының жайына тоқталар болсақ, елімізге* ***астықты, мақтаны, қант қызылшасын, етті, сүтті, жүнді*** *қолда бар мүмкіншіліктен әлі де анағұрлым аз беріп отырғанын айтуға тиіспін.* 3) ***Министрліктердің, ведомостволардың,*** *облыстық* ***партия және шаруашылық орындарының*** *алға қойылған міндеттерді орындаудағы ролі мен жауапкершілігін күшейту керек. («Ж.А»)*

Бірінші сөйлемде 5 бірыңғай бастауыш бар, олардың бірқатары тәуелдік жалғауының III жағында, бірқатары тәуелдік жалғаусыз айтылып, атау септік жалғауы тұлғасында қолданылған. Екінші сөйлемде 6 бірыңғай тура толықтауыш бар, олардың бәрі де табыс септік жалғауы тұлғасында айтылып тұр. Ал үшінші сөйлемдегі 3 бірыңғай анықтауыштың барлығы да ілік септік жалғау тұлғасында қолданылған.

Сөйлемде белгілі морфологиялық тұлғада айтылған бірнеше бірыңғай мүшелер қатар қолданылғанда, ол бірыңғай мүшелердің алдыңғыларында болуға тиісті қосымшалар үнемі жалғанып отырмайды. Кейде сөйлемге стильдік жеңілдік туғызу үшін бірыңғай мүшелердің алдыңғыларының жалғаулары түсіріліп те айтылады.

Бірыңғай мүшелердің алдыңғыларындағы, болуға тиісті қосымшаның түсіріліп айтылуы мына сияқы екі түрлі жағдайда қолданылады:

1. Сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер жұпталып айтылып, әр-бір жұпқа енетін екі бірыңғай мүшенің аралары ***мен, бен, пен*** ыңғайластық жалғаулықтары арқылы байланысатын болса, алдыңғысының жалғауы түсіріліп айтылады. Мысалы: **Абай мен Ұлжан** сескенді де, Зеренің қасын күзетті (М. Ә.). Бұл жұпталып айтылған бірыңғай мүшенің морфологиялық тұлғалық белгісі екінші сыңарында қолданылып тұрғандықтан, бірінші сыңарында жалғаудың түсіріліп айтылуынан сөздердің синтаксистік байланысына және жалпы мағынасына ешқандай кемшілік келіп тұрған жоқ. Қайта, сөйлемнің құрылысы ықшамдалып, стильдік жеңілдік келтіріп тұр.

2. Кейде жалғаулықсыз белгілі интонация арқылы саналып айтылған бірыңғай мүшелердің де алдыңғыларының қосымшалары түсіріліп айтылады. Мысалы: *Барлық ауыл шаруашылық дақылдарынан жоғары өнім алып, елімізді қажетті мөлшерде* ***астық, ет, сүт, көкөніс*** *және* ***жеміспен*** *қамтамасыз ету үшін республикада керекті жағдайдың бәрі бар. («С. Қ.»)*

Бұл сөйлемнің көмектес септік жалғауындағы бірыңғай жанама толықтауыштардың алдыңғыларының көмектес септік жал ғау қосымшасы түсіріліп айтылған.

Морфологиялық тұлғасына қарай, сөйлемдегі атқаратын қызметіне қарай сөйлемнің барлық мүшесі бірыңғай болып келе береді.

Бірыңғай бастауышқа мысал: 1) *Мына сөйлеп тұрған* ***радиоқабылдағыш,*** *алты қанат ақ үйдің іші-сыртын алып тұрған* ***жиһаздар*** *— сол еңбектің айғағы. («Қ. Ә.») 2) Бүріскен* ***мал*** *мен жүдеген* ***жандар*** *бағанадан бері Абайға үлкен ой салды. (М. Ә.)*

Бірыңғай баяндауышқа мысал: *Белинский әрі* ***философ,*** *әрі саяси* ***жетекші,*** *әрі* ***публицист,*** *әрі* ***халық адвокаты,*** *әрі қанаушыларға* ***үкіметі болды.*** *(«Қ. әд.»)* 2) *Бір батальон мен артиллерия* ***артта, алыста.*** *(Б. М-ұ.)*

Бірыңғай толықтауышқа мысал:

Сыйластықпен, жекжаттықпен немесе тіпті азынаулақ ақы берумен де ***Ырғызбайға, Құнанбай, Байсалдарға*** *сыйысып кетеді. (М. Ә.)*

Бірыңғай анықтауышқа мысал:

1) ***Кілемді, текеметті, алашалы, көрпелі, мейманд ос*** *мол үй. (М. Ә.)*

2) *Сырт қарап отырған Абайға әженің кей де* ***шерлі*** *кейде* ***мейірбан*** *рақым күйі өзін тербетіп отырғандай сезіледі. (М. Ә.)*

Сөйлемдегі айтылған анықтауыштардың барлығы бірдей бірыңғай анықтауыштар бола бермейді. Бірыңғай анықтауыштарды сатылы анықтауыштар мен әр текті анықтауыштардан ажырата білу керек.

Ілік жалғаулы анықтауыштар сейлемде біреу болмай, бірнешеу болып та келе береді. Мұндай ілік жалғаулы матаса байланысқан анықтауыштар тәуелдік жалғаулы бір сөзге қазықталмай, бірін-бірі анықтап барып, ең соңғысы арқылы негізгі анықталатын тәуелдік жалғаулы сөзді анықтап тұрады. Мысалы: *Ауылдың орталық көшесінің бойындағы* ***жаңадан салынған екі биік үй*** *мектеп пен аурухана болатын* деген сөйлемде *үй* сөзін анықтап тұрған үш анықтауыш бар. Олардың әрқайсысы өз бетімен *үй* деген анықталушы сөзбен байланысып тұр. Бірақ олар бірыңғай анықтауыштар емес, өйткені бір сөзбен байланыса тұрса да, үйдің біртектес белгілерін санап көрсетпей әрі сапалы, әрі текті белгілерін сипаттап тұр. *Биік* деген сөз оның кәлемдік белгісін көрсетсе, *екі* деген сөз сандық белгісін, *жаңадан салынған* деген сөздердің тіркесі салыну мерзімі жағынан сипаттайды. Сондықтан бұл сияқты бір сөзбен байланысты бола тұрса да, оның біртектес белгілерін санап көрсетпей, әр түрлі, әр сапалы белгілерін көрсетіп тұратын анықтауыштарды әр текті анықтауыштар деп атайды.

Бірыгай пысықтауыштарға мысал:

1) *Жақыптыңжүзіне* ***қарамай, қырындау*** *отырып, барлық сөзді қиястана тыңдап отыр. (М. Ә.)* 2) *Не* ***жоғары*** *не* ***төмен*** *қарай алмай Жәмила бетін басты. (F. М.)*

Бірыңғай мүшелер үнемі бір сөзден ғана тұрған жалаң мүше болмай не бір сұраққа жауап беретін күрделі мүше болмай, өзіне қатысты өзге мүшелері де бар жайылма бірыңғай мүше түрінде де қолданылады. Мысалы: *Өрістете*

жүргізілген құрылыс материалдық игіліктердің молшылығын жасаумен қатар ***рухани мәдениеттің нағыз байлығын, халықтың қажеттерін*** *бірден-бірге толық* ***қанағаттандыру ісін, демократия принциптерін одан әрі*** *дамыту жаңа қогамның саналы еңбекшілерін тәрбиелеуді* ***қамтамасыз етуге тиіс...***

Бұл — бірнеше жайылма бірыңғай мүшелі жай сөйлемдер, мүнда *қамтамасыз етуге тиіс* деген етістік күрделі баяндауышқа меңгерілгеи төрт бірыңғай тура толықтауыш бар. Бұл бірыңғай мүшелердің әркайсысының да өзіне қатысты бірнеше сөздері бар. Сондықтан мұндай бірыңғай мүшелер жайылма бірыңғай мүшелер деп аталады.

173-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, бірыңғай мүшелердің астын сызыңдар да, үстіне сұрауын жазыңдар. Олардың сөйлемнің қай мүшесімен байланысып тұрғандығын айтыңдар, түрлерін атаңдар.

1) Сәуле мен Перизат келе Нұрлан мен Павелді сұрастырды. 2) Ерлікті сүю, еңбекті сүю, сүйгеніне жету, жете алмаса сол жолда құрбан болу еліміздің ежелгі дәстүрі емес пе еді? *(Ә. Ә.)* 3) Жасы өзгелерден кішірек, аласа бойлы, жұқа жүзді Айтқазы болыс өзгенің бәрінеп бұрын Базаралымен жақсы амандасты. 4) Сол Мыңжасар осы жүрген көп қазағыңнан әрі ақылды, әрі намыскер және қайсар да өжет! *(М. Ә.)* 5. Осыны біліп ол өзіне де, өзгелерге де қатал болды. *(Т. А.)* 6) Арманы — шөлге, желге мойымайтын, әрі жеміс беретін ағаш өсіру. *(Ғ. Сл.)* 7. Бұларың да не ерлікке, не әділдікке жараспайды. 8. Келесі күні арқа жотасының әлденеше жерінен сыр іздеген зерттеушілер Қаранай, Шақпақ, Көксеңгір, Мейзен, Сегізауыз, Көкшетаулатып кезіп қайтатын жүрістеріне аттанды. *(С. Бег.)*

§ 128. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері

1. Бірыңғай мүшелер өзара жалғаулықсыз келіп, дауыс ырғағы арқылы байланысып тұрса, бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылады.

1) *Топтың алдыңғы қатарында* ***Абай, Көкбай, Шұбар*** *— үшеуі өзгелерден озыңқырап оңаша әңгімелесіп келеді. (М.* ***Ә.)*** 2) ***Арық, ұзын, еңкіштеу*** *денесі әлі ширақ. (Ғ. М.)*

2. Бірыңғай мүшелердің арасы қайталанып айтылатын ***да, де, та, те, әрі, бірде, кейде, біресе, не, я*** жалғаулықтары арқылы байланысып, бұл жалғаулықтар әрбір бірыңғай мүшенің алдында, не соңында тұрып қайталанып айтылса, бірың-ғай мүшелердің арасына үтір қойылады.

1) *Біресе ел жайын, біресе жер жайын әңгімелеп, құлақ құрышын қандырады. (Ғ. М.)* 2) *Қайырбек те, бұ да меншікті аттарын бәйгеге қосып жіберді. (Ғ. Сл.)*

3. ***Я, не, немесе, яки*** жалғаулықтары сөйлемде қайталанбай, бір-ақ рет айтылып, бірыңғай екі мүшенің ғана арасын байланыстырып келсе, бірыңғай

мүшелердің арасына үтір қойылмайды: *Машинамен я көлікпен келгендердің жолдарына қарауыл қойылады. (С. М.)*

4. Бірыңғай мүшелердің арасы қайталанылмайтын ***мен (пен, бен), және*** жалғаулықтары арқылы байланысса, бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылмайды. 1) *Қарлығаштар ауа райы ашық және құрғақ болардың алдында аспанға шырқап биік ұшады.*

174-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазыңдар да, бірыңғай мү-шелердің астын сызып, керекті жеріне үтір қойыңдар.

1.Бұл шақта оның қасында Мұхиттан басқа Тұрдыахон мен Жарқын Қатира мен Ханбибі — төртеуі бар еді. 2) Ауданның басшы адамдары ауыл әкімдері зоотехник агрономдар да малшылар да жиналып қалған-ды. *(Ғ. Сл.)* 3) Жеті күн жеті түн тынымсыз соққан боран бүкіл қаланы күртік қармен көміп салды. *(Ә. Ә.)* 4. Ол ауылдағы Қенжетай мен Темірбектің қолында тұрады. Балалығын Шортандының түпсіз терең күмістей көліне сүңгумен меруерт құмына аунаумен текшелі тастарына өрлеумен өткізген Асқар ер жеткен соң туған тауының сұлулығымен ғана қанағаттанбады. *(С. М.)* 6) Олардың киімдері де кескіндері де мінез-құлықтары да біріне-бірі ұқсамайды. 7) Сасқандық па әлде ұялғандық па немесе не айтарын білмегендік пе Төрекелді келгендерге иек қағып басын изей берді. *(М. И.)*

§ 129. Бірыңғай мүшелі сөйлемдердегі жалпылауыш сөздер

Сөйлемдегі бірыңғай мүшелер үнемі жалаң айтыла бермейді. Қейде сейлемде бірыңғай мүшелерді ішіне алатын жалпылауыш сөздер де айтылады. Жалпылауыш сөздер сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің алдынан да, соңынан да келе береді. Жалпылауыш сөздер жалаң түрде (бір сөзбен) де, күрделі түрде (бірнеше сөздердің тіркесімен) де айтыла береді.

Бірыңғай мүшелер сөйлемнің қай мүшесі болса, жалпылауыш сөз де сол мүше қызметінде жұмсалады. 1. Қазір бұл шаруашылық аумағы он бес гектар баққа ***жеміс ағаштарын*** *— алма, алмұрт, шабдал, қара өрік, шие — өсіреді.* 2) *Қазақстан шөлінде құм да, саз да, саздақ та, сары топырақ та, қиыршық топырақ та — бәрі де кездеседі.*

Бірінші сөйлемде жалпылауыш сөз — *жеміс ағаштарын.* Бұл — бірыңғай мүшелерден бұрын айтылып толықтауыш болып тұр. Екінші сөйлемде *бәрі де* деген жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден кейін айтылып, бастауыш болып тұр.

§ 130. Жалпылауыш сөздердің тыныс белгісі

1. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелердің алдында келсе, одан кейін қос нүкте (:) қойылады да, бірыңғай мүшелердің арасына үтір (,) қойылады. *Қазақстанның* ***ірі өзендері:*** *Ертіс және оның тараулары, Күршім, Үлбе, Нарын, Бұқтарма, Іле, Шу, Қаратал, Асу, Сырдария және оның тараулары*

Арыс пен Шыршықтау қойнауларынан басталып дала жазықтарын жарып толқындап ағады. («Қаз. тар.»)

2. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден кейін келсе, оның алдынан сызықша (—) қойылады. 1) *Асылып жатқан ет, маздап жанған от, қою қымыз —* **бәрі** *де қонақтар көңілін көтере түскендей. (М. Ә.)*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Қандай сөздерді сөйлемнің бірыңғай мүшесі дейді?*
2) *Қандай сөйлем мүшелері бірыңғай болып қолданылады?*
3) *Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері қалай қойылады?*
4) *Бірыңғай мүшелі сөйлемдердегі жалпылауыш сөзөдер деген не? Олардың тыныс белгілері қалай қойылады?*

175-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар. Бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздерді тауып, тиісті жеріне тыныс белгілерін қойыңдар.

1) Бұл жерде ағаш та шөп те атымен жоқ. 2) Орыс тілдерінде қазақ жазушылары мен ақындарының Абайдың Жамбылдың Әуезовтың Мұқановтың Тәжібаевтың Әбішевтің Жароковтың шығармалары шығуда. 3) Біздің алдымызда жатқан соғыс жылдарындағы газеттердің бетінен ерлік істерімен тылда да майданда да даңқы шыққан совет адамдарының бейнесін көресің. («ҚазССР») 4) Қазір онда киік те елік те бұғы да құлан да қаптап кеткен. 5) Қинода спектакль де концерт те осы клубта болады. 6) Жаманшұбар мен Досты басып темір жол өтеді деген ой не өңімде не түсімде менің басыма кірген емес. 7) Ол әнге әлдеқайдан гармонь гитар скрипка сияқты музыка құралдарының күшті және сазды дыбыстары қосылып кетті. *(С. М.)*

§ 131. Айқындауыш

Айқындауыш мүше — анықтауыштың бір түрі. Анықтауыштар белгілі бір есім сөзін анықтап, оның түрін, түсін, заттық және қимылдық сапасын, сандық мөлшерін көрсетіп тұрады. Сөйлемде өзінің анықтайтын сөзінің алдында келіп, не қабыса, не матаса байланысады.

Айқындауыштар өзінен бұрынғы сөзді екінші бір сөзбен айтып түсіндіреді. Айқындауыштардың біркқатары өзінен бұрынғы сөзбен тең мағыналас болып та келеді.

Қазақ тілінде айқындауыш екі түрлі болып келеді: 1) оңашаланған айкындауыш мүшелер, 2) қосарлы айқындауыш мүшелер.

1. Оңашаланған айқындауыш. Өзі қатысты сөзден кейін айтылып, өзінің алдындағы сөздің заттық, шақтық мағынасын дәлдеп түсіндіретін бір сөзді я бірнеше сөздердің тіркесін о ң а ш а л а н ғ а н а й қ ы н д а у ы ш м ү ш е д ейді.

Өзінің айқындайтын, дәлелдейтін сөзі қандай мүше болса, оңашаланған айқындауыш мүше де сөйлемнің сол мүшесі болып тұрады. Оңашаланған айқындауыш мүше өзінің айқындайтын сөзінен және сөйлемнің өзге мүшелерінен дауыс ырғағымен ерекшеленіп айтылады.

Жазуда оңашаланған айқындауыш мүшенің екі жағынан да үтір қойылады. Қейде оңашаланған айқындауыш мүше күрделі болып келсе, үтірдің орнына сызықша да қойылады. 1. ***Олар, тың және тыңайған жерлерді игерушілер****, кездескен қиыншылықтарды табандылықпен жеңе білді.* 2) *Біздерге, ел болашағы-**жастарға**, өз Отанымыздың игілігі үшін еңбек етуден ардақты міндет жоқ.*

Бұл сөйлемдердегі *тың және тыңайған жерлерді игерушілер,ел болашағы-жастарға,* деген сөздер өздерінің алдындағы айқындайтын, дәлдейтін сөзімен тұлғалас келіп, бірінші сөйлемде бастауыш, екінші сөйлемде толықтауыш қызметінде тұрып, *олар, біздерге* деген сөздерді екінші сөзбен айқындап тұр.

176-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, оңашаланған айқын-дауыш мүшелердің астын сызыңдар да, қай сөзді айқындап тұрғанын керсе-тіңдер.

1) Алғаш мұндай ерікті жұмыстар аптаның соңғы күні, сенбі күні, істелетін болды. 2) Электр станциясының ашылатын күні, 14 қараша да, келді. *(А. К.)* 3) Шоқан сықылды туған елін, қазақ даласын , шын жүректен сүйген патриотты еліктіріп әкету мүмкін емес еді. *(С.Бегал.)* 4) Біз, Алматының машина жасаушылары, Карповқа су торабының құрылысшыларынан жаңа тапсырыс қабылдадық. 5) Заводтың ұжымы — жұмысшылар, инженерлер, техниктер —бұл тапсырысты тез орындауға шұғыл кірісті *(«С. К-»)* 6) Ал бүгін, 1954 жылдың 13 наурызынын 14 наурызына ауысқан түні, Москваның мол денесіндегі әрбір мүшесі маған ерекше әдемі сияқтанып көзім түскеннің бәріне сұқтана, таңырқап қараймын. *(С. М.)*

2. Қосарлы айқындауыш мүше. Орнын ауыстырып қолданғаннан анықтауыштық мағынасы бұзылмайтын, анықтауыштық қызметі ғана алмасатын сөз тіркестерін қ о с а р л ы а й қ ы н д а у ы ш м ү ш е дейді.

Қосарлы айқындауыш мүшелердің екі жағы да, көбінесе, зат есім сөзінен болып келеді. Сондықтан бұлардың орнын алмастырса, олардың мағынасы бұзылмай, синтаксистік қызметі ғана алмасады, яғни анықтаушы сөз анықталушы сөзге айналады да, анықталушысы анықтауышқа айналады. Қосарлы айқындауыштың дағдылы анықтауыштан айырмасы орын талға-майды.

Мұғалім Асқар, ұста Болат, агроном жолдас, ұшқыш Сәлім, жазушы Сәбит, ақын Жамбыл деп те, олардың орнын алмастырып, *Асқар мұғалім, Болат ұста, жолдас агроном, Сәлім ұшқыш, Сәбит жазушы, Жамбыл ақын* деп те айтуға болады.

Сол сияқты бірін-бірі айқындап, біріне-бірі тең мағынада ұсталатын *телефон-автомат, магнитофон-аппарат, инженер-технолог* деген сөздер де қосарлы айқындауыштардың қатарына жатады.

177-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, қосарлы айқындауыш мү-шелердің астын сызып, олардың қалай жасалғанын айтыңдар.

1) Трест бастығы Щербаков, механик Козлов, слесарь Лапшин дегендер өте іскер адам көрінеді. *(Ғ. М.)* 2) Жолшыбай механика цехына соққан Қазыбек қарттың көзі қаңырап қалған залға, залдың ішінде қаңтарулы тұрған станоктарға түсіп еді, жаны түршігіп, түсі бұзылып кетті. *(Ә. Ә.)* 3) Оны көргенде Қайырбек ақсақал тықыршып кетті. *(Ғ. Сл.)* 4) Бұлардың сөзін Баян бәйбіше келіп бөлді. *(Ә. Ә.)* 5) Ал, секретарь жолдас, не айтасың? *(Ғ. Сл.)* 6) — Жолдас капитан, жауынгер Құлбаев окоп қазып жатыр,— деп баяндады. *(Т. А.)* 7) Қайырбек карт көзі кілгірген жұртты бір күлдіріп, шатыр ішіне кіріп, қалың киімдерді кетеріп алып шықты. *(Ғ. Сл.)*

§ 132. Үйірлі мүше

Сөйлемнің күрделі мүшесі сияқты бір сөзбен байланысып, бір сұраққа жауап беретіндей болып тіркескен, бірақ тіркестегі сөздері өзара жеке сөйлем мүшесі ретінде талдауға келетін сөздердің синтаксистік тобы ү й і р л і м ү ш е деп аталады. Мысалы:

1) ***Ұзын жолда машинасы сынған*** *шофер мүгедек адаммен бірдей.* 2) ***Аузы күйген*** *үрлеп ішеді.* 3) ***Құлақ естігенді*** *көз көреді. («М. М.»)*

Бұл сөйлемдердегі қара әріппен терілген *ұзын жолда машинасы сынған, аузы күйген, құлақ естігенді* деген сөздердің тіркесі — бір сұраққа жауап беретін үйірлі мүшелер. Бірінші сейлемдегі тіркес қ а н д а й ш о ф е р ? деген сұраққа жауап беретін, сейлемнің *шофер* деген бастауышын анықтап тұрған үйірлі анықтауыш мүше. Оның өз ішінде *сынған* деген баяндауышы *машинасы* деген бастауыш, *ұзын жолда* деген анықтауыш-пысықтауыштары бар. Екінші сейлемдегі *аузы күйген* деген тіркес *к і м ү р л е п і ш е д і?* деген сұраққа жауап беріп, үйірлі бастауыш мүше болып тұр (мұнда да *ауыз* — бастауыш, *күйген* — баяндауыш).

Үшінші сөйлемдегі *құлақ естігенді* деген тіркес етістік баяндауышқа меңгеріліп н е н і ? деген сұраққа жауап беріп, үйірлі толықтауыш мүше болып тұр (бұл да жоғарыдағыдай өз ішінен сөйлем мушелеріне ажыратылады).

Жоғарғы мысалдардағы сияқты үйірлі мүше деп аталатын сөз тіркестерінің күрделі мүше мен бағыныңқы сөйлемдерге ұқсас белгілері де, олардан ерекше белгілері де бар.

Үйірлі мүшелердің күрделі мүше мен бағыныңқы сөйлемдерден негізгі ерекшеліктері мыналар:

1. Үйірлі мүшелер де күрделі мүшелер сияқты бірнеше сөздердің тіркесінен тұрады да, бір сұраққа жауап береді. Бұл — үйірлі мүше мен күрделі мүшенің ұқсастық жағы.

Бұлардың бір-бірінен айырмашылығы — күрделі мүше деп танылатын сөз тіркестерінің ішіндегі жеке сөздер сөйлем мушелеріне талданбайды. Мысалы: 1) *Ол қағазға* ***қол қойды.*** *2) Мен жауынгерлерге* ***көз салдым*** *(Б. М-ұ.)* 3) ***Торы ала*** *ат — біздің колхоздағы жүйрік аттардың бірі.* 4) *Менің інім* ***Алматы қаласында*** *оқиды.* Бұл сөйлемдерде қара әріппен жазылған *қол қойды, көз салдым* деген тіркестер н е і с т е д і? деген сұраққа жауап беріп, күрделі баяндауыш болып тұр. *Торы ала* деген тіркес қандай? деген сұраққа жауап беріп, күрделі анықтауыш қызметін атқарып тұр. Ал *Алматы қаласында* деген тіркес қ а й д а? деген сұраққа жауап беріп, күрделі пысықтауынш болып тұр. Бұларды өз ішінде жеке сөйлем мүшелеріне талдауға болмайды.

Үйірлі мүше деп аталатын сөз тіркесі сөйлемнің белгілі мүшесі қызметін атқарумен қатар, өз ішінде жеке сөйлем мүшелеріне талданады. Мысалы: ***Балығы тайдай тулаған*** *көлдер бұл өлкеде жиі кездеседі* деген сөйлемде *балығы тайдай тулаған* деген сөз тіркестері қ а н д а й? деген сұраққа жауап беріп, тұтас алғанда, *көлдер* деген бастауышпен байланысып, ү й і р л і анықтауыш мүше болып тұр. Сөйте тұра, бұл тіркестегі сездерді өзара байланысына қарай, жеке мүшелерге талдауға болады. *Балығы* н е с і? деген сұраққа жауап береді, бастауыш. *Тайдай* қалай? деген сұраққа жауап береді, пысықтауыш. *Тулаған* не істеген? деген сұраққа жауап береді, баяндауыш.

2. Үйірлі мүшеге енген сөз тіркестері өз ішінде жеке сөйлем мүшесі ретінде талданатын болғандықтан, оны бағыныңқы сөйлем деп түсінушілік бар. Үйірлі мүшелердің сабақтас құрмаластағы бағыныңқы сөйлемдерден мына сияқты айырмашылықтары бар.

а) Үйірлі мүшелердің ішіндегі сөздер өзара жеке мүшелерге талданып, сыртқы көрініс белгісі жағынан бағыныңқы сөйлемге ұқсап тұрғанмен, оның сейлемдік интонациясы болмайды. Сондықтан үйірлі мүшелерден кейін үтір қойылмайды;

ә) бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшенің барыс, шығыс, жатыс, көмектес септік жалғаулары тұлғасында немесе оның шылаулармен, мезгіл мәнді сөздермен түрінде келетін болса, үйірлі мүше құрайтын есімшелер атау, ілік, табыс септік жалғауларының бірінде айтылуы шарт;

б) өзінің айналасына өзге сөздерді үйіріп (байланыстырып) үйірлі мүше жасайтын, негізінде, есімше (оның атау, ілік, табыс септік жалғау түлғасы) болып келеді.

Сөйтіп, үйірлі мүше тудыратын атау, ілік және табыс септік жалғауларының бірінде айтылған есімше болатындықтан, үйірлі мүшелер үш түрлі болып келеді: *үйірлі анықтауыш мүше, үйірлі толықтауыш мүше, үйірлі бастауыш мүше.*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Айқындауыш қандай қызмет атқарады? Оңашаланған айқындауыш деген не?*
2) *Қосарлы айқындауыш деген не? Айқындауыштардың тыныс белгілері қалай қойылады?*
3) *Үйірлі мүше деген не?*

178-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып шығыңдар да, күрделі мүшелі сөйлемдерді бір бөлек, үйірлі мүшелі сөйлемдерді бір бөлек көшіріп жазындар. Күрделі мүшенің астын бір, үйірлі мүшенің астын екі рет сызып, олардың айырмашылықтарын айтып беріңдер.

1. Сары атанның арбасында іркілдеп жатқан екі үлкен шошқа да түк ойламастан келе жатыр. (Ғ. *Мүсір.)* 2) Полк командирі Бабченко мінген эшелон әне келеді, міне келедімен жүр. *(К. С.)* 3) Білек сүріндіре алмағанды білім сүріндіреді. *(«М. М.»)* 4) Аяқты басқан сайын қауіп күткен біз амалсыздан жүре бердік. *(С. М.)* 5) Бірақ қорқыныш билеген адам ажалға қарсы баспайды. *(А. Бек.)* 6) Қызылбалақтың машығына бойы үйренген жуас торы ат үріккен жоқ. *(М. Ә.)* 7) Біреу білмегенді біреу білер. *(«М. М.»)* 8) Зейне де әзір балапан жайынан баласына ешбір сөз айтқан жоқ. *(С. Бег.)* 9) Өзі білмегеннің аузына қарама. *(«М. М.»)*

§ 133. Оқшау сөздер

Сөйлемдегі айтылған сөздердің бәрі бірдей сөйлемге мүше бола бермейді. Кейбір сөздер сөйлемнің өзге мүшелерімен грамматикалық байланысқа енбей, жалпы сөйлемдегі айтылған ойға сөйлеуші адамның көзқарасын, ішкі сезімін және ойдың кімге, неге арналғанын көрсету үшін қолданылады.
1) *Шалқы, **дария,** жүрек күйге шомылсын, Айдын көлде жүзген ерке аққудай. (Қ. А.)* 2) ***Өлеңім,** шарла ауылды. Тыңда**, дала**, Жамбылды! Тыңда, **Қастек, Қаскелең**, Сөйлесін кәрі бауырың. (Ж- Ж-)* 3) ***Әрине,** бұл құрылыс озаттарының бірінші қатарында Жантас та болмақ (Б.Соқб.)* 4) ***Япырай,** қандай сұлу! (М. Ә.)*

Бірінші, екінші мысалдардағы *дария, өлеңім, дала, Қастек, Қаскелең* деген сөздер тыңдаушы адамның көңілін айтайын дегеңг ойға аудару үшін қолданылған. Үшінші сөйлемдегі *әрине деген сөз сөйлеушінің сол айтылған ойға* шексіз нанатындығын көрсетіп тұр. Төртінші сөйлемдегі *япырай* деген сөз сөйлеуші адамның ішкі сезімін, көңілінің шалқуын көрсету үшін қолданылып тұр.

Сөйтіп, **сөйлемде сөйлем мүшелерімен тікелей грамматикалық байланысы жоқ және өздері сөйлем мүшесі бола алмайтын, тек сөйлемдегі ойдың кімге, неге арналғанын, сөйлеушінің сол ойға көзқарасын, ішкі сезімін білдіру үшін айтылған сөздерді о қ ш а у с ө з д е р дейді.**

Оқшау сөздер атқаратын қызметіне қарай үш түрлі болады: 1) қаратпа сөз, 2) қыстырма сөз, 3) одағай сөздер.

§ 134. Қаратпа сөз және оның тыныс белгілері

Сөйлемдегі айтылған ойдың кімге, неге арналғандығын білдіру үшін, оған өзге адамдардың көңілін аудару үшін қолданылатын оқшау сөзді қ а р а т п а с ө з дейді.

1) ***Нартай,*** *сен әкеңе барып, не болып жатқанын айт! (Ғ.М.) Бірақ әділетіңді өзің айтшы,* ***Дәрмен!*** *(М. Ә.)*

Бұл сөйлемдердегі *Нартай, Дәрмен* деген кісі аттары мен қаратпа сөз болып тұр. Өйткені сөйлемдегі ой осыларға арналып, қаратылып айтылған. Қаратпа сөздер, негізінде, атау тұлғадағы кісі аттары мен адамды білдіретін жалпы зат есім сөздерінен жекеше және көпше түрде, сондай-ақ тәуелділік жалғауы жалғанып та келе береді.

1) *Сіз қоя тұрыңыз,* ***Қайреке. (Ғ. Сл.)*** 2) ***Асанәлі ағай,*** студенттер *сізбен суретке түскісі келеді. (А. Қ.)*

Поэтикалық шығармаларда қаратпа сөз тек адамға ғана емес, жанды-жансыз нәрселерге де қаратылып айтыла береді.

1. *Егіске күйің қалай,* ***Қызыл атым?*** *Күн мынау күшті дене қызынатын. (С. С.)* 2. *Қеруендей кемелері Қернейлеткен,* ***Аралым!*** *Кеме сайын еңбек ері сертке жеткен,* ***Аралым!*** *(Қ. А.)*

Қаратпа сөздер бірнеше сөздердің тіркесінен де келуі мүмкін.

1. *Сәйлей бер, ақ* ***домбырам*** *дүмбірлеген,*
Шарықтап күй төгілді бүгін менен.
2. ***Балалар,*** *аманбысың,* ***шырақтарым, Майысып көлге біткен құрақтарым.*** *(Ж. Ж.)*

Қаратпа сөз сөйлем мүшелерімен грамматикалық байланысқа енбейтін болғандықтан, сөйлемнің қай жерінде келсе де оқшауланып үтірмен бөлініп тасталады.

1. Қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, қаратпа сөздің айтылу интонациясына қарай, одан кейін не үтір, не леп белгісі қойылады. Егер қаратпа сөзден кейін леп белгісі қойылса, келесі сөз бас әріппен жазылады.

— ***Балалар,*** *сендер ауылдағы ақымақтықтарыңды мұнда істемеңдер, оларың жарамайды,— деп, өзінше майдалап көрді.*

— ***Мырқал аға!*** *Жалынамын, достықты жаулық деп түсінетін әдетіңізді тастаңыз. (Ә, Ә.)*

2. Қаратпа сөз сөйлемнің ортасында келсе, оның екі жағынан да үтір қойылады.

— *Қешіріңіз,* ***жолдас,*** *директор қабылдамайды. Ол қазір емтиханда. (В. Л.)*

3. Қаратпа сөз сөйлемнің соңында тұрса, оның алдынан үтір қойылады.

— *Япырай, мынауың да бір соны сөз болды-ау,* ***Абай*** *(М. Ә.)*

4. Қаратпа сөздер адамды білдіретін сөздер мен адам аттары болып, олар *қарағым, шырағым, қалқам* сияқты сөздермен тіркесіп айтылса, сөйлемнің қай жерінде келсе де, үтірмен бөлініп тасталады. Мысалы:

1) ***Қарағым Абай-ай,*** *бізге берген күнді ана байдың үйінің иті екеш итіне де бермесін.* 2. ***Қалқам Әдбіш,*** *әжең сені де көп ойлады ғой марқұм. (М. Ә.)* Ал бұл сияқты кісі аттары мен адамды білдіретін сөздерге тіркесіп қаратпа сөз ретінде қолданылатын *қарағым, шырағым, қалқам* сөздері бөлініп айтылса, бөлініп айтылған қаратпа сөздің екі сыңары да сөйлемдегі өзге сөздерден үтірмен бөлініп жазылады. Мысалы:

*1) —**Балалар**, ана үйде ән салып, даурығып отыр едіңдер ғой, мұнда да қымсынатын жер емес, ойнап, ермек етіп отырыңдар, **шырақтарым!** 2.— **Телғара**, сені апаң шақырады, **қалқам**! (М. Ә.) 3. **Балалар**, аманбысың, **шырақтарым!** (Ж. Ж).*

179-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқыш шығыңдар да, қаратпа сөздерді көрсетіңдер, олардың қандай орында тұрғандығын айтыңдар.

1) — Қапитан, солдаттың сөзі дұрыс болар. Кәне, столға отыралық,—деді ол. 2) Жолдас капитан, ол менің бөлімшемнің жауынгері еді. 3) Дәу де болса сен мені танып тұрсың-ау, Мұрат, ә? *(Т. А.)* 4) — Алда, шырағым-ай, жиенім екенсің ғой!— деп, Амантай қайта қолдасты. 5) — Барайын, тымағымды алып берші, Бүркітбай!—деді қуанып кеткен Итбай. *(С. М.)* 6) Бар, Иса, бір топ қой ығып кетті. *(М. Ә.) 7)* — Қалқам-ай, мынау атыңның мінезі қалай өзі? Сақ болшы!—деді. *(М. Ә.)* 8) Мейрам Омарович, жұрт жиыла бастады, біз жиылмаймыз ба? *(Ғ. М.)*

§ 135. Қыстырма сөздер

Сөйлем мүшелерімен тікелей грамматикалық байланысы жоқ және өздері сөйлемге муше бола алмайтын, сөйлемдегі айтылған ойға, оқиғаға сөйлеушінің түрліше көзқарасын білдіретін сөздерді не сөз тіркестерін қ ы с т ы р м а с ө з дейді.

1) ***Бәсе,*** *солай болады деп айтып едім ғой. (С. М.) 2) Ол,* ***меніңше,*** *тапсырманы орындамай келмейді. (Ғ. Мүсір.)*

Бұл сөйлемдердегі *бәсе, меніңше* деген сөздердің сөйлемнің өзге мүшелерімен грамматикалық байланысы жоқ, сондықтан сөйлемге мүше болып тұрған да жоқ. Бірінші сәйлемде *бәсе* сөзі өзінің айтқаны келгеніне сөйлеуші адамның' әбден разы екендігін көрсетсе, екінші сөйлемдегі *меніңше* сөзі айтылған оқиғаға сөйлеушінің болжалмен қарайтындығын, өз пікірі ғана екендігін білдіреді. Қыстырма сөздер мынадай мағыналарда айтылады:

1. Кейбір қыстырма сөздер сөйлемдегі айтылған ойға, оқиғаға сөйлеушінің көзі жеткендігін, нанымын білдіреді. Олар мыналар: ***әрине, әлбетте, сөз жоқ, дау жоқ,рас, расында, шынында, бәсе т. б.***

\) Әрине, *бұл оңай іс болмайды. (Т. А.) 2)* ***Рас,*** *қолайсыз екен-ау. (Ғ. М.)*

2. Қыстырма сөздердің бірқатары айтылған ойға біреудің болжауын, жорамалын және көзі жетпейтіндігін білдіреді. Олар: ***мүмкін, сірә, бәлкім, тегі, тегінде, меніңше, сеніңше, менің байқауымша, оның пікірінше*** **т. т.**

Меніңше, *ел — көпшілік, момын шаруа. (С. М.)*

3. Қейбір қыстырма сөздер сөйлемдегі айтылған ойдың, оқиғаның бұдан бұрын айтылған іске, оқиғаға байланысты екендігін білдіреді. *Бұлар:**сөйтіп, қорытып айтқанда, қысқасы, керісінше, жалпы алғанда, әсіресе, ендеше, сайып келгенде*** **т. б.**

Бір сөзбен айтқанда, *осының бәрі күні ертең-ақ шындыққа айналады.*

5. Қыстырма сөздердің бірқатары аитылған ойдың катар тәртібін білдіреді. Олар: ***біріншіден, екіншіден, ақырында*** т. б.

Ақырында, *кештен гөрі азан ақылдырақ деген байламға келіп ұйқыға жатысты. (Л. Л.)*

5. Кейбір қыстырма сөздер адамның әр түрлі көңіл күйін, сезімін (қуаныш, өкініш, аяушылық т. б.) білдіреді. Бұлар: ***шіркін, амал қанша, менің бақытыма, несін айтасы***

1) ***Шіркін,*** *ақын болсаң, осындай бол! (М. Ә.) 2)* ***Амал қанша,*** *сен дұрыс айтып түрған жоқсың. (Ә. Ә.)*

180-жаттығу. Сөйлемді көшіріп жазыңдар. Қыстырма сөздердің астын сызыңдар да, олардың қандай мағына беріп тұрғандығын айтып беріңдер.

1. Әрине, сен үшін кем жері жоқ. *(Ғ. Мүсір.)* 2) Осымен қатар, Әбіштің байқауынша, кейде Абайды бір мазасыз ойлар алаң етіп толқытқандай болады.(М.Ә.). 3) Мен, әрине, ол арадан кетіп қалам. Себебі, біріншіден, Мұстафаның өлі ағасына бауырмалдық сөздер айтып зарлану тұла бойымды түршіктіреді, екіншіден, қаптауы және жабылуы көбейе түскен масалар бір орында тұруға шыдатпайды (С.М.). 4) Сөз жок, енді көрсе, Раушан одан жиіркеніп, теріс айналып кетпек. *(Т. А.)* 5) Мүмкін, сізге бұл сөзім онша таныс болмас. *(М. И.)* 6) Шынында, ол, Саржан ойлағандай, жігіт сырын білсе де, білмегенситін қыздың ролін ойнап отырған жоқ, көп түнерудің ішінде қалың бір сырлар жатқанын сезген-дік еді. *(Ә. Ә.)* 7) Мадиярдың қыскан қолын ұзақ уақыт жібермей, кескініне қуанышпен қараған себебі, біріншіден, көптен оқыған азамат кермей, оқыған адамды сағынуы болса, екіншіден, Мадиярдың атын ғана естіп, оны көруге Аскардың көптен ынтық болуынан еді. *(С. М.)*

§ 136. Одағай сөздер

Сөйлем мүшелерімен тікелей байланысы жоқ, сөйлемде айтылған ойға жалпылап қатысы бар, адамның түрлі көңіл күйін, сезімдерін білдіретін оқшау сөзді о д а ғ а й деп атайды.

Өзге оқшау сөздер сияқты одағай сөздер де түбір тұлғада тұрып, сөйлемге мүше бола алмайды. Сондықтан сөйлем ішінде өзге сөздерден бұлар тыныс белгілерімен бөлініп тасталады.

Одағай сөздердің белгілі сөйлемде айтылу интонациясына қарай, соңынан не үтір, не леп белгісі қойылады. Одағай сөйлем ішінде жай бір қалыпты

дауыспен айтылса, одан кейін үтір қойылады да, аса көтеріңкі дауыспен айтылса, соңынан леп белгісі қойылады.
1) ***Япырай,*** *мынауың да бір соны сөз болды-ау, Абай!* 2) — ***Әй****, жігітім, тоқташы былай!— дей беріп еді. Далбай қамшысын сілтеп қап, ақырая берді. (М. Ә.)* 3) — ***Уһ****—деп, демін алды — Менің мендігімнен ғана келдім. (Ғ. М.)*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Қандай сөздер оқшау сөздер деп аталады?*
2) *Оқшау сөздер атқаратын қызметіне қарай қандай сөздер болып бөлінеді?*
3) *Қаратпа сөз қандай мақсатта айтылады?*
4) *Қыстырма сөз деген не?*
5) *Одағай сөздер сөйлемде қандай қызмет атқарады?*
6) *Оқшау сөздердің тыныс белгілері қалай қойылады?*

181-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар да, ондағы қаратпа сөздің астын бір, қыстырма сөздің астын екі, одағай сөздердің астын үш сызыңдар. Қаратпа сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

1) —Сен осындай қорқақ па едің, Асқар?—деді Бүркітбай Асқарды белінен құшақтап, үрейлі кескініне күлімсірей қарап. *(С. М.)* 2) Гүлдерде тозаңның болатынын, мүмкін, сіздердің бәріңіз де білетін шығарсыздар? *(В. Л.)* 3) — Бәсе, бүйтпесе Базекең бола ма?— деп, Абай Дәрменге қарады да,— міне, заман үні, ендігі саналы буын үні деген осы!—деді. *(М. Ә.)4)* Япырай, қалай өзгерген! Ән мен күй қалай өзгерген! Сондай сырлы, соншалық жан тамырды солқылдатқан қандай сөздер! (М.Ә.). 5) Есімде, Қайреке,ұмытатын уақыт та бола қойды ма?6) Меніңше, темір жолға тіке тартқан жөн бе деймін) Ғ. Сл.)

ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ҚҰРАМЫНА ҚАРАЙ БӨЛІНУІ

Сөйлем болу үшін ең басты шарт — сөйлемде бастауыш пен баяндауыштың болуы. Тұрлаулы мүшелер (бастауыш пен баяндауыш) сөйлемнің негізін құрайды. Бірақ барлық сөйлем тек тұрлаулы мүшелерден ғана құрала бермейді. Сөйлемде бастауыш пен баяндауышты төңіректеп жүретін тұрлаусыз мүшелер де (толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш) болып отырады. Сөйтіп, бір сөйлемде тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің барлығы да болуы мүмкін. *Бұл машинаны кеңшар басшысы кеше сатып әкелді.* Бұл сөйлемде тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің бәрі де бар. *Кеңшар басшысы* (к і м?) — бастауыш, *сатып әкелді* (не істеді?) — баяндауыш, *машинаны* (нені?)—толықтауыш, *бұл* (қай машинаны?) — анықтауыш, *кеше* (қ аш а н?)— пысықтауыш.

Үнемі сөйлемде тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер түгел айтыла бермейді. Кейде сөйлем таза тұрлаулы мүшелерден ғана тұрады. Кейде сөйлем ішінде не бастауыш, не баяндауыштың бірі айтылмауы да мүмкін. Бірақ сөйлемдегі бар мүшелердің морфологиялық тұлғаларына немесе сөйлемнің жалпы мағынасына, өзге сөйлемдермен іргелес келуіне қарай айтылмаған мүшенің қандай сөз екенін тауып алу қиыншылық келтірмейді.

Сөйтіп, жай сөйлемдер құрылысына қарай: ***жалаң және жайылма, толымды және толымсыз, жақты және жақсыз, атаулы*** болып бөлінеді.

§ 137. Жалаң және жайылма сөйлемдер

Бастауыш пен баяндауыштан ғана құралған жай сөйлемді ж а л а ң с ө й л е м дейді.

I) Күз келді. 2) Күн суыды. *(Қ. Әбд.)* 3) Аттылар жүріп кетті. *(М. Ә.)* 4) Мен оқып жаттым. 5) Ай жарық. 6) Мен ұйықтап қалдым. *(С. М.)* 7) Балалар оқуда. *(Ғ. М.)* 9) Қар жұқа болатын. *(М. Ә.)*

Сөйлемде бастауыш пен баяндауыштан басқа тұрлаусыз мүшелердің ең кем дегенде бірі болса да, ондай жай сөйлемді ж а й ы л м а с ө й л е м дейді.

Жайылма сөйлемдер құрылысы жағынан шағын болуы да, күрделі болуы да мүмкін.

1)Жас аңшы Жәнібек Бекболдың неге аңырғанын байқаған жоқ екен. (М. Ә.) 2) *Бұл қобалжуды Сәден жақсы біледі. (Ғ. Мүсір.)* 3) *Әкім басын изей берді. (Ғ. М.)* 4) *Мұхит қағазға үңілді. (Ғ. Сл.)*

182-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, жалаң сөйлемдер мен жайылма сөйлемдерді айырыңдар.

1) Олар да қарап отырған жоқ. 2) Сатқын жалтақтап қалды. 3) Бұл топқа осы тұста Қалует те кеп қосылған-ды. *(Ғ. Сл.)* 4) Әңгімені шақылдаған балға даусы бұзды. 5) Мен оны дәлелдемей тынбаймын. 6) Сергей Петрович Щербаков — өмірдің қиын кезеңдерінен өтіп келген адам. 7) Козлов табады. 8) Мейрам далаға нұр жайнап шықты. (Ғ. *М.)* 9) Шапалақ ду ете түсті. 10) Алтынсары үйіне жаяу кетті. 11) Бұлардың жүріп келе жатқан жолы — жалпақтығы бір ғана арба сыярлық ескі сүрлеу. *(С. М.)* 12) Жәнібектің көңіліне бұл сөздер әбден қона бастады. 13) Сендердің қайта оралатын шамаңда мен бірдеме қып Қарагерді ұшырып бағармын. *(М. Ә.)* 14) Мен жөнімді айттым. 15) Бұл сөз Гүлжаһанның намысына тиді. *(Ә. Ә.)* 16) Ән бітті. 17) Сүйсінген жұрт ду қол соқты.

§ 138. Толымды және толымсыз сөйлемдер

Белгілі ойды білдіру үшін керекті мүшелері түгел айтылған сөйлемді т о л ы м д ы с ө й л е м дейді.

Толымды сөйлем тек бастауыш пен баяндауыштан ғана тұрып, жалаң сөйлем түрінде де, тұрлаусыз мүшелер араласып, жайылма сөйлем түрінде де қолданылуы мүмкін.

1. *Қенет машина бөлімінен біздің качегар жоғары жүгіріп шықты.* 2) *Командир рұқсат берді. (Л. К-)* 3) *Халі мақтарлық емес.* 4) *Шиыршық атқан қара көк ауыздықпен алысып ала жөнелді.* 5) *Ақмоншақ үндемеді. (М. Й.)*

Сөйлемде айтылуға тиісті тұрлаулы не тұрлаусыз мүшелердің бірі айтылмаған сөйлемді т о л ы м с ы з с ө й л е м дейді.

Сөйлемнің бір мүшесінің айтылмауынан сөйлемнің жалпы мағынасына кемшілік келмейді. Айтылмаған мүшенің кай сөз және қандай түлғалы сөз екендігі бұдан бұрынғы айтылған сөйлемдерден не осы сөйлемдегі өзге сөздердің морфологиялық тұлғасынан сезіліп тұрады.

Толымсыз сөйлемдер негізінде ауызекі сөйлеу тілге және екі адамның сөйлескен түрінде келетін диалогты сөйлемдерге тән болады. Мысалы:

— *Олар жолдаманы қайдан алған?*
— *Кәсіподақ комитетінен.*
— *Қалай ол?*
— *Жолдама беру кәсіподақ комитетіне тапсырылған ғой.* Бұл сөйлемдердің біріншісі мен төртіншісі — толымды сөйлемдер. Өйткені айтылуға тиісті мүшелер түгел айтылып тұр. Екінші, үшінші сөйлемдер — толымсыз сөйлемдер. Өйткені екінші сөйлемде *алған* деген етістік баяндауыш айтылмаған да, үшінші сөйлемде *болғаны* деген баяндауыш айтылмаған.

183 -жаттығу. Мәтінді оқып шығып, толымды және толымсыз сөйлем-дерді атап көрсетіңдер де, толымсыз сөйлемде қай мүшенің жетпей тұрғанын және оның қандай сөз екендігін айтып беріндер.

Асқар кішірек келген қара көзін газеттің жалпақ бетіне жүгіртіп отыр еді, бір кезде жүгірген көз бір жерге барып қадала қалды.
— Е, ие бар екен? — деді Асқардың жүгірген көзін қуып отырған Кенжетай.
— Той болатын боптьі.
— Не той?
— Романовтарға 300 жыл толыпты.
— Оларың кім?
— Осы күнгі Ресейдің патшасы.
— Несіне 300 жыл болыпты дедің?
— Бұдан 300 жыл бұрын, осы күнгі патшаның атасы Михаил Федорович 16 жасында таққа отырған.
— Біздің Итбай да 16 жасында болыс болды деп еді, о да жасында патша болған екен. Ал енді оның несін тойлайды?
— Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса .
— Біз де тойлаймыз ба?
— Тойлайсың — деді Асқар кекете күліп.
— Нақ біздің ауыл тойлай қоймас.

— Неге?
— Несіне тойлаймыз, патша сауырымыздан тісін бір алған емес. *(С. М.)*

184-жаттығу.Мәтіннен әуелі толымды сөйлемді, соңынан толымсыз сөйлемдерді теріп жазындар да, бастауыштың астын бір, баяндауыштың астын екі сызыңдар.

Ақылдасып істерміз. *(С. М.)* 2) Абай мұны місе қылған жоқ. 3) Дауыл күшті жуан теректі де козғалтады. *(Ғ. М.)* 4) Мұны да жаңа білді. *(М. Ә.)* 5) Кенжетайдың аулы Бурабайдан отыз шакырым жерде еді. *(С. М.)* 6) Мектепке де , бізге де пайда. *(Ғ. М.)* 7) Әліпті таяқ деп білмеген кісі. *(С. М.)* 8) Саясыз жайлаудың жан-жануарлары көлге тығылып қана сая табады. *(Ғ. Мүсір.)* 9) Торжан жиналысқа кірген жок. *(Т. Әл.)* 10) Ұйықтап жатқанда да қолыңды шекеңе қойып ұйықтаймысың? *(Ә. Ә.)* 11) Бекбол әлі де аспанға көз жіберіп тұр екен. *(М. Ә.)* 12) Тез бітіруге Сәтжанның өзі де соншалық асық. *(С. Бег.)*

§ 139. Жақты сөйлем

Бастауыш бірде айтылып, бірде айтылмай, айтылмаса да бастауышының қай жақтағы сөз екендігін баяндауыштың морфологиялық тұлғасына қарап оңай тауып алуға болатын жай сөйлемді ж а қ т ы с ө й л е м дейді.

Толымды сөйлем де, толымсыз сөйлем де жақты сөйлем бола береді. 1) *Оқудан келе жатыр екен. (С. М.)* 2) *Мейрам рульді шоферға берді. (Ғ. М.)* 3) *Жарасып-ақ тұр. («Қ. Әд.»)* 4) *Мерзімсіздеу уақытта құс сала кеткен баласы кешігіп келмегенге Зейне түнімен көз ілмеді. (С. Бег.)* 5) *Айбынды атағы әлемге тараған өзіміздің бір дивизиядан келе жаттым. (Ә. Ә.)*

Бірінші, үшінші, бесінші сөйлемдердің бастауыштары айтылмаған. Бірақ оларды табу қиындык келтіріп тұрған жоқ. Кім келе жатыр екен? Не ж а р а с ы п-а қ т ұ р? К і м к е л е ж а т т ы ? деген сұрақ қойсақ, бастауыштардың бірінші, үшінші сөйлемдерде үшінші жақтағы сөз *ол* екендігі, бесінші сөйлемде бірінші жақтағы сөз *мен* екендігі көрініп тұр.

185-жаттығу. Сөйлемдерді оқып шығып, бастауышы айтылмаған сөйлемдерді бір бөлек, бастауышы айтылған сөйлемдерді бір бөлек көшіріп жазындар.

1) Уайымшыл болғанша, өжет неге болмадым. *(Ғ. М.)* Ардақ бұрын көрмеген алып машинаны тамашалап біраз тұрды. *(Ғ. М.)* 3) Өмірдің сұлу, көркем екенін білмейтін едік. *(С. Ер.)* 4) Мен онымен алғашқы рет қалай танысқанымды бажайлап айтып бердім. *(М. И.)* 5) Бұларды көрген соң шыдай алмадым. *(Ә. Ә.)* 6) Раушанмен танысқаныма шексіз қуаныштымын. (М. И.) 7) Желден жаралған жылқы жануардың кере аяңынан қатты жүріс табыл-майды. *(Қ. Әбд.)* 8) Ол аранның шықты түні сағымды күндізге ұқсаңқырайды. *(С. М.)* 9) Менің көзім қазір бір-ақ нәрсеге анық жетіп отыр. *(«М. М.»)*

§ 140. Жақсыз сөйлем

Белгілі жақта айтылған бастауышы болмай, сөйлемнің баяндауышының морфологиялық тұлғасына қарап, бастауыштың қай жақтағы сөз екенін тауып алуға болмайтын жай сөйлемнің түрін ж а қ с ы з с ө й л е м дейді.

Жақсыз сөйлемдердің баяндауыштары әрқашан күрделі түрде айтылады.

1) *Қалай* ***күн көру керек?*** *(С. М.)* 2) *Оған жету үшін теңіз үстімен көп күндер* ***жүзу керек.***

Жақсыз сөйлемдердің баяндауыштары, негізінде, мынадай жолдармен жасалады.

1) Күрделі баяндауыштың бірінші сөзі тұйық райлы етістік болады да, көмекші ретінде *керек* сөзі колданылады.

1) *Дереу* ***қайтару керек.*** *(Ғ. М.)* 2) *Теңіз қызметі ауыр, көп нәрселерді* ***үйрену керек.*** *(Л. Қ.)*

2. Барыс жалғаулы тұйық райлы етістіктен кейін ***бол*** етістігі ашық райдың III жағында айтылады.

1) *Жақсы мамандардың бос* ***отыруына болмайды.*** *(«Қ. Мұғ.»)* 2) *Онан соң тып-тыныш* ***қайтуға болады.*** *(Л. Л.)*

3. Барыс септік жалғауы жалғанған тұйық райлы етістіктен кейін *тура, келеді (келер, келмес, келмеді)* деген сөз тізбектері тіркесіп айтылады.

1) *Волькаға оны қайталауға* ***тура келді****. (Л. Л.)* 2) *Қазір амалсыздан осылай істеуге* ***тура келед****і. (Ғ. М.)*

4. Барыс жалғаулы тұйық райлы етістіктен кейін *рұқсат, мүм кін* сөздері және *бол* етістігінің көсемше тұлғасы келіп, оларға *ма, ме* сұраулық шылаулар тіркесіп айтылады.

1) *Бастауға* ***бола ма?*** *(Л. Л.)* 2) *Кіруге* ***мүмкін бе?*** *(С. М.)* 3) ***Рұқсат па*** *директор? (Б. С.)*

5. Есімше етістікке әуелі қалау райдыц ***- қы, -ғы-, -кі-, -гІ*** жұрнақтарының бірі жалғанып, одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанған етістікке көмекші ретінде *кел* етістігі ашық рай тұлғасында тіркесіп айтылады.

1) *Жақсы әндер* ***үйренгім келеді****. (С. М.)* 2) *Мұны сен ойлап таптың ба, соны* ***білгіміз келеді****. (Л. Л.)*

186-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар да, жақсыз сөйлемдердің баяндауыштарының астын сызыңдар.

1) Ендеше не керек, бетің-жүзің бар демей қарсы алысу керек. *(М. Ә.)* 2) Енді өз өмірін қымбатқа бергісі келді. *(Л. Л.)* 3) Әлі де он есе көбейтуге болар еді. *(Ғ. Сл).* 4) Сол суды пайдалану керек. *(Ғ. М.)* 5) — Әй, балақайлар, ар жаққа қай жерден өтуге болады? *(Б. С.)* 6) Тек бұзылмаған автоматты пайдалана білу керек. *(Л. Л.) 7)* Оған дейін өзге қажеттеріңе өндіріс

артельдерінен тас алуға болады. *(Ғ. Сл.)* 8. Мұнан төрт есе жуан арқан беру керек еді. *(Л. К.)*

187-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар да, жақсыз сөйлемдердің баяндауыштарының астын сызып, олардың қандай тұлғада жасалып тұр-ғандығын айтыңдар.

1) Апамды жұтқан жалмауыздай болған бұл ауылдан менің кеткім келеді де тұрады. *(С. М.)* 2) Ұққанда не істеу керек. *(Ғ. Сл.)* 3) Менің бұдан былай сенімен жолдастасқым келмейді. *(Б. С.)* 4) Қоянды рұқсат қағаз алмай аулауға болмайды. *(С. М.)* 5) Сабақтың орнына саман жинатуға бола ма екен? *(Б. С.)* 6) Бұл жолдас туралы кімнің сөйлегісі келеді? *(Л. К-)* 7) Өз атыңызды білуге бола ма? *(Ғ. М.)* 8) Хасеннен менің ән үйренгім келеді. *(С. М.)* 9) Баймақанды өлтірмеу керек, тым еркін де жібермеу керек. *(Ғ. М.)*

§ 141. Атаулы сөйлем

Белгілі заттың қимылдық процесін бейнелемей, сол заттың я бірдеменің атын, болмысын, көрінісін білдіретін бір сөзден не бірнеше сөздердің тіркесінен тұрған жай сөйлемді а т а у л ы с ө й л е м дейді.

Атаулы сөйлемдер, көбінесе, көркем әдебиетте пейзажды суреттеу үшін қолданылады да, мезгілді, табиғат құбылыстарын заттардың заттық бейнелі қалпын көрсетуге арналады.

Атаулы сөйлемдер тек бастауыш ыңғайындағы сөзден, сөз тіркестерінен құралады:

Түн. Клуб толы адам. Музыка. (С. Ерубаев.).

1. Атаулы сөйлемдер осындай жеке сөзді не сөз тіркесін айрықша сөйлемдік интонациямен айту арқылы жасалады.

Атаулы сөйлемдердің мазмұны осы шақтағы болмысты , құбылысты білдірумен байланысты болады. Сондықтан олар өткен шақтағы оқиға, іс жайындағы ой болмайды, көбінесе мезгілді, айналамыздағы табиғат құбылыстарын, заттардың сол заттық бейнелі қалпын айтуға арналады. Ондай атаулы сөйлемдер көбінесе көркем әдебиетте табиғаттың суреті ретінде қолданылады. Олар жазушының тіліне ықшамды, көркемдік нәр беріп, болмысты, жаратылысты суреттеудің ерекше стильдік тәсілі ретінде жұмсалады.

Айдала. Көлдің биік қабағы. Әлсіз жел. Күн батып барады. (С. М.). Белес – белес биік қар. Қар астында шықырлаған жер үйлер. Айсыз, бұлтсыз қараңғы түн. (Ғ .Мұст.). Түн. Электр шамы. Үй жап-жарық. Есік жақта киім ілгіш. Үлкен сары шкаф, айна ..., этажерка. Онда кітап. Қабырғада сағат. (С. Ерубаев.).

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Жай сөйлемдер құрылысына қарай қандай сөйлемдерге бөлінеді?*
2) *Қандай сөйлем жалаң сөйлем деп аталады?*
3) *Жайылма сөйлемдер қандай мүшелердің қатысуымен жасалады?*
4) *Толымды сөйлем мен жайылма сөйлемнің арасында қандай айырмашылық бар?*
5) *Жақты сөйлем деген қандай сөйлем?*
6) *Атаулы сөйлемдеген не?*

188-жаттығу. Көшіріп жазып, атаулы сөйлемдердің астын сызыңдар.

1) Қырық жыл. Бұл даңқты жылдар ізімен жүріп отырсаңыз — қыр астында, қара үй ішінде күйбеңдеген ата-анаңыз бүгін дүмбірлеген ақ үйде отыр. *(«Қ. Әд.»)* 2) Жазғытұрым. Түс мезгілі. Малды аман төлдетушілерге арналған кілем, киіздер. Орындықтар. *(Ә.Т.)* 3) Үш жыл өтті. Жаз күні. Қас қарайған уақыт. Ауылда ұйықтамаған үй кемде-кем. (*Ғ. М.)* 4) Оған биыл аттай қырық жыл. Көктем. Ауыл Достың дөңіне кеп үй тігіп жатыр. 5) Шаңқай түс. Күн нұрын құйып тұр. *(Ғ. М.)*

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

189-жаттығу. Мына мәтінді оқып шығып, жай сөйлемдерді мағынасына және құрылысына қарай түрлеріне айырыңдар.

— Қайырлы кеш! Кеме тұмсығында бүгін қандай жаңалықтар бар?
Оған бір дауыспен әрі бір ырғакпен:
— Кеме үстінде иттер жүгіріпті. Үрейлер шығыпты, зеріккеннен шыбын-дарды қырыпты,— деп жауап береді.
— Жетер сендердің қудалауларың,— дейді біздің качегар.
— Сен ынталана тыңдайтын бірдеңе айтсайшы,— деп өтінді олар.
— Я, айтатын нәрсе бар-ау... Тек мен қысыр әңгімеге шебер емеспін. Егер де тыңдағыларың келсе, шын болған нәрсені, теңіз үстінде болған оқиғаны айтайын... Мейлі теңіз кызметіне жаңа келген біздің жас матростар тыңда-сын. Болған істі айтайын.

Жас матростар качегардан шын ертегі айтуды сұрай бастады... Ол көктегі жұлдыздарға көз салды. Кеме үсті жым-жырт. Качегар шылымын шегіп, брезентке отырды.

- Ал, жарайды, сендерге мен біздің командир туралы бір шындықты айтып берем. Оның шашының неліктен ағарғанын кім біледі?
— Қартайған шығар?
— Қайдағы қарттық оған! Ол әлі кәрі емес. Қырыққа жаңа ғана жетті, шашы аппақ құдай. *(Л. К.)*

190-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, әр сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдаңдар.

Мен Алматыдан Петропавлға ұшақпен ұшып келдім. Ашық аспанмен калқып келе жатқан ұшақтан төмендегі жер алақанның аясындай көрінетін әдеті. Бұл жолы аспаннан шолып келе жатқан жердің келбеті бұрынғы жаздарда көрінетін келбетінен өзгеше. Бұрын да текшеленіп көрінетін егін орнындағы жыртындылар биыл әлдеқайда кеңіп, кей жерде ұшы-қиырсыз далиып кеткен. Өйтпегенде ше? Үстіміздегі бір жаздың өзінде Қазақ республикасы соңғы қырық жылда жыртқан жерінен артық жер жыртып, отанның егін себетін қорына сегіз миллион гектардай үлес қосты!.. Осынша кең жыртылған тың және тыңайған жердің ұшы-қиыры қалай көрінбек.
(С. М.)

191-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазыңдар. Ондағы бірыңғай мүшелердің астын сызып, түрлерін және өзара байланысу амалдарын айырыңдар.

Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған. Маңайда қызарып солған қурайлар көп керінеді. Бүрінен айырылған тобылғы да қуқыл реңді. Ұзарып сарғайған селеу мен бозғыл көде, жусан — бәрі де жел лебімен қалтырайды. Қара жел қуған қаңбақ кең жазықта көп бұлыңдап, тынымсыз кезіп, жосып өтеді. Таң жаңада атқан. Салқын түннің қалың шығы жүргіншілердің аттарының тұяғын жылтыратып шашасына шейін суландырған.

Ералының кең жазығына жаңа келіп ілінген жүргіншілер — ерте көшкен ауылдың ер азаматы. Көшіп келе жатқан—Абай аулы мен көрші ауылдар. Сол көштің алдында ұзаңқырап кеткеи мынау бір топ аттылар — Абай мен оның кей достары, кей ақын-әншілер. Топтың алдыңғы қатарында Абай, Көкбай, Шұбар — үшеуі өзгелерден озыңқырап, оңаша әңгімелесіп барады. Артқы топ Ақылбай, Мағаш, Кәкітай, Дәрмен болатын. Бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді. *(М. Ә.)*

XIII м о д у л ь т е с т е р і

1) Сөйлемде пысықтауыш қызметінде қолданылып тұрған сөз: *Бүгін осы биені өздерің күзетіңдер:*
а) бүгін в) осы с) биені е) күзетіңдер d) өздерің
2) Қаратпа сөздің қатысуымен жасалған сөйлемді көрсетіңіз.
а) –Әке, қандай тайға мініп барайын ?
в) -Қай тай бетіне қараса, соны мін.
с) Жалмауыз кемпір тұра қуады.
е) Керқұла атқа тіл бітеді.
d) -Мен бетегеден биік, жусаннан аласа болармын, - дейді
3) Анықтауыш қызметінде қолданылып тұрған сөзді көрсетіңіз: *Шырылдауық шегіртке ыршып жүріп ән салған.*
а) шырылдауық в) шегіртке с) ыршып жүріп г) ән салған
4) Пысықтауыш қызметінде қолданылып тұрған сөзді көрсетіңіз. *Керқұла ат*

құстай ұшып барады.

а) керқұла в) ат с) құстай d) ұшып барады

5) Қаратпа сөздің қатысуымен жасалған сөйлемді көрсетіңіз.

а) – Әке, батаңды бер! в) –Уа, тыңда, түге, мына кәріні !

с) –Меніңше, сен екеуміз бір жерден қателестік.

d) –Бұл, әрине, сенің өз шаруаң.

6) Еліктеу сөздің атқарып тұрған қызметін белгілеңіз. *Оқ Хамиттың желке тұсынан зу етіп өте шықты.*

а) бастауыш в) баяндауыш с) толықтауыш d) пысықтауыш

е) анықтауыш

7) Сөйлемнің анықтауышын көрсетіңіз: *Жаманның аттан құлағаны да жаман.*

а) жаманның в) аттан с) құлағаны d) жаман

8) *«Білімді»* сөзі тура толықтауыш болып тұрған сөйлемді көрсетіңіз.

а) Білімді бірді жығады.

в) Терең әрі жан-жақты білімді адам үздіксіз оқу, іздену арқылы ғана алады.

с) Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

d) Күштімен белдеспе, білімдімен таласпа.

9) «Жанды» сөзі тура толықтауыш қызметінде жұмсалып тұрған сөйлемді көрсетіңіз.

а) Аң аулап, құс салып, бір үйлі жанды қыс бойы асырып шығады.

в) Жанды тіршілік иесі жер бетіне шығып, тіршілік қамына кіріседі.

с) Өшкені жанды, өлгені тірілді деген осы .

d) Бір үйде он үш жан-ды.

е) Жанында досы Сұлтан бар.

10) «*Бақтың іші салқын екен»* деген сөйлемдегі сөйлем мүшесінің саны дұрыс көрсетілген жауапты белгілеңіз.

а) 1 в) 2 с) 3 d) 4

11) Сөйлемнің бастауышын көрсетіңіз: *Солардың түрлі түспен құлпыруы Ботагөздің көңлін көлден тауға аударды.*

а) көңлін в) құлпыруы с) көлден d) Ботагөздің е) тауға

12) *«Ол орысша хат танып қалған екен»* деген сөйлемдегі *« хат»* сөзі:

а) бастауыш в) толықтауыш с) анықтауыш d) пысықтауыш

13) Қандай сөздер сөйлемнің бірыңғай мүшелері деп аталады.

а) бір ғана сөз табынан болып, іргелес айтылған сөздер ;

в) қатар айтылған есім сөздері мен етістік сөздері;

с) бірдей сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесімен байланысып тұратын сөздер;

d) тұлғалануы бірдей сөздер

е) тұрақты сөз тіркестері

14) Оқшау сөздерге жатады:

а) мақал-мәтелдер в) қаратпа сөздер, қыстырма сөздер, одағай сөздер

с) кәсіби сөздер,

d) диалект сөздер, терминдік сөздер
e) кірме сөздер

15) Сөйлем жайылма сөйлем болу үшін оның құрамында:
а) тұрлаусыз мүшелердің ең кем дегенде біреуінің болуы
в) тұрлаусыз мүшелердің барлығының болуы
с) ойды жеткізуге керекті мүшелердің барлығының болуы
d) бастауыш пен баяндауыштың болуы шарт.

16) Қандай сөйлем толымды сөйлем деп аталады:
а) тұрлаулы мүшелері толық қатысқан сөйлем.
в) белгілі ойды білдіруге керекті сөйлем мүшелері толық қатысқан сөйлем.
с) тұрлаулы мүшелерімен бірге тұрлаусыз мүшелердің ең кем дегенде біреуі қатысқан сөйлем.
d) Тұрлаусыз мүшелері толық қатысқан сөйлем

17) Толымсыз сөйлемді көрсетіңіз.
а) Мемлекеттік емтихан жүріп жатыр.
в) Оқытушы емтихан қабылдап отыр.
с) -Ағай, жауап беруге бола ма ?
d) –Сіздің дайындалуға әлі уақытыңыз бар.

18) Жақты сөйлемді көрсетіңіз.
а) Сәлемдемеңізді міндетті түрде жеткіземін.
в) Берген уәдені қалай да орындау керек.
с) Осы арада екі-үш күн аялдауға тура келеді.
d) Оған таң қалудың қажеті бола қоймас
е) -Шырағым, саған әлі тәжірибе жинақтау керек.

19) Сөйлемде зат есім қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын көрсетіңіз. *Бұрын да Қаратауға талай келгенмін.*
а) бастауыш в) баяндауыш с) толықтауыш d) анықтауыш
е) пысықтауыш

20) Сөйлемде көсемшенің қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын көрсетіңіз. *Ескі бише отырман бос мақалдап...*
а) бастауыш в) баяндауыш с) толықтауыш d) анықтауыш
е) пысықтауыш

21) Мөлшер пысықтауышын көрсетіңіз.
а) Сәуле қуанғаннан қозғала алмай қалды
в) Ол бүгін келеді с) Жиналыста ұзақ сөйледі
d) Әжесі үйде қалды е) Айналасын тез болжады

22) Жалғаулықсыз байланысқан бірыңғай мүшелері бар сөйлемді көрсетіңіз.
а) Үйге Әсия, шешем, мен - үшеуміз ғана кірдік
в) Мәдениет-өркениеттіліктің басты көрсеткіші
с) Біз, жастар, еліміздің бізге артып отырған сенімін ақтаймыз.
d) Арба да, дөңгелектер де қызғылт шаңның ішінде.
е) Алмас, жас оқытушы, сабақты жақсы өткізуге тырысты.

23) Бірыңғай баяндауыштардың қай сөз табынан жасалғанын көрсетіңіз.

Алыстағы жоталар мен айналадағы өлкелер де панасыз, жүдеу.

а) Етіс в) Етістік с) Сын есім d) Сан есім е) Зат есім

24) Бірыңғай мүшелер қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын көрсетіңіз. *Оспан мырза, бейіліңе де, сөзіңе де біз ырзамыз*

а) Пысықтауыш в) Бастауыш с) Баяндауыш d) Толықтауыш е) Анықтауыш

25) Сөйлем түрін анықтаңыз. *Енді бізге ауылдағы адамдардың көңіл-күйін білу керек.*

а) Жақсыз в) жақты с) сабақтас d) салалас е) атаулы

XIV м о д у л ь

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

§ 142. Құрмалас сөйлемдер туралы жалпы түсінік

Белгілі ойды білдіру тәсіліне қарай сөйлемдер негізгі екі үлкен топқа жіктеледі: жай сөйлемдер және құрмалас сөйлемдер.

Жай сөйлемдердің өзіне тән мағыналық, тұлғалық және құрылымдық белгілері болатыны сияқты, құрмалас сөйлемдердің де өзіндік мағыналық, тұлғалық және құрылымдық ерекше белгілері болады. Сондықтан құрмалас сөйлемдер жалпы синтаксистің (сөйлем жүйелерінің) дербес бір саласы болып саналады.

Жай сөйлемдер сөз тіркестерінен, жеке сөйлем мүшелері қызметін атқаратын сөздерден құралатын болса, құрмалас сөйлемнің синтаксистік компоненттері бір-бірімен өзара байланысқан екі не бірнеше жай сөйлемдердің тіркесінен құралады.

Сөйлем құрмалас болуы үшін оның мына сиякты негізгі үш белгісі, өлшеуіші болуы шарт: 1) құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің мағыналық дербестігі және олардың бір-бірімен мағыналық байланыста болуы; 2) құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің әрқайсысының дербес бастауышы мен баяндауышының болуы; 3) құрмалас сөйлемге енген жай сейлемдердің әрқайсысының интонациялық ерекшелігінің болуы. Осы үш белгі, өлшеуіш бір сөйлемнің бойынан табылса ғана, ондай сөйлемді құрмалас сейлем деп тануға болады. Ал сөйлемде осы айтылған белгілердің бірі болмаса, ол сөйлем құрмалас болмай, көлемі жағынан жайылыңқы түрде құрылған жай сөйлем болып шығады.

Құрмалас сейлем болу үшін керекті белгілердің, өлшеуіштердің әрқайсысын белгілі мысалдар арқылы жеке талдап көрелік.

1. Сөйлем құрмалас болу үшін құрмаласқа енетін жай сөйлемдердің мағыналық дербестігі және ол компоненттердің бір-бірімен мағыналық байланыста болуы шарт. Құрмалас сөйлемдерде не мезгілі, не себебі, не мақсаты, не қимыл-амалы, не оқиғаның шарты жағынан логикалық

байланыстағы екі жеке ой бір күрделі ойға ұштасып, ұласып айтылуға тиіс. Мысалға (Ол) *Жеңіл қимылмен жаттығу жасап жүрген. Әйелі Евдокия Кириловна терезеден басын сұғып айқайлады* деген сияқты екі **жай** сөйлемді алатын болсақ, бұл екеуін өзара грамматикалық байланысқа енгізіп, бір құрмалас сөйлем тудыруға болады. Өйткені бұл жай сөйлемдердің белгілі дәрежеде мағыналық байланысы бар. Сөйтіп, *Жеңіл қимылмен жаттығу жасап жүргенде, әйелі Евдокия Кириловна терезеден басын сұғып айқайлады* деген құрмалас сөйлем жасалады да, оның бірінші компоненті екінші компоненттегі ойдың мезгілін көрсетіп тұрады.

Ал егер жай сөйлемдердегі айтылған ой логикалық жағынан бір-бірімен әр түрлі табиғи байланыста айтылса, ондай жай сөйлемдерді байланыстырып, бір күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлем тудыруға болмайды. Мысалы, *Бұл шаруа қожалығының егіні бітік шықты. Поезд станцияға кеш келді* деген екі сөйлемді тиісті грамматикалық байланысқа енгізіп, бір күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлем тудыруға болмайды, өйткені бұл екі сөйлемдегі айтылған ойлардың бірі мен бірінің логикалық жағынан табиғи байланысы жоқ.

2. Сөйлем құрмалас болуы үшін құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің әрқайсысының дербес бастауышы мен баяндауышының болуы шарт. Бұл екі тұрлаулы мүшелердің болуы жалпы сөйлем атаулыға тән қасиет. Солай бола тұрса да, бұл екі мүшенің сөйлемдегі атқаратын кызметі бір емес. Грамматикалық бастауышы айтылмаған сөйлем болса да, грамматикалық баяндауышы жоқ сөйлем болмайды. Сондықтан құрмалас сөйлем болудың негізгі бір өлшеуіші —әрбір компоненттің өзіне тән дербес баяндауышы мен бастауышының болуы. Бірақ үнемі құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің бастауыштары грамматикалық жағынаи әрбір компонентте көрініп отырмайды. Кейде грамматикалық бастауыш құрмаласқа енген екі не үш жай сөйлемдерге ортақ болып, ол бірінде айтылып, өзгелерінде айтыл-мауы да мүмкін. Жоғарыдағы айтылған пікірлерді дәлелдеу үшін бірнеше мысал келтірейік:

1) *Майқанова есіктен мұғалімдер бөлмесіне үңіліп еді, терезе алдында Рахманов тұр екен. (Б.Соқб.)* 2) *Әрқайсысы бір ауыздан сөз айтса, үлкен пікір құралғалы тұр. (Ғ. М.)* Бұл сөйлемдердің екеуі де құрмалас сөйлемдер, өйткені бұлардың әрқайсысында бір-бірімен мезгілдесе, шарттаса байланысқан дербес екі ойды білдіретін жай сөйлемдердің өзіне тән бастауышы мен баяндауыштары бар. Алдыңғы құрмалас сөйлемде екі жай сөйлем бар да, әрбір жай сөйлемнің бастауыш, баяндауышы бар. Бірінші жай сөйлемнің бастауышы—*Майқанова,* баяндауышы — *үңіліп еді.* Екінші жай сөйлемнің бастауышы — *Рахманов,* баяндауышы — *тұр екен.* Бұл екі жай сөйлем мағына жағынан тең, баяндауыш тұлғалары тиянақты түрде екі окиғаның бір мезгілде іргелесе айтылуынан белгілі интонация арқылы байланысқан. Соңғы құрмаласта да екі жай сөйлем бар. Бірінші жай сөйлемнің бастауышы — *әрқайсысы,* баяндаушы — *сөз айтса.* Екінші жай сөйлемнің бастауышы — *пікір,* баяндауышы — *құралғалы тұр.* Бұл екі жай сөйлемдердегі айтылған

ойдың біріншісі екінші сөйлемдегі ойдың шартын білдіріп, баяндауыш тұлғасы тиянақсыз түрде айтылып, мағыналық жағынан екінші сөйлемге бағынышты түрде айтылып, бір күрделі ойды білдіріп құрмалас сөйлем құрап тұр.

Ортаға салуын салдым, бірақ өз малыма өзім көз боламын. Төкен дәлелдерін айтып болған соң, бұзып көрші дегендей кезек күтіп тұрып қалды. (Ғ. М.) Бұл сөйлемдер де құрмалас сөйлемдер. Әрқайсысы екі жай сөйлемнен құрылып, бір күрделі ойды білдіріп тұр. Бірақ бұларда жоғарыдағы сияқты, грамматикалық бастауыш әрбір жай сөйлемде айтылмай, екі сөйлемдегі баяндауыш бір бастауышқа ортақтасып тұр. Алдыңғы екі жай сөйлемнің біріншісінде, соңғы екі сөйлемнің екіншісінде грамматикалық бастауыш айтылмаған. Ол бастауыштар құрмалас сөйлемнің екінші компоненттерінде айтылған, екі сөйлемге ортақ. Алдыңғы құрмаластағы екі жай сөйлемге ортақ бастауыш — бірінші жақтық есімдік. Соңғы екі жай сөйлемге ортақ бастауыш — *Төкен.*

3. Сөйлем құрмалас сөйлем деп танылуы үшін, құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің әрқайсысында ой дербестігі және әрбір сөйлемнің дербес бастауышы мен баяндауышы болумен қатар, әрбір жай сөйлемнің интонациялық айқын жігі болуға тиіс. Мысалы: 1) *Құс фермасы таяуда көшірілді де, Дүйсен қарт Әсеттің сұрауымен біраз күнге қала тұрды. (К. 0.)* 2) *Кенет жаяу әскерлер окобынан мерген мылтығы атылып, ащы даусы азанғы тұнық ауаны жаңғырықтырып жіберді. (Әз. Нұрш.)* Бұл сөйлемдердің екеуі де құрмалас сөйлемдер, өйткені мұнда құрмалас сөйлемде болуға тиісті белгілердің бәрі де бар. Біріншіден, құрмаласқа енген жай сөйлемдерде дербес ой айтылған, екіншіден, әрбір жай сөйлемдердің грамматикалық дербес бастауышы мен баяндауыштары бар, үшіншіден, әрбір сөйлемнің интонақиялық ерекшелігі, жігі бар. Бұл сөйлемдер бір тұтас дауыс құйылысымен айтылады да, әрбір сөйлем жігінде дауыс сәл бәсеңдеп барып, қайта көтеріліп отырады.

Кейде бірқатар жай сөйлемдердің ішінде сыртқы көрінісі жағынан құрмалас сөйлемдегі бағыныңқы сөйлемге ұқсас сөз тіркестері кездесіп отырады. Мұндай сөз тіркестерінің құрамында грамматикалық жағынан тиісті тұлғаға енген бастауышы мен баяндауышы болады да, негізгі бастауыш пен баяндауыштар арқылы айтылған ойға қосымша ой айтылады. Сөйтіп, қалыпты жай сөйлемнің бір мүшесі күрделіленіп, өз алдына дербес бағыныңқы сөйлемге ұқсас түрде қолданылады. Мұндай жай сөйлемді құрмалас сөйлем болу үшін керекті өлшеуіштердің бірінші және екінші белгілеріне қарай, құрмалас сөйлеммен шатастырады. Мысалы: 1) *Асан кітапханадан алып оқыған* ***қызық кітап бүгін маған тиді,*** 2) *Біз қонақ болып түскен* ***үйдің иесі біздің біреумізге таныс болып шықты.*** 3) *Асқар ішінде келе жатқан* ***полк көптен бері қажырлы қарсылық көрсетерлік жау кездестірген жоқ еді.*** (С. *М.)* 4) *Иығына салып алған орамалы бар* ***Жақия жез леген алып жүріп жүртқа жағалай су құйып тұр.*** *(М. Ә.)*

Шынында, бұл сөйлемдердің бәрі де үйірлі мүшелі жай сөйлемдер. Мұндағы негізгі ой ... *қызық кітап бүгін маған тиді, ... үйдің иесі біздің біреуімізге таныс болып шықты, ... полк көптен бері қажырлы карсылық көрсететін жау кездестірген жоқ еді, ... Жақия жез леген алып жүріп жұртқа жағалай су құйып тұр* деген жай сөйлемдер арқылы беріліп тұр. Бұл сөйлемдер құрмалас сөйлем бола алмайды. Өйткені олардың қарайтылып берілген бөлімінің тұлғалық көрініс жағынан грамматикалық бастауышы мен баяндауышы бола тұрса да, сөйлем боларлық мағыналық ой дербестігі жоқ, интонациялық жағынан сөйлемдік ерекшелігі жоқ.

Сейтіп, **белгілі құбылыс, оқиға, әрекеттердің ара қатынастарын білдіру үшін өзара тиісті грамматикалық тәсілдермен байланысып, бір күрделі ойды білдіретін бірнеше жай сөйлемдердің тіркесінен құралған сөйлемді құрмалас сөйлем дейді.**

Мысалы: 1) *Төменгілер сөзімді тыңдамаса, жоғарғы бастықтың өзіне айтам. (К. Т.)* 2) *Ащылы шөптің тұқымы да күшті, мал тез семіреді және ащыға семірген малдың еті де, сүті де тұщыға семірген малдан күшті болады. (С. М.)* 3) *Жомарт бітірген шаруасын қысқаша айтты да, үшеуінің бас қосып шыға қалуын сұрастырды. (Ғ. М.)*

§ 143. Құрмалас сөйлемдердің түрлері

Құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынастары да, байланысу тәсілдері де үнемі біркелкі бола бермейді. Кейде құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер мағыналық жағынан бір мезгілде біріне-бірі іргелес өтіп жатқан оқиғаларды, не екі сөйлемдегі айтылған қимылдық процестің бірі екіншісіне қарама-қарсы екендігін, не екі оқиғаның себептестігін білдіріп тең дәрежеде байланысқан жай сөйлемдердің баяндауыштары (етістік баяндауыш болса да, есім баяндауыш болса да) тұлғалық жағынан тиянақты түрде қолданылады. Мысалы: 1) *Ербол Тоғжанды апарып тастады да, өзі қайта шауып кетті. (М. Ә.)* 2. *Қабыш екеуі біраз созғыламақ еді,Шығанақ оған келтірмеді. (Ғ. М.)* Бұл сөйлемдердің екеуі де құрмалас сөйлемдер. Олардың әрқайсысы өзара тең дәрежеде байланысқан екі жай сөйлемнен келіп, бір күрделі ойды білдіріп тұр. Әрбір жай сөйлемнің баяндауышы *апарып тастады, шауып кетті, созғыламақ еді, келтірмеді* деген сияқты ашық райлы етістіктерден келіп тұр. Құрмаласқа енген бұл жай сөйлемдердің мағыналық дербестігі және баяндауыштарының тиянақтылығы сонша, бұлардың әрқайсысын осы қалпында езгеріссіз бөлек сөйлем ретінде колдануға да болады. Бұларды ұласып айтылған бір күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлемге енгізіп байланыстырып тұрған — олардың мағыналық жақындығы мен жалғаулық шылау және сөйлемнің интонациясы.

Құрмаласқа енген жай сөйлемдер кейде бірімен-бірі тең дәрежеде айтылмай, бірі мағыналық жағынан және баяндауыш тұлғасы жағынан дербес сөйлем боларлық дәрежеде айтылады. Енді бірі мағыналық жағынан бағынышты болып келеді де, оның баяндауышы не көсемше, не есімше, не

болмаса шылау сөздері тіркескен күрделі баяндауыш түрінде қолданылып, тұлғалық жағынан тиянақсыз болады. Мысалы: 1) *Әшім күлкіге аралас-тырып сөзінің ізін жасырмақшы болса да, Әсетті адастыра алған жоқ. (К. 0.)* 2) *Абай сәлем беріп үйге кіргенде, кең үйдің іші лық толған кісі екен. (М. Ә.)* Бұл сөйлемдер де екі жай сөйлемнен құралған құрмалас сөйлемдер. Бірақ бұл құрмаластардағы жай сейлемдердің ара қатынастары мен баяндауыш тұлғалары бұдан бұрынғы талданған сөйлемдерге ұқсамайды. Құрмаласқа енген жай сөйлемдердің *Әшім күлкіге араластырып сөзінің ізін жасырмақшы болса да... Абай сәлем беріп үйге кіргенде...* деген бөлімдері белгілі ойды өздігінен тиянақтай алмайды, мағыналық жағынан өздерінен кейінгі айтылған ойға бағынышты. Баяндауыш тұлғалары да *жасырмақшы болса да, кіргенде* түрлерінде айтылып, тиянақсыз түрде колданылып жүр.
Сөйтіп, құрмалас сөйлемдер компоненттерінің мағыналық қарым-қатына-сына, өзара грамматикалық байланысу тәсілдеріне қарай негізгі үлкен үш топқа жіктеледі: 1) *салалас құрмалас сөйлемдер,* 2) *сабақтас құрмалас сөйлемдер. 3) аралас құрмалас сөйлемдер.*

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

§ 144. Салалас құрмалас сөйлемдер туралы жалпы түсінік

Бір-бірімен мағыналық жағынан тең дәрежеде байланысып, бір күрделі ойды білдіріп тұратын жай сөйлемдердің тобын с а л а л а с қ ұ р м а л а с с ө й л е м дейді.

Салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдердің баяндауыш тұлғалары үнемі тиянақты түрде қолданылады, яғни не ашық райлы етістіктерден, не есім сөздері мен көмекші етістіктердің тіркесінен болып келеді. Мысалы: 1) *Сен өзің білесің, мен өмірде қорқу дегенді білмеуші едім ғой. (З. Ш.)* 2) *Сөйлескен сайын Олжабек жанамалап таяна берді де, жаяу алқынуын қойып сөзін шырата берді. (Ғ. М.)* Бұл екі салалас сөйлемнің байланысу тәсілі екі түрлі. Бірінші екі жай сөйлемнің арасы ешқандай жалғаулықсыз, бір дауыс күйылысымен айтылуынан интонация арқылы байланысып тұр. Ал соңғы екі сөйлемдегі ой бір-бірімен *де* жалғаулық шылауының бірінші жай сөйлемнің етістік баяндауышына тіркесіп айтылуы арқылы байланысып тұр.

Осы жоғарыдағы сияқты бір-бірімен тең дәрежеде байланысқан салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдер өзара байланысу амалына карай екі топқа бөлінеді: 1*) жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлемдер, 2) жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер.*

§ 145. Жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлемдер

Екі я одан да көп жай сөйлемдер ешқандай жалғаулықсыз тіркесіп, интонация арқылы байланысып, бір күрделі ойды білдіріп тұрса, ондай

сөйлемдер тобын ж а л ғ а у л ы қ с ы з с а л а л а с с ө й л е м д е р дейді.

Мысалы: 1) *Медет Трофимнің жанынан әлі де кеткен жоқ еді, қыздардың гүл тапсырар кезегі бұларға жеткен сияқты. (К. 0.)* 2) *Рахимов телефон арқылы сөйлесіп еді, ол ешбір әскер жібермеген болып шықты. (З. Ш.)*

Бұл сөйлемдердің екеуі де салалас құрмалас сөйлем. Өйткені бұлардың әрқайсысында дербес екі ой айтылған және ол екі ой өзара тең дәрежеде байланысқан екі жай сөйлем арқылы берілген. Бірақ бұл екі жай сөйлемді бір құрмалас сөйлемге байланыстырып тұрған ешқандай жалғаулық жоқ. Ол жай сөйлемдер мағыналық жақындығы арқылы және бір дауыс құйылысымен интонация арқылы байланысып, бір күрделі ойды білдіріп тұр. Сондықтан бұл сөйлемдердің екеуі де жалғаусыз салалас сөйлемдер қатарына жатады.

Жалғаулықсыз салаластар тілдің жалпы даму тарихында жалғаулықты салалас сөйлемдерден бұрын дамыған. Өйткені тіліміздің казіргі даму сатысындағы құрмаласқан жай сөйлемдердің арасын байланыстырып жүретін жалғаулық шылаулар бір кездердегі толық мағыналы жеке сөздер болған да, белгілі сөздерге тіркесіп ұстала келе бірте-бірте бастапқы лексикалық мағынасынан айырылып, сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасын байланыстырып жүретін дәнекерлік қызмет атқарып, шылау сөздер категориясына ауысқан. Сондықтан жалғаулық шылау жоқ уақытта екі жай сөйлем ешқандай жалғаулықсыз-ақ мағыналық жақындығына қарай, интонация арқылы бір күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлем болып қалыптасқан. Кейін жалғаулықсыз салалас сөйлемдерден белгілі жалғаулықтар арқылы жалғаулықты салалас сөйлемдер дамып шыға бастайды. Жалғаулықсыз салалас сөйлемдердің фольклорлық шығармаларда және ауызекі сөйлеу тілінде көбірек колданылып, жалғаулықты салалас сөйлемдердің жазба көркем әдеби шығармаларда көбірек қолданылатындығы да жоғарыдағы айтылған қағиданың дұрыстығын дәлелдейді.

Салалас құрмаластар предикатив сыңарларының өзара мағыналық қарым-қатынасына қарай мынау сияқты төрт түрге бөлінеді:
1) ыңғайлас салалас, 2) қарсылықты салалас , 3) түсіндірмелі (іліктес) салалас, 4) себеп-салдар салалас.

1. Ыңғайлас салалас. Құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасын байланыстыратын жалғаулық болмай, екі сөйлемдегі оқиға бір кезде біріне-бірі іргелес айтылса, ы ң ғ а й л а с с а л а л а с с ө й л е м делінеді.

Мұндай сөйлемдердің баяндауыштары, көбіне, бір морфологиялық тұлғада келіп, ыңғайласа байланысады. Мысалы: 1. *Тоймай жер әлек, тойғыза алмай нар әлек. (F. М.)* 2. *Жанекешев полктың жартысын Оралға аттандырды, өзі автомобильмен Сайхын жаққа барлау жүргізді. (С. Б.)*

2. Қарсылықты салалас. Жалғаулықсыз байланысқан екі жай сөйлемнің мағыналары біріне-бірі қарама-қарсы болып келсе, қ а р с ы л ы қ т ы с а л а л а с делінеді.

Қарсылықты салалас сөйлемдердің құрамына енген жай сөйлемдердің өзара қарама-қарсылық қатынастары, салаластың өзге түрімен салыстырғанда, айқынырақ көрінеді. Өйткені мұндай қарсылық мәнді жалғаулытың айтылмағандығы айқын сезіліп тұрады.

Мысалы: 1) *Маңайға құлақ түремін, басқа дыбыс естілмейді. (С. М.)* 2) *Қабышты екеуі біраз созғыламақ еді,Шығанақ оған ырық келтірмеді. (Ғ. М.)*

3. Түсіндірмелі (іліктес) салалас. Жалғаулықсыз, бір дауыс құйылысымен айтылып, интонация арқылы байланысқан екі не үш сөйлемнің біріншісіндегі айтылған ойды кейінгі сөйлемдер дәлдеп, соның түсінігі ретінде айтылса, ондай салаластың түрін (түсіндірмелі) і л і к т е с с а л а л а с с ө й л е м дейді.

Мысалы: 1) *Шынын айтқанда, оны екі нәрсе қинады: бірі — әкесі, екіншісі — отряд жиыны. (М. И.)* 2) *Абақтының терезесінен Алатаудың ақ бас шыңы сәукелеге ұқсайды: кеуде жағы қусырылып ұштала біткен. (З. Ш.)* 3) *Оған өз тәжірибесі дәлел: сабаққа нашар еді, қазір әжептәуір түзеліп қалды. (З. Қ.)*

Бұл сөйлемдердің үшеуі де жалғаулықсыз іліктес салалас құрмалас сөйлем. Бірінші және үшінші сөйлемдердің әрқайсысы үш жай сөйлемнен келіп, бірінші сөйлемдегі айтылған ойды екінші, үшінші жай сөлемдердегі ой саралап түсіндіріп тұр. Екінші құрмалас сөйлем екі жай сөйлемнен тұр да, бірінші сөйлемнің мағынасын екінші жай сөйлем баяндап тұр.

4. **Себеп-салдар салалас. Жалғаулықсыз байланысқан екі жай сөйлемнің алдыңғысы оқиғаның себебін, соңғысы алдыңғы сөйлемдегі айтылған ойдың нәтижесін білдіріп тұрса, ондай құрмаластың түрін с е б е п – с а л д а р с а л а л а с с ө й л е м дейді.**

Мысалы: 1) *Алдарындағы жаяуға жетіп қалған екен, Олжабек сөзін аяқтамай тоқтады. (Ғ. М.) 2) Менің қолым тимес, өз книжкаңды апарып сақтық кассасынан ақша алғаның дұрыс. (К. 0.)* 3) *Жаз шықты, күн жылына бастады.*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Қандай сөйлем құрмалас сөйлем деп аталады?*
2) *Сөйлем құрмалас болу үшін, оның қандай белгілері болуы шарт?*
3) *Құрмалас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемдерінің мағыналық қарым-қатынасына және байланысу тәсілдеріне қарай нешеге бөлінеді?*
4) *Құрмаластың қандай түрін салалас құрмалас дейді?*
5) *Салалас құрмаластар өз ішінен нешеге бөлінеді ?*
6) *Жалғаулықсыз салалас құмаластың құрамындағы жай сөйлемдері өзара қандай мағыналық қарым-қатынаста байланысады?*

§ 146. Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер

Белгілі жалғаулықтардың дәнекер болуы арқылы бір – бірімен тең дәрежеде байланысып, бір күрделі ойды білдіріп тұратын жай сөйлемдердің тобын ж а л ғ а у л ы қ т ы с а л а л а с құ р м а л а с с ө й л е м дейді.

Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер жай сөйлемдерінің мағыналық қарым-қатынасына және жалғаулық шылаулардың түріне қарай мына сияқты бес түрге бөлінеді: 1) ыңғайлас салалас, 2) қарсылықты салалас , 3) себеп-салдар салалас.4) талғаулықты салалас, 5) кезектес салалас,

1. Ыңғайлас салалас. Құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасы *да, де, та, те, және* жалғаулықтары арқылы байланысып, бір мезгілде не бір-бірімен іргелес айтылған оқиғаны білдіретін салаластың түрін ж а л ғ а у л ы қ т ы ы ң ғ а й л а с с а л а л а с с ө й л е м дейді.

*1) Қыз ырғала басып ас үйге кірді **де,** әкесі қыздың бөлмесіне кірді (З.Ш.). 2) Сөз осымен бітті **де,** екеуі екі айырылып кетті. 3) Бұл ой Абайға ең алғаш келген ой еді **және** тіпті өз ойы сияқты көрінді (М. Ә.).*

192-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, ыңғайлас салалас сөйлемдерді теріп жазыңдар.

Шәңгерей жыбырлап, мүлде теріс айналып кетті. Кәрібай жымиып күлді де, ол тұрақтаған кезде қарсы алдынан келіп тұрды. Сарқыраған сумен қосыла дуылдаған көп бірін-бірі трубаның аузына итермелеп, арыққа лақтыра бастады. Бастығы райком хатшысы Ермағанбет болып лай суға бір-бір аунап шықты.

-Су қожасы құрғақ тұр ! – деп, көпшілік Төкенге шүйілді. Төкен суға малынып шыққанда, Олжабек келіп шығанақты артынан құшақтап алды.

-Лақтырайын ба осы?

-Лақтыр, - деді Шығанақ. Лақтырғанша бір бұлқынып, қолды жауырнынан салып қалды да,іштен орап тастап кеп жіберді.Олжабек ыңқ етті.Үш кісінің жұмысын істеген өгіз күшті Олжабек қалай жығылғанын тіпті байқаған жоқ.Аңырып Шығанақтан көз алмады. (Ғ. М.).

2.**Қарсылықты салалас сөйлем. Құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің арасы *бірақ, дегенмен, сонда да, әйтсе де, алайда,сөйтсе де* жалғаулықтары арқылы байланысып, біріндегі ойға екіншісіндегі ой қарсы мағынада айтылған салаластың түрін ж а л ғ а у л ы қ т ы қ а р с ы л ы қ т ы с а л а л а с с ө й л е м дейді.**

Мысалы: 1*) Соған жету жолын көрсетпейді,**бірақ** көрмейсіңдер деп басқаны тысқыра береді.2) Ол басында қатты қарсылық білдірген еді,**дегенмен** көптеп-көмектеп көндірдік.3) Әнкеш мені жіберер емес,**сөйтсе де** мен болмай оқуға кеттім.*

193-жаттығу. Мына берілген жай сөйлемдердің аралығына *бірақ, дегенмен, сона да,сөйтсе де,алайда, әйтсе де* жалғаулықтарының бірін келтіріп, қарсылықты салалас сөйлем құрап жазыңдар.

1) Биыл жазда жаңбыр көп болды.2) Шабындық шөп шамалы болды. 3)Абайдың қиналғанын Ділдә сезді.4) Ол түк өкінген жоқ.5) Оқушылар бүгін жұмысты өте көп істеді.6) Олар шаршағандық белгі бермеді.7) Біз жолдан сонша қажып келген едік.8) Ауыл адамдарына сыр бермеуге тырыстық. 9)Биыл қар жылдағыға қарағанда ерте кетті.10) Қапелімде жер көктеп кете алмады.

3. Себеп-салдар салалас сөйлем. Құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасы *сондықтан, өйткені, сол себепті* жалғаулықтары арқылы байланысып, бірі оқиғаның себебі, екіншісі соның нәтижесі (салдары) ретінде қолданатын салаластың түрін ж а л ғ а у л ы қ т ы с е б е п- с а л д а р с а л а л а с с ө й л е м дейді.

Мысалы: 1) Ауылдың бұрынғы жағдайы өзгеріп кетті, ***сондықтан*** *саған оны басқару оңайлыққа түспейді. 2) Карт оның не ойлап отырғанын сезген жоқ,* ***сол себепті*** *бұл екеуіне көз де салған жоқ.*

194-жаттығу. Мына мәтінді көшріп, көп нүктенің орнына *сондықтан,сол себепті, өйткені* жалғаулықтарының керектісін қойып жазыңдар.

1) Біз мұндай нәрсені тез сеземіз... бұрыңғы болыстың амалы, салмағы арқамызға аяздай батқан. 2) Ал мынау өз бетімен тәрбиеленген... ол қисық болып өскен. 3) Мұхит пен Кенбай айқайласа сөйлеседі... шамалы дауысты Көкдолы естітер емес . 4) Біздің 4- отрядтың жаңа сайланған кеңесі де істі осы отрядтың жұмыс жоспарын жасаудан бастады... жақсы жасалған жоспар жұмыстың жемісті болуына зор әсер етеді. 5) Бір шахтыда норма тым биік, екішісінде өте төмен болып келе беретін... кеншілердің бір жерден екінші жерге ауысуы жиі кездесетін.6) Бұл ұжымшардың жүгерісі биыл бітік шықты ... агротехникалық шаралар кезінде дұрыс қолданылған болатын. 7) Сіздердің алдарыңызда таудай екі міндет тұр ... ертеңнен бастап жұмысқа кірісулеріңіз керек. (Ә.Ә.).

4.**Талғаулықты салалас сөйлем. Құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасы *не, немесе, я, я болмаса, яки, әлде* жалғаулықтары арқылы байланысып, ол жай сөйлемдердің біріндегі амал-әрекет, болмыс орындалса, кіншісіндегі - орындалмайтындығын білдіретін салаластың түрін т а л ғ а у л ы қ т ы с а л а л а с с ө й л е м дейді.**

Мысалы:1) Бар жерін ***не*** *өздері білмейді,****не*** *білгеннің сөзіне ермейді. Қарттың тоқталып қалғаны тойтарыс көргендей болды ма,* ***болмаса*** *бұл әдетке айналған ба деп те еді. (К. О.).*

5.Кезектес салалас сөйлем. Құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасы *кейде, біресе, бірде* жалғаулықтары арқылы байланысып, жай сөйлемдердегі амал-әрекет , болмыс кезектесіп іске асатынын білдіре-тін салаластың түрі к е з е к т е с с а л а л а с с ө й л е м деп аталады.

Мысалы:Үй иесі безектеп ***біресе*** *өзі есінен адасып тұрған маған жүгіреді,* ***біресе*** *қирап жатқан ыдыстарына жүгіреді (Ә.Әбішев.).*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер нешеге бөлінеді?*
2) *Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдері қандай мағыналық қатынасқа құрылады? Қандай шылаулар арқылы байланысады?*
3) *Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдері қандай мағыналық қатынасқа құрылады? Қандай шылаулар арқылы байланысады?*
4) *Себеп-салдар салаластың құрамындағы жай сөйлемдері қандай мағыналық қатынасқа құрылады? Қандай шылаулар арқылы байланысады?*
5) *Талғаулықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдері қандай мағыналық қатынасқа құрылады? Қандай шылаулар арқылы байланысады?*
6) *Кезектес салаластың құрамындағы жай сөйлемдері қандай мағыналық қатынасқа құрылады? Қандай шылаулар арқылы байланысады?*

195-жаттығу *Не, немесе, болмаса,я,яки* жалғаулықтарын келтеріп жеті салалас құрмалас сөйлем құрастырып жазыңдар да, құрмаласқа енген жай сөйлемдердің мағыналық қарым-қатынасын айтып беріңдер.

196-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып шығыңдар да,салалас құрмалас сөйлемдерді түр-түріне ажыратыпкөшіріп жазыңдар.Жалғулықтарының астын сызыңдар.

1.Бикен әуелгі кезде өзінің жеңілтек мінезіне мән бермеді, бірақ күндер зымырап өтіп жатты.2) Олжабек бәріне түсінген кісідей ыңылдады да, қош айтып жүріп кетті.3) Сүгірбай біреу инемен сұғып алғандай селк етті, бірақ тез есін жинап мырс-мырс күлді. 4) Біресе балгерді іздеп жан-жаққа шапқылады, біресе Әшімге хабарламақшы боп асыға жөнелді .5) Осы айтқанын бұлжытпай орындады да,қашқындар тарта берді.6) Бұл сөз Кенжетайға ауырлау тиді,өйткені ол ауыл жігіті болғанымен қазақша сауатты еді. 7) Асқар онша әнші жігіт емес еді және оның даусы да пәлендей қоңыраулы болмайтын. 8) Осындаймен бірнеше күн өткізеді де, жалғыз-ақ түннің ішінде жолдастарының бетін Найманға қарай бір-ақ түзейді. (М.Ә.).

Сабақтас құрмалас сөйлемдер

§ 147. Сабақтас құрмалас сөйлем туралы жалпы түсінік

Салалас құрмалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдердің бір-бірінен айырмашылықтары бар.Ол айырмашылықтар,негізінде құрмалас сөйлемге

енген жай сөйлемдердің өзара грамматикалық байланысқа ену тәсіліне және мағыналық қарым-қатынастарына байланысты болып келеді.

Салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдердің әрқайсысының баяндауыш тұлғасы тиянақты түрде (не ашық райлы етістіктен,не есім сөздері мен модальдық сөздердің тіркесінен) қолданылады да,олар мағыналық жағынан тең дәрежеде айтылып,әрқайсысы дербес өз алдына бөлек сөйлем боларлық дәрежеде жұмсалады.

Салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдердің баяндауыш тұлғалары біркелкі болмай,әр түрлі болып келеді.Бірінің баяндауышы морфологиялық тұлға жағынан тиянақты түрде болып келеді де,екіншісінің баяндауышы тиянақсыз түрде қолданады.Сабақтасқа енген жай сөйлемдер мағыналық жағынан тең дәрежеде байланыспай,бірі өз алдына дербес сөйлем боларлық-тай тиянақты ойды білдіріп тұрады да,екіншісіндегі ой тиянақталмай, мағыналық жағынан тиянақты сыңарына бағынышты түрде айтылады.

Сабақтас құрмалас сөйлемдер компаненттерінің (құрамының) тұлғалық көрінісі мен мағыналық қарым-қатынастарына қарай екі топтан құралады.

Морфологиялық тұлғасы жағынан тиянақты, мағыналық жағынан дербес жай сөйлем боларлық дәрежеде айтылған бөлімі б а с ы ң қ ы с ө й л е м д еп аталады.

Мағыналық және тұлғалық жағынан тиянақсыз түрде айтылып, басыңқы сөйлемге бағынышты болып, соған тіркесіп айтылғанда ғана сөйлемдік дәрежеге енетін бөлімін б а ғ ы н ы ң қ ы с ө й л е м дейді.

Мысалы:1)Сүгірбай әбден түрткілеп қоймаған соң,Кәрден өз білгенін жеткізген болды. (З. Ш.).

Бұл құрмалас сөйлемде әрқайсысы белгілі ойды білдіретін екі жай сөйлем өзара байланысып, бір күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлем құрап тұр. Ол жай сөйлемдер тең дәрежеде байланыспай ,бірі басыңқы болып негізгі ойды білдіріп тұрды да,екіншісі бағыныңқы болып басыңқыдағы ойдың мезгілін көрсетіп тұр. Басыңқы сөйлем *Кәрден өз ойын жеткізген болды.* Өйткені бұл жай сөйлем грамматикалық тұлғасы жағынан тиянақты түрде айтылып, мағынасы жағынан құрмаластағы айтылған негігі ойды білдіріп, жеке тұрғанда өз алдына дербес сөйлем боларлық дәрежеде айтылып тұр. Бағыныңқы сөйлемі - *Сүгірбай әбден түрткілеп қоймаған соң...*Бұл сөйлемнің баяндауышы,тұлғасы тиянақсыз түрде айтылған,сондықтан сөйлемде айтылған ой аяқталмай,мағыналық жағынан өзінен кейін айтылған басыңқы сөйлемге бағынышты болып тұр.Басыңқы сөйлемге тіркесіп айтылғанда, ұласып айтылған күрделі ойдың мезгілін білдіріп,сөйлемдік дәрежеге енеді де,өзінен кейінгі басыңқы сөйлемге тіркесіп айтылмаса ,өз алдына тиянақты ойды білдіріп, сөйлем бола алмайды.

Сөйтіп, **құрмаласқан жай сөйлемдердің бірі негізгі ойды білдіріп, тұлғалық және мағыналық жағынан тиянақты түрде айтылып, өзгелері тұлғалық жағынан тиянақсыз, мағыналық жағынан басыңқыдағы ойға бағынышты айтылатын құрмаластың түрін с а б а қ т а с қ ұ р м а л а с с ө й л е м дейді.**

§ 148. Сабақтас құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің байланысу тәсілдері

Сабақтас құрмалас сөйлемге енген басыңқы сөйлемдер алуан түрлі мағыналық қарым-қатынаста келеді де, әрбір мағыналық қарым-қатынастың грамматикалық жағынан көріну жолы, тәсілі болады.

Қазақ тілінде,орыс тіліндегі сияқты,құрмаласқа енген жай сөйлемдердің бірінің екіншісіне мағыналық жағынан бағынышты екендігін көрсете байланыстыратын жалғаулықтар болмағандықтан, қазақ тіліндегі басыңқы сөйлем мен бағыныңқы сөйлемдердің мағыналық арақатынасы, грамматикалық байланысы бағыныңқы сөйлемнің б а я н д а у ы ш т ұ л ғ а с ы арқылы көрінеді.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің басыңқы сөйлемдері мен бағыныңқы сөйлемдерінің грамматикалық байланысы бағыныңқы сөйлемнің баяндауышының төмендегі морфологиялық тұлғаларда қолданулы арқылы болып отырады.:

1) бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы көсемше етістік болып келуі арқылы;

2) бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы жатыс,шығыс,көмектес септік жалғауы немесе шылау сөздер тіркесіп айтылған есімшелер арқылы;

3) бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шартты райлы етістік болып келуі мүмкін;

4) Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы негізгі етістікке *де* көмекші етістігі тіркесіп айтылу арқылы.

§ 149. Көсемше бағыныңқылы сабақтас сөйлем

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы көсемше тұлғалы етістік болып келгенде,бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі айтылған ойдың не мезгілін, не себебін , не қимыл-амалын білдіріп сабақтас құрмалас сөйлем жасалады. *Мысалы:*

1) *Қыр мұрны* ***қоңқайып,*** *көк көзі тостаған түбіндегі жұлдыз құртындай жылтырайды. (К. Т.).* Бұл сабақтас құрмалас сөйлемде бірі бағыныңқы ,екіншісі басыңқы қатынаста айтылған екі жай сөйлем бар. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың қалай өткендігін көрсетіп, қимыл-сын пысықтауыш бағыныңқылық қызмет атқарып тұр. Бұл екі сөйлемді біріне – бірін бағындыра байланыстырып тұрған морфологиялық тұлға-бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметінде ***-ып*** жұрнағы арқылы жасалған көсемше етістік.

2) *Тымырсық аяздағы тымық ауаны* ***сіміре****, Жақып күндегі әдетімен колхоз ауылын аралап келеді (Ғ. М.).*Мұнда да бір бағыныңқы, бір басыңқы сөйлем өзара байланысып, бір күрделі ойды білдіріп, сабақтас құрмалас

сөйлем құрап тұр. Бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемнің синтаксистік байланысы ***–е*** жұрнағы жалғанған көсемше арқылы көрініп тұр. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің сын-қимыл пысықтауыштық қызметін атқарып тұр.

3) *Мұз үстінде ығып бара жатқан ер-азаматтардың тағдыры неболарын білмей, артта қалған қатын-бала улап-шулап шаштарын жұлып жатыр (Ә. Нұр.).* Бұл сабақтас құрмалас сөйлемдегі бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлеммен болымсыз етістікке **–й** жұрнағы жалғанған көсемшеден болған баяндауышы арқылы байланысып тұр.

4) *Қандыағаш – Гурьев темір жолы салынғалы, Ойыл ауданының қаламен қатынасы оңайланды.*Мұнда екі жай сөйлем бір-біріне бағына байланысып, бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың Мезгілін көрсетіп тұр. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлеммен баяндауышының ***-ғалы*** жұрнағы жалғанған көсемше тұлғасында айтылуы арқылы байланысып тұр.

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы көсемше тұлғалы етістіктен келіпбасыңқымен байланысқан сабақтас құрмалас сөйлемді көсемшеден болған бірыңғай баяндауышты не бірыңғай пысықтауышты жайылма сөйлемнен ажырата білу керек.Мысалы, *Әркім өзінше қиялдап, томпиып-томпиып отыра қалыппыз (Д. Т.).* Бұл- қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем. Өйткені құрмаласқа енген жай сөйлемдердің өзіне тән дербес бастауышы мен баяндауышы бар. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы –ып жұрнағы жалғанған көсемше арқылы басыңқы сөйлеммен байланысқан.

Бір кездерде адамша тамақ ішіп, қатарымызша киініп, күліп-ойнап, әзілдесе жұмыс істеп, тату-тәтті өмір сүген едік (Д.Т.). Бұл **–ып, -іп, -п** жұрнағы жалғанған көсемшеден болған бірыңғай қимыл-сын пысықтауышты жай (жайылма) сөйлем.

197-жаттығу. Мына мәтінді оқып шығыңдар да,бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы көсемшеден болған сабақтас құрмалас сөйлемдер мен көсемшеден болған бірыңғай мүшелі жай сөйлемдерді ажыратыңдар.

Сонда лейтенант сәл мүдіріп, ақырын ғана өтініш айтқандай боп:

- Қалай, шыдайсың ба – деп еді.

Сол бір сәтте лейтенанттың жас баладай момақан боп, тіпті сүйгеніне оғаш сыр айтып, ұялыс тапқан жас жігіттей тұрғаны да есіне енді түсті. Иә, ол да қазір ұйқы көрмей әр окопты бір тексеріп, тыным таппай, бүкшеңдеп жүгіріп жүрген шығар...

Жау позициясы әлі жым-жырт. Бірақ қазіргі тас қараңғыда да бұл иттердің барлық сыры бұған әбден мәлім еді. Олардың алыстығы әрі кеткенде үш жүз метр болатын. Ондағы снаряд пен бомба ойған лай сулы апандарда қалай болса солай жатқан өліктер де тек күндіз ғана көрінетін. Мүмкін қазір сол өліктердің қас, кірпігіне қырау тұрып, жел тербеген қу бұталар жансыз денелердің мәңгі ұйқысын күзеткендей пыр-пыр боп ызыңдайтын да шығар.

Бұдан бейхабар сонау алыс тылдағы әйелдер күйеуін, бөбектер әкесін, ал қартайған кемпір болса баласын...әйтеуір небір ылғалды көз мөлдіреп жол тосатын да шығар-ау... Бұл жайт жас жауынгер ойына келгенде, оның бар денесі аяз қарығандай түршігіп, тұла бой мұздап кетті, селк етіп басын көтеріп алды. Бірақ дәл қарсы алдында бірдеңе ақырын ғана сытыр-сытыр ете қалды. Оған ілісе қу бұтақтар күрт-күрт сынды, біреу, сірә, барлаушы болуы керек, бері қарай еңбектегендей болды (Д.Т.).

§ 150. Есімше бағыныңқылы сабақтас сөйлем

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы жатыс, шығыс, көмек-тес септік жалғаулы немесе шылау сөздері тіркесіп айтылған есімше болып, басыңқы сөйлеммен байланысады да басыңқы сөйлемдегі ойдың не мезгілін, не себебін немесе бағыныңқыдағы ой мен басыңқыдағы ойдың қарама-қарсы екенін керсетіп сабақтас құрмалас сөйлем жасалады. Мысалы:

1) *Сейілбек өз үсынысын жасап **қайтқанда,** Абдуллаходжаев асыға күтіп отыр екен. (К. Т.)* Бұл сабақтас құрмалас сейлемде бір бағыныңқы, бір басыңқы сөйлем бар. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы жатыс септік жалғаулы есімше тұлға-сында қолданылуы арқылы басыңқымен байланысып, басыңқы сөйлемдегі ойдың мезгілін білдіріп тұр.

2) *Өткендегі тексеру нәтижелері кеңшар өмірін қанағаттан-дырмайтын **болғандықтан,** біз табылғанның көлемінде қалмаймыз. (К. 0.)* Бұл — басыңқы және бағыныңқылық қатынаста келіп байланысқан екі жай сөйлемнен құралғаи сабақтас құрмалас сөйлем. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы ***~дық*** жұрнағы жалғанған шығыс септік жалғауы тұлғасында айтылған есімшеден келіп, басыңқы сөйлеммен байланысып, басыңқыдағы айтылған ойдың себебін көрсетіп тұр.

3) *Ержанның сырты қалың **болғанымен,** іші тым жұқа еді. (Ғ. М.)* Бұл да бір бағыныңқы, бір басыңқы сөйлемнен құралған сабақтас құрмалас сөйлем. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы көмектес септік жалғауында айтылған есімшеден келіп, басыңқымен байланысып, басыңқы сөйлемдегі ойға қарсы мағынада айтылып тұр.

4) *Ой ауырлап иықтан баса **түскен сайын,** Шернер де өз бастарына төнген қауіпті бар жанымен сезіп түнжырай түседі. (Ә. Нұр.)* Мұнда да бір бағыныңқы, бір басыңқы сөйлем өзара байланысып, сабақтас құрмалас сөйлем құрап тұр. Басыңқы сөйлем мен бағыныңқы сөйлемнің грамматикалық байланысы есімшеден болған күрделі баяндауышқа ***сайын*** шылауының тіркесіп айтылуы арқылы көрінген.

Есімшеден болған баяндауышқа тіркесіп айтылып, бағыныңқы сөйлемді басыңқы сөйлеммен байланыстыратын , әр түрлі мағыналық қарым-қатынастағы сабақтас құрмалас сөйлем тудыратын шылау сөздер мыналар: ***сайын, дейін, шейін, соң, кейін, бері, үшін*** тағы басқалар.

198-жаттығу. Мәтінді окып шығыңдар да, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы септік жалғауы немесе шылау сөздері тіркескен есімшеден бол-ған сабақтас құрмалас сөйлемдерді теріп жазыңдар. Бағыныңқы сөйлемді ба-сыңқы сөйлеммен байланыстырып тұрған баяндауыш тулғаларын айтып беріндер.

Ауыл әйелдерінің ұғымынша, жатақ дегендер тыраш келеді, олар мал жинауды білмейді, бар жиғанын киімі мен тамағына салады. Олардың байымайтындығы да сондықтан.

Ауылдың ұғымы осылай болғанмен, әйел атаулының Кәкішше киінуі, еркек атаулының Әубәкірше киінуі маған арман сияқтанады. Бұл екеуі маған Жанпейіс айтқан сөздердің куәлігіндей боп көрінеді.

Бойым үйренгеннен кейін, мен осы ойымды Әубәкірге айтып едім:
— Жөн сөз екен мұның,— деді ол,— кету керек бұл арадан. Қазақ арасында жүріп оңбайсың. Орыс арасына барып жұмыс істеу керек те, адам сияқты тұру керек..

Әубәкір мені алып та кетпек болып еді, Нұртаза ризаласқан да еді, нақ со кезде қырсық шалып, тұмауратып қалдым...

...Мен осындай кикілжіңге кеп кездестім. «Ашыққан ұры ашынған тілді болады» дегеи мақал бар емес пе! Қайын атасы күн сайын құлағын мүжи берген соң, менің апамның да тілі шығып, қарсы жауап қайыратын боптьі... *(С. М.)*

§ 151. Шартты райлы бағыныңқылы сабақтас сөйлем

Құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің бірі бағыныңқы, екіншісі басыңқы сөйлем болып байланысқанда, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы - шартты райлы етістік болып келеді.

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шартты райлы етістік тұлғасында айтылып, сабақтас құрмалас сөйлем жасалады да, бағыныңқы сөйлем, көбіне, басыңқы сөйлемдегі ойдың шартын білдіріп тұрады. Мысалы: *Егер жұрттың бәрі жаңағы шалдай пейілмен* ***істесе,*** *бұл шаруашылық дүрілдеп-ақ кетер еді. (Ғ. М.)* Бұл сабақтас құрмалас сөйлемде бір бағыныңқы, бір басыңқы сөйлем шартты райлы етістіктен болған баяндауыш арқылы байланысып тұр да, бағыныңқы сөйлем басыңқы сайлемдегі ойдың орындалу шартын көрсетіп тұр.

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болған етістік шартты райдың жіктеу түрінде де және жекеше , көпше түрінде де тұра алады. Сондықтан шартты райлы етістік арқылы сабақтас құрмаластың бағыныңқы сөйлемінің баяндауышы өзінің бастауышымен жақтасып айтылады.

Бірақ баяндауышы шартты райлы етістіктен болған бағыныңқы сөйлем үнемі басыңқы сөйлемдегі ойдың шартын білдіре бермейді. Кейде бағыныңқыдағы ойдың мезгілін де, себебін де білдіреді және басыңқы мен бағыныңқыдағы ойдың қарама-қарсылығын да, кезектестігін де білдіреді. Мысалы:

1) *Артыма жалт қарасам, екі жігіт аттарын байлап жатыр екен*

(Б.М.). Бұл сабақтас құрмалас сөйлемдегі бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі оқиғаның мезгілін білдіріп тұр.

2) *Жел үп етсе, күзгі дала сыбдыр етіп, сыбырласа жөнеледі (Ғ. М.).*

Бұл сабақтас құрмалас сөйлемде баяндауышы шартты райлы етістіктен болған бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі айтылған ойдың себебін көрсетіп тұр.

199-жаттығу Мәтінді оқып шығыпдар. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шартты райлы етістіктен болған сабақтас сөйлемдерді теріп жазыңдар да,бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемнің мағыналық қарым-қатынастарын түсініңдіріңдер.

Жылқы етінің өзге малдың етінен күштілігі туралы Мақан толып жатқан кеңестер айтады.

- Мысалы, - дейді ол, - осы суықта оттан түскен қазанды қостың іргесіне қойшы,егер жылқының сорпасы болмай,басқа малдың сорпасы болса, бетіндегі майы лезде тобарсып қата қалады. Ал жылқының майы үскірік суық болса да, қатпай балқып тұрады. Неліктен осылай? Әрине, жылқы етінің өзге еттен күштілігінен. Жылқының сорпаға шыққан майы ғана емес , етінің де майы қатпайды.

- Қойдың,сиырдың немесе түйенің етін тоя жеп көр, – дейді Мақан, - екі-үш күнге шейін кекіргің азып ауырасың , күпті боласың. Ал жылқының етін қанша тойып жесең де , бойыңа сіңіп,қарның лезде ашады. Ол да жылқы етінің адамға өзге еттен тез ас болатындығынан.

- Күшті сүт,- дейді Мақан,- күшті еттен ғана шығады. Жылқы етінің өзге еттен қуаттылығынан тағы бір мысал мынау: малдың денесіне жаздыгүні жара түссе, шыбын қонып құрттайды. Жылқыдан басқа малдың құрттаған жерін емдемесең, құрт ішіне түсіп өліп қалады. Ал жылқы құртасса, қашан ісік желініп болғанша , құрт жүреді де,таза етіне жеткенннен кейін өліп түсіп қалады.Олай болса ,оның тірі күніндегі етінің өзі өзге малдың етінен анағұрылым қуатты (С. М.).

§ 152. *ДЕ* көмекші етістігі тіркесіп айтылуы арқылы байланысқан бағыныңқы сабақтас сөйлем

Қазақ тілінде сабақтас құрмалас сөйлемге енген бағыныңқы сөйлем мен басыққы сөйлемнің синтаксистік байланысы бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы ***де*** көмекші етістігі тіркесіп айтылған сөз тіркестері арқылы да көрінеді. Мысалы:

1) *Ол кебісін кием **дегенше,** әу дейтін жерге **зытып** кеттім. (С. К.)*

2) *Егер сен осыған иә **десең,** Нұрланның мойнын бұрап көндірем. (Ғ. М.)*

3) *Сені боран айдап кетті ме **деп,** біз қорқып едік. (Ғ. Мүсір.)*

Бұл үш сөйлемнің әрқайсысы — бір бағыныңқы, бір басыңқы сөйлемнен құралған сабақтас құрмалас сөйлемдер. Олардың бағыныңқы сейлемдері ***де*** көмекші етістігі тіркесіп айтылған сөз тіркестері арқылы басыңқы сөйлеммен

байланысып, құрмалас сөйлем жасалып тұр. Бағыныңқы сөйлемдер мен басыңқы сөйлемдердің мағыналық арақатынасы ***де*** көмекші етістігінің морфологиялық тұлғасына қарай әр түрлі болып келіп түр.

200-жаттығу. Мына текстi оқып шығыңдар да, құрмалас сөйлемдерді теріп жазыңдар. Құрмаласқа енген жай сөйлемдердің синтаксистік байланысу тәсілін түсіндіріңдер.

Тебіндегі жылқыны бұл — менің бірінші көруім. Жылқы деген жануар мал атаулының ішіндегі қайраттысы екен. Өте бір түтеген боран соғып кетпесе, қандай ызғарлы суықтарда еш уақытта желге жонын бермей, маңдайын бере қарсы қарап қар тебеді. Сол кезде жел көтерген оның жалы жалаудай желбіреп көтеріліп кетеді. Құйрығы аспаннан сорғалаған жауындай тарамданып көсіліп тұрады. Қарсы алдынан соққан желдің лебі қар бетінде жүгірген борасынды жеп кетпегендіктен, боз жылқы түгіл, қара не торы сияқты баран түсті жылқылардың да маңдай терісі ақ бурылдана қалады...

Жылқының тыңға көшуі оңайлыққа түспейді. Бет алған жақта ойпаң кездесіп, қар қалыңдай кетсе, жылқы беттемей тұрып алады. Ондай ойпаттар далада жиі кездеседі, содан жылқыны өткізерде, «Айшық мүйіз ақ серке қойды бастар» дегендей, қалың жылқыны бастап жөнелетін «көсемдері» болады. Бұлай бастауға аса бір қарулы айғырлар мен биелер ғана түседі.

Көсемсіген бір жылқы қалыңға түсе жөнелгенде, оның артынан тізбектелген жылқылар шұбыра бастайды. Сол ізге қалың жылқы түгел түсе қалғанда, олардың тұяғынан жасалған қардың жырасы қазған терең каналға ұқсап кетеді. *(С. М.)*

§ 153. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлері

Сабақтас құрмалас сөйлемге енген бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемнің синтаксистік байланысу тәсіліне, яғни бағыныңқы сөйлемнің баяндауыш тұлғасының түрлі болып келуіне орай, олардың мағыналық қарым-қатынасы да алуан түрлі болып құбылып отырады. Сөйтіп, сабақтас құрмалас сөйлемдер бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемнің мағыналық қарым-қатынасына қарай мына сияқты алты түрге жүйеленеді:

1) шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем;
2) қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем;
3) мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем;
4) амал бағыныңқылы сабақтас сөйлем
5) себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас сөйлем;
6) мақсат бағыныңқылы сабактас сөйлем. -

Сабақтас құрмалас сөйлемдер бағыныңқы сейлемнің басыңқыға мағыналық қатынасына қарай жоғарыдағыдай алты салаға бөлінгенде, бұлардың, яғни бағыныңқы сөйлемнің көпшілігінің, қызметі жай сөйлемдегі пысықтауыш мүшенің кызметіне ұқсас. Сондықтан да шартты бағыныңқылы

және қарсылықты бағыныңқылы сабақтастардан өзгелерін себеп пысықтауыш бағыныңқылы сабақтас, мезгіл пысықтауыш бағыныңқылы сабақтас, қимыл-сын пысықтауыш бағыныңқылы сабақтас, мақсат пысықтауыш бағыныңқылы сабақтас деп те атауға болады.

Ықшамдылық үшін алдыңғы атау дұрыс. Бірақ жай сөйлемдегі пысықтауыш мүше мен әр сапалы пысықтауыш бағыныңқылардың синтаксистік қызметінің арасында теңдік бар деп қарауға болмайды. Бұлардың кейбір ұқсастық жақтарының болуына қарамастан, екеуі екі түрлі синтаксистік құбылыс.

Пысықтауыш бағыныңқы сөйлемдердің жай сөйлемдегі пысықтауыш мүшеге ұқсастығынан ерекшелігі басым. Ол ерекшеліктер, негізінде, мыналар: а) бағыныңқы сөйлемнің өзіндік толық мағыналық және тұлғалық дербестігі болмаса да, сөйлемдік ерекшелігінің барлығы, ә) көпшілік жағдайда бағыныңқы сөйлемдердің өз бастауышы мен баяндауышының болатындығы, б) бағыныңқы сөйлемнің басыңқы сөйлеммен ұласып айты-латын сөйлемдік интонациялық ерекшелігінің болатындығы.

§ 154. Шартты бағыныңқылы сабақтас

Бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемдегі іс, амал, әрекет, оқиғаның шартын білдіріп тұратын сабақтас құрмалас сөйлемнің түрін шартты бағыныңқылы сабақтас *дейді.*

Шартты бағыныңқы сөйлем қайтсе? не етсе? қайткенде? не еткенде? деген сұраулардың біріне жауап беріп тұрады.

Шартты бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы мына сияқты морфологиялық тұлғаларда тұрады:

1. Шартты бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шартты райлы етістік болып келеді. Шартты райлы етістік болған баяндауыш тәуелдік жалғауының I, II және III жақтарының бірінде айтылып, өзінің бастауышымен жақтасып тұрады. Мысалы:

1) ***Егер де*** *барлық жол мүлкі салынған чемоданымнан айырыларымды* ***білсем,*** *темір торы бар бөлме алар едім деп өкінді. (К. Т.)* 2) *Ынта салып жігерлене* ***істесең,*** *бітпейтін жұмыс бола ма? (Ғ. М.)* 3) *Іші пысқандар не еріккендер мені қисса оқуға* ***шақырса,*** *сұлыға дәніккен аттай жортып барам. (С. М.)*

Бұл үш сөйлемнің үшеуі де шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Өйткені тұлғалық көрінісі жағынан бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлем бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шартты райлы етістікте тұруы арқылы синтаксистік байланысқа енген. Мағыналық белгісі жағынан бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі оқиғаның шарты ретінде айтылып түр. Бағыныңқы сөйлемдердің шартты райлы баяндауыштары тәуелдік жалғау қосымшаларын қабылдап, өз бастауыштарымен жақтасып тұр.

Сабақтас сөйлемнің бағыныңқы сөйлемі мен басыңқы сөйлемінің шарттық қарым-қатынасы бірде жеткілікті түрде айқын айтылса, бірде жеткіліксіз, көмескі түрде де айтылады. Мүндай жағдайда бағыныңқы сөйлемнің шартты не шартты емес екендігін айқындау үшін, бағыныңқы сөйлемнің алдына ***егер, егер де*** сөзін келтіріп айтып көру керек. Бұл сөзді бағыныңқы сөйлемнің алдынан қосып айтуға келетін болса, ол сөйлем шартты бағыныңқылы сабақтас болады да, ол сөзді қосып айтуға болмайтын болса, ондай сөйлемнің бағыныңқы сөйлемі мен басыңқы сөйлемінің қарым-қатынасы шартты болмай, өзге бағыныңқылы сөйлем болады. Мысалы: *Тәттіні* ***бермесе****ғ ащыны білер ме едік. (Ғ. М.)* деген сейлемнің алдынан *егер* сөзін қосып айтуға келетін болғандықтан, бұл сөйлем — шартты ба-ғыныңқылы сабақтас сөйлем. *Жалмажан, түра-сала далаға шықсам, сәске түс болып, күн ыси бастаған екен. (Б. М.)* деген сөйлем — мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем, өйткені оның алдынан *егер* сөзін келтіріп айтуға келмейді.

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шартты райлы етістік болып келгенде, бағыныңқы сөйлем мен басыңқысөйлемнің арасындағы шарттық қатынасты білдіру үшін, бірі бағыныңқының құрамында, екіншісі басыңқының құрамында айтылатын ***неғүрлым-соғұрлым, қалай-солай, қандай-сондай, кімді-соны*** деген сияқты жұп сөздер де қолданылады. Мысалы: *Арқасын жапқан қалың шашы күннен қандай қорғаса, ардақтап сақтаған ар-ұяты жамандықтан* ***сондай*** *қорғап тұр. (Ғ. М.).*

2. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы етістіктің болымсыз түрі болып, оның үстіне ***-йынша, -йінше*** жұрнағы жалғанып айтылса да, бағыныңқы сейлем басыңқы сөйлемдегі ойдың шартын білдіреді. Мысалы:

1) *Мектепте саналы тәртіп* ***болмайынша,*** *сапалы білім болмайды. («Х. мұғ.»)*

3. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы өткен шақтық есімшенің жатыс септік жалғау тұлғасында және *-й* жұрнағы жалғанған көсемше тұлғасында айтылса да, бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың шартын білдіреді. Мысалы:

1) *Осы интернаттар* ***ашылмағанда,*** *консерваторияға скрипкашы, пианист қазақ балаларын даярлап беру мәселесі шешілмек емес. («К- әд».)*

2) *Ат өнері білінбес, бәйгеге түсіп* ***жарыспай.*** *(А. Қ.)* Бұл сөйлемдердің екеуі де шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер. Бірінші сабақтас сөйлемнің шарттық ұғым беретін бөлімі — *Осы интернаттар* ***ашылмағанда...*** деген бағыныңқы сейлемі. Екінші сабақтас сөйлемнің шарттық ұғым беретін бөлімі —... *бәйгеге түсіп жарыспай* деген бағыныңқы сейлемі (бұл — өлеңді сейлем болғандықтан, бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнен кейін айтылып тұр).

201-жаттығу.Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар да, шартты бағыныңқылы сөйлемдердің астын сызып, баяндауышының қандай тұлғада тұрғанын айтындар.

1) Мен, бәлкім, кешіксем, қасқырлар айғырды талап жейді екен. *(С. М.)*

2) Ал жергілікті жермен байланыс мықты болса, онда жұмыс істеу жеңіл әрі көңілді болар еді. *(К. Т.)* 3) Өзінің бостандығын алмайынша, бүкіл Африка халқы қанаушыларға қарсы азаттық күресін тоқтатпақ емес. *(«0. К»)* 4) Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап. *(А. Қ.)* 5) Жел тұрмай, шөп басы қимылдамайды. *(«М. М.»)* 6) Осы ұқсастықтар орысшаға аударылғанда, бадырайып көрініп тұратын сияқты» *(«К. әд».)* 7) Құдай жазып осы бала тез келмесе, сені бүйтіп көрмес те едім, Тоқашжан! 8) Әр адам күніне алты кубометр топырақты шығарып отырса, жұмыста қаншалықты қарқын болатындығы Әсетке түсінікті. *(З. Ш.)* 9) Қолыма қару берсе, қарауылымның ұшында тек немістер болар деп кеткен." *(Әб. Нұр.)* 10) Басқа кісілер өзін көлденең сөзден қорғауға тырысса, Иванов өзін қосыла жамандауға бейім тұратын. *(Әб. Нұр.)*

§ 155. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас

Бағыныңқы сөйлемдегі айтылған ойға басыңқы сөйлемдегі ой қарсы мағынада айтылған сабақтас құрмалас сөйлемді қ а р с ы л ы қ – т ы б а ғ ы н ы ң қ ы л ы с а б а қ т а с с ө й л е м дейді.

Қарсылықты бағыныңқы сөйлем қ а й т с е де? н е е т с е д е? қ а й т - к е н м е н? н е е т к е н м е н? қ а й т к е н ш е? н е е т к е н ш е? деген сұрақтарға жауап беріп тұрады.

Қарсылықты бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы төмендегі тұлғада айтылу арқылы басыңқы сәйлеммен байланысып, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады.

1. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шартты райлы етістік болып, оған ***да, де*** шылауы тіркесіп айтылуы арқылы қарсылықты бағыныңқы сөйлем жасалады. Мысалы: 1) *Жаңағы сөзінен сол өткен түнгі ашудың зардабы әлі көрініп* ***тұрса да,*** *Жамал өз ойын оның алдына ептеп тарта берді. (Ғ. М.)* 2) *Иванов Зинаның бұншалықты неге қысылғанын* ***білмесе де,*** *кітап жайындағы әңгімені бұдан артық қозғамаудың керек екенін түсінді. (Әб. Нұр.)*

2. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шартты райлы етістік болып келсе де, сөйлем қарсылықты бағыныңқылы сабақтас болады. Мысалы: *Қасқырларға біз ақырып* ***ұмтылсақ,*** *олар ажырайып бетімізге қарайды. (Ғ. М.)*

3. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы кемектес септік жалғауы жалғанған өткен шақтық есімше болып келсе, карсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады. Мысалы:

1) *Құрылыс жұмысы* ***аяқталғанмен,*** *оны іске қосу сияқты негізгі міндеттер әлі де шешілген жоқ еді. (К. 0.)* 2) *Бұл сұраулар басымда* ***сапырылысқанмен,*** *оның жауабын Спандияр ағай да таба алмады. (С. М.)*

4. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы өткен шақтық есімше болып, оған *-ша, -ше* жұрнағы жалғану арқылы да қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады. Мысалы:

1) *Көп ақымақтың ағасы* ***болғанша,*** *бір ақылдының інісі бол. («М. М.»)* 2) *Боранбек орнынан* ***қозғалғанша,*** *Нияз шапшаң көздей салып атып жіберді. (С. С.)*

202-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар да, қарсылықты бағыныңқы сөйлемнің астын сызыңдар және қалай жасалғанын айтыңдар.

1) Аяғын ептеп басуға тырысқанымен, ешкі майы сіңген саптамасы сіресіп, темір жамалған екшесі қозғалса-ақ, жанжал шақырып тұр. *(К. 0.)* 2) Иванов екі батареяның қайсысына барса да, қыраулы қабақпен тұнжырап жүрген кісілерді көрді. *(Әб. Нұ.р.)* 3) Түсі суық, аузы ауыр болғанымен, шал ондай оспадар адамға ұқсамайды. *(Ғ. М.)* 4) Әңгімені Есейдің өзі бастаса да, осыдан кейін жұмған аузын аша алмады. *(Әб. Мұр.)* 5) Әсет жастайынан Дүйсенді көріп өссе де, ол кісінің ішінде нендейлік қазынаның барлығын білмейтін. *(Қ. О.)* 6) Ол Жомарттың пікірін қуаттай қоймағанмен, көзіне колхоздың әдемі суреттері елестеп кетті. *(Ғ. М.)* 7) Бұл сөздерін Зереге естірте айтпаса да, Абай естісін деген сияқты. *(М. Ә.)* 8) Құнанбайға жұрттың кеңілі әр алуан болғанмен, ежелгі салт-машық бойынша, бұл өңірдегі ағайын Зере отырған үйді жатсынған жоқ. *(М. Ә.)*

§ 156. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем

Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі айтылған ойдың мезгілін білдіріп тұратын сабақтасты м е з г і л б а ғ ы н ы ң қ ы л ы с а б а қ т а с с ө й л е м дейді.

Мезгіл бағыныңқылы сөйлем қ а ш а н ? қ а й к е з д е ? қ а й у а қ ы т т а? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы төмендегі морфологиялық тұлғада айтылу арқылы мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады:

1. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы жатыс септік жалғаулы өткен шақтық есімше болып келуі арқылы мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады. Мысалы:

1) *Селоға* ***кіре бергенде*** *Құрышбай бастаған бір топ телеграф сымын кесіп, бағанасын өртеді. (З. Ш.)*

2. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шығыс септік жалғаулы өткен шақтық есімше болып, оған ***соң, кейін, бері*** шылауларының бірі тіркесіп айтылу арқылы, кейде ***соң*** шылауы өткен шақтық есімшеге тікелей тіркесіп айтылуы арқылы да, мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады. Мысалы:

1) *Ол өзіне қойған орындыққа* ***отырған соң,*** *әлдекімді іздегендей үй ішіне айнала қарады. (Әб. Нұр.)* 2) *Алма өзінен* ***айырылғаннан бері,*** *Бейсен сияқтылардың жорамалы әр жерден бір бұрқ етіп қояды. (Ғ. М.)*

3. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы өткен шақтық есімше болып, оған ***кезде, шақта, уақытта, күнде*** сияқты мезгілдік мағынасы бар сөздердің бірі

тіркесіп айтылу арқылы да мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады. .Мысалы:

Көк жиектен күн шашырап, сағым сәулеттене ***бастаған кезде,*** *Шығанақ Мұхиттың «Айдайына» басты. (Ғ. М.)*

4. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы өткен шақтық есімше болып, оған *-ше* жұрнағы жалғануы арқылы мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады. Мысалы:

1) *Зылиқа халатының қалтасынан* ***алып бергенше,*** *Әшім созылған қолы дірілдеп отырғандарға көз тастады. (К. О.) 2) Бисен шұбатылып шанадан* ***түскенше,*** *еті қызған ат жүріп кетті. (Ғ. М.)*

5. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы өткен шақтық есімше болып, оған *сайын* шылауы тіркесіп айтылу арқылы да мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады. Мысалы:

Сұлтан жоғарыдан жан-жағына көз ***жіберген сайын,*** *мына көрініс халықтық жеңістің куәсы сияқтанады. (К. 0.)*

6. Бағыныңқы сейлемнің баяндауышы шартты райлы етістік болып келсе де, кейде мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады. Мысалы:

1) *Ақ боз атпен ағызып жар тасқа* ***шыға келсе,*** *төменде, ойда, сай жағалап Ақшулан зытып барады. (З. Ш.) 2) Асқар мен Ержан киініп далаға* ***шыңса,*** *үйдің сыртында көзілдірікті, қылышты біреу отыр екен. (С. М.)*

203-жаттығу. Мына берілген сөйлемдерден мезгіл бағыныңқылы сөйлемді теріп жазыңдар да, бағыныңқы сөйлем баяндауышының қандай тұлғалардан жасалып тұрғанын айтыңдар.

1) Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. *(М. Ә.)* 2) Енді бейбітшілік өмірге лайықталып болғанша, сұраған машиналарыңызды ала алмасаңыз қайтесіз? *(Ғ. М.)* 3) Көпшілік Мәшіктің сөзін мақұлдап дуылдай бастағанда, төсек ағашқа сүйеулі тұрған бапты домбырасын Дәулеткерей алды. *(С. М.)* 4) Жамал осылай ойдан өрмек токып жатқанда, басқалар да қарап жатқан жоқ. *(Ғ. М.)* 5) Активтер тарап кеткеннен кейін, Сұлтанның кабинетінде Әділ мен Қамбар, Бисен қалды. 6) Сені мына шешең әлдилеп отырған кезде, ол қызмет істеп Жүрген азамат болатын. *(Қ. О.)* 7) Еремин тауға кеткеннен бері, күн зымырап өтіп жатыр. *(З. Ш.)*

§ 157 Қимыл-сын (амал) бағыныңқылы сабақтас сөйлем

Бағыныңқы сөйлем басыңқыдағы айтылған ойдың, қимыл, амалдың қалай орындалғанын білдіріп тұратын сабақтас сөйлемді қ и м ы л-с ы н б а ғ ы н ы ң қ ы л ы с а б а қ т а с құ р м а л а с с ө й л е м дейді.

Қимыл-сын бағыныңқы сөйлем қ а й т і п ? н е е т і п ? қ а л а й ? деген сұрактардың біріне жауап беріп тұрады.

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы *-ып, -іп, -п, -а, -е, -й* жұрнақтарының бірі жалғанған көсемше, не болмаса ***-дай, -дей*** жұрнағы жалғанған есімше болып келсе, қимыл-сын бағыныңқылы сабактас сөйлем жасалады. Мысалы:
1) *Әр сыныптың есігі* ***ашылып,*** *оқушылар тысқа шығып жатты. (М. И.)*
2) *Абай есіктен* ***кіре,*** *үйде отырған үлкендерге ашық дауыспен айқын етіп сәлем берді. (М. Ә.)* 3) *Қоқыштың сондай түрін* ***көре тұра,*** *біз ол үйде жұмаға жақын жаттық. (С. М.)* 4) *Ауыз үйде ешбір жан* ***қалмай*** *жұрттың бәрі Кирилл Петровичті көруге кеткен болатын. (А. П.)* 5) *Әр өңешке бір өгізше кіріп бара* ***жатқандай,*** *әркімнің аузына қадалады. (Ғ. М.)*

204 -жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып шығыңдар да, қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді теріп жазыңдар. Бағыныңқы сөйлемнің қандай тұлғада тұрғанын айтыңдар.

1) Әр ұлттан бір көркемдікті алып, өзгеше бір сұлу жасаған тәрізді. *(Ғ. М.)* 2) Зор бітімі тұнжырап, суық томсарып алған. *(Әб. Нұр.)* 3) Аяғындағы етігі суға әбден балбырап, өзі де әбден қалжыраған Құсбек алқынған бойында тасқа жантайып отыра кетті. *(К. О.)* 4) Қонақ келгенін тосып отырғандай, лезде ауыл азаматтары жинала бастады. *(З. Ш.)* 5) Екі жағы білеулене жұмырланып, шеке тамыры көгеріп шыға келді. 6) Кузьменко тысқа құлақ түріп, бірнеше минут бойыиа төсекте қозғалмай жатты. *(Қ. Т.)* 7) Домбыра мен өлеңге әулігіп жүріп, мен Молдағазыдан оқи алмадым және со бір күндері тағы бір айтысқа қатынасуға тура келді. *(С. М.)* 8) Әр үйде қысыр сауылып, жылтыр қара сабалар ертеңді-кеш күрпілдей пісіліп жататын.
(М. Ә.)

§ 158. Себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас сөйлем

Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі айтылған ойдың себебін білдіріп тұратын сабақтас сөйлемді себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас сөйлем дейді.

Себеп-салдар бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқы сөйлемі неліктен? не үшін? не себепті? не деп? деген сұрақтардың біріне жауап болып келеді.

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы төмендегідей морфологиялық тұлғада айтылу арқылы себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады:

1. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы өткен шақтық есімше болып, оның үстіне ***-дық, -дік*** жұрнағы жалғанып барып, шығыс септік жалғауы тұлғасында қолданылуы арқылы себеп-салдар бағыныңқылы сабактас сөйлем жасалады. Мысалы:

1) *Күйеуі көбіне түзде* ***жүргендіктен,*** *үйдің бар шаруасы бұның қолынан өтеді. (Әб. Нұр.)* 2) *Бүгінгі мақтаудың сүбелі жері Көпенге* ***тиіп келе жатқандықтан,*** *Балқыдан басқалары оны қостай түсті. Қ. Жұн.)*

2. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы өткен шақтық есімше болып, оған ***соң*** шылауы тіркесіп айтылу арқылы да себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады. Мысалы:

1) *Екі бастағы үлкен терезелерден түскен жарық жетімсіз* ***болған соң,*** *сол люстралар күндіз де жарқырап жанып тұр. (С. Ш.)* 2) *Кымыз желігіне қызып кеткендердің қызуы* ***қосылған соң,*** *Тәуке ұрынуға қара таба алмай отыр. (Ғ. М.)*

3. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы *-й* және *-ып, -іп, -п* жұрнағы жалғанған көсемше болып келу арқылы да себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас сейлем жасалады. Мысалы:

1) *Өзеннен өтетін көпір уақытында* ***оңдалып бітпей,*** *біз арғы бетте екі күн кідірдік.* 2) *Сол жылы Асқардың стипендиядан басқа қаражаты* ***болмай,*** *бір мезгіл пристаньда қара жұмыс істейтін еді. (С. М.)* 3) *Жиналыс* ***біткіп,*** *жұрт тарай бастады.*

4. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы ашық райлы етістік болып, оған ***деп*** көмекші етістігі тіркесіп айтылу арқылы да себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады. Мысалы:

1) *Ол екеуінің кеңесін таңдана тыңдаймын* ***деп****, аттарды жолдан шығарып жіберіппін. (С. М.)* 2) *Биіктен келе жатқан допты секіріп қағам* ***деп****, біреуі жығылып тұрып жатыр екен. (Ғ. Сл.)*

205-жаттығу. Мына сейлемдерді окып шығыңдар да, көшіріп жазыңдар. Себеп-салдар бағыныңқылы сабақтастарды тауып, бағыныңқы сөйлемнің астын сызыңдар.

1) Жалғыз-ақ өз топтарынан бөлегірек жайлайтын болған соң, жалғыз ауыл кету тағы қолайсыз. 2) Қаратаймен қырбай болғандықтан, Құнанбай Көкшенің жайлауына ортақ болғысы келгендей. 3) Жұман сондай келгендердің бірі болғандықтан, бұл алуандас келді-кетті кісілерге Абай да көңіл бөліп, ілтипат қылмайды. *(М. Ә.)* 4) Жаңа келген адам болған соң, Есей өз білгенін айтып берді. *(Әб. Нұр.)* 5) Шетінен ақын жастар болғандықтан, бұлар соңғы күндері өлең шығарудың әр алуан үлгілерін байқап көрісетін. *(М. Ә.)* 6) Бүркітбай сыбағасын жібермеймін деп, Асқардың жанына бататын сөздер іздеп еді. *(С. М.)* 7) Құтылмасына көзі жеткен соң, Олжабек қалпағын қолына алды. 8) Жегені желкесінен шығатын болған соң, өзі келіп тапты бізді (Ғ. М.) .

§ 159. Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем

Бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемдегі айтылған ойдың мақсатын білдіріп тұратын сабақтас сөйлемді м а қ с а т б а ғ ы н ы ң қ ы л ы с а б а қ т а с құ р м а л а с с ө й л е м дейді.

Мақсат бағыныңқы сөйлем н е м а қ с а т п е н ? н е ү ш і н ? не е т п е к б о л ы п ? деген сұрақтардың біріне жауап беріп тұрады.

Мақсат бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы төмендегі тұлғада айтылу арқылы басыңқы сөйлеммен байланысып, мақсат бағынындылы сабақтас құрмалас сөйлем жасалады.

1. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы ***-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек*** жұрнағының бірі жалғанған етістік болып келеді де, оған *болып* көмекші

етістігі тіркесіп айтылу арқылы мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады. Мысалы:

1) *Аз әңгіменің артынан Оспан жұмыс басына бармақ болып, Әйгерім мен Ерболды ертіп үйден шығуға айналды. (М. Ә.)*

2. Бағыныққы сөйлемнің баяндауышы түйық райлы етістік болып, оған ***үшін*** шылауы тіркесіп айтылу арқылы, не болмаса тұйық райлы етістік барыс септік жалғауы тұлғасында қолданылу арқылы да мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасалады. Мысалы:

1) *Осы тапсырманы орындау үшін, Асқар мен Болатов сол күнгі поезбен жүріп кетті. (С. М.)* 2) *Отардағы малдың күтімін өз көздерімен көруге, олар кеше жүріп кетті.*

3. Бағыныңқы сейлемнің баяндауышы бұйрық және ашық райлы етістіктердің бірі болып, оған ***деп*** көмекші етістігі тіркесу арқылы да мақсат бағыныңқылы сабақтас сейлем жасалады. Мысалы:

1) *Андрейдің сөзін бөліп бөгет жасаймын деп, ана тапжылмастан отыруға тырысты.(М. Г.)* 2) *Жиреншеге білдірмеймін* ***деп,*** *әлі де ағызып шауып келе жатқан. (М. Ә.)*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Сабақтас құрмалас сөйлемнің салалас құрмалас сөйлемнен айырмашылығы неде?*
2) *Сабақтастың құрамындағы қандай сөйлемді басыңқы сөйлем дейді?*
3) *Сабақтастың құрамына енген жай сөйлемдер қандай тәсілдер арқылы байланысады?*
4) *Сабақтас құрмалас сөйлемдер басыңқы және бағыныңқы сөйлемдерінің мағыналық қарым-қатынасына қарай нешеге бөлінеді?*
5) *Қандай сабақтастың түрін шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем дейді? Шартты бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқы сөйлемі қандай тұлғада тұрады? Қандай сұрақтарға жауап береді?*
6) *Қандай сабақтасты қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем дейді? Қарсылықты бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқы сөйлемі қандай тұлғада тұрады? Қандай сұрақтарға жауап береді?*
7) *Қандай сабақтастың түрін мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем дейді ?Мезгіл бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқы сөйлемі қандай тұлғада тұрады? Қандай сұрақтарға жауап береді?*
8) *Қандай сабақтасты амалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем дейді? Амалы бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқы сөйлемі қандай тұлғада тұрады? Қандай сұрақтарға жауап береді?*
9) *Қандай сабақтастың түрін себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас сөйлем дейді ?Себеп-салдар бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқы сөйлемі қандай тұлғада тұрады? Қандай сұрақтарға жауап береді?*

10) Қандай сабақтастың түрін мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем дейді? Мақсат бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқы сөйлемі қандай тұлғада тұрады? Қандай сұрақтарға жауап береді?

206-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып шығындар да, көп бағыныңқы сөйлемдердің түр-түріне қарай теріп жазыңдар. Мысалы, әуелі қарсылықты бағыныңқылы, сонан соң шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді т. с. с.

1) Сорайған теректер қою жапырақ төгіп, жердің көгі көтеріліп қалған. 2) Жанқабылов кеткеннен кейін, Кузьменко көп аялдамай тысқа шықты. 3) Тау сағасы өте жақын болғандықтан да, өзен ағасының гүрілі естіледі. 4) Зылиқа баласының көз алдында жүргенін теріс көрмесе де,оның талай рет қатты ауырғанын есіне алады да қиналады.5) Нұржан батальон командирінің үйіне кіре бергенде , немістер оннан астам танкінің сүйемелдеуімен екі ротаның қарсысынан шабулға шықты. 6) Егіс басталғалы бірқатар күндер өтсе де, ауыл әлі даурығуын қойған жоқ. 7) Елеусін жолдасының бетіне көз салса , іші тым томсара қалыпты. 8) Істеп жатқан сен білмегенде ,жаңа келген мен білемін бе? 9) Жасаураған көзімді жеңіммен сүртіп жібергенше , қара қасқа атты Қанапияны сойылмен сілтеп қалды. 10) Дәулеті шағын болғанмен ,ол үй тамағын тоқ қып ұстайды. 11) Жиренше атты байлай сала , топқа қарай жүгіргенде , Абай көзін басып отыра кетті.12) Қасындағы қартаң кісіні Абай өзі білмегенмен, шешесі әбден таниды екен.

Көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер

Сабақтас құрмалас сөйлемдер үнемі екі жай сөйлемнен ғана құралып , бірі бағыныңқылы, бірі басыңқы бола бермейді.Кейде сабақтас сөйлемнің құрамында бір басыңқы сөйлем ,бірнеше бағыныңқы сөйлем болып та келеді.

Сөйтіп **сабақтас құрмалас сөйлем кем дегенде үш не одан да көп жай сөйлемдерден құралып , бірі басыңқы , қалғандары бағыныңқы сөйлем болып келсе , ондай сөйлемді к ө п б а ғ ы н ы ң қ ы л ы с а б а қ т а с құ р м а л а с с ө й л е м дейді.**

Бір басыңқы сөйлемге бағына байланысқан бағыныңқы сөйлемдердің байланысу тәсілдеріне қарай көп бағыныңқылы сабақтастар екі түрлі болады: 1) жарыспалы сабақтас сөйлем, 2) сатылы сабақтас сөйлем.

§ 160. Жарыспалы сабақтас сөйлем

Бірнеше бағыныңқы сөйлемдер бір басыңқы сөйлемге әрқайсысы өз беттерімен тура бағынып тұратын көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді ж а р ы с п а л ы с а б а қ т а с сөйлем дейді.

Мысалы:

Абайдан екі-үш жастай үлкен болса да, Жиренше, Ербол, Асылбектер бұл кезде әбден жақын құрбы – құрдастай боп ап, өз маңдарындағы үлкеннен, кәрі – құртаңнан есіткен шер, уайымды да ірікпей айтып келе беретін. (М. Ә.) 2) Осы кезде жарылған бірер бомбаның гүрсілі естіліп, оған ілесе жапа – тармағай зениткалардың атысы үдеп, аспан асты ың – жың боп кетті. (Д. Т.)

Бұл екі сабақтас сөйлемнің екеуі де көп бағыныңқылы жарыспалы сабақтас құрмалас сөйлем. Бұлардың әрқайсысында екі бағыныңқы сөйлем бар да, бір басыңқы сөйлем бар. Бағыныңқы сөйлемдер өз бетімен басыңқы сөйлемге тура бағынып тұр. Яғни бірінші бағыныңқы сөйлемді де, екінші бағыныңқы сөйлемді де басыңқы сөйлемге тіркеп айтуға бола береді.

Жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемге енген бағыныңқы сөйлемдердің басыңқы сөйлеммен байланысу тәсілі үнемі біркелкі бола бермейді. Байланысу тәсіліне қарай екі түрлі болады: бірде бағыныңқы сөйлемдер баяндауыш тұлғасы жағынан бірдей болып, бір сұраққа жауап беріп, басыңқы сөйлеммен байланысып тұрады да, бірыңғай жарыспалы са-б а қ т а с деп аталады. Мысалы:

1) *Свердловскіде жапалақтап қар жауып, көшелерде халық қатынап, трамвайлар зырылдап, әр үйде түтін түтеп, дағдылы ырғағымен тіршілік өтіп жатыр. (Д. Т.)*

Бұл — көп бағыныңқылы бірыңғай жарыспалы сабақтас сөйлем. Өйткені мұнда төрт бағыныңқы сөйлем бар да, бір басыңқы сөйлем бар. Ол бағыныңқы сөйлемдердің әрқайсысы тура басыңқы сөйлеммен байланысып тұр және барлығының да баяндауыш тұлғасы өткен шақтық көсемшеде айтылып, қ а й т і п? деген бір сұраққа жауап беріп тұр. Оны кестеге түсірсек, мынадай болар еді:

б а с ы ң қ ы

дағдылы ырғағымен тіршілік өтіп жатыр.			
I бағыныңқы	II бағыныңқы	III бағыныңқы	IV бағыныңқы
Свердловскіде жапалақтап қар жауып,	*Көшелерде халық-тар қатынап,*	*трамвайлар зырылдап,*	*әр үйде түтін түтеп,*

Екінші жағдайда бағыныңқы сөйлемдер баяндауыш тұлғасы жағынан әр түрлі болып, әр түрлі сұраққа жауап беріп тұрады да, ә р а л у а н ж а р ы с п а л ы с а б а қ т а с с ө й л е м деп аталады. Мысалы:

Аталған жолмен биыл жүріп көрсек, шоқтала біткен ағаштардың аралығында бұрын боп-боз боп далиып жататын далалардың көпшілігінің тыңы көтеріліп, жолдың екі жиегі қара бұйра жамылтқы кигендей немесе қараңғы түнде толқыған те ңіздей бұп-бұйра боп жатыр екен. (С. М.)

Бұл — көп бағыныңқылы әр алуан жарыспалы сабақтас сөйлем. Өйткені бұл сабақтас сөйлемде екі бағыныңқы, бір басыңқы сөйлем бар. Ол бағыныңқы сөйлемнің әрқайсысы өз бетімен тікелей басыңқы сөйлеммен байланысып тұр да,бағыныңқы сөйлемдердің баяндауыш тұлғасы әр турлі болып, әр түрлі сұраққа жауап беріп тұр. Сонымен қатар бұл бағыныңқы сөйлемдер басыңқыдағы айтылған ойды әр түрлі оқиғалары жағынан дәлдеп, тиянақтап тұр. Сондықтан да бұл сөйлем әр алуан жарыспалы сабақтас сөйлем деп аталады. Бұл сөйлемді кестеге түсірсек, мынадай болып шығады

басыңқы сөйлем

Жолдың екі жиегі қара бұйра жамылтқы кигендей немесе қараңғы түнде толқыған теңіздей бұп-бұйра боп жатыр екен.

І бағыныңқы қ а й т с е к ?	ІІ бағыныңқы қ а й т і п ?
Аталған жолмен биыл жүріп көрсек,	*Шоқтала біткен ағаштардың аралығында бұрын боп-боз боп далдиып жататын далалардың көпшілігінің тыңы көтеріліп*

207-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып шығыңдар да, әуелі бірыңғай жарыспалы сабақтастарды, сонан соң әр алуан жарыспалы сабақтастарды те-ріп жазыңдар.

1) Біз сағат таңертеңгі 11-де барсақ, ол күннің нормасы түгел орындалып, еңбек екінші норманың есебіне атқарылып жатыр екен. *(С. М.)* 2) Биыл мұз қатарда қатты дауыл соғып, сең жүріп, балықшылар үлкен апатқа ұшыраған. *(Ә. С.)* 3) Денені жер тартып, көз қарауытып, бұлдырай түседі. *(Д. Т.)* Мұрнының ұшы тершіп, басынан күн өтіп, Бақанастың ыстығына наразы боп, асығып келеді. *(М. Ә.)* 5) Біз Доннан өтіп Днепрге жеткенше, одан кейін де жас жауынгер Васяны жиі-жиі еске алып, ұдайы аңыз етіп едік. 6) Жан-жағымыздан мина мен снарядтар жарылып, жердің жентек-жентек тоң топырақтары түтінмен араласып, сапырылыса жөнелгенде жер үй жанынан кішкентай ғана бала көрінді. *(Д. Т.)* 7) Қазір екі қыз бөлініп алға шыққанда, олардың көрінісіндегі елден ерекше бір жайды байқап, Оспан қатты күліп жіберді. 8) Ол сурет қалай болса-солай іліне салмай, әдейі әйнекке салынып, ең көрнекті және құрметті-ау деген жерге жоғары ілінген. *(Д. Т.)* Түсі сұрланып, екі танауы желбірей түсіп, тентек көздері жиреніш отын шашып отыр. *(М. Ә.)* 10) Қайырбек пен Баршагүл кешікпей-ақ бір бүйірде кетіп бара жатқан Михаилдарға қолдарын бұлғап, Тасегеннің батыс жоталарына шығып, биіктен биікке өрлей бастады. *(Ғ. Сл.)*

§ 161. Сатылы сабақтас сөйлем

Бағыныңқы сөйлемдері басыңқы сөйлемге тура бағынбай, біріне-бірі бағынып барып, ең соңғысы арқылы басыңқымен байланысқан көп бағыныңқылы сабақтастың түрін с а т ы л ы б а ғ ы н ы ң қ ы л ы с а б а қ т а с құ р м а л а с с ө й л е м дейді.

Мысалы:

1) *Терезенің түбінен ұатты жүрген аттылар өтіп, ауыл иті шабалаңдай үріп қоя бергенде, үйдегі шешелер ояу еді. (М. Ә.)*

Бұл сабақтас сөйлемде өзара байланысып барып, ұласып бір күрделі ойды білдіріп тұрған үш жай сөйлем бар, оның екеуі — бағыныңқы сөйлемдер де, біреуі — басыңқы сөйлем. Бағыныңқы сөйлемдер басыңқыға өз бетімен тура бағынбай, бірінші бағыныңқы екінші бағыныңқы сөйлемге бағынып барып, екінші бағыныңқы сөйлем арқылы басыңқы сөйлемге бағына байланысып тұр.

Сатылы көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемге енген бағыныңқылы сөйлемдердің басыңқы сәйлеммен байланысу амалын, тәсілін айқынырақ түсіну үшін мына сөйлемді кестеге түсіріп көрелік. Мысалы: *Сөз соған тіреліп, екеуі үнсіз отырғанда, есікті ептеп ашып Айдар енді. (Ғ. М.)*

Мұнда үш сөйлем бар: екеуі — бағыныңқы сөйлем де, біреуі — басыңқы сөйлем. Бағыныңқы сөйлемдер біріне-бірі бағынып барып, соңғысы арқылы басыңқыға бағынып тұр. Оны мына кестеден көруге болады:

басыңқы сөйлем

есікті ептеп ашып Айдар енді.	
II бағыныңқы	Қ а ш а н ?
екеуі үнсіз отырғанда,	
I бағыныңқы	Қ а й т ы п ?
сөз соған тіреліп,	

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Қандай құрмалас сөйлемді көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем дейді?*
2) *Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер қандай тәсілдер арқылы байланысады?*
3) *Көп бағыныңқылы сабақтастың қандай түрін жарыспалы сабақтас құрмалас сөйлем дейді?*
4) *Сатылы көп бағыныңқылы сабақтас деп қандай сөйлемді айтады?*

208-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып шығыңдар да, көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді тауып, сатылы бағыныңқылы сабақтас сөй-лемді теріп жазыңдар.

1) Көзіне толған жас тез тыйылып, мұздаған дене қанжар салса да, қан шығармастай қаталдыққа сергіді. *(К. 0.)* 2) Ұрыс-қағыс басылып, тіршілік сабасына келгелі, жұрт Жидебай, Мұсақұл сияқты қыстаулардан кетіп, ойға қарай ілгерілеп көшіп келе жатқан. *(М. Ә.)* 3) Жер қыртысының жентек-жентек шым топырақтары набыт болған ағаштармен араласып, түтін тұманы көлбей жайылғанда, таң сәулесі қайта серпілгендей, аспан реңі қара құрымданып өзгеріп те кеткен-ді. *(Д. Т.)* 4) Қар кетіп, көк алғаш тебіндеп шығып, жер дегди бастағанда, Құнанбай Қарқаралыдан шығып Тобықтыға қайтты. *(М. Ә.)* 5) Әр нәрсені оймен шолғанда, көңілі де жабырқау тартып, жайлауға көшер алдындағы Әшіммен кездескені елестеді. *(К. О.)* 6) Балық батағасына барып, ақырын жан-жағыма қарағанда, алдымен көзіме түскені өзіме көптен таныс табыршы сары бала болды. *(Ә. С.)* 7) Қос-қосардан сәйгүліктер жетектеп, әсіресе, өз руларының мөр иесі адамдарына мөрлерін бастырып, отыздан аса «пірғауар» жасатып, Құнанбай үстінен мықты шағым сайлатып берді. *(М. Ә.)* 8) Бұл жерде бұрын дзоттар бары байқалып, үстін ағашпен мықтап тасаласа да, ордағы танк зеңбіректерінің ұзын өңештері ғана көмескі сораятын-ды. *(Д. Т.)*

§ 162. Аралас құрмалас сөйлем

Құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің өзара байланысу тәсілі бірыңғай салаластық не бірыңғай сабақтастық жолмен болмай, әрі салаласа, әрі сабақтаса байланысып келетін құрмалас сөйлемнің түрін а р а л а с құ р м а л а с с ө й л е м дейді.

Кейбір аралас құрмалас сөйлемде сабақтастың белгісі бұрын келіп, бірінші жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз түрде айтылады да, екінші сөйлеммен сабақтаса байланысады. Екінші сөйлем мен үшінші сөйлемнің баяндауыш тұлғалары тиянақты түрде айтылып, мағыналық жақындығы арқылы салаласа байланысады. Мысалы: *Зылиқа ас үйдегі әзір тұрған тамақты дайындауға кеткенде, Қамбар желдеткішті ашып еді, тұтылған шілтерлерді желбірете самалды түннің сызға оранған ауасы лапылдап кіре бастады. (К. О.)*

Бұл аралас құрмалас сөйлемде үш жай сөйлем бар. Олардың біріншісі мен екіншісі бағыныңқылық, басыңқылық қатынаста келіп сабақтаса байланысқан болса, екіншісі мен үшіншісі баяндауыштары тиянақты түрде айтылып, мағыналық жағынан тең дәрежеде келіп салаласа байланысқан.

Аралас құрмалас сөйлемдердің бірқатарында, керісінше, салаластың белгісі бұрын келеді: бірінші сөйлемнің баяндауыш тұлғасы тиянақты түрде айтылады да, екінші сөйлеммен мағыналық жақындығы арқылы салаласу жолымен байланысады. Екінші сөйлемнің баяндауыш тұлғасы тиянақсыз түрде келіп, үшінші сөйлемге мағыналық жағынан бағынышты болып сабақ-таса байланысады. Мысалы: *Үй маңында басқа байлық көрінбейді, қоңыр үйдің*

төменгі жағына киіз жетпеген соң, туырлық орнына ши ұстап қойыпты. (Ғ. М.)

Бұл да аралас құрмалас сөйлем. Мұнда да үш жай сөйлем бар. Бірақ бұл құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің арақатынасы жоғарыдағы сөйлемге қарама-қарсы тұрде құрылған. Бірінші сөйлемнің баяндауышы тиянақты түрде ашық рай тұлғасында айтылып, екінші сөйлеммен мағыналық жақындығы арқылы салаасу тәсіімен байланысып тұрса, екінші сөйлемнің баяндауышы **соң** шылауы тіркескен есімше түрінде тиянақсыз тұлғада айтылып, үшінші сөйлеммен сабақтасу жолымен байланысып тұр. Аралас құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің өзара салаласа байланысқан бөлімдерінің арасы жалғаулық шылаулар келу арқылы да, жалғаулық шылаусыз дауыс ырғағы арқылы да байланыса береді.Мысалы:

1)Қолындағы сүйменімен мұзды сәл қашап, мосы сирақтарын нық орнатып, жуан сырықты екі мосының ашасына салды да, екі қазанды сол көлденең сырыққа апарып асты.(Ә.С.)

2).Шала тұтанған от өшіп барады екен, тықсырмалай үрлеген сайын күл бұрқырап, түтін көзді ашқызбады.(К.О.)

Бұл сөйлемдердің екеуі де аралас құрмалас сөйлем, әрқайсысы үш жай сөйлемнен келіп құрмаласқан. Бірінші құрмалас сөйлемде екінші сөйлем мен үшінші сөйлемнің арасы салаласу тәсілімен байланысқан және ол екі жай сөйлемді байланыстырып тұрған ***да*** деген ыңғайластық жалғаулық бар. Ал екінші аралас құрмалас сөйлемде бірінші сөйлем мен екінші жай сөйлем салаласа байланысқан да, оларды байланыстырып тұрған ешқандай жалғаулық шылау жоқ.

Аралас құрмалас сөйлемнің құрамында кейде төл сөзді сөйлем де болады.

Төл сөзді сөйлем мен автордың сөзінен араласа құралған аралас сөйлемді т ө л с ө з д і а р а л а с с ө й л е м дейді.

Мысалы:

- Қап, бүлдірген екенсің ғой,-деп, Тасбай мені сабамақ болып еді, мінезі жұмсақ Мәшік арашаға түсе кетті.(С.М.)

Мұнда төл сөзді сөйлем ***деп*** көмекшісі арқылы бағыныңқы сөйлем түрінде айтылып тұр да, автордың сөзінен құралған сөйлемдер әдеттегі қалыпты салалас сөйлем түрінде айтылып, сөйлем тұтасынан алғанда, аралас құрмалас сөйлем болып тұр.

- Мен қайтейін, кеше Арғынның игі жақсысы бұйырды,- деп, шешесіне арыз шағып бір тоқтады.(М.Ә.)

Мұнда төл сөзді сөйлем өзара салаласа байланысқан екі сөйлемнен тұр да, ***деп*** көмекшісі арқылы автордың сөзінен тұрған сөйлеммен сабақтаса байланысып тұр.Сөйлем, тұтас алғанда, аралас құрмалас сөйлем болып тұр.

209-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазыңдар да, аралас құрмалас сөйлемдердің түрлерін, өзара байланысу тәсілдерін айтып беріңдер.

1) Енді Абай жайын ойлай келгенде, Ұлжан өз тыныштығын қойды да, арбаға әжесінің қасына Абайды мінгізетін болды.(М.Ә.) 2) Әңгіме тыныштықтан басталғанмен, айтайын дегені тынышсыздық жайында еді, сөзі үзіліп қалды.(Ғ.М.) 3) Қар кеткенмен, күн жылынғанша жаманшұбарлықтар қыстаудан шықпайды, өйткені жас төлді күн жылынғанша қорада ұстау керек (С.М.) 4) «Қош, қош!» деген дауыстар да жиі естіліп, жағадағылардың көбінің-ақ ұштары біріккен үш саусақтары маңдайларына барып-ақ қалып еді, пароходтар пристаньнан жылжи бастаған екен. (Ә.С.) 5) Жаңағы адам тегіс қол алып амандасқаннан кейін, Әшім нұсқаған диванға бұрылды да, тізе бүгісімен қысқа қара бобрик пальтосының түймесін ағытып, екі етегін кейін сырыңқырап, қаракүл малақайын жанына қойды.(К.О.)

§ 163. Төл сөз бен автор сөзі

Біреудің айтқан сөзін сол қалпында, ешбір өзгеріссіз екінші бір адамға жеткізу үшін қолданылған бір сөзді не бірнеше сөздердің тіркесін, не болмаса сөйлем мен сөйлемдер тіркесін т ө л с ө з дейді.

Сөйлем біреудің айтқан сөзін бұлжытпай, өзгеріссіз берілген таза төл сөздің өзінен тұруы да, төл сөзге автордың сөзі тіркесіп айтылған түрде тұруы да мүмкін.

Төл сөзді сөйлемге тіркесіп айтылған сөйлеуші не жазушы адамның өз сөзін а в т о р с ө з і дейді.

Автордың сөзі мен төл сөзді грамматикалық байланысқа енгізіп, құрмалас сөйлем құрауға себеп, дәнекер болып тұратын морфологиялық тұлға ***де*** көмекші етістігінің көсемше, есімше тұлғаларының бірі болып келеді.

Мысалы: *Абай шешесін тысқа шығарып алып:*

«Апа, екеуіне де жақсы ғып тұрып сый беріп аттандыршы!» - деді. (М.Ә.)

Бұл сөйлемдегі қара әріптермен терілген *Апа, екеуіне де жақсы ғып тұрып сый беріп аттандыршы* деген Абай айтқан төл сөз де, өзгелері-жазушының өз сөзі, яғни автордың сөзі.

Төл сөзді сөйлем мен автордың сөзінен құралған сөйлемдердің орналасуының мына сияқты негізгі төрт түрлі жолы бар:

1. Төл сөз автордың сөзінің алдында айтылады. Мұндай жағдайда төл сөз тырнақшаға алынады да, төл сөзден соң сызықша және үтір, леп белгісі не сұрақ белгісі қойылады. Мысалы:

« Әке-шешем тірі болып, балаларының қазіргі естияр шағын көрер ме еді», *- деп толқып отырып, көзімнен жас домалап кеткенін де сезбей қалған едім (Н. Г.).*

2. Төл сөз автордың сөзінен кейін айтылады. Мұндай жағдайда автор сөзінен соң қос нүкте қойылады да, төл сөз екі жағынан тырнақшаға алынады. Мысалы:

Бұрынғы қазақтың жайын жақсы білетін адамдар айтыпты: ***« Би екеу болса, дау төртеу болады»****. (Абай.).*

3. Төл сөз автордың сөзінің ішінде келеді. Төл сөз автор сөзінің ішінде айтылғанда, автор сөзінің алды-артынан үтір не сызықша қойылады да, төл сөз тырнақшаға алынады не алдынан сызықша қойылады. Мысалы:

*Ол кереуеттен тұрды да: « **Бүркітбай!» - деді қатқыл дауыспен (С.М.).***

*Абзал қасына келгенде Жанар күлімсіреп: **- Комбайынды жақсы біледі екенсің ғой өзің, - деді таңданғанын жасыра алмай (Б.С.).***

4.Төл сөзді сөйлем екі жарылып, автордың сөзі төл сөздің ішіне қыстырылып айтылады: Мысалы:

- Бай, бағлан боп қадірлі болмайды жігіт , - деді Абай жаңағы өз ойын аяқтатып тоқтатпақ боп, - өнерлі боп, сол өнерін ұстай біліп қадірлі болады.

5.Төл сөз бен автор сөзі бірнеше бөлініп, араласып келуі де мүмкін.Ондай жағдайда жоғарыдағы төрт қағида негізге алынып, тиісті тыныс белгілері қойылады. Мысалы:

*Ержан оған қолын ұсынып жатып, ақырын ғана: **- Айқынов, -** деп еді, ол өзін: **- Буратай Жексенов, -** деп таныстырды (Ғ. С.).*

6.Көркем әдебиеттерде төл сөзді сөйлем мен автор сөзінен құралған сөйлемді ***де*** көмекші етістігінің ***деп, деді де*** сияқты тұлғалары байланыстырып, төл сөзді аралас құрмалас сөйлем жасалатын болса, ***деп, деді де*** етістіктерінен кейін үтір қойылады.

Мысалы:

1). Жолаушылар ұзап барады. Әйгерім, Үмітейлердің құлағына соңғы қайырма әлі де анық естіліп тұр. Алыстағы көк жотаға қонақтар өрлеп барады.

*- Қозы көш жерге кетті, әлі естіліп тұр, не еткен үн?**-деп,** Ербол тамаша сүйсініп тұр. (М.Ә.)*

2). Дау айтайын деп келе жатқанда, Абай таласа сөйлеп, бастырмалатып кетті.

*- Немене! Жетім-жесірдің аулы ма бұл, сіз әкімдік жүргізетін...Бұдан былай тек жүріңіз! Бүгін Байсүгірді ұрғаның өзімді ұрғаннан кем болған жоқ.Білдіңіз бе?..Сол - **деді де** жүріп кетті. (М.Ә.)*

7. Төл сөз сұрау, жауап ретінде айтылған екі адамның сөйлескен түрінде айтылса, оны диалог деп атайды да, әр сөйлемі сызықша арқылы жаңа жолдан басталып жазылады. Мысалы:

Қара томардың жағасында, ауылдардан оғашырақ, қазықтың басына байлаған қызыл шүберек желбірейді.Ол-тіккен жалау...Жалау тұрған жерге аттылы, жаяулы көп кісі ағылып жатыр.

-Бұлар кімдер?-деген сұрауға:

*-Батрақтар!?**-деп,** жауап береді білетін адамдар.*

-Қайда барады?

-Жиналысқа.

-Ұйымдастырушы кім оны?

-Биыл осы маңда құрылған болыстық партия комитеті.(С.М.)

8. Драмалық шығармаларда әрбір төл сөздің алдында оны айтушы адамның аты, не тегі тұрады да, одан кейін қос нүкте қойылмай, нүкте қойылады.Төл сөз тырнақшаға алынбай, бас әріппен жазылады.Мысалы:

Колхозшы. *Пай-пай жағада Жарқынның бригадасы да кірісіп жатыр- ау!*

Сәт. *Жұлқына кіріседі.Бірақ біз де осал емеспіз.Садық та қалыспай-ақ келеді.*

Колхозшы әйел. *Енді бізден бұрын тұрып, бұрын кірісуге бәсекелесіп апты.*

Колхозшы. *Садық бүгін соны көріп асықтырып, жарылып кете жаздады ма? (М.Ә.)*

§ 164. Төл сөз және оны төлеу сөзге айналдырудың жолы

Біреудің сөзін екінші адамға түрін өзгертіп, тек мағынасын ғана сақтап айтып беруді т ө л е у с ө з дейді.

Мысалы:

Төл сөз	Төлеу сөз
- *Осы үй мың жарым қой бағады, - деді ол. (С.М.)*	*Ол осы үйдің мың жарым қой бағатынын айтты.*

Төл сөзді төлеу сөзге айналдырудың негізгі мына сияқты жолдары бар:

1.Төл сөз хабарлы сөйлем арқылы айтылса, оны төлеу сөзге айналдыру үшін оның етістік баяндауышы есімшеге айналдырылады да, тәуелденіп барып табыс жалғауы тұлғасында қолданылады; бастауышы ілік жалғау тұлғасындағы анықтауышқа айналады. Автордың сөзінен болған сөйлемнің бастауышы төлеу сөзді сөйлемнің ең басында айтылады. Мысалы:

Төл сөз	Төлеу сөз
- *Баламен ақылдасып көрейік,- деді Болатбай*	*Болатбай баласымен ақылдасып көретінін айтты. (С.М.)*

2.Егер төл сөзді сөйлемнің ішінде сұраулық шылау айтылса, оны төлеу сөзге айналдырғанда, сұраулық шылау түсіп қалады да, сұраулық шылау тіркесіп айтылған сөздің өзі болымды және болымсыз есімшеге айналып қайталанып айтылады да, тәуелденіп барып, табыс жалғау тұлғасында қолданылады.Мысалы:

Төл сөз	Төлеу сөз

-Түсіндің бе-деп сұрады Сережа. (Ә.С.)	*Сережа менің түсінгенімді я түсінбегенімді сұрады.*

3.Егер төл сөзді сөйлемде сұраулық шылау тіркесіп айтылған етістіктің алдынан сын есім сөзі айтылса, төлеу сөзге айналдырғанда, сын есім антонимді (қарсы мәнді) тіркес түрінде қолданылады немесе сын есім орнына қалай деген сұрау есімдігі қолданылады. Мысалы:

Төл сөз	Төлеу сөз
-Жақсы оқисың ба?-деді, ағасы амандасқаннан кейін.	*1) Амандасқаннан кейін ағасы оның жақсы не жаман оқитынын оқитынын сұрады.* *2)Амандасқаннан кейін ағасы оның қалай оқитынын сұрады.*

Тақырып бойынша сұрақтар:

1) *Аралас құрмалас сөйлемдер құрылымдық жағынан қалай жасалады ?*
2) *Төл сөзді аралас құрмалас сөйлем деген не ?*
3) *Автор сөзі деп қандай сөзді айтады ?*

4)Төл сөз бен төлеу сөз деген не ?

210-жаттығу. Мәтінді оқып шығыңдар да, төл сөзді сөйлемдерді төлеу сөзге айналдырып жазыңдар.

Ұлтуған алғаш көріскенде, мен де ағыл-тегіл жылаған едім.Бұл жолы жыламай, оны жуатпақ болып ем, жуану орнына удеп кетті.

Сөзіме көндіре алмаған мен: «Егер қоймайтын болсаң, мен бүгін біржола кетем де, енді қайтып қараңды көрмеймін»,-деп, қорқытқан болып едім, ол ақырындап барып бәсеңдеді де, жасыл шәлісінің етегімен көзін сүртіп: «Отыр мұнда»,- деп, қасын көрсетті.

-Саған ішім күйеді де, - деді апам.

-Ішің күйіп қайтесің,-дедім мен.-Тамақты бірдеме ғып асырармын.

-Бірақ сен өкпелеп кетіп барасың ғой, -деді апам.- «Жетім бала тас бауыр» деп, мінезіңе қаттылық пайда болған ба немене, сені көрмей кете ме деп жылап отырмын.

-Неге көрмеймін, -дедім мен,-Менің сенен басқа кімім бар?

Ұлтуған: «Анық өкпелемейсің бе?» деп, мені бекітіп алды да:

- Шынымды айтайын, кеткеніңе тілектеспін.Мал түлігі болып қалдың. Денің сау. Енді кісіге телмірмеуің жөн. Аяқ-қолың аман болса, бұл иттің үйіне тамақ асыраймын деп келме!-деді.

-Жарайды, - деп, уәде бердім мен.

Болатбай екеуіміз Қопабай үйінің сыртында оңаша кеңесіп тұрғанда, менің есіме түскен апамның сөзі осы еді.Сондықтан Болатбайдың:

-Ал енді қайтесің?-деген сұрауына:

-Қалам, - дедім мен нық дауыспен. (С.М.)

XIV модуль тестері А

1)Сөйлем құрмалас сөйлем деп танылу үшін, оның бойынан табылуға тиісті шарттар:

а) Жай сөйлемдерінің мағыналық дербестікте болуы

в) Жай сөйлемдерінің арасында мағыналық байланыстың болуы

с) Жай сөйлемдерінің әрқайсысының дербес бастауыштары мен баяндауыштарының болуы

d) Жай сөйлемдерінің интонациялық ерекшеліктерінің болуы

е) Осы аталған белгілердің барлығының болуы

2) Құрмалас сөйлемді көрсетіңіз:

а) Балам, жүзің сынық қой.

в) Қарасам, таң атып келеді екен.

с) Көрпелі, алашалы, кілемді, текеметті қонағуар үй.

d) Айдың шалқая тууына қарағанда, қыс қатты болатын сыңайлы.

е) – Бәрекелді, өмір-жасың ұзақ болсын, қарағым !

3) Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз:

а) Қалжыңы, күлкісі аралас, шай өте көңілді ішілді.

б) Бейсен шұбатылып шанадан түскенше, еті қызған ат жүріп кетті.

с) Раушан сол орнында отыра берем десе де, болмай столдың басына шақырды.

d) Сақман аяқталысымен, көмекшілері қайтып кеткен.

4) Басыңқы сөйлемді көрсетіңіз: *Күн райы, біз Екібастұзбен танысып үлгермей, бұзыла бастады.*

а) Бұзыла бастады в) Біз Екібастұзбен танысып үлгермей

с) Күн райы бұзыла бастады. d) Біз танысып үлгермей

5) Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз:

а) Қай жақтың атызы бұрын бітсе, сол жақ суды бұрын алады.

в) Бойың көкке жетсе де, ойың әлі қысқа екен.

с) Бұлақты таудан арна ақса, теңіз болар аяғы.

d) Он бір сан халайықтың бәрі келді, айтқан күні жиылып бірі қалмай.

е) Адамдары, малдары, күркелері қосылып, бір ауылдан бір ауылды айырып болмайды.

6) Сөйлем түрін анықтаңыз: *Өткен жылы ел ертерек қоныс аударып кеткен мол сулы, кең арналы қоныс әлі соны тұр.*

а) салалас құрмалас сөйлем в) сабақтас құрмалас сөйлем с) жай сөйлем

d) аралас құрмалас сөйлем

7) Сөйлем түрін белгілеңіз. *Төлеутай әскерге кетті де содан қайтып оралмады.*

а) ыңғайлас салалас в) түсіндірмелі салалас с) қарсылықты салалас
d) себеп-салдар салалас е) талғаулықты

8) Сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз:
а) Күн найза бойы көтерілген, аспанда алақандай бұлт, лүп еткен жел жоқ.
в) Жүз рет естігенше, бір рет көрген артық.
с) Бала шаба жөнелді, мен де артынан ілестім.
d) Сайлау өтпеді, өйткені ояз келмей қалды
е) Ел үмітін ер ақтар, Ер атағын ел сақтар.

9 Құрмалас сөйлемді көрсетіңіз:
а) Көшпесек, болыс бізді қырына қатты алды.
в) Жай басып, ауыр тыныс алып, демігіп келе жатқан өзінің шешесі екен.
с) Айналасы елсіз, жым-жырт боп бос жатқан құла дүз.
d) Қарындас, Әлжан денен зоотехниктің үйіне қалай баруға болады?
е) Аудан орталығы саналатын Қарасуда, жаңылмасам, екі техникум, екі орта, бір сегізжылдық мектеп бар.

10) Сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз:
а) Рысқұлов соны есіне алды да, енді мына Чичериннің сөзіне шын сенді.
в) Нұрғаным бір түрлі байыпты және еркін, батыл көрінді.
с) Қыз-келіншек тербетіп тұрғанда, жігіттің қарызы-ән салу.
d) Түсіндім, түсінгеннен кейін осылай істедім.
е) Ертеңіне үйге жеңгем Жұпаркүлдің көрші ауылда тұратын сіңлісі күйеуімен келді.

11.Салаластың түрін анықтаңыз: *Жұрттың бәрі соған қарай дүрлікті: біреу қолын бұлғады,біреулері оның атын атап айғайлады.*
а) ыңғайлас салалас в) қарсылықты салалас с)себеп-салдар салалас
d) түсіндірмелі салалас е) талғаулықты салалас.

12) Сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз:
а) Қаңтарулы аты қасында, қамшы мен шылбыр белінде.
в) Ол неше түрлі әңгімелерді маған айтады, мен аузымның суы құрып тыңдаймын.
с) Еңбекті қанша істесең, табысты сонша табасың.
d) Уайым түбі-тұңғиық, батасың да кетесің.
е) Бардық, көрдік, жеңдік.

13) Аралас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің байланысын көрсетіңіз: *Биені жыққан соң, төрт аяғын буады да, қыл бұрау салғаннан кейін тақымын бұрайды*.
а) Іргелес тұру арқылы а) шылау арқылы с) интонация арқылы

14) Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышының қандай тұлғада тұрғанын көрсетіңіз: *Төстік ауылдан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді.*
а) есімше в) көсемше с) шартты райлы етістік d) есімше мен септеулік шылаудың тіркесі е) ашық рай

15) Сөйлем құрмаластың қай түріне жататынын көрсетіңіз. *Қыстың басы тақау болғанмен, әлі қар түсе қойған жоқ.*
а) салалас құрмалас в) сабақтас құрмалас с) аралас құрмалас

16) Сөйлем салаластың қай түріне жататынын көрсетіңіз: *Ауру жаныма батып барады, алайда сыр берген жоқпын.*
а) ыңғайлас в) түсіндірмелі с) қарсылықты d) себеп-салдар е) кезектес
17) Шартты- бағыныңқылы сабақтас сөйлемді көрсетіңіз:
а) Ділдәні Абайға айттырған уақытта Алшынбай аулы күміс тартқан.
в) Бір елді бір ел жақсы білсе, жақсы өнегесін де алар еді.
с) Туысқан бола тұрып, екеуі жат адамдар сияқты.
d) Әуежайды қалың тұман басып, бұлар мінген ұшақ Қарағандыға қонды.
е) Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар.
18) Сөйлем құрмаластың қай түріне жататынын көрсетіңіз: *Бәйтеректің тереңге бойлаған тамырлары, желкілдей өскен жапырағы өзіне ғана емес, көпке қызмет етеді, көпке сая болады.*
а) салалас құрмалас в) сабақтас құрмалас с) аралас құрмалас.
19) Сөйлем салаластың қай түріне жататынын көрсетіңіз: *Осы айтқанын бұлжытпай орындады да, қашқындар тарта берді.*
а) талғаулықты в) ыңғайлас с) себеп-салдар d) қарсылықты
е) кезектес
20) Сөйлем құрмаластың қай түріне жататынын көрсетіңіз: *Сүгірбай әбден түрткілеп қоймаған соң, Кәлен өз білгенін жеткізген болды.*
а) салалас құрмалас в) сабақтас құрмалас с) аралас құрмалас
21) Көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемді көрсетіңіз:
а) Бұрын кейбір балалық мінездері байқалса, енді әр мінезінен , тұлғасынан бойжеткендік байқалады.
в) Терезенің түбінен қатты жүрген аттылар өтіп, ауыл иті шабаланып үріп қоя бергенде, үйдегі шешелер ояу еді.
с) Мен тастан қорған соқпағанда, бәріңді де айдаһар жұтып қояр еді, қыз да, сендер де жоқ едіңдер.
d) Ушаков ығыспайтынын ашық көрсетпек еді, онысы бүркеліп қалыпты.
е) Жабай шығып кеткенде, Игілік жігіттерді сөзге айналдырып бөгей тұрмақ еді, ол ойы іске аспады.
22) Сөйлем салаластың қай түріне жататынын көрсетіңіз: *Күн бесіндіге келген кезде Көркемтайдың аулы астаң-кестең болды: кемсеңдеп кемпір-шал жылады, қанын тартып, сұрланып, сең соққан балықтай мең-зең болып жастар тұрды.*
а) ыңғайлас салалас в) қарсылықты салалас с) себеп-салдар салалас
d) түсіндірмелі салалас е) кезектес салалас
23) Төлеу сөзді көрсетіңіз:
а) «Жақсы сөзді ел жаттар, Ел жаттар сөзде салмақ бар» -деді Жамбыл.
в) Мұқтар Әуезов: «Кімде-кім ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды» -деді.
с) Ғабит Мүсірепов ана тілін ұмытқан адамның өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзетіндігін айтты.
d) - Ана тілін ұмытқан адам, - деп жазды Ғабит Мүсірепов өзінің мақаласында, - өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

е) Мұқтар Әуезов өзінің ана тілін, әдебиетін сыйламаған адамды сауатты, мәдениетті адам деп есептеуге болмайтынын айтты.

24) Төлеу сөзді көрсетіңіз:

а) Абай бұған күлді де, Шыңғыс деген белгілі хан екенін айтты.

в) Құнанбай Абайға: –Ана шешелерің жаққа бар, балам, амандас, - деді.

с) -Балалар, мен бір ақыл таптым, - деді ол.

d) Абай бұған күлді де: - Шыңғыс деген атақты хан болған, -деді

е) –Балалар,-деді ол, - мен бір ақыл таптым !

25) Төл сөздің бастауышы төлеу сөзде қандай қызмет атқарып тұрғанын көрсетіңіз: *Абай өзінің жасында ғылым бар деп ескермегеніне өкінетінін айтты.*

а) анықтауыш в) толықтауыш с) пысықтауыш d) баяндауыш

е) бастауыш.

XIV модуль тестері Б

1) Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем жазылған қатарды көрсетіңіз.

а) Қоңырау соғылды да, сабақ басталды

в) Күн жауып кетті, - оны елеген ешкім болған жоқ

с) Клубта кейде кино, концет болады, кейде қызықты баяндамалар оқылады.

d) Жүрген жерін білетін шығар, өйткені ол да жақында Жайық бетінен келді.

е) Бұл ісің шындығын не көзімен көрген айтар, немесе құлағымен естіген айтар.

2) Қойылмаған тыныс белгісін көрсетіңіз. *Тұрайын деп еді тұра алмады.*

а) Көп нүкте, үтір в) Үтір, сызықша с) Үтір

d) сызықша, қос нүкте е) Нүктелі үтір

3) Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемді көрсетіңіз.

а) Ұлың өссе, ұлыңғың.

в) Қараңғы түсті де, қара күңгірттенген аспанда жұлдыздар көріне бастады.

с) Олақ өзгеге сенсе, өнерлі өзіне сенеді.

d) Түлкінің қызылдығы өзіне сор.

е) Айтқандарың жаққан соң, алыс-жақын тыңдайды.

4) Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

а) Ұлберген кедей болғанмен, киім-кешегін, үй-ішін таза ұстайтын.

в) Ексең егін, ішерсің тегін.

с) Өнімді еңбек атқарам десең, көпке сүйен.

d) Теңіздің суы суық, әрі мөп-мөлдір екен.

е) Олар теңізге ерте шықты, бірақ жолдары болмады.

5) Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен өзара белгілі ..... айтылады.

а) коммуникативтік қарым-қатынаста

в) жалпылық қарым-қатынаста

с) мағыналық қарым-қатынаста

d) тілдік қарым-қатынаста
е) үндестік қарым-қатынаста

6) Талғаулықты салалас құрмаластың жай сөйлемдерінің арасын байланыстыратын шылауды көрсетіңіз:
а) себебі, өйткені в) дегенмен, әйтпесе с) да, де, та, те
d) тұрсын, тұрмақ е) не, немесе

7) Салалас құрмалас сөйлемдерге тән ортақ белгі:
а) жалғаулық шылаулар арқылы байланыспайды
в) құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары тең дәрежеде болады
с) өзара іргелес тұрып жалғаулықсыз байланысады.
d) құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары тиянақты болады
е) осы белгілердің бәрі салалас құрмаласқа тән.

8) Ыңғайлас салалас құрмаластың жай сөйлемдерінің арасын байланыстыратын шылауларды көрсетіңіз.
а) егер, егер де в) өйткені, неге десең с) мен, және d) да, де
е) ма, ме, ба, бе

9) Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сөйлемінің баяндауышының жасалу жолын көрсетіңіз.
а) –сын деп, -са+м деп в) –пақ+шы болып, -қы+сы келіп
с) –са, -се d) –ысымен, -ісімен е) –ған сайын, -ғанша

10) Сабақтас құрмаластың түрін көрсетіңіз: *Күн ыстық болғандықтан, үйдің іргесі тұрулі еді.*
а) сатылай бағыныңқылы в) талғаулықты бағыныңқылы
с) себеп бағыныңқылы d) қарсылықты бағыныңқылы
е) мезгіл бағыныңқылы

11) Баяндауыштары тиянақты болып келіп, құрамындағы жай сөйлемдерін жеке-жеке қолдануға болатын сөйлемнің түрі:
а) жарыспалы бағыныңқылы сабақтас
в) сабақтас құрмалас с) аралас құрмалас d) салалас құрмалас
е) көп бағыныңқылы сабақтас

12) Талғаулықты салалас құрмаласты көрсетіңіз,
а) Олардың бәрін үйіне апарды да, торға қамап қойды.
в) Аудан басшыларын не кеңселерінен, не үйлерінен таба алмады.
с) Жайлаудың көлдеріне сене беруге болмайды, құрғақшылық жылы олардың көбі тартылып қалады.
d) Баршагүл сәлем беріп еді, олардың көбі қырын қарап кетті.
е) Оның қорыққандығы сондай, не айтып, не қойғанын білген жоқ.

13) Автор сөзіне тән анықтаманы белгілеңіз.
а) біреудің сөзінің мазмұны в) екі адамның сөйлескен сөзі
с) қанатты сөз d) біреудің айтқан пікірі
е) біреудің сөзін жеткізушінің сөзі

14) Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
а) Өлең жазуға ыңғайландым, бірақ шабытым келмеді

в) Үлкендер төрде отыр, жастар босағада.
с) Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
d) Таңат біресе сұрланды, біресе бозарды.
е) Жазира осы жұмысқа орналасты, себебі мамандығына сәйкес келді.

15) Сөйлемдегі оқшау сөздің түрін көрсетіңіз. *Осылай келе жатып байқап отырдым, маған, ең алдымен, орыс поселкесінің көше-көше боп орналасуы ұнады.*
а) қаратпа сөз в) одағай сөз с) төлеу сөз d) қыстырма сөз
е) төл сөз

16) Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
а) Таң атты да жолаушылар тез жиналып, аттарына қонды.
в) Қалаға не мен барамын, не сен барасың.
с) Риза болғаны сондай- құшақтай алып, екі бетімнен сүйе берді.
d) Ауылда жарық бірде болады, бірде болмай қалады.
е) Барсам, үйінде жоқ екен.

17) Автор сөзінсіз екі не одан да көп адамның алама-кезек сөйлескен сөзі дегенді білдіретін терминді көрсетіңіз.
а) дәйексөз в) диалог с) полилог d) автор сөзі е) төл сөз

18) Тырнақшаның қойылу себебін анықтап, дұрыс нұсқасы жазылған жауапты көрсетіңіз. *Сарқылмас сөзі таудың бұлағындай,*
Сиқыр сөз көлдің сұлу құрағындай.
Жортады желмаядай шал кеңеске,
«Осылай болған екен, шырағым-ай»
а) өлең ішіндегі төл сөз в) Дәйесөз с) мәтел
d) Сөйлем ішіндегі төлеу сөз е) Мақал

19) Төл сөзді сөйлемді көрсетіңіз.
а) « Ат » - көп мағыналы сөз. в) –Бұл не деген жұмбақ?- десті екеуі
с) Ендеше жөніңді біл, шығарма үніңді!
d) «Аққу көлі» балетін көрдің бе ?
е) Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы.

20) Төл сөзге байланысты тыныс белгілері дұрыс қойылған жауапты көрсетіңіз.
а) Шаһар әміршісі әл-Фарабиді сынамақ болып - Өзіңе лайықты орын тауып отыр- дейді.
в) Шаһар әміршісі әл-Фарабиді сынамақ болып өзіңе лайықты орын тауып отыр- дейді.
с) Шаһар әміршісі әл-Фарабиді сынамақ болып: «Өзіңе лайықты орын тауып отыр» дейді.
d) Шаһар әміршісі әл-Фарабиді сынамақ болып: «Өзіңе лайықты орын тауып отыр», - дейді.
е) Шаһар әміршісі әл-Фарабиді сынамақ болып: Өзіңе лайықты орын тауып отыр- дейді.

21) Төл сөздің автор сөзінен кейін орнасқан түрін көрсетіңіз.
а) «Біз қайда жатырмыз?-деп сұрады жол бастап келе жатқан жігіттен.

в) Мен қасымдағыларға : «Өзім бұл жердікі емеспін», - дедім.
с) «Иә,-деді Дина басын изеп,- тіл мен үн арасында айырма жоқ» .
d) «Біз қайда жатырмыз?-деді, -кеше жеткен жоқпыз ба?».
е) Ол бірде маған шынын айтты: «Сенімен сапарға шықсам, көңілім бір түрлі көтеріңкі болады».

22) Құрмалас сөйлемді көрсетіңіз:
а) Сол адамға бар да, жолына жетерлік пұл бер.
в) Бұл адам қиыншылықты да, қуанышты да көп көрген екен.
с) Өзі жорықта қолға түскен мүсәпір адам екен.
d) Ақсақ Темірдің төрт жүз мың әскері сырнайлатып, кернейлетіп шығысқа бет алды.
е) Қапелімде бұлай боларын ешкім білген жоқ.

23) Сөйлем құрмаластың қай түріне жататынын көрсетіңіз. *Қыстың басы тақау болғанмен, әлі қар түсе қойған жоқ.*
а) салалас құрмалас в) сабақтас құрмалас с) аралас құрмалас

24) Сөйлем салаластың қай түріне жататынын көрсетіңіз: *Мен қасқырларға сес көрсете, айбат шеге тап- тап беремін, олар бетіме ажырая қарайды.*
а) ыңғайлас в) түсіндірмелі с) қарсылықты d) себеп-салдар е) кезектес

25) Сөйлемдегі оқшау сөздің түрін көрсетіңіз. *Абырой бергенде, оқиға мен ойлағандай болмады.*
а) қаратпа сөз в) одағай сөз с) төлеу сөз d) қыстырма сөз
е) төл сөз

Қайталауға арналған жаттығулар

211-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, жай сөйлемдер мен құрмалас сөй-лемдерді ажыратыңдар. Құрмалас сөйлем болу үшін керекті белгілерді айтып беріңдер.

Жазғы түн өлі даланы күзетіп жалғыз қалғандай. Егін маңайында ән де жоқ, бақша арасында күлкі де жоқ, иесіз қалған поселкелерде үн де жоқ.

Қалың түскен шықта жосылып жататын із жоқ. Әні мен сәнінен айырылып, жас жесірдей мұңайған жазғы түннің өзі ғана қалыпты.

Алыста қалған жолдармен әлі ағылып жатқан жұрт дыбысынан біз де құлақ үзбей келеміз. Бұл өңірдің тұрғын халқы түгел жол бойында. Дағдылы еңбек шарасынан шығып қалған күйінішті жұрт оңай ашуланысып қалып, оңай айқайласып қалып келеді.

Бұл түнде бізден асығыс келе жатқан адам болмасқа керек. Бірақ тура жолмен жүре алмай, қайдағы қалтарыстарды іздеп, бұраң жүріп келеміз. Шығысқа қарай ағылған жұртқа қарсы жүру мүмкін емес. Бұл жұрттан ығыспай-ақ, қабырғаласып кете берер ең, ол жұрттың ішінде жаудың барлаушылары келе жатпағанына кім кепіл? Жауды аңқау көру — өз аңқаулығың болады. Осындай қалың жұрт батысқа қарай бара жатса, сол

көптің бірі боп, біз қандай оп-оңай араласып кете берер едік! Сол сияқты сырт киімді өзгертіп киіп, жаудың барлаушылары да қаптап-ақ араласып келе жатқан болу керек. Жолға жоламауымыздың себебі де осы. *(Ғ. Мүсір.)*

212-жаттығу. Мәтінді оқып шығыңдар да, құрмалас сөйлемдерді тауып, олардың түрлерін ажыратыңдар.

Әбдірақыман школды бітіргенде, дабысы жер жарды. Өте зирек болғаны ғой, учительдері де мақтаса керек. Дуандағы начальник «тілмаш» бол деп өтінген екен, болмай елге келді. Нақ сол кезде болыстың писары өліп, писарьсыз тұр еді. Әбдірақыманға писарь бол деп жабысты, оған да болмады. Жамантық болысындағы бір байдың школына барып бала оқытты. Содан бері қыс сонда бала оқытып, жаз елде болады. Сол жылы июньнің бас кезінде келіп еді. Содан бері Әбдірақыманды көргенім осы, ол «Маған көріспейсің бе?» деп, қалжыңдады. Әзілдесіп үйге кірдік. Төр алдында Қожабай әңгімені көпіртіп отыр екен, бізді көрген соң жым болды.

Үй ішімен Әбдірақыман тегіс амандасты, Есімбек бай онша жақсы көрмеген адамның қалыбын істеді. Бұрынғы сөздерін тастай беріп, «оқығандар анау, оқығандар мынау болады» деп, шатпа тілге айналды. Мен ғажапқа қалдым. Артынан Әбдірақыманнан себебін сұрасам, өткен жылы бұрынғы қалыбымен, күзгі астыққа бай киізін сатқанда, Әбдірақыман тілін алар адамының біріне де алдырмапты: «Әзір асығып екі бағасына алғанша, астықтарыңды жиып алған соң, шалқайып отырып жарты бағасына аласыңдар» деп. Әбдірақыманның тілін алғандар бірталай пайда қылыпты. «Мені олжамнан қақты» деп, байдың тырысып отырғаны сол екен. *(Б. М.)*

213-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып шығыңдар да, әуелі салалас құрмалас сөйлемдерді, одан кейін сабақтас құрмалас сейлемдерді теріп жа-зыңдар.

1) Ксенья Захаровна кеткеннен кейін, Кузьменко Абдуллаходжаевтың жеке ісін алып, әр күнгі тіркелген жайға зер салды. *(Қ. Т.)* 2) Сәттің қасындағы Тоқашты көргенде, отырғандар, төбесінен нажағай түскендей, селк етіп үрпиісіп қалды. *(З. Ш.)* 3) Бұдан бірнеше күн бұрын жүрттың қозғалысында бір асығыстық бар еді, қазір ол жоқ. *(Ғ. Мүсір.)* 4) Сөз де тоқтам тауып, кешке көптеген жұмыстарға байланысты шешім жасалды.
(К. О.) 5) Сенімді көлік деп сапарымызға «Газ-б9»-ды алдық, бірақ ол көлік сенімімізді ақтамады. *(С. М.)* 6) Әшейінде жүзі суық болғанмен, кейде осы кемпірдің күлкісінен аналық мейірім анық сезілетін-ді. *(Әб. Нұр.)*
7) Аралары азырақ ауысып, аз ғана бөгелісті де, бір кезде бір топ қыздар ортасынан екі қызды ілгерірек бөліп шығарды. *(М. Ә.)* 8) Бетін жел қағып, күнге күйіп күреңітсе де, жаудыраған бота көзі өзгерген жоқ. *(Ғ. М.)* 9) Мен Михаил Ивановичтың осы бір сөзіне әбден сеніп алған едім, сондықтан да әкемнің амандығына да, өзіміздің апат құшағынан құтылатынымызға да бұдан былай ешбір шек келтірмедім. *(Ә. С.)* 10) Егер аттылар осылай қарай тура

беттегенде, Олжабек сасқаннан «Ал, Жамал, ұсталдық» деуге де бейім еді. (Ғ. *М.)*

214-жаттығу. Мына сөйлемдерден сабақтас сөйлемдерді теріп жазып, олардың түрлерін айтып беріңдер.

1) Орта бойлы келген семіздеу қара жігіт жүзі құбылып үйден шығып кетті, отырған жұрт бір-біріне қарап жымыңдасып мәз боп қалды. *(Б. М-ұлы)* 2) Біреуі бұлаңдап алдымызға түсе жөнелгенде, екеуі артымызды айналды. *(Ғ. М.)* 3) Орыстар бұзауды енесінен туа сала бөледі де, тез түңіліп кетеді. *(С. М.)* 4) Сабаншының аузына телміре қалса да, жуырда жауап ала алмады Олжабек. *(Ғ. М.)* 5) Күн батып, түн басталғанмен, табиғаттың қараңғылығы Москваның өшпес сәулесін жеңе алған жоқ. *(С. М.)* 6) Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. *(М. Ә.)* 7) Көзқарасындағы сыры үн-түнсіз-ақ аңғарылып, жүректі елжірете сезім тудыратын жағдайлар аз ба? *(К. О.)* 8) Көпірге келіп тірелген жау қолы жоқ, сиреп қалған жаяу жұрт өтіп жатыр екен. 9) Енді Кәрден ыза болмағанда, кім ыза болады. *(З. Щ.)* 10) Өз қамын ойласа, бейнеттен тартынса, Құлжатай онда бармас еді, бірақ партия мен үкімет болып, сондай колхоздың адамына да, малына да аса пейілін салды. *(М. Ә.)*

М А З М Ұ Н Ы

І м о д у л ь

Тіл — қатынас құралы. Фонетика, графика және орфэпия

§ 1. Тіл — қатынас құралы.....
§ 2. Қазақ тілі — казақ халқының ұлт тілі.....
§ 3. Фонетика туралы жалпы ішсінік.....
§ 4. Дыбыстау мүшелері, олардың дыбыс шығарудағы қызметі ...
§ 5. Тіл дыбыстары және олардың түрлері
§ 6.Дауысты дыбыстар.....
§ 7. Дауысты дыбыс әріптепінің емлесі.....
§ 8. Дауыссыз дыбыстар .....
§ 9. Дауыссыз дыбыс әріятерінің емлесі .....
§ 10. Орфография..... .
§ 11.Орфоэпия.....:
§ 12. Буын..... .
§ 13. Екпін.....:

ІІ м о д у л ь

Д ы б ы с т ы қ з а ң д а р

§ 14. Дыбыстардың үндесуі туралы жалпы түсінік.....
§ 15. Буын үндестігі.....:
§ 16. Дыбыс үндестігі.....
§ 17. Ілгерінді ықпал..... —
§ 18. Кейінді ықпал.....:
§ 19. Тоғыспалы ықпал.....

III м о д у л ь
Л е к с и к о л о г и я

§ 20. Лексика туралы жалпы түсінік.....
§ 21. Сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасы.....
§ 22. Сөздің тура және келтірінді (ауыспалы) мағынасы.....
§ 23. Сөздің көп мағыналылығы.....
§ 24. Омонимдер .....
§ 25. Антонимдер..... —
§ 26. Синонимдер.....
§ 27. Табу және эвфемизмдер
§ 28. Сөздік кор мен сөздік құрам .....
§ 29. Қазақ тілінің негізгі сөздік қоры..... —
§ 30. Қазіргі қазақ тілінін сөздік құрамы.....
§ 31. Архаизмдер.....
§ 32. Неологизмдер.....
§ 33. Диалект
§ 34 Кәсіптік лексика ....
§ 35. Лексиканың стильдік ерекшеліктері.....
§ 36. Қазақ тіліндегі фразеология .....
§ 37. Лексикография.....

IV м о д у л ь
Қ а з а қ т і л і н і ң с ө з ж а с а м ж ү й е с і

§ 38. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі.....
§ 39. Сөзжасам тәсілдері.....
§ 40. Жұрнақтардың құрамы.....
§ 41. Жалаң сөздер. Түбір сөз .....:
§ 42. Туынды сөз .....
§ 43. Күрделі сөздер. Күрделі сөздер туралы түсінік.....
§ 44. Қос сөздер.....
§ 47. Біріккен сездер.....
§ 48. Қысқарған сездер .....

V м о д у л ь
М о р ф о л о г и я

§ 49. Сөз және оның морфологиялық құрамы.....
§ 50. Сөз таптары туралы жалпы түсінік.....
§ 51. Зат есім туралы түсінік.....
§ 52. Жалпы есім және жалқы есім.....:
§ 53. Зат есім сөздерін тудыру тәсілдері .....

§ 54. Зат есімнің грамматикалық категориялары . Зат есімнің сандық категориясы және роның көріну жолдары .....
§ 55. Зат есімнің тәуелдік категориясы және оның көріну жолдары .....
§ 56. Зат есімнің септік категориясы және оның көріну жолдары .....
§ 57. Аналитикалық септік .....
§ 58. Тәуелді септеу.....: .
§ 59. Зат есімнің жіктелуі.....
§ 60. Көмекші есімдер.....

VI модуль
Сын есім

§ 61. Сын есім туралы түсінік .
§ 62. Сын есімнің морфологиялық құрамы .....
§ 63. Сын есімдердің жасалу жолдары.....
§ 64. Сын есімнің түрлері.....
§ 65. Сын есімнің шырайлары.....
§ 66. Сын есімнің синтаксистік қызметі.....

VII модуль
Сан есім. Есімдік.

§ 67. Сан есім туралы түсінік.....
§ 68. Сан есімнің түрлері.....
§ 69. Сан есімнің синтаксистік қызметі.....
§ 70. Есімдік туралы түсінік.....
§ 71. Есімдіктің түрлері.....

VIII модуль
Етістік

§ 72. Етістік туралы түсінік .....
§ 73. Етістіктердің жасалуы.....
§ 74. Негізгі және көмекші етістіктер.....

Етістіктің лексико-семантикалық категориялары

§ 75. Болымды және болымсыз етістік.....
§ 76. Қимыл атауы .....
§ 77. Көсемше.....
§ 78. Есімше.....
§ 79. Есімшснің сөйлемдегі қызметі .....
§ 80. Сабақты етістік пен салт етістік.....
§ 81. Етістер.....

IX модуль
Етістіктің грамматикалық категориялары

§ 82. Етістіктің шақтары.....
§ 83. Өткен шақ.....:

§ 84. Осы шақ.....
§ 85. Келер шақ .....
§ 86. Етістіктің райлары.....
§ 87. Бұйрық рай.....
§ 88. Ашық рай.....
§ 89. Шартты рай.....
§ 90. Қалау рай.....

X модуль

Үстеу. Шылау. Одағай. Еліктеу сөздер.

§ 91. Үстеу туралы түсінік
§ 92. Үстеулердің тұлғасына қарай бөлінуі
§ 93. Үстеулердің мағыналық түрлері.....
§ 94. Үстеулердің сөйлемдегі қызметі .....
§ 95. Шылау туралы түсінік
§ 96.Шылаулардың емлесі.....
§ 97. Одағайлар туралы түсінік.....
§ 98. Еліктеу сөздер туралы түсінік .....

XI модуль

Синтаксис. Сөйлем туралы жалпы түсінік

§ 99. Сөйлем мен сөйлеу.....
§ 100. Хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдер.....
§ 101. Хабарлы, сұраулы, лепті және бұйрықты сөйлемдің тыныс белгілері
§ 102. Сөз тіркесі.....
§ 103. Сөйлемдегі сөздердің байланысу формалары .....

XII модуль

Сөйлем мүшелері

§ 104. Сөйлем мүшелері туралы жалпы түсінік.....
§ 105. Тұрлаулы мүшелер. Бастауыш.....
§ 106. Дара бастауыш болатын сез таптары.....
§ 107. Күрделі бастауыш болатын сөз тіркестері.....
§ 108. Баяндауыш.....
§ 109. Дара баяндауыш болатын сөз таптары.....
§ 110. Күрделі баяндауыш болатын сез тіркестері.....
§ 111. Бастауыш пен баяндауыштың арасында сызықша қойылатын жағдайлар.....

Тұрлаусыз мүшелер

§ 112. Толықтауыш.....,.....
§ 113. Толықтауыні болатын сәз таптары.....
§ 114. Тура толықтауыш пен жанама толықтауыш ,.....
§ 115. Дара толықтауыш пен күрделі толықтауыш .....
§ 116. Анықтауыш.....

§ 117. Анықтауыш болатын сөз таптары.....
§ 118. Дара анықтауыш пен күрделі анықтауыш .....
§ 119. Пысықтауыш.....
§ 120 Пысықтауыш болатын сез таптары.....
§ 121. Дара пысықтауыш пен күрделі пысықтауыш . . . .

Пысықтауыштардың түрлері

§ 122. Мекен пысықтауыш.....
§ 123. Мезгіл пысықтауыш.....
§ 124. Мақсат пысықтауыш.....
§ 125. Себеп пысықтауыш.....
§ 126. Сын-қимыл (амал) пысықтауы.ш.....

X I I I м о д у л ь

Сөйлемнің біріыңғай мүшелері. Жалпылауыш сөздер. Оқшау сөздер.

§ 127. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі.....
§ 128 Сөйлемнің бірыңғай мүшелері.....
§ 129. Бірыңғай мүшелердің жалғаулықтар арқылы байланысуы . .
§ 130. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері.....
§ 131. Бірыңғай мүшелі сөйлемдердегі жалпылауыш сөздер . . . .
§ 132. Жалпылауыш сездердің тыныс белгісі.....
§ 133. Оңашаланған мүшелер.....
§ 134. Үйірлі мүше.....
§ 135. Оқшау сөздер.....
§ 136. Қаратпа сөз және оның тыныс белгілері.....
§ 137. Қыстырма сездер.....
§ 138. Қыстырма сөздердің тыныс белгілері.....
§ 139. Одағай сөздер.....
§ 140. Жалаң және жайылма сөйлемдер ...,..»..
§ 141. Толымды және толымсыз сейлемдер.....
§ 142. Жақты сөйлем.....
§ 143. Жақсыз сөйлем.....
§ 144. Атаулы сөйлем.....,.....

X I V м о д у л ь

Құ р м а л а с с ө й л е м д е р

§ 145. Құрмалас сөйлемдер туралы жалпы түсінік.....
§ 146. Құрмалас сөйлемдердің түрлері.....
Салалас құрмалас сөйлемдер
§ 147. Салалас құрмалас сейлемдер туралы жалпы түсінік ....
§ 148. Жалғаулықсыз салалас құрмалас сейлемдер.....
§ 149. Жалғаулықсыз салалас сөйлемдердің тыныс белгілері . . .
§ 150. Жалғаулықты салалас құрмалас сейлемдер.....
Сабақтас құрмалас сөйлемдер
§ 151. Сабақтас құрмалас сейлем туралы жалпы түсінік ....
§ 152. Сабақтас құрмалас сейлемге енген жай сейлемдердің байланысу тзсілдері
§ 153. Кесемше бағыныцқылы сабақтас сейлем.....
§ 154. Есімше бағыныңқылы сабақтас сейлем . .....

§ 155. Шартты райлы бағыныңқылы сабактас сейлем.....
§ 156. Де кемекші етістігі тіркесіп айтылу арқылы байланысқан бағыныңқы сабақтас сейлем.....
§ 157. Сабақтас құрмалас сейлемдердің түрлері..... —
§ 158. Шартты бағыныңқылы сабақтас.....
§ 159. Карсылықты бағыныңқылы сабақтас.....
§ 160. Себеп-салдар бағыныцқылы сабақтас сейлем.....
§ 161. Мезгіл бағыныңқылы сабактас сөйлем.....
§ 162. Қимыл-сын бағыныцқылы сабақтас сөйлем.....
§ 163. Мақсат бағыныцқылы сабақтас сөйлем.....
Көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер
§ 164. Жарыспалы сабақтас сөйлем.....
§ 165. Сатылы сабақтас сөйлем.....
§ 166. Аралас құрмалас сөйлем.....
§ 167. Тел сез бен автор сөзі.....
§ 168. Төл сез және оны төлеу сезге айналдырудың жолы ....